

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ
ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Мұхтар Әуезов

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ
ЕЛУ ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ ЖИНАҒЫ

34-том

МАҚАЛАЛАР, ОЧЕРКТЕР,
ЖОЛЖАЗБАЛАР

1954–1956

“ДӘУІР”
“ЖІБЕК ЖОЛЫ”

АЛМАТЫ
2014

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз-7

Ә 82

*Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігі
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Редакциялық кеңес:

Кеңес төрағалары – *М. Құл-Мұхаммед, А. Сәрінжіпов*

Жалпы редакциясын басқарған – ҰҒА корреспондент мүшесі,
филология ғылымдарының докторы *У. Қалижанов*

Кеңес мүшелері:

*Әкім Т., Әуезов М., Жұртбай Т., Кекілбаев Ә., Қанатиянов Б., Қасқабасов С.,
Қирабаев С., Қонаев Д., Қошанов А., Құрманғали Қ., Мағауин М., Мұртаза Ш.,
Нұрпейісов Ә., Оразалин Н., Сүлейменов О., Тасмағамбетов И., Ыбырай Ш.*

Әуезов М.

Ә 82 Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: “Дәуір”, “Жібек жолы”, 2014.

34-том: Мақалалар, очерктер, жолжазбалар. 1954–1956. – 416 б.

ISBN 978-601-294-176-0

Мұхтар Омарханұлы Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық басылымының 34-томына жазушының 1954–1956 жылдары жазған “Мәңгілік кепілі”, “Всегда с нами”, “Сәт сапарға дос ниет”, “Новая весна Казахстана”, “Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері” мақалалары мен көлемді туындылары – “Индия очерктері”, “Түркістан” солай туған” очерктері енді.

Кітап ғылыми жұртшылыққа, қалың оқырман қауымға ұсынылады.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз-7

ISBN 978-601-294-176-0 (34-том)

ISBN 978-601-294-142-5

© М.О. Әуезов атындағы Әдебиет
және өнер институты, 2014

Мақалалар



ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ ІІІ СЪЕЗІН АШАРДАҒЫ СӨЗІ

Жолдастар!

Бүгін біздің жазушыларымыз республиканың мәдениеттік тарихындағы үлкен бір белге тақап кеп тұр. Ол — Қазақстан совет жазушыларының ашылғалы тұрған Үшінші съезі.

Бұл съезге барлық басшы жазушыларымыз, совет халқымыз зор көңіл бөледі. Себебі әдебиет ісі — бізде халықтық іс.

Әдебиет пен совет халқы арасындағы осындай тұтас бірлестік пен үндестік — біздің әдебиетіміздің бақыты. Совет әдебиеті қалың елі, қадірлі жұртының аясында өседі. Өзінің ана бесігінде, кей халықтың әдебиеттері анық арман етерлік алтын бесігінде өседі. Империалистік реакция жағдайындағы әдебиеттер тағдырынан біздің тағдырымыз, талабымыз басқаша да өзгеше. Ашылғалы отырған съезіміз болса, қазақ совет әдебиетінің 1939 жылдан бергі 15 жыл ішінде жүріп өткен жолына шолу жасайды, баға береді. Өткенге қорыту, байлау айтады. Келешекте қалай өсу-өрлеудің бағдарын атап, барысын болжап береді.

Әдебиет жайындағы сынау, ойлау, талдау сөздер проблемалы болса ғана әдебиеттік құрылысқа, процеске әсерлі, пайдалы болады. Ең зор проблема — маркстік-лениндік эстетиканың жүйелі творчестволық негізі болып отырған социалистік реализм әдісін меңгеру проблемасы.

Поэзия, проза, драматургиямыздың осы 15 жыл ішіндегі табыстары идеялық, көркемдік тұрғысынан қарағанда социалистік реализм талаптарына қаншалық сапада, қай дәрежеде сай шықты? Осыны дәл танып, айыру, талдау — баяндамаларымыз бен жеке сөздеріміздің әрі тарихтық, әрі проблемалық міндеті.

Социалистік реализм талаптарының ірілері қайсы десек, арнап, атап айтарымыз: заманымызға сай, ірі көркемдік тудыру, шындықты реалистік дәстүрде бейнелеу, шеберлікті күшейту, классикалық мұралардың шеберлігін меңгеру. Осы сипаттар арқылы халқымызды коммунистік рухта тәрбиелейтін — халықтық, революцияшыл, отаншыл және халықтар достығын нығайтқыш әдебиеттер тудыру шарт.

Тегі, баяндамалар мен жарыссөздеріміз социалистік реализм әдісінен ауа жайылған қателіктерді, міндерді, олқылықтарды, шикіліктерді ойдағыдай ашуға көмектессін! Ол кемшіліктердің алуан-алуаны әртүрлі болғанмен, 15 жыл ішінде қазақ әдебиетінің өз көлемінде көрінген түрлерін айыру қиын емес. Олар социалистік реализм әдісінің талабына қарсы, ерсі — схематизм, натурализм, формализм, әр алуан нигилизм — бәрі де ескілікті сананың творчестволық психологиядағы қалдығы.

Ол — капиталистік сананың қалдығы, Қазақстан жағдайында және патриархалдық, феодалдық сананың қалдығы, кейде буржуазияшыл, ұлтшылдық, реакцияшыл консервативтік күйлер.

Роман, повесть, поэма, өлең, драма, балалар әдебиеті — бәрінің үлкенді-кішілі үлгілерінен жаңағы айтқандай міндер мен жетіспеген жайларды батыл, әділ, терең талдап ашуымыз шарт.

Осылай талаптанған әдебиет қана сенімді ұстазы — орыс классикалық әдебиетінен, сол арқылы дүниелік классикалық мұрадан ойдағыдай үлгі алады. Өзінен әдебиеттік мәдениеті, тәжірибесі молырақ орыс әдебиетінен үлкен нәр, көмек алады. Бұл жайлар да қазақ совет әдебиетінің социалистік реализм негізінде өрлеп өсуінің өзгеше шарттары.

Қазақстан жазушыларының тобы бүгін, өзінің III съезіне жеткен шағында, өз істеріне партиялық негізді әділ, объективтік, терең сынды талап етеді. Сол үшін барлық баяндама, жарыссөздер де сынды, мінді ойдағыдай айта түссін, аша түссін! Жемісті сын, көмекші сын көңілдегідей шығу үшін, баяндамаларымызда және жазушыларымыздың, сыншыларымыздың жауапты, ойлы сөздерінде негізгі творчестволық мәселелер көбірек көтерілсін.

Проблемалы, жауапты ойға толы сын сөзі — өсуге арналған сөз. Ол сын — өшіру үшін емес, өсіру үшін айтылады.

Әдебиетіміз өзінің бар саласында тек қана социалистік болмыстан, күнделік өмірден нәр алады дейміз. Сол қатарда ең алдымен, әсіресе, партиялық дәстүрден үлгі ала білейік.

Біздің республикамыз Коммунистік партияның ұлы, дана басшылығы арқасында биыл өзгеше биік, тарихтық белге басты. Биыл Қазақстанның шаруашылық, мемлекеттік салмағы бұрын қазақ халқы, Қазақстан біліп көрмеген, жетіп болмаған анық зор тарихтық рубежге, асуға жетіп тұр.

Осы ұлы жаңалық әрбір ақынның, прозаиктің, драматургтің, әдебиет сыншысының, зерттеушісінің — бәрінің творчестволық өмірбаянында сондайлық бір үлкен шоқтықтық бел, биік асу есепті болсын! Бұдан былай тағы да қазақ совет әдебиетінің ірі табыстары республикада танылып, одан әрі Одақ көлемінде және Одақ сыртында, дүниелік аренада мәлім бола түссін! Сол үшін еңбек етейік! Алдағы жақын жылдар зор тарихтық жылдар болсын!

Әрбір творчестволық ісімізде дана басшымыз, ұлы ұстазымыз — Коммунистік партияның Бүкілодақ совет жазушыларына, соның қатарында Қазақстан совет жазушыларына да қойып отырған талабын ақтай білейік! Партияның совет халқы атынан қойған талабын ойдағыдай іске асыру біздің Қазақстан совет жазушыларының ең қадірлі мақсаты болсын!

Жолдастар!

Қазақстан совет жазушыларының III съезін ашылды деп жариялаймын.

МӘҢГІЛІК КЕПІЛІ

Тарихта адамзаттың бақытына туып, мәңгі өлмес мұра қалдыратын қайраткерлер болатыны мәлім. Олар жарық жұлдыздай әр заманға, әр ұрпаққа сапар жолын дұрыс мегземек. Әрбір халықтың рухани өміріне мол жарасып, өз қазынасымен байытып отырмақ. Ұлттық ортадан шығып, Белинскийдің сөзімен айтқанда, “күллі әлемнің азаматы” бола білген данышпан қайраткерлер бар халықтың санасына сіңіп келетіні де осыдан.

Бұндай ұлы азаматтар адам баласының өмірімен бірге мәңгі жасайды. Қаншама ғасыр өтсе де, ұмыт болмай, жаңа даңққа, қадір-құрметке бөлене береді.

Бірақ Владимир Ильич Ленинше адамдардың, қоғамдардың, халықтар мен мемлекеттердің тағдырына тікелей қатынасып, соншалық мол ықпал жасаған қайраткер бүкіл әлем тарихында болып көрген емес. Ленин жүздеген миллион адамның тағдырына тың бағыт сілтеді. Әрқайсымыздың өмірімізге нақты, зор қамқорлық жасады. Ленин бейнесі әрқашан көз алдымызға адам парасатының асқан биігі, мейірімділіктің мұхиты болып елестейді. Халықтың сәулелі арманының куәсі ретінде, ғасырлар бойы ертегі жырларда өмір сүрген самұрық құс есімізге түседі. Алып самұрық — адамзаттың досы еді. Ол шексіз дала, қиырсыз теңіз үстімен талмай ұшып, бейбітшілік адамын арман еткен жағалауына алып барған еді.

Советтік шығыс халықтарының бір өзінің ғана өткені мен бүгінгісін мысалға алып қарайтын болсақ, сол халықтардың, олардың ұрпақтарының тағдырын, өмірін, бүкіл тарихи болмысын, тұрмысын жаңартуға Лениннің алып парасат-жігері қаншалықты қызмет атқарғанын тарих айқын көрсетті. Бүгінгі шындық та соны күн сайын дәлелдейді.

Лениннің жаңа ілім жасаушы ұстаздық, көсемдік, мемлекетке басшылық ролі советтік шығыс халықтары

өмірінің барлық саласынан, жаңа сипатты жай-күйінен, мол мағынасынан, тың арнасынан айрықша көрініп отыр. Россия халықтарының қайта туған бақытты дәуірінің азғана жылдарының өзінде Ленин ілімінен тыныс алып, нәрленіп өскен ғажап жаңалықтардың ұшы-қиыры жоқ.

Тарих көлемінде, тарих қарқыны тұрғысында ойланатын болсақ, біздің көптеген халықтар, данышпан көсеміміз айтқандай, капитализмге, оның шатқалына соқпай, бүгінгі күніне төте тартқанын аңғарамыз.

Бұл оқиғаның ұлылығын халықтар мәдениетінің түрлі-түрлі салаларында да байқауға болады. Бұнда бір жай әсіресе есте болуы шарт. Совет Одағының көп-көп халықтары социализмге көшерде капитализмнің дамыған сатысының өзіне соқпай өткеніне шүбә жоқ. Тіпті бұрынғы Россияның белгілі дәрежеде мәдениетті, отар халықтары туралы да осыны айту керек. Бұл халықтар алдыңғы қатарлы орыс халқының, орыс қоғамының бастан кешірген капиталистік даму сатысын да көрген жоқ-ты. Қазіргі біздің қоғамның Октябрь тұсындағы 18-20 жасар мүшесі сонау керенау заманнан жүрдек жиырмасыншы ғасырдың орталық шеніне шейін, азиялық орта ғасырлықтан социализм құрылысына шейін көзбен көріп, өз замандастарының, өз халқының тарихи жорығына бастан-аяқ қатынасып отыр. Тең мәртебелі, бауырлас халықтар құрамында коммунизм орнату үшін атсалысып отыр. Социализм тұсында тың сапамен өркендеудің лениндік қағидасы мәдениеттің барлық саласында мүлтіксіз жүзеге асуда. Ленин ілімі сарқылмас бай, асқан ғибадатты ілім екенін өмір көрсетуде.

Көп ғасырлар бойына орын тепкен керенаулықтан, бөлініп қалған кенжеліктен, мардымсыздықтан батыл, шұғыл қол үзіп, дін шырмауынан, әдеттің, шарифаттың, ескі тұрмыстың кертартпа заңдарынан, қауымды билеп-төстеуші дүмшелердің түрлі сұмдықтарынан құтылып шығуға Коммунистік партияның лениндік ұлт саясаты ғана мол мүмкіншілік туғызды.

Бұл халықтар Октябрге әр түрлі дәрежеде келіп жетті. Өткенде бай мәдениеті бар халықтар болды. Ежелгі даңқты мәдениетін сол күйінде мұраланатын халықтар да бар-ды. Ондай халықтар кейін неше ғасыр бойына бір орында

шыр көбелек айналып, құлазыған керенаулықтан, жансыз схластикадан шыға алмай қойған.

Өткен ғасырлары аңырап, ешқандай із қалдырмаған, ғылым мен мәдениеттің әліппесін де қимаған халықтар да болды.

Ал социализм құрылысы жылдарында ондай халықтардың ғылымы, искусствосы, әдебиеті заңды шәкірттік сатыдан өтіп қана қоймай, бүкілодақтық, тіпті бүкіл дүниежүзілік қазыналарға іркілмей қосылатын шығармалар, биік ескерткіштер жасады.

Оқу-ағарту саласында, халықтар шабандап өсу дәуірінің бүтін ғасырлары бойында арман ете алмайтын жұмыстар істелді. Октябрыге дейін сауатты жандары екі-үш-ақ процент шамасында болған халықтар үшін сауатсыздықты жоюдың мәні қаншама еді десеңізші! Діни медреселерден басқа жөні түзу мектебі болмаған шығыс елдерінде қазір оқу жасындағы балаларды түгел қамтитын орта мектептің барлық түрлері бар. Бұған ондаған жоғары дәрежелі оқу орындарын, республикалық астаналардағы мемлекеттік университеттерді қоссақ, өзгерістердің салмағы мен көлемі айқындала түседі. Бұл республикаларда Ғылым академиялары да бүгін құрылып отырған жоқ. Ондаған ғылыми-зерттеу институты бар академияларда туысқан халықтардың ғалымдары өнер-білімнің алуан тарауларына құнарлы жаңалықтар ашып келеді.

Сол ғалымдардың творчестволық ой-қиялын, ынта-жігерін, шабытын Ленин ілімі қанаттандырып, Ленин ілімі жемісті етіп отыр. Нұр астында еңбек өнімді болмақ.

Біздің шығыс халықтары искусствосының халықтық формалары әлі этнографиялық ерекшеліктен қара үзіп кете алмаған, кенжелік, баяулық дәуірде еді. Рас, үлкен мәдениет жасарлық бай нышаны да бартұғын. Бірақ сол нышандар заман күңгірттігінен бой жаза алмаған-ды. Енді искусство теориясын терең ұғынудың, озық орыс мәдениетінен үйренудің нәтижесінде біздің халықтық искусство жан-жақты дамыған шын мәдениетті искусствоның санатына қосылды. Мәдениетті музыкамыз, театрымыз, сурет өнеріміз, архитектурамыз, скульптурамыз қаулап өсуде.

Қазіргі кезде қазақтың, өзбектің, тәжіктің, түрікменнің, қырғыздың ұлттық опералары, хореографиясы бар. Ұлттық

оркестрі, ансамбльдері, филармониялары бар бұл елдердің синтетикалық музыкасы Европаның музыкалық мәдениетінің барлық формаларын меңгерді. Өзінің халықтық рухын, ұлттық дербестігін тереңдете, байыта түсті.

Біздің республикаларда драмалық театрлар туғанына да көп жыл болды. Бұның мәні өте зор еді. Есімі жұртшылыққа түгел мәлім артистер, режиссерлер ұлттық театрдың төл спектакльдерімен қатар, орыстың, дүние жүзінің классикалық драматургиясы үлгілерін игеру үстінде өсіп-жетілді.

Озат орыс искусствосының нәрлі әсерімен гүл-гүл жайнап өсіп отырған көп ұлтты искусствоны маркстік-лениндік өміршіл эстетика негізінде туған социалистік искусство, революциялық искусство деп мақтаныш ете аламыз.

Өркені өскен көркем әдебиетіміздің советтік ұрпақ үшін маңызы ерекше екенін айтпасқа болмайды.

Октябрьге дейін шығыс халықтары әдебиетінде фольклор басым еді. Бұл халықтардың қайсыбірі жазулық жағынан әлі сәбилік дәуірде болатын. Ал ежелден жазба өнері бар, тіптен бір кезде классикалық үлкен мұрасы болған кейбір халықтар феодалдық тоқырау ғасырларында алға қарай жылжи алмаған-ды. Соның салдарынан ондай әдебиеттер революция жылдарына поэзиямен сыңар келеді. Октябрьден кейін ғана әдебиет әр жанрда жан-жақты жылдам өсе бастады. Бертін келе көркемдігі жоғары шығармалар пайда болды. Прозаның, драматургияның, әдебиет тарихы мен теориясының, журналистиканың тың түрлері шықты.

Біздің туысқан әдебиеттер социалистік реализм әдісін көркем творчествоның маркстік-лениндік принциптерін меңгеру негізінде қарыштап өсіп келеді.

Ұлттық совет жазушысы теориялық, идеялық, рухани жағынан маркстік-лениндік іліммен қаруланбаса, әртүрлі декаденттік ағымдарға, жалған жаңашыл “измдерге” ұрынбай өте алмас еді. Ал бұның өзі жас әдебиеттің өрісін тарылтып, өкпесін қысуға әкеліп соғар еді.

Идеялық-саяси айқындықтың, революциялық творчествоның мол келешегін қырағы болжап, дұрыс түсіне білудің арқасында ғана әдебиетші-художниктеріміз социалистік

реализм әдісі мен дәстүрлерін өз топырағында шебер қолданып, аса құнды шығармалар жасап отыр.

Совет мемлекетін, Коммунистік партияны құрушы данышпан Ленин барлық халықтардың көп-көп ұрпақтарының бақытында, зор жеңісінде, игі еңбегінде өмір сүріп келді және өмір сүре береді де. Коммунизмнің толық салтанаты аңсаған жеңісті сапарда бүкіл алдыңғы қатарлы адам баласы Ленинді ұдайы көңілінде, жүрегінде сақтайды. Социалистік ұлттардың күн сайынғы зор табыстарында Ленин ойының, Ленин идеясының салтанаты жатыр. Бұл — Ленин мәңгілігінің кепілі.

ВСЕГДА С НАМИ

Память человечества сохранила немало имен, завоевавших вечную славу. Поколения чтут их. Эти славные образы часто возникают перед нашим духовным взором, они всегда сопровождают народы в их историческом развитии — спутники, подобные небесным светилам. Такие люди — гордость своей нации — становятся гордостью всего человечества.

Но нет в памяти человечества другого имени, которое сравнялось бы в славе и любви народной с именем Владимира Ильича Ленина! Такое великое и такое близкое каждому имя!

Безмерно велика роль ленинских идей во всечеловеческой истории и в жизни каждого простого человека. Ленин и прежде и сейчас участвовал и участвует в великих делах нашей страны, в делах каждого из нас. Вот почему образ Ленина вошел в народную легенду как воплощение доброго гения мира... Народная фантазия когда-то создала образ птицы Семург, которая, одолевая просторы бескрайних пустынь, безбрежных морей, переносила на своих крыльях мирного человека к заветным берегам... Полет ленинской мысли, которая на наших глазах помогла людям перенестись в край счастья, заставляет вспомнить этот прекрасный поэтический образ, сотворенный народом.

Сравним прошлое и настоящее народов Советского Востока. За краткий исторический срок древние народы пережили подлинное возрождение своей культуры. Путь к возрождению, путь к новой жизни был предсказан и освещен гением Ленина.

Народы Средней Азии пришли к социализму, миновав стадию капиталистического развития. Ленинско-сталинская национальная политика помогла народам Средней Азии освободиться от оков феодальной отсталости и за-

стоя, от оков религии, от омертвевших, косных установлений адата и шарията.

Перестраивалась страна — перестраивалась и воспитанная веками психология; отбрасывались уродливые порождения эксплуататорского строя. Огромный путь от азиатского средневековья до социализма был пройден за необычайный, небывало краткий срок.

Этот небывалый исторический переход был проделан на глазах одного поколения. Тот, кому сегодня под шестьдесят лет, кто еще полон зрелых сил и трудится ради построения коммунизма в нашей стране, имел от роду всего лет двадцать, когда пришел Октябрь, и сам сражался в славных революционных боях. Люди одного поколения помогали совершиться грандиозному историческому перевороту, пережитому нашей страной, были активными участниками его.

Поистине мы живем в историческое время, и каждый рядовой гражданин нашей страны — поистине исторический деятель! А Ленин был и остается нашим спутником и руководителем на всех этапах этого прекрасного исторического пути.

Огромную роль сыграла ленинско-сталинская национальная политика Коммунистической партии в культурном развитии народов СССР. Животворность этой политики испытали и те народы, чья древняя, славная в прошлом культура в течение веков оставалась как бы в оцепенении, и те, которым предстояло заново создавать свою национальную культуру на социалистической основе. Ныне наука, литература, искусство народов Востока, органически впитав в себя достижения мировой культуры и прежде всего передовой культуры великого русского народа, уже рожают самостоятельные и даже выдающиеся, неповторимо оригинальные произведения, достойные стать в ряду истинных ценностей мировой культуры.

В области просвещения за годы социалистического строительства проделан такой труд, который при иных темпах потребовал бы целых веков! Чего стоила хотя бы одна ликвидация неграмотности у народов, в прошлом отсталых и темных, у которых процент грамотного населения до Октября не превышал двух-трех!

В краю, где почти не было светского образования, где существовали лишь духовные медресе, ныне все юношество обучается в средних школах. Сейчас в каждой из республик Советского Востока — десятки высших учебных заведений, свои университеты. Не первые годы здесь существуют и свои академии наук с десятками научно-исследовательских институтов, с национальными кадрами ученых-специалистов в самых разнообразных областях знания.

Учение Ленина окрыляет и оплодотворяет наш творческий труд, вдохновляет на творческие дерзания во всех областях, в том числе и в области искусства. Черпая из неиссякаемого источника народного творчества, опираясь на давнюю фольклорную традицию, художники Советского Востока добиваются пышного расцвета искусства, национального по форме, социалистического по содержанию.

Овладение марксистско-ленинской эстетикой, плодотворная учеба у мастеров передовой русской культуры — немаловажный стимул в развитии профессионального искусства народов Средней Азии.

Развиваются не только архитектура и музыка, имеющие большие традиции в прошлом, но и такие отрасли искусств, которых прежде совсем не знали в наших краях. Лишь после Октября в наших республиках началось становление профессионального драматического театра, а сейчас на среднеазиатской сцене уже выросли артисты и режиссеры, снискавшие славу не только в постановках национального репертуара, но и своей работой над классическими произведениями русской и мировой драматургии. Советский зритель полюбил также казахские, узбекские, таджикские, туркменские, киргизские национальные оперы, полюбил прекрасные балетные спектакли наших театров...

Многонациональное искусство, развивающееся под благотворным влиянием передового русского искусства, мы с гордостью и по праву именуем искусством социализма, искусством революционным, зародившимся на основе великих жизнетворных принципов марксистско-ленинской эстетики.

Такой же крутой подъем пережила и литература народов Средней Азии. До революции иные народы имели только произведения устного поэтического творчества. Литература других народов, обладавших древней письменностью и замечательным классическим наследием, переживала период застоя, развивалась медленно, однобоко. После Октября началось поистине полноценное, многообразное развитие всех жанров национальной литературы — не только поэзии, но и прозы, драматургии, журналистики. Развивается и литературоведческая наука.

Такое успешное, ускоренное развитие наших литератур стало возможно лишь на основе освоения метода социалистического реализма. Овладевая основами марксистско-ленинской теории, мастера культуры достигают сверкающих высот творчества. Марксистско-ленинское учение — духовное вооружение советского писателя, его верная защита от всех лженаучных “теорий”, от всех вредоносных увлечений, которые могли бы затормозить развитие советских национальных литератур.

Ленинское учение, дающее художнику ясную революционную перспективу, помогающее отыскать верные идейно-политические цели творчества, — основа развития многонациональной советской литературы.

Основатель Советского государства и Коммунистической партии, всечеловеческий гений — Ленин жил, живет и будет жить в счастливой судьбе, в победных достижениях, в высоких порывах духа каждого трудящегося и всех народов вместе. Он будет жить в сердцах, в умах всего передового человечества, в его победном поступательном движении к полному торжеству коммунизма.

В жизни и труде народов — бессмертие гения.

СӘТ САПАРҒА ДОС НИЕТ

Бүгіннен бастап Қазақстан совет жазушыларының арнаулы өз газеті шыға бастады. Коммунистік партия мен Совет үкіметінің жалпы совет әдебиетіне арналған достық, қамқорлық бейілі мен күнделік басшылығы бұл газеттің жарыққа шығуына ең зор себепші де жәрдемші.

Көп ұлтты социалистік мәдениеттің зор саласының бірі — көркем әдебиетке совет халқының талабы да зор, достығы да мол. Бұл аталған жайлар — газетіміздің халықтық, социалистік, партиялық бағытта өрістеу негізі.

Туысқан халықтар достығы да біздің газет көтеретін үлкен ұранның бірі. Барлық советтік, партиялық кезекті баспасөз орындарының идеялық, саясаттық міндеті мен мақсаты — “Қазақ әдебиеті” газетінің де өрісі мен арнасы.

Қазақ әдебиеті — көп ұлтты туысқан совет әдебиеттерінің қатарындағы өскелең әдебиеттің бірі. Республика көлемінде ұйымдасқан жазушылар саны да аз емес. Біздің ендігі іздену, өсу жолымызда арнаулы әдебиет газетінің болуы үлкен ырыс. Осындай газет бізге аса қажет еді. Бұған талай дәлелдер мен себептер атауға болады. Тәжірибеге қарағанда, әдебиет жұртшылығының арнаулы газеті оқушы жұртшылыққа әдебиеттік қоғамды жақыннан танытады. Ұдайы үзілмес дем-тынысымен, талап-табысымен тірі тұтас бейнедей, жанды күйде жақсы аңғартады. Өмір мен әдебиеттің, халық пен жазушының күнделік аралас-қатынасы үздіксіз өсіп отыратын болады.

Газетсіз әдебиет қауымы роман, драма, поэмаларды немесе әңгіме, очерктер, жеке өлеңдер түріндегі шығармаларды тудырып жатқанмен, творчестволық тіршілік баяу, солғын тәрізденеді. Әдебиет өмірі қыбыр-қимылсыз көрінетін кездер де болады. Енді газетіміз болған кезде, әрине, құр қыбыр емес, әрбір нәрлі тірлік белгісі тәрізденіп

жанды, жалынды, қанатты шабыт қимылы танылатын болсын.

Осы тұрғыдан қарағанда жұртшылық тілегіне дөп келетін бірнеше жайларды өз газетіміздің алғашқы адымынан бастап, арнап атап, есте тұтуымыз шарт.

Кезегімен сол жайларды шолып өтейік. Ең әуелі, биыл 1954–1955 жылдардың жапсарында бүкілодақтық әдебиет тіршілігімізде зор тарихтық оқиға болып өтті. Ол – совет жазушыларының жаңада аяқтаған Екінші съезі. Көпшілікке мәлім, осы үлкен съезд ой тудырды, тың тұрғылар атады, кенеулі зор міндеттер, биік бағыттар мезгеді. Екінші съездің әр жазушы мен әрбір Жазушылар одағының алдына қойған творчестволық міндеттері – біздің республикалық Жазушылар одағымыздың да қадірлі міндеті. Жаңа газетіміздің жақынынан нәр алып, бағыт белгілейтін міндетті істерінің де сан саласы, талай түрі сол үлкен съезд негізінде туады. Сондай жайлардың бір алуаны газет бетінде өрістейтін маркстік-лениндік сын. Қазақ әдебиеті көлемінде маркстік-лениндік эстетикаға сүйене отырып, кейбір жүйелік жайларды да өрістетіп ойлай білу керек. Сын әділ, негізді, талабы зор, қамқор сын болудың үстіне, ғылымдық өнері артқан шебер, үлгілі сын болуы шарт.

Осы газет әдебиетіміздің өсу жолындағы тағы бірталай кем-кетігін толықтыруға, жетілдіруге міндетті. Сапалы өлең, қысқа әңгіме үлгілері өз бетіне. Біздің әдебиетте көп айтылса да, көңілдегі үлгісі мен өрісін таппай жүрген очерк жайы бар. Өмір шындығы мен көркем шындық арасын септейтін аса бағалы осы жанр “Қазақ әдебиеті” бетінен көп орын алса, өте келісті болар еді.

Очеркке жалғас көркем қара сөз үлгісінің шақ болса да дәмі кетпес қызықты жанры – фельетон үлгісі дами түссе дер едік. Жалпы сықақ, көңілашар күлкі түрі де газет үшін және біздің әдебиеттің ескілік қалдығы сияқты әр алуан міндермен алысу әрекеті үшін аса қымбат. Фельетонсыз, орынды сықақ, сатирасыз біздің әдебиет осы күнде көбінше күлмейтін әдебиет тәрізденеді. Кейде әзілі, кейде зілі кезектесе отырмаса, әдебиет өзінің тәтті, дәмді қызығынан, ыстық лепті, жанды жалынынан айрылады. Сөз тұзсыз болмай, солғын болмай, демі, лебі оқушыны жақын

тынысымен шарпып, еліктіре ертіп отыратын болу шарт. Сол жөннен атағанда, мінді мінтер зілі бар, көңілашар әзілі бар фельетон, әңгіме, очерктер газеттің өзі үшін де құнды болар еді. Біздің әдебиетіміздің жалпы олпы-солпы келе жатқан кей жайларын жетілте, жадырата түсер еді.

“Қазақ әдебиеті” газетінің осы алуандас үлкен міндет, мүдделерін атағанда, әдебиетіміздің егізінің сыңарындай саналатын көркемөнер жайына тоқтау шарт. Көркемөнердің театр, кино, музыка, суретшілік тәрізді үлгілерінің көбі әдебиетпен тығыз байланысты. Жазушы еңбегімен үнемі нық сүйесіп отыратын салалар бар. Бұның талайының өсуіне, көркеюіне, зор мәдениет үлгісін табуына жазушы жұртшылығы жауапты да міндетті. Жазушылардың Екінші съезі драматургия, кино мәселелерін айрықша талдағанда, Жазушылар одағының да талай да талай борыш, міндеттерін мықтап атап өтті.

“Қазақ әдебиеті” Қазақстандағы көркемөнер мәселелеріне ұдайы, үздіксіз үлкен бейіл көрсетіп отыруға міндетті.

Осы алуандас тарихтық зор борыштың бірі – қазақ әдебиеті көлемінде балалар әдебиетін дамыту. Біз балалар әдебиетін ойдағыдай өсіре алмай келеміз. Әр буын жазушы атаулы бәріміздің де арыла алмай келе жатқан қарыз міндетіміз әсіресе осы балалар әдебиеті жөнінде. “Қазақ әдебиеті” газеті бұл туралы да үнемсозар міндеттерді ада қылу қажет.

Сын жайын жоғарыда біз атағанмен, қазақ әдебиеті көлемінде айрықша ескерте кететін тағы бір талап, әдебиет тарихы мәселелері жайында. Қазақ әдебиетінің өткен дәуірлері мен әсіресе совет әдебиетінің өзінің өсу, даму дәуірлері ғылымдық жөнде әлі көп-көп көңіл бөлуді талап етеді.

Бүгінгі әдебиет жаңалықтарына күнделік сын үлгісімен қатынарудың үстіне, “Қазақ әдебиеті” жалпы қазақ әдебиет тарихы мен әдебиет теориясы мәселелеріне де ойдағыдай орын беріп отыруы шарт.

Қазақстан Жазушылар одағының басшылығы мен баспа орындарының бәріне ортақ және бір үздіксіз ескеріп отыратын ерекше жай: республика көлеміндегі жас буын әдебиетшілерді тәрбиелеу мәселесі.

Облыстар мен өндіріс ошақтарынан және жоғары дәрежелі мектептерден шығып, әдебиетке атсалысып жүрген жас талапкерлерге “Қазақ әдебиеті” газеті айрықша қамқорлықпен, талапкер сынмен ойдағыдай жәрдемші, жетекші болуы шарт.

Біз “Қазақ әдебиетінің” өзінің бетінде туып-өсе бастаған жаңа жазушыларды да тосамыз. Оларды жақын жылдар шамасында белгілі жазушылар қатарына қосамыз деп те үміт етеміз. Осы аталған көп салалы тарихтық, идеялық, көркемдік міндеттердің барлығын біздің газетіміз көркем әдебиетке міндет, шарт болған көркем тілмен, сапалы шебер, бай тілмен жар ете білсін дер едік.

Анық өскелең сапаға ие болған өнерлі әдебиет – өз жұртының тіл өнері жөніндегі тәрбиешісі, көмекшісі. Әрбір жеке ірі шығарма тәрізді, жеке баспа орны да өз оқушы жұртшылығын тіл өнеріне тәрбиелейді. Біздің газетіміз ойдағыдай сапалы тілмен шығып отырса, оқушы мен жас жазушыларды шешендікке, орамды тіл шеберлікке баулиды.

Қазақ совет әдебиеті идея, мазмұн, көркемдік жағынан күнделік советтік тірлікке байланысты өнерленіп өсу үстінде. Сол өсудің үлкен айғағының бірі – әдебиет тілінің көркеюінен, шеберленіп өнерленуінен көрінеді. Кей уақытта күнделік қолданып жүрген тілдегі жетіспеген олқылық, олақтық, дәмсіз, нәрсіз, сұрғылт жүдеулік пен штамп тәрізді арзан қолды схемалық көп болса, сондай міндерді де түзей отыруы керек.

Жазушының еңбегі арқылы әр елдің әдебиет тілі көркейеді. “Мақсұтым – тіл ұстартып, өнер шашпақ”, – деп Абай атаған жазушылық міндеті кеміген жоқ, қайта күшейе түсті. Социалистік тарихымыз гүлденген заманда әдебиет тілі қазақ тарихының бай мазмұнды тіршілік болмысына, шындығына сай, өзгеше бай болуы шарт. Сол себепті олақ, шорқақ, отсыз, ажарсыз тілмен жазылған мақала, очерк, сын атаулы ең алдымен редколлегия тарапынан қатты, қатал сыналып, ойдағыдай оңдалып өтуі керек.

Жоғарыда аталған көп салалы, үлкен арналы міндетті тақырыптардың бәрінің тұсында да осы тіл шеберлігінің жайын бар газет бойындағы айнымас шарт дер едік. Кенеулі ой көрікті тілмен айтылғанда ғана нәрлі, нұрлы

болады, жақсы сөз бедері жасалынады. Әр мақала, очерк, фельетоннан, жақсы өлеңнен оқушы іліп алар, керегіне жарар сөз келісімі болмаса, оған өкіну керек.

Үлкен де болса қадірлі, қасиетті және әсіресе қызықты жүктерін мойнына алған жазушылар газеті ұлы досымыз, ұстазымыз Коммунистік партияның, совет халқының тілегі мен талабына сай газет болып еңбек етсін дейміз. Жемісті еңбегіне сәт сапар болсын деп жолдастық сәлем жолдаймыз! Іске сәт!

БЕЙБІТШІЛІК ТУЫ

Советтік бейбітшілік комитеті өзінің соңғы пленумында тарихи жаңа қарар қабылдады. Бұл қарар біздің Отанымызда апрельдің бірінен бастап Бүкілдүниежүзілік бейбітшілік советінің атом соғысының өршіген қаупіне қарсы Үндеуіне қол қою науқанын бастауды ұйғарды.

Дүниежүзілік империализмнің жыртқыштары – Американың, Англияның, Францияның агрессорлары атом қаруын дәріптеп, сол сұрапыл қаруды қолдану жолында есуастық науқан ашып отырғаны қазіргі күнде бүкіл адам баласына әйгілі. Адамды көптеп қырып-жоятын қаруды қолданудың нақтылы жоспары жасалып жатқаны да енді құпия емес. Агрессорлар лагеріндегі генералдардың, адмиралдардың немесе сенаторлардың ішінен шыққан кейбір жексұрындар былай тұрсын, тіпті президент Эйзенхауэр сияқты мемлекет басшылары да өз елдерінің жердегі, теңіздегі, әуедегі қарулы күштерін атом қаруымен жабдықтау жайында сөйлеп, оны көбейтуді жақтап отыр. Әзірше біркелкі жүрген қылмыскерлер мен саясат майданындағы малғұндар атом соғысының ерсілігі жоқ, тіпті оның қажеті бар деп былшылдап отыр. Олар сұрапыл соғысты заңды деп ақтағылары келеді. Заманымыздағы бейбітшілікті сүйетін адамның барлығы осы сұмдық фактіні көзбен көріп, бейбітшілікке бүтіндей бет бұрды. Бейбітшіліктің қанқұйлы жауларының бұл қылмыстарына қарсы дүние жүзінің барлық халықтары әрі әділ, әрі үздіксіз күреске шығып отыр.

Халықтардың ар-ұяты ашынса, соғыс өртін тұтандырушыларды аяусыз әшкерелейтінін, адамзат дұшпандарының қылмысты жексұрын әрекеттерін тыю үшін миллиондап қол қойып, арамзаларды айыптайтынын, сол адал халықтардың қуаты кеңінен қозғалатынын біз сан рет көзімізбен көріп келдік. Атом соғысының қаупі қаптаған

кара бұлттай түйіліп жер бетіне төнгендіктен, халықтардың қырағылығы да бұрынғыдан бетер күшейгенін тағы көріп отырмыз. Халықтардың тілек-талабын сипаттайтын сан алуан фактілер мен оқиғалар осының айғағы. Бұл ретте январь айының 17–19-дарында Венада болып өткен Бүкілдүниежүзілік бейбітшілік советінің кең мәжілісін еске алайық. Бұл мәжіліске Европадан, Азиядан, Америкадан, Африкадан, Австралиядан отыз мемлекеттің көрнекті өкілдері қатысты. Бұл мәжіліске кәсіпшілер одағының Бүкілдүниежүзілік федерациясы, әйелдердің Халықаралық демократиялық федерациясы, демократияшыл жастардың Бүкілдүниежүзілік федерациясы, қарсылық көрсетуші күрескерлердің, фашизмнен жәбір көргендер мен фашизмнің тұтқынында болғандардың Халықаралық федерациясы сияқты дүниежүзілік ірі ұйымдардың өкілдері де қатысты. Бұл мәжілісте Англиядан – Притт, Канададан – Эндикотт, Италиядан – Эмилио Серени, Франциядан – д’Астье де ля Вижери, Япониядан – профессор Клору Ясуми, Қытай-дан – Го Мо-жо қатысты. Ол мәжілісте Индияның, Индонезияның, Латин Америкасы елдерінің, Польшаның, Чехословакияның, Норвегияның, Герман Демократиялық Республикасының, Бельгияның, Австрияның, Ливанның және басқа көп мемлекеттердің өкілдері сөз сөйледі. Осы қайраткерлердің түрлі саяси көзқарастағы, түрлі діндер мен әлеуметтік, таптық қоғамдардың, түрлі мамандығы бар адамдар екені бәрімізге мәлім. Осындай өзгешеліктеріне қарамастан, олар бірауыздан: “Біз барлық елдерде атом қаруының запасын құртуды және ол қаруды жасап шығару жұмысын дереу тоқтатуды талап етеміз!” деді. Бүкілдүниежүзілік бейбітшілік советінің қарары осылай жазылды. Халықтардың ұлы ұраны, ізгі ниеті, асыл бұйрығы осы болып отыр. Бейбітшіліктің бұл бір ақжарқын, әділ ұранын жүзеге асыру жолында біз осы науқанды жүргізіп отырмыз. Жалғыз біз ғана емес, жер шарының ең алыс түкпіріндегі елдерді мекендейтін халықтар бұл ұранды шын жүректерімен қабылдап, атом соғысын дайындауға қарсы ізгі Үндеуге теп-тегіс қол қоя бастады. Қазірде Франция, Голландия, Италия, Австрия, Индия, Индонезия, Финляндия, Сирия, Швеция, Қытай

Халық Республикасы, халық демократиясы елдерінің бәрінде де осы науқан басталып отыр.

Мен жуырда ғана Индияға барып келдім, сонда мен көп миллиондаған үнді халқы түгелімен адамды топтап қырып-жоятын сұрапыл қаруға үзілді-кесілді қарсы екенін көрдім.

Ядролық қаруды тоқтату жөнінде Бүкілиндиялық бейбітшілік советі зор науқан ашып отыр. Бейбітшілікті жақтаушылар Батыс Бенгалияда, Пэнджабта, Пепсуде, Уттер Прадеште, Делиде, Бхопалде, Бранпурде, Мадурайда, Шакарнагарда, Бангалорде және басқа да қалалар мен штаттарда атом соғысына қарсы конференциялар өткізді.

Бүкілиндиялық бейбітшілік советі март айының алтысы күнін атом соғысына қарсылық күні деп жариялап, бүкіл үнді халқын осы ұранды қолдауға шақырды. Бүкілиндиялық бейбітшілік советінің председатели доктор С. Китчлу: “Индияның жауапкерлігі мол... Индияның кідірмей қимыл жасайтын кезі келді. Ол атом жоспарын жасап жүргендерге бүкіл үнді халқының үзілді-кесілді қарсылық білдіретінін ескертуі керек”, – деді. Индияда бейбітшілік күресінің қаншалық кең өріс алғанын Индияның көрнекті қайраткерлерінің сөздерімен дәлелдеуге болады. Мысалы, Индияның бұрынғы вице-королі Раджагопалачария Нагпур университетінің студенттері мен профессорларының мәжілісінде: “Біз бұл қаруды мазақтап, масқаралауға тиістіміз”, – деді.

Бізбен, совет делегациясының жеке мүшелерімен, әңгімелескенде, ол кісі: “Егерде американдықтар атом қаруына тыйым салуды шын көңілдерімен қолдайтын болса, қолдарындағы атом бомбасының запасын дарияға тастауға міндетті”, – деді.

Индия мемлекетінің Совет Одағындағы бұрынғы елшісі, қазіргі вице-президент Радхакришнан сияқты көрнекті қайраткерлер, тіпті Джавахарлал Нерудің өзі де бізбен әңгімелескенде, біздің еліміздің бейбітшілік ниетіне бүкіл үнді халқының күмәнсіз сенетіндігін айтты. Осы шындыққа сүйенетін саясатшылар бүкіл үнді халқының пікірін білдірді, олар үнді халқы біздің адалдығымызға риясыз сенетінін, ұлы Отанымыздың халықтарының ниеті мен ойын, көңілі мен тілегін мейлінше сыйлайтынын айтты.

Мен бұл жерде үнді халқының адал өкілдерінің совет халқына, совет Отанына шексіз сенетінін, сүйетіндерін ашық білдірген көп кезеңдердің бірінен мысал келтірейін: біз Оңтүстік Индияның Тривандрум Кочин штатындағы Кочиннен Траванкорға бара жатқан жолымызда, совет елінің өкілдері келді дегенді естіп, ауыл интеллигенциясының демократияшыл топтары мен еңбекші шаруалар алдымыздан шықты. Бұл ұшырасу біздің жол жоспарымызда жоқ еді, бірақ жергілікті халық совет халқына, оның социалистік мемлекетіне, оның өкілдеріне сенетінін, оларды сүйетінін, сыйлайтынын өздері білдіруге жиналған екен.

Жүздеген адам үн қосып, қуатты, ынтымақты дауыспен біздің Отанымызды мадақтап ұран салды. Үнді еңбекшілері топ-тобымен келіп, қолымызды қысты. Айтылған сөздерінен, алған демдерінен біз күдіксіз сенімді, таза сүйіспеншілікті естідік те, сездік те. Олар өздерінің бізге деген сенімі мен махаббаты мызғымайтын берік екенін байқатты да танытты. Осы халықтың риясыз достығын көргенде көңілімізге шексіз шаттық толды. Біз қатты қуандық. Біз Отанымыздың абыройы мен даңқының зорлығына мақтандық.

Тап сол сәтте халықтың халыққа шексіз сенетіні, екі ұлы халықтың достық пен татулықты, бейбітшілікті тілейтіндері ашық аңғарылды. Жалғыз ғана үнді халқы емес, жер шарының ұлылы-кішілі барлық халықтары біздің адал ниетімізге, бейбітшілік саясатымызға сенеді.

Көп ұлтты совет халқының асыл ойын, адал ниетін айта келіп, Совет Одағының Сыртқы істер министрі В.М. Молотов ССРО Жоғарғы Советінің трибунасынан былай деді: “Совет Одағы Бүкілдүниежүзілік бейбітшілік советінің барлық елдерде атом қаруының запасын жою туралы, сөйтіп бүкіл дүние жүзі халықтарының атом соғысын ешуақытта болдырмайтынына көзін жеткізу туралы жуырда жасаған ұсынысын да қуаттайды”.

Агрессия мен соғысты үгіттеп жүрген сұрқиялардың алдында соғыс өртін тұтандырушыларды ауыздықтау қолынан келетін прогресшіл адамдар бас қосқан қуатты лагерь қарсы тұрғанын біз енді жақсы білеміз.

Біздің Советтік Отанымыз, оның барлық адамдары, халықтарымыздың ақ ниетті ұлдары мен қыздары өздерінің күшіне де, істерінің әділдігіне де шексіз сенеді. Осы ұлы

ақиқатты дәлелдеу үшін біздің халықтар атом соғысының қаупіне қарсы халықтардың жержүзілік науқанына өзінің зор үлесін қосады. Социалистік Қазақстанның советтік бақытты халқы да ұлы Одағымыздың барлық туысқан халықтарымен бірге өзінің үзілді-кесілді ұлы сөзін айтады. Ол сөз — атом қаруына мәңгілік тыйым салынсын! Советтік Қазақстанның барлық адамдары, кәрі-жасы бірдей, барлық коллективтерінде бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығарып, ізгі Үндеуге қол қояды да, бейбітшіліктің сөзсіз жеңіп шығатынына өздерінің сенімін білдіреді! Бейбітшілікті сүйетін жер шарының адамдарымен күш қосып, олар атом соғысын тұтандырушыларды ауыздықтайды. Біз үндеуге түгелімізбен қол қоямыз!

НОВАЯ ВЕСНА КАЗАХСТАНА

Гигантскими шагами идет развитие Казахстана, за последние два года в особенности.

Общеизвестно выдающееся значение освоения необъятных целинных просторов республики. Вместе с тем необходимо подчеркнуть, что отнюдь не одной работой на целине определяется здесь мощный подъем, небывалый расцвет хозяйственной и культурной жизни.

Масштабам и темпам работы на целине соответствует развитие не менее значительных отраслей хозяйства — таких как промышленное строительство, железнодорожное строительство, животноводство, культурное строительство и так далее.

Лишь в огромном, сложном и слитном комплексе замечательных достижений и в реальном чаянии блестящих перспектив их дальнейшего развития предстает перед нашими глазами подлинно многосторонний рост республики. Именно такое наличие благоприятных условий во всем их комплексе и сделало возможным осуществить гигантский скачок в каждой отдельной отрасли. Упомянем, к примеру, что бюджет республики с пяти миллиардов 1954 года возрос в нынешнем году до десяти миллиардов, то есть увеличился ровно в два раза. Вспомним еще несколько подобных весомых реальностей. Республика в настоящем году в сравнении с минувшим удваивает посевные площади, доводит их до пятнадцати миллионов гектаров, а в 1956 году планирует утроить общую площадь посевов. Создав 93 совхоза в прошлую весну, сейчас — в эту новую весну — Казахстан создает еще 250 новых совхозов.

Много средств вкладывает государство в развитие совхозов. Но эти средства окупятся с лихвой. Совхозы республики в течение двух лет, то есть прошлого и текущего

годов, покроют даже с прибылями расходы государства на их организацию.

Можно привести и другие факты, характеризующие большой рост республики. Доход колхозов за истекший год увеличился в два раза. Намного повысилось благосостояние самих колхозников и всех трудящихся. Их сбережения — вклады в сберегательные кассы — также возросли вдвое.

На широком фоне таких разносторонних явлений, характеризующих картину этой весны, мы и вспоминаем с чувством особой благодарности о целине.

Нынешняя весна, как и весна прошлого года, оказалась для социалистического Казахстана счастливым временем. Намеченные партией и правительством великие планы этих лет меняют облик целых областей и республик.

За целину и залежи, за развертывание посевных работ взялись не только северные и северо-восточные области Казахстана. Объявили свою волю освоить целину труженики полей Карагандинской, Семипалатинской, Восточно-Казахстанской и других юго-восточных и южных областей республики. Уже включились в общий труд десятки других районов, сотни дальних колхозов. Все шестнадцать областей Казахстана осваивают новые земли.

И вот на этих неоглядных просторах порыв сотен тысяч человеческих волей объединяется с несокрушимой, стальной силой машин, дружно двинутых государством на древние целинные земли. Будто струи, ручьи, потоки сливаются со многих сторон в указанные партией русла — во имя исторического по своему значению созидания. Великая воля партии дала наказ: дерзать и достигнуть, задумать и выполнить! И в результате одна из шестнадцати братских республик — социалистический Казахстан — уже выдвинулась на передовую линию борьбы за мощный подъем народного хозяйства. На ней сосредоточилась за эти две весны сердечное, действенное внимание миллионов советских людей — из городов, промышленных очагов, с колхозных, совхозных полей. И не только в Советской стране, а и далеко за ее рубежами — и в лагере друзей, и в стане недругов — прикованы внимательные взгляды к тем районам нашей великой страны, которые решили стать

еще одним источником золотого зерна, новой житницей для Советского государства.

Счастлива была мысль партии, устремившаяся к богатым резервам Казахстана. Прозорливы, как око истории, были взоры, обращенные на эти безмолвные, застывшие в вековом оцепенении степи. Животворящая воля, созидательная сила, плодоносный труд пришли год тому назад в бесплодную, неприютную предвесеннюю степь. И начало было, как всякое начало больших дел, бесконечно трудным, порою суровым и мучительным. Неугомонный ветер, холодный и стремительный, как мутный горный поток, да тусклое серое небо и эта степь... однообразная, бесцветная даже после того, как сошел медленно таявший снег, — вот что встречало первых переселенцев.

Им в удел достались вначале малоуютные палатки, а на долю их машин — голая степь, открытое небо, отсутствовали какие бы то ни было укрытия. Так было не в одной, а в сотнях бригад, во всех без исключения коллективах, создавших 93 совхоза на необжитой земле.

А ныне там выросли поистине образцовые поселки. Люди живут в хороших, культурно оборудованных квартирах, где есть и электрический свет, а в иных случаях и паровое отопление, иначе говоря — в городских квартирах со всеми удобствами. Почти все эти поселки имеют свои школы, клубы, библиотеки. Сами такие поселения представляют собой новый тип опорных пунктов передовой культуры в ранее малонаселенных и не устроенных для человеческого быта районах. И вот новоселам — преобразователям степной природы — ласковее засияло небо. Оно стало голубее. Солнце светит яснее, приветливее, и день за днем благодарная земля все более раскрывает им свои богатства.

Те, кто пришел будить степи к жизни, принесли с собою созидательный опыт и энергию самых дорогих сердцу советского человека центров нашей страны — Москвы, Ленинграда, Киева, Минска... Они пришли из Харькова, Краснодара, со всех концов самого Казахстана, как посланцы городов, заводов, социалистических полей. Молодые патриоты приехали в Казахстан с полей Украины, Поволжья, Центральной России, Северного Кавказа.

Пришли умелые труженики, носители трудовых традиций, дети славных, героических побед на фронтах Великой Отечественной войны, на фронтах коммунистической стройки. Иные из них сами участвовали в беспрецедентных усилиях советского народа, у других строили, создавали, преодолевая немалые трудности, их отцы, матери, братья, сестры, друзья. И вот теперь — молодые и бодрые — они принесли с собою юную энергию, жар молодых сердец и веру в свои дела.

Встречал их Казахстан, казахский советский народ, с доверием и любовью, с дружелюбием и неизменным чувством полного слияния, единства целей, идеалов и светлых судеб.

Рождая плоды человеческого труда, земля рождает теперь и новую жизнь. Между народами, поколениями, между юными покорителями стихии степей крепнет благодарная дружба и любовь. Возникают здесь также молодые семьи. Им обеспечены довольство и благосостояние.

На вчерашнем безлюдье, проложив уже неисчислимые пути-дороги для себя, движутся машины, механизмы. В каждом населенном пункте непременно зарождаются и очаги культуры, просвещения. Ведь пришли сюда обитатели вольных просторов не одичать в этих степях, а одолеть их былую косность, не прозябать в одиночестве, а закладывать основы новой, многогранной социалистической жизни. Пришло племя социализма, и оно возьмет от этой земли все, на что она способна, и преобразит ее во имя счастья, процветания, светлой юности нашей страны.

Указывая на эти факты, хочется особо отметить и еще одно принципиально новое, незаурядное явление: все, кто приходит на целину, — люди ли из дальних районов Советского Союза, уроженцы ли самого Казахстана — все они приносят новое отношение к своему труду в сельском хозяйстве, к земле. Они являются носителями социалистического отношения к природе, выразителями нового, государственного понимания роли и назначения труда человека на земле. Не крестьянствовать в старом смысле, не с психологией обреченного переселенца, скажем, вытесненного нехваткой земли с полей Центральной России, Украины (как бывало в царской

России), едут труженики социалистического сельского хозяйства на целинные земли. Они едут сюда, чтобы поставить на службу коммунизму новые, богатые резервы. Знание прежде всего, опыт науки, техника, то есть все достижения нашего сельскохозяйственного машиностроения, — вот что сопутствует им в трудном, но благородном деле. Жизненные программы, девизы и идеалы отличают их, как небо от земли, от бывших переселенцев в Сибирь или Казахстан.

Крестьянин-переселенец, восхищаясь плодородностью этих тучных земель, восклицал: “Вроешь оглоблю — вырастет телега”... В этой своеобразной правде получили выражение не столько идеалы, сколько предел мечтаний пахаря-индивидуалиста, мыслившего образами, которые подсказывало ему убогое его хозяйство. А наши труженики целины мыслят широкими масштабами, хорошо понимают государственное значение своего труда на этой сказочно плодородной земле: они стремятся получить и получают из “врытой ими оглобли” — то есть посеянного зерна — обильные урожаи, предназначенные для все большего укрепления и расширения материально-хозяйственной базы социализма.

Деятельный строитель коммунистического общества принес в веками дремавшие степи то же чувство, что передовой шахтер приносит в штрек, что приносит рабочий мастер к станку, агрегату, ученый-селекционер — на опытный участок. Совхозные, колхозные поля — это площадка его трудовых усилий в борьбе за увеличение мощи нашей Родины. Вот какие явления, какой новый тип отношения человека к природе, к народному хозяйству развиваются у нас повседневно.

Еще яснее, очевиднее становится все это, когда мы видим приток новых квалифицированных кадров, которые по зову партии и правительства прибывают в колхозы, в отстающие районы из многих культурных центров нашей страны. Двигутся в колхозы крупные культурные силы городов. Едут опытные организаторы советской, партийной: культурно-просветительной работы, экономисты, инженеры, ученые, директора заводов, фабрик, ученые специалисты, преподаватели вузов, квалифи-

цированные мастера. Зрелые, многоопытные деятели едут на постоянную работу в колхозы. И нетрудно себе представить, что они внесут в жизнь, быт советской деревни. Они принесут туда и свою личную культуру — культуру труда, знания, бытовые устои, все, что отличает облик передового деятеля советского общества.

Они помогут на деле стиранию граней между умственным и физическим трудом на полях, ликвидации существенных различий между городом и деревней. А это все необычайно велико и важно для таких прежде отсталых в культурно-историческом отношении районов, как земли Казахстана.

Вот что рождается и укрепляется в ходе выполнения планов сева, вот что видим мы этой весной на фронтах сельскохозяйственного труда в Казахстане.

Развитие социалистического Казахстана добавило за последние годы к уже существовавшим индустриальным очагам общесоюзного значения в области угольной промышленности, цветной металлургии в значительных масштабах и черную металлургию, и дальнейший колоссальный разворот добычи цветных металлов.

В республике закладывается основа развитого сельскохозяйственного машиностроения. Казахстан будет иметь зерноуборочные, силосоуборочные машины собственного производства.

Мощный подъем зернового хозяйства, естественно, влечет за собой огромное развитие железнодорожного и автодорожного строительства. Из числа намеченных в республике к строительству железных дорог общей протяженностью в две тысячи семьсот километров будет проложено в текущем году. Протянутся в бывших полупустынных, малолюдных краях все эти пути, и извечное безмолвие степей будет нарушено не только грохотом моторов сельскохозяйственных машин, но и гудками паровозов, автомашин, которые повезут советским людям золотое зерно — эту благодарную дань освоенных пространств, зримые результаты плодотворного труда.

Таких же результатов, как полеводство, достигнет в республике в ближайшее время и животноводство.

Вот каков общий фон, вот какова реальная база всестороннего крутого подъема всей жизни Казахстана, вот каковы шаги республики в восхождении ее к новым историческим высотам. В этих условиях происходит постепенное превращение социалистического Казахстана в крупнейшую житницу Советского Союза на Востоке.

Так идет к нам новая весна Казахстана!

ҚОШ КЕЛДІҢІЗ!

Совет халқы Индия премьер-министрі Джавахарлал Нерудің біздің елімізге келуін зор тарихи мәні бар оқиға деп біледі. Бейбітшілік ісіне елерліктей ортақ үлес қосып отырған Индия үкіметінің басшысын халықтарымыз бар қоштау-пейілімен қарсы алуда. Бұдан біздің қымбатты қонағымыздың өз елінде жүргізіп отырған бейбітшіл саясатына совет адамдары тілектес сенім білдіретіні көрінеді.

Джавахарлал Нерудің осында қонаққа келуінің өзі-ақ, оның екі үлкен ел арасындағы достық қарым-қатынасты нығайта беруге бағытталған ісінің заңды жалғасы болып табылады. Және Азия халықтарының бұлтаңы жоқ, тәуелсіз, бейбіт саясаты үшін алысқан көрнекті қайраткерлердің бірі есепті, Джавахарлал Неру көтерген туды, бұғаудан босаған бұрынғы патшалық Россия халықтарының тату-тәтті семьясында тарихи тіршілік жасауға біржола право алған Азия халықтарының бірі есепті, советтік қазақ халқы да жоғары бағалап, құптайды.

Халықтарымыз бен оның ұрпақтары ұлы Индия халқы мен үкіметінің біздің елімізге деген шынайы, достық сезіміне шүбәсіз сенеді. Өйткені бұл сенім тек бір ұрпақ тұсында тосыннан пайда бола салған жоқ. Совет Одағының көптеген халықтары, соның ішінде ең алдымен ұлы орыс халқы сияқты, Индия халықтары да, әсіресе олардың бүгінгі нәсілдері өздерінің озғын ойлы, даңқты ата-бабаларының біздің халықтарға деген достық ықыласына, құрметтей білушілік сезіміне — мейірбанды, сенгіш сезіміне мирасқор болып отыр.

Жуырда Индияда болғанымда мәдениеттің озат ойлы қайраткерлерінің бәрі де біздің саяси-экономикалық, мәдени өмірімізде қол жеткен зор табыстарымызға мән беріп, айрықша достық ниет, тілектестік білдіретінін

өлшеусіз ырзалықпен байқадым. Бұл жадымнан да шығар емес. Дели, Калькутта, Мадрас, Бенгалор, Бенарес, Хайдарабад және Бомбей сияқты ірі мәдениет ошақтарында, мемлекет қайраткерлерінен басқа, біз ғылым мен әдебиеттің, көркемөнердің көптеген ірі өкілдерімен, құрылысшы-инженерлермен, мұғалім, дәрігерлермен, ауыл шаруашылығының ұйымдастырушыларымен, тағы басқалармен кездестік. Бұлар Индияның алдыңғы қатарлы, қоғамдық озғын слойларының өкілдері еді.

Өзара құрметтеу, территория тұтастығын сақтау, тәуелсіздігін сақтау, шабуыл жасамау, бір-бірінің ішкі ісіне қол сұқпау принципіне негізделген халықтардың бейбіт жарыса өмір сүруінің идеялары Чжоу Эн-лай мен Джавахарлал Неру жасаған келісімде ашық көрсетілген болатын. Азиядағы екі ұлы елдің, міне, осы бейбітшіл саясатының негізін Индия халқының бізге кездескен көрнекті қайраткерлерінің бәрі де шашаусыз қабылдап, беріле қуаттайды. Тіпті олар біздің еңбекқор халқымыздың жасампаз жолынан туып жатқан жаңа да ұлы істерімізді өз көздерімен көру үшін етене болып араласқылары, жақындасқылары келеді. Индияда біраз күн қонақ болып қайтқан совет мәдениетінің өкілдері — біздер үшін Үкімет үйіндегі өз кабинетінде Джавахарлал Нерудің ақ пейілімен айтқан сөздері есімізде қалды. Біздің Индияға барғанымызды бағалай келіп, ол: “көңілdestік өзіне көңілdestік табады, достық өзіне жауап ретінде достық туғызады” және “нағыз ізгі миссия — халықтар арасындағы сондай қатынастар үшін қызмет атқарады” деген еді.

Ие, ғажайып мол келешекті, талантты халқы бар Индиямен арадағы достық бұдан былай да нығая бермек. Біз бүгін астанамыз Алматыға келген Дж. Неруге бар ықыласымызбен қош келдіңіз демекпіз.

КӨРКЕМ АУДАРМАНЫҢ КЕЙБІР ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Осыдан жиырма жылдар бұрын аударманың теориялық және тәжірибелік мәселелерін жүйелейтін жеке кітаптар, зерттеулер, аударма ісі жайында монографиялар пайда бола бастады. Ал қазір социалистік реализм әдісінің принциптеріне негізделген советтік реалистік аударма өнегесінің заңдылық жайларын ғылыми, теория тарапынан түсіну міндеттері тіпті ұлғая түсіп отыр.

Аударма мәселесінің теориялық ой-пікір қадамының әжептәуір ілгері басқандығын, оның жылдан жылға мәнді-мағыналы жаңалықтармен өрістеп келе жатқандығын айта отырып, алайда аударма теориясы ғылымның бір саласы болып әлі жетілмегендігін, әлі төл күйінде, әрі кеткенде қалыптасып есею күйінде ғана екендігін біліскеніміз мақұл. Солай болғандықтан да аударма теориясы өзі қамтырлық ауқымы мол мәселелерге қарыштай алмай келеді. Оның үстіне, бұл жүйедегі теория өзінің кейбір шешуші, анықтаушы негіздері тарапында жемісті түрде өрістеу жолына әлі де түсе алған жоқ.

Аударма теориясы еліміздегі сан алуан тілдерден орыс тіліне және орыс тілінен көптеген өзге тілдерге аударылудағы ерекше ұзақ үлгілерді, таңдаулы аудармаларды жобалы, жүйелі түрде зерттеп, парықтап отыру жолына да түсе қойған жоқ. Бұл айтылған күрделі шешуші және түрлі пікірлерге өзек боларлық жәйттер аударма жайындағы ғылымның түбегейлі негізі болмақ.

Барлық теориялық ғылымдармен сабақтас аударма жа-йындағы совет ғылымы да өзінің тұйықтап, негіздеп айтатын пікірлерін ең алдымен тек аударма дүниелігімен терең мұқият танысу арқылы, Совет Одағының бүкіл

социалистік әдебиет қозғалысындағы аударма тәжірибелерін талдап, зерттеу арқылы ғана қорытуға тиісті.

Алайда Одақ көлеміндегі біздің аударма білімпаздарымыз өздерінің зерттеу істерін бүкіл советтік аударма тәжірибесінің ішінен тек орыс тіліне аударылған шығармаларға ғана және ең алдымен батысевропалық тілдерден аударылған бұйымдарға ғана негіздейді. Талас жоқ, орыс тіліндегі аудармалар алдымен зерттелуге, үлгі тұтылуға тиісті. Бұл шүбә жоқ, өзге аудармалардан аса мәнді, зерттеп талдауды да осы тілдегі аудармадан бастау жөн. Сонымен бірге бір ғана бұл тәжірибенің жеткіліксіз екенін де мақұлдауымыз керек. Орыс тілінен аударылған материалдардың мәнділігін, оның теориялық түйіндер жасау үшін әрқилы мол деректер беретінін ескеру қажет. Біздің советтік аударманы бүтіндей алғанда, өзіне тән өзгеше, жаңа сапа барлығын құптасақ, мұны ескермеуге мүмкін емес. Бұл тың сапалар Отанымыздағы туысқан халықтардың әдебиет тіл қасиеттерінен туады.

Аударма өнерін зерттеушілер өздерінің теориялық дербес пікірінің маңызды, дәлелді болуы үшін бір-біріне алшақ, қалыңқы тіл жүйелеріндегі келелі аудармаларды тереңірек, толығырақ талдап сипаттағаны пайдалы болар еді. Мысалы, аударуға қиын тиетін және де бұл реттен жақсы аударма үлгілері бар, өте-мөте жеке қиын сөйлемдердің аудару тәжірибесін ортаға салса, айталық, сөз сипаты жағынан, сөздің түбірлік, туындылық құрылыстары жағынан бір-бірінен мүлде өзгеше, орыс тілінен бурят-моңғол тіліне, немесе түрікмен тіліне аударылған қиын сөйлемдердің аудармасын, оның аса бір халыққа тән жайларын талдап көрсетсе, өте игі іс болар еді. Немесе зерттеушілеріміз орыстың тоникалық өлеңін силлабикалық, силлабикатоникалық және метрикалық өлең жүйелеріне сіңістіре, ойластыра берілген аудармалардың жақсы үлгілерін сипаттаса, зор тәлім болмақ. Бұл түйіндерді керісінше орыс тіліне аударылған шығармалар арқылы да кеңейте түсуге мүмкіндік мол.

Аударма теориясының басты кемшіліктерінің бірі, жоғарыда айтылғандай, жақсы үлгілі аударма тәжірибелерін

жеткіліксіз, үстірт зер салу, шетендеп қана зерттеу болып отыр. Ал, асылында, ондай аудармаларды бүкіл егжей-тегжейіне жете, жан-жақты талдау аса мәнді шарт, талдағанда шығарманың идеялық-көркемдік қасиеттерін аударманың бойына қалай сіңіргендігін, образдылығын, түпнұсқаның ырғақтық, үндестік, шумақтық, ұқсастық, нәзік ұтымды тетіктерін, авторларының сөз өнеріндегі өзіне тән ерекшелігін, тарихи нышандарын беруде аударма өнерінің бұрынғы-соңғы аударма істерінен мүлде басқаша екендігін дәлелдеу әбден керекті міндет. Бұл байқаулар мен қорытындыларды біздің совет әдебиетіндегі аударма өнерінің ең таңдаулы жетістіктері арқылы түйіндеуге болар еді. Бұл ретте біз мәні орасан зор, шеберлігі тамаша М. Лозинскийдің, С. Маршактың, Н. Тихоновтың, тағысын басқалардың аудармаларын тиянақты түрде, жан-жақты терең зерттеу қажет екендігін айтпақпыз. Совет аудармасының таңдаулы үлгілерін, жақсы тәжірибелерін түйіндеу, талдау жөнінен зерттеулердің болмауы — әдебиеттік теориялық пікірдегі бір зор кемістік деп білу керек. Мұндай күрделі, ғылыми терең зерттеулер болмағандықтан, аударма теориясы бұл шаққа дейін шала жүйелі, үзінді-қиынды күйде, кейде кенет қана қозғалатын мәселе сынды болып отыр.

Аудармалар жөніндегі сын-пікірлердің екінші бір ақауы — тәуір аудармалардың, тіпті жалпы аударманың тек бір беткей көлеңке жақтарын, сұрқай пішіндерін ғана байқастырудан туады.

Аудармалардың жетістік жайларын көрмеу, немесе оны бағаламау бүкіл аударма теориясының игі және нәтижелі қасиеттеріне нұқсан келтіреді. Килы-қилы кескіндерін қарастыра қою да керек-ті, алайда бұл өңгіменің ұшы-қиырсыз болуы ықтималдығын да ескергеніміз жөн. Өйткені әрбір осал аудармалар өзіне тән осал белгілерімен өзінше осал келеді. Ал ылғи тек кемістіктер мен кінәларды теріп айтылған пікірдің өркендеген әдебиет қозғалысына пайдалы әсері кем болмақ.

Аударма теориясындағы тағы бір ірі ақау — аударманың ұлттық түрлері жайындағы мәселелерден байқалады. Әдебиетте бұл тақырыпқа арналып теориялық мақалалар

жазылып, пікірлер айтылмады демейміз, қайта проза аудармасына байланысты бұл мәселені айрықша көтеру талаптары бар. Алайда әзірге бұл байқаулар, бұл жайындағы кейбір сындар, соны пікірлер сол зор мәселенің тек шет пұшпағын ғана қамтыған сияқты. Ал, асылында, бірыңғай совет шындықтарының мол көріністері, бай деректеріне сүйене, бұл мәселедегі теориялық тапқырлықтың баршаға пайдалы түйіндерінің құлашын кең сермеуге әбден мүмкін еді. Бұл үшін ұлттық форманы, аударма жайындағы қазіргі зерттеулердегідей, тұйық, санама күйде қарастырмай, оны өрістеп, қалыптасып отыратын тарихи категория, яки құбылмалы категория деп ұғыну керек.

Совет ақын-жазушылары орыстың әдеби сөз мәдениетіне өздерінен бұрын өткен сөз иелерінен анағұрлым тығыз байланысты. Біздер үшін орыстың әдебиет тілі екінші ана тіліміз болып табылады. Солай болғандықтан да біздің ақын-жазушыларымыз өздері мирас еткен ұлттық-дәстүрлік формаларға өз творчествосы арқылы және аударма арқылы өздерінің ұлғайған әдебиетінен көптеген тың, жаңа қасиеттер, жаңа сезім, жаңа пікір, өз туындыларын әкеліп қосады. Бұл жаңалықтарды шын өнегелі түрде кәдеге жарата білсе, онда бұл өркендеп келе жатқан жаңа ұлттық формаға қосылған ізгі, соны игілік болар еді. Біздің теорияшыларымыз ұлттық форма жайында, міне, осыларды ескергені мақұл.

Маяковский шығармаларын аударуда бұл айтылған жаңалықтардың көп жайларда айқынырақ көрініп жүргендігін атай кеткен жөн... Әдебиеттегі ұлт формасының бұл секілді құбылысты қасиеттерін орыс тілінен туған аудармаларды және керісінше аударылған шығармаларды байқап қарастырғанда, әрдайым айрықша еске сақтау қажет. Бұл шарттың өзі Горькийдің “Орыс сөзі төрінде әр кітаптың өз рухын сақтау керек” деген ақылына дәл келетін шарт.

Аударма теориясын жекелеп, жіктеп қарастырғанда, кейінгі кезде біздің Одақ көлеміндегі әдебиетте екі түрлі өзгеше бейім барлығы анықталды. Бірі — аударма тіл зерттеу ғылымының ауқымына енетін сала болғандықтан, аударма ісінің мәнісін ұғына отырып, бұл мәселені лингвистикалық

әдіспен зерттеу жағына қарай тартады, екіншісі — біздіңше, дұрыс, бейім аударманы сөз өнерінің бір түрі деп ұғынады да, эстетикалық принциптерді, көркемдік таразыны алғы талапқа қояды, сондықтан бұл бейім аударманы әдебиет таныту теориясын зерттейтін объект деп қарайды.

Совет ғылымының бір саласы болып табылатын бұл екі ағымның екеуі де алдымен бір ғана принципті — қандай да болмасын әдебиет шығармаларын бір тілден екінші тілге аударуға мүмкін деген принципті қолдайды. Сөйтіп, советтік аударма мектебі әдебиет сөздерінде аударуға көнбейтін ежелден қарысқан өзгешеліктері бар деген ескі нанымды қабылдамайды. Керісінше, реалистік аударма әдісі кейбір буржуазияшыл аударма білгіштерінің пікірлеріне қарсы шығып, бір тілден бір тілді айыру үшін және рухани мәдениеттің негізгі түрлерінің арасына әдейі қойылған бұл жалған және жасанды кедергілерді сырып тастап отырады. Мұндай жағдайды совет аудармашылары мен теорияшылары бірыңғай идеялық тұрғыдан қарап, социалистік реализм әдісімен шешеді.

Ал аударма саласындағы көптеген міндеттер нақтылы түрде, түпнұсқаның түрлі қасиеттерін толық беру үшін аудармашы қолданған құрал-тәсілдерді зерттеумен анықталады, ол қасиеттерге: интонация, ырғақ, образдылық (синонимдердің, идиомдардың, мақал-мәтелдердің, афоризмдердің түрліше астарларымен бірге) секілді элементтер жатады және бұған ұлттық форманың әрқилы өзгешеліктері, тарихи сипаттары да келіп қосылады.

Аударылатын шығарманың сөз, стиль өрнегіндегі осы көрсетілген қасиеттер, бүтіндей алғанда, алуан түрлі болып келеді де, аударуға оңай ырық та бере қоймайды, түпнұсқаның сөз образдылық тәсілінің өзгешелігіне байланысты, бұл аудармашыдан сол қиын жайларға төтеп берерлік творчестволық тапқырлықты талап етеді.

Туысқан халықтар әдебиетінің орыс тіліндегі аудармаларында орыстың көркемсөздік байырғы сөз сапасы өте-мөте жадау болып көрінеді. Ілуде ғана болмаса, проза шығармаларының аудармашылары орыстың өте мол сөз байлығын, әсерлі көріктерін онша пайдалана

коймайды. Жолма-жол аудармадан көшіре аударған бұлар түпнұсқаның өзіндік қасиетін жүдетіп, тіпті кейде қораш етіп те жібереді. Сондықтан аудармалы прозаның орыс сынында әдебиет тілінің арзанқол, шалағай пішіндері болып мысалға алынуы бекерге емес. Мұны мойындау ауыр тисе де, бұл бізді күйіндіретін жағдай, біздің көп жылғы аударма тәжірибеміздегі әлі арылмаған қырсық. Түпнұсқаның орыс тіліне аударылғанда сытылып түсіп қалатын көркемдік-өзіндік өзгешеліктерін, образдылық, стильдік қасиеттерін, немесе ұлттық ерекшелік сипаттарын атай кетуге де болады. Мысалы, аудармаларда заман алшақтығы, кейіпкерлердің сөз әлпетіндегі немесе авторлық ремаркадағы тарихи үндестілік секілді әуендер сезілмей қалады, түрліше әлеумет топтарынан алынған бейнелердің өз ерекшеліктеріне де айырым берілмейді, дін иелерінің де өздеріне тән сөз өзгешеліктері де көрінбей, көмескі жатады.

Аудармаларда сөздің жас айырымына қарай өзгешелігі — бала мен үлкеннің, бала мен бала арасындағы сөздердің айрықшылығын жақсы бере білген сәтті жағдайды кездестіру де қиын. Өте қынжыларлық бір жай, түпнұсқа авторы сәтін келтірген ділмар тапқырлықтар, сөйлем кестесінің гүл көріктері, прозаға берілген өлең сынды үндестілік қасиеттердің бәрі де дарымай, тыс қалады. Белгілі бір кейіпкер үшін автор әдейі ойлап шығарған, халық мақалынан мүлде өзге, тың нақыл сөздер де әлсіз аударылады, сөз құрамының ырғағы, әуені сезілмейді, көптеген шебер тілді жазушылардың шығармаларындағы сөз ойнақылығы да өшіп кетеді.

Ұлттық көркем прозалардың аудармаларында орыс тілінің соншалықты кедей, әсерсіз сұрқай пішіндеріне қайран қаласың. Орыстық сөз сұлулықтарының, сөйлем өрнектерінің, алуан қырлы әсерлі екпіндерінің қазынасынан аудармаларда, түпнұсқаның сорына қарай, тіпті дерлік сыбаға алынбайды, пайдаланылмайды. Бұл өкініштің бастысы сол, аударма орыс тіліне түпнұсқадан емес, дарынсыз олақ қолдан шыққан, әлгі бір жолма-жол аударма (подстрочник) дегеннен аударылады, — бұл өзі

өзге тіл оқушысы мен түпнұсқа арасындағы, бұл ретте, аудармашы арасындағы бір берекесіз дәнекер. Бұл жөнде қуанарлық ілу-қағыл көріністер орыс жазушыларының қаламынан шыққан кейбір жақсы сирек аудармалар ғана. Бұлардың еңбектерінің басты қасиеті — олар Добролюбов айтқан шығарманың “ішкі өмірін” жақсы бере біледі. Түпнұсқаның негізгі қасиетін осылай көрсету арқылы олар үздік шығармалардың ұлттық үнін шығарып, аудармадағы басты мақсатқа жетеді. Творчестволық жолмен шешу арқылы олар бір кезде Тургенев, Гоголь, Белинский талап еткен аударманың жақсы нәтижелеріне ие болады. “Аударма бізге неғұрлым аударма болып көрінбей, өзіндік төлтума шығарма болып көрінсе, онда оның соғұрлым тамаша болғандығы”, — деген Тургенев. Белинский: “Аударма автордың өзі орысша жазған секілді болып көрінсін, көркем шығарманы ондай етіп аудару үшін художник болып туу керек”, — деп талап еткен.

Бұл секілді аудармаларда кейіпкерлері қазақ, өзбек, латыш, татар, армян, т.б. бола тұра, олар шын орысша сөйлейді. Біз бұл аудармашы автордың жақсы орыс жазушысы екенін, оның өзіндік түбегейлі шығармаларында ерекше стилист, ділмәр сөздің шебері екенін білеміз, солай бола тұрса да, ол аударылатын шығарма авторының стиліне өз стилін байланыстырмайды. Сонымен бірге бұл аудармашы негізгі шығарма авторының тіл ойлау дүниесіне айрықша ықтият болып, мұқият зер салады. Ол аудармаға сол шығарманың барлық материалын жақсы біліп алып кіріседі, шығармада суреттелетін халық тарихын зерттейді, кейіпкерлердің дәуірімен, ортасымен терең танысып алады. Әрі үлкен жазушы, әрі талантты аудармашы болып өнеге көрсететін бұл секілді игіліктер, бір өкініші, өте сирек кездеседі.

Орыс тіліне аударылатын шығармалардың көбінесе әсерсіз, жүдеу жолма-жолдықтан аударылатынын жоғарыда аңғартып өттік. Солай болғандықтан, ұлт тілдерін білетін немесе оқып үйренген аударманың маман кадрларын әзірлеудің қажеттілігін дәлелдеп жатпаса да болады. Ал аударма теориясын совет аудармаларының күнделікті

шындықтарына — орыс тілінен ұлт тілдеріне, ұлт тілдерінен орыс тіліне аудару мәселелеріне тығыз жақындастыру қажет.

Біздің елімізде шын мәнісінде ғылыми ұйымдасқан, аударма өнерінің бірыңғай әдісіне бағынған бір аударма түрі бар. Бұл істі беделді ғылым орталығы басқарады, бұл мекеменің әрбір республикада филиалдары, облыстардың денінде бөлімшелері бар, олар марксизм-ленинизм классиктерінің маңызды еңбектерін біздің Одақтың көптеген халықтарының тілдеріне аударуда. Мен ИМЭЛС-ді (Маркс-Энгельс-Ленин-Сталин институтын) айтып отырмын. Москва институты басқарған республикалық филиалдар бірнеше жылдар бойы үздіксіз, тарихи терең мәнді ғылыми жұмыстар жүргізіп келеді. Бұл ғылыми орындар аударма жөнінде орасан зор тәжірибеге ие болды, бұл жайларды біздің еске алып отырғанымыз орынсыз емес, өйткені шығармаларды аудару мәселесіне қатысты сол тәжірибелердің прозалық ерекше мәні бар.

ИМЭЛС өзінің жер-жердегі барлық мекемелерімен бірге аудармадағы теориялық және тәжірибелік мәселелерді творчестволық жолмен шешуде. Марксизм-ленинизм классиктерін біздің Одақ халықтарының барлық тілдеріне және демократиялық елдердің тілдеріне аударуда терең толғанылған ғылыми тәртіпті жүйенің жасалуы қазір мол нәтижелер беріп, бірнеше жылдық тәжірибелерді түйіндеді. Міне, соның нәтижесінде көркем проза үлгілерін аудару жайынан қойылған бірқыдыру теориялық мәселелерде ойланып-толғанып, ИМЭЛС арқылы дұрыс шешіліп отыр. Біздің көркем аудармаға сай келетін бірқатар ортақ мәселелерді аңғарта кетелік: көркем аударма теорияшылары сөзбе-сөздікті мансұқ етеді. Ал сөзбе-сөздік түпнұсқаның мәнісіне, немесе аударылған тілдің дұрыстығына нұқсан келтіреді деп танылып, оны Маркс те қатты сынаған болатын. Бұл жайында Энгельс: сөзбе-сөздіктен “неміс ой-пікірін ағылшындық мағынасыздыққа айналдыру” болмақ деген. Энгельс өте-мөте сөзбе-сөздік аударма түбегейлі шығарманың стиль өзгешелігін және тіл көркемдігін жойып жібереді деп ескерткен. Аударма

жайында В.И. Лениннің де айтқан пікірлері көп. Ленин шығарманың интонация және ырғақ қозғалысын дұрыс беру қажет деген пікірде болған.

Аударма мәселесіне байланыстыра, марксизм-ленинизм классиктерінің мұраларында сөз образдылығының ерекше мәнділігін еске түсіре кетелік. Көркем прозадағы бұл секілді ең әсерлі тәсілдер олардың еңбектерінде де орасан зор қызмет атқарған. Мәселен, Ленин шығармаларынан біз тілдің образды, әсірелі құралдары есебінде пайдаланылған көптеген теңеулерді, қанатты сөздерді, синонимдерді, идиомдарды, әсем сөздерді, эпитеттерді, славянизмдерді — шеркеулік славянизмдерді, көптеген неологизмдерді, қысқартылған сөздерді, тағысын тағыларды жиі кездестіреміз. Орыс және шетел әдебиетінен Лениннің алған мысал цитаттарының өзі тоғыз жүзге тартады екен. Мәселен, Ленин Гоголь сөздерінен жүз жиырма бес рет, “Ақылдың азабынан” сексен сегіз рет мысал келтірген, Ленин шығармалары халықтық мақал-мәтелге де толы.

Марксизм-ленинизм классиктерінің бұл секілді образдылыққа, эмоциялық екпінділікке толы шығармаларын аудармада толық жете беру, интонациясын, ырғағын дәл келтіру зор мәселе болып табылады. Әлбетте, бұл пікірлерімізбен көркем проза мен марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектері арасына теңеу белгісін қоймақшы емеспіз, бірақ социалистік реализм әдісіне негізделген біздің шыншыл аудармамыздың бұл саладағы аудармаға қатысты көптеген ортақ мәселелері бар. Ал аударма теориясы өзіне өте жақын, бұл туыс салада, ілгеріде айтылғандай, бірқатар пайдалы тәжірибе барлығын біле тұра, оған зейін қоймай, зер салмай отыра алмайды.

ИМЭЛС және оның филиалдары да аударманы айрықша жікке бөледі, көркем әдебиет аудармашылары сияқты, олар да аударманың үш түрі бар деп біледі, бірінші — сөзбе-сөздік — әріпқойлыққа негізделген аударма, мұны көркем сөз аудармашылары секілді, марксизм-ленинизм классиктерін аударушылар да мансұқ етеді. Аударманың екінші бір түрі — еркін аударма дегенді олар да қабылдамайды, бұл аударма, шынында, аудармашының өзіншелеп әңгімелеп отырғанына өте ұқсас келеді.

Аударманың өте-мөте қонымды ғылыми дәлелденген түрі деп олар — шығарманың мазмұнын да, формасын да толығырақ беретін ғылыми дәл, балама аударманы есептейді. Марксизм-ленинизм классиктерін аударушылар аударылатын шығарманың лексикасын да, синтаксисін де, олардағы ой-пікірлерді, эмоциялық және образдық көріктерді толығымен сақтауға, түпнұсқаның мазмұны мен формасының бүкіл нәр-қуатын толық беруге талаптанады. Осы айтылғандарға марксизм-ленинизм классиктерін аударудағы ең басты бір шарт — маркстік-лениндік идеяларды таза сақтау үшін, марксизм-ленинизмнің революциялық теориясын түрлі бұрмалаушылықтан, бүлдіріп қадірін түсірушіліктерден аман сақтау үшін — берік ұстаған ғылыми дәлме-дәл аудару тәсілдерін қоссақ, онда біз мұнда, советтік реалистік аударманың нық негізі барлығын ұғынуымыз керек. Ал бұл ұйымдасқан, ғылыми дәлелденілген және өз жетістіктерін үнемі өркендетіп келе жатқан игі қызмет — біздің, көбінесе үстіртін, парықсыз және жекелене әрекет етуші көркем проза аудармашылары үшін көп өнеге болатындығы сөзсіз.

Марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын біздің елдің туысқан халықтарының тілдеріне аудару тәжірибесінен біз сол аударған тілдің жаңа сөздермен молыға түскенін байқаймыз. Мысал үшін айтсақ, Лениннің шығармалары қазақ тіліне аударылуына байланысты, қазақтың әдеби тіліне орыс және шетел тілдерінен екі мындай сөз еніпті. Ғылыми терминдік сөздерді қабылдаумен қабат, ұлт тілінің мүмкіндіктерін байыту жолында үлкен жұмыс жүргізілуде. Бұл талап жаңадан сөз байланыстарын жасау, бар сөздер мен ұғымдардың мағыналарын тереңдету, жаңарту, жеке сөздердің ұғымдық ауқымын кеңейту, ұлт тілдерінің сөз негіздерін пайдалана отырып, жаңадан сөз тұлғасын жасау секілді шаралар арқылы жүзеге асырылмақ.

Орыс тіліндегі әдебиеттің туысқан халықтарымыздың тілдеріне аударылуы сол халықтардың тілдерін байыта, дамыта түспекші, аударма арқылы орыс тілінің ойлау формасы, сөз мәдениеті және бүкіл әдебиеттік өнегелері

біздің халықтарымыздың тілдеріне бірте-бірте сіңісіп, қалыптаса бермекші. Тек осы жолдар арқылы ғана әр халық өзінің әдебиет тілін молықтырып, өркендете түседі, сөйтіп өзінің төлтума әдебиетінде біздің Отанымыздың өміріндегі орасан ұлы қозғалыстарды кеңінен толық сипаттауға зор мүмкіндік алады.

Очерктер мен жопжазбалар



ИНДИЯ ОЧЕРКТЕРІ

(Көріністері)

I. Азғана алғы сөз

Индия сапары жөні-жолы бөлек оқшау бір сапар болды. Тек осы жайды баяндай бастаудан бұрын, оқушының көңілін сәл ғана бір халді айтумен аз алаң етейін.

Индияға жүрерде мені жора-жолдас, дос-жаран, ағайын-туған дегендей көп жақын жандар ұзатып салмақ болып жиылған еді. Бұл жиында, ерлер, әйелдер, үлкен-кішілер, жазушы, артист, ғылым адамдары тәрізді, әр сала тірлігіміздің әр алуан көрнекті жандары болған.

Мен қайтып келгенде, дәл сол жиын, дәл сол қалпымен, түгел тобымен қарсы алып, тағы да қонақжай қалыпта, сол бір стол айналасында бас қосыпты. Менің көңіліме сол шақта өзгеше бір хал аңғарылды.

Жұрт жүзіне қарай-қарай андасам, сондағы күлкілі, көңілді, шырайлы жүздері, сондағы киген киімдері. Қонақжай бөлме ішіндегі барлық зат-бұйым атаулы да сондағы қаз-қалпында. Дәл сол мен кетердегі сәттей, тағы бірнеше айрықша көріністер ерекше көзге де, көңілге де ыстық тиеді.

Стол басында мәжіліс ағасы — тамада Сәбит көңілді жарқын тілектестік сөзін сөйлеп тұр. Дәл кетердегі жай осылай еді. Сондағы тартылған ас та дәл сол қалпында. Әлі суып үлгірмеген сияқты. Тамаданың сондағы достық тост түрінде сөйлеген сөзі әлі бітпеген сияқты. Тіпті сол шақта, мен жүрерде, шампанский бөтелкесін ашамын деп, тез аша алмай, арпалысып жатқан бір жас қонақ қазір де және де сол бөтелкені дәл сол орнында тағы да сондағыдай әлі аша алмай, арпалысып жатыр.

Осы адамдардың жүзіндей, көңіл-жайындай барлық болмыс та өзгермей, қозғалмай тұрған тәрізді. Бейне бір менің қырық бес күндік сапарым болмаған, оқшау, оқыс, дағдыдан тыс хал-халет сияқты. Бейне мезгіл өткен емес те, өмір, тірлік тынысы үзілмеген, өзгермеген. Сол хал еске келгенде, мен бір баларақ шағымда естіген бір аңыз ертегіні еске алдым. Ол былай еді.

Ертегі геройы жас жігіт өмірде өзінің бір оқшау жайына, кез-кезеңіне жетеді. Ол сол халінде заманының данасы, бір ақылгөй қарт-қарияға келеді. Содан өзінің өмір тағдырын айтып, ашып беруді өтініш етеді. Ертегілік өзгеше жайда бір өзі ғана отырған қария жаңағы жасты тыңдайды да, дәрет алғалы отырған ыстық суын құманымен шетке қояды. Жігітті қолынан ұстап үнсіз жетелеп кеп, бір шүңет тегененің қасына әкеледі. Сөйтесі де: “Мынау тегештегі суға беті-жүзінді түгелімен батырып көрші”, – дейді. Жігіттің суға беті-жүзі батуы ғана мұң екен, содан кейін ол жас мүлде басқа бір халге ауысып кеткен өз күйін көреді.

...Енді ол ұзақ бір сапарда, бұрын өзі баспаған, бармаған бөтен жайда. Өзі біліп, көрмеген жан иелерінің арасында. Неше түрлі ертегілік ғажайып халдерге ауысып жатқан күйлерге ұшырайды. Оны алып қарақұс қанатына мінгізіп, талай таулардан, әлденеше мұхиттардан алып та өтеді. Ол жер астына да түсіп кетеді. Әр алуан жат жынысты аң атаулы, жан-жануар, өзгеше өсімдіктер арасында жүргенін көреді.

Сол шақтың бір кезеңдерінде бұның өмірі өзгеше шұғыл өзгерген, ойда жоқ қиын жай, қысталаң халге ұшырайды. Бұл тұңғық түбіне кеткелі тұрғандай, не әлдеқалай қаһарлы айдаһар жұтып тартып бара жатқандай болады. Қарсылық етер қауқары жоқ, ажалда аял жоқ. “Енді кеттім-ау!” “Енді өлдім, біттім-ау!” деп, барынша бір үрке сілкініп, тулай түршігіп қалады. Сол халде шұғыл өзгеріс тағы жетеді де, бұның халі басқаша бола береді. Көзін ашып алғандай хал болады. Сөйтсе, сол жас бағанағы беті-жүзін батырған судан басын жаңа ғана көтеріп алған екен.

Қария алғашқысындай өз орнында сабырлы, салқын тыныштықта таспиғын тартып отыр. Қасында дәрет су құйған құманы әлі тұр. Тіпті ішіндегі суы да әлі суып болмаған екен. Әрине, бұл соңғы әңгіменің менің әңгімеме

сырты ғана ұқсайды. Оны еске алдыратын бір ғана сырттай ұқсас сипаттар.

Индия сапарында қырық бес күн бойында мен көрген, сезген, білген жайлардың бәрі біздің өз Отанымыз, өз халқымыз, өз шадыман күндеріміздің қалпынан мүлде бөлек, басқаша да ерекше. Қырық бес күн бойында менің онда болып, көрген-білгенім өзімнің қауымым, халқым, Отаным ортасындағы тірлігім, дағдымнан сонша басқа болғандықтан, жаңағы ертегі жай еске түсті. Уақыт сағаты бір орнында сәл дамыл алып тұрғандай да, менің көріп-білгенім “сиқыр судың” таңғажайып халдері болмаса да, сондай бір бүйрек, оқшау жайлар еді.

Енді сол қырық бес күндік ұзақ сапар салқар көшіне ауысайық.

II. Ұшқыр қанат астында

Индияға аттанған сапарды біз Москвадан бастасақ та, әуелі оңтүстікке қарай беттемей, керісінше, тура терістікке қарай жөнелдік. Халықаралық әуе қатынас жолы біздің Ленинградты, Хельсинкиді басып, Стокгольмге баруымызды қажет етті. Стокгольмнен бүкіл Европаны аралап, Африка жағасын жағалап, Токиодан барып шығатын төрт моторлы үлкен самолетке мінітін болдық. Бұл “САС” деп аталатын Скандинавия компаниясының самолеті. Ол төрт моторлы, 62 кісілік ірі самолет, шапшаң да ұшады.

Алғашқы үш тәулік шамасында біз сол самолетпен көп елдер мен қалаларды басып өттік. Жолда Норвегия астанасы — Осло, Дания астанасы — Копенгаген, Батыс Германияның үлкен қаласы — Дюссельдорф, Швейцарияның — Женевасы, Италияда — Рим — біздің әрбір екі-үш сағат өткен шақта тоқтап, түсіп отырған жеріміз болды.

Римнен Африкаға қарай Каир (Мысыр) қаласына тартқан жол бес сағаттық, ұзақ сапар болды. Астымызда таулар, теңіздер. Әсіресе Орта теңіз сулары шексіз ұзақ көк толқын да, көк жайқын боп кең жосылып жатты. Таң ата біз Мысырға кеп түстік. Бұдан кейін атақты Суэц каналын басып, Арабстан шөлімен ұзақ сапар кешіп, жеті сағат ұшқаннан кейін, Пакистанның Карачи қаласына

келдік. Осыдан кейін соңғы самолет жолы бізді Делиге әкеп түсірген еді.

Бұл жолда біз Стокгольмде екі тәулік тұрдық. Карачиде екі күн болдық. Қайтыс сапарда да көбінше осы жолмен жүріп, Римде екі, Стокгольмде және екі болғамыз. Сонымен, Индияның өзін көріп, кезіп танысу жайларынан басқа, жолдағы Стокгольм, Римде болған күндерді де мен сәл кейін баян етпекпін. Бірақ олар жайын Индиядан кейін, осы еңбектің соңғы бөлімдерінде, жол баянын аяқтай келе айтқанды мақұл көрдім.

Әуелгі мақсат — Индияда көрген мен білгенді, сезген мен ойлағанды өз оқушымызға жеткізу. Ең басты мақсат осы болғандықтан, әңгімені тезінен, төтесінен сол Индияның өзіндегі жайларға арнайық та, тез баурайық.

Осы аталған жайға төтелей кірісер алдында бір-ақ қана түсінік сөз айтылғаны мақұл. Индия жөніндегі осы кітапты мен, әрине, роман, повесть тәрізді, дағдылы көркем қара сөз жанрларының оқушыға мәлім түрлеріне баламаймын. Индия — ғажайып мол тарихты, терең, зор сипатты ұлы дүние. Оның тарихы да жүз жылдар емес, әлденеше мың жылдармен өлшеніп, мөлшерленеді. Сондықтан сол Индияға арналған еңбекті мен тек қана көргенімді айтумен тұжыра отырмақпын. Болмаса Индияның тарихын білген, білгір маман есебінде сөйлемекші емеспін. Халқы мен қауымдарының бүгінгі нәсіл, көп буындарының өмірлік, психологиялық шындықтарын да терең таныған автор емеспін. Осындай бір-екі іргелі себептерді еске ала отырып, көрген мен сезгеннің нақтылы шындығын, дағдылы “жол баянын” өз тіліммен баяндап көрмекпін.

Бұл дәмесі зор кітап емес. Білген, көрген болмысынан туған шындық кітабы болып шыға алса, автордың содан арғы-зорғы мұраты жоқ.

III. Делидегі күндер

Дели қаласы екіге бөлінеді. Ескі Дели, Жаңа Дели (Нью-Дели). Бүгінгі Индияның ең зор шаһары болмағанмен, Дели көп заманнан бергі Индияны билейтін орталық шаһар боп келген. Қазіргі азат Индияның да орталығы осы қала. Біз, он

шақты адам, совет мәдениет майданының өкілдері, Индия үкіметі тарапынан шақырылған қонақ делегациямыз.

Индияның республикаға айналған тойының мерекелі күніне шақырылған едік. Делиге біз келген күннің ертеңінде, 26 январьда халық мерекесі, салтанат күні басталды. Өзіміз түскен көркем сарай — Хайдарабадхауздан орталық алаңға біз қалың шұбар топ, жаяу жұртпен аралас бардық. Демонстрация басталар алдында бізді бастаған достарымыз, Сыртқы істер министрлігінің өкілдері, біздің тобымызды бүгінгі салтанатқа келген сый қонақтардың тобына апарып қосты.

Кең көгал, бақшалы алаңға кілем жайылған, орындықтар қойылған екен. Трибунаның орнына осындай жай жасалған. Тек оңаша, оқшау қызыл жібек қоршауы бар биік тақ Индияның президенті Прасад отыруға әзірленіпті. Біз сол тақтың оң жағындағы қатарланып қойылған орындықтарға орналасқан шағымызда, қасына қызы Индира Гандиді ертіп Неру келді.

Төрт-бес қатар орындықта отырған әр елдік қонақтардың бәрімен Нерудің өзі де, қызы да жағалай жүріп, қол беріп амандасып шықты.

Жалпы салтанатты салт аттылар тобы бастады. Ықшамдау келген өңшең торы әдемі араби атқа мінген, деней қызғылт киімді, әсем кавалерия өтті. Әскердің бәрі сақалды, бастарында сәлде тәрізді жұқа бас киім, соны бастыра киген. Бұлар Индияның өзгеше жауынгер халқы — сикхи затынан. Осылардың артынан жаңағыдай араби кертторы алты сәйгүлікке алтындаған күйме жегіп, соған мініп Индияның бүгінгі президенті Раджендр Прасад шықты. Күймеде өзі жалғыз еді. Тақтың тұсына тақағанда, аттар тоқтап, президент күймеден түсіп, кеп таққа отырды. Осы шығыспен парад бастады.

Индияның әміршісі болған бұрынғы шахтар, кейінгі вице-корольдер көрнекке шығатын дәстүр осылай болса керек. Индияның тағы бір көне дәстүрін, әсіресе осындай шақтағы салтын біз енді келесі секундтердегі көріністерден таңырқай аңдадық.

Парадтың алдын бастап пілдер тобы келеді екен. Тән салмағымен аяқ басқан, төрт-төрттен қатар түзеп келе жатқан бір топ пілдер. Бұлардың ұзын тұмсықтары, бас-мо-

йын жотасы, екі жақ қабырға, аяқтарына шейін алтындаған қызғылт кежіммен жабылған. Үстерінде, мойын тұсына таман топтала отырған бірнеше әскерлер бар. Қолдарында ескі соғыс құралдары, киім бейнелері де бұрынғыша. Осындай бір қалың шоғыр оқшау топ бүгінгі салтанат жүрісін бастап кеп, Прасадтың тұсына жеткенде, сәл баяулап тоқтай берді. Енді біразда барлық пілдер бірден алдыңғы аяқтарын тізерлей бүгіп иілді де, тұмсықтарын тегіс аспанға көтеріп үн салды. Бұлары парадты бастап, өзінше құрмет көрсету нышаны. Пілдер өтіп кеткен соң, енді бір толқын боп бұрынғы дәстүр бойынша ескі әскерлердің бір түрі – түйелі кавалерия жылжып келе жатты. Ол өңшең ақ түйе, нарлар екен. Әр түйенің үстінде екі кісілік ерлері бар. Сол екі-екі әскер мінгескен түйелі кавалерия да өзгеше бір үлгі аңартып өте берді. Ал соның артынан, бағы ғасыр мен біздің XX ғасыр ортасы контраст күйде тоғысқандай боп, тағы бір ойда жоқ қозғалыс аңғарылды. Ол келе жатқан танкілер, мотопехота, бүгінгі артиллерия, аспанда осы шақтарда лек-легімен реактив самолеттер қатарлары ағып өтіп жатты.

Осылайша басталған парад енді ұлы Индияның көп уәлаяттарын өзді-өз салты, көркі-көрнегі, өнері, кәсібімен, оқшау қызық үлгілерімен ұзақ күн бойында үздіксіз көрсетіп өтіп жатты. Осы күні түстен кейін біз президент сарайына, Моғол паркі деп аталатын салтанат бағына президент қонағы боп шақырылды. Бұл бақ біздің бала шағымыздан ертегіде еститін Иран бағы – “Бақирани” десе болғандай. Салтанатты сарайдың бұл бағы аса зор. Индиядағы үлгі бойынша мұнда су мен гүл ағаш, гүл жемістер ұдайы кездесіп отырады. Ыстық жақта салқынның қажеттігі осы бақшалардың құрылысынан көрінеді. Бұнда айнадай көк мөлдір су әдемі қызыл тасқа бөленеді. Одан кейін гүл мен жемістер кезектесе, біраздан соң тағы да жаңағыдай мөлдір айнасулар ұшырап отырады. Ағаш, жеміс, көк салқыны мен су салқыны мынау баққа басқаша бір жайлы рахат көрік те, күй де береді.

Индияның барлық қалаларында әрбір күтімді бақта, сарайларда, қадірлі, салтанатты әсем жайларда ерте заманнан осы күнге шейін дәл осы алуандас бақтар жиі кездеседі. Паркке күндізгі сағат төртте Индияның ұлы мерекесіне жиылған қонақ атаулының бәрі президент

конағы есебінде шақырылып, жиналған еді. Бұл сағат көп жандардың бір-бірімен жүз көрісуіне, танысуына арналған сағат болды. Осы сейілде біз Прасадтың өзімен таныстық. Тағы да біздің тобымызды бастап жүрген достар сейіл үстінде әдейілеп алып кеп, бізді Нерумен таныс етті және Индияның ең көрнекті мемлекет басшыларының бірі — вице-президент Радха-кришнанмен де біз осы сәтте алғаш таныстық.

Жаңағы аталған үш үлкен адам біздің тобымызды жақын күндерде өздерінің резиденцияларында қабыл ететіндерін айтысты.

Делидегі келесі күн әрбір Индияға келуші делегацияның, қонақ атаулының ең алғаш қадам қоятын құрметті бір жеріне қарай беттеуімізден басталды.

Біз тобымызбен Гандидің құрметіне арнап веночек алып сапар шегіп едік. Қаланың орта тұсында, Жумна өзенінің жағасында, Гандидің қаны төгілген орында, Индия дәстүрі бойынша, Гандидің сүйегі құрметпен өртелген жері бар. Сол орында әсемдеп оқшауланып қызыл гранит таспен биіктеле мүсінделген бөлекше бір дөңгелек жай тұр. Соның биік басына шығар алдында тас басқыштар түбінде біздің бар тобымыз аяқ киімдерімізді тастап, гүл-веночекті көтеріп, жоғары бастық.

Январьдың 27-сі болғанмен, Делиде анық дағдылы қыстың күні деп саналғанмен, бұл күн әдемі маужыраған қоңыржай. Мысалы, Алматының сентябрь күніндей. Айнала өсімдік дүниесі бір жапырағын тастамаған, жалғыз тал шөбі құрамаған, жасмин гүлдеп, мандарин бітік өсіп, пісіп тұрған кез. Бірақ біздің жатын сарайымызда камин жағылады. Әр бөлмеде қонақтар тоңбасын деп үйді электр отымен жылытып отыр. Бізге әзіл ретінде айтылған бір сыр бар: “Сіздер индустарды ренжітпеймін десеңіздер, өздеріңізге қанша жылы көрінгенмен де, қаншалық пысынап жүрсеңіздер де, қазіргі күн “қыс” десе, сіздер “рас, қыс” деңіздер, олар “суық” десе, сіздер де “рас, суық” деңіздер. Болмаса дос-жар, меймандос үй иелерін ренжітіп алуыңызға болады” дейтұғын.

Көңілімізде Гандидің әруағына арналған құрмет шын болғандықтан, біз, жаңағы айтылғандай, “қысқа” карамай-ақ, тас басқыштарды жалаң аяқ басып, гүл көтеріп,

жоғарыдағы көлбей түскен бір дөңгелекше тас төсенішке жеттік. Соның үстінде жас гүлмен хинду тілінде жазылып қойылған бір ауыз сөз бар екен. Жумна өзені жағасындағы храмнан шығып, осылай келген жерде дұшпандар атқан оқтан жарадар болып қансырап жығылған Ганди, дәл осы арада үзілер шағында айтқан бір ауыз сөз бар. Жаңағы жас гүлдер мен тасқа жазылған жалғыз сөйлем сол: “Қуат еткенім өзің, Рама” деп үзіліпті. “Сол үні, сөзі, тілегі әлі қаз-қалпында” деген наныммен бүгін де, күнбе-күн жаңағы мирас тастың үстінде жаңа гүлмен осы сөз жазылып отырады.

Біз өзіміз апарған венукті салдық та, үнсіз қозғалыспен қайта бастадық. Осы жүрісте енді біз ескі, жаңа Делидің неше алуан, әлденеше ғасыр айғақтары болған өзгеше ескерткіштерін аралап кеттік.

Индияның өз тарихынан қалған аса қымбат бір ескерткіш бірінші ғасырда орнатылған обелиск — зор тас діңгек. Бұл обелиск Индия халқы үшін аса қымбат ескерткіші саналады. Ол діңгек ғасырлар айғағының ішінде бағы заманда Индияда болған ұлы патша Ашока атымен байланысты. Индияның ұлы патшасы Ашока біздің эрадан бұрынғы III ғасырда тіршілік еткен. Аңыз бойынша, ол арғы-бергі бар жер жүзіндегі патша атаулының баршасынан бөлек жол ұстанған. Жаңа обелиск тас діңгекте сол Ашоканың үгіт-өсиеті, өзгеше жолы — эдикт* бірінші ғасырда осы діңгек тасқа шабылып жазылған. Ашока өзі буддист. Ол таратқан үгіт-өсиет бойынша, “қан төкпеу керек, ешбір жанмен соғыспау жөн” деп, осы жайдағы үгіттерін кейінгі нәсілге әрі діндік, әрі адамгершілік үгіт-өсиет етіп, жаңағы тас діңгекке өзінен кейінгі заман адамдары қашап жаздырған.

Делидің ескі шаһарында бұдан кейінгі біз көрген ғажайып ескерткіштердің бәрі де арғы-бергідегі мұсылман патшалары салдырған ескерткіштер. Осы ретте Делиде XII ғасыр ішінде араб затты Құтыбиддин патша салдырған “Құтыбминар” деген ғажайып мұнара бар. Биіктігі 73 метр. Бұл — ең бір сұлу мұнаралардың сирек сұлу белгісінің бірі. Мұнара терістік Индиядағы көпшілік ескерткіштер

* Э д и к т — патшаның арнайы шығарған төтенше мәнді указы.

катарында, жоса түсті қызыл тас, қызыл песчаниктен* салынған. Мұнара көп қырлы. Төменінен ең жоғарғы биік ернеуіне шейін жаңағы қырлы мұнараның сыртын айналдыра құранның аяттары, ғажап сұлу хат ретінде, тастан ойылып жазылыпты. Сөйтіп, мұнар биік басынан етегіне шейін, бір жеріне бір жері ұқсамайтын айнала шырмаған әсем ою араб жазуы — аят жолдарымен безелген. Осы мұнара жанында ерте заманда салынып, жартылай құлап қалған “Қуатүлислам” аталған ескі мешіт бар. Соның жанында тағы да Индия тарихының аса ғажап сырлы бір ескерткіші көрінді.

Аспаннан түскен метеорит темірінен жасалған, Индия шеберлері мың жылға жуық, ескі заманда осы араға орнатқан темір діңгек тұр. Бұл діңгек темірдің дүние жүзін таңғалдыратын тамашасы сол: өзі таза темір бола тұра, мәңгі-бақи өн бойында тат басып көрген иненің жасуындай жері жоқ. Тат баспайтын темір діңгек бұ да өзінше Индия өнерінің таңғаларлық бір ерекше бітімі, тұлғасы. Құлаған мешіт өз заманында аса зор шеберлікпен орнатылған ескерткіш екенін аңғартады. Бұның да қабырғалары ішкі-сыртқы жағынан түгелімен аят жазуға толы. Өрнек нақыс есебінде тек қана тастан ойылған.

Мешіттің ішкі жақтары толған оюлы діңгектер. Кей тұста жартылай аман қалған күмбездер бар. Осы бөлімдердің бәрі де оюлы, нақысты дұғалықтарға толы. Құлаған мешіттің жоғарғы қуыс қойнауының бәрінде дамылсыз ұшып-қонып, қытқылдап үн салып жүрген көп түсті көк-жасыл тотылар көз тартады. Бір араға топталып жиылып, беймаза үн салып, жиілеп ұшып-қонып жүрген шақтарында бұлар да біздің өзіміздегі сауысқандардай мезі қылуға жарарлық екен.

Дели шаһарының ендігі екі түрлі ғажайып ескерткішін біз асықпай, молынан араладық. Оның бірі — Бабыр патшаның немерелері Шах Жиһан салдырған “Жұмамешіт” және патша сарайы — Қызыл сарай (Редфорт). Бұл екі имарат** та осыдан 300 жыл бұрын қызыл песчаник тасынан және ақ мрамордан оюланып салынған.

* Песчаник — құмтас.

** Имарат — сәулетті сарай, мешіт ұғымында.

Жұмамешіт ұлы мейрам күнінде 50 мың адам сапқа тұрып, намаз оқитын жай. Мешіттің алдыңғы саптар тұратын жері және михраб* тұсы төбе жағынан да қоршаулы. Ең артқы қатарда ерлерден бөлек жиналып, намаз оқитын әйелдерге арналған бөлімі де биік қалпында, мешіттің орта тұсынан бөліне қоршалған. Ал екі аралық биік көтеріліп, ақ мрамор төселіп қойылған, төбесі ашық кең алаң. Бұрын намаз сәттерінде осы алаңның төбесіне мол шатырлар тартылады екен.

Жұмамешіт ішінде біз осындай дін орындарының біразында кездесетін шарлатандықты да көрдік. Бір бұрышта бөліне қоршалған, кішкене киоск тәрізді бояулы жайға бізді алып келіскен еді. Іші қараңғы, шыны қабырғасы бар үйшіктің ортасында сәл қозғалыс байқалады. Аздан соң кішкене терезе сәл ғана ашылып, жоғары көтерілді де, біздің жаққа ысырылып шығарылған өте көне кітап беті көрінді. Пергамент қағазына жазылған кесек, сирек жазу — араб жазуы. Үлкен кітаптың бір бетіне қызғылт-қоңыр бояу төгілген тәрізді. Мәлім етулері бойынша, бұл белгілі “төрт шариярдың” бірі Ғұсманның қаны төгілген құранның өзі боп шықты. Тегінде, мұсылман әлемінде Ғұсман да көп, Ғұсманның қаны төгілген құран да көп екенін білуші едім. Өз тіршілігімде менің өзім ғана үш шаһарда осындай үш құран көргенім бар-ды.

Жұмамешітке әлдене заманнан бері сол жалған қан, жалған Ғұсман құранын әлдебір алымпаз да жемпаз жемсау бұйрығы қалдырғанда қондырған екен. Ол ғана емес, құранды көріп бола бере, ол әрі жылжып кетті де, енді бір сопақша шыны сауыт шықты. Төбесінде күмістеген бұрандалы қақпағы бар. Қақпақты, беті-жүзі бізге көрінбейтін бір жанның қатып қалған көмірдей қара жіңішке саусақтары бұрап ашып алып, әрі қарай тарта берді. Сауыт ішінен біздің көзімізге тіп-тік боп қарайып, сауыттан бөліне сарайып тұрған жіңішке проволка талы көрінді. Мәлім етулері бойынша, бұл — дәл Мұхаммед пайғамбардың өз сақалының бір талы екен.

Осындай “ертегі”, Жұмамешіт күмбезінің астына

* Михраб — мешіт ішінде Меккеге, құбылаға нұсқайтын ойық мүсінше.

тағы да біраз “естегілер” әкеп орнатыпты. Мұнда Мұхаммедтің сақалынан басқа, түйе терісінен тігілген тағы сол Мұхаммедтің башмағы да бар. Қасындағы таста Мұхаммедтің табанының ізі де бар. Бұл екі белгіні бағы заманда Индияны шауып алған сапарында Самарқаннан әдейілеп Ақсақ Темір өзі әкеліп қалдырған дейді-міс.

Шах Жиһан салдырған арғы-бергі Делидің ең көркем де көрнекті әсем ескерткіші — Қызыл сарай маңына да келдік. Біз бұл сарайға ескі Делидің Лахор атты дарбазасынан келіп кірдік. Аса биік етіп, ақ мрамор мен ұсақ көп күмбездер жасап, қызыл қабырғаға шатырлардай аппақ боп орнатылған төбешіктер, бейне бір алыстан көрінген, жиі қонған ақ отаулар төбесіндей. Қызыл сарайдың өзіне бастар дарбазаның бір өзінің көркі де өзгеше боп көз тартады. Ал патша сарайы жалпы Индиядағы сарайлардан мүлде басқаша бір ерекшелігін байқатады.

Жаз ыстық, қыс жоққа тән. Қарлы суық мүлде болмайтын себепті, бұл жақтағы сарайлардың бәрі жылы болу ниетімен салынбайды, қайта соған қарсы, не қылса салқын болу, тіпті қолдан келсе, суық болу мақсатын ойлап салынатын тәрізді. Сарайлардың елшілер қабылдайтын, зор мәжілістер құратын қонақ жайлары, патшаның арыз қабылдайтын тағы тұрған орындар, тіпті ас ішетін, үй ішімен жатып-тұратын, шомылып-жуынатын немесе намаз оқып мінәжат қылатын мешіт жайлары — бәр-бәрінің де қабырғалары тас болудың үстіне, асты-үстіне де әр түсті оюлы әсем тастардан қашап жасалған.

Елшілерді қабылдап, үлкен мәжілістер құратын зор, әсем бөлмелердің оюлы тас едендерін бойлап мөлдір сулы бұлақтар ағып өтіп жатады екен. Сөйтіп, бөлмелердің төрі, отырыс, тұрыс, жатын жайлар болғанда, екінші шетінде лотос гүлдерін жайқалтып мөлдір бұлақ, су ағарлар сылдырап жатады. Тас сарай, қандай ыстық шақ болса да, қоңыр салқын, бей-жай бір жайынан, жайма-шуақ қалпынан қыс та, жаз да, күн мен түн де бірдей ауыспайды. Ешқашан өзгермейтін болып салынған. Сол әр түрлі тастар оюласу-қиюласуынан құралған әсем сарайдың алтынмен, күміспен, асыл тастармен безелген тақтары, төсектері, сандықша отырыс күрсілері көп бояулы көріктерімен көз тұнжыратады. Бұнда да, әлденеше салтанат жайларда, әр

алуан асыл тастармен оюланып жазылған аяттар, дұғалықтар көзге түседі.

Аса сәнді биік күмбезді бір-екі бөлменің арасындағы маңдайшаға тағы да көз тартар көрікті тастармен оюланып жазылған бәйітке көзіміз түсті. Осы сарайдың көркін мадақтаған қошеметші ақын парсы тілінде:

Әгәр Фирдоуси бәруи замин әст,
һәмин әст, һәмин әст, уа һәмин әст! —

депті. “Егер жәннат (Фирдоуси) жер жүзінде бар болса, ол осында, ол осында, дәл осында!” — деген екен.

Заманында Индия халқын өздеріне зорлықпен, шабуылмен бағындырып қаратқан моғол нәсілді патшалар құдіретімен салынған ең зор ескерткіштің бірі — Қызыл сарай осы ақынның мақтауында бар бағасын алған. Сол қошеметші қонақ ақынмен мақтау сөзге жарыспай-ақ, бұл сарайдың жайын жаңағы жолдармен біз де доғарайық.

Делидегі алғашқы күндерді күндіз қала ескерткіштерін аралаумен өткізсек, кешке біз әр уақыт қонақта, көп жандармен әр алуан көңілді күйлерде кездесу үстінде өткіздік.

Бір күнгі салтанатты мол мәжіліс Индия-Совет достығының комитеті жасаған жиын еді. Бұл жиылысты Джавахарлал Нерудің туған апасы ақ шашты, қарт Неру ханым басқарды. Жиналыста Индия адамдарынан сөйлеушілер ғылым адамдары, өнер мен әлеумет қоғамдарының қайраткерлері болатын. Олар аузынан шыққан сөздер мен біздің өкілдеріміздің сөйлеген сөздері де индия халқы мен советтің ұлы халықтары араларында туып келе жатқан шынайы, тұрақты және ұзақ өрісті, игі достық турасында болған еді. Сонымен қатар екі ұлы Отанның дүниелік екі үлкен халқы бірдей, бір ғана ниетпен бар әлем жүзінде бейбітшілік болуын тілеседі.

Жақын заманда болып өткен адамзат апаты, қырғын соғыс тажалы қайта оралып келмесін деп мақсат етіседі. Тегі, Индия-Совет достығын нығайтушы осы комитет барлық Индияның көп орталықтарында аса мол еңбек ететін тәрізді.

Англия әкімшілігінің замандарында, бүгінгі Советтік Отан былай тұрсын, тіпті бұрынғы Россияның тарихынан,

мәдениетінен барлық Индия халқына түк білдіргісі келмейді, топас әрекет еткен отаршылдықтың із-айғағы бұнда аса айқын сезіледі. Біздің Отанымызды жаңада азат болған Индия халқы әзір аз біледі. Сол ретте мынау Индия-Совет достығының комитеті істеп жатқан істер, бүгінгі күнде көп жеміс беретін анық тарихтық істер болып отыр. Кейінгі күнде, Индияны аралаған айдан артық сапарымызда әр үлкен қалада біздің ең алдымен жылы ұшырасып, ескі көз таныстай кездесіп отырған топтарымыз комитет қайраткерлері болатын. Сондықтан Делидегі достық кеші анық қымбат, қажет кездесу кешіндей боп ойдағыдай өтті. Қатарымен үш күндей президент Раджендр Прасадтың, одан кейін Нерудің, сонан кейін вице-президент Радхакришнанның өздері тұрған резиденцияларында, особняктарында визитте болып, қабылдау-кездесу шақтарын атқардық.

Бүгінгі Индия тарихының ең көрнекті және жауапты басшылары бұл үш адамның ауыздарынан естілген сөздер бізге қажет те, қымбат та еді. Әрине, аз кездесу үстінде сыпайылық, құрмет сөзден басталатын мәжілістер, сол сыпайылық түрінде, жалпы ретте ғана кейбір үлкен-үлкен жайларға мезгеп өтті. Мысалы, президент Раджендр Прасад бүгінгі Индияның саясатындағы бір ерекше жол-жөнді түсіндіре сөйледі. Ол кісі Индияның үкіметінің ешбір зорлықты сүймейтіндігін айта келіп, Индияда республика жасау жолында болған өзгерісті айтты.

“Біз көп князьдікке бөлінген құрама Индиядан біртұтас республика жасадық. Сонда қан төкпей, қарулы күрес жасамай, тыныштық жолмен осыған жеттік”,— деп, өз партия-сының программасынан сәл дерек бере айтты.

Ал президенттің орынбасары Радхакришнан өздерінің осы саясатын бір Индия үшін емес, бейбітшілік пен тыныштық үшін де пайдалы, жемісті саясат деп атады. “Дүниежүзілік бейбітшілікті жақтап-көксеуші есебінде, біздің Индия саясаты сіздің отанның бейбітшілік саясатына да көмек етіп отыр” деген жайды аңғартты.

Әрине, бұл екі басшының да сөздерінде даусыз, тарихтық шындық бар екені рас. Бірақ, сонымен қатар, бұлардың революцияны да зорлықсыз, тек қана құрғақ үгітпен жасау керек деген тәрізді көзқарастары, Индияның

өте көне күндерінен бері қарай келе жатқан: діндік, гуманистік және гандилық негіздерінің сарыны тәрізді аңғарылып еді.

Шынайы, дәл тарих шындығының өзіне келсек, жоғарыда аталған көп князьдіктің басында тұрған ескі тұқым князьдері жаңа республикаға жол бергенде, текке берген жоқ екен. Олар соғыспай бағынса да, бұрынғы әмір-күдірет, тәж-тағын республикаға аса қымбат ақыға сатыпты. Оның анығын кейін біз Индияның көп штаттарын аралағанда көріп өттік.

Осы күндерде Индияның, қала берсе астана Делидің ұлы мәдениет орындарында да болдық. Мысалы, 29 январьда біз көне Азия мәдениетінің музейіне бардық. Одан соң Индияның ұлттық архиві музейінде болдық. Ұлт музейі деген мемлекеттік музейде тағы да болған едік. Енді бір шақта бүгінгі Индия мәдениетінің зор діңгектерінің бірі саналатын Дели университетінде болдық. Жалпы Индиядағы 32 университеттің бірі — осы Дели университеті 1922 жылы ашылған жас университет саналады. Тегі, тарихтан естуімізше, жер жүзіндегі ең ескі университет те Индияда болғаны мәлім. Ұмытпасам, бұдан көп заман бұрын ойран боп кеткен бір шаһарда осыдан екі мың жыл бұрын Индияның ең зор университеті болған. Ол университетте барлық Азия көне мемлекеттерінің жастары тәрбиеленген екен. Бүгінгі Индиядағы 32 университет, әрине, бағы заман Индиясының ғылым ордаларынан бөлек. Бұлар бар мағынасында, ал тіл жағынан алғанда әсіресе түгелімен европаланған, соның ішінде ерекше “ағылшындалған” университеттер.

Мысалы, Дели университетін Англияның вице-королі лорд Маунбеттен 1947 жылға дейін өзінің қамқорлығы астында ұстаған. Қазір университет ие болып тұрған 550 акр* жер, бақ, өлке де сол вице-корольдің мекен-жайы болған. Ол өзінің әйеліне үйленген кезін 25 жыл өткен соң тойлағанда, күміс той дейтін той жасап, сол күні университеттің 25 жылдығын да менің 25 жылдық неке

* Акp — ағылшын тілінде сөйлейтін бірқатар елдердегі жер өлшемі. 1878 жылдан бастап Англия мен АҚШ-та 1 акp — 4,047 шаршы километрге тең саналады.

тойыммен бір шықты деген. Университеттің мерекесі шағында ол 25 аудиторияны менің әйеліммен ең алғашқы махаббат білдіріскен бөлmemіз еді депті.

Индияның университетіне Англияның тәкашпар, керден көкірегі өз әмір-күдіретін көп жүргізген. Осы айтылған жайдың өзінің де аңдаған көңілге осал емес екені мәлім. Дели университеті Англия лордының ашса алақанында, жұмса жұмырында болып жүргенін аңғартады. Соның салдарынан, біз кейін көрген бар ірі университеттер тәрізді, Дели университеті де, аты Индия ғылым орны болғанымен, оқыту тілі мен көп-көп заты жағынан анық ағылшын оқу орындарын еске түсіреді.

Дели университетін біз мол араладық. Бұнда 8 факультет көлемінде 8 мыңдай студент оқиды екен. Әйелдер оқитын бөлек колледж және бар. Индиядағы барлық оқу орындарынан басқарак, тек осы Дели университетінде ғана орыс филологиясының бөлімі ашылған екен. Онда 100-ге жуық Индия жастары енді-енді ғана орыс халқының тіл өнерін оқи бастаған. Кейін біз көрген кітап көрмесінде Одақтағы туысқан елдер әдебиеттерінің орыс тіліне аударылған көрнекті үлгілері де осы бөлімде оқылып, тексеріледі екен.

Дели университетінің Индия тарихын оқытатын бір профессорымен сөйлескен аз бір жайларымыз айтуға тұрарлық кеңес болғандықтан, осы әңгіме соңында еске ала кеткенді лайық көрдік.

Тарихшы профессор Индия тарихы әлі дүниеге бар Индияны танытып болмағанын дұрыс айтты. Тыңнан жаңаша тарих жазу қазіргі республика тарихшыларының ардақты міндеті екенін сөйледі. Соны айта келіп, профессор Сурков екеумізбен жасаған мәжілісінде Нерудің тарихшыларға беретін мол мәслихаттары бар екенін айтты. Осы орайда мен профессордың пікірін қостай отырып, жалпы шығыс елдерінің тарихтары туралы бір дерек айтуды лайық көрдім.

“Орыстың XIX ғасырда өткен үлкен демократ ойшылы және жазушы адамы Герцен деген кісі болған. Сол адам “Шығыс елдерінің тарихтары драмалық, трагедиялық оқиғалары болғанмен де, жалпы алғанда іш пыстырарлық” деген екен. “Менің ойымша, тарих іш пыстырарлық емес,

тарихты жазушылар сондай іш пыстырарлық етіп жазған. Бұл ретте, барлық еуропалық халықтардың ырысына қарай, сол Европаның, мысалы, ескі Грецияның ең алғашқы тарихшылары Геродот пен Ксенофонт аса қызықты тарихшылар болғанға ұқсайды. Анығында, олар тек қана тарихшы емес, соның үстіне өздері және тамаша талантты беллетрист-әңгімеші, жазушы болған. Сондықтан оның екеуі де көне грек тарихын іш пыстырарлық емес, қайта аса қызықты, қызғылықты етіп жаза білген. Солар үлгісі кейін барып Римнің, одан әрі орта ғасырдың, одан кейін бар Европа халықтарының тарихтары көңілді, қызықты боп жазылуға себепші, жетекші болған деп санаймын” деген едім. Менің бұл ойымды Сурков та, Дели профессоры да қостағандықтан, “мен Индияның тарихы жаңадан жазылғанда солайша қызықты, есте қалғыш тарих боп жазылса әсіресе бағалы болар” деген көлденең бір ой айттым.

Енді бертін келе ойласам, өз тарихтарын жаңадан маркстік-лениндік ұлы ғылымдық негіздерге сүйеп жазып жатқан өзіміздің Отандағы советтік елдеріміздің бәрінің тарихтары мен тарихшыларына да осындай талаптар қойылса, теріс емес, заңды болар еді-ау деп ойлаймын. Сол қатарда Советтік Шығыстың бір елі — “қазақтың, Қазақстанның тарихы да қызықтылығымен де талантты боп шықса-ау” деген орынды арман ойға оралып еді.

Төрт сөтке Делиде күні мен түні бірдей, ескілі, жаңа тарих ескерткіштерімен, еңбектерімен таныстық. Бүгінгі әр сала еңбек иесі жандарымен де білісе жүріп, біз ғажайып Индияның алғашқы елесін кеудеге қондыра бастағандай болдық. Сонан соң ғана енді кең, мол мемлекет Индияның Делиден өзге уәлаяттарын, шаһарларын ұзақ жүріп аралап көруге аттандық. Алғашқы сапарды арнағанымыз тарихтық ескерткіштері өзгеше Удайпур, Жайпур шаһарлары еді. Біз Делиден аттанған күн ең алдымен сол Удайпурға келіп түстік.

IV. Уәлаяттар ғаламаттары, Удайпур, Жайпур, Аграда

Бүгін Удайпурға қарай тартқан жол бойында бидайдан басқа қант қамысының өлкелері де ұшырай бастады. Поезд енді тау аралай түсіп, Удайпурға тақап келеді. Бұл

тау аты — Аравали. Тоғайлы, құйқалы, сай-сайында қалың пішенді көк өлкелер, тоғайлар кезігетін тау боп шықты. Қалаға тақау ең жақын биік таудың басында аппақ боп ақ мрамордан салынған бір ерекше үй-жай көзге түсті. Оны замок деп ойласақ, бекер екен, кейін бар Индияда әр қаланың қасындағы таулар басына аппақ боп орнайтын мінәжат орны — темпылдар екен. Индуизм дінін тұтынған қалың индус жұрты бұл шаққа дейін ерекше діндарлығымен мәлім болған. Сол ретте мінәжат орнын адамның тұрғын жайларынан алыстатып, кейде елсіз, биік шоқының дәл басына апарып орнату дәстүр болған.

Удайпурда бізді қарсы алған достар қаланы аралатып келіп, үлкен мөлдір көл жағасына салынған аппақ тас сарайға, салтанатты қонақжайға әкеп түсірді. Бұл мекен гостиница емес, әр шаһарда үкімет бастықтары мен үкімет қонақтары түсіп жүретін, әрі сарай, әрі жатын жай, “гастхауз” дейтін салтанатпен салынған үйлер болады.

Удайпурды билеп тұрған бұрынғы заманнан келе жатқан әмірші кәрі князь — махараджаның өзі. Мынау біз түскен жай қарт махараджаның сый қонақтар қабылдайтын сарайы.

Әсем сарай өзінің тас шілтерлі, асты-үстілі балкондарымен, верандаларымен жақын көрініп тұрған көк мөлдір көлге мінбелей салынған. Көл айналасы тасты биіктері бар қоңыр адырлар. Көлдің арғы шеті ұзай түсіп, тау сағалап шығысқа қарай айналып кетіп жатыр. Бұл жерде екі көл қатар екен: Фатей, Пичула көлдері аталады.

Біз түскен сарайдың қонақ бөлме, ас бөлмелері түгелімен осы уәлаят, осы шаһарды билеген, өзіне бағындырған князьдардың барельеф суреттерін мол жиған. Мысалы, ас бөлмесінде алты тармақ күміс табақ бар. Сол алтындаған табақта бүгінгі махараджа Бупалсингінің өз барельефі жасалған. Қатардағы бөлмелердің бәрінің қабырғаларында өңшең жолбарыс терілері керіліп ілінген. Бәрін де бүгінгі махараджаның өзі атқан деседі.

Алғашқы асқа мынау көлден бүгін ұсталған балықтар әзірленген екен. Индияда ағаш басына, кішігірім қауындай боп өсетін папайя деген жеміс бар. Ағашы да солай аталады. Бүгін біз алғаш рет жол бойында көрген, ұзын сары құйрығы бар, үлкен сұр маймыл да көрші қыстақтың бақтарынан ұрлап әкелген дәл осы папайясын жеп отырғанын көріп ек.

Біз де алғаш дәмін бүгін таттық. Тәтті құмар маймыл ғана емес, біз де ұнатып, өзіміздің кейбір жемістерімізге дәмін ұқсата отырып, сүйсініп жестік.

Түс шағында бізді қонақ етіп отырған махараджаның өз сарайына келдік. Бұл аса үлкен, қабат-қабат, қатар-қатар ақ мрамор сарайлар екен. Тау етегіндегі көлге іргесін батыра және биікше тауды өрлей салынған. Архитектуралық зор ерекшелігі бар қызық сарай. Бізді қонақ залына алып келді. Залда мозаикамен салынған тауыстар суреттері көп. Бояулы барельефтер көп реңімен көз тұнжыратады. Осы залға келе жатқан бойда, сарайдың көрнекті, салтанаты мол күмістен істелген Күн құдайының бейнесін көріп өттік.

Осы махараджаның ата-тегі, тұқым-тұқиянының жебеуші әруағы (покровителі) сол Күн құдайы саналады екен. Жаңағы қабылдау залдың төбесі ашық. Зәулім биікке бірнеше қабат болып мрамор балкондар кетіп жатыр. Айнала жоғарғы жақтың бөрі оюлы мрамор. Ара-арада алтындаған кішкене шошақ күмбездер көз тартады. Бір ғажабы, машиналарымыз сарай қорасына келіп тоқтаған асфальтті алаңда кәдімгі сиырлар жатыр. Бұл, тегі, қартайған шағында, храмдарға тапсырылған дәстүр бойынша, күнәсіз саналатын әулие сиырлар болу керек.

Сарай балконынан барлық қала алақандағыдай көрінеді. Айналадағы биіктер де жақындай түскен тәрізді. Төменіректе, сарай бағының ішінде өңшең ақ қабырғалы тас үйлер жиі байқалады. XVI—XVII ғасырлардан бері қарай біріне бірі тізіле, қосыла, жалғаса салынған көп сарайлар тегіс мрамордың әсем, молдығын аңғартады.

Біз ілгері жылжи түскенде, махараджаның әкесіне мекен болған айналы палатаға кірдік. Бұның да қабырғалары суреттермен безелген. Осы уәлаят Раджастханның өзіне тән акварель бояулар осы тұқымның жебеуші әруақтарын суреттеген. Есіктерде піл сүйегі, кейде едендер айна боп кетеді.

Жолдағы қызыл-жасыл әйнектер мен терезе, балкондардың аралығынан көк мөлдір көл көрініп қалады. Махараджа атаулы әрі әкім, әрі әскербасы саналатындықтан, бұлардың сарайларының белгілі бөлімдері соғыс құрал-аспаптарына арналған, (құрал палатасы) оружейная палата болады. Мынау сарайда алтын қылыш, сапы, қындар мен қалқандар мол. Тегінде, ешкім әкесінің қаруын ұстауға

болмайды екен. Сол себепті бұл музейде әркімнің өз қаруы сақталған. Бұнда әсіресе тапаншалар мол. Бір тапанша әрі мылтық, әрі сапы болып жасалыпты. Бас қалпақ, қалқан, әр түрлі телпек, тулары мол жиылған.

Осы махараджаның кейбір аталары моғолдарға қарсы ерен ерлік көрсетіп, өмір бойы алысқан. Сондағы көп туларында жоғарыда аталған Күн құдайының суреттері сақталыпты. Ер махараджаның бірі Претап моғолдар бітім сұрап, өзіне әкімдігін береміз дегенде де, көнбей алысып, басқыншы жауларға қатты соққы беріпті. Соның аты мен ісіне байланысты аңыздар аса мол. Махараджаның өзі мінген ерттеулі аппақ атының тұлғасы тұр. Әскері пілдерге мінген махараджа, сол пілдері қорықпасын деп, өз атының тұмсығына пілдің тұмсығын суреттеп орнатыпты.

Қарт махараджа бұл күндерде ауру екен. Бізді төсегінде жатқан қалпында қабыл алды. Арнаулы қонағы болғандығымыз себепті, ауру болса да, алдына кіріп, көрініп шығуымыз қажет екен. Біздің тобымызды бастаушы Алексей Сурков аяқ үздіре тұрып, төсекте жатқан қартқа “Ваше величество” деп сөз бастап, алғыс айтты.

Қарт құлағы мүкіс екен. Ағылшынша сөйлемейтін көрінеді. Сурковпен екі арасындағы сыпайы сөздері орысшадан ағылшынға, одан һинді тіліне тасымалдап аударылды. Бір жақсысы, сөздер қысқа еді. Біз махараджаға көп бөгелмей, оңай өттік. Кәрі адамның маңайын қоршаған охрана-күзет аз болғанмен, сарай ішінде нөкер көп-ақ. Бірақ дәл қарттың өз қасындағылары болмаса, көп есік балкондардан қараған жүздер, киім кескіндер, бар бейнелер мүлде әскерше емес. Жұпыны, нашар киінген жандар.

Бұл махараджаға қарайтын уәлаятта 15 миллион 300 мың халық бар. Бұрын барлық Индия аса көп бөліктерге бөлініп, князьдар, махараджалар сол ұсақ бөліктерде аса көп болған. Қазір көптен көбі бұрынғы орын дәрежесінен айрылып, жай адам боп қалған. Бірақ сонда осы маңда, республика әкімшілігімен келісім бойынша, Удайпур мен Жайпурда бір кәрі, бір жас махараджа орындарында қалысқан.

Раджестан штатында халық ағарту ісі мен геология және гуманитарий колледждері бар. Күндізгі сағат төртте осы штаттағы жаңаша оқу орны эксперименталь (тәжірибе) колледжіне келдік. Барлық Индияда осындай колледж саны

бесеу екен. Бұнда оқытушылардың өз мамандықтарын арт-тыра түсетін тәжірибе оқу жүреді. Әр өлкеге қажетті шаруашылық қызметкерлерін және оқытушыларын толық маман етіп шығаратын тәжірибе оқу. Еңбекке құнықтыру, аудан кәсіпшілері мен ауыл шаруа халқына ғылымға сүйенген еңбек тәжірибесін егіп баулуды мақсат етеді. Бұл колледждердің мұраты — халық мәдениетіне ғылымды жақындату, жаңадан халық мәдениетін жасау. Бұндағы оқу тілі — һинді тілі.

Әрбір шетелге барушылар дағдысы бойынша, біз бір күн ішінде әлденеше жайларды, қауымдарды, ерекше орын құрылыстарды көріп өтеміз. Удайпурдағы архитектура ескерткіштері Индияның соңғы ғасырлардағы аса бағалы белгілерін, мұраларын аңғартады. Сондықтан бізді бастаған достарымыз енді бір кезек көл үстіндегі “Жазғы сарайлар” дейтін әсем бір ескерткіштерге қарай алып жөнелді.

Біз мотор қайықпен көл бойын көп жүздік. Айнала тау, жақын жағаларда бақша, қала жақта жартасты биік құздар. Сол жартастың кейбіріне дәл көлдің өз жағасынан басталып, өрлей, жағалай келістіре салынған мол мрамор сарай. Әлденеше буын, әмірші махараджалардың бірінен соң біреуі ұлғайтып, әсемдеп салдыра берген. Индияның бұрынғы әміршілері бағындырған еліне өз құдіретін танытып, таңырқату ниетімен салдырған сән сарайлар. Жасыл өлем, мөлдір көл, жартасты таулар қоршауындағы көп этажды ақ мрамор мол сарайлар, шынында, көлденең қараған көзді еріксіз таңырқатқандай.

Күндіз біз болған бүгінгі кәрі махараджаның өзі тұратын мекен-жай осы сарайлар еді. Көл үстінде жүзгенде, біз ол сарайларды бұрын өзіміз көрмеген көл жағынан андап таныдық. Енді осы сарайлардан оқшаулау апарып, көл ортасындағы аралдарға қондырған жазғы сарайларға қарай жүздік. Алғаш көрген жазғы сарай ішінде зал шебер жасалған екен. Әсіресе төбе жағы плафон* өнерінің әр бояулы өрнектерін танытады.

Қонақ қабылдау жайы өзінше безенген. Терезелердің дәл түбінде сарай іргелері терең көлдің өз ішінен көтеріліп

* П л а ф о н — сурет өнерімен безендірілген үйдің ішкі төбесі.

тұрғандай. Сарай иелері тіршілік ететін интим* бөлмелердің, жатын жай, ас ішетін, балалар тұратын бөлмелердің бәрі ықшам жасалған.

Қабырғалар мен төбелер айнала мозаика мен айна, бояулар. Кей қабырғаларда кейбір әйел суреттері өне бойымен алтындап безелген. Сарайдың тап ортасы дөңгелек мөлдір сулы бассейн. Екінші жазғы сарай “Су үстіндегі сарай” деп аталады және сол сарайды “Сегіз пілдің сарайы” деп те атайды екен. Бұл да тегіс ақ мрамордан салынған. Бір жақ бөлімінде бактар. Зәулім жеміс ағаштары бар. Қазірде де мандарин өсіп тұр. “Сегіз піл сарайы” дейтін себебі, кіре беріс дарбазаның екі жағында кәдімгі пілдің өз бойларындай етіп ақ мрамордан ойылып, екі жаққа төрт-төрттен бөліп, қатарлап тұрғызып қойған сегіз піл бейнелері бар екен.

Мрамордан қоршалған орталық алаңның дәл ортасында сарай иесі князь отыратын тастан ойылған тақ бар. Бұл екі сарай да әсем, мөлдір көлдің аралындай. Тапқыр, шебер қиял тудырған самалды салқын, сәнді салтанат орны.

Удайпур шаһарында өткізген екінші күннің кешкі шағында біз XVI ғасырдың Кришнаға арналған храмы — мінежат үйіне келдік. Бұндай жерлердегі дағды бойынша, аяқ киімдерімізді төменге, тас басқыштың түбіне тастап, жалаң аяқ шықтық. Дәл храмға кірерде намаз кезі екен, жрец** қарсы шықты да, бізді сәл бөгей беріп, бәріміздің маңдайымызға қызыл бояулы мең орнатты және сол бояудың тап ортасына бір-бір күріш дәнін қондырып берді. Оны бізге “сәлемдесу, жақсылық тілек тілесу, адал бейілмен көрісу белгісі” десті.

Храм ішінде тұтас қоладан құйылған, жарқырап тұрған Браманың зор мүсіні бар екен. Тегі, бұл храм XVI ғасырдың ғажайып ескерткіші саналады. Ең тамашасы сыртқы бітімі. Сыртқы ірге етегінен бастап, ең биік ұшпа төбесіне дейін храмның бар сырты мифологиялық мазмұнды барельефке толы. Онда пілдер соғысы, аттылар майданы, неше алуан билер де, сауық-сайран да тастан ойылып суреттелген.

* И н т и м — оңаша, құпия мағынасында.

** Ж р е ц — бірқатар шығыс елдерінде ертеректе болған дінбасылары.

Бүкіл храмның сыртқы мол бойында ою-нақыссыз бір жері жоқ және сол оюлардың бәрін де ұдайы мрамордан қиыстырып қашап, келістіріп жасаған. Индуизм дінінің бұл ескерткіші Делидегі араб әкімдері орнатқан “Құтыбминар” мұнарасынан да аса түскен деуге болады. Тек ол мұнарадан бірнеше ғасыр кейін салынғандығы ғана еске алынуға мүмкін. Болмаса Индия мәдениетінің, архитектуралық өнерінің анық индуc халқының өз шеберлері тудырған ғажайып ескерткішінің бірі осы деуге болады.

Әзірге ойымызға келгені, Удайпурда жиылған ескілікті Индияның өзіндік ескерткіштері молдығына қарап, егер Удайпурға келмесек, Индияны түгел көрдік дей алмасак керек. Бұнда соншалық көп, тамаша дүние жиылған тәрізді.

Түн бола бере, біз өзіміздің жатын сарайымызға қарай, дағдылы бес-алты машинамызбен Удайпур қаласының кейде бұраң, кейде тар көшелерін аралап тартып келе жаттық. Осы жүрісте бір пұшпақтан айналғанымызда, тар көшені түгел қаптап, баяу жылжып, мол музыка күйіне бөленіп бара жатқан, аса шұбартқан айқын түсті киімдері бар қалың топ көрдік. Аңдасак, ойда жоқ оқиғаға кездесіппіз. Біздің дәл алдымызда үйлену тойының бір қызық сәті көшеге көрік ендіре шыққан екен. Машинамыз жүре алмай қалды.

Біз жаяу түсіп, топқа араласып қозғала бердік. Топтың көпшілігі тотыдай боп неше алуан сәри (әйел киімі) киген әйелдер екен. Көшені лық толтырған жаяу әйелдер тобының қалың ортасында, аппақ атқа мінген бала, бозбала көрінді. Оның өзінің де үстіндегі киімі аппақ жібек. Белін қынай буынған, басына ақ сәлде ораған. Сәл алдарақ жерде бір топ күймелер кетіп барады. Музыка — оркестр баланың айналасында. Жас әйелдер тобы да бала, бозбаланы қоршаған. Күйеу бала осы екен. Үлкен шұғылалы, әсем қара көзді бала-күйеу ешбір қысылмай, аппақ тістерін ақсита айнала күле қарайды. Әлдеқандай еркін, ерке кескіні бар. Тегі, күйеушілеудің ең қиын кезеңі бұдан бұрын өтсе керек. Үлкен тойы кеше бопты да, бүгін мына жүрісте күйеу жігіт қалыңдығының үйіне кешкі асқа бара жатқан сапар екен. Барлық қала халқы ондай тойға кезіксе, ере түсіп шығарып салысады. Міне, Удайпурда біз көрген ғаламаттар қатарында осындай да бір суреттер өтті.

Келесі күнгі ерте сәске шақ, ғажайып бір тыныш кез еді. Біз жатқан сарайдың жоғарғы этаж биік балконынан тамаша суреттер көрінеді. Иек астында көл, арыда қоңыр таулар, дәл арасындағы ең биік қара шоқының шаншылған басында жоталанып созыла салынған аппақ храм көрінеді. Көл ортасында тоғайлы арал айқын байқалады. Ол тас қорғанмен қоршалған. Көл бетінде ауық-ауық ұшып-қонып жүрген аппақ-аппақ құстар бар. Енді бір шақ, қара қаздар сияқты, бір топ ірі құстар шалқып ұшып өтті. Көл беті тып-тыныш, сәл ақсұрланып, бір сәт қызғылттанып, сәт сайын реңі өзгеріп келеді. Қазір күн шығады. Ол қоңыр тауларға да болар-болмас білінген қызыл арай рең алып келеді. Жел белгісі жоқ. Сол жақта, төменде аппақ мрамордан салынған және бір шағындау особняк байқалады. Биіктен қарағанда, оны қоршаған банан жемістері, папайя жеміс ағашы, мандарин, инжир жемістерінің бақшалары танылып тұр.

Қатарда, жап-жақында қызыл жартасты төбелер қаланың ішіне сұғынып кіріпті. Көл жағалай көбінше тас қорған. Оны айналған асфальт жолдар бұралып оралып жатыр. Осының өзінде де әдейілеп орнатқандай сән бар.

Удайпурда болған күнделіктің ең мағыналы, мәнді бір кеші біздің Удайпур халқымен кездескен кешіміз болатын. Біз жазушылармен кездеспек болып, атаған жайға барсақ, бірнеше мың халық жиылған екен. Бар көпшілік астарына кенеп жайып, жерде отыр. Тығыз отыр. Солар сыртында айнала сығылысып сыймай қоршап тұрған ер мен әйел қалың тобы. Жиын үлкен бір ашық ауланың бәрін алыпты. Сахна жақта жапырақты ағаштарды кесіп әкеп орнатқан бутафор задник бар. Сыймай, ентелеген қалың жұрт сахнаны басып кеткендей. Бұл кездесуде әндер мен билер де көрсетілді.

Жергілікті қайраткер Нагар деген бізді қабылдаушы адам жан-жақты шебер кісі боп шықты. Ол жазушы, театршы және конгресс шешені де екен. Әуелі бізден Сурков сөйледі. Кейін Қазақстан халқы атынан айтылатын дос сәлемді мен де айтып шықтым.

Удайпурдан кетер күні түнде, махараджа сарайында, біз жиыннан қайтқан соң, тағы үлкен құрмет болды.

Бұл штаттың өмір иесі барлық бектер, прокурор, уәзір, бұрын әскербасы болған адамдар тобының қоршауында махараджаның күйеуі және немере інісі де болды.

Біз сарайға келгенде, үш оркестр қатар ойнап қарсы алды. Тыста ақ, қызыл киімді гренадер* тәрізді әскери оркестр — махараджаның өз оркестрі болу керек. Сарайға, қонақ бөлмеге кіргенде, әйелдер билеп, кіші оркестр ойнай қарсы алды. Тамаққа отырғанымызда, махараджаның өз әншісі өз оркестрімен қосылып ән салып, ұдайы ойнап отырды. Келгеннен бергі күндіз бен түнді еске алсақ, мұнда көрген тамашалар Делиден де қызығырақ тәрізді. Көше, қала, сарайлар, көлдер, таулар, тұрғын жайлар, кешкі үйлену тойы, бізді аулада қабылдаған халық — бәрі де өзгеше бір динамикалы құбылыстар. Кейде соңғы театр көрінісі, адамдары, халқы өзіміздегі революция басындағы политпросвет пен ұлттық театр көріністерін еске түсіреді.

Енді поезбен қайта жүріп келеміз. Кешегі жолдың өзі. Дәл кеше көріп өткен жерімізде, тау арасында, дәл сол орында жайғасып отырған үш маймылды көрдік. Бәрінің де құйрықтары ұзын, ақ-сарылау түгі бар. Ең үлкен маймыл тағы да папайя жеп, жолға тіпті жақын келіп, жерде отыр. Осындай папайяны өзіміз түскен әсем сарай Лакшмивилас ішінде кешелер біздің де жеп отырған кездерімізді еске түсірді.

Удайпурдан біз Читоргар қаласына келдік. Ол осы Раджастханның орталығы, Удайпурға бағынатын ескі қаланың бірі. Бұнда терістік Индия тарихының ерекше бір ескерткіштері бар. Индия халқының бағы заманнан бергі сан толқын басқыншы жауларына қарсы алысқан қайсар қайратын танытатын, отан тарихына қымбатты ескерткіштер бар.

Читоргар жанында сондай қымбат, зор ескерткіштің бірі — тау басына салынған ескі крепость-қамал. Осы қамалдың сыртқы, тас қабырғасы мен ішкі барлық ымыраттары түгелімен жиылып тұтас бір балық бейнесін танытады. Бұл қамал биік тау басына салынған.

* Г р е н а д е р л е р — өткен ғасырларда жаяу әскерлердің іріктеп алынған топтары.

VII ғасырдан бері қарай Мейвар корольдерінің байтағы да болған, тек XVI ғасыр ортасынан бері қарай Удайпурға бағындырылған осы қамал талай қырғын қантөгістің де, ғажайып ерліктің де бәрін көрген. Бірнеше рет күшті жаулардың қолына да өткені бар. Бір шақта араб-мұсылман әмірлері бағындырып алған. Бір уақыт Иран шахтары қатты шабуылға ұшыратқан. 1567 жылы Бабыр патшаның немересі Акбар және келіп, осы қамалды шауып алған. Тау басындағы қамалдың биіктей асқындап, аспандай салынған екі ғажайып мұнарасы бар. Бұның ең үлкені “Жеңіс мұнарасы” деп аталады. Оны 1448 жылы Кумба атты раджа Махмуд сұлтанды жеңген майданның ескерткіші етіп салған. Биіктігі 120 фут, жеті қабат боп жасалған. Иіріліп оралып шығатын басқышы төменнен мұнараның төбесіне дейін жетеді. Жоғарғы жақ сырты Индия мифологиясының мол оқиғаларын оюлы тас суреттермен танытады. Тегі, Индияның иконографиясын* зерттеушілерге бұл мұнараның берер дерегі аса мол. Ең ғажабы — сол мұнара тұтас, шебер, сәнді ішкі-тысқы қалпымен, бір ғана түп-тұтас жартастан шабылып, қашалып жасалған.

Биік тау басындағы қамалдың екінші ғажайып мұнарасы “Даңқ мұнарасы” аталады. Бұ да жеті қабат, биіктігі 80 фут. Қамалдың өзін аралағанымызда, неше алуан аңыздар естідік. Осы қамалдың әр тұсымен, әр бөлімдерімен байланысты аңыздар. Жалпы қамалдың айналасы 13 миль саналады. Моғолдармен соғысқан Удайпурдың ер махараджасы осы арада өзінің астындағы ақ атынан айрылған. Інісі өз атын беріп, өзі жаяу қалған жерді көрсетіседі.

1333 жылы Аладдин шах осы қамауда тірлік еткен бір сұлу әйелдің атағына ынтық болып, соғыс кезінде сол әйелді қамаудан шығарып, өзіне сыйлауды шарт етеді. Қала халқы әйелді бермейді. Ол біреудің жүктісі екен. Сонда Аладдин патша, егер әйелді көзіме көрсетсе, қала халқын қамаудан босатамын деген. Аңыз бойынша, көп айналар жасап, бір айнадан бір айнаға әйелдің жүзін түсіріп көрсеткен екен. Ғажайып сұлу әйелді көрген Аладдин: мынадай ғажайып

* Иконография — сурет, графика, мүсіндеу өнері шығармаларында белгілі бір адамның, оқиғаның немесе орынның әртүрлі бейнелерін зерттеу, жазу.

сұлу әйелді құр көріп қана кетпеймін, менің алдыма келіп көрінсін деген. Сонда сұлу әйел көп киім қабаттап киіп, паланкин* астына тығыла бүркеніп шыққан екен де, қала қамаудан құтылған екен деседі.

Бұнда ХІ ғасырда салынған, бір жағы құлаған аса қадірлі бір храм да бар екен. Дәстүр бойынша, барлық Индияның жаңа үйленіскен жастары осы Чоури храмына келіп, тізелерін бүгу қажет болған. Некелері содан кейін ғана берік болады-мыс екен.

Бұл храмның архитектурасы және де Индияның өз шеберлерінің өзге ешбір елден көшіріп үйреніп алмай, өздері тудырған классикалық көне архитектура үлгілерін танытады. Бұның да іші-сырты толған мрамор. Сурет, оюлы кескіндер адам бейнелерін, мифология заттарын, пілдер мүсіндерін толып жатқан порталдарда** шебер нақысталған күйде көрсетеді.

Осы храм, бір жағынан, бұрын жаудан қорғана соғысудың тәртібін де танытады. Әуелі пілдер соғысады, содан кейін әскерлер, одан әрі құдайлар араласады екен. Сол реттер айқын танылып тұр.

Қамалдың тағы бір орны жер асты қатынастың кең бір жайы екен. Бір жолы жаулар қамалды кеп алған шақта, 16 мың Индия әйелі жаңағы храм астындағы жайда өздерін тегіс тірідей отқа, өртке тастап, қырылып өлген екен дейді. Тағы бір аңызда махараджаның әйелдері махаранилер тұрған бөлімде болған бір оқиға баяндалады. Жау қаптап келгенде, бір күтуші әйел шахзаданың жанын қорғап, жас шахзаданың орнына өзінің кішкене баласын салып қойыпты. Сондай құрбандықпен шахзаданы құтқарған екен. Бұл сарай сол күтуші әйел атымен Памнадай деп аталған екен деседі.

Патша сарайларының жақын жанында соғыс пілдерінің піл қорасы қатар тізілген. Кәрі піл, жас пілдер қоралары есіктерінің биік, аласасына қарай бөлінеді. Осы қамауда тағы бір өзгеше ғимаратқа келдік. Бұл жиырма жеті

* Паланкин — бірқатар шығыс елдерінде атақты бай адамдар мен әкімдерді көтеріп алып жүру үшін жасалған жабық қол күйме.

** Портал — әсем сарайлар мен әкімшілік үйлеріндегі салтанатты кіреберіс есіктер.

намаздың мінәжатханасы аталады екен. Сырттан қарағанда йықтары түйіскен толып жатқан мраморлы мұнаралар бір араға тоғысып үйіріле қалыпты. Сол мұнаралар саны 27 екен. Осы санға қарап “Жиырма жеті намаз мінәжатханасы” аталыпты.

Храмның ішінде жеке-жеке мінәжат жайлар бар. Әр есіктің ар жағында қара мрамордан әулиелік бейнелер, мүсіндер салынған. Енді бір храм – храм Мирай аталады. Бұл сұлу қыз храмы. Аспан құдайы өз құшағына алған жердің қызы екен. Өзі ақын қыз болған. Сурет икона тәрізді салынған. Қыздың қасында, өзі жоқ болса да, оның оқытатын молдасының орны тұр. Төбеде бес денелі бір құдайдың бейнесі салынған. Осы қамау ішінде баяғы толып жатқан соғыстардың тағы біреуінің кезінен қалған, суық сарындай тағы бір аңыз естідік. Қатал жаудың қамал ішінде салған қырғыны сонша қатты болғандықтан, тас қабырғалар арасымен адам қаны сел болып ағыпты. Қан толқынының молдығы сонша, буйвол өгізді ағызып әкетіпті дейді.

Кейінгі шақта сол қалың қан төгілген жерде бұрын адамзат білмеген басқаша бір жеміс шығыпты. Реңі қара бұжыр болыпты. Ол адам қанынан шыққан жеміс болғандықтан, аса тәтті жеміс болыпты-мыс дейді.

Осы тау басындағы қамал толы храмдар неше алуан құдайлар бейнелерін, іс-әрекеттерін көрсетіп тұр. Бар храмда индуизм дінінің қадірлеп, қастерлеп жасатқан ғажайып бұт құдайлары.

Осы қамал биігінен айналаға көз түскенде, кең дүние көркем көсіле түскендей еді. Атырап кең ашылып, көкшіл мұнар ішінде жыраққа, алыс-алыс қиянға кетіп жатады. Тұман ішінде көк қырқалар, жасыл жайқын далалар, тоғайлы, жемісті қалалар жайыла, шашырай шырқап кетіп жатыр.

Осы храмдарды, сарайларды аралай жүрген шақта, біз сол мекендердің іргелерінде, есіктер түбінде тірлік еткен әлденеше кедей, жүдеу жандар көрдік. Кейде үлкен, әдемі сарай коридорынан жүгіре басып бара жатқан жалаң аяқ, аш-жалаңаш, қап-қара, кір-кір қайыршы балалар көрінеді.

Тағы бір аңыз бойынша, 500 жыл бұрын осы қамал және бір кезек жау қолына түскенде, қаланың әскеріне қару соққан ұсталар ант беріп, осы туған жерлерінен дүние кезіп көшіп кеткен екен дейді. “Ешбір мекен-жайға орнықпаймыз. Осы туған өлкеміз азаттық алып, тыныштық тапқан шақта ғана оралып келеміз” деп, әлі күнге мекен таппай, дүние кезіп, маңып жүріседі деседі.

Біз Индия шеберлерінің өнерін тамашалап, ғажайып қамалды ұзақ көріп болған соң, кешегі махараджаның осы қамал қасына салдырған жазғы сарайына келіп, тыным алып, ас ішуге жайғастық.

Осы сапардан қайта беріп, Читоргарға кешке оралғанымызда, бізді тағы бір орында тосып отырған жұрт бар екен. Ол — Индияның өзгеше бір медресесі. Индуизм дінінің болашақ ғұлама жрецтерін әзірлейтін мемлекет қарамағындағы аса қадірлі мектеп — “Брахманчарилар” мектебі деп аталады. Біз осы мектептің бар шәкірт атаулысы кешкі намазда отырған шағына кеп іліндік. Дағды бойынша есік алдына аяқ киімдерімізді тастап кірсек, кең, биік залдың тас еденінде, жерде малдас құрып отырған қалың топ жандар бар екен. Тап ортада, кірер есік жаққа бетін беріп, ұзын бұйра ақ сақалды, кесек жүз, ірі келбетті үлкен жрец өзі намаз бастап отыр. Алдында үлкен жез легендей ыдысқа май құйылып, соның ортасында лаулап жанған білтелі шам шалқи толқып тұр.

Имам даңғырлап, әндете үндеп санскрит тілінде ескі дұға оқып отыр. Үлкен зал толы осы медресе шәкіртінің бәрі де жүздерін батысқа қаратқан қалпында, әрқайсысы өз алдына жаңағыдай білтелі шам жағып қойып, ілгерілі-кейінді ырғала түсіп, дабырлап әндетіп, мақамдатып саңғырлаған үнмен намаз оқып отыр.

Біз тізіле жүріп, жағалай келіп имамға тақау жерге отыра жайғастық та, намаздың соңын тостық. Осы кездесуде мен Алексей Сурковтың тапқырлық орамдылығына сүйсіндім. Ол үзіліс шағында орнынан тұрып, намаздағы сопылардың сырласындай сөйлей жөнелді.

Бұл медреседе тілек тілек-ау, бірақ өртеніп жатқан өмір бары да шын. Шәкірттердің бір шеті қара сақалды, қаба сақалды, 40-50-ді қусырып қалған қарт сопылар болғанда, енді бір жағы және көпшілігі 9-10-нан жастары бар ұл

балалар. Осының бәрі де өздерін дін жолына арнаған, бар тілегін бағыстаған сопылар. Балалардың көбі, әрине, аталары әкеп бергеннен гөрі, жетімдік, қайыршылық, бейшаралық әкеп айдап тыққан жас нәрестелер тәрізді.

Діннің болашақ хазірет, сопылары бұлар, осы діннің шарты бойынша өздерін тәркі дүние, қатал сопылыққа бұйырғандар. Олар үйленбек емес, олар ата болмақ емес, жар болмақ емес. Өртеніп жатқан жас өмір осы. Алдарында алакөлеңке бейуақта лапылдап шалқып жанып жатқан шырақтар қызуымен біртіндеп өртеніп, күл боп жатқан өмір, тағдыр қазасын танысың.

Екінші февральда біз Жайпур қаласында қолөнер шеберлерінің музейіне барған едік. Жайпур, тегінде, Индияның көне замандарынан келе жатқан қолөнер шеберлерінің тарихтық орталығы саналады. Музейде ескілі, жаңалы экспонат үлгілер бір Жайпур ғана емес, барлық Индияның көп жерлеріндегі қолөнер табыстарын жиған. Бұнда бронза, эмальмен оюлаған шыны, күміс шапқан темір, піл сүйегінен қара ағашқа қондырған мозаикалы инкрустация.

Майсур штатының инкрустация өнері, Кашмирдің лак (сыр) шеберлігі де осында көрсетіледі. Сурат пен Жайпурдың шеберлері тудырған ойыншықтар. Тоты, қуыршақ, әр алуан маскалар суретін қондырған Раджастхан қобдишалары, Бомбейдің құмыралары бар. Россия, Қытай, Жапония, Венгрия, Англия керамикасы да осында.

Жайпурдың өзінің күміс заттары, тоқыма бұйымдары асқан шебер ұсталықты танытады. Ғажап бір топ экспонаттар Индия музыкасының ойналып тұрған шағын бейнелейді. Бояулардың алтынды, әртүрлі келісім күйі өзі де бір сорғалап тамылжып тұрған күйдей. Өн салып тұрған қыздар үніне сиқырланғандай, таңырқай қарап қалған киіктер көрінеді.

Кейде күй мінежат дұғаға мүлгіген қияпаттарды аңғартады. Кей күйлер героикалық сарында майданның, қаһарлы соғыстың ішкі сипатын ашқандай болады. Осы музейде Индияның 250 жыл бұрын тоқылған кілемі мен XVI ғасырда тоқылған парсы кілемдері бар.

Кришна тәрізді құдайларды қоршаған әнші қыздар тобын көрсеткен скульптура, былғары мен теріден оюлап

жасаған фрескалар, нақыстар мол. Бұл музейдің барлық Индия үшін қымбат, асыл орын екені күмәнсіз.

Жайпурда Индияны билеген мұсылман патшалардың сарай салдырған бір ескерткішін көрдік. Оның атақты “Ауамахал” (Дворец ветров — Желді сарай) деп аталу себебі, сарайдың сырты, терезелер түптері ұдайы көл бетіндегі көбіктей бөрітіп, қаптаған мол күмбезге толы екен.

Индияның көп жерлеріне сарай, мешіт, мазарларды көп салдырған арыдағы араб, берідегі түрік, моғол әкімдерінің кейбір архитектуралық із-ескерткіштері осындай творчестволық қиял-фантазияны аңғартады.

Жайпурда 1729 жылы салынған өзгеше бір обсерватория бар. Осы обсерваторияда заманы үшін өте тапқырлықпен, шеберлікпен жасалған күн сағат бар. Бұл мезгілді ғана көрсетпейді, күннің көтеріліс, тұрыс биіктігін де аңғартады. Жайпурдағы біз көрген елеулі ескерткіштердің бірі махараджаның сарайы еді. “Чандра махал” (Лунный дворец)* аталған мол бөлімінде бұл сарай тұтас қызыл тас (қызыл песчаниктен) салынған. Осы сарайда XVI ғасыр мен XIX ғасыр аралығында туған акварель сурет өнерінің мол байлығы өте қымбат, сирек коллекция ретінде жиналған екен.

Жалпы бұл сарай музейінде нәзік мозаика өзгеше шебер оюлармен алтындап безелген. Атақты “Махабхарата” дастанының көп оқиғаларын баяндайтын өзгеше шебер суреттер де мол. Қабырғада акварель мен сұйық алтын бояудың қосыла келіскен нақыстарымен Кришна суреті салынған. Бір топ ақын қиялды әсем акварельдер музыканы тақырып етіп алғанда желілі, ұзақ оқиғаларды баяндайды. Күй сонда өзі ер жынысты бір зат болады, оның алты әйелі бар. Әр әйелдің бес-бестен өз күй әуендері — “рагани” аталатын нақыстары бар. Осы жайларды шебер акварель суретшілері баяндағанда, музыкатану ғылымының дәл деректері тәрізденеді.

Жаңағы нақыс рагани күйлердің әрқайсысы бір күннің әрбір шағына ғана нақтылай арналған болады. Тағы бір акварель миниатюрада Шива тәңірі суреттелген де, соның

* Лунный дворец — Ай сәулелі сарай.

нақ төбесінен атақты әулие су Ганг дариясы аға бастап жатқаны танылады.

Енді бір суреттер гүлдер мен бояулар мерекесін дән жинау мерекесі түрінде баяндайды. Бұл музейдегі мифология тақырыбына арналған акварельдер де ғажайып. Бұнда әртүрлі тастардан алынған бояулар да бар. Жалпы осы музейге жиылған бай коллекция барлық бүгінгі Индияның мақтанышы саналады. Әсіресе акварель қазыналығы дүние жүзінен табылмастай, Индия тақырыбын бояулы шеберлікпен бейнелеген, ғажайып сиқыр қиял танытады.

Бұл музейдің сондайлық қымбат қасиеттерін танып тұра, енді бір шындықты білгенде, таң қалдық. Осы сарай, барлық музей сирек байлығымен, бір-ақ адамға, тіпті бүгінгі махараджаға тиісті екен. Мына сарайда махараджаның үлкен әйелі де тұрады. Зор ғимараттың үлкен бір бөлімдері сол махаранидің — бәйбішенің өзі мен нөкерлері тұратын жайлары көрінеді. Және бір ғажабы, бұл махараджаның кіші әйелі, екінші сүйіктісі бөлек бір сарайда мекен етеді. Мынау сарайдың ендігі бір мол бөлімдері жаңағы махараджаның қару-құрал жиған палатасы десті. Бұл бөлімде Индия картасын өткір пышақтардан жасаған бір көрініс көзге түсті. Мылтық атаулының молдығы мен маркаларында шек жоқ деуге болады. Дәрі салатын оқшантайлар да мол жиылған, көбі перламутр қондырған мүйіздер. Қанжар, семсер, қылыштар да сансыз көп.

Бұл сарайлар XVIII ғасырда салынғанмен, бағы замандардағы (XI—XII—XV ғасырлардағы) соғыстарда ойран болған храмдар мен сарайлардың орнына туған Жайпурдың бұрынғы бай тарихын танытатын ескі орталығы. Осы сарай маңында жарымы құлаған көп ескі ғимараттар байқалады.

Бүгін түстен кейін біз штаттың өкіметі — министрлер қонағында болдық. Әдемі бақша ішінде барқыттай, пүліштей тығыз майда өсірілген Индияның қалың жібек көк шөбінің үстінде ас аралас мәжіліс болды. Көлеңкелі баққа дивандар қойылған. Аласа столдарға шай, тамақ жасалған. Қоралай отырған жұрт үйірім-үйірім кішілеу топтарға бөлінді. Құрметті кездесуде жалпы мемлекеттеріміз арасындағы достық қатынас жайы айтылды. Халықтарымыздың бірін-бірі алыстан сыйлай сүйетіні сөйленді.

Сонымен қатар біздің тобымызда ақындар мен көркемөнер қайраткерлері болғандықтан, әрбір кездесуде, Индияның дағдысы бойынша, әр тілде ақындары өз өлеңдерін әндетіп оқып шығады. Мынау кездесуде және де бірнеше дос ақындар өз өлеңдерін әндетіп айтып шықты. Бір қарт ақын өлеңін санскрит тілінде оқыды.

Осы күні кешке біз Жайпур махараджасының өзі тұратын сарайына қонаққа шақырылды. Бұл махараджа — Удайпур әкімімен екеуі бүгінгі республика басшылығымен келісімге келіп, бұрынғы орындарында әкімдік қалпын сақтап қалған ескі бекзадалардың бірі. Қазір жасы 43-те болғанда, 12 жасында таққа отырған екен. Бұл мейлінше европаланған, әсіресе ағылшынданған бектің бірі. Оның сарайында әуелі бізді ақ шашты, ағылшын мәнерлі келісті ханым қарсы алды. Бұның өз қасында да ер, әйелдер қоршаулары бар. Аз уақытта жас тоқалы, кіші әйелі махараниді қолтықтап, европа салтынша киінген махараджа шықты. Биік бойлы, қап-қара шашы бар сұлу жігіттің үстінде ақ кителі, қара шалбар, лактенген етігі бар екен. Қасындағы махараниді* біздің достарымыз, Индия адамдары “Бүгінгі Индиядағы ең сұлу ханым осы” дескен.

Махарани шашын америка үлгісінше, ең жаңа машық бойынша, бұйраламай, иыққа ғана түсіріп, ұзындау етіп өсірген. Шашты бұлайша ұстауға дәл сол махаранидей үнемі қолы бастық керек деседі. Өйткені ол кісі ұзынша сәнді саусақтарымен әрдайым, тынымсыз күйде төмен төгілген шашыранды шаштарын ылғи ғана қолымен сыртына қайыра салып, ұдайы бір алуандас қозғалыстар жасаумен болды. Ханым Индияның көп әйелдерінен бойшаң екен. Тегінде, біз көрген Индия қауымдарында сұлу әйел мен сұлу ерлер аса көп еді. Бұл әйел өте ұнамды, сүйкімді жүзді болғанмен, “Индия әйелінің баршасынан асқан сұлу” дегізе қойған жоқ.

Әйел оқымысты, европаша мейлінше білімді, тәрбиелі адам тәрізді. Бұның қалпы-қабілетімен тоқалдық халі ерсі бір қайшылықтай көңілден кетпей тұрса да, махарани қымсынбастан әңгімеге араласты. Біздің 14-15 кісілік

* Махарани — махараджаның әйелі.

тобымызды махараджа мен махарани екі бөліп алып, жаңа сарайларының ішін қыдырта жүріп әңгімелесумен болды.

Сарайдың жақын бөлмелеріндегі қымбат, асыл бұйымдарын көрсетіп әңгіме етті. Парад бөлмелерде өзінше кішігірім көрмедей сирек заттар бар екен. Сол қатарда бір ағылшын суретшісі салған осы махаранидің портреті айрықша көз тартты. Әдемі инкрустация үлгілерін бұл сарай иелері артығырақ бағалайтын тәрізді. Сондай бұйымдар көзге көбірек түсті.

Ханым біздің топпен әңгімелесе жүру үстінде маған бір оқыс сұрақ беріп қалды. Қазақ екенімді білумен қатар, көшпелі тіршілік таусылды ма деп сұрады. “Ол қазірде жоқ” дегенімде, “Бөрекелді-ай, қандай романтика өшіп кетті екен” деді. “Сіз айтқан романтиканың орнына бүгінде жаңа романтика орнап та болған”, – дедім.

Ханымның сұрағында Фенимор Куперден, Луи Жаколиодан, Киплингіден бері қарай көп жайылған, танымал болған “жабайы елдер жайындағы романдардың романтикасы” аңғарылып еді.

Бұл әйел Англияның отарларды менсінбейтін паң салтын аңдамаған. Соны қайта бойына сіңіріп өскен. Өз ұлтынан гөрі, сол “ағылшын мәдениетінің өкіліміз” дегісі келетін Индия оқымыстыларының кейбір үстірт сипаты бұл ханымнан да аңғарылғандай еді.

V. Ақын Аймен араздасты

Жайпурдан Аграға қарай тартқан сапарда біз автомашинамен жүрдік. Бұл жолы да біздің жағымызда кездеспейтін әр алуан аңдар, хайуанаттар көрінді. Бүгін әсіресе маймылдар көп кезікті. Ағашты, таулы жерлерде бойшаң, ірі маймылдар болса, кейбір қыстақтар шеттерінде, адам жайларының жақын аралығында мысық тәрізді, ұсақ бітімді маймылдар жиі көрінеді.

Бар хайуандар мен жалпы жан иесіне индуизм діні бойынша қастық етпеу шарт. Маймылдарды көре отырып, сол жөннен бірталай қызық жайлар білдік. Кейбір жылдарда, кей өлкеде маймылдар аса көбейіп, өсіп кетіп, маңындағы кедей қыстақтардың жеміс бақтарын талап, көп кесел

келтіретіні бар екен. Бірақ сонда да бірде-бір маймылды индустар өлтірмейді. Оған ескі діндік бір аңызды себеп етеді. Атақты “Рамаяна” дастанының қаһарманы Рама әрі поэзиялық дастанның геройы, әрі дін ұғымы бойынша құдай сипатты зат. Сол Раманың сүйікті сұлу жас ғашығы Сита қызды демон (бізше айтқанда “жын”) Равана алып қашып, Цейлон аралына өтіп кеткен екен.

Жынның соңынан қуған Рамаға теңіз суы бөгет болғанда, маймылдар көмекке келті. Маймылдардың бастығы Гануман бар маймылды жиып, Индия жағасынан Цейлон аралына дейін теңізді жарып, тас өткел жасапты. Рама сол өткелмен өтіп барып, өз жары Ситаны аман айырып алып қайтыпты. Кейін жау қолында болған қызды ағартып, ақтығына көз жеткізіп алу үшін лаулап жанған оттың ішінен жүріп өтуге бұйырған екен. Сита қалың өрт-оттың ортасынан өзінің ақтық, амандығын танытып, күйместен аман-есен өтіп шыққанда, бұрынғысынан да сұлулығы аса түсіп, ғажайып көркемдік тауып, алтын лотостай боп шығыпты дейді.

Міне, сол заманнан бері қарай Ситаның азабы, Раманың драмасы, маймыл Гануманның достық жақсылығы дәл осы бүгінгі күндерге дейін Индияда музыканың, поэзияның, сурет өнерінің, архитектураның және сахналық искусство өнерінің бәрінің де қызықты, қызғылықты және сүйікті тақырыбы болып Индия халқына түгел мәлім. Сол себепті де Гануманның бүгінгі нәсілдері — жемқор маймылдар қыстақтар қасындағы бақшаларды мейлінше талаумен болады.

Бүгінгі жолда пілдер де ұшырады. Пілмен байланысты бір аңыз жақында болған күлкі бір жайға соқты. Тегінде, піл атаулы өзінің үйдей үлкен бойымен, әлдеқалай кішкене хайуанға дос, тату болуды дағды етеді. Ескі піл қорасында көптен өмір сүрген үлкен пілдің кішкене есек досы бопты. Сол есекті ағылшын жүргінші келіп жалдап алып, ерттетіп мінеді де, жүрмек болады. Бірақ есек ерінеді де, баспай қояды. Ашуланған ағылшын есекті ұрып-соғып қинай бастайды. Біраз қамшылап сабап алып, енді қайта міне бергенде, әлдеқандай ғаламат күш бұны жауырынынан тарс етіп қысып қымтып, есектің үстінен жұлып алып, қол-аяғын сербеңдетіп аспанға көтереді. Андаса, бұны есек

үстінен тұмсығымен жұлып алған жаңағы есектің досы үйдей қоңыр піл екен. Ол ызақор ағылшынды біраз аспанда ұстап, сілкілеп қорқытады да, кейін жерге түсіріп, босатып жібереді. Намыстанып, ызаланған ағылшын тапаншасын суырып алып, пілді атуға оқталады.

Сонда көлденең тұрған бір индуc бұған жай ғана үн қатып, сабыр қылуды мәслихат етеді. Ағылшын ойланады да басылады. Енді өз мінезін өрескел көріп, сол арадан бір булка ақ нан сатып алады да, жаңағы пілге ұсынады. Піл паңдық жасамайды. Нанды тұмсығымен алуын алады да, сол сәтте өзі жемей, жаңағы есектің аузына апарып, соның алдына тастайды. Өте бір айқын достық белгісін аңғартады. “Сенің ренжіткенің есек, сенің наның соған тиісті” деген тәрізді. Жаңағы ағылшын кейін осы жайды өзі әңгіме етіп айтумен бірге, “Мені піл адамгершілік мінезге үйретті” депті.

Бұл жолда біз соқа тартып жүрген бірен-саран сиырды көріп, соған таңырқаған едік. Сиыр Индияда, тегінде, киелі, әулие мал саналады дейтіні қайда? Андасақ, ең әуелі біздің сиыр дегеніміз қодас боп шықты. Оны әр түрлі пайдалануға болады. Сонымен бірге анықтап аңдауымызша, сиырдың өзін де салғаннан әулие санамайды екен. Сиырдың сүтін пайдалану, жас кезінде күшін пайдалану, оны бұзаулату, өсіру бұнда да өзге елдегідей. Тек сиырды соймайды. Бұзаулаудан, сүт беруден мүлде қалып, қартайған сиырды алып барып храмға береді. Содан кейін бұндай сиырлар өле-өлгенше храмның сақтауында, қарамағында болады. Махалла* халқы күтеді. Көбінше ол кезде сиырдың жапасын сатып, сонымен өзін асырайды деседі.

Сөйтіп, қартайған сиыр ғана әулие сиыр саналады. Индия халқы өзінің пайдаланған жануарының көбіне солай қарайды. Пілді де сою, өлтіру әдетте жоқ. Әбден қартайып, күші біткен пілді жайын пілдер жүретін джунгли тәрізді елсіз меңіреулерге апарып, азат қып қоя береді.

Машина үстіндегі сапарда біз Индия халқының тарихынан, діндік дәстүрінен, елдік салт-машығынан біраз жайларды ести отыра, Агра қаласына келдік. Барлық Индия

* Махалла — қала, шаһар деген ұғымда.

үшін аяқ киім өндірісі, кілем тоқу өнері және мраморды іске жарату, ұқсату өнері күшті болған қала. Агранның бүкіл дүниеге мәлім ғажайып ескерткіші бар. Ол — ұлы Моғолдар патшасының бірі болған Шах Жиһан салдырған “Тәжмахал” атты (“Сарайлар тәжі”) әрі мазар, әрі мешіт — ғажа-йып күмбез. Шах Жиһан патша бұл күмбез мешітті, таңғажайып мазарды өзінің сүйікті ханымы Мұмтазбегімге арнап салдырған. Кейін сол ханымның қасына осы мазар ішіне Шах Жиһанның өзі де қойылған.

Агра қаласы мен ондағы дүниежүзілік ғажайып ескерткішті ауызға алумен қатар, біз енді жаңағы аталған Шах Жиһанның өзімен, ата-тегімен байланысты Индия тарихының бір ерекше кезеңін, сол кезеңдер әкімдерін еске алып өтейік.

330 жыл бойында, Индияның көп жерлерін билеп тұрған бір патшалар нәсілін дүние тарихында “Ұлы моғолдар нәсілі” деп атайды. Жаңағы Шах Жиһан сол нәсілден шыққан патшаның бірі. Бұл патшалардың ең біріншісі, Индияны ең алғаш басып алушы — Ақсақ Темірдің немересі Захириддин Бабыр болатын. Ол Орта Азияда Ферғананы билеп тұрған жерінен Ақсақ Темір нәсілдерінің қым-қуыт тартыстары кезінде өз тәж-тағынан айрылып, Индияға қарай қашып шыққан. Сонда өзіне ерген әскерімен барып, қорғану мұршасы, әзірлігі болмаған Индияның терістік жағын, мол өлкесін басып алған. Бұдан бұрын ол жерлерді ауған хандары билеп тұрған.

Индияға Бабырдың соғыспен кіріп, осы Дели қаласына шейін өзіне қаратып алған жылы 1526 жыл еді. Индияны бағындырып, патшалығының орталығы етіп Делиді белгілеп алған соң, Бабыр өзі төрт жылдан кейін қайтыс болады. Бұл атақты “Бабырнама” дейтін тарихтық мемуар қалдырған және газелдер жинағын тудырған, өзге де бірнеше кітаптар жазып кеткен өнерлі жанның бірі болған. Осы Бабырдың баласы Ғұмаюн, оның баласы Акбар, оның баласы Жиһангер, оның баласы Шах Жиһан, оның баласы Аураңзеп — барлығы да жауынгер, күшті патшалар болыпты.

1526 жылы Индияны өзіне қаратқан Бабырдан бастап, 1707 жылы өлген Аураңзепке дейін жаңағы шынжыр қатар

бір топ патшалар сол “Ұлы моғолдар нәсілі” деп аталады. Заманында Европа тарихшылары Бабырды мұңғыл текті деп теріс түсінгендіктен, мұңғылды және “моғол” деп жаңсақ атап, жалпы тарихта жаңағы топ патшалардан басталған Индия әкімдерінің нәсілін, жоғарыда айтқандай, “Ұлы моғолдар нәсілі” (“Династия великих моголов”) деп атандырған.

Осы нәсілдің ең соңғысы ағылшындардың соттауы бойынша тәж-тағынан айрылып, Рангунге айдалған Бахадүр шах болатын. Соның орнынан қуылып, айдалған жылы 1858 жыл “Ұлы моғолдар нәсілінің” өмірі, әкімдігі мүлде сарқылған, біткен жыл деп саналады. Сонымен, Бабырдан бастап Бахадүр шахтың құлағанына шейін санағанда 332 жыл бойында, Индияның тәж-тағыты жаңағы патша тұқымының қолында болған.

Біз келген Агра қаласы ерекше тарихтық ескілікті еске түсіретін тағы бір себебі бар. Бабырдың ең мықты немересі — шах Акбар. Сол кісі оны, Агра қаласын өздерінің патшалық тұқымына орталық етпек болған. Қазір Агра үлкен қала. Бұнда 500 мыңдай халық бар. Аграның жанында біз жарым күндей аралаған Акбар салған үлкен сарай тұр. Бұл күнде ол сарайда жан жоқ. Қызыл песчаник тастан салған ғажайып үлкен, мол сарай қазіргі шақта тек келуші, көрушілер ғана соғып өтетін елсіз, жансыз қаңырап тұр.

Замандарда Индия жұртының тері мен қанын көп төктірген, күші мен мүлкін көп шаштырған қатал құдірет, аяусыз өмір тудырып қалдырған тас тылсым, зор дүниесі өткен замандардың зорлық дүниесінің өшпес айғағы боп қала берген.

Агра қаласына, тегінде, әрбір келуші баршасын тартатын ол сарайлар емес. Бұнда бізді де келтірген сарай емес, жоғарыда аталған Тәжмахал. Сиқыр сарай — мазар Тәжмахал 18 жыл бойында 20 мың жұмысшының қолымен, Шах Жиһан патшаның бұйрығы бойынша, 1632 жылдан басталып, 1650 жылға дейін салынған. Бұл ғажайып жайды салушы ұста Иса деп аталады.

Тәжмахал тек аппақ мрамордан ғана салынған. Іші ою нақыстармен көп безелген, тас кестелі кейбір әсем бөлімдерін безендіруге ақ мрамордан басқа 18 түрлі түсті

тастар қолданылған. Астыңғы платформасымен саналғанда ең жоғарғы ұшпа басына шейін 78 метр деп мөлшерленеді. Тәжмахал дүние жүзіндегі адам қолымен тұрғызылған жеті ғажайып архитектура ескерткішінің біреуі саналады деседі. Бұған қосылатындар: Стамбулдағы Айя-София мешіті, екінші — Венециядағы Әулие Марктің соборы. Үшінші — Афинадағы Парфенон, төртінші — Франциядағы Реймский собор. Бесінші — Москвадағы Василий Блаженный шеркеуі, алтыншы — осы Тәжмахал, жетінші анық есімде жоқ, ұмытпасам, баяғы Кордово халифатындағы Альгамбра сарайы болса керек. Тәжмахал жөнінде жұрт аузында: “алып қиял ойға алғанды — анық зергер орындаған” дейтін нақыл бар.

Тәжмахалды біз күндіз бір көргенге қанағат қылмай, кешке астан кейін тағы бардық. Оның өзгеше бір себебі және бар. Аппақ мрамордан салынған Тәжмахалдың үлкен күмбезі түнде жарық ай астында өзгеше көрінеді деседі. Төрт бұрышына салынған төрт биік мұнара және кішігірім ақ мрамор күмбездермен бітеді. Екі шеттегі қатар тұрған мешіттердің де ақ мрамор күмбездері бар. Барлық осы өзгеше құрылыс — ұлы ескерткіш өзі көрінудің үстіне, етегіне тасқа бөлеп ағызып қойған айнадай мөлдір суға сәулесі түсіп, тағы да бір төңкерілген, екінші дүние жарастығын танытып жатады.

Аграға келген кезімізді біз сәтті кез деп санадық. Себебі айдың 13-14 жаңасы еді. Егер Индияның бұлтсыз, мөлдір көк аспаны бүгін әдейі бір себепсіз қырсығайын демесе, біз таспен жазылған сиқырлы, мраморлы поэманы жарық ай астында бар ғажайып көркімен көрсек керек. Бірақ машиналарымыз Тәжмахалдың алдындағы өзі де әсем тас қақпаға келіп тоқтай бере-ақ аспанымызға қарасақ, кесек-кесек сұр бұлттар айды қоршай қапты. Жауын да, дауыл да жоқ. Сөйтсе де, осы бұлттар айды тұтқын қып алды да, біздің жазықсыз көңілімізді жазалағандай түн болды. Жарты сағат күттік, бір сағат, бір жарым сағат тостық. Ай жаңағы алашабыр кесек-кесек ақ бұлттардан құтылсыншы. Біреуінен бір шеті қылтиып шыға берді-ақ, мрамор күмбездер ойда жоқ әдемі оқшау хал-халетке ауысып, ағарып нұрлана бастайды. Бірақ шегіне жеткізбестен-ақ

жартылай ғана көрінген, сәл уақытқа ғана ашыла түскен ай, енді бір шекесінен барып екінші бұлтқа кіреді. Ай батты болды, аспан да сұрланып, күмбездер де қоңыр тартып, жүдеп сөне қалады. Тағы “кішкене көріне ме, жоқ па?” — деп аспандағы бұлт пен айдың оған қарай жүрген жол межесін аңыра қарап, аңтарыла тосумен біз тұрамыз. Таңертең ерте ұшуымыз да керек. Күндіз көп жүріп, тыным алмай шаршағанымыз да бар. Ұйқының түні жарым ортасынан ауып, таңға тақап барады. Ал айымыз болса, біресе шекесін, біресе төменгі шетін көрсете береді де, тағы бір бұлтқа кіріп кетеді.

Бар тобымыз: “шіркін-ай, бір үш минутқа толық ай көріне тұрса етті. Мынау үлкенді-кішілі, бір ұя ғажайып көп күмбез қандай тегіс, жан біткендей жарқырай жөнелер еді”, — деп қызығып-ақ, шыдасып-ақ көрдік.

Ерген жолдастарымыз бен қонақ етіп жүрген достарымыз енді айдан күдер үзіп, қол сілке бастады. “Қайтайық, кетейік, қашанғы тосамыз”, — деген күңкіл де көбейді. Бірақ арамыздағы жазушыларымыз бен көркем-өнер шеберлеріміз болып кеткіміз келмей көп қадалдық. Ай құбылмалы, алдамшы бір мінезге табан екі жарым сағат бойына түсіп алды да, күмбездерді бар сұлулығымен анықтап көрсетпей-ақ қойды. Менің сонда да кеткім келмей, ең соңғы шаққа дейін шыдауға бекінген табандылығым да тоза бастап еді. Сонда да Сурков екі рет келіп: “кетейік” дегенде, “тұра тұр, тоқтай тұр” деп бөгеп тұр едім. Енді соңғы рет сәл дәме қылған ойым, алдындағы алаңға шықпай, егескендей қисая жалтарғандай болып, шеті көріне бере тағы бір сұр бұлтқа батқаны. Сонда айды сүйгіш шабытты ақын Сурков маған келіп: “Бұл айдан не күтесің?”, — деп, бар ызасымен және барынша орынды бір теңеу жасап, “сатымсақ әйелдей осы айдан бүгін көресіні көріп болғамыз жоқ па”, — дегені.

Мен ақын емес, прозаик болғандығымнан тез көндім. Өмірімде бірде-бір рет ақынның аймен араз болғанын көрген жерім сол Аграда, сол Тәжмахалдың жанында болған еді. Тегі, ақын атаулы “ай көрсе болды, ағынан жарылып, ақтарыла береді” дейтініміз бекер екен. Кезегі жетсе, ақынның айыңызға да кешпес кінәсі болатын көрінеді.

VI. Жаңа Индия жаңалықтарынан

Бүгінгі Индияның соңғы жылдарда жүріп жатқан ең үлкен бір құрылысы — Нангалстройға біз 5 февральда түн ортасында Делиден поезбен аттандық. Нангал құрылысы Делидің терістік жағында, Гималай тауының етегіне жақын. Өзге Индиядан салқыны, көгі, суы да мол, Кашмир тәрізді қызық өлкенің біріне бұл құрылыс жақсы орнаған.

Бүгінгі сапарда біз басқа бір үлкен вагонға міндік. Екі кісілік жұмсақ купелеріне қос-қостан жайғасқан едік. Тек коридоры ғана тарлау болмаса, өзі аса жайлы да жақсы вагон екен. Едені кілем, есігі кең күйінде тұтас әйнек, ішкі жағын шымылдықпен қоршапты. Аса ықшамды, әдемі шкафы киім ілуге де қолайлы. Купе ішінде қол жуғышы да ұнамды орналасқан. Вагон шеттерінде оп-оңай етіп орнатылған душтар бар. Тегі, вагонға душ жасаудан оңай, аз орын алатын ештеңе жоқ тәрізді. Әр купеде вентилятор бар. Вагон ішінде кондиционер ауа үнемі бірқалыпты температура сақтайды.

Түнде ыстық-суықты сезбей жақсы тынығып, таңертең жай оянып, жолға көз салумен болып ек. Поезд терістікке, салқынға таман келеді. Таулар көбірек көріне бастады. Бір суық, тамаша кесіліп ойылған қызыл жартас арасынан өттік. Шығыс жағымызда үлкен бір тау ілесіп, сәт сайын биіктеп, тұтаса қалыңдап, көгі де молая түсіп, еріп келеді. Аңғары, Гималайдың сілемі болғыдай. Сол тау жақтан кейде тоғайы мен жап-жасыл далашығы бар әдемі жанды өлкелер көрініп қалады. Дала мен өлкеде және тау жақта таңертеңгі көкшіл мұнар, жеңіл тұман бар. Ол кей жасыл далада түн тұманындай сезіледі. Салқын түннің жер бетінен әлі көтеріліп болмаған, енді-енді, сәл-сәл үзіле бастаған буындай, әлде салқын деміндей. Шық аралас дымқыл тұман анық осы өлкенің таңғы лебі, тынысы тәрізді. Кейде жап-жақында тасты таулар, бөлек шоқылар туа қалып, жарысып кетеді де және сондай тез, шұғыл үзіле қалады. Оқыс басталып, шұғыл үзіліп тікейіп, шаншылып қалатын өңшең бөлек биіктер, жоталар, тас серектер ажары көбінше қызғылт шақат. Біраз жоталарында сирек түктей селдір ағаштар бар. Тастар аса қызық бейнелі. Кей жері мұнарадай, кей тұсы пирамида, тағы бір кезі конус тәрізді тектұрлар

боп, көбінше қызылша жалаңаш көрінеді. Тағы бір шақта әдемі, тегіс көк майса шалғын шөп алаңы мен қалың жыныстай биік, зәулім ағаштар қыстақтар маңынан бой көрсетіп қалады. Жолдың бір жағында, 25-30-40 шақырым шамасында, қатарымызда ұдайы үзілмей қалың таудың өзі ілесіп келеді.

Біз Нангалға жеткенде қарсы алған дос топтардың көбі инженер мамандар тәрізді көрінді. Біздің Орта Азия, әсіресе советтік Тәжікстан географиясынан белгілі Пенджаптың бес өзенінің бірі — Сетледж осы тұста ағады екен. Соны ойда бөгеген үлкен бір плотинаны біз жолай басып өткен едік. Осы Сетледж өзені өлкесінің картасында Нангал плотинасының құрылысы бар. Сол зор құрылыстың бас инженері, конгрессистер партиясының мүшесі Кунгар мырза бізге бар құрылыс жайын өзі мәлімдеді.

Жаңа құрылыста орнатылатын дамбаның биіктігі 265 метр, ұзындығы 108 метр болмақ. Тауды тесіп екі туннель жасалған. Жоғарыда тау ішінде мол көл жасалады. Қазір 360 қыстақ тұрғыны, 30 мың жан, сол көл табанынан көшірілетін болады. Бұнда 6 мың адам жұмыс істейді екен. Каналда екі электр станция әрекет ететін болады. Гидротурбиналы құрылыста он генератордың әрқайсысы 90 киловатт-сағат беретін болады. Нангал плотинасы, Бкара каналы бүгінгі Индияның мақтаны етерлік ең зор құрылысы.

Көлге су толтыру ісі 1958 жылда орындалмақ. Барлық осы ұлы құрылыс ісі 1959 жылда аяқталмақ. Энергия Делиге, Раджастханға 300 миль шамасындай ұзақтыққа тарап, бөлінетін болады. Жалпы қуат-күші бір миллиард киловатт-сағат шамасындай болады. Әзір бұл құрылыста істеп жатқан машина, сайманның, қару-аспаптың көпшілігі Америкадан келген. Осы құрылыс бойын, тау сағасына кірген соң, өрлей аралап жүріп кеттік. Асфальтті жолмен тартқан машиналарымыз ғаламат биікке бұралып оралып барып, заңғар жотадан асты.

Біз әуелі инженер Кунгардың картаға қарап отырып баяндаған жер жайларына енді қадам басқан едік. Жаңағы жотадан ойға қарай құлап келіп, ақыры тау ортасымен аққан, плотина жасалатын Сетледж өзеніне қарай еңкейдік. Жолдың қалтарысы да, еңісі де әрі жиі, әрі қауіпті болғандықтан, екі жағадағы жартастар мен тақтайларға

өңшең есте қаларлық лозунгтер (ұрандар) жазылыпты. Айқынырақ болсын деп сары бояуға қарамен жазған. Бұл ұрандар өзге емес, тек машина жүргізуші шоферлерге нақтылай арналған ақыл-насихат сөздер екен. Мысалы: “Сақтық сақтайды!” немесе “Сақтық жөнінде қорқақ атанам деп қорықпаңыз!” және де “Сақтықты өз әдетіңіз етіңіз!” немесе “Үй ішіңіз қоса сорлайтынын ұмытпаңыз!” деген тәрізді ақыл жазулар созыла келіп, жол тағаны жазық жерге түскенде, соңғы тақтайда: “Жақсы жүргеніңізге рақмет!” деп қойыпты. Қасындағы бір шофер емес, бар шоферге арналған есте қаларлық өмір кітабы тәрізді.

Біз кейін болатын көлдің аумағын шолдық. Отырған қыстақтарын да білдік. Болашақ көл табанында тұрдық. Әуелі жұмыстың сондай төріне жетіп тоқтап, содан соң кейін қарай басып, барлық жұмыс шебін, ауқымын аңғарған едік.

Қасымызда үлкен өзен аударылып, екі туннельге, айналма каналға түскен жерді көрдік. Плотина табанынан ең жоғарғы жотасы болатын биікке шейін көп белгілер салынған. Жалпы бұл плотина, биіктік шамасына қарағанда, дүниедегі екінші орындағы биік плотина деп саналады. Бірінші орындағы ең биік плотина Америкадағы Гувер плотинасы деседі.

Жоғарыдан қарағанда, бүгінгі Индия құрылысын үлкен өнерлі техника қолға алып жүргені айқын байқалып тұр. Плотина табанын таптап, ұзын тісті катоктар жүр. 25 тонналық самосвалдар жаңа Индияның жаңа пілдері сияқты. Экскаватор, бульдозер, скрепер, самосвалдар — бәрі де бағы заманда Индия сарайларын салған күштердің әкесіндей. Дәл осы сәтте біздің көңілімізге Индияның екі заманы — баяғысы мен бүгінгі кезіккендей сезіледі. Кешелер біз көрген сарайлар мен бүгін мына XX ғасыр ортасының тепкісі зор техникасы тоғысыпты. Индия өмірінің өзінше бір алуан түрде екі шеті, екі тарихы — баяғысы мен бүгінгі түрінде түйісіп тұр. Қол күші мен электр, балға, сүймен мен зор технология бетпе-бет келіскендей.

Әр жерде, екі жағадағы биік таудың көлбеген бетінде, немесе тікшіл жартас бойында, әр сатыда ақ басты адамдар көрінеді. Әдейі сұр тас арасында сұр киіммен жүрген адамдар айқынырақ байқалу үшін бастарына ақтан киеді екен. Бұл

жұмысшылар арасында Кашмирден келіп жалданған топтар да бар. Жоғары, төмен екі зор биік жағаларда адам саны өзгеше мол. Сол адам бейне бір ақылды құмырсқа тәрізді. Бар сайдағы, беткейдегі адам атаулы мен машиналар топтарының жұмыстары бір бағытқа жұмылған, бір ырғаққа бағынған. Бейне сағат механизмі тәрізденіп, әрі сау, түзу сергек ритммен қыбырлап қозғалғандай. Саз илеудің құмырсқасындай десе болар.

Кейбір жартасты қарсы бетке, заңғар биікке қадала жабысқан адам топтары көз тартады. Онда шпур, перфоратор, динамиттер әрекет етеді. Тасты қашап, жерді асап кеміріп жатқан диюлар да алыптар. Бұндағы ең үлкен экскаватор 5 тонналық екен. Бізде 1955 жылдың бас кезін алсақ, үлкен экскаватор 15 тонналық болған-ды.

Америка техникасы араласса да, тегінде, көп жайда бұл құрылыстың қолына біздің техниканың зорындай зор құралдар түсе қоймағаны да аңғарылады.

Бір жерлерде насостар жер асты суын тартып жатыр. Бірер сағат жүрген соң, біз тау ішіне молынан кірген едік. Бұл — Шивалик аталатын тау екен. Түске тақаған бір кезекте динамитті жарылуды тостық. Аздан соң біз тұрған биік тас жағаны солқылдатып, атылған мылтық түтініндей шаң мен тасты бір-ақ бұрқ еткізіп, жарылу болды. Біз тұрған биікте өзінше мол, темір техникалы құрылысы бар бетономешалка әрекет етіп жатыр. Арғы жағаға аспалы көпір арқылы бетон бермек.

Қасымызда зор транспортерлер де үздіксіз әрекет етеді. Біз ілгері басқан сайын тау іші тамаша болып, өсімдігі молайып, көркейе бастады. Көлбеген беттерін, биік жоталарын түгелімен қалың ағаш, жыныс тоғай басқан. Көл тұсында аз да алаң жоқ. Осы биік бір саты таудан алыстағы Гималайдың қарлы биік жотасы көрінді. Онда Симла деген қала да бар. Әзірге көрінген Гималай жотасы Алатаудай ұзақ бір ирек жон.

Төбеден, плотинаның ең жоғарғы иығы тұсынан қарағанымызда, бір сәтке, төменгі саты-саты жолдардың бірінің бойында ұзыннан-ұзақ тізіліп, созылып бос машиналар, самосвалдар тұрып қапты. Жарылуды тосып, сақтық етіп тоқтап қалған болу керек. Тізіліп тұрып қалған анық еңбекші құмырсқалар.

Мемлекеттік зор құбылыс бүгінгі Индияның техникалық мәдениетін бағалатады. Өнерлі топ интеллигенциясы арқылы да жақсы аңғар байқатады. Осыншалық білім, техникаға құрылған ұлы құрылыстың барлығын жүргізіп жатқан Индия халқының өз инженерлері. Бұл құрылыста кешегі Индияның өмір-қүдіретшісі болған ағылшындардан бірде-бір инженер жоқ. Тек бір ғана неміс пен екі американдық консультант есепті инженерлер, бөгде мамандар бар екен.

Рас, ағылшындардың жақын белгісі мүлде жоқ емес. Сонау Гималай салқын тауының етегіне салтанатпен салынған Симла қаласы сол кешегі күндерде қожа болған ағылшын байлары мен әкімдері тынығатын санаторий есепті қала. Бұнда саушылыққа жақсы бау-бақша мол, салқын таза биіктің ауасы бар. Және бұнда сол ауаны асылдандыра түсетін қарағай текті әдейі егілген ағаштар, тоғайлар бар.

Бұл келісте, бүгінгі жүрісте біз Индостан жарым аралының ең төргі терістігі — Гималай тауы етегіне жеттік. Кейін бұл жарым аралдың оңтүстік теңізге тірелетін ең шеткі қиыр шегін көрсек керек. Сонда Индияның өткені мен бүгінін — екі дүниесін көргеніміздей, жер мекенінің де екі шеті, шырқау шегі бізге мәлім болардай.

Осы жолдан қайтыс сапарда біз жаңа қала Чандогарх вокзалына келіп түстік. Бұл тұтасынан жаңа үлгімен салынып жатқан, көп жерлері салынып та болған қызық қала. Осы уәлаяттың бұрынғы орталығы Лахор қаласы Пакистанға кеткендіктен, қазір осындай мүлде жаңа қала орнаған. Бұл қаланың салыну үлгісі бар Европаға мәлім, өзінше оқшау жаңалықтар іздегіш француз архитекторы Карбюзьенің жоспары, үлгі-нақысы бойынша құрылған.

Әрбір кеңсеге, өндіріс үйлері мен тұрғын жайларға арналған үлгі — анық конструктивизм* үлгісі. Үйлер кірпіштен салынғанмен, лықып тұрған стандарт. Бұнда кейбір үйлер куб, призма, кесілген конус сияқты геометриялық фигураларды аңғартады. Кейбір үй выставка-лардағы (көрмелердегі) стендқа ұқсап, бітеу, тұтас қабыр-

* Конструктивизм — буржуазиялық өнерде Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін пайда болған формалистік ағым.

ғалар ерекшелігімен көз тартады. Сол қабырғалар көк, сары бояуларға малынып, кейде бір инженерлік чертеждер бетіне ұқсайды.

Бұл қалада Индияның бағы заманнан бергі талай бай архитектуралық стильдерді шеберлеген халықтық, отандық дәстүрінен ныспы белгі жоқ. Оның орнына жаңа қалада самсаған космополитизм десе боларлық.

Осы шаққа шейін біз көрген Индияның ескі, жаңа ымыраттарының бәрі күн көзінен, күн өтінен сақтанып салғанды көрсетіп еді. Енді мынау үйлер сол Индияның шыжыған күніне жалаңаш түсін егесіп ашқандай. Бірақ “кейбір үйлер әдейі қырын салынған, бұған таңертең болмаса, өзге кезде күн түспейді” деп ақтағысы келген сөздер, дәлелдер естідік.

Қаланың бөгде құрылыс жайын бас инженер бізге жайлап, көп таратып ұғындырмақ болды. Бұның әңгімесінде жаңа қала салудың жаңаша ойлары, өзінше ізденулері, дәл-дәл деректері болғандықтан, кейбір сөздерін еске алайық.

Лахор қаласы Пакистанға кеткен соң, жаңа жерден орталық қала салынбақ болды. Соған Гималай тауының етегі, осы орын әдейі белгіленді. Бұл араға Пенджап уәлаяттарының бар тарау өлкелері тоғысады. Өзі географиялық орталық болғанда, уәлаяттың ең алыс шеті 150 километр. Ауа райы Делиден 5-6 градус салқынырақ. Орталық қала 500 мың кісі тұруға арналған. Әуелгі кезекте 150 мың халық тұра бастайды.

Инженердің айтуынша, қаланың өз жоспары болашақ тұрғындарға өте қолайлы. Мысалы, сауда жайлары қаланың нақ ортасында. Әкімшілік орындары тау жақ жоғарыда. Университет өзіне бөлек оқшау бір шетте.

Әуелі осындай орындар белгіленген соң, тұрғын жайлардың көшелері жоспарланған. Тұрғын жайларға көп аудандарда сауда дүкендері, мектеп, аурухана атаулы жақын жайғасқан.

Қаланың әр секторында бос алаң бар. Онда спорт жайлары, парк, газон, мәдени-ағарту орындары болады. Қаладағы қатынас жайын ойлағанда, автомобильдер жүретін көшелер бар да, жаяулар ғана жүретін, автомобильдер баспайтын қауіпсіз көшелер және бар.

Кеңсе үйлерінің бірі есепті болған соттың үйін толығырақ аралап ек. Бұл үйдің сыртқы көрінісі бізге ғаламат сорақы тәрізденді. Оны үй деуге де, элеватор деуге де, кейде аңғар немесе үлкен склад, әлде тіпті баржа десе де сыярлық. Түстік жағында “солнцerez” деп аталатын күнқағары бар.

Сотта жауапкер тұратын орны жазудағы үтір сияқты. Қабырғадағы панно* мен кейбір суреттер футуристік мотивтер тәрізді. Сырты конструктивизм болған соң, ішінде кубизм, тағы әлдене өзге “изм” болмасқа не? Мысалы, бір залда тек адамның екі табаны ғана қара кестемен шегіліп, ілініп қойылған.

Кітап шкафтары залдарды іргелей тұрғанмен, аласа ғана. Бұнда толған ағылшын тілінде жазылған заң кітаптары. Индия соты, тегінде, әлі күнге тергеу, соттау ережесін Англияның ескі заңы (кодекстері) бойынша атқарады.

Бұл қалада жоғарғы оқу орны — колледж де бар. Онда стипендия болса да, ең жақсы оқитын азғана топ, озғын, зейінді оқушыларға ғана тиеді екен. Кейін оқу бітірген соң он жыл ішінде стипендия үкіметке қайта төленеді. Колледждің студенттері арасында көбінше осы Пенджап уәлаятының мол халқы, сикхилар бар. Олар әйел шашындай ұзын етіп өсірген шаштарын төбесіне жиып түйіп, соны бастыра сәлде тәрізді жеңіл бас киім киеді екен.

Осы қала адамдарының шақыруы бойынша, біз қала сыртындағы 18 шақырым жердегі өзгеше бір баққа бардық. Тағы да бұрынғы махараджаның мүлкі. Өзінше тамаша бір паркі екен. Бұнда бақтың суы алты саты боп құлдап ағады. Бақтың өзінің өлкесі де саты-саты боп кетеді де, бүтін бақ құрылысына аса сәнді өзгеше көрік, көрініс береді екен. Бұл бақта кипарис ағашы және әдемі боп күзелген туя ағашы өседі. Көгал шөптің өзі де орылған емес, өзгеше бір алуан түрде күзелген. Бұнда личи деп аталатын, біздің жаққа мәлім емес, мол бұтақты, үлкен жеміс ағашы көз тартады. Экзотикалық ыстық жақ жайын айтатын әндерге араласқан магнолия ағашы да осында өседі.

Біз кешкі шайды және кешкі ас — динерді тас канал

* Панно — үйдің ішкі қабырғаларының бейнелеу немесе мүсіндеу өнері шығармаларымен, әр түрлі ою-өрнектермен безендірілген, жоғары шеті төбемен астасатын бөлімі.

жағасында, әдемі павильон алдында іштік. Батыс жақта көрікті бір ирек жотадан асып, күн батып барады. Қарсыда үлкен қара таудан асып ай туды. Толған ай. Ол аппақ салқын сәулелі туды.

Тау басы қалың ағаш. Батыс жақтағы әдемі таудың да өнбойы, әсіресе жотасы қалың тоғайға толы. Біз отырған бақ “Пенджу” деп жақындағы қыстақ атымен аталған. Кеш қоңыр тартқан сайын күнбатыс айқын өзгеріп келеді. Онда тоғайлы, ирек жоталы қара адырдың төсінде көкшіл-жасыл оттар жанды. Қоңырқай, қара-қошқыл дүние арасында машиналы өндіріс мұржасының түтіні будақтап тарап жатыр. Сәл тұман, мұнар құрсаған оңтүстік кеші әдемі, баяу ғана батып барады. Беріде, біз отырған биік павильон түбінен төмен қарай ылдилап, сан жерде көп фонтандар ұрып тұр.

Биік бойлы, қызыл тармақ гүлді ағаштар мен жемісі найқалған бақ ағаштары — папайялар толқиды. Ай шығыс жақ қара биіктен көп жоғарыласа да, тек енді-енді ғана, ымырт жабыла бастағалы ақ сәулесін ұлғайтыңқырап келеді. Енді өзге бар ағаштан биік кеудесі басып озып шыққан пальма ағаштары ереуілдеп, қарауытып ап, түн аспанына айқын ою-өрнек беріп тұр.

Біз қайтар шақта биік аспанда бас жақтары бытырай тармақталған сол пальмалар оңтүстік кешін ерекше ойлатып, ескерткендей еді.

VII. Діндар қала Бенаресте

7 февральды біз Чандогарх мен Бенарес арасындағы жол-ға бердік. Тәулікке жуық поезбен жүріп келіп, Моғол сарай деген станцияға тоқтадық. Бұдан әрі машинаға мініп, 30 минуттай жол жүріп Бенареске жетуге болады. Тәуліктік жол бойында біз тағы да Индияның қалың орталықтарына кіре түсіп, жол бойында сансыз көп жандар көрдік. Көргеннен талай ойлар оралды.

Индия халқы рет, тәртіпке өзгеше бір момын тәрбие-лілікпен бойсұнған халық. Жол бойындағы қай станцияда, қай қалада, қай базарлы жиын немесе қыстақ жайда болсын, адамның қалыңдығы бірде-бір сиремейді деуге болады. Ерсілі-қарсылы жол бойында жүрген топтар үздіксіз ағын судай. Бірақ бірде-бір жерде алды-жұлды дескен қатты

даурық, қақтығыс, әсте ұрыс-төбелес дегенді көрмейсің. Мас атаулы мүлде жоқ. Бейпіл ауыз, ұят сөз сөйлеушілер де сезілмейтін тәрізді. Біреуге біреудің түс шайғаны, док қылғаны да білінбейді. Көп адамның жүзінде сәл түйілген жүдеулеу ажар, үнсіз, қоңырқай қабақ қана байқалады. Ыстықтан, жоқшылықтан, бәлки, аштық, панасыздықтан да қажыған жандар көп шығар. Жалп-жалп қағылған ұзын кірпіктер жаудыраған үлкен қара көздерді ұдайы бір ажарлы мұңмен, ұяң сырмен танытқандай болады.

Читоргар деген қалада, Раджастхан уәлаятында біз Индия жастарының спортшыларын көріп ек. Сонда қалың қайнар жігер иесі аса мол спортшы жастар тобы от ажарлы топтың өзі еді. Солардың мыңдаған жиыны, біздің машиналарымыз тақай бергенде, селдей ағылып келіп, тоқтай берген машиналарымызды ентелей қамап алысты. Күн кешкіріңкіреп қалған шақ болатын. Бар спорт түрінің жарыстары аяқтап болып, енді бәйгі үлестіру қорытынды кезі қалған екен. Сол “бәйгілер совет елінен келген сый қонақтар қолымен тапсырылса екен” деп, біздің елді дос тұтқан қалың жастар жиыны, спортшылар өздері өтініш етіпті. Біздің машиналарымызды сондай бір жақсы тілек, достық сеніммен, өтінішпен кеп қоршаған екен.

Енді бір сәтте бізді ортаға алған сансыз қалың топ үлкен алаңға қайтадан оралды. Орындықтар жоқ, алаң тек қана ашық кең майдан. Бәйгі үлестіру үшін қалың жиын топталып, ортасынан алаң жасап, дөңгелей отырып-тұру сияқты қатар түзеу керек болды. Міне, осы шақта жалғыз ғана егде жасты бір адамның биіктеу жерге көтеріліп, даурығып: “Рет түзе, қағыл!” деген тәрізді нұсқауы жетті де қойды.

Сан мыңдаған жұрт қағылып, қатарланып айнала қоралап, балаларды ортаға, алдыңғы жаққа қарай шығарып, дөңгелек үлкен алаң жасап, тұра қалысты. Содан кейін бір кісі “олай тұр, былай тұр” деспеді.

Саны көп қалың топ халықтың сол көптігінен туатын тәртіптілігі өзгеше болса керек. Әр жеке адам өзі үшін, көп ішінде ретті тірлік жасауы үшін және көпке де сол көп күйінде бір реттілік беру үшін мүмкіндік жасауға тырысып, үлкен жауаптылық ретін сақтайды. Әр адам өзі үшін сондайлық тәртіпті болмаса, жалғыздың да, көптің де тірлігі оңбас еді. Осындай қалың қоғамның әр мүшесінің бойына сіңген өлшеу

мерзім – жас баладан үлкенге дейін түгел тараған мінез. Көпке ортақ өлшеу, мөлшер тәрбиесі әр адамның өз ішінде нық орнаған таразысы тәрізді. Осы халыққа өнер, білім берілсе, басқа да зор үлкен адамдық идеалдар, қоғамдық үлкен, жаңа құрылыстар мүмкіндігі жасалса, мындар, миллиондар реттілігі тәрізді, халықтық аса бір қажет қасиеттер оңай-ақ қалыптасып, орнай алатын сияқты. Кей халықтарға көп тәрбиемен, зекумен, заңмен, тіпті жазамен кіргізетін тәртіп мұнда сондай өздігінен орнағалы ұсынып тұрған тәрізді. Бұнда кісінікін кісі іліп-қағып кету, ұрлық-қарлық тәрізді осалдықтар да жоққа тән деседі.

Ұзақ тарихындағы мемлекеттік мінез дағдысын аңдап қарасақ, Индия ешбір көрші, қоңсы халыққа басқыншылық жасап, өктемдік етіп, шауып-жаншып соқтықпапты. Қайта бұның дін кеңшілігін, момындық тәрбиесін, мінезін пайдаланып, мойнына міне бергендер аса көп болған. Бергі замандарының өзін алғанда: арабтар, ирандықтар, ауғандар, моғолдар, ағылшындар – сол толқын-толқын басқыншылар болатын. Қазірде де Индия халқы негізгі дін тәрбиесі, моральдық қағидасы бойынша жан иесін өлтірмейді. Тіпті уыты зор айдаһар жыланды да маймылша, пілше, сиырша “өлтірмейтін жан иесі” деп санайды.

Моғол сарайдан Бенареске қарай машинаға мініп шыға берген жерде біз оқшау бір адамды көрдік. Қап-қара шашы ұзарып, дудырап көзіне түскен. Өзі қатқан-семген, қап-қара. Аяғы, борбайы жап-жалаңаш. Өнебойы сидіған ұзын, иығында ғана кір-кір жыртық лыпа-дхоти. Қолында шошайта ұстаған қысқа таяқша. Қабақ түйілген, түс жүдеу, сәл білінген сақал-мұрты бар. Бенареске келе жатқан Индия аскеті*. Баяғы заман сопысынан, тақуасынан, не дәруіш тәркі дүниесінен шыққан құдайы жолаушы. Бұрын мұсылмандардың Меккеге тауап қылғанындай немесе бар христиан әлемінің Иерусалимге (Құддұсқа) құдайы жол тартқанындай, Бенареске барлық Индияның діндар жандары әулие қала санап тауап қылып келеді. Бұнда индуизм діні ғана емес, буддизмнің де әулиелік орталығы

* Аскет – о дүниенің рақатын көру үшін бұл дүниенің қызығынан біржола безген діндар сопы, дәруіш, дуана мағынасында.

бар. Сол себепті Бенареске жан-жақтан, шартараптан, нелер алыс қиян-қиядан, шырқау шеттен құдайы жолаушы боп тауап қылуға жол тартып келе жатқан жаңағы біз көргендей жандар аз емес.

Бенареске кіретін жол және де басқа қалалардай аса көп лавкелерге толы. Ұсақ сауда дүкендері сығылысқан тар да қисық көшені бойлап, ұзақ аралап келдік. Тегі, халықтың көбі кәсіп етер өндіріс болмаған соң, жер де жетпеген соң, осы ұсақ сауданы кәсіп ету шарт болған тәрізді. Бұл базарда сатпайтын нәрсе жоқ. Бірақ сол сататын орынның көптен-көбі-ақ өзгеше реңсіз, кір, көне де күйкі.

Көп өзге қалалар сияқты, бұл қаланың да қалың ортасына кіргенімізше, көшелерде сиыр, ешкі, қой, ит те көп ұшырайды. Есек пен қодас та жиі кездеседі. Машиналар да аз көрінбейді. Осы көріністер арасында жаяу-көлік боп жалданған рикшалар* жеңіл арбаға қос-қос адамды отырғызып ап, жіңішке дертелерін екі қолтығына қысып, қап-қара аяқтарын жүгіре басып, ерсілі-қарсылы ағылып жүр.

Бенарес — Индияның ең ескі қаласының бірі. Әулиелік қасиетке ие болғанына үш мың жыл толған дейді. Өзі еш-уақытта Индияның саяси орталығы болған емес. Индуизмнің рухани орталығы саналған. Сидхарта Будда ең алғашқы пайғамбарлық үгітін осы Бенарес қаласында сөйлеген. Будданың да, Шиваның да аттарымен байланысты әулиелік орындар Бенаресте осы күнге шейін құрметпен сақтаулы. Будданың “заң тегершігі айналғаны” деп аталатын бірінші өсиеті (проповедь) осында айтылған.

Ашока патшаның тұсында Бенарестің қадірі қатты асқан деседі. Ол бұнда құлшылық ететін 80 мың ғибадат орнын, жайын салдырған. Тегінде, индуизм, буддизм екеуінің де ескерткіші мол болған Бенаресте кейінгі жат дінді жаулардың салған ойраны да аз болмаған.

XII ғасырда бірталай ірі ескерткіштерді моғолдар ойрандаған. Келесі төрт ғасыр бойында тағы бірнеше толқын ойрандар болып өткен. “Ұлы моғолдар династиясынан” шыққан Акбар Бенарес те Шиваға арнап храм салдырған екен. Бірақ бұның ерекше діндар, фанатик немересі

* Рикша — кейбір үлкен буржуазиялық шығыс елдерінде қалаларда жолаушы таситын қол арбаға жегілген адам.

Аураңзеп өзге талай ескерткіштерді бүлдіртумен бірге, жаңағы өз атасы салдырған храмды да ойран еткен.

Бенареске осы күнге шейін бір жылда үш жүз мыңдай тауап қылушылар келеді екен. Жағасында Бенарес қаласы тұрған Ганг суы – әулие су саналады. Әрбір индус бұл суға түсуге құштар.

Жалпы бұл өлке – Шиваның өлкесі. Сондықтан әулие деп саналады. Бұнда өлген адам тура жұмаққа не тозаққа барады. Бірақ ол қайта, екінші құбылыс (превращение) өмір сүрмейді. Тегінде, адамзат сол адамдық сипатынан ауысып, басқа екінші сипатта қайта туады деу – индуизм дінінің наным. Ал Гангінің жағасында өлген адам сол қайта жаралысқа қосылмайды. Гангінің жағасында өліп, осы қалада өртену арман.

Біз қайықпен жүзіп, Ганг өзенін бойлап, қаланы жағалап келеміз. Жағаның бір тұсы – діндік ниетпен шомылу орындары. Сондай орындар Бенаресте алпыс. Осы жағада жақсы үйлер аса көп. Ол қартаң тартқан байлардың осында тұрып, осында өмірінің соңғы шақтарын өткеріп, осы арада өлуді арман етіп салдырған жайлары. Сол үйлер саты-саты әдемі қатарлар жасай, жағадағы тас қабақтарды жаба түсіп, бірінің иығынан бірі аса көрініп, биіктей береді.

Бұндағы ең үлкен биік имарат – Акбар салдырған жай. Акбар бұны индустер храмы етіп салған екен. Ал немересі Аураңзеп мешітке айналдырған. Әрірек қатарларда тамаша қып салынған ақ үйлер бар. Олардың кей бөлімдері жасылмен, көкпен боялып салынған. Әр үлгілі кестедей әшекейлі балкондары, саты-саты құрылыстары тамаша үйлескен. Енді бір сәтте, өзен бойында тек күннен ғана қалқан жасалған ұсақ палаткалар – кенеп шатырлар кетті. Бұнда индуизм дінінің дінбасылары – жрецтер тұрады. Олар сандал* майын әзірлейді. Осы жрецтер Индияда “пандит” аталады.

Бұл қалада жаинизм храмы да бар. Ол – Индия дінінің бір саласы. Жаинизм ұғымынша құдайдың бірлігі көп сипаттылығымен аралас. Сондықтан “құдай біреу бола тұрып, көп сипатта көрінеді” деген наным иман есепті

* Сандал – тропикалық ағаш.

болады. Олардың храмы көбінше алтынмен безелген, мұнаралары көп келеді. Қызыл алтыннан жабыныш жапқан храмдар да бар. Жалпы алғанда Бенарес храмдар қаласы деп аталады.

Біз су жағасында лаулап жанып тұрған оттар да көрдік. Қастарында өлген адамның денесі жатыр. Соны қазір Ганг суына шомылдырады да, өртейді. Күндегі өлген адамды өртейтін кремацияның арнаулы орны осы тұс болады. Жағаның бәріне бірдей кремация орны жайылмаған.

Әдетте өлген адамның үлкен ұлы, не кенжесі отты өзі жағып қойып, суға да өлікті өзі шомылдыратын болады. Жалпы Бенарес тұрған өлке — Шиваның өлкесі дедік. Шива жарты айды жақсы көреді екен, сондықтан Ганг суының әулиелік орны жарты ай тәрізденіп ойысады. Кремация жасар алдында өлікті шомылдыратын қасиетті (шомылу орны) купальня әр жерге қойылған. Әр купальняның арнаулы аты болады. Не сол орынды салушылардың атымен, болмаса Шива құдайдың көп атының бірімен аталады. Қасиетті купальня жанында ұсақ қалқан шатыр көп. Бұл жерде намаз, мінәжат, әр алуан ғибадат жолында отырған ақ қас, ақ мұрт, жалаңаш шалдар көп. Екі қолдарын алақандарымен түйістіре қосып, маңдайларына сүйеп, мінәжат соңында сарылып отырған қалыптарын аңғартады.

Нелер байлардың Индияның әр шетінен келіп, Ганг жағасында соңғы ай, күндерін өткізіп, өлмек талабы болады дедік. Су жағасы сұлу жаға. Осы жағада атақты “Рамаяна” әулиелік дастанының бір шығарушысы, жаңа вариант авторы тұрған дейді. Соның ескі, үлкен үйі көпке көрсететін ескі белгінің бірі болған.

Әулие қала Бенарестің буддизм дініне, индуизм дініне қадірлі болған діндік ескерткіштері, храмдары, көркем-өнер үлгілері Бенаресте аса мол саналады. Әсіресе сол діндер тақырыбына арналып, өте ескі замандарда ойылған тас мүсіндер, пұт құдайлар саны көп. Сол тақырыптарға арнап Индия шеберлерінің өнері тудырған қабырға суреттері де (фрескалар) көп. Бенарестің ең қасиетті ескерткіштері Будданың атымен, ісімен, пайғамбарлық үгітімен байланысты келеді.

Будда Индияда, осы Ганг бойында, дәл осы Бенарес тұсында 2 мың 500 жыл бұрын дүниеге келген дейді. Біз

сол Будданың храмына келдік. Бұнда Будданың туғанынан өлгеніне шейін басынан кешкен тағдыры, хал-ахуалы, әңгіме-аңызы, дін-парызы, жай-жапсары аса ірі шеберлікпен жасалған суреттер арқылы баяндалады.

Мысалы, храмда Будданың туған шағы діндік аңыз боп суреттелген. Махамана деген патша әйелдің түсіне Будда ақ піл болып кіреді. Уақытындағы жрец жорығанда: “Ұл табасың, ол әулие ұл болады” дейді. Кейін будда аталатын Сидхартта деген бала солай туған.

Ендігі бір суретте Будда дүниені тану үшін ойда отырған күйде суреттеледі. 29 жасқа жеткенде Будда адамзаттың бәрінің басынан кешетін сорды көреді. Оның біреуі – науқас, екіншісі – кәрілік, үшіншісі – өлім. Осы халден сырт қалатын адам жынысты, жан иесі болмасын білген Будда, өзгеше азап шегіп, ауыр қасірет ойлармен тебіренеді.

Тағы бір суретте Будда баньян ағашының түбінде ой соңында (созерцаниеде) отырған болады. Бір қыз ағаштың қасына дұға оқуға келіп, Будданы сол ағаштың рухы екен деп қастерлейді. Тағы бір фрескада Будда жан-жағын қамаған жаулар ортасында отыр. Жаулары – жауыздықтың рухтары. Ішіндегі ең қара ниет қаскөйі өзгелерді Буддаға өшіктіріп беттетіп, өзі оқшау, қырын отыр. Будданың құмырадан жасаған және алтындап жасаған мүсіндері әр алуан шеберлік танытады. Бір суретте Будда ауру адамның жанында отыр. Бұл суретпен байланысты айтылатын Будданың өсиеті бар: “Кім ауруға жәрдем етсе, сол маған да жәрдем етеді” деген екен.

Будда 80 жасында өлген. Сол өлім сағаты да суреттелген. Өз заманындағы қанішер жауыздардың бірін Будда жолға салмақ ниет етеді. Анау адам мың кісіні өз қолымен өлтіріп, алақандарынан алқа жасамақ болған екен. Енді өзінің туған шешесін де өлтірмек болады. Сол адамды Будда жолға салып, жөнге бастап, өзіне дос қып алған. Сурет осы жайды баян етеді.

Индияның Пенджап деген уәлаятында археологиялық зерттеу жасалып, 2500 жыл бұрын Будданың дүниеде болғандығы анықталған деседі.

Бенареске келушілерге екінші көрсеткіш орын – әулие ағаш, Будданың ең алғаш өсиет айтқан жері осы ағаштың түбі екен дейді. Бұл ағаш үш есе әулие саналады. Себебі

Ашока патшаның қызы әкеп орнатқан, өзі пәлен мың жыл жасаған ағаш деседі.

Осы тұста атақты мінежат орны – “ступа” өзгеше көзге түседі. Бұ да өте ескі діндік ескерткіш. Біздің эрадан 250 жыл бұрын іргесі қаланып, VII ғасырда салынып болған екен. Бұндай әулие орынды салдырушы Ашока патша. Сол ступаны біз көруге келгенде, сонау Тибеттен жаяулап “қажылық сапарға” келген пилигримдер көрінді. Олар үстеріне қызыл киген, араларында әйелдері де бар. Ступаны айналып, намаз оқып жүрісті.

Ашока заманынан қалған тас қоршау обелискілер де музейлік ескерткіштердің ірі бағалы белгілері. Әсіресе біздің эрадан үш ғасыр бұрын жасалған “төрт пілдің тұрпаты”, “львиная капитель” бар. Төрт басты, бір денелі арыстан. Арыстан Будданың өзінің белгісі деп саналады. Будда суреттерінің көбі Гупта заманынан қалған деседі. Бірақ күні бойы біз көріп жүрген әулиелік орындардағы сол Будданың, Шиваның (болмаса басқа құдайы пұттардың) – бәрінің де бет-бейнесі әдейілеп шұқылған, сындырып күйретілген, кем-кетік етілген көрінеді.

Бір мүсіннің мұрны шабылған, біреуінің көзі ойылған немесе бас, құлағы шабылған боп шығады. Осындай ескі ескерткіштерге жаңағыдай қаскөй әрекет етіп құлатушылар өзгелер емес, тек қана мұсылмандар. Мұсылманның діндар патшалары, хазірет, ғұламалары әр заманда “пәтуә” беріп: “Ойран етсең, күнәсіз боласың” дейді. Сондай қаскөй, өшіктіргіш фанатик сөздерге еріп, мұсылман әскерлері ескі ескерткіш, мүсін атаулының бәрін ақаулы қып қалдырған.

Будданың тағы бір суреті гректің Антей жайындағы аңызына тап келеді. Бұл суретте Будда жерге қол тигізіп, содан күш алып отырған жайы бейнеленген. Будда өмірін суреттеуде дағдылы төрт кезең көп ұшырайды: туғаны, оқи бастағаны, үгіті, өлгені сияқты төрт буын өмір шақтары көрсетіледі.

Біз көрген Бенарес, дін орталығы болғанмен, бұнда ғылым, өнер қазынасы тағы да мол. Бенаресте үлкен университет бар. Онда 8 мың студент оқиды. Ер, әйелі аралас оқиды. Университетте 14 колледж бар. Университеттің өзіне бөлек госпиталі, мейманханасы да бар.

Жалпы университетке мол бақшалы жер берілген. Сол жер атаулыға салынған үй-жайлардың бәрінде жарым ай тәрізді, жартылай дөңгелей салынған көрініс бар. Жалпы университет жайлары үш имек қатарға бөлінеді. Алғашқы қатарда техникалық, механикалық, ауылшаруашылық, дәрігерлік, гуманитарлық праволық, Индияны зерттеушілік, Шығысты зерттеушілік ғылым орындары жайғасқан. Екінші қатар – спорт алаңдары мен жатақханалар. Үшінші қатарда – профессор, оқытушылар үйлері, деканаттар мен ректорат, кітапхана тәрізді жайлар салынған. Барлық бөлінген жердің дәл ортасында жаңа храм салынып жатыр. Ауылшаруашылық фермасы, сүт шаруасы, су шаруасы – бәрі де бөлек-бөлек өз жайын тапқан.

Әйелдер колледжінде оқытылатын ғылымдар: психология, политика, социология сияқтылар болады екен. 350 қыз оқиды. Қалған қалың көпшілік – студент ерлер. Жылына университетті 1500 маман бітіреді. Стипендияны барлық студенттер ішінен бес проценті ғана алады.

Инженерлік колледждің мастерскойларында әртүрлі двигатель, дизельдер бар. Оқушылар темірді қашап, әр алуан тәжірибелерді өз қолдарымен атқарып жатыр. Мұнда токарлық, слесарлық, ұсталық, модельді ағаш ұсталығы – бәрі де үйретіледі. Студенттердің бассейні бар. Салынып жатқан имараттар ішінде храмның үлгісі мен молдығы өзгеше. Ол әлі бірнеше жыл бойы салынбақшы. Студенттер әзірше қаланың храмына барып намаз оқиды дейді. Бұл храм “Құтыбминардан” биік болмақ. “Бір залының өзіне 10 мың студент сыятын болады” деседі.

Діндар университеттің кітапханасы да мол. 200 мыңнан аса кітап қоры бар. Университет үйлері мол бақтың ішіне таратыла салынған, бір араға үйілген емес. Бар үй саны 35-40 шамалы. Жеке-жеке үйлердің екі этаж, үш этаждан салынғандары көп. Әр үйдің архитектурасы стандарт емес, өзінше оригинал сұлу келіп, бір үймен бір үй үлгісі жарыса, таласа салынған тәрізді. Бұл жағына келгенде университет жас болса да, талай ескі оқу орындарынан асып түскен.

Кешкі сағат 6-да біз осы қаладағы “Теософическое общество” дейтін бір алуан қоғамның қонағында болдық. Бұл еркек, әйел тең араласқан қоғам тәрізді. Негізінде діндік қоғам болғанмен, бұлар ағарту, мәдениет, өнер істерін қатты

ескереді екен. Менің есіме Иранда XVII ғасырдан басталып тарап жүрген беһаистер қоғамы түсті. Олар да ағарту ісін өзгеше жоғары бағалап, дін қарызындай санайтын. Жаңа діндердің, тегі, жаңа заманға өзгеше үйлесу, қабысу есебі соны талап ететін шығар. Бұны олардың кейбір тобы шығыста, фанатизмге жеткізе көтеру керек. Бар нәрсені дін күйінде қабылдайтын болғандықтан, мына жайды қолға алғанда да діндік ынтамен алады.

Индияның мынау қоғамы әйелдердің теңдік, азаттығы деген жайды әсіресе ескеретін тәрізді. Жиынның қақ жарымы әйелдер. Бірақ екі бөліне отырған көрініс бар, залдың бір жағы әйелдер де, екінші жарты жағы еркектер. Бар жиын жерде отыр. Төрде кішкене сахна бар. Соның екі жағынан әнші, күйші, бишілер шығады. Өнерпаздар арасында баладан үлкенге дейін әр жастың өкілдері түгел. 7-8 жасар мектеп балаларымен қатар, ақ шашты шалдар, қарт аналар да сауыққа араласады. Әйелдер ішінде 3-4 европалық әйелдер де болды. Олар да жерде, қалың кілем үстінде отыр. Қыздардың биі кришнаға (құдайға) арналған би. Екі қыз алақандарын, табандарын қызартып бояп алған. Сүрме “көздеріне жағылды” деуге келмейді, қайта көздері сүрменің ішінде қалқып жүргендей.

Тағы бір кезек сегіз кісі биледі. Биі де, әні де сондай ұзақ, бірқалыпты болудың үстіне, көбінше монотон қалпымен ұйқыңды келтірердей.

Осыдан кейін біз жазушылар тобына бардық. 140 шамалы жазушы, сыншы, әдебиетшілер, философтар жиылыпты. Мәжілісті философия докторы ашты. Бұрыл шашты, мұртты, ұзын бойлы, семіздеу келген, күрең бешпет киген адам. Жұрт жерде кілемде отыр. Зал төріне өзбектің сыпасы сияқты жалпақ, кең, биік орын жасапты. Онда да кілем. Алда аласа стол. Біз, Сурков екеуіміз бен профессор үшеуіміз, сол аласа стол айналасында президиум боп отырдық. Әуелі профессор сөйледі. Ол хинді тілінде сөйлеп, ағылшынша аударылып, одан біздің тілге қотарылды. Бұл жиында Отанымыз, халқымыздың достық бейілін айтып Сурков екеуіміз сөйледік. Көз алдымызда алақандай жаудыраған қара көздер көп. Аппақ боп ақсия күлген тістер, қап-қара шаштар жас қауымның жақсы бейілін біз арқылы, біздің халқымыз бен Отанымызға арнағандай.

Бұнда әредікте бурыл шаш, ақ шашты, қасқа басты қартаң адамдар да кездесті. Жалпы көпшілік интеллигент жүзді. Осы кездесуде Индия газеттерінің тілшілері де болған еді. Бұл сағатта біз Индияның әдебиетші, журналистер тәрізді мәдениетті интеллигенциясымен кездескен едік. Түн жарымында Бенарестен қайтып, Моғол сарайға машинамен жеттік те, аздан соң бұрынғы вагонымызға мініп, Калькуттаға қарай жол тарттық.

Жолдың жарымы өтті, бірақ әзірше тамаша Индия республикасының бірде-бір көріністері қайталанған жоқ еді.

VIII. Ұлы қалалар мен ұлы қайшылықтар

Калькуттаға біз поезбен таңға жуық тақаған едік. Ерте оянып, Бенгали уәлаятының көрінісін тамашалап келеміз. Оңтүстікке қарай ауыса түскендіктен болу керек, Бенгали штатының табиғаты қатты өзгере бастағанын байқадық. Бұнда ең әуелі егін-тегін даласы басым. Барлық Индияда адамы тығыз өлке осы. Бенгалиде әрбір шаршы километрге үш жүз адам келеді дегенді естідік. Дүние жүзінде ең халқы жиі өлкенің бірі — Индияның осы уәлаяты болса керек. Соның орайына жердің беті-жүзі адам еңбегінің әсеріне мейлінше берілген.

Бұл өлкеде бұрынғы уәлаяттардан әлдеқайда көп қыстақтар кездеседі. Үй шатырлары ерекше тігірек болып сопайып салынады. Жауын нөсері көп болатын шақтардан сақтанғаны болу керек. Пальманың жапырағынан жасалған салам тәрізді сұр шатырлар. Үйлер сұр балшықтан қаланған. Кей шатырлар ғана оқта-текте қызыл қыш черепицамен жабылған. Үйлердің көбі ыстық күннің өтінен қашып, ағаш-ағаштың көлеңкесіне тығылған. Бұнда ағаш та қызық боп өзгеленіп ұшырай бастады. Қазір көзге пальма ағаштары көп кезігеді. Кейде пальманың тоғайы да кезігіп қалады. Жалпы пальманың тегі әлденеше: сағалық, какостық, құрмалық, олифтік пальмалар болады екен. Бар пальма ұзақ жасайтын, мықты ағаштар. Рас, тағы бір ерен мықты ағаштың бірі — бамбукты мен алғаш рет кешегі Бенаресте көріп ем. О да зәулім биік боп, бас жағы майыса, жайыла шашырап өседі. Үлкен топ боп шоғырымен өсетін тәрізді.

Индияда, әсіресе оның оңтүстік жақтарында бамбук ең қымбат, ең берік ағаш. Салынып жатқан үйлердің басқышы мен үлкен құрылыс сыртындағы ағаш қоршау, жетек пен үй тірегі болсын — бәрі де бамбуктен істелетін көрінеді. Бамбуктың бітісі қамыс тәрізді, буын-буын, өзі тастай қатты, әрі жеңіл, әрі мықты. Қазақ сол қамыстың жарып иген түрін бұрын местелі шайдың сыртқы құрсауынан көрген болатын.

Калькутта маңында бамбук заңғар биік, Алматының ақ терегіндей аспанға құлаш ұрып тұрады. Көлеңкесі аз, зәулім ұзын ағаш бамбук пен пальмалардан басқа, Калькутта маңында тағы бір ғажап мангу ағашы да молайды.

Бенаресте Будданың храмына бара жатқан жолда біз сол мангу ағашының аллеясымен барғанбыз. Мангу ағашы қазір де қалыңдап, молайып келеді. Бұл аса зор, бұтақ-тармағы көп, көлеңкесі өзгеше мол, бір өзі жарым кварталдай орын алып, жайылып тұратын ағаш. Өзі көп жасайды.

Мен біздің тілімізде “ұзақ заман” жайын “мәңгі” деп атайтын сөзді “осы ағаштың атынан тумады ма екен” деп ойладым.

Калькуттаға жақындай түстік. Міне, енді біздің Одаққа осы оңтүстіктен апарылатын белгілі жеміс — банан бақшасы да көзге көріне бастады. Өңшең банан ағашы мен жемісінен құралған бақша өзі де оқшауланып ерекше болады екен. Жалбырап, құрақтай толқып, биік, мол ағаш бойында жапырақтары сілкінеді. Солайша тармақтанып өскен банан жапырағының әр саласына, кең саясына тығыла жабысып, үлкен-үлкен банан жемістері өседі. Олар жүзімнің тобындай боп шоғыр-шоғыр бітеді.

Қалаға кіре бере, біз зор қала Калькуттаның үлкен өндіріс пен мол сауда майданы екенін сезе бастадық. Калькутта, тегінде, Индияның ең халқы қалың үлкен қаласы. Бұнда 6 миллион адам тұрады. Дүниедегі үлкен порт қаланың да бірі саналады. Калькуттаның атақты ұзын көпірін де көріп өттік. Қала ішіне кіре бере, Индияда бірінші рет жаяу извозчик-рикшаны көрдік. Қара жылтыр, әдемі екі аяқ күймеге екі дертені көтеріп жегіліп алған рикшалар. Қап-қара борбайлары дедектеп, жалаң аяқ, жалаң бас күйде елбек қағып, ұшып жортып жүр. Оның күймесіне отырған

жүргіншілер арасында сақалды, ерлі-зайып, салмақты, пан жүзді адамдар да ұшырайды.

Қала орталығы төрт-бес қабат тас үйлер. Бірақ көшелер тарлау. Ерте сәске шағы болса да, халық жапыр-жұпыр, сендей соғылысады. Жүргіншісі аз, қағаберіс алаңы мүлде жоқ. Сол көшелерде қайнаған адам селінің арасында тағы да буйвол, есек, сиыр, рикшалар қақтығысып жүр. Бұл қала байлықпен, барлықпен қатар, барынша сорлаған жоқшылық, қайыршылықтың бетпе-бет кезігіп тоғысқан жері. Көше сайын қайыршы еркек, әйел, қара борбай балалар жалаңаш, аш күйде қаптап жүр. Шаштары кірлеген, дудыраған, ауру екені, көрі екені белгісіз, беті қатпар-қатпар болып қатып қалған қайыршы әйел қолына емшек баласын ұстап, машинаға үміткер қолын созып жүргізбейді.

Бұл қалада тілемсектердің көптігі адамды шошытарлық деуге болады. Сол қайыршылармен қатар Калькуттада үйсіз, панасыздар да көп. Кей ағаштар түбінде, әлдебір алақандай көгал алаңда немесе тас үйлердің тас іргесінде, ап-ашық көшеде жыртық, жұқа лыпасына шала оранып, бұралып жатқан адамдар талай жерде жиі кездеседі.

Индияға келмес бұрын Индия турасында оқыған бір кітапта “Калькуттаның үйсіз, панасыз жандары бірнеше жүз мыңға да жетеді” деп жазған еді. Сан мөлшерін білмеймін, бірақ бұл шаққа шейін өз тірлігімде көзбе-көз кездесіп көрмеген қалың жоқшылық, жүдеулік басқан мол жұртты, ер-әйелді, көрі-жасты, әсіресе тілі жаңа шыққан жас сәби қайыршыларды көргенім осы. Өнебойың тітірейді. Ал “сол жандар қайда тұр?” дегенді ойласаң, дәл қасында сұлу особняктар, бай мейманханалар, дүниелігі тіреліп тұрған мың сан магазиндер, бай банктер, асфальтті көше, ағылып жатқан американ, англия автомашиналарының нелер сәнді маркалары. Мұнда “шеврале”, “додж”, “бьюок”, “фиат”, “форд” дейтін машиналар жалтырай түсіп, өзендей ағады. Жаңағы жоқшылық, қайыршылық жағасынан күйлер күңіrentіп өтеді.

Калькуттада Индия халінің мол қайшылығы бетпе-бет тоғысып, қақтығысқандай дедік. Сондай қайшылықтың бірі көркемөнер атаулының кейбір сала майданында тағы айқын көрінеді. Мысалы, Ғылым академиясы, көп университеті,

бай поэзиясы бар Индияда кино өнері де, өндірісі де аса қатты өсіп, молая түскен. Ал сонымен қатар өзге елдер тарихында кинодан әлдеқайда бұрын туатын, біздің бүгінгі ғасырымыз ұғымынша танылатын театр өнері бар емес пе? Индияда сол театр мәдениеті өте сәл, солғын. Мысалы, бар Индияда бірде-бір мемлекет театры жоқ. Біз көрген Дели, Бенарес тәрізді ұлы қалаларда және одан бас-қа ескілікті қалаларда та театр жоқ.

Бүгін бізді Калькуттада бірінші рет Индия театрына алып барысты. Андасақ, бұл сол өнерді сүйетін бір ғана адамның өз пұлына ашқан театры екен. Алты миллион халқы бар Калькуттада осындай төрт театр бар, бәрі де жеке адамдар ұстайтын театрлар. Біз көрген театрдың артистері түгелімен арнаулы оқуы жоқ, театрдың маманы емес, тек жай өнер сүйушілерден құралған артистер тобы. Бірақ араларында халық ортасынан шыққан анық талантты, өнерлі бірен-саран артистердің бары байқалады.

“Шемали” деген пьеса, сол Шемали атты мылқау қыздың драмасын көрсетеді. Бірақ пьеса мен жалпы театрдың мәдениет дәрежесі де профессионал мәдениетті таныта қойған жоқ. Барлық мазмұн да, көріністер де орташа клуб спектаклінің дәрежесінде. Соған қарамай осы спектакльдің өзі де екі жылдан бері жүріп келеді деседі. Бұл театрдың залындағы жұрт та қызық. Онда оқыған, зиялылармен қатар, театрды “жай қызық” деп бағалаушы халық та аз болмау керек.

Залда, көрушілер арасында емшектегі баласын ала келген әйелдер де бар. Спектакль кезінде сол балалар шырылдап жылап та қойысты. Зал дабырлап, наразылық айтысып жатты. Дәл революция басындағы біздің ең алғашқы үйірмелеріміз клубтарға қоятын сауық кештерінің айнымаған өзі.

Калькуттадан Мадрасқа біз самолетпен ұшатын болып ек. Аэропортқа қарай ерте, сәскеде бұрын біз жүрмеген көшелермен жүрдік. Қаланың ішін, әсіресе сұрықсыз бір шетін осы жолы молынан көрдік. Тегі, Индияның үлкен қалаларының орталық тұстары бай болып, мәдениетті ағылшын үлгісімен салынған. Анық XX ғасыр ортасының европалық қаласы болып келеді. Бірақ осы Калькутта, кейін Мадрас, Бомбей және Делидің өзі, онан соң әсіресе

Пакистанның астанасы — Карачи тәрізді қалаларда тарихтық мәдениеттік, қоғамдық ұлы қайшылықтардың айқын бейнесіндей боп қаланың өзгеше бір бөлімдері кездеседі. Ол ең жүдеу де жадау, барынша жабайылық пен жоқшылық, сорақылыққа толы. Қайыршылықтың жүдеу тонын жамылған шеттер, шеткі аудандар мен көп кварталдар солар. Бұларды әрбір жаңағы атаған үлкен қалаларда “жергілікті елдің тұрғын бөлімдері”, туземный кварталдар деп атандырған.

Қаланың көрікті, тас сарайлы, мәдениетті бөліктерінен бұл кварталда тұратын адамдар көбірек. Анау бөлімдерде, жарастықты орталықтарда шетел байлары, фабрикант әкімдері, келгін саудагерлері тұрады және Индияның өзінің ішінен шыққан азғана топ байлары, әкім-төрелері, саудагерлері мекен етеді. Осы орталық пен жаңағы шеттер арасында ғасырлар жатқандай. Барлық күй-жай соншалық кереғар — жұмақ, тозақ арасындай бітімсіз қайшылықта.

Біз Калькуттаның орталығына өтіп, қаланың сондай бір шетіне тақай бере, үйлер нашарлай бастады. Әуелі аласа, жалғыз қабат үйлер молайса, содан әрі неше алуан қоқсық, жыртық лашыққа ұқсас жүдеу жайлар молайды. Жаман баспана, шоқпыт күрке тәрізді күйкі панасымақтар мола-йып кетті.

Содан да әрі шыға, шетіректе және де ағаш көбейе бастады. Бұның көбі мангу ағаштары тәрізді. Кейде төртеу-бесеуі тоғысса, толы тоғайға бергісіз. Біраз жерлерде жеке ағаштың өзі де ғаламат зор сая жасайды. Кейбір мангу ағашы сонша кең айналып, жайылып түскен. Көкшіл аспан жүзінде дөңгеленген, өзінше бір мол да, әдемі қоңыр кестедей. Ол кестенің өзі де өрнекті, мың нақысты, тас оюлы ескі храмдар мен сарайлардың кестелері тәрізді.

Мадрасқа біз “Дуглас” маркасына ұқсайтын шетел самолетімен ұштық. Жол алты сағаттық. Көрген мен сезгенді жайлы отырып, жаза түсуге бұ да бір оқшау жағдай дерлік. Сол жолдың көрінісін оңаша сырлас дос “күнделікке” жаза бастадық.

Әуе кемесінің трассасы (жол аңғары) Индия мұхитының Бенгал қойнауын басып өтеді. Астымыз теңіздің ең жайқын, анық “ұшан-теңіз” дейтін шексіз де түпсіз тау толқындары. Оқта-текте жер жағалар көріне түседі де, сәлден соң көз

ұшынан үзіліп, жоғалып кетеді. Ол шақта көп ертегілердегі бір жай еске түседі. Самұрық құс қанатында кетіп бара жатқан ерден құс: “жер қандай?” деп сұрағанда, ол: “жер тоқымдай” деп бір айтатын. Тағы бір сұрағанда: “жер теңгедей” деуші еді.

Сол жай еске түсіп, мен осы бір сапарымның өзін самұрық құс қанатына мініп ұшқан ертегі ерінің күйіндей көремін. Рас, менің самұрығым нақтылы маркасы бар, мынау самолет емес. Ол — өз жайымды теңеумен мегзеп айтқан сөзім. Ойдағы шешуім — өзге. Менің шын самұрығым: қазіргі социалистік Отанымдағы алтын заманым, шатшадыман шағым. Мені де, менімен қоса елімізді де алып қанатына мінгізіп ұшқан самұрық бар. Ол бұрынғы дүниеге де, ертегі қиялға да сыйып, келіп көрмеген ұлы самұрық. Ол — Октябрден басталған сәулелі социализм дәуірі.

Сол Отанда еңбек ету, өмір өріне жету, табыспен, адал еңбекпен қанағаттану және Отан сенген, құрметтеген қадір көру — барлығы сол самұрық қанатына мініп ұшқанмен тең деген ой келеді. Мына сәтте ассоциация жөнінен көңілге оралғаны осы еді.

Жол бойында, алты сағаттық сапар кезінде біз екі жерге түсіп, дамыл алдық. Бұл орындар қала емес, шамасы, қыстақ көлемінде бір алуан көрініс жайлары. Теңіз жағасында тұз сүзіп алып, соны сорғытатын шақпақ тақталар жасаған бір өлкелер. Осы жайға самолет қонарда біз теңізден, бұлттан, сан биіктен асып ұшып, сүңгіп шығып, оқыс кеп жеттік. Дәл қонар кезіміз, жерге жетер шағымыз қызық болды. Теңізден жағаға қарай беттей бергенімізде, қалың, биік, қоңыр тау көрінген. Сол тау ұзақ, қыртысты емес, үзік-үзік. Әр бөлегі әр бітімді таулар екен. Бәрінде де өсімдік қалың. Кейбірінің төбесіне дейін қара жол жеткен. Үйлер де, храмдар да аз емес. Жалғыз ғажабы, бір араға жиылғалы, тоғысқалы тұрғандай әр бөлек: қырқа, шоқы, серек, доңғал, заңғар, тектүр, шақпақ, керегежал — бәрі де оқшау-оқшау, бітім жаратылыс танытады.

Шапшаң ұшқан самолеттің тездігімен шолғанда, жаңағы таулардың бәрі де бір араға тоғысқан да, осы өлке тамаша биіктеген тасты, жүндес таулармен әдейі безелгендей. Сирек қызық бір ерекшелігі, самолет жақын таулардың көрініс пейзаждарын тез құбылғыш динамикалы күйге

айналдырады екен. Таулар аралары сәл үзіле береді де, әредікте пальма, мангу, банан атаулының әлденеше топтары, бақтары өз сорттарымен көріне қалады. Және де шақпақталып бөлшектенген көгалды далашықтар ұшырайды. Оларды суаруға арналған бөлек-бөлек сулар ыдыстарға құйылған арнаулы, сақтаулы үлес сыбағадай. Жаңағы таулар мен осы көріністер кейде өте шапшаң ауысып, ұйтқып өзгеріп қалысады.

Енді бір шақта осындай қызық жағалардан тағы да үзіліп алыстап, ұлы теңіз қиянына жеттік. Осыдан Мадрасқа жеткенше жер-жаға жоғалып кетті де, біз тек қана теңіз үстінде болдық. Бір уақыт астыңғы жағымыз көбінше өркештелген, будаланған ақ бұлт екен. Сол көріністің арасында бір шақта ойда жоқ тамаша сәт туды.

Жырақта, төменде теңіз суы жасыл-көк боп мол жайылғанда, соның бетіне біткен жеке-жеке кішкене ғана ақ бұлттар түтеленіп, шашырай қапты. Ғаламат бір хал байқалды. Енді астыңғы жағымыз кәдімгі ашық күнгі ұшпа бұлты бар, кең, көк аспанның өзі болып апты. Мүлде аспан төңкеріліп астымызға түскендей. Осы шақта кей жолдастар үйлеріне хат жазып, адресін: “Калькутта — Мадрас самолетінен, Индия теңізінен” деп атасты.

Осы күні таңертең біз Мадрасқа келдік. Қарсы алған жұрт көп еді. Бәрі де Индия интеллигенциясы. Бұлардың киген киімдері тегіс ақ түсті. Анық жаздың жеңіл киімдері. Костюм киген кісі жоққа тән.

Индияның терістігінен бұл жақта үлкен айырмыс бары байқалады. Февральдың 11—12-сі болса да, біз анық ыстық жаққа ауысып қаппыз. Бұл жолғы түскен мейманханамыз қаланың теңіз жақ жағасында екен. Бір жақта мол теңіз, екінші жақта үйлерден бойы биіктеп асқан тек қана тамаша, зәулім сұлу пальмалардан құралған бақша. Бұл анық кокос пальмасы болу керек. Өйткені биік кеуде тұсында шоқпарланып, жүз-жүзден үйілісіп өсіп тұрған көкшіл, жылтыр жаңғақтары бар.

Жайғасқан бөлменің екі жағындағы терезелерден көп бояулы сұлу құстар көрінеді, дамылсыз үндері естіледі. Андасам: бәрі де бірде бажылдап, біресе бақыра түсіп, немесе сықырлап, тынымсыз үн салып жүрген тотылар екен.

Осы күні түсте біз Мадрас губернаторының қонағында болдық. Мұнда аса көп жан жиылған екен. Мадрастың басшы әкімдері мен көрнекті зиялылары келіскен. Ара-ларында оқымыстылары, дипломат, министрлер, шетел елшілері, дін ұстаздарымен қатар, әнші, киношы ер-әйелдер жиылыпты.

Ескі Индия үлгісінде жырлайтын атақты әнші әйел концерті болды. Сахна ашық, айнала гүлдер мол. Жұртшылық қатты қадірлейтін әнші әйел екі көмекші қыздарымен, өз оркестрімен тегіс сахнаға шықты да, тура жерге отырыс-ты. Сол қалпында ұзақ уақыт жырлады. Индияның көп күйлері мен әндеріне де діндік, поэзиялық мазмұн, сарын айнымас дәстүр болып мол жайылған. Мынау әнші әйел сондайлық үлгідегі күйлі жырлар орындады. Осы жиында біз Индияның көпке мәлім, қарт дипломаты Раджагопалачариямен кездестік.

Ең алғаш ол кісімен Делиде, президенттің сарайы қасында, Моғол паркінде танысқан едік. Сурков пен екеуі аз қалжыңмен қағысып өтіскен болатын. Бұл жолы және де аз әңгіме үстінде біз ол адамның үнемі сергек ойлы, аса тапқыр және өте айтқыш, қазақша суреттегенде анық “от ауызды, орақ тісті” кісі екенін байқадық. Өзінің сырт бітімі де еріксіз көз тартады. Тақыр, бурыл басының бет жағы қойбастау келген. Үлкен, ұзындау имек тұмсығы, сирек сары тісі, үлкен аузы — бәрі де ілгерілей, ұмтыла біткен. Арық денесінің сіңірлі, тарамысты бітімі, ұзын саусақтары, мойны, кеңірдегі де әлдебір тұмсықты, тұяқты көрі қырандарға ұқсатады. Әжімді жүз, ашаң бойы әлсіздік, қажығандықты білдірмейді. Қайта пісіп, қатып қалған қағылез, алғыр қырғын қабілет танытады.

Ол бір теңеу сөз сөйледі. Біздің елдің соғысты, жаулықты сүймей, тыныштық, бейбітшілікті сүйетінін Сурков айтқанда, жауап етіп, жаңағы теңеуді айтқан еді. “Әр мемлекет әрбір үй салушы тәрізді. Үйді құймамен қоршайды ғой. Өзін сақтау, сақтану үшін солай етеді. Бірақ сол өзін сақтау инстинкті кейде шектен асып, агрессияға айналады. Әсіресе, байларда солай болады. Мысалы, Америка бай, сол байлығы үшін қорқады да, сендерден “сақтанамын” деп пәлеге өзі бас болады. Мысалы, Индия кедей, сондықтан ол қорықпайды да, сақтанбайды” деп күлді. Сол әзілге орай

кедейлер жақсы болатынын, әділ болатынын айта бастаған Сурковтың сөзін бөлді де, қарт дипломат өзінің таптық құбылысына қарай шұғыл бұрылды. “Кедейлік мақтарлық, сүйсінерлік күй емес, ал кедейлер ызақор, сотқар болады”, – деді.

Бұрын Англияның Индиядағы азаттық қозғалысына қарсы жасап жүрген әрбір айлакер саясатының бір шағында, осы қарт дипломат сол Индияға вице-король боп та сайланған-ды. Әрине, сондықтан бұның қоғамдық көзқарасында неше алуан ойқы-шойқы оқаптар да жоқ емес болу керек. Сонымен қатар от ауызды, айтқыш, алғыр осы дипломат жақын шақта Американың соғысқұмар қанқорларын сынап сөйлепті. “Егер Америка бейбітшілікті біз де тілейміз дейтін сөзді шын ниетімен айтса, соған бірақ дәлел өтінуге болады. Осы күнге шейін жасап алған атом бомбаларының бәрін теңізге тастасын да, құртсын. Өйткені дүние жүзінде бір мемлекетке соғыс қаупі жоқ болса, соның бірден-бірі Американың өзі. Құралды тастасуға келгенде, ең алдымен Америка тастаса, әділет сол болады. Өзгелерге үлгі кепіл де сол болады” дегендей сөз сөйлеген. Индия дипломатының осы алуандас сыншы, тапқыр сөзі біз Индияда жүрген шақтарда дүние жүзіндегі сан тілдердегі баспасөз жүзіне түгел тараған болатын. Өткір тұмсық пен салалы көк темір тұяқты әп-сәтте жарқ еткізіп жұмсап жіберіп, бұрқ еткізіп қан төгіп тастайтын қыран бар. Қарт дипломаттың сол кәрі қырандай бір алғыр мінезі, қимылы Американың бүлігі мен бұзарларына қарсы солай жұмсалған екен.

Осы күн кешке бізді тамил тілінде жазатын жазушылар мен ғалымдардың оқшау бір жиылысына шақырған еді. Бұл жиынға келген халық және де мол болды. Губернатор да келіпті. Жиналыс осындағы екі кәрі оқымысты филолог, жазушы адамдарға жасалған юбилей мерекесі екен. Бұның бірі – Пиллай зерттеушісі, тамил әдебиетінің классикасын ұғынуға көмек еткен, әрі журналист, әрі ақын қарт. Екіншісі – тас жазуларды шешкен Айвангар атты қарт екен. Бұл кісі Мадрас колледжіндегі тамил тілінің профессоры. Оның жақындары да тамил әдебиетінің өсуіне көп еңбек еткен. Бұрын тамил тілінің сөздігі туралы Чандлер деген ағылшын жазған еңбек бар екен. Сөйлеуші шешендердің

бірі сол еңбектің тамил тіліне қонбайтын, жанаспайтын одағай, теріс шалалықтарын ашып, көпті күлдіре сөйледі. Мынау оқымыстылардың бұл жөнде ғылымдық зерттеуді дұрыс жолға бағыттағанын айтысты.

Жиында Мадрастың губернаторы екі қартты құрметтеп сөйлеп, екеуіне арнап сыйлар ұсынды. Бірақ бұл әкімнің өзі тамил тілін білмейді екен. Сол себепті өзі индус бола тұра, ағылшын тілінде сөйлеуге тура келді.

Индияда 60-қа жуық тілдер бар деп саналады. Соның ішінде 15 тіл ірі тілдер. Ол тілдерде көп халықтар сөйлейді. Сондай тілдер: һинді, урду, бенгали, тамил, марати, гуджарати, ассам, канери, малаялум, пенжап тілдері сияқты топтар. Бұл тілдердің ішінде һинді тілінде сөйлейтін халық бөрінен де көп саналады. Сол себепті Индия үкіметі енді 15 жылдан соң Индияның мемлекет тілі етіп һинді тілін кіргіземіз деп жариялаған. Бірақ мынау тамил тілі сияқты, ескі тілдердің арасында: 10 миллион, 20 миллион, кейде 30 немесе 40 миллион халық сөйлейтін көне тілдер бар. Ол тілдерде бірнеше жүз жылдардан бері туып-өскен көркем әдебиет және өз классикасы бар. Толып тараған, дамыған әдебиет тілі қалыптанып отыр. Енді ағылшын әкімшілігінің заманында барлық пәлен жүз миллион индус халқына тек бір ғана отаршылар тілі — ағылшын тілі боп жүрген болса, бұл күнде жаңағы жергілікті үлкен тілдердің бөрі де жойыламыз деп ойламайды. Ол тілдерді тұтынған халықтар топтары да өз тілдерінен не қып оп-оңай айрыла қояр екен.

Әдебиеттік, ғылымдық және көркемдік сапа жағынан салысқанда, жаңағы аталған тілдердің көбінің жазушылары өз тілдерін һинді тілінен әлдеқайда “мәдениетті, өнерлі тіл” деп санайды. Осы тілдер таласы бүгінгі Индиядағы аса бір үлкен қайшылықтың тағы бір алуаны тәрізденді.

Бір жағынан қарасақ, әрине, бүгінгіше, барлық азат Индияда қуылып кеткен отаршы ағылшынның тілі ғана мемлекет тілі, ғылым тілі, жас буынның жоғарғы оқу орындарындағы тәрбие тілі болып отыруы жол емес-ақ. Ағылшындар саясаты өздері билеген 100 жыл ішінде сондай қасқой, қатал айламен ұлы халық Индияға ағылшын тілінен басқа бүкілхалықтық, мемлекеттік бір тілді жасаттырмаған. Сонымен, бүгінгі республика болған азат Индияда көп тілдер қатар жасап, таласып отыр да, әзіргі

барлық Индияның баршалық оқыған, көзі ашық мәдениетті қауымына түгел ортақ жалғыз тіл ағылшын тілі ғана болып отыр. Бүгінгі кейбір индиялық тілдердің өкілдері — индустар өзара ұғысқанда тек ағылшын тілінде ғана тіл қатысып, ұғыса алады. Өзі индус, өзі Индияның отаншыл партиясы, конгресшілер партиясының көрнекті мүшесі. Мадрас губернаторының өзіндей индус оқымыстылары туысқан тамил тілінің зерттеушілері алдында тек қана ағылшын тілінде сөйлейді. Осы ерсілік, қайшылықтың себебі шынайы бүгінгі Индия болмысының терең қиынында жатқан қайшылықта.

13 февраль күні біз Мадрастың маңындағы жаңа үлгі-жоспармен құрылған ауылшаруашылықтың бір зор құрылысына қарай аттандық. Тәжірибе ретінде Индияның көп жерлерінде Индия үкіметі көп күш жұмсап, бейіл беріп жаңадан ұйыстырып жүрген үлкен шаруашылық үйірмелер бар. Оларды “Жалпының жоспары” (Общинный проект) деп атайды. Бұл жолы біз сондай шаруаның екінші бір түрін көруге бекінген едік. Осы алуандас шаруалы құрылыстың біреуі “Санипатыны” біз Дели маңынан көргенбіз. Қазіргі біз баратын сондай тәжірибе шаруасының аты — “Кульпаттандалам”. Сол шаруаға жеткенше, жол бойында біз егіс даласын аралай жүрдік. Бұндағы егістің көбі күріш. Мадрас маңында ол жылына екі рет орылады. Бұдан арғы оңтүстікте жылына үш рет орылады екен.

Біз жаңа тәжірибе шаруашылығының орталығына жеткенімізде, қыстақтардың көп үлкендері мен балалары алдымыздан шығып, достық, құрмет бейіл көрсетісті. Қыстақтардың жастары концерт жасап, ашық сахнада өз өнерлерін танытты. Ұсақ балалар денірек болған концертте Индияның әндері, билері орындалды.

“Жалпының жоспары” дейтін шаруа көп жанды ұйыстырған қоғам. Мысалы, осы бір шаруашылықтың өзінде халық саны 2 миллион екен. Бұндай шаруаларды ұйыстыру жөнінде жоспарларын бекітіп, қаражат жәрдемін беру, құрал-сайманды қамтамасыз ету жөнінде үкімет көп көмек көрсетеді. Осындай шаруашылық ауданның басына үкімет тарапынан жіберілген басшы ұйыстырушы — инспектор болады. Сол инспектордың бұл шаруа жөнінде берген мәліметтері, ауыл шаруашылығына мәдениетті

басшылық пен ұйыстырғыштық жұмысы ойдағыдай жақсы жемістер беретінін аңғартады.

Мысалы, мынау шаруашылық ауданында күріштің өсімін үш есе арттыру мақсат етіледі. Сол жөнде 30 акр жерге күрішті жапонша егу тәжірибесі қолданылып жатыр. Бұнда ағаш өсіру жоспары да бар. 5 мың түп ағаш орнату жоспарлық тапсырма екен. Соның 4 мың түбін орнаттық дейді.

Қыстақтарда көпшілік пайдаланатын мол сулы терең екі құдық қазыпты. Мал қора салыныпты. Халық күшімен жол салыпты. Көпір жасапты. Жаңағы екі миллион халық тұратын осы бір шаруашылық ауданға қараған қыстақтар саны 110 екен. Соның әрқайсысында жаңағы әр алуан жұмыстың арнаулы тапсырма таблицасы бар. Орталығында мәдениет үйі де бар. Үш айлық жоспар бойынша жеке шаруалар тұратын үйлер түзеліп салынып жатыр. Олардың шатырлары салам орнына черепица болған. Сондай үлгілі боп салынған бір үйде тазалық, тәртіп айқын байқалады. Еден кірпіш, жатын үйден ас орны бөлек, қорасында өз құдығы бар, ретті үй. Осындай үйді көбейтпекпіз деседі.

Инспектордың әр қыстақта алты қыз, алты жігіт көмекшісі бар. Ерлер мен әйелдер арасындағы жалпы шараларды жүргізуге көмек етіседі дейді. Қыстақтық шаруалардың денсаулық, тазалық қамдарын ойлау ретінде, әр қыстақта көпшілік пайдаланатын әжетхана жасауды да осы жоспарларына кіргізіп, қолға алысыпты.

Бұл сапарда біз баяғы замандағы көне Индияның мықты порты болған бір жайға соқтық. Ол жерде және де тұтас жартастан шауып, қашап жасаған “Махабалипурам” атты жартас храмы бар екен. Бұл храм VII ғасыр ескерткіші. Осында шөке түсіп жатқан бұқаның тас бейнесі бар. Адам мүсіндерінің ішінде әрі еркек, әрі әйел бейнесі, екі жыныс қақ бөліп алғандай, адам тұлғалары да көрінеді. Жаңағы храм осы мүсіндермен тегіс Шиваға арналған ескерткіш. Жауын мен жайдың құдайы пілге мінген қалпында бейнеленген.

Бүгін біз бір топ қыстақ адамдарының өлікті әкеле жатқан шағын көрдік. Өлген еркек екен. Аузына кептеуіш тығып, биік көтергішке салып, үстіне шатырша жасап, қал-

калап алыпты. Бойына жібек жабылған. Ең алда қартаң, суық түсті адамдар келеді. Солардың қасында жастау бір адам оқтын-оқтын әндетеді. Жоқтау айта ма немесе дұғаны әндетіп айтып келе ме, айыру қиын. Алдыңғы топтың артын ала үш кісі келеді екен. Олар шөңкеде түгіндеген от-шаланы көтеріп әкеле жатыр. Сол отты ұстап келе жатқан — өлген жігіттің әкесі екен. Өзі өртемекші. Табыт артынан 30-40 шамалы жартылай жалаңаш еркектер келеді. Әйелдер жоқ. Өлікті жағатын жерде оларға болуға жол жоқ.

Біз келген аудандық өлке шаруасы осыдан 5-6 жыл бұрын ұдайы құрғақшылыққа ұшырай беріпті. Бар дүние күйіп, түк шықпай қойыпты. Тек соңғы жылдар жауын жақсы боп, жаңаша ұйысқан аудан едәуір күшейіп қалыпты. Сонда да инспектор ауданды “кедей” дейді. Бірақ Калькутта қаласы мен Мадрастың жергілікті халық тұратын аш кварталдары бұнда жоқ. Біз болған қыстақтардағы адам ажары ондайлық аш, жүдеу, бұрлыққан сияқты емес. Қайта көңілді, қайыршысы мүлде жоқ. Бала мен үлкен бәрі де сергек, қызыққұмар, шынайы тірлігі тәуір, дені тетік елдің қас-қабағын байқатады.

Мадрастың өзінде келесі күні таңертең және де Индия архитектурасының ұдайы аталатын мақтаны — ерекше бір храмды көрдік. Салынғанына мың жылға жақын мезгіл өткен “Кабалиширатем” атты храмның алтындаған күмбезшелері бар. Сыртының бәрі барельеф, скульптура. Бұнда гранит тасы молырақ қолданылған. Әр этажда тастан қашап, ағаштан оюлап істеген нақыстар мол.

Екі миллионға жуық халқы бар Мадраста және де храм аралауды жеткіліксіз көріп, бір жолдаспен жеке бөлініп, қаланы еркімізше аралауға кірістік. Сөйтіп, біз ұлы теңіз жағасында кәсіп еткен Мадрастың балықшыларына келдік. Бұл тұста теңіз жағасы толып жатқан жүдеу, жыртық кішкентай ғана күркелер мен кір басқан балағандарға толы екен. Ерлерін тосып теңізге қарап тұрған әйелдер көп. Кешеден кеткен бірен-саран балықшылар тұманды теңіз толқынынан үзіліп шығып, біртіндеп қайтып жатыр.

Бұнда келерден бұрын біз жол бойында қаланың тағы да тамаша үй-жайларын көргенбіз. Сол қатарда үкімет үйлері, сот көшесі, сауда орталығы, мол сауда көшесі бар сәнімен, байлығымен жарқырай көрініп еді. Енді

жұмысшы қаласына, жергілікті халық тұратын қала шетіне келсек, сәл түзелген аз жерлері болғанмен, масқаралық, бейшаралық қарғысын мойнына киген күйде, барынша жүдеу-жадаулықта тұрған үйлер, кварталдар көп екен.

“Бұрынғыдан оңдала түсті” дейтін жұмысшы қаласының бір бөлімі бар екен. Онда су бар, әжетханалар салынған. Жұмысшы қаласы Рагнер дейтін жазушының атындағы қала екен. Сондағы бір мектепке кіріп ек, бірінші класта 60 бала оқып жатыр. Класс іші еріксіз түршіктіреді. Жаңағы 60 шамалы ұсақ балалар азғантай жерге бүрісіп, жұқа бойра үстінде, жерде отыр. Бөлме төбесі шошақ, өзі қамыспен жабылған. Оқытушы жалаң аяқ. Бұл тұста тек көше ғана кеңейе түскен. Бірақ сол араға жақын тұрған нелер сорлы жыртық лашықтарды көрдік. Кейбіреулері ін тәрізді. Ішіне кірсең, қап-қараңғы, ыс басқан. Адам отырар орын – тек құрғақ кара жердің өзі. Масқара түрдегі бағы заман жабайылығы дәл осы Мадрас қаласына кеп орнағандай.

Ұзақ жүргенде жаңағыдан біраз түзеліңкірей түскен, бірақ сонда да адам шошырлық жұмысшылар үйлерін көрдік. Мадраста да үлкен қаланың үлкен қайшылық, ерсіліктері Калькуттадағы қалыпша бетпе-бет ұшырасқан. Бір жағынан қарасақ, бұнда уәлаятты билейтін парламент бар. Оның басында отырған Индияның өз қайраткерлері. Қалада ең зор университет бар. Жалпы қала байлығына қарасақ, бір жағынан шалқыған мәдениет байлығымен келісімі, әсемділігі аңғарылады. Екінші жағынан қарасаң, жаңағыдай бейшаралық, қорлық пен масқаралық халдегі кедейшілік, құлшылық бадырайып тұрып, бетіңе оттай басылады. Бұнда рикшалар да көптен-көп. 2 мың 500 шамалы рикша бар деседі. “Калькуттадан Мадрас рикшаларының артықшылығы бар” деп ақтау айтысады. Себебі сырт көзге орынды да сияқты. Бұнда жүргіншілерді мінгізетін екі аяқты күймені рикша жаяу жүгіріп тартпайды, велосипедке мініп ап, жегіліп тартады. Бірақ ол да жеңіл еңбек емес. Велосипедті рикшаның өз жүгін тартқанда, артын басып отырған біреуін көрмейсіз. Жүк ауыр болғандықтан, бәрі де түрегеп тұрған бойында тағы сол сорлы екі аяққа күш салады.

Біз көрген кедей кварталдар, жыртық балаған, жарты лашықтар, әр алуан жер үйлер — бәрі де сондай рикшалардың, сондайлық жалшылардың, қара жұмысшы мен сорлы кедей қызметкерлердің, малайлардың, қайыршылардың балағандары, баспанасымағы болса керек.

Енді бір кезек көп уақытымызды атақты Мадрас университетіне арнадық. Бізбен әңгіме жүргізген бұл университеттің нағыз басшысы, вице-канцлердің өзі еді. Университет ең алғаш 1857 жылы ашылыпты. Бірнеше колледжі сонда туған. Қазір гуманитар ғылымының өзінен 30 кафедра бар. Бұл қатарға шығысты зерттеушілер колледжі мен көркемөнер колледжі де қосылады. Мамандық жақтан: технологиялық, малдәрігерлік тәрізді колледждер де бар. Шығысты зерттеу ғылымдарының ішінен санскрит, араб мәдениетін, парсы мәдениетін, тілдерін зерттейтін бөлімдер бар.

Мадрас университеті өзі тұрған штатқа кең жайылып, мол тарап орналасқан. Жиын саны, бір осы университеттің 35 мың студенті бар. Қазіргі дүниеде оқушы саны ең мол университет осы болса керек. Бұнда Сиамнан, Африкадан, Бирмадан да келіп оқып жүрген студенттер бар. Жиынын санағанда, университетте 60 шамалы колледж бар екен. Әр колледжге 80 не 100-дей ғалымдар келеді. 35 мың оқушының жеті жарым мыңы әйел. Олар бар факультетте де оқиды. Бұнда көп колледждің бастықтары әйелдер.

1957 жылы осы университеттің 100 жылдығы болмақшы. Университет басшылығымен әңгімелесуде, ағылшын тілі жөніндегі қайшылық үлкен де қиын проблема екенін айтыстық. Бұл мәселе көп түйіндермен байланысты. Оңай шешілетін мәселе де емес. Әзірге ғылым құралы, кітаптар тегіс ағылшын тілінде. Азғана кітаптар хинді тілінде жазылса, ол тек гуманитар ғылымдары жөніндегілер ғана. Ал осы уәлаяттың тілі тамил тілі болғанда, ол тілде 30 миллионға жуық халық сөйлесе де, бұл күнге шейін университеттің бірде-бір лекциясы тамил тілінде оқылмайды. Тіпті ескі санскриттің жалпы сабағы да ағылшын тілінде оқылады екен. Тек арнаулы курс қана, санскриттің өз текстерін оқуда ғана ағылшын тілінен сәл үзілетін көрінеді.

Бұл университетте оқу үшін ақы төленеді. Аз ұлттар өкілдері ақыны жартылай төлейді. Қоғамдық ғылымдар факультеттерінде оқу ақысы 150 рупий болғанда, профессионалдык факультеттерде 250 рупий екен. Университетті бітіруге төрт жыл керек. Оны тамамдаған кісі магистр болады. Доктор дәрежесі үшін 5-6 жылдар керек. Бұл университет — жалпы Британия бірлігіндегі университеттері тобының толық мүшесінің бірі.

Сол күні кешке біз Индиядағы би өнерінің үлкен шебері Гопинахтың үйі мен студиясында болдық. Бұнда Мадрастағы Индия-Совет достығы қоғамының жиылысы да болған еді. Гопинахтың шәкірт қыздары — студия оқушылары болып саналады. Банан мен бамбук өскен кішілеу бақшаның ішінде Гопинахтың өз үйі бар. Бақша ішінде сырты бойрамен жабылған, асты жылтыр тас жабық сахна бар. Сол сахнада шәкірт қыздардың би өнерлері көрсетілді. Бұндағы оркестр де Гопинахтың өзінікі.

Бүгінгі сөйлеген қоғам мүшелерінің достық ниеттері өзгеше. Олар нақтылы, айқын бір тірлік арманын айтты. Олары — орыс тілін білу жөнінде. Тым құрыса бір дұрыс оқытушы болса, бір жылдан соң жүз кісі жаңа оқытушы шығар еді. Орысша жазылған кітаптар да біз үшін аса ділгір. Индия тілдеріне орысшадан көп аудару керек. Өйткені бұрынғы заманда Совет кітабы түгіл, ескі Россияның классикалық әдебиетінің өзін де Индияның бұрынғы тәкаппар, паң қожалары — ағылшындар Индия тіліне аудартпаған. Қайта бөгет жасап, кедергі боп келген. Сол себепті бүгінгі Индияда орыс тілін білушілердің саны өте азғана. Тегінде, орыс тілін Индия халқының білуінен гөрі, Индияның негізгі екі тілі — һинді мен урду тілдерін біздің Одақта оқып білу әлдеқайда молырақ деуге болады. Достық ниет мол, барынша адал, шын болудың жағдайында біздің халықтарымыздың тілдерін білмеу және бір қайшылық түрі. Бірақ бұл жолдағы қайшылық пен қиындық өзге жоғарыда аталған қайшылықтардың бәрінен де тезірек жеңіліп, жойылатын қайшылық деп сенеміз. Себебі барлық Индияның қалалары мен қыстақтарында совет халқына, социализм отанына деген ынта-бейіл соншалық адал да зор болғандықтан, біздің индиялық қалың достарымыз біздің тіл-

дерді — орыс тілін тез заманда-ақ мол білетін болады деп нық сенеміз.

IX. Ыстық түстікте

Мадрастан біз және де самолетпен ұштық. Араға екі рет тоқтап, әлденеше таулардан асып ұшып, теңіз жағасындағы көрнекті бір порт — Кочин қаласына жеттік. Жолдағы таулардың көпшілігі биік екен. Өздері тегіс ағашты, қалың жыныс өсімдігі мол, сайлары, беттері де қалың құйқалы. Анық жолбарыстай жайын аңдар жүретін әртүрлі жыныс тоғайлар меңіреулер болғыдай. Таулар арасы үзіліп, алаң бола қалса, үнемі қалың егіс байқалады. Алақандай төріне шейін тегіс су жайған, шақпақ бөлікті, еңбек — өнім далалары, өлкелері гүл жайнайды.

Бұл жақта күн ыси түскен. Делидегі күндер әдемі қоңыржай, самал салқын жайлы күндер екен. Мадрасқа келгеннен бері, енді міне, бүгіндер біз жазғы киімнің де ең бір жеңілін — жеңсіз жалғыз қабат, жібек көйлек киюге ауысқанбыз. Қазір біз Индияның оңтүстік-шығысына қарай өтіп, теңіздің екінші жағасынан — батыс жағынан кеп шықтық. Шағын қаланың бар бойына, қалың ортасына дейін теңіз суы ойысып мол кірген. Жарымы суда тұрған өлке тәрізді.

Теңіз суы қойнау-қойнау бухта болғанда, араларындағы құрғақ жер көтеріңкі. Қаланың су аралас бөлімдері жемісті, бақшалы. Әсіресе пальма бақшасы тәрізді өсімдіктерге толы. Кейде арал, кейде түбек тәрізденген бақшалы құрғақта пристаньдер. Теңізге сұғына, созыла төніп тұрған әдемі үйлер көп. Сол үйлердің қақ қастарында, көк мөлдір терең суларда пароходтар қайықтар, желкенмен жүрген кемелер көп-ақ.

Біз тағы да жақсы бір қонақжайға орналастық. Әр номер бірнеше бөлме. Төрінде кабинет, алдыңғы бөлме әдет бойынша жатын орны — екі төсек болады. Әдемі, сырланған биік жабыншы бар. Өзіміздің Орта Азияда аты белгілі “масахана” дейтініміз бұнда төсектің төбе жағындағы сәнді жабыншыдан төмен салбырап тұратын аса жұқа ақ шымылдықтар болады. Үнемі айналып, зырлап тұратын

электрлі желпуіштер бөлменің төбесінде. Ең рахаты, еңбек бөлмесінің терезелері көлеңкелі ұядан тура теңізге қаратып шығарылған.

Маған тиген бөлмелердің терезе түбінде қайықтар, желкенді кемелер жақын ғана жерде мөлдір жасыл су бетін үнсіз сызып жүр. Теңізден самал соғады. Дәл теңіздің жақын кемерлері таспен көмкерілген. Бұл шақта біз Индияның оңтүстігіне мейлінше жақын тақап келіп отырмыз. Енді машинамен 65 мильдей жер жүріп, осы уәлаяттың атақты қарт жазушы-ақыны Валатхолоға бармақшымыз.

Уәлаяттың тілі малаялум деп аталады. Халықаралық лауреаттық сыйды алған Оңтүстік Индияның қарт ақыны Валатхоло сол малаялум тілінде жазады.

Біздің Делиге келгенімізді естіп, делегация ішінде бірнеше жазушылар барын білген соң, қарт ақын сол Делиге хат жазып, біздің делегацияны өз мекеніне шақырған болатын. Ол — Траванкор дейтін кішілеу қала. Ыстық, аңызға шақта, түскі сағат үштің шамасында біз қарт ақынның қаласына қарай бірнеше машинамен жол тарттық. Жол бойында пальма бақтары кейде қалыңдап, тұтас тоғайдай боп аспан атып едәуір созылып кетеді.

Бұл пальмалардың жапырақтары молырақ. Тоғайдың саясы да көбірек. Адам жайы, кішкене үйлердің бәрі де сол ағаштардың саясына, баурайына тығыла түскен. Анық Индияның жер дүниесі, жаратылыс, құрылыс қалпы осы алуандас деуге болады. Бүгіндер бізше 40 градустан асқандай ыстық леп соғады. Машинаға қызыл жел, пештің жалынындай боп, кейде кеулеп, тұншықтыра ұрып кетеді.

Осы жолда біз өзенге кездестік. Көпір жоқ, паром әр машинаны жекелеп өткізетін болды. Бір тәуірі, екі паром қатар әрекет етеді екен. Паромдарды көп жалаңаш адамдар бамбук сырықпен итеріп айдайды. Кейде жеңіл паромдарды суға түсіп ап сүйреседі.

Кеш батар шақта біз қарт ақынның дөң басындағы үйіне тақап келдік. Біздің осында келетінімізді естіп, 350 шақырым жерден Индияның Одақтағы елшісі Менон мырза да осында келген екен. Қарт ақынның дос халқы бізді аса зор құрметпен қарсы алды. Үйден жарты шақырымдай жердегі ойға машиналарымыз келіп тоқтағанда, шұбыртқан қалың топ алдымыздан қарсы шықты. Машиналар тоқтап,

біз түсе бергенімізде, екі зеңбірек атылып, салют берілді. Мойындарымызға Индияның дағдылы гүл гирляндары көп-көптен киілген еді. Қарсы алған жұртпен бірге қаңғыр-күңгірі күшті музыка ойнала отырып, жаяулай басып төбе басындағы үлкен үйге жеттік. Жолдағыдай үй жанында да халық қаптап тұр екен. Валатхоло, тегі, үлкен кем-кетік боп қалған адам. Екі құлағы тарс біткен саңырау. Аузында бір тіс жоқ. Бірақ сақал-шашы тегіс қырылған. Қозғалыстары әлі де өте ширақ, бойы сып-сида, арық келген, ұзын бойлы, каратақыр кісі.

Осы кеште біздің делегацияға көрсетуді Валатхоло арман еткен театрын көрдік. Ол өзгеше, барынша ескі классикалық тақырыпты баяндайтын, Индияның ең ескі дәстүрлі театрлық, музыкалық өнерінің бір алуан түрі екен. Театрға халық аса мол, тығыз жиылыпты. Залдағы жұрт жерде отыр. Сыйыса алмаған көпшілік қабырғаларды айнала түрегеп тұр. Сахна аласа ғана. Оны айнала кептей жабысып, жас балалар мен өңшең жастар отыр. Әуелгі көрсеткені ескі үлгідегі билер еді. Тауыс боп биледі. Жыланды арбаушы боп та бір қыз биледі. Содан кейін пьеса басталды. Бұндағы көріністер біздің түсінігіміздегі театр спектаклінен мүлде өзгеше де, басқаша. Кейіпкерлердің бәрі де маскамен ойнайды. Олар бағы заман тақырыбынан алынған діндік, эпостық аңызды баян етеді. Аңыз-спектакль “Рамаяна” эпосындағы құдайдың бірі Рама мен оның қалыңдығы сұлу Сита жайындағы әңгімеден алынған.

Бірақ осы оқиғалар қаңғыр-даңғыры, барабандары есті шығарғандай боратып соққан, қалың шу, тарсыл-гүрсіл арасында жүріп жатады. Сол күйлердің шарылдаған, бажылдаған, даңғырлаған қалпындай: айғайы, бақыруы көп демон жыны шығып, отпен алысады. Жеңе алмайды. Қыз реңдес маскалар шығады. Жын бұларды бағып, тоғайдан баспалап қарап жүреді. Жаңағы қыз реңдес екі жас, Ситадан туған егіз бала болады. Солардың тоғайда, елсізде жынға кездескені және маймылдың бастығы Гануманға кездесіп, содан достық көргені әңгіме етіледі.

Әрине, бұл театр, маскалар театры болғанда, европалық үлгімен, біздің бүгінгі ұғым-түсініктерімізге қабыспайтын өте көне үлгілі, өзіне бөлек шартты дәстүрі бар “шартты театр” деп айтуға болады.

Осы кеште біз малаялум тілінде жазатын бір топ про-

гресшіл жазушыларға жолықтық. Бұл кездесу бұған шейінгі барлық жолымыздағы кездесулердің ішіндегі ең бір естен кетпес ыстық, достық ұшырасуы болды.

Валатхолоның айналасына үйірілген жаңашыл жазушылардың өзіне бөлек ұйымы бар екен. Онда малайялум тілінде жазатын 150 шамалы жазушы мүшелері бар. Бұлардың көпшілігі көркем проза, новелла жазушылар. Поэзиясында бұл жылдардағы ең басым тақырып — бейбітшілік тақырыбы десті. Талантты топтың жарымынан көбінің шығармалары баспа жүзінде мәлім екен. Бүгінгі тақырыпқа жазылған пьесалары да сахнаға шығады деседі.

Бізге оңаша кездесіп, аса жақын дос бейілін білдірген жазушылар: Мундассери, Рамамирам, Валатхолоның баласы Эмпинавудранат сияқты революцияшыл бағыттағы жазушылар еді. Осылармен кездесудің аяғы тамаша бір жайға ауысты. Өздері бізбен кездесуге ынтық болған еңбек халқын алдын ала, жолдағы бір қалаға әдейі топтап әзірлеп қойыпты. Делегацияның көпшілігін түнде Кочинге қайырып жіберіп: “жазушылармен жазушы боп қана кездесеміз” деп, Сурков екеуміз ғана жолдағы бір уәделі қонақжайға келіп тоқтаған едік.

Біз жеткен шақта, бұл гостиницаның асты, үсті, бар маңайы толған, өздігінен жиылған қалың ел екен. Бізге ерекше тілеулес, дос жұрт екені салғаннан білінді. Жоғарыда аталған жазушылармен біз мейманхананың кең хол залында әңгімелесе бастап ек. Айнала кірер есіктер көп екен де, шетінен кең екен. Жазушылармен сөйлесе отырып, аңдасақ, сол есіктерден қаптап келіп, әуелі жырағырақ тұстан үнсіз қарасып тұрып, кейін тегіс еденге кеп, бізді қоршап, қалың жұрт отырыса берді.

Аздан соң даярлап әкелген гүлдерін үнсіз келіп мойындарымызға асты. Бұл халық жым-жырт қана қимылдарымен жүректері жақын, тамаша дос жандардай сезіледі. Бір алуан, өзіміздің қауым-халқымыздай таныла берді.

Сурков екеуміз де сөз сөйлеп ек. Біздің Отан халықтарының Индиядағы дос жұртқа, еңбек еліне жалынды достық сәлемдер жолдайтынын айттық. Содан әрі жүре-рімізде, бізді осында тамақ ішкізуге алып келген жетекші досымыз мына жұрттың бізге деген бейілі күнделік программадан тыс, басқаша демонстрацияға айналып бара

жатқанын сезді. Осыдан қорқып, енді бізге тамақ ішкізу түгіл, мынау жұрт қасында азғантай аялдап, бөгелуден де сескенді. Асықтырып, састырып, неқылса бізді мынау өзі ойламаған, күтпеген қалың жұрт арасынан жылдам ала жөнелді. Біздің қозғалғанымызды көре бере, жаңағы маңымызға тығыздап үйірілген жұрт біздің Отанға дос неше алуан ұрандар тастап, айғайлап, шулап қоя берді. Әрқайсымыздың қолдарымызды кем қойса 20-30 қолдар қатарынан қысып, басқыштан түскенше, машинамызға кеп мінгенше, аса жалынды, қошемет көрсетісті. Тыстағы тұрған қалың жұрт дәл осы шақта, ойда жоқтан, жарқ еткізіп қызыл туды көтеріп алды.

Сыртқы істер министрлігінен бізге ерген жетекші досымыз енді бізді шапшаң ғана машинаға отырғызып алған еді. Жаңағы қалың жұрт сейілместен машинаның алды-артын, айналасын тығыз қоршап, дамылсыз тамаша ұрандар айғайлап айтысып тұрды.

Біздің Отанды, бар халқымызды сондайлық бір сүйген, сонша көксеп, аңсаған елді көрдік. Олар үшін біздің атымыз қажет емес. Жазушы ма, басқа ма, ол да есеп емес. Біріміз орыс адамы, біріміз Советтік Одақтағы туысқан ел өкілі болғанымыз және де ойға алынған жоқ. Бұл халық үшін бір-ақ қана шындық қымбат. Ол — біздің Советтер Одағынан келгеніміз. Социализм отанының өкілі болғанымыз жеткілікті. Жоқшылықтан құтылып, азаттық, теңдікке жеткен еңбек елінен келгеніміз жетті, болды.

Армандары, аңсағандары, қиялдары мен жүрек қанының ыстық соғып, тілек еткені: сонау ырыс жағасынан келген жалғыз бір белгі, игі ғана леп болса жетерлік. Соған арналған достықтарын, тілектерін, сәлемдерін, жалын сәлемдерін жолдайды. Осыны түсінген сайын біздің көзімізге жас келгендей шақ болды. Өзіміз көрген барлық аштар, жалаңаштар, панасыздар еске түсті. Үнсіз бір момын топтар көз алдымызға келді. Енді міне, солардың мыңдарының, сан мыңдарының кеуделері бірлесіп “аһ” дескендей. Алыс аспанда найзағай жалт еткендей.

Отаның үшін мақтаныш еткен қуаныштың бір тамаша ыстық жасы көзге еріксіз іркілді. Бұл кездесу, бұл түн біздің ілгергі-соңғы бар сапарымыздан өзгеше ыстық еді. Себебі ғажап ыстық, достық түні болды. Анық ұлы халықтар

достығының жаныңды шарпығандай ыстық демі бойды алды. Осы кездесуді өздігінен ұйыстырған анық халық өкілдері, біздің аяулы достарымыз еді.

16 февраль күні таңертең ерте Кочиннен машинамен шығып, 80 миль жердегі Тривандрум қаласына қарай жол тарттық. Бүгін жол ыстық болған жоқ. Сәтті күн, өзінше самалды салқын болғандықтан, оңтүстікке тура тартсақ та, әлі әзір шыдатпайтын ыстық сезілген жоқ. Жол да жақсы, шаңсыз еді. Түскі сағат екіде Тривандрумға жеттік. Бұл да үлкен қаланың бірі. Тағы да ғажап, жақсы қонақжайға орналастық.

Жол бойында ойға оралған бір жайлар түнде бізді қарсылаған тамаша топтың турасында болатын. Сол ыстық, жалынды достар тобы, міне, бүгін де көп нәрсені ойға алғызады. Бойды сергітіп, ой еңсені көтеріп, бұл халықтың тағдыры, тарихы туралы көтеріңкі үміт бітіреді. Біздің тәрбие, біздің салттың қалың елді, халықты қамқорлықпен еске алатын дәстүрі, идеясы ендігі ойынды бастайды. Сол өзімізге қанықты санамен болжап, осы елдің хал-жайын ойға алсаң, көп шақта жаның қатты толқиды.

Кедейі мен аш-жалаңашы, қараңғылық-надандық қоршауындағы қайыршы жас, кәрісі, үйсіз, күйсіз, панасызы соншалық көп ел осы. Бір жағынан ойласаң, дүниедегі ең ұлы ел. Бүгінде өзінің азаттығы – республикасы қолында тұр. Ешбір дүниеде дәл осындағыдай көп контраст, қайшылығы болмастай. Өзі кедей, жоқ-жітік, өздері аш және соншалық құмырсқадай қайнаған мол бола тұра, араларында ұры жоқ. Ондайлық бұзық, ұрлық қылмыстар мүлде жоққа тән. Кісі өлтіру, қан төгу былай тұрсын, айға жуық мезгіл бойында вокзалдар, аэропорттар, базарлар, халқы қалың көшелер, алаңдар атаулыны күндіз-түн аралап жүрген шақтарымызда бірде-бір төбелес, қақтығыс, мастық-нақұрыстық, немесе шаңқылдасып ұрысқан, былапыт сөз естіп, көргеміз жоқ.

Соның орайына өкпесі тесілгенше еңбекке қадалған көнпіс. Жоқшылықты, ауыр бейнетті өмір қамыты етіп ап, еті өліп, көніп кеткендей. Сақал-шашы, қасы, мұрты аппақ бола тұра, жаяу жортып жүрген момын кедей, жоқшылықтың үнсіз құлдары тәрізді. Ол жағынан қарасаң, бағы заманнан бері осы күймен келе жатқан осыншалық

момын еңбекші ел әр алуан сопысын, апостолын*, неше алуан тариқат қауым-діндерін, пайғамбарын көп шығарды. Солардың момындық пен қорлық, тірлікке көңіштік жөніндегі үгіттерін тыңдаумен, бағынумен келген миллиондарды көресің.

Екінші жағынан, өзінше адамгершілік, моральдық тазалық дәстүрі сондай мол елдің арасына қоғамдық шын әділ, жаңа жол идеал тараса, орнаса, жаңағы дәстүрлері керекке қаншалық жақсы жарар еді деп ойлайсың.

Бүгінгі жол бойында тағы да пальма бақшалары мол кездесумен бірге, банан, мангу және ардақты асыл жеміс — ананас өскен орындарды көп көрдік. Қазіргі шақ, тегінде, оңтүстікте кокос пальмасының дәнін жинау кезі болу керек. Жол бойы толып жатқан керуендер, арбакештер жарылған көк жұмыр кокос дәнін тау-тау қылып тиеп алып, тасып жүр. Анық қазіргі науқан осы.

Бірақ оңтүстік табиғат жағдайы мен ауа райын пайдаланып, қымбат өсімдіктер жағына көп орын беріп, көп көңіл, күш бөледі. Бұл жақтың қалың елінің қанықты қымбат кәсібі шай өсіру, күріш егу, каучук ағашын өсіру болады. Шай плантациялары көбінше таулы жерлердің беткейлерінде молырақ тәрізді.

Оңтүстік, кешегі Кочин, мына Тривандрум уәлаяттары адам тірлігі жағынан аса жайлы, бай да тоқ, жақсы өлкелер тәрізді. Әрине, қалың қыстақтар маңында әлдеқалай машина тоқтай қалса, үлкендер болмағанмен, бала-қайыршылар айналанды бұнда да қамай қалады.

“Рашн”, “Россия” десең болды, жүздері жылына жадырап, “коммунист” деп сөз қата бастайды. Жеңіл-желпі мінездер, әсіресе бейбастақ сөйлеген бірде-бір жас, көріні көрмейсің. Қайта нұрлы қара көздер мол шұғыла атып, жайнай қадалады. Жүздер жылынып, күле қарап, сонша бір ынталы бейіл беріп ентелейді. Бұл түстікте, тегінде, халық терістік Индиядан әлдеқайда қалың, молырақ. Осындағы және бір көзге түскен жайлы өзгешелік — бала оқыту ісі жақсы ұйыстырылған тәрізді.

Жол-жолдардың бойында, қыстақтар ішінде, қыстақтар арасында мектепке бара жатқан немесе қайтып келе жатқан

* Апостол — Ғайсаның дін таратушы шәкірттері.

балалар мен жасөспірімдер көп. Кей уақыттар олар үзілмей ағылып, мол көрініп отырады.

Тривандрумда бізбен әңгімелескен бас министрдің “бұл уәлаятта оқу жасындағы балалардың 95 проценті қамтылған” деген сөзі рас болуға ұқсайды. Бұл жақта халық саны молырақ, мекен-жайы жиірек екені соңғы 2-3 күн бойындағы жүрісте айқын байқалып қалып еді. Бүгін сол көріністер тіпті үдей түсті. Бірнеше сағат бойында машинамен келе жатқан сапарда адам жайлары мүлде үзілмей қойған кездер болды. Соншалық ұшан-теңіз елі мол, анық ұлы мемлекет екені орталықтан жоғарырақ, осындай өлке-уәлаяттардың өздерінде де оп-оңай байқалып тұр.

Түсте, бас министрге визит жасағаннан кейін, біз Тривандрумдағы сәнді гостиницаға келіп түскеміз. Енді чемодан, сырт киім атаулыны номерлерде қалдырып, тағы да сапар шектік. Бұл жолы 50 миль түстікке қарай тартып, біз Индияның оңтүстігіндегі ең шеткі шегі Коморинге бармақпыз. Коморин мүйісі Индия мұхитына молынан сұғылып тұрған, ыстық үйекке (экваторға) өте жақын, жер шегінің өзі.

Бүгін күндізгі сағат төртте шықсақ та, біздің ырысымызға қарай жол оншалық ми қайнар, шыжыған ыстық бола қойған жоқ. Қайта өзінше жайлы бір қоңыржай рахат болды. Таза, салқын дем білінеді. Ал айнала, табиғат көрінісі көз тұнжыратқандай көркем. Пальма тоғайлары, бақтары жолдың екі жағында үзілмей, ұдайы созылып, мол көлеңкелі саясын үзбейді. Және де Индияның халқы тудырған қасиеттің бірі еске түседі, көзге оралады. Тұтас тоғай, қалың жыныс өсімдік, тегінде, адам тіршілігіне қолайы жоқ таулы немесе меңіреу джунгли өлкесінде болмаса, адам мекен еткен дала, сала, өлке-өңірлерде жоққа тән.

Бірақ сонымен бірге ағаштан құры, жалаңаш тұрған жер, алаң және жоқ. Соның орайына бұндай иен өлкелердің бәрінде әр ағаш адамның өз қолымен орнатылған. Баршасында не заманнан бері қарай сүйіп, күтіп, баптап-сақтап өсірген аталардың, нәсілдердің еңбектері, өзгеше айнымас мәнді мінездері, қамқор қасиеттері танылады.

Бүгін болса күнұзын ағашы үзілген анық екі километр жер көргеміз жоқ. Өз жер-мекенін, өлке-отанын қандай күткен, сүйген адамзат бар мұнда. Бұл халықтың адал

еңбекке табанды, беріктігі бар халық екенін мың мәртебе есіне алғызатын күй-көріністер байқалады.

Осы жол бойында ұзаққа созылмаса, да ілесе түсіп қалып отырған бірнеше таулар көрдік. Олар кейде биік шоқы болып, кейде қызық бітімді жартастары бар сенгір боп көрінеді. Көпшілігінің өсімдігі мол таулар. Едәуір жүргеннен соң қазір ағаш реңі өзгере бастады. Пальмалар сирей түсіп, жай жапырақты ағаштардың көрінуі жиілей берді. Ең ақыры, біздің жол теңізге тақай бергенде, өзгеше бір ғажайып ағаш кездесе берді. Бұл — соншалық бір сұрықсыз ағаш. Өзі қиы-жиқы, көрі бітімді аңғартады. Біресе жапырақсыз күйде тарбиған-талтиған, бүкшірейген тәрізденеді. Сонымен қатар бұтақтары, тармақтары сүп-сүр боп жыртылғандай. Бар көрінісімен таң қылады, әр нәрсені ойға салады. Ең биік бастарында ғана азғана шоқталған жапырақтары бар.

Теңізге тақаған жерлерде, Каморин мүйісінде көбірек кездесетін осы ағаш баньян аталады екен. Оның кейбір төменгі жуан бұтақтарынан, жапырақтан басқа жерге қарай шоқтай боп салбырай созылып қалың тамырлар кетеді. Бара-бара сол тамырлар — бұтақтардың тамырлары жерге жетіп, жердің өзіне тереңдеп батып, жуан ағаштың өзімен қатар тағы бір тың ағаш тәрізденіп жуандап, нығая береді. Сонымен, бір шоқ жапырақтың астында ағаштың түбі біреу емес, кейде екеу, кейде үшеу де боп, аралары жыртылып, үзілгендей таңғажайып түрге ауысады екен.

Сол баньян ағаштарын аралай келе жатып, бұтақтарының арасынан теңіздің суын да көріп қалдық. Аздан соң машинаның бір жағы емес, екі жағынан бірдей ұлы мұхит — Индия мұхитын көре бастаған едік. Осыдан әрі басқан саяйын құрғақшылық азайып, тарылып, сүйірлене келіп аяқтап, теңізге үшкірлеу тұмсығы ғана сұғына бере тоқтаған екен.

Сонымен, біз осы сәтте Индияның ең шеткі түстігіне жетіп, теңізге машина тұмсығын тіреп кеп тоқтадық. Каморин мүйісі, тегінде, ең шетін алғанда, Цейлон аралының орта тұсынан асыңқырай барып шендес келеді.

Біз бір шақта Индияның ең төр терістігін — Гималайды көріп ек. Ендігі сапарымыз бұл кезеңде оңтүстік шегіне жетті. Каморин мүйісінде әлемге ортақ үлкен, мол күніміз теңізден туып, теңізге батады.

Біз күн батардан бір сағат бұрын жетіп, дәл теңіздің өзіне сүйірленіп кірген құрғаққа салынған үкімет қонақжайына — “Гастхауза” кеп түстік. Номерлеріміз үстіңгі этажда. Айнала терезелері мол, асты қалың кілем қаптаған сұлу жайлар. Терезелер де үш қабырғадан, теңізге үш тарапқа қарайды. Бенгаль шығанағы мен (залив) Арабстан теңізінің сулары екі жағадан келіп тоғысып, араласып жатады. Индия мұхитының жайқыны осында.

Сәл ғана бір сәтсіздік болды. Күн батар шақта аспан ашық болмай, батыс жақты қоңырқай жұқалаң бұлт құрсады. Күннің теңізге дәл барып батқан жерін көре алмадық. Соның орайына таңертең күннің теңізден туғанын көрмекті ниет еттік. Кеш әбден батқанша, теңіз жағасынан кеткеміз жоқ. Баяу соққан жел білінеді. Жайлы, салқын самал бар.

Теңіз суы күн барда жасыл-көкшіл, жақсы бір көңілді реңді болатын. Толқын көз тартатын. Теңіздің ұлы толқындары ұзын жал боп кезектеп жақындай беретін. Байсалды ауыр салмақпен жағаға, тас жағаға оқтын-оқтын күрс-күрс беріп ұрылып жатыр. Теңіз суының дәмін татып көріп ем, тұздық деген аз сөз, одан әлдеқайда ащы. Өзі глаубер тұзы десе болғандай.

Қас қарая жатын жайға кеп, шайға отырдық. Бүгін шайшыл емес достарымыздың бәрі де осы шайды дағдыдан үш-төрт есе артық ішті. Анық Цейлон шайы болу керек. Қант салу түгіл, әзір тұрған қаймақтай қою сүтті де бұл шайға құюға қимадық. Шайдың өзінің дәмі мен иісі соншалық тартымды да жұғымды еді.

Үстіңгі үйдің әдемі, сәнді орталық бір жайы шынымен қоршалған кең, биік балкон екен. Ендігі дүниені осы балкон терезесінен көз алмай қарап болжаумен болдық. Астыңғы этажда қаланың жас күйшілерін әкеп, кей жолдастар күй тартқызып, ән айтқызып жатысты. Күй туралы айта кету керек.

Кеше Валатхоло аулындағы күй тәрізді, бұнда да соншалық ерекше бір қатты шаңғыр-шалдыр, даңғазатарсылдақ көп. Беймазалығы естен тандырады. Мен өзімше жорығанда, кем қойса айдаһарды арбайтын, немесе жынды қуатын күй — осы түстіктің күйі шығар деп ойладым. Мынау күй де кешегі театрдағы Рама жөніндегі аңыз — мистерияға

сай, мазмұнына барабар. Ол театр болғанда, өте ескі, екі-үш мың жылдардың дін биімен, күйімен байланысты туған көне театр дәстүрін танытады. Биі де, ойыны да аз. Сөзі де сол құдайлар мен жауыз күштер арасындағы тартысты мифология қалпында баяндайды.

Музыкасында күйлілік, жайлылық аз. Оның орнына арбасу, арпалысу, айдау мен көшіру тәрізді оқиғалық оқыс, сараң мазмұн болу керек.

Осындай ойлармен қатар, бұл халықтың поэзиясы, музыкасы, театры, сурет өнері, архитектурасы (сәулет өнері), бәрі туралы қорыта келген бір түсінігім бар тәрізді. Соны айта кетейін.

Жаңағы аталған өнердің бәрі Индияда біздің түсінігімізден басқаша саналық, тарихтық, эстетикалық өзгеше жайда. Және сол өнердің бәрі де өздерінің терең тамырларын аса ескі, терең, арғы ғасырлардан алады. Сонда бұл елдің дінінде поэзия көп, ал поэзиясында дін көп. Дінінде би көп, биінде дін көп. Осылайша сурет өнерінің де діні көп, діні суретке көп түскен. Дәл сол тәрізді, пәлен мың жыл, пәлендей жүз жылдар бұрын салынған храмдарда, сарайларда, қысқасы, сәулет өнерінде тағы да дін көп, дінінде сәулет өнері көп. Осылайша бар өнерлері діндік бай аңыз, әңгімелері қарға тамырлы боп, айқыш-ұйқыш ұйыса байланысып жатады. Және сол қалыптағы дін мен өнер, өнерге бөленген дін тек браминдер, жрецтер, діндарлар ортасының ғана мүлкі, мұрасы емес. Қалың жұрт, халықтың мұрасы боп кеткен. Міне, сол себепті де адамы сирек азғана мүйіс, әлдеқайда Комориннің әлдеқалай жастары жиыла қалып, сауық көрсеткісі келсе де, сол жаңағы діндік мазмұнды, ескілік үлгілі музыкалық мұралар орала кетеді.

Әрине, бүгінгі европалық көркемөнер үлгілерін алғанда, “дүниежүзілік, мәдениетті өнер өлшеуі сол” деп межелейтініміз бар. Ол тұрғыдан қарағанда, Индияда сол европалық, халықаралық өнерлердің кейбіреулері алынған да, кейбіреулері мүлде аз қабылданған, сәл ғана қонған деуге болады. Мысалы, Индияда бүгінгі европалық архитектураның да нелер көркемөнер туындылары бар. Индияның кино өнері де күшті. Үлкен қалаларының бәрі де Европа мәдениетін мейлінше жиған да пайдаланған. Ғылымы, техникасы да зор деуге болады. Бірақ анық

көркемөнерге келгенде, кино болмаса, театр, музыка, би тәрізді жайлардың бәрі де бөлек, өзінше ескілігін нық сақтаған. Біздің көзіміз үйренген XX ғасыр өнерінен әлдеқайда жырақ жатыр.

Өздерін билеген еуропалық халық — ағылшындардың ол жөндегі үлгілерін, әдейі егескендей, алмай қойған, қабылдамаған тәрізді. Бұның себебі де түсінікті сияқты. Ағылшындардың ұзақ уақыт теңдікке алмай, тұрпайылықпен басып қорлап, таптап келген зор халықтың өнері, енді сол халықтық азат өріске шығып, жаңадан өсер шағында әуелі ескі тамырларымен өз байланысын нықтап тұрып тұтастырып, жалғастырып алмақ шығар.

Осы күйді ойлай отыра, кешкі теңіз көрінісіне көз, көңіл қадаумен болып ек. Күн бата бере, теңіздің түсі де ертерек және тезірек суи берді. Күндіз жасыл-көкшіл көрінген су енді аспан райы сұрланумен қатар бозғыл-сарғыш тартқандай.

Ал алыстағы “ұшан-теңіз” дейтін қиырсыз, шексіз шалқыған өңі қорғасын реңденіп, ауырлай сұрланды. Анық қорғасын теңіз бетіндей. Жақыннан жыраққа дейін тек әр тұстан туған әлсін-әлсін ақ көбіктер жуған салмақты толқын көпіршіп барып бұрқ-бұрқ етіп қалады. Енді аңғарсақ, түн тастай қараңғы тартыпты. Анда-санда жырақта найзағай жаркылдайды.

Теңіздің түсі түнде де қызық өзгереді. Ол көбінше қорғасын тәрізденсе, кейде қалайы, кейде күміс атып қалғандай да болады. Алыстан жақын жағаға қарай жедел келе жатқан толқындардың ақшыл жалындай көбіктері, кейде әлдеқалай от жарығы жалт еткендей, жарқыраған күмістей реңдер, ажарлар атып қалады. Сиқырлы суық толқынды, суық мұхит жүрекке ыстық сезімдер толқынын ұрады. Сұлулық көксеген сезімдер толқындары.

Х. Ескі Индияның ескі мұра мерзімдері

Тривандрум маңында біз XIV ғасырдың ескі бір сарайын көрдік. “Подбанабапурам” дейтін бұл сарайдың жарымы осыдан 700 жыл бұрын, жарымы 400 жыл бұрын салынған. Анық Индияның өз шахтары салдырған, өз стиліндегі сарай болғандықтан, бұның мұсылман (араб,

иран, ауған, моғол шахтары) салдырған сарайлардан әрі көнелік, әрі индиялық өзіндік өзгешелік стильдері бар. Сол өзгешеліктер есігінен төріне дейін, төменінен төбесіне дейін басқаша боп байқалады. Кірер есікте салт атты аңшы-бала пілді найзамен шанышқылап барады. Ағаштан салынған екінші есікте аюды шанышып бара жатады.

Арырақ басқанда, сарай ауласында тас темпл (храм) бар. Соның колонналарында әйелдер мен құдайлар бейнелері тастан ойылып, барельефше жапсырылған. Бұнда қоладан құйылған білім иесі — әйел құдайдың бейнесі бар. Осы храм сарай тұрғындарының намаз оқитын орны екен.

Өзге Индия сарайларынан бұның бір ерекшелігі — ағаштан істелген бөлімдері көп ұшырайды. Сарайдың көрнекті бөлімі салтанатты жиындарға арналған зал. Бұның едені қап-қара боп тұтас құйылған, жарқыраған қара түсті мұз тәрізді. Кокос майын құйып қатырып, біртұтас етіп салынған колонналары цементтен істелгендей. Бөріне салынған сурет-бейнелер бірінен бірі бөлек тапқырлықпен жасалған. Жатын жайлар мен веранданың бағаналары гранит тас-тан қашалған.

Бөлмелер көлемдері шағын. Жатын-тұрғын жайлар жоғарыда екен. Патшаның жатын орны ағаш ойма төсек. Заманында португал елшілері тартуға тартқан дейді. Төбенің бөрі де ойма ағаш.

Екінші, үшінші этаждарда тағы да сондай өзгеше әсем ойылып қойылған төсектер, қабырғаларда фрескалар толы. Бұл сарайда Индияның өзіндік ескі дәстүрі сақталған. Сол ретте патшалар төсектері “құдай жайы” есепті саналады. Себебі бұл патшалар өздерін әрі құдай текті, әрі тірі құдай санаған. Сондықтан бұл төсектер жанында үнемі өшпей жанып тұратын от (шам) болады. Мысалы, қазір де үшінші этаждағы алтындаған төсектің жанында сол шам әлі жанып тұр. Осы шам 500 жыл бойы өшірілмеген деседі. Төсектің төбе жағы балдахин. Фрескалар аса мол болып, көбінше ұлы құдай Браманың өмір жайын баяндайды.

Тегі, индуизм діні көп құдайға илану діні болғанда, сол құдайларға байланысты аңыз, әңгіме атаулыға аса бай. Сол ретте үш алуан құдай өздерінің махаббатымен, қаһарымен, тартыс-талаптарымен, қайрат-қүдіреттерімен аса көп әңгімеленеді. Олар: Брама, Кришна, Шива. Браманың

өзге көп сипатымен қатар ең зор сипаты: ол — жаратушы. Кришна — көгертуші. Шива — күйретуші.

Патша ерлермен қатар патшаның әйелдерінің төсегі де өзгеше қастерленген. Соның белгісі осы сарайда айқын көрінеді. Мысалы, патша ханымының бір төсегі әлпеншек тәрізді ілулі, асулы тұр. Жатын жайдың биік төбесінен салбырап тұрған бұрама, өрме ағаш тәрізді төрт салма бар да, солар кең, әсем ағаш төсекті жоғары асып ұстап тұр. Бұл жатын жайдың қабырғаларында ілулі миниатюралар көп. Сүйектен, ағаштан шілтерлі боп ойылған бұйымдар мол.

Осы сарайда XIII ғасырда “тик” дейтін Индия еменінен ойылып жасалған тамаша өрнекті колонна бар. Тик ағашының қасиеті сондайлық, ол бұл шақта шіріп-тозу орнына мүлде қатайып келіп, тасқа айналып қалған деседі. Сарайдың терезелері әр бояулы слюдадан істелген.

Каморин мүйісіндей, бұл тұста және де кешегі баньян тәрізді тамаша қызық “жыртық ағаш” бар. Индия халқы оның атын альмара дейді екен. Баньянның бір түрі тәрізді, бірақ одан гөрі де оқшауырақ. Осы ғаламат ағаш көп қайшылықтың жиын бейнесі тәрізді. Бұны көргенде ауырған, кем-кетік болған, әлдене ғазап кешкен, апаттан қалған, бірақ қалса да, талқан етіліп, жыртылып жеткен әлдене бір кескіндер еске түседі. Кейде кәрі қайыршының жыртық жүдеу шоқпытындай жалбыраған, кейде әжімді жүзді жара-жарақат басқан, жегі жеген, сорға қамалып құрыған пішін бейнедей.

Осы ағаштарға мүлде ерсі, қарсы біткендей ғажайып бір сұлу ағаш Тривандрумда біз жатқан “Гастхауз”, қонақжай жанынан әсем көрінді. Ол бір ақбоз ағаш. Өзі едәуір биік болғанда, сол кең жайылған, балғын боп мол біткен барлық тұрған тұлғасымен түгелдей ғана гүл ағашы боп шықты. Қазір тамаша жайнап гүлдеп тұр екен. Бар бұтағы кең, зор тармағы түгелімен табақтай-табақтай аппақ гүл атып, еміреніп тұр.

Оңтүстік уәлаяттың әкімі де бұрынғы бекзадалардың бірі екен. Біз онымен аз уақыт көрісіп, сыпайылық алғыстар айтысып, тез айрылыстық. Осы күні түсте самолетпен ұшып, сағат төрт шамасында сәл терістік жақтағы үлкен қала Бангалорға келдік. Бұл қалада бізді қаланың мәрі қонақ

етті. Кейін журналистермен кездестік және осы түнгі кездесу үстінде бізге арнап үлкен концерт берілді. Тағы да билер, күйлер, әндер — барлығы да жыланды арбау, пілдер мен арыстандарды бағындыру биі ойналды. Қыз билері құдайлар басынан кешкен хал-халеттерді баяндады.

Дәл сол күні түнде біз Бангалордан поезбен жүріп, таң ата Майсурға келдік. Майсур атымен бұл уәлаят штаттың да аты аталады. Бангалор қаласы осы штатқа қарайды. Майсурда 250 мың адам бар екен. Бангалорда 800 мың халық тұрады.

Майсурдың да бүгінгі әкімі — Рачпрамук махараджа затынан. Бұл қаланың ерекше орындарын күні бойы аралауды мақсат етіп ек. Сонда өзгеше бағалы, көрнекті орын саналғандықтан, біз Майсурдың сурет галереясын көруге кірістік. Бұнда мифология мазмұнына байланған суреттер көп болумен қатар, бүгінгі мазмұнды және сурет өнеріндегі жаңа үлгілер бар екен. Мысалы, бұнда піл аулаудың көрініс суреттері мол кездеседі. Жалғыз жергілікті суретшілер емес, терістік Индияның суретшілер мектебі бүгінгі суреттерімен жиналғаны бар. Онда темпер, акварель мол көрінеді. Лахну мектебі, моғол мектебі, Раджпур Бенгал мектебі және ұлы Рабиндранат Тагор бастаған Шантиникетан университетінің суретшілер мектебі де өз үлгілерімен көрінеді екен.

Бұл аталғандар ішінде Раджпур мектебінің суретшілері көбінше халық өнерін баяндайды. Моғол мектебі сарайлар өмірін көп тақырып етеді. Лахор мектебінің мұсылман суретшілері Индия халқының арғы-бергі өмірін индуизм тақырыбы етіп суреттейді екен.

Бұл көркем жайда металл, ағаш атаулыдан істелген көрікті заттар да аз емес. Майсур тоғайында атақты сандал ағашы көп өседі. Сол сандалдан ойылған құдайлар суреттері жеңіл де көркем боп шыққан. Өте шебер, күрделі түрде үйлестірген ою, нақыстар мол. Піл сүйегінен соңғы заманда шебер ойылған сұлу бұйымдар да көп. Қара жаңғақ ағашынан әсем жасалған вазалар, ағашқа сүйектен ойып қиыстырған аспаптар көп. Піл сүйегінен ойылған үлкен мүсіндер әртүрлі стиль, әр алуан ұлы шеберлікті байқатады.

Бұнда қытай шеберлері перламутрдан жасаған бейнелер бар. Резинкадан япон суретшілері жасаған үлгілер де

кездеседі. Қысқасы, бұл көркемөнер жиыны бір ғана Майсур уәлаяты емес, басқа да мол Индияның талай жерлеріне үлгі берерлік, мысал боларлық асыл орын екен.

Майсурда жайын піл жайынан көп жаңалықтар білуге болады деп естігіміз. Бұл уәлаяттың кей шеті меңіреу — джунгли боп бітеді екен. Сол өлкелерде Индиядан әлі арылып болмаған жайын пілдер ұсталады дейтұғын. Біз пілдер жайын сұраған соң, қасымызда еріп жүрген достарымыз бізді енді арнаулы жайын пілдер қорасына алып жүрді.

Пілдер туралы, әсіресе жайын пілдер туралы біз біраз өңгімелерді алдын ала естіп келе жаттық. Жайын пілдер арасындағы бір мінездер бойынша топ алдында кәрі піл мен жас пілдің алысатын шағы болады екен. Олар аса ұзақ алысады. Ақырында жеңілген піл топтан жарылып, жалғыз қаңғып кетеді екен. Бірақ ол осы кеткенде, қатты сотқар боп кетеді дейді. Өзге жан иесі, мақұлық атаулы былай тұрсын, адамға да қас етеді. Осындай пілдер шаруалардың мүлкіне де залал келтіреді. Дәл сондай пілді, тегінде, атуға да рұқсат беріледі екен.

Жалпы Индияда піл жүк көлігі саналады. Үлкен пілдің құны аз емес, ол 3-5 мың рупий тұрады. Сол себепті жыл сайын жайын пілді аулау әрекеті болады. Мысалы, былтыр осы Майсур уәлаятында 75 жайын піл ұсталыпты. “Биыл ұсталған піл бар ма?” деп сұрағанымызда, бізге еріп келе жатқан жолдастарымыз: “Қазір сол, биыл ұсталған асау пілдердің біразын көрсек керек”, — десті.

Сонымен, біз жаңағы аталған асау пілдер қорасына келдік. Бұнда биыл ұсталған пілдердің ішінен оннан аса жастар жағы тұр екен. Тегінде, пілдің көп жасайтыны жұртқа мәлім. Жиырма жасқа шейін піл атаулы адамша жас болады, жиырмаға жете бере ғана толады. Үлкен піл қатарына қосылады. Жас піл мен үлкен пілдер арасы аса кереғар. Мысалы, осы қорада да айқын байқалып тұр. Тегі, піл қорасы тым үлкен, кең, мол қора екен. Соның шетін ала, бар қораның ішінде, өзіне бөлек бір төбе болып үлкен қара піл тұр. Бұның ұзын имек тісінде — “бивняларында” үш-үштен жез сақина бар. Көп жасағаннан ба, басқа себептен бе, бұл дәу қара пілдің басы, тұмсығы, әсіресе көз тұсы, алдыңғы жағы қызғылттау тақыр тартқан. Осы таудай

піл 60 жаста екен де, салмағы 300 пұт екен. Бір орында тапжылмай тұрған алып жануар салмақпен пішен жеп тұр.

Осыдан жырақтау алаңда, қораның әр тұсында біріне-бірі қашандау қойылған көп жас пілдер бар. Кейбіреулерінің азуы өскен, бойлары да, жас дегенмен, едәуір зорайып, дүңкиіп биіктеп алған. Бұл жақтағы барлық піл жақында ұсталған асаулар. Сондықтан мынау 5 жасар пілдің кеудесінен арқан шалма орап, артқы аяғын тас бағанаға керіп, байлап тастаған. Алдыңғы аяғы аласа, жуан шойын бағанға шынжырмен тартылып байланыпты. Алдыңғы екі аяғынан және артқы екі аяғынан да жуан кендір арқанмен нық діңгектерге керіліп байланған пілдер бар.

Өте асау, төбелесқой бір жас піл өнебойынан тұтас байланып, оқшау қойылыпты. Бір жас піл тыным алмай өкіре ақырады. Бұны кейін балаларды мінгізуге әдейі үйретіп жүр дейді. Барлық пілдердің алдына қант қамысы мол тасталған, жейтін жемдері сол. Кейбір тентек пілдер сол жемді жеудің орнына айналаға тұмсығымен лақтырып шашып тұр. Өрбір байлаулы пілдің белінен буылған екі қабат кендір арқан бар. Соның ұшы темір ілгек. Анау бөлек тұрған үлкен қара піл — адамға көптен қызмет етіп үйреніскен жуас піл. Мынау жастармен салыстырғанда, ол бір момындық пен даналықтың үйінді жиын тұлғасы, тұтас тұлға символы тәрізді.

Сол пілдің де белінде жаңағыдай екі қабат белбеу арқан бар екен де, соның ұшы және де ілгекпен бітеді екен. Анау асау пілдерді қораның ортасындағы үлкен құдыққа апарып суарып тұру керек. Сол міндетті бұл қорада атқаратын жаңағы үлкен пілдің өзі. Ол асау пілге тақап келгенде, жаңағы екі арқан белбеулердің ұштарындағы ілгектер қосылып, жалғасады, содан кейін жас, асау пілді кергіден босатады екен. Енді оны үлкен піл құдыққа қарай белуарынан тарта жөнеледі. Асау піл көнбей, қиястанса, үлкен піл тақап келіп, өзінің бөренедей жуан қоңыр аяғымен анау жас пілді кез келген жерінен “тарс” дегізіп сылқита ұратын көрінеді. Сөйтіп, біраз сабап оқытып алып, жаңағы құдыққа сүйреп әкеліп су ішкізеді де, кейін алғашқы орнына және де соққылай, сүйреткілей түсіп апарып, байлатып қояды. Сөйтіп, адаммен достасып алған 60 жасар ақылы кемел дәу қара піл, адамның молдасындай, жаңағы топ пілдердің бұл қорадағы ұстазы боп апты.

Жас пілдердің арасында ең кенжесі биыл туған, үш айлық кішкене сұр піл бар. Оны ұстағанға бір жарым-ақ ай бопты. Шешесі қашып кетіп, өзі қолға түсіп қалған екен. Бала пілді емізікпен сүт беріп асырайды. Сүт болмаса, күтушінің жұдырығын еміп, жуасып үйренісіп алған. Бірақ жиі-жиі үн салып, жылағандай белгі етеді. Жалпы пілді айдағанда кішкене қолшоқпар тәрізді багормен айдайды. Біз кете бергенде, бір асау пілді күтушілер жығып салып, керуге кірісті.

Осы күні түс шағында біз Майсурдың атақты үлкен плотинасына келдік. Плотина тұрған өзеннің құдай әйелінің суреті электр жарығымен плотина қабырғасында әсем жарқырайды. Жалпы плотина ұзындығы 3 километрден артық. Соның ұзын бойына қос-қос шамдар тізіліп жағылған.

Біз ағылшын үлгісінде зор әсем етіп жасалған паркте, шебер стильмен безентіп салған үш этаж оңаша сарайда отырмыз. Ең биік верандасынан кеш мезгілін аңыстай бастадық. Жаңа біз аралап қайтқан плотинаның бар суреті төменде, алдымызда тұр. Сол төменде көп фонтандар мен әсем ағаштар кезектеп көрінеді. Неше алуан қызық бояулы жарықтар көзге жайнай басылады.

Канал саты-саты боп біткен. Қызыл тас пен қызыл топырақ тәрізденіп, аспан бұлты да кеш бата бере ғажап қызғылт сирень реңге ауысты. Плотинаның екі жағасы өте бір әдемі бақ-парк. Онда қазір нелер ғажап өрнектермен топталған, бояулары әр басқа қызық оттар жанды. Бұл парктің аты — Бриндаван. Ол Кришна құдайдың жеңіл сотқарлық жасайтын бағының аты екен. Жарықтар біресе ұршық тәрізді, павильон үлгілі, дарбазалар бейнелі қалыптанады да, жасыл, қызыл, көк, қызыл-сары, ақ-қызыл түстермен құлпырады. Жағалай төменіректе кипарис ағаштары, туя ағаштары жаңағы қызыл-ала бояуларды жасылмен көмкерген тәрізденеді.

Біз отырған “Кришнараджагар” отель ертең болатын мейрамға әзірленген қалыпты көрсетеді. Ертең сенбі күн, қыс пен жаздың ауысу мейрамы. Әдетте ол күні жұрт бірін-бірі қызыл бояумен бояйды екен. Осындай мейрамның бірінде Нерудің де үсті-басын тойдағы халық қызыл бояумен бояпты деседі.

Кеш батқан сайын біз отырған сарай мен төменгі плотина бойы, парктер өлкесі, мыңдаған шам иллюминацияға бөлене берді. Халық мейрамына қарсы жақсы салтанат жасалып жатыр. Алтын сары электр сәулесі астында, кейбір иіле құлаған фонтан суы алтын арқан тәрізденеді. Бір жерлерде шошақ біткен туя ағашының төбесінде көк шырақ жанады. Самал салқын, рақатқа айналып келеді. Жел лебі әсте жайсыз емес, желпи ғана жұмсақ еседі.

Парктың екі шеті өзеннің екі жағасына көтеріле қайқая біткен. Ортасы еңіс. Екі жақ каналы, фонтаны, жарықтары жарыса құлай барып, ортада, төменде түйіседі. Плотина үстімен созылып, алыс жыраққа шырқап кетіп жатқан алтындай жарық қос-қос фонарь әлдеқалай жортып кеткен мифологиядағы әулиелік аңдардың ізіндей.

Түн бола берді. Енді айнала бақша қап-қара барқыттай болғанда, жарықтар, фонтандар мүлде ертегідей сиқыр сөнге ауысты. Ғажайып ертегінің сәнді бағы – “Бақиранның” өзі осы тәрізді.

Жарық верандадан, биіктен қараған сайын түн аспаны да жердің өзіндей қап-қара боп тұтасып, тұңғыық тартады. Сол тұнжыраған дүние арасында төменгі парк сәт сайын сиқырлана, құбыла түседі. Бұл парк, тегінде, Майсурдың мақтанышы саналады екен. Өзі Англия үлгісінде жасалған парк. Осы өлкенің ағаштары тағы да басқаша қызық көрінеді. Жуан біткен, тармағы көп, түстері бозғыл, биік ағаштың жапырақтары ұп-ұсақ кестедей. Ол да, төменнен қарасаң, ажур нақыстай.

Бұл өзен бойы тірі зат деп танылу себепті иесі – құдайы бар делінеді. Өзен аты Кавери, сол өзен иесі, құдайы әйелдің атымен аталған екен.

Түнде біз плотинадан Майсур қаласына қайттық. Алда, тау басында ерекше бір әсем көрініс байқалды. Тоғай мен бақ басқан қоңыр таудың дәл биік төбесінде бір үлкен үй-жай аппақ бой жарқырап тұрды. Ол жалғыз оқшауланып, төбеге шығып, биіктен бойлап, аса қарап тұрған махараджаның осындағы үлкен сарайы екен.

Қоңыр таудың жотасындағы бар ағаштың төбе жағынан тартылған электр жарықтары ұзын жалдың қыр арқасын көктеп өткен тәрізді. Сол түнде біз Банголорға қайта келген

едік. Осы уәлаяттың орталығы, 800 мың халқы бар Банголор да ешкімнен сорлы емес. Қай мемлекеттің болса да астанасы болуға мейлінше, осы тұрған қаз-қалпында жарай аларлық. Өйткені бұнда салынған сарайлар, әсем имараттар және біріне-бірі ұқсамайтын ХХ ғасыр ортасының әрі жеңіл, жайлы, көзге көрікті, көңілге қонымды реалистігімен үйлескен. Сондай боп жарасқан имарат жайлар көп. Әсіресе оңаша үй — особняктар жақсы.

Кейде бір қабат, кейде екі қабат болса да, үйлердің әрқайсысы өзінің сол бір қабаттығы немесе екі қабаттығымен әдейілеп оқшаулана білген. Дүниеде бар қалада бір қабат, екі қабат үй деген соншалық мәлім, көз таныс құрылыстар болса да, мынада сол аласа үйлер өздерінің дәл өзіндік қалыптарымен айрықша сәнделеді. Осы жайларға қарап, бұл жақтың үй салысында сондай ізденгіш, мәдениет талғағыш, сән түзегіш келісім көресің.

Бір ғана Банголор емес, тіпті Пакистанның Карачидегі дипломаттар кварталынан бастап, Делиде, басқа да біз көрген бірталай қалаларда көзінді еріксіз қызықтыра тартатын үй көріністері бар. Бұл стандарттан қиялы аспайтын архитектор атаулыға еріксіз ескерерлік жай есепті.

Банголорда біз телефон жасайтын заводта болдық. Және біздегі қолөнер мектебі тәрізді, тәжірибе мектебін араладық. Бұл қалада жоғарғы оқу орны — үлкен университет те бар. Қаланың ортасындағы ең биік, көтеріңкі мол өлкені тек сол университетке арнап бөліп шығарыпты. Банголор көшелерінде тағы бір тамаша гүлдеп тұрған биік ағаш көрдік. Ол көк акация екен.

Біздің ендігі арнап оралғанымыз Индияның атақты ғалымы, профессор Раменнің физика институты болатын. Рамен жалғыз Индия емес, бүкіл жер жүзіне аты мәлім қарт ғалым, бүгінгі Индия академиясының президенті де осы кісі. Ол дүниежүзілік Нобель бәйгесінің лауреаты. Зерттейтіні — гауһар бастаған асыл тастардың сыр-сымбаты екен. Біз сол ғалым Раменге келдік.

Екі қабат бөлекше сұлу тас үй профессор Раменнің лабораториясы мен тұрғын жайы тәрізді. Төменгі қонақ бөлмеде профессор өзі бізді қарсы алып, аты-жөнін айтты да: “Мен осы институттың директорымын, ал мына кісі, — деп, қасындағы орта жасты, сәл бурыл шашты индия әйелін

көрсетіп, — мына кісі директордың директоры”, — деді. Ол — әйелі де, көмекшісі екен.

Жоғарғы этажға шыққанда, кең терезенің алдына бізді алып келіп, айнала Банголор қаласының бақтарына қол созып, шолып өтті де: “бар Банголор төменде, тек мына институт және біз бар орыннан көтеріліп, төрге шығарып қойылғанбыз. Біз тұрған орынның биіктігі мың фут, осы маңның ең биік нүктесі” деді.

Өзі көңілді, күлдіргі қарт әлі ширақ, мығым. Күлгенде, аузын алақанының сыртымен басып күледі. Онысы мұсылманның есінегенде ететін әдетіне ұқсайды. Күле тұрып, кейде өзінің де өлең жазатынын айтты. Сәлден соң бізді “чертеж залы” деген кең бөлмеге әкелді. Алда қара тақтай бойына әр алуан есептер жазылған. Орындық молына қарағанда, бұл бөлме кейде аудитория болса да керек.

Неше алуан асыл тас қатарында: меруерт, алмас, гауһар, лағыл, опал — бәрін де зерттейді екен. Жолай бір мүсінші жасаған өзінің бюстін көрсетті. Соның төрт жағында, төрт тілде аты-жөні жазылыпты. Жазулар әртүрлі. Профессор соған байланысты Индияның бүгінгі тілі жөніндегі қиыншылықты айта келіп, қалжыңдап қойды. “Бұнда ағылшын, санскрит, канери, тамил тілдерінде жазылған сөздер тұр. Солардың ішінде тамил тілі әйеліңмен сөйлесуге қолайлы тіл”, — деп күлді. Кейін бізді әр алуан өзі зерттеп жүрген тастар мен кристалдар тұрған бөлмеге әкелді. Бір уыс кристалды қолына алып: “Югославиядан келген аметист тастар еді. Бәрі тұтас өзі бір поэзия”, — дейді.

Аметистің қызыл-көктеу өзгеше ұнамды түсі шынында аса бір келісімді еске түсіргендей болатын. Толып жатқан қоңыздар мен ғажап көп түсті көбелектер коллекциясын көрсетіп өтті. Кітапханаға кіргенде, осы лабораторияға өзі сыйлаған коллекциямен таныс етті. “Бар мамандық жайы осында бар” деді. Содан кейін аса бір сұлу сый бөлмеге әкеліп: “жақсы бөлме, магараджаның бөлмесінен кем де емес” деп күліп қойды. Осында оқшауырақ жатқан бір кітапты алып ашты да, белгілі бетін біздің аударушыға көрсетіп берді. Сөйтсек, бұл кітап 1932 жылы Англия оқымыстысы Дюран жазған “Тіршілік мәнісі туралы” деген кітап екен.

Сол ғалым өмірдің мағынасы туралы белгілі ойлар айтуды Гандиден, Неруден және осы профессор Раменнен өтінген екен. “Ганди сонда ғалымша жауап беріпті” дейді Рамен. Дін мен еңбек арасында адамның адамгерлік қасиетін арттыратын байланыс барын сөйлеген екен. Өзі мен Нерудің жауабына профессор тоқтаған жоқ. Бірақ оқшау бір жай ретінде, Дюран кітабының тағы бір бетіндегі екі-үш сөйлемді көрсетіп еді, онда шын қызық жай бар екен.

Осыдан 23 жыл бұрын, сол 1932 жылы профессор Дюран сәуегейлік айтыпты. “Жақын заманда Индияда зор атақ алып, абырой табатын екі адам бар. Біреуі — Ганди өлгеннен кейін Индия халқына басшылық ететін Неру депті. Екіншісі — ғалым есебінде үлкен дәрежеге жететін Рамен” деп жазыпты.

Асыл тастардың толып жатқан коллекцияларын көрсетіп кеп, ақыры қарт ғалым бізді үш-үштен бөліп, кезектеп отырып, өзінің қараңғы лабораториясына кіргізді. Бұнда физиканың қызық табысының бірі — люменценция “сиқырын” танытты. Ультрафиолет шұғыласының ұзындық-қысқалы толқындарын кезектеп пайдаланып отырып, талай тастарды қараңғыда жайнатып, ғажайып ертегідей, тылсым шешілгендей, сырларын ашты.

Бұл ғалымның жасы биыл 66-да екен. Әлі қажыған, қартайғанның ешбір белгісі жоқ. “Жасымда істеген істердің бәрін осы күні де істеймін” дейді. Көмекшісі де көп емес.

Оқи, біле түскен сайын дүниедегі бар сұлулыққа құмарлығы арта түскенін айтады. Бірақ, сөйте келе, рең сұлулығындай, молдығындай сұлулық таппаған тәрізді. Ол физиканың өзі туралы бір-ақ ауыз жиынтық сөзінде: “Мен үшін физика өзі де рең” (цвет) деді.

Біз кетер алдында ол кісі және де қалжың аралас бір шындық айтты: “Келгендеріңізге қатты ырзамын, егер оқымыстылар болсаңыздар, дәл осындай ырза болмас едім. Себебі оқымыстылар бірдеме іле кеткісі кеп есеппен кіреді. Ал сіздер қалтқысыз, ашық көңілді, сүйікті қонақтарсыз” деп, бізді дән ырза қып жөнелтті.

Осы күні біз уәлаяттың бас министріңде болдық. Содан кейін “Көркемсөз қоғамы” дейтін қауымның мәжілісіне бардық. Бұнда ең әуелі концерт болған еді. Бірақ концертті

ақындар өз өлеңдерін әндетіп оқудан бастады. Микрофон алдында канери тілінде дін тақырыбына жазылған, мақам сарынды үнмен әуелгі ақын жиылысты бастады.

Татар молда қалпесі тәрізді киінген бір ақын мангу ағашы жөнінде лирикалық өлең оқыды. Субраманьян Шастри дейтін бұл ақын ескі санскриттен канериге өлеңдер аударады екен. Осы жиылыста проза шебері, қысқа әңгімелер авторы — Виси де болды. Ағартушы мәдениет ісінің бастығы әйел, әндетіп өлең оқыды. Әні бақырауық боп естілді. Қоғам мүшелерінің арасында аударушылар бар екен. Көпшілігі ағылшын тілінен осы уәлаяттың тілі — канери тіліне аударады. Раджама дейтін әйел ақын да әндетіп, күй салып, өз өлеңін мақамдап оқыды.

Бұл жиылыста едәуір кенеулі сөзді Виси сөйлеген еді. Ол біздің еліміз бен бар делегациямызды өздеріне қатты дос санайды. “Бұндағы біздің академияға осы қонақтарымыздың келгенінің өзі де жақсы белгі, құрмет нышаны” деді. Академияның жайынан біраз хабар айтып, оның мүшелері мол екенін білдірді. “Индияның барлық ғылым, өнер қайраткерлері Совет Одағында болып жатқан жаңалықтардың баршасын зор ықыласпен ұғынуға тырысамыз. Білмекті мақсат етеміз. Біздің оқымыстыларымыз бен әдебиетшілеріміз орыс мәдениетін, әдебиетін де соншалық білгісі келеді. Пушкин, Гогольден соң өскен орыс әдебиетіне біз өте зор құрметпен қараймыз. Революция алдындағы Блокты да біз білеміз. Орыс музыкасын қатты сүйеміз. Киносуреттерін әсіресе жақсы білеміз де, бағалаймыз. Одақ табыстары кімге мәлім емес. Бүгін ортамызға сол Одақ өнер қайраткерлерінің арасынан төрт лауреаттың келгенін шын дос құрметпен қарсы аламыз. Бұл арада, осы жиында бір уәлаяттың ғана мәдениет қайраткерлері отырған жоқ. Бар Индияның әдебиет пен өнер майданындағы білікті адамдары отыр деп біліңіздер. Және баршасы түгел сіздерге берік дос деп түсінулеріңізді өтінеміз”, — деді.

Осы күні кешке әуелі қаланың мэрі қонақ етіп, содан кейін, түн бола бергенде, біз Индия-Совет достығының қоғамында болдық. Бұнда сұрақ-жауап ретінде берекелі, кең кеңес болған еді. Біздегі газеттер, жазушылар, тілдер, кітап

пен білім-өнер тарату жөніндегі көп нәрселерді индиялық достар көп-көп сұрады да, біздің бәріміз кезектеп көп түсініктер беріп, жауаптар айтыстық.

Банголордан соң самолетпен ұшып келген қаламыз атақты Хайдарабад болатын. Бұнда да ең әуелі бас министрде аз әңгімеде болдық та, сонан соң қаланы аралауға аттандық.

Алыстан атын естіген зор имараттың бірі “Чарминар” төрт мұнара мешіті болатын. Бұл – XVI ғасыр туындысы. Индиядағы дін-мінәжат орындарының шебер, сәнді жасалған ескерткішінің бір зоры деп саналады. Төрт мұнара мешіттің төрт шетінде болғандықтан, айналасының бәрі әсем де тең безелген. Кірер арқа есіктерінің маңдайларында мұсылманша каллиграф жазумен аят-сүрелер қашалған. Хайдарабадта ескілі-жаңалы сұлу ескерткіштер аз емес, әлденеше. Бірақ солардың бәрінде де күмбез үлгісі әсіресе мол көрінеді. Ескі имараттар ғана емес, жаңа салынған жоғарғы сот үйі сияқты жайлар, үлкен бақтарға кіретін дарбазалар және басқа да әлеуметтік үй-жайлар тегіс ақ күмбезді стильмен безелген. Бұл, әрине, ісләм архитектурасының әсері деседі.

Хайдарабад, тегінде, Индиядағы мұсылмандардың молырақ тұратын қаласының бірі. Бұнда қазірде де 18 процент халқы мұсылман деседі. Тіл көбінше “ұрду” тілі. Жергілікті халықтың бұл қаладағы тілі сол ұрду болғанда, ол тілде тек мұсылман индустер ғана емес, жалпы индустер де сол ұрду тілімен сөйлейді. 80 процент халқы – индуизм дініндегі индустер. Ал Хайдарабадтың бұрынғы заманнан келе жатқан және бүгін де өміршісі боп тұрған әкімді Хайдарабадтың “низамы” дейді. Ол қарт әкім – ескішіл көзқарастардың адамы.

Индия республика жариялар қарсаңда бұл өз әкімдігі үшін осы уәлаятта ереуіл жасап, көп алысқан. Келісім бойынша ол рачпрамук, бекзада әкім, мұсылманша “низам” қалпында осы уәлаятты билеп қалған. Бұл адамды сыртынан естіген қысқа хабарда аса бай және өте сараң, соның үстіне өзін және ақын дейді.

Хайдарабад қаласында рикшалар жоқ. Жаяу рикшаның орнына велосипед мініп, адам таситындар көбірек кездеседі. Жалпы осы қалада велосипедпен жүрген адамның қалыңдығы ешкідей өріп, қаптап жүр. Бұнда аурухана

“Осман” деп аталады екен. Себебі низамның аты Осман Алихан болғандықтан, соның атымен аталған.

Қаладағы колледж, кітапхана, “Тәжмахал” деген гостиницаны қаламен таныстырушылар ең алдымен ауызға алады. Низамның сарайы өзіне бөлек болғанда, бірнеше ұлдары, қыздары тұратын сарайлары жаңа үлгіде жеке-жеке салынған.

Ірі феодалдар сарайлары, бірнеше фабрика, үкімет қонақтарының үйі, министрлер үйлері — барлығы да жаңа аудан — Банжара дейтін қаланың жаңа бөлігінде орналасқан. Бұл қаланың тұрған жері бір жағы көл және жартасты төбелер болады екен де, соның көл жағаларына, тас үстімен араларына сәндеп салған ақ сарайлар әр тұстан әсем көрінеді. Көл айналасында денсаулық министрінің өз үйі, низамның үлкен ұлының сарайы ерекше көзге түседі. Бұндағы аурухана емес, университеттің аты да “Осман” екен. О да низамның атымен аталған.

Қаланың көлді айнала салған бөлімдері байлар мен министрлер, басқа әкімдер сарайлары болғанда, кейбіреулерінің аз да болса әдемі бақтары бар. Ал кейбір тамаша жаңаша стильдегі сұлу үйлер көк өспейтін қойтас, шоқыр тастардың ортасына әдейілеп салынған тәрізді.

Хайдарабадта да біз Индия-Совет достығының қайраткерлерімен жақсы кездестік. Кейбіреулерінің үйлеріне барып, Индия орташа семьяларының тұрмыс жайын, үй мекенін, тұрғын орнын көрістік. Сонан соңғы мол бір уақытты Хайдарабад университетімен танысуға арнаған едік.

Бұл университеттің бастығы вице-канцлер өзі де академия мүшесі екен. Рамен туралы қысқа ғана ойын түйіп: “Ол кісі натурфилософ. Аңсағаны, баққаны — көбелектер мен реңдер” деді. Бұл адам университеттің жайын әуелі өз кеңсесінде отырып ұзақ баяндаған соң, бізбен еріп жүріп, көп колледждерін, мәдениет орын-жайларын мол аралатты.

Бұл университетте 12 мың студент оқиды. Соның екі мыңы — қыздар. Факультеттері көп сала ғылымдарға бөлінген. Университет 1918 жылы салынған екен. Профессорлары Индия мен шетелдерде білім алған адамдар. Англияда, Францияда, Германияда оқып қайтқан ғалымдары бар екен. 200 профессордың 50-60-ы доктор наук дейді.

Университет кітапханасында 111 мың том кітап бар. Бұндағы бір ерекшелік — кітап қоятын стеллаждары тегіс темірден істелген. Гуманитар бөлімінде философия, лингвистика, нақтылап айтқанда: санскрит, араб, парсы, урду және қазіргі Индия тілінің біреуі оқылады екен. Арнаулы әйелдер колледжі де бар көрінеді. Стипендия ең жақсы оқитын студенттерге беріледі. Көпшілік өзі төлеп оқиды. Жылдық оқу ақысы 120 рупий.

Түс ауа бергенде, біз қала бастықтарымен ұшырасатын құрмет мәжілісте болдық. Ас үстінде бөлек-бөлек топтар боп әңгімелесіп ек. Менімен жергілікті екі-үш министр бір мәжілісте болды. Сол адамдардың бұл уәлаят туралы берген деректері еске аларлықтай. Осы уәлаяттағы тіл саны төртеу екен. Олар: урду, телегу, марати, канери. Ал кеңсе қағаздары барлық министрлікте, жоғарғы орындарда тек ағылшын тілінде жазылады. Аудандар кеңсе қағазын өз тілдерінде жүргізсе де, орталықпен қатынаста көбінше ағылшын тілін қолданады.

Сот орындарының бәрі де үкім, тергеуді ағылшын заңы бойынша жүргізеді екен. Әрине, ол ағылшын заңдары бұл елдің діні, ғұрыптары, семьялық-моральдық, ескі феодалдық әдет заңының бәрін еске алған. Ағылшын заңына бұл жақтың діні мен әдет-ғұрпының ерекшеліктері қосымша боп араласса керек.

Сонымен, мысалы, ісләмның шарифаты төрт әйелмен некелесуге мүмкіндік берсе, Индия мұсылмандары үшін Британия заңы сол мүмкіншілікті қостай, құптай қойған. Өзге діндер шарттары, елдер салттары және осылайша Британия заңына қосымша боп тіркелген болады. Сол себепті де Англия заң кодекстері әр саты сот кеңселерінің негізгі тірегі боп отыр. Бұнда тіл жағынан алғанда мектептер арасы да қым-қиғаш қызық. Ағылшын тілінен құтылу онда да оп-оңай емес. Себебі мамандық білім беретін жоғары дәрежелі мектептер ғана емес, орта мектептердің де көбінде оқу құралы, оқыту ағылшын тілі болып жүр.

Министрлердің айтуы бойынша, бұл уәлаят халқының көбі сауатсыз. Сауаттылар саны 12 процент болғанда, ағылшын тілін білетін анық халық бір проценттен аспайды деседі.

Хайдарабадта болған күндердің ең бір есте қаларлық

өзгеше күні біздің Аджента мен Эллора ескерткіштеріне сапар шеккен күніміз болды. Аджентаға біз автомашинамен елсіз тауларды аралап, үш сағат жүріп жеткен едік. Бұл арада Вагора деген өзен бар. Марати тілінде “ваг” деп жолбарысты айтады екен. Бұл тауларда жолбарыс әлі де бар дейді. Өзен аты содан аталған.

Жол әуелі бірқалыпты тау жоталарын басып өткен жүріспен өтті. Кейінірек, Аджента қыстағынан соң ғана, жол көріністері жиі өзгере бастады. Ендігі жолымыз тауларды айналып, бірде өрлеп, біресе құлдай түсіп көп оралды. Биік құз жағадан карниздей кенере жолдан оралып, шимай салып жүрдік деуге болады. Кейін, Аджента ескерткішіне жеткен жерде, жүргіншілерге арналған азғана үйлер жанында машиналарды қалдырып, таудың биік бетіне қарай жаяулап шықтық.

Жаяулар жолы асфальтталған, тасты қашап, басқыштар орнатқан өте жайлы, жақсы жол екен. Қиын қияда, жол жағасына жақтаулар жасаған. Ауыр өрге тас басқыштар құрған. Тек жаяулар ғана жүретін осындай жақсы соқпақпен шұбыра жүріп, биік таудың иығына шыққанымызда, арғы ой-қойнауа Аджентаның барлық үңгірлерінің кірер ауыздары көрінді. Біздің бұл келген жеріміз қалың таудың бір қойнауын үңгіп қазып, қашап шауып жасаған толып жатқан ескі храмдар орны болатын.

Бізбен бірге барған археолог енді әңгіме бастады. Бұл үңгірлердің храмдары Индия мәдениетінің алып тарихының ескерткіші деп саналады. Осы қойнауа тауды үңгіп, тасты шауып жасаған 29 храм бар. Олардың ең ескілері біздің эрадан бұрынғы II ғасырда салына бастаған. Ең соңғысы біздің эраның VII ғасырында көп жасалған. Қазір біздің көретініміз сол тоғыз ғасырдың туынды ескерткіштері.

Индияда VII ғасырдан бері қарай буддизм діні әлсірей бастайды да, бұл үңгірлердің храмдары тозып кетеді. Сонан соң, көп ғасыр бойында дәл осы ғажайып орындар ұмытылғандай боп еске алынбай қалады. Тек 1819 жылы бір топ әскери адамдар аңға келіп, осы үңгірлерді табады. Кейбіреулерін аралап, ішіндегі суреттерін көріп, “Ост-Индия компаниясына” білдіреді. Содан кейін Англияның “Королевское обществосы” көңіл аударады. Фергюссон,

Грифиц, Леди Херинген сияқты бір топ адамдар зерттеулер жазады.

Оксфорт университетінің еңбектерінде бұл үңгірлердің жайынан мәліметтер жарияланады. 1914 жылы Хайдарабадта осы ескерткіштерді молырақ зерттейтін археологиялық қоғам жасалады. Кейін, 1950 жылы барлық осы ескерткіштер мен олар тұрасындағы қам түгелімен Индия үкіметінің өзіне көшеді. Содан кейін республика үкіметі бұл орындарға аса көп көңіл бөліп, мол қаражат шығарады. Сөйтіп, қазіргі күнде 29 үңгірдің көбінің ішінде реставрация істері жүргізіліп жатыр. Қопси бастаған ескі фрескалар оңдалып келеді. Италиядан келген тәжірибелі мастерлер мамандық көмек етіп жүр.

29 үңгірдің бәрі де адам қолымен қазылған да, көбінің ішінде сонау ескі замандардың шеберлері салған ғажайып суреттері бар тас мүсіндер мол. Бұлардың ішінде оңай тозарлығы сурет фрескалар десек, соның да өздері әлі 100 жылдай ізі жоғалмай сақталуға жарарлық екен. Бірақ соған қарамай, енді оларды оңдау ісі шындап қолға алынған.

Осы ғажайып ауыр істі алыптар қажырымен мойынға алып, ұзақ жылдар бойында бір ғана үңгірдің бірер ғана тармағын қазуға, әсемдеуге өзінің түгел өмірін берген, бар тірлігін сарп еткен адамдар болған. Ал олар — діншіл сопы, монахтар. Барлық осы 29 үңгір храмды қазушылар өзге емес, дәл сол монахтардың өздері дейді.

Монахтардың ішінде нәсілден нәсілге, заманнан заманға өнер қалдырып, әр түрлі сәулетті көркем шеберлік таратып, ұстаздық етіп кеткен ірі суретші скульптор, архитектор, эстет өнерпаздар болғаны даусыз. Солардың 900 жыл бойындағы еңбектерінің нәтижесі, мынау бір кең сайдағы, бүкіл бір дөңгеленген үлкен тауды үңгіп қашап жасаған мынау 29 ескерткіш. Таудың тасы жай тас емес, әлдене замандарда болып өткен вулкан әлегінен туып қалған біртұтас порода (тас бітімі) екен.

29 үңгірдің бесеуі Будда дінінің анық храмдары. Қалғандарында монахтар, сопылар өздері тұрған екен. Бірақ бар үңгірдің әрқайсысында сурет бар. Солардың ішінде ең жақсылары: бірінші, он алтыншы, он жетінші номерлер екен. Ескі үңгірлер сегізіншіден он үшке шейінгі үңгірлер саналады. Оларда архитектура, скульптура және сурет

(живопись) бәрі бар. Бұлардың тақырыптарын, мазмұнын алсақ, ол декорация немесе портрет, немесе белгілі бір оқиғаны әңгіме еткен фреска. Солардың ішінде декорация ретінде гүлдер мен ағаштар сияқты өсімдіктер салынады. Портреттерде Будда мен оның шәкірттері және солардың бастарынан кешкен неше алуан халдері баяндалады. Әңгімелі мазмұн да Будданның өміріне байланысты туған оқиғалар болады.

Біз осы “үңгір-ескерткіштердің” көбін араладық. Солардың ішінде бірінші үңгір храмда нелер ғажайып жайлар көрдік. Сыртынан биік таудың кеуде тұсындағы, кеңдігі дарбазадай ғана бір үңгір басталады да, ішіне кірген соң, бар дүние мүлде өзгеріп, басқаша боп кетеді. Кірген жеріңіз таудың іші, үңгір екенін сәтте ұмытасыз. Өйткені алдымызда үлкен дөңгелек зал тәрізді бір жай басталса, соның төбесі қоңыр тартып, қарауытып, зор биікке кетіп жатады. Содан әрі тағы бірнеше, төрт бұрышты дөңгелек, ұзынша үй-жайлар кетеді. Бұлардың бәрінің орталарында ғажайып шебер жасалған тас мүсіндер, барельефтер жоғарыда аталған дін хикаяларын баяндайды.

Кейбір қалтарыстарда биік иыққа кетіп жатқан әдемі, жайлы басқыштар бар. Едендер жалтырап, мүлтіксіз сұлу қашалған. Айнала қарасаңыз, жоғары биіктен төменгі етектерге дейін қабырғалардағы фреска суреттер бірімен бірі жарысқандай. “Мені көр” деп тайталасқандай болады.

Көп суреттер, фрескалар және скульптуралар Будданы танытады. Бұнда ғажайып бір фреска Будданың ең алғаш биік ағаш түбінде, өзіне әулиелік даритын шағын “просветлениені” тосып отырған кезді көрсетеді. Сонда демон-өзәзіл оны ниетінен аздырып, алаң етпек болады. Көп сұлу қыздарды әкеліп, жанынан, алдынан бұралтып, оралтып қызықтырады. Аздырмақ болады. Өзінің сұмпайы, қорқынышты ажарымен шошытпақ та болады. Бірақ Будда азбайды. Туған анасына да сырт беріп, сол ақтыққа, игілікке берілген бетінен қайтпайды. Кейін осы тақырып христиан дінінің ұғымы бойынша болатын мақшар күнін суреттеген Микеланджело ғажайып фрескасынан, Римдегі Сикстинская капелласынан еске түсті. Алдыңғыдан соңғысы кейбір тақырып, мазмұн жайларды үлгі етіп алған ба, қалай деп ойлайсың.

Бұл мәселеге кейін, Римді аралаған күндерді жазғанымызда айрықша тоқталмақшымыз.

Будданың айналасында қыздардың неше алуан сәні, сұлуы жасалғанда, шаш тарау, шаш түюдің (прическаның) өзінің де неше алуан үлгілері бар. Бар үңгірлерді санағанда, әйел прическаларының 240 түрі бар екен деседі. Будданы азғырушы өзәзіл-жынның өздерінің жүзі де қорқынышты, құбыжық қалыпта, сан алуан боп салынған. Міне, 29 үңгірдің бәрі де осындай таңғажайып өнер іздерін, ескерткіштерін танытты.

Бізді ертіп жүрген маманның айтуынша, Будданың ең өзгеше ұлы бейнесі жасалған бір фреска Будданы қолына лотос ұстап отырған күйде бейнелеген. Бұл фресканы “дүние жүзіндегі ең артық, асыл” санайды екен. Осындағы ғажап бір ерекшелік — Будданың көзін суреттеуде. Әуелі Будда бейнесіне алдынан қараған едік. Онда бар жүзі, денесі тура бізге қарап тұрған сұлу жүз болатын. Кейін біз тобымызбен оң жақ бүйірге шығып қарағанымызда, Будда бар денесімен бізге бұрылғандай болды. Содан екінші қарсы бүйірге шыққанымызда, тағы да бар денесімен бізге бұрылды. Осы жайды ескі шеберлердің өзгеше өнерпаздықпен жасаған “сиқырлы” қасиеті есепті бағаласады.

Барлық үңгір храмдар мен жатын орындар толған неше алуан көркем өнер туындылары 900 жыл бойындағы сансыз көп монахтардың қолымен жасалған дедік. Ол монахтар осы істерін өздерінің сопылық, тәркі дүниелік, діндарлық құлшылығы ретінде орындаған. Осы істер олардың өзінше намазы, оразасы есепті болған. Рас, әрине, шеберден шебердің айырмасы бар, таланттан таланттың озғыны мен бәскілі бар. Соған орай кейбір фрескалар, жаңағы бірінші үңгірдегі тәрізді, ғажайып көркем болумен қатар, кейбіреулері әлдеқайда төмен, орташа боп шыққаны да бар. Ол сол замандар мен таланттар араларындағы айырмыстардың айғағы есепті танылуға лайық.

Осы күні түстен кейін Аураңгабад деген қалаға қайта оралып келіп, тағы бір атақты, зор ескілігі көп Эллораға қарай өттік. Бұл жерде және де храм тәрізді ескілік имараттары өте көп. Анығында, Индияның көне өнерінің шын ғажайып үлгілерін атағанда, алдымен ауызға алатын

орындар Аджента мен осы Эллора деседі. Эллорада буддистердің, индуистердің және сол діннің бір тарауы болған “жаинизм” дінінің ұлы ескерткіштері бас қосқан.

Осы қатардан ерекше оқшау бөлініп тұрған бір ғаламат храм бар. Бұл Эллораның үлкен бір таудан шауып, қашап жасаған ұлы храмы. Өзі VIII ғасырдың ескерткіші. Бұны жасаған монахтар емес. Тегі, индуизмде монахтар болмаса керек. Ол буддизмнің белгісі, ерекшелігі. Мынау храмды салдырған бір махараджа дейді. Өзінің қоластына қараған халықты үнемі айдап салып отырып, үлкен бір таудан сол таудай үлкен храм шаптырып жасатып шығарған. Осы храмды 70 жыл бойында еңбек етіп, бір уәлаяттың халқы бірнеше буын адамдарының, өнерпаздарының әмірін сарп етіп жасапты.

Индуистер дінінің храмы болғандықтан, бұнда Шиваның және басқа сол дін құдайларының жайлары тас мүсін суреттермен баяндалған. Тау-тастан жасалған храмының сырты мен іші бірдей таң-тамаша етерлік өрнек пен суреттер, келісті шебер құрылыстар. Анық, үлкен мол өнер, өнімді өнер мен шеберліктің жиын кескіні, тұлғасы осыдан танылғандай.

Храмның төменгі жақтары өңшең ірі айуандардың кескіндерін бейнелейді. Бұнда пілдер, арыстандар молырақ көрінеді. Кей жерлерінде су ағар арықтар жасалған. Оның өзі де сол жаңағы біртұтас тау-тастың өзінен шабылған.

Осы храмның елесін көкейге қондыру үшін мысалға бір үлкен тектұрды алуға болады. Соның сыртының бәрін осы күнгі кірпіштен, ағаштан салынған шіркеулер, мешіттер тәрізді безендіріп жасайды. Соның үстіне, жаңағы мұнара, күмбез, карниз, қабырғалар болса, соның бәрінің сырты неше алуан құдайлар бастарынан кешкен хал-жайларды, соғыстарды, ғаламат орасан қырғын қақтығыс-тартыстарды сол тастың өзінен суретпен қашап шығарған. Сөйтіп, жартас храмның есіктері, терезелері, балкондары және сансыз көп діңгек (колонналары) түгелімен тастан қашалып жасалған қызық оқиғалы әңгімелерге толы. Бұл жағынан алғанда, мысалы, төрт-бес қабат үйдің биіктігіндей болған тау храмның өнебойы өзі бір кітап оқығандай әңгімелерге қандырады. Бейне бір бүкіл жартас түгелімен ұзақ дас-танға ғажайып түрде ауысып құйылғандай. Анығында,

Эллорадағы “Шиваның жұмағы” аталатын осы храмның көп оқиғалары Индияның ірі дін кітабы, әрі ғажайып дастаны — “Махабхаратаның” әңгімелерін баян етеді. Әр бөлімдерін бірде соғыс, бірде басқа тартысқа арнайды. Сонда құдайларын, пілдерін, арыстан, аюларын, ат тәрізді көліктерін түгел араластыра отырып, сол ескілікті білген жандарға күй күңіrentкендей болады.

Бұнда скульптура, барельеф, орнамент — бөрінің де өнері түгел өз өрістеріне жеткендей. Сол сырттағы күйлер әңгімесі, біріне-бірі байланысты көрініс-тартыстардың барлығы — бұл тау храмның ішінде және де үдей түскен.

Храмның есіктерінен аттап ішіне кіргенде, тұтас тастан шабылған орын-жай деп ойлау әсте мүмкін емес. Кәдімгі үлкен мешіт, зор шеркеу, сәнді сарай ішіне кіргенде, кірпіштен, тастан, ағаштан қиылып жасалған келісті залдар, басқыштар, балкондар, колонналар бар емес пе? Мұнда солардың барлық қалпын бұлжытпай құйып қойғандай дәл келтірілген. Ішінен қарағанда да храмның төбесі шырқау биікке көтеріліп кетіп жатады. Анық, көп шебердің қолымен қаланып, сыланып жасалып шыққан ұлы сұлулық құйылысындай.

Бұл храмның айналасы және де толған мінәжат орындары, зор ескерткіштер екен. Осында, Аджентадағы тәрізді, 12 үңгір храм буддистердікі. Мынау үлкен храмнан басқа тастан ойылып жасалған үлкенді-кішілі 17 храм индуистердікі. Және 6 храм жаинистердікі екен. Бұлардың ішінде буддистер храмдары ең ескілері саналады. Қазіргі күнде қайран қалдыратын — сол замандағы адам өнерінің шеберлігі. Салдырушы, қатал әмір иесі раджа, махараджалар болғанмен, осындай өнер үлгісін ойлап тапқан бай қиял, орындай білген шебер қолдар — барлығы да бағы заманда анық халықтан шыққан өнерпаздардікі. Солардың ұлы өнерінің ажалдан тыс, мәңгілік ұлы іздері тәрізді. Тас храмдардың бәрі де өздерінің өзгермес мығым тілі мен сондайлық өнер түрін жырдай етіп, бүгін күні бойы өздері үн салып баяндағандай болды.

Аджента мен Эллораның “тас дастандарын”, эпоеяларын оқып шығып, ойға алған таңданушы қиялдың бағалары осындай еді.

XI. Тағы да үлкен қала болмысынан

Біздің ендігі сапарымыз Индостан жарым аралының батыс жағын орай түсіп, терістікке қарай қайта өрлей бастаған-ды. Бір шақта Индияның шырқау терістігінде, Гималай түбінде болғамыз. Одан беріде шығыс жақ шегі, Бенгал қойнауы, Калькутта қаласында болдық. Оңтүстіктің құрғақтағы ең шеткі шегіне, Коморин мүйісіне соғып өттік. Оңтүстікте Кочин, Тривандрум, Траванкур, Банголор, Майсур атаулыны айқыш-ұйқыш жүріспен тегіс кезіп өттік.

Хайдарабад, Аджента, Эллора баршасы оңтүстіктен терістікке қарай беттеген жолымызда болатын. Енді Хайдарабадтан ұшқанда, біз Бомбейден кеп шықтық. Бұл Индия мұхитының бір қойнауы — Арабстан теңізінің жағасында тұрған аса зор қаланың бірі. Бомбейде үш жарым миллион халық тұрады. Калькуттадан соңғы Индияның ең үлкен қаласы осы.

Теңіз жағасындағы порттың бәрі дүниежүзілік порт болғанда, Бомбей қаласы сол порттардың анық дүниежүзілік ең үлкен, ең атақты портының бірі саналады екен. Сондықтан да бұл қаланың тарихында дүниежүзілік сауданың орны өзгеше. Бомбей қаласы — бүгінгі тұрған анық европалық көрікті құрылыс атаулысының бәрінен өте жас қала, жаңа қала. Мысалы, бүгінгі Бомбейдің осы тұрған орнында 80 жыл бұрын қала болмаған. Бомбей өзі аралда тұр. Ені бір-бір жарым миль, ұзыны 11 миль арал бүгінгі Бомбейдің тұрған жері. Осы арал мен құрғақтың екі арасын бөліп тұрған бұғазды қазір үлкен көпірмен басып өтіп, арал мен құрғақ арасы білінбей қосылып кеткен. Қала бұл атыраптың аралы мен құрғағының бәрін қаптай басып-қосып, аса жайлы мекен тапқан.

Бомбей қаласында біз өзге қалалардан гөрі көбірек тоқтап, қала тіршілігінің бірталай жайларына молырақ қанықтық. Айдан асып бара жатқан сапарымыздың аяқтап келген кезі осы күндер. Бомбейге жеткен шақтар болған соң да, біз асыққамыз жоқ. Ал Бомбейдің бөгде қонақ білсем дейтін өзгешеліктері, әрине, және де аса мол еді.

Біздің Бомбейден соңғы қайтып оралатынымыз Дели. Осы жайлардың бәрін еске алып, ұзақ жолдың соңы өзгеше

үлкен қалаға соққан соң, біз бұнда бірталай жайларға үңіле қарай түстік.

Бомбеймен танысуымыз Бомбей губернаторымен кездесуден басталды. Бомбейдің губернаторы кофе мен шай үстіндегі аз мәжілісте біздің топқа жақсы бейіл көрсетті. Шыншыл жүзбен елеулі бір сөз айтты. Тек мақтап, көтере сөйлемей, ұлы қаласының жайын еркін сыншы оймен сипаттады да: “Бомбейде жақсы да көп, жаман жай да көп” деді. Кейін өзі ертіп жүріп парламент залын көрсетті. Сол парламентте өзі отыратын жоғарғы орын – ложа бар екен. Біз сол арадан кеп, төмендегі парламент залында жүріп жатқан мәжілісті сыртынан шолдық. Бұнда, Жоғарғы палатада жарыссөз жүріп жатыр екен. Зал дөңгелек болғанда, оң жағы және көп жағы үкіметтік партия – конгрессистер партиясының отыратын жағы. Сол жақта оппозиция – қарсы партиялар депутаттары отырады екен.

Үзіліс кезінде Төменгі палатаның мәжіліс жайларын да аралап, таныс болдық. Губернатордан кейін, біз кино өндірісі ең күшті қала осы Бомбей болғандықтан, бір мезгіл документалды суреттердің студиясына келдік. Тегінде, Индия киносуретті аса мол шығарады. Жылына 200 суретке шейін шығады деседі. Сол кино өндірісінің Индияда екі үлкен орталығы бар. Біреуі – Мадрас, екіншісі – Бомбей. Бомбейде кино өндірісінің бір тобы үкімет қолында және бір бөліктері жеке капиталистер өндірісі саналады. Бұнда тұтас киностудияның иесі боп отырған фабриканттар да бар.

Индияның киносы, тегінде, өзге киносуреттерден ұзын болады. Мөлшері орта шамасы 3000 метр суреттер бола береді. Ондай ұзын суретті Индия көрушілері кәдімгі театрға келгендей үзіліс (антракт) жасап, үш-төрт сағаттай қарайды. Театры болмаса да, кино өндірісі мен өнері Индия халқын өзіне түгел қызықтырып, бұрып алған деуге болады. Бір ғана көркемөнерлік жағы емес, тіпті әдебиеттік шығармалық еңбектердің де бірталай жақтары киноға қарай көбірек ауысып, ойысып кеткен тәрізді.

Осы туралы біз кейінірек сөз ететін бір жайлар мезгілімен айтылатын болғандықтан, әзірше ұзап сөз етпейміз. Жалғыз ескерте кететініміз, Индия көркемөнері мен әдебиет өнерінің ортасында кино өндірісінің таразысы анық басыңқы.

Бейілдің, күштің, қаражат көмектің көптен көбі осы салаға, сынаржақ болса да, сайып кеткенге ұқсайды.

Документалды суреттер студиясы бізге бір топ суреттер көрсетті. Бұнда Индия өмірінің әр сала, әр қиыр шеті жан-жақты көрінгендей. Мысалы, Непалда, тауда ғылымдық экспедицияда жүрген бір топ адам жүрісі өзінше қызық мазмұнды болып көрсетілген. Зерттеуші топ қарлы қалың таулар арасында тұратын буддистер ортасына соғады. Сол елдің музыкасы, биі, неше алуан цирк өнеріндей, адамды таң қылатын көріністері суреттеледі. Аузын, ұртын бізбен тесетін артистер көрінеді. Немесе би үстінде аузына өткір қылыштың ұшын сақ еткізіп сұғып жіберіп, бір жақ ұртын сол қылышпен бұлтита керіп, тіреп қоятын ойыншыларды көрсеткен.

Этнографиялық жайды, деректерді экзотикалық қалып-қа айналдырып, еріксіз көңіл бөлгізетін, көз тартатын елеулі документалды сурет жасаған.

Екінші бір документалды сурет — терістік Индияда тауды жарып, тасты қашап, канал, плотина, электр станция, су қоймасын жасап жатқан машиналы, техникалы тегеуріні күшті еңбекті баяндайды. Үшінші бір сурет — оңтүстік Кочин, Тривандрум, Траванкур тәрізді өлкелердің неше алуан байлықтарын бояулы суретпен көрсетеді. Соңғы бір суретте Индияның әулие қаласы Бенарестің ерекшеліктерін жинай баяндапты. Бар оқиғаны Қытайдан келген монахты жүргізіп отырып, соның аралап көрген дүниесі ретінде кезегімен тізіп көрсеткен.

Сөйтіп, документалды сурет өзінің желілі идеологиясымен қоса жасалған. Кейін де біз Бомбейдегі кино өндіріс орындарында бірнеше рет болып өттік.

Кешкі шақта бар тобымызбен Индия-Совет достығы қоғамының үлкен жиналысында болдық. Бомбейде, тегінде, мәдениет қайраткерлері арасында біздің Отанға дос адамдар көбірек. Бізге белгілі Индия қайраткерлерінің бірталайы осында тұрады. Мысалы, Индия-Совет достығы қоғамының бастығы доктор Балига, бізге дос, үлкен жазушы Мулк Раджинан осында тұрады. Одақ халқына аттары белгілі кино қайраткерлері Радж Капур және басқа бір топ Индия суреттерінің ер-әйел артистері осы Бомбейде тұрысады. Жазушылардан Индиядағы киносуреттердің бір тобының

сценарийін жазушы, біздің дос адамымыз Ходжа-Ахмад Аббас осында мекен етеді. Ақындардан: Али-Сардар Жафри де осы Бомбейде.

Үлкен зал мол толған жиында сол Балига, Мулк Раджинан, Али-Сардар сөйледі. Біздің тобымыздан да Сурков бастаған бірнеше жолдастар шынайы, қымбат достық — халықтар достығы жөнінде орынды, елеулі ойлар айтысып еді.

Бомбейде болған күндерде біз қаланың сыртында, дачалы жерде өз үйінде тұрушы — әрі жазушы, әрі режиссер Ходжа-Ахмад Аббастың үйінде қонақта болдық. Бұнда адам көп жиналыпты. Бомбейдің ұрду тілінде жазатын жазушылары, ақындары мен кинорежиссерлер, артистер, артискалар болған еді.

Одақ еліне мәлім болған суреттердің геройлық рольдегі еркегін, әйелдерін ойнаған артистер де болды. Бір топ ақындармен әңгімелесе отырып, Одақтағы біздің жазушы-ақындарымыздың шығармаларын білетін, білмейтін жайларын сұрастырып ем. Жалпы одақтық жазба поэзиядан Маяковскийдің атынан басқа ақындарымызды ауызға алысқан жоқ. Бір шақта қайтер екен деп “Жамбылды білесіздер ме?” деп сұрап ем, бастығы Али-Сардар боп, ұрду тілінде жазатын, маған жақын отырған үш ақын өзара өздерінше бірер ауыз сөз қатысып алды да, сол арада әңдетіп тұрып, бәрі қосылып Жамбылдың “Жаңа заң” туралы шығарған жырын айтып та берісті.

Тегінде, Индиядағы ақындар жайы тұрмыс жағынан жеңіл болмау керек. Осы ақындардың біреуі маған сыр қылып, бір-ақ ауыз сөз айтты. Сонда барлық жайлар мәлім болғандай еді. Ол: “Қазір мен үшін ең үлкен қам — нан” деді. Басқа да көп ақындары сондайлық мұқтаждық күйде екен. Қара сөз бен қысқа әңгіме, новелла болмаса, кино керегіне жарайтын оқиғалы әңгімелер жазатын, немесе сценарийдің өзін жазатын проза жазушылары күйлірек көрінеді де, ақындар жағы жүдеулеу. Олар да кейбір күнкөріс қамын кино айналасынан табамыз деседі.

Ал үй иесі Аббастың жайы өзгеше. Оның жақсы бағы бар, үйі екі қабат, бөлмелері үлкен, келісті көрінді.

Осы кеште, түн жарымына тақау қонақтан қайтып, қаланың ішіне кеп кірген едік. Біздің бір топ машиналарымыз Бомбейде біз тұрған үлкен сұлу отель

“Тәжмахалға” қарай беттеп келе жатты. Сол шақта үлкен көшенің бірінде ең алдыңғы машина — Сурков екеуіміз бен Мулк Раджинан үшеуіміз отырған машинаны полиция тоқтатып алды да, тінтуге кірісті. Машинаның артқы багажнигін сатырлатып ашып, жөнін айтпастан, біз отырған ішкі орындарды тінтіп, тіміскілей қарай бастады. Біз амалсыздан Мулк Раджинаннан: “бұ несі?” деп сұраған едік. Жазушы досымыз қысылған жоқ екен, күлді де, жауап берді: “Бұл құрғақ законның іске басқан әрекеті” деді. Сөйтсек, Бомбейде, үш жарым миллион халық тұратын ұлы қалада, “құрғақ закон” (сухой закон) дейтін тәртіп бар екен. Бұл қала ішкілік атаулының бірде-бір түрін ешбір кісіге ішкізбейді. Бұнда, әрине, ондай ішкілікті саудалау да жоқ.

Шеттен келетін қатынас түрлерінің бәрі де қаланың ішіне кіре бере тінтіліп, тексеріледі, арақ-шарап атаулы кімде болса да конфискулленеді екен. Біздің машиналарымыз қаланың сыртындағы дачалар ауданынан шыққанын қала шетіндегі полисмендер орталық аудандарға білдірген екен де, бір топ боп тізбектеліп келе жатқан біздің машиналарымыз сезікке алынған екен. Біз бұл тінтуге, шынын айту керек, жөнін түсінген соң, наразы болу емес, іштей қатты ырза болдық.

Жалпы ішкілік Индияда, тегі, жоққа тән болғанмен, өзге қалалардың бәрінде де “ішем” деушілерге сатылатын әр елдің мыңдаған сортты арақ-шараптары болатұғын. Ал Бомбейдің қала басшылығы халықтың саушылығын, тазалығын сақтау қамымен мүлде арақ атаулыны сатуды тыйған да, өзінің жаңағыдай қатал заңын кіргізген екен.

Бомбей қаласын түн ішінде аралау жолында, біз досымыз Мулк Раджинаннан қаланың өзге жайларын да аздап естіп келе жаттық. Орталық көп аудандары төрт-бес-алты үйлерден ғана құралған және әр үйлері өзіне бөлек көркем стильмен салынған қаланың көп өлкесі шынында сұлу, сәнді, мол мәдениет астанасын танытады. Теңіз суы қойнау болып, қаланың бір шетінен кіре түскенде, қала көшелері мен жағалау жолдары дөңгелей иіліп, айшық жасап ойысып келеді екен. Түнгі мол жарық төгілген осы айналма үлкен мүйіс өзі бір үлкен бриллиант алқадай жарқырайды. Соған орай осы жағаны “Англия король ханымының алқасы” деп атапты.

Мулк Раджинан каланың үлкен порт, аса зор сауда орны болып тұрған халқын еске салды. Сөйте тұра бұл каланың үлкен обырлық капитал майданы екенін, қомағай қазан тәрізді сыры, шыны барын да ашып айтты. “Мынау сіздер көріп келе жатқан Бомбей, дәл осы тұсында, ақша жасаушылардың қаласы. Бұнда сол ақша жасаудан басқа арман да, мүдде де, қасиет те жоқ және бұл қала сол сипатымен дүниежүзілік талаушылардың, сома жиюшылардың Индияға кіретін есігі” деп, салқын ойлы, сыншы адамның теңеуге толы шешен сөзін айтты. Бомбейдегі күндерде Индияның бізге шала таныс өзге жайларын да анық достардың шыншыл, сыншы пікірлерінен жақсы ұғындық. Бір дос жазушының өз отаны туралы айтқан әділ, сыншыл шынға толы деректерін Бомбей болмысымен байланыстыра еске алып өтейік.

Ең әуелгі бір мәселе, Индиядағы “касталар” (ата-тегі, дәрежесі бойынша екшелетін қоғамдық топ) жөнінде индиялық достар не дейді? Соңғы кездегі өкімет талабы, конгрессистер партиясының мақсаты бойынша, әсіресе Нерудің айтуы бойынша, Индияда касталар жоғалу керек, жойылу шарт деседі. Бірақ сол жойылу ісі оңай емес болса керек. Касталар — Индиядағы халықтың қоғамдық тірлігінде талай мың жылдардан, бағы заманнан келе жатқан қоғамдық жіктер. Бұл күндерде, әсіресе жаңа Индияның жаңа қоғамдық, тарихтық тірлігіндегі үлкен дерттің бірі осы. Индия шындығын сәл бүркемелеп айтатын адамдар “каста” саны төртеу ғана дейді. Ол төртеуі: бірінші — браминдер (жрецтер), дінбасылар тобы. Екінші — әскери қауым; үшінші — сауда қауымы; төртінші — қара жұмыс халқы. Бұлай санаушылар Индиядағы қалың топ, есесіз құл-күн дәрежесіндегі аласталғандардың (неприкасаемыйлар) қалың тобын еске алмайды. Оларды касталардан, қала берсе, адамдық қатардан төмен санайды. Ал осы аласталғандардың өзінің де молдығы ешкімнен олқы емес. Бұлар Индияда ешбір орынға, ешбір мүлік-жайға ие емес. Адамдық өмір, тірлік қатарына кірмейді. Көшеде қаңғырған иесіз жәндіктер тәрізді. Олардың есесіне тиген жалғыз ғана арнаулы жұмыстар болса, ол — көшені сыпыру, су шашу, лас-нас заттарды жинау, тазалау ғана.

Осы аласталғандар бүгінгі Индияда әлі бар. Джавахарлал

Нерудің жазуы бойынша, Ганди өз өмірінің көп кездерін, көп үгіт-өсиетін аласталғандарды қорғауға арнаған. Индияның өзге барлық қауымдары, халықтары арасында Ганди жаяу жүріп, өзінің үгіт-өсиет сөздерін, әдейі осы есесіздер (индияша айтқанда хариджи) қауымының қамына арнаған. Оларды адам қатарында санап, халықтың ұл-қыздарының қатарынан адамдық орын, дәреже правосын беру керек деп үгіттеген. Ал осы есесіздер бүгінгі республикалық Индияда әлі де бар. Қалада қайыршылар, жоқ-жітіктер, жүдеп-солып, сорлағандар тобын молайтумен жүр.

Касталар жөнінде біздің бұл айтқанымыз: шақтап, жеңілдетіп, шындықты бүркеңкірей сөйлеген адамдардың дерегі. Ал сыншы, сергек ойлы жазушы достың әңгімесі бұл айтқаннан әлдеқайда ауыр да, қиын түйін жайлар есепті. Ол адамның айтуынша, кастаның күші де, көбі де қалада. Қыстақтарда ол жайлар басқаша. Ал қаладағы күйді алсақ, каста ретімен жіктелудің барлық Индияда бұл күнге шейін шынайы өмір тірлікте қаймағы бұзылған жоқ.

Өкімет касталар жойылсын дегенмен, ол әлі жойылған жоқ, жойылуы оңай да емес. Себебі индуизм дінінің өзі қоғамдық құрылыстың касталық жікке бөлінуіне сүйенеді. Барлық діндік рәсім, салт-қағидалар өзі сол касталық жіктер бойынша қалыптанған. Касталар арасы соншалық бітімсіз жырақ, шалғай да кереғар. Мысалы, екі кастаның қызы мен жігіті бірін-бірі сүйіп, үйлену былай тұрсын, тіпті екеуі бір ыдыстан ас іше алмайды. Біреуі ішкен ыдыс екіншісіне арам есепті. Көпшілік санасында осы жіктер нанымды дін де, иман да тәрізді.

Біздің дос осыдан үш ай ғана бұрын болған бір оқиғаны, сол касталар мен рәсім қағидалар, салттар турасындағы түсініктің, нанымның беріктігіне дәлел етіп әңгімеледі. Газеттерде жарияланған оқиға бір семьяның трагедиясы жайында. Үш ай бұрын бір индус генерал қайтыс болған. Рәсім бойынша соның өлігін отқа өртеген шақта, жаңағы генералдың әйелі, былайша айтқанда, көзі ашық, мәдениетті дейтін семьяның әйелі, күйеуі өртенген отқа өздігімен атылып, күйеуінің өлігін құшақтап, бірге жанып өлген. Осы оқиғада жаңағы касталық, діндік, қоғамдық шындықтың барлық дерегі мен айғағы айқын тұр.

Индия әйелінің көпшілік санасында, бұрынғы әйел-

дердің дін салты бойынша істейтін қарыз-міндеттері бұл шақта да сақталу керек болғаны. Ресми түрде ғана айқын, үлкен топтар болғандықтан, барлық Индия халқынан төрт кастаны жоғарыдағыдай бөліп атасады. Анығында, діндік, қоғамдық, шаруашылық, кәсіптік, қандастық деген сияқты, талай түрде сан алуан касталар толып жатыр деседі. Және сол касталық жіктердің бәрінің жайын материалистік дүниетану негізімен баяндап отырған жазушы досымыз, осы жіктердің бәрі және де түгелімен таптық қоғамның қалпынша бөлініседі дейді.

Касталық түсінік, нанымдар әр бөлек кастаның өзінің ереже, заңымен, ұғым-түсінігімен бүгінгі Индияның барлық жеке қоғамдарында, семьяларында, жеке мүшелерінде әлі күнге жойылмаған. Әлі күнге күшті, құдіретті қалпында. Сондықтан, біздің досымыздың айтуы бойынша, оның өзімен бірге туысқан ағасының әйеліне шейін қан жағынан, туыс жақтарынан бойларына сіңген жол-жораны бірде-бір уақыт ұмытпайды, қаза қылмайды, деп сөйледі.

Бүгіндегі Индияның әр алуан мәдениет салалары турасынан сөйлегенде, біздің досымыз және де “Индия мәдениеті дінге көп байланысты мәдениет” деді. Ал ғылым мен көркемөнердің кино сияқты кейбір саласы Европаға еліктеу ретінде дамыды дейді. Индияның өзіндік жолын табу керек еді. Оның орнына еліктеу молайған жақтар көп. Сонымен, мәдениеттің кейбір саласында Европаның декаденттігі де әсер еткен болды, — дейді.

Ағылшындар Индия тарихын орыс мәдениетінен өте жырақ ұстаған. Сол себепті, мысалы, біздің досымыз өз басының білім іздеу жолын айтқанда: Маркс пен Горькийді мен тек ағылшынның абақтысында отырған шақта ғана оқып, таныса алдым. Ағылшын мәдениетін Индия тарихы сыңаржақ, кейде біржақты ғана алған. Кей салаларда, мысалы, ғылым мен жоғарыдағы айтқан көркемөнер көлемінде кейбір кезде барынша европалану болады да, екінші бір салаларда Индия мәдениеті тапжылмай, өспей қалады. Ешбір жаңалық болмай, тумай, екі жүз жыл бойында бір күйде қалып қойған, кейіндеп қалған хал де бар, — дейді.

Осы жөнде ойлағанда, Индия әдебиеті көп өзгешеліктерді молырақ сақтап қалған тәрізді. Соның орайына бұл әдебиет аморф күйде, шабандыққа түсіп қалған. Бұл

ретте тілдердің жайы да Индияның жауапты жазушысын киын ойларға салатын көрінеді. Ол өзі ағылшын тілінде жазатын және пенджаби тілімен жазатын жазушы. Сондықтан ғана емес, тарихтық сыншы, дұрыс көзқарас бойынша, ол ағылшын тілі арқылы белгілі дәрежеде Индияға әдебиет мәдениетінің келгенін даусыз деп санайды. Сондай Европа жаңалығы келмесе, біз ұдайғы феодализм қалпындағы әдебиет өнерінен аспай қалуымыз мүмкін еді, дейді. Оның үстіне, ағылшын тілінің өзі де тек жаудың тілі емес, мысалы, Говард Фаст пен Фостердің тілдері екі басқа. Говард Фаст артық тілмен жазады, дейді. Индияның өзінің қайраткерлерін, халық басшыларын алғанда: Ганди, Неру, Кришан Чандр бәрі де ағылшын тілін қолданған. Олар сол тілде білім алып, сол тілде өз халқының тарихы, тағдыры турасындағы қамқор ойларын таратты. Бірақ сонымен қатар Индияның өзінің тілдерін де бұл күнге шейін өсіп келген дәрежесіне, мәдениетіне сай етіп дамыту керек, дейді. Сол жөнде және де сыншыл ой тарата отырып, һинді тілін “көркемдігі аз” тіл дейді. Ұрду олай емес, ол XVI ғасырдан бері ғажап бай классикалық поэзия тудырған. Бенгал тілі де сондай. Һинді тілінде сұлу әдебиет туындысы жоқ. Сол себепті, өкімет ойлағандай, 15 жылдан соң барлық Индияға һинді тілін жалғыз тіл ғып кіргізу оңай емес. Әдебиет тілі бұрын өркендеп өскен, нәзіктеніп өнерленген өзге Индия тілдерінің өз дәстүрін тастап, һинді тіліне ауысумен тумайды. Және оңтүстік тілдері санскритпен байланысты емес. Олардың тілінде де һинді тілінен өте жырақ жатқан жайлар көп, дейді.

Сонымен, бұл жазушы әр тілдер өз мәдениетін өсіре отырумен қатар, ағылшын тілінен қол үзбеу керек дейді. Бүгінгі тілдер ішінде ілгері мәдениетті бойына молырақ сіңірген тек бенгал тілі. Ол тілде Рабиндранат Тагордың ғана шығармалары емес, басқа да төрт-бес жаңа бағыттағы, ірі жазушылар шығармалары туған. Ол тілде, роман жанры сияқты, Индия әдебиетіне, тарихына мүлде жат жанр да туды.

Өзге тілдерде ондайлық дәрежеде әдебиеттің жаңа жанры өсіп, дамыған жоқ. Бұлардың бүгінде де ең өскелең жағы тек поэзия. Оған да жаңа ырғақ, ұйқас пен өзге құрылыс жаңалықтары енген жоқ. Әлі де көбінше екі

жолды мәснауи, бәйіт, ғазел, рубағи өлшеу ырғақтары басым болып жүр.

Сондықтан ақындар жазып шығарудан гөрі, жырлап шығуға көбірек беріледі. Әлдеқандай “мүшәйрада” бес мың, он мың жұрттың алдында өлеңдерін әндетіп айтып, соны қанағат қылып жүр.

Бұл қалыпта көбінше мазмұн орнына орындау, айтып беру өнері көбірек алға шығады. Сол өлеңдердің 80 проценті төмен сапалы бола тұрып, құлақпен қабылдауға, әнмен қанаттануға бейім келеді. Бұлай тірлік етуде поэзия үшін жарыс, өріс жоқ. Сын атаулы Индияда мүлде жоққа тән. Сондықтан әр тілдердің өздерінде өсіп жүрген, қолданылып жүрген поэзия шағын, шамалы өнерді аңдатады деуге болады. Оның орайына европалық әсер, мәдениетті үлгі бойынша туған прозалық жаңалықтар өнімді, көңілді әсер етеді.

Қазіргі Индияда жаңа үлгіде өскен әдебиетті алсақ, соның көбі көркем проза мен қысқа әңгіме, новелла түрінде туған үлгілер. Осы қысқа әңгіме мәдениеті біздің Индияда европалық дәстүрден ауысты. Журналдар әңгімелерінен үлгі алу нәтижесінде туды. Сол қатарда Индия новеллаларының 30-40 процентін анық реализм дәстүріндегі шығармалар деуге болады.

Осы жайды айта келіп, біздің досымыз жүйелік аса даулы бір мәселені сөйледі. Ол, Индияда роман жоқ, роман тууға бұл күнге шейінгі Индия тарихында жағдай, болмыс шындығы және де жеткілікті болған жоқ, — деді.

Индия әдебиетінде роман болмауы рас, ол өзі біздің көңілімізде үлкен бір қайшылық та олқылық есепті сезілуші еді. Қазір мына жауапты ой жазушының аузынан романның болмауын естудің үстіне, “бұл шаққа шейін болуға мүмкін де емес еді” дегенді түсіну оңай емес еді. Оған көну әсіресе қиын. Дәлелдерін сұрап едік: романның Индияда туатын шағы болған жоқ, жеткен жоқ, себебі біз феодализмнен әлі шығып болғамыз жоқ. Дін, каста, қоғамдық, үй-ішілік түсінік-жайлардың бәрі қат-қабаттаған шытырман күйде. Бұларды романмен суреттеу оңай емес. Қалыңдап кіруге мүмкін емес. Сондықтан тіршілікті шеттеп жазатын, аз-аздап көрсететін құрылысы жеңіл, шешімі оңай әңгімелермен қанағаттану бұл шаққа шейінгі Индияның

әдебиет мәдениеті көлемінде орынды болса керек. Осы пікір шынында аса даулы пікір болғандықтан, дәлел ретінде біздің досымыз қанша даулар айтса да, біздің илануымыз, құптауымыз қиын болды.

Ол, бір жазушы басындағы қиыншылықтың мөлшерін шамалағанда, мысалы, Диккенс, Лев Толстой, Шолохов үшеуінің бар сипаты бір жазушыда болса ғана бүгінгі Индияның шытырман шындығын роман жанрымен жазуға болады. Әйтпесе мүмкін емес деп, дәлелдерін аяқтаған еді. Мен осы жөнде бұл жазушымен де және кейін әңгімелескен ақын досымызбен де біраз даулы болдым.

Даудың үлкені роман жанры турасында еді. Индияда феодализм басым болғандықтан, романдай буржуаздық құрылыс кезінде туатын жанр Индия топырағында туарлық тарихтық жағдай таппаған тәрізді.

Мен осы жайды жеткіліксіз дәлел санадым. Себебі бүгінгі Индияның өзге жерлерін қойып, тек қана үлкен қалаларын алса, ХХ ғасыр ортасының барлық машина техникасы түп-түгел өз жағдайымен, бар дүниедегі шытырман шартымен келіп орнап отыр. Орнау ғана емес, миллиондар өмірін, еңбегін өзіне баурап, билеп отыр. Бұл урбанистік (қалалық техникалық мәдениет), әрине, өзіне лайықты, өз заманының қоғамдық орталарын жасап, қоғамдық қарым-қатынас күйлерін молынан туғызып отыр.

Сол себепті, буржуаздық капиталистік дәуірден бастап дүниеге келді дейтін роман жанры туарлық жағдайлардың бәрі де қасымызда, көз алдымызда, осы Индияның бар қаласында сықап толысып тұр. Шаруашылық, тарихтық, қоғамдық, сондай жағдайлардың бәрі өзге емес, бір ғана осы Бомбей қаласында, жеке көшесінде немесе бір квартал көлеміндегі талай бес-алты қабат үйлерінің іштерінде бар жағдайымен әзір тұр. Тілесеніз, сол үйлерде, кварталдарда, Бомбей көшелерінде тірлік етіп тұрған бүгінгі Индия адамдарының семьяларының, қоғамдық орталарының неше алуан қым-қуыт қайшылық, тартыс, тайталас жағдайларын сан алуан роман етіп жазуға болады. Дәл бүгінгі шындық пен болмыстың осы айтылғандай жағдайларына сүйеніп, Индияның қай тілінде болса да: тарихтық, салттық, психологиялық, индустрлік, қоғамдық роман үлгілерін мейлінше туғызуға болады. Романның Индияда өспей қалуы

тарихтан емес, сол өсудің тағы бір алуан өзге жайлардағы сыңаржақтық қайшылығы, олқылығы деп есептеуді менің көңілім дұрысырақ деп байлаған еді.

Осы пікірлер жолдасша іштесіп сөйлесу үстінде ашып айтылды. Қалай да болса, даусыз бір шындық дос жазушымыз айтуынан тағы анықтала түсті.

Индия халқына сауатын ашумен қатар, кітап, кітап, кітап керек. Әсіресе, дұрыс тәрбиелейтін кітап керек. Болмаса бүгінгі қалыпта Индияның сауаты бар адамдарының арасына ең көп тарайтын Америка макулатурасы — кітапсымақтары екен. Онда ұрлық пен қылмыс, бұзық пен бүлік әрекеттер “қызық әңгіме” болып жазылады. Неше түрлі осалдық, осалқұмарлық түрлері, қылмыстары, қылықтары әңгімеленеді. Сондай кітаптар қазір Индияның барлық тілдерінде оңай аударылады. Бұрын американдар, ағылшындар жазатын болса, енді сондай кітаптарды пұл табу үшін Индияның кертартпа жазушылары да халтура түрінде жаза беретін болды. Осы кітаптар қазір Индиядағы ең арзан кітап. Өздері ерекше мол тиражбен шығарылады. Бір кітап бағасы бір рупийден артық болмайды. Кейде төрт-бес ан (16 ан — бір рупий) тұратындары да болады.

Сондайлық “арзан, қызық”, мазмұны бүлік кітапсымақтар атаулыны американдар мен ағылшындар Индияға өлердей тырысып, мол жайып жүр. Индияны осындай кітаптардың селімен бастырғандай да боп кетеді. Ал жалпы Индия әдебиеті көлемінде сын деген мүлде жоқ, немесе жоқтың қасы. Олай болса, жаңағы ұдайы тарап жатқан залалды кітаптардың сырын, шынын көпшілікке түсіндіру де жоқ. Міне, осы себепті де бүгінгі Индияға кітап керек болғанда, өмірдің шынын, сырын терең ашатын реализм жолындағы, анық дүниежүзілік әдебиет мәдениетінің үлгісінде, дәстүрінде туған әңгімелер, повестер, романдар қажет.

Бомбейде біз қаланы көп араладық. Сол қатарда Махин аталатын ауданында бойня бар екен. Және де, Калькутта, Мадрастағы тәрізді, нелер сорақы жүдеулікті осы бойня маңынан көрдік. Бойня жұмысшылары тұратын кварталдар, жеке үйлер мен өте жүдеу жырым шоқпыт лашықтар бірі артынан бірі тізіліп, ұзақ қатарлар боп созыла берді.

Қаланың талай ауданы сауданың, банктердің, порттардың, заводтардың орналасқан тұстарында өте сәнді

де сұлу. Бай қала, толған, болған қала деп ойлайсыз. Бірақ сонымен қатар бұл қаладағы жоқшылық та ұшан-теңіз. Бұнда да үйсіз, панасыз жандар жалғыз ағаштың түбін мекендеп, жалтаң көз, аш бала, жалаңаш әйел, жарымжан ерлер түрінде жиі кездеседі. Сондай жандары көп жерлерде машинаң тоқтай қалса, қайыршылар қамап алады. Біреуіне бір тиын берсең болды, сәттің ішінде жан-жақтан шулай топырлап, жалына үн салып, қамап келіп, қозғалтпай қоятыны болады. Аш, жүдеу-жыртық, қайыршы балалардың өздерінен жиылатын топтың өзінен де құтыла алмайсың. Сондай жоқшылықтың ауыр ойға салатын сорлы ажарын бүгін күндіз, жаңағы бойня маңында анық көрдік.

Ондағы бірнеше кварталдай ұзын бойға және бүйір жақтарға созылып кетіп жатқан лашықтар қатарлары есінді шығарғандай. Жыртық жабу, шоқпыт жамау, қорда қоқсықтан құрылған пана болмыстардың реңінен адам шошырлық.

Кешеден бері бізді сұлулығымен, байлығымен, сан алуан сәнімен қайран еткен Бомбей, “Индияның өзге бір қаласынан басқаша” дегізген Бомбей енді өзінің арқасын, екінші бір қырын көрсетті де, сол екінші жақ шегі, шеті де оқшау сұмдықтай аса жат көрінді.

Бомбейде жоғарыда біз айтқан әлденеше касталардың талайы бар. Сондай бір алуан дағды-дәстүрі бөлек Бомбей тұрғындары “парсы” дейтін жұрт екен. Бұлар көбінше саудагер. Қаланың көп үлкен үйлері, талай магазиндері, біз тұрған “Тәжмахалдай” гостиницасы — қысқасы, көп байлығы сол парсы байларына тиісті. Бұлар өздері ұйымшыл, бірін-бірі сүйегіш, ынтымақты. Өзгелерден өз тобын бөлек ұстайтын халық көрінеді.

Әйелдері “сәриді” (әйел киімін) ұдайы ақтан киеді. Жиектері күміспен, алтынмен жиектелген сұлу “сәрилер” көбінше сол “парсы” әйелдерінің үлгісі. Осы парсылардың өлген адамды қою дәстүрі Бомбейге жаңа келген жанның бәрін түршіктіргендей, өзгеше болады екен.

Естіген оқшау жайды анықтап білу үшін, біздің біразымыз Бомбейдің тағы бір бөлімі — Малавар тауының етегіне бардық. Бұл арада “Үнсіз мұнара” дейтін биікше, ерекше орын жай бар. Парсының өлген адамының

бәрі осы “Үнсіз мұнаның” түбіне арнаулы жабық машинамен күндізгі сағат 4-5 шамасында әкелінеді екен. Бұл араға еркектер ғана келеді. Содан кейін өліктің денесімен жаңағы мұнара түбінде жақындары қоштасады да, өлікті сол мұнарадағы зияратшы күзетшілерге береді. Олар қолына тиген өлікті мұнаның басына шығарады. Бар киімін шешіндіріп жалаңаштайды, қолының буынын кесіп, аяғының буынын кесіп, әр жерінен қан шығарады. Ішін жарып, кеудесін ашады. Сөйтеді де, мұнаның жайдақ, жазық төбесіне салып қойып, әуелі тауысты жібереді. Ол барып, өліктің екі көзін шоқып жейді. Содан кейін өлген адамның жасына қарай, мұнаның төбесіндегі жазықтың әр жеріне қоятын болады. Үлкен кісі болса, мұнаның шетінде қалдырады. Әйел болса, мұнара алаңының ортасына тақау қояды. Бала өлсе, дәл жазықтың ортасына апарады. Ол арада құр құдық бар, соның қасына қояды.

Осылай қалдырып кеткен өліктерге түс ауа бере, қаптаған қарақұстар ұшып келеді. Бұл қарақұстар таңертеңгі кезде бойнялар маңында жүреді. Ал түстен кейін ұдайы мерзім алған дағдысымен жаңағы “Үнсіз мұнара” үстіне келеді. Содан қаптай жабылып, жаңағы жалаңаш жатқызып қойған өліктің етін жейді. Сондай өліктерді осы орында қолынан атқарып жүрген күтуші-зияратшының өз әңгімесі бойынша: “екі сағаттан кейін өліктің қақ сүйегінен басқа бір жапырақ еті, бір тамшы қаны қалмайды”. Осылайша етінен арылған адам сүйегі — қаңқасы және біраз уақыт ыстық күн астында кеуіп жатады. Ал “Үнсіз мұнара” басында өзіне бөлек міндет атқаратын диірмен бар. Өліктің сүйегі әбден кепкен соң, жанкүйер жақындардың ішіндегі ең жасы кіші еркегі келіп, сүйекті жаңағы диірменге тартқызып үктіреді де, сол үгіндіні жиып апарып, жаңағы “Үнсіз мұнара” төбесіндегі құр құдыққа төгіп кетеді. Жауын суы оны шайып ағызып, теңізге әкетеді. Міне, “касталық”, “діндік” дәстүрлердің бір алуаны “парсы” атты халықтың арасында осындай ескі заңды танытады. Парсылар отқа табынатын, өте ескі, зәрдушт (зороастр) дінін тұтынған, ескі замандарда Ираннан осы Индияға ауып келіп орналасқан халық деп саналады.

Бомбей қаласында жақсы да, жаман да көп деген сөзді ең алғаш Бомбейге келген сағатта естіген едік. Бұрыннан атағы бізге мәлім Бомбейде аспалы бақша бар. Бір уақыт біз сол аспалы бақшаны көруге келдік. Бұл бақша — қалаға тұщы су беріп тұратын мол бір көлдің үстіне салынған көпірге орнатылған бақша. Бірақ көпір сияқты болғанмен, бұл кең де, мол жай. Үстінде жүргеніңізде табан астындағы топырағы, тығыз өскен шөбі, әсіресе гүлдері, ағаштары кәдімгі жерде өскен бақшадан айнымайды.

Сөйтіп, үлкен судың үстінде анық асылып тұрған бақша бар. Бірақ қызығы ол ғана емес, сол бақшаға егіп өсірген гүлдер мен кішілеу ағаштардың кейіптерінде. Индияның бағбан шеберлері осы баққа егіп өсірген кішілеу ағаш гүлдерден неше алуан хайуандар мен аңдардың анық, айқын суретін тудырып қойған. Бақшаға кіріп, айнала қарап тұрсаңыз, мұнда тамаша болып, ұлғайтылып салынған, өсем күйректі тауыс тұрады. Бір жерде зор болып дүңкиген піл, буйвол сізге қарап қалады. Тағы бір тұста бір буйвол соқа тартып келеді де, оны бір адам, диқаншы жүргізіп келе жатады. Осы ғажайып бейнелердің бәрі гүл мен ағаштың дәл бүгін жап-жасыл боп, немесе жарқырап әр түспен жайнап тұрған, қысы-жазы сарғаймайтын, сембейтін қалпының өзінен құралған.

Бағбан шеберлікпен күзей біліп, өз қиялынша майыстыра түзей біліп, бір өсімдікке бір өсімдікті құрай жүріп, сондай ғажап түрде, қиялға келместей жан иелерінің кейіп-кескіндерін бір алуан мүсін өнеріндей қалыптап шығарған.

Бомбейде, қаладан сәл жырақтау жерде, теңіз ішіне жартылай шомып тұрған жартасты тау бар. Ол тауды “Пілдер үңгірі” дейді. Таудың ішінде адам қолымен жасалған үлкен үңгірде және де бағы заман шеберлері сол тау-тастың өзінен шығарып, қашап шауып тұрғызған тас пілдер бар. Сондықтан терең теңіз ортасындағы жалғыз тау “Пілдер үңгірі” деп аталады. Бомбей губернаторы бізді ертіп жүрген достарымызға “Бомбей қаласын түгел аралатып”, ерекшеліктерді көрсетуді тапсырған. Сол сөзінде ол кісі бізді “Бомбей сыртындағы сүт шаруасына апарып көрсетіндер, таныстырыңдар” деген еді. Жарым күнді біз сол Бомбейдің сыртындағы сүт шаруасына барып, аралаумен өткіздік. Бұл шаруа, қысқасын айтқанда, дүние жүзінің зор қаласы

болса, соның бәрінде “қалаға сүт беретін шаруа құрылысы осындай, Бомбейде құрылғандай болса екен” деп айтуға татитын шаруа екен.

Біз бірнеше сағат аралап көрген осы шаруаның бар құрылысын, рет тәртібін, машиналанған өнерлі тазалық қасиеттерін айрықша әңгіме етіп айтуға мейлінше тұрарлық. Дәл бұл жолы ол шаруа жайына ұзақ баяндап тоқтамаймын. Себебі басқа бір орайда арнап жазуға тұрарлық тақырып деп, кейінге қалдырамын.

Бомбейдегі күндер бізге шынында жақсы мен жаман жайлардың талайларын танытқандай болды. Және осы Бомбей қаласында біз өзімізге көп шындықты ірікпей айтып, анық шыншыл достық бейілмен білдіре түскен достықты да көрдік. Сол достарға алғыс айта, іштей мол ырзалық білдіре, біз қызық қала Бомбейден Делиге қарай самолетпен тартқан едік.

ХІІ. Соңғы жаңалықтар

Делиге біздің қайта оралып келген кезіміз өзіміз үшін елге қайту сапарының жарым жолы өткендей сезілді. Дағдылы әсем сарай Хайдарабадхаузға келгенде, үйреншікті мекенге келгендей болдық. Бұрынғы бөлмелерімізге жайғасқан едік. Алғаш келіп тұрған күндерден басқа, Делиге жолшыбай тағы бір соғып, келіп кеткенбіз-ді. Енді міне, үшінші рет оралып келдік. Осы бетпен елге қайтамыз. Сол жайдың үстіне, әр номерде қалдырып кеткен киімдеріміз, жүктеріміз — бәрі де біздің қайтыс сапарымызды тосып тұрғандай, көзімізге жылы ұшырады. Бұл қалғандар: пальтолар, жылы бас киім, аяқ киім, қысқы костюмдер болатын. Біз оңтүстікке, жазға қарай бет алған ретте жеңіл, сыбай-салтаң кеткеміз-ді.

Делидегі соңғы күндерде біз және де қаладағы бірнеше елеулі орын-жайларда болып өттік. Сонан соң қонауар, дос-жар, сыпайы жүзді күтуші достарымыз бізге біраз кеңшілік берді. Онысы, бұл күнге шейін ұдайы расписаниемен, жоспармен жүретін жүрістерді “енді бітті” деп жариялағаны. Қалған күндерді “тек тынығуларыңызға, ұзақ жолдан соң демалып, жайланып жату-тұруларыңызға арнайық” деген-ді.

Бұл шынында сағынарлық және қуантарлық кеңшілік. Әдетте шетелге сапар шеккен жұрттың бәріне ортақ мәлім бір жай бар. Шеттен келген қонақтарды әрбір отан, әрбір шаһар, әрбір қоғамдық орта өздерінің сирек ерекшеліктерімен таныстыруға тырысады. Сонымен, біздің Индияда болған қырық шақты күндей уақытымыз әр күні ерте сәскеден ымыртқа дейін тек жүру мен көруге арналған. Әр кезі сағатпен өлшеніп, күнделік расписание өзен сумен төмен жылжып аққандай. Тоқтаусыз ағымы бар бір өмір жай болады.

Әрине, жүрмек қызық, көрмек қымбат. Сондай еңбекпен білмекке келдік. Бұның бәрі даусыз шындықтар. Бірақ апта жүріп, ай жүріп, тағы талай тәуліктер жүріп, қайтар сапар алдында аса жақсы қонағуар достар арасында әдемі, әсем қонақ жайда өзіңе өзің еркін тиіп, тынығу да қызық.

Ғажайып Индиядағы біздің соңғы күндерімізде барлық көңілді, көтеріңкі сезімдермен қатар, іште жарқын сезіліп жүрген асыл сарын бар. Ол — елге қайту, жұртқа жету мақсаты. Ұзақ жүрісті жүріп келіп, енді мынау аз күндердегі кеңшілікке, жайбарақат жайға шыққанда, менің тағы бір сезімім болды. Ұзақ уақыт жегінде жүріп-жүріп келіп, енді жүген-құрық сыпырылып, қамыт-доға қалып, жайылысқа босатылған аттай көрініп ем өз-өзіме.

Еңбек күндері ретінде Делиде біз және бір рет астана қаласының университетіне әдейілеп шақырылған едік. Оның гуманитар колледжінің бір жақсы ісі бар екен. Совет кітаптарының көрмесі ашылмақшы. Соған біздің қатысуымызды талап етісті. Бұл колледжде соңғы жылдарда ашылған орыс тілі мен әдебиетінің бөлімі бар. Сол бөлімде жүзге жуық Индия студенттері орыс тілін, тарихын, мәдениетін оқып жүр. Жалпы Индия университеттерінің тарихындағы ең үлкен жаңалықтың бірі осы іс.

Индияда, тегінде, біз бұрын айтқандай, азаттық алғанша орыс мәдениеті мүлде оқылмаған, ескерілмеген. Сондықтан әзіргі Индияда орыс тілін білушілер, орыс мәдениетін толық таныған адамдар жоқтың қасы. Мынау бөлім сияқты жоғарғы мектеп көлемінде орыс тілі мен орыс әдебиетінің оқыла бастауы зор игілікті ғылымдық, тарихтық, мәдениеттік және саясаттық жаңалық.

Біз ойлағандай, совет кітабының көрмесі аса көп кітап жиған екен. Және тек орыс совет жазушыларының кітаптары ғана емес, орыс тілінде шыққан барлық советтік туысқан елдер әдебиеттерінің үлгілері де мол жиналыпты. Орыс совет әдебиеті атынан Сурков сөйлегенде, туысқан елдер әдебиеті жайынан мен де сөйлеп шықтым. Университет пен колледж басшылықтарына біз жазушыларымыз атынан достық пен құттықтау сөздер айттық.

Делидегі бұл жолғы тағы бір кезіктірген жаңалығымыз – жазушылар тірлігімен, еңбегімен байланысты елеулі бір оқиға еді. Біз Бомбейде болған күндерімізде Индия-Совет қоғамының көрнекті мүшелері – бір топ ірі ақындар бізбен қоштасарда: “мүлде қоштаспаймыз, жақын күндерде Делиде және көрісеміз. Себебі онда мүшәйра болады” дескен еді. Бұл – Индия жазушыларының тіршілігіндегі ең үлкен оқиғаның бірі. Мысалы, бұл жолы ұрду тілінде жазатын ақындардың мүшәйрасы болады. “Мүшәйра” дегеніміз – қалың жиын алдында кәрі-жас, ер мен әйел ақындардың бәрі жиылып, өздерінің соңғы табыс шығармаларын оқиды. Басында біз бұны қазақтың ақындарының айтысы тәрізді жарыс жиыны ма деп сұрастырып едік. Бұнда жарыс деп айтуға да толық келе қоймайтын, бірақ өзінше аса көп ерекшеліктері бар қызық жиын болады екен.

Тегінде, қыстақты жерде, анық халық арасында мүшәйра болса, онда расында да қазақ, қырғыз ақындарының айтыс, жарыстары сияқты, сынасу түріндегі жырлар болады екен. Бұрынғы дәстүрлерде халық білген мүшәйра көбінше сол ақындардың жарысы есебінде болған. Ал мына, қалалы жердегі, мәдениетті ортадағы жазушы-ақындар жиынында болатын мүшәйра басқа болады. Бұнда әр ақын өз шығармаларын тек қана әндетіп, мақамдап, жақсылап айтып шығады. Сонда жиынның әр шығарманы әр түрде, әр алуан қабылдауының өзі белгілі дәрежеде жарыс жайын аңғартқандай болады. Асқан жыр, асқақ талант соның өзінде де салғастырумен сыналып, екшеліп қалады.

Мүшәйрада біреу жасайтын баяндама, тағы біреулер айтатын сын сөздер, немесе және біреу қорытатын екшемді сөз мүлде болмайды. Жиын басталғанда да мүшәйра жайын, жиылған ақындар жөнін, бұл жиынның бұл жолғы мақсат, мәнін ешкім алдын ала ауызға алмайды. Бұл

жағынан қарағанда, біз ойлаған ақындар жарысы айтысқа да немесе жазушылардың әр алуан өзара жиылыстарына да мынау ұрду ақындарының мүшәйрасы ұқсамай шықты. Сол аталған мүшәйра орталық қала Делиде, Индияның бар тараптарынан жиналған ақындардың салтанатты кеші есебінде, ашылған еді.

Мүшәйраға Сурков екеумізді Али-Сардар Жафри ертіп барды. Жиын ғаламат мол екені көшенің өзінен-ақ байқалған еді. Мүшәйра болатын жайдың көшесінде, бұрыштарында, парк алдында тұрған машиналар саны өзгеше мол. Жиын үйде емес, кең парктің ішінде жасалыпты. Бұнда өңшен бояулы кенеп шатырларды құрастырып жасаған мейлінше кең зал бар. Төрдегі сахна да жаңағыдай шатырлардан құралған. Кешкі желмен бірге толқып тұрған төбелер байқалады. Сахнаны биік етіп, нық жасаған. Оған кілемдер жайылып, қалың көрпе, жастықтар салынған. Бірнеше микрофондар қойылған.

Жиынды басқарушы азғана топ сахнада көрпелер үстінде, жерде отыр. Сахна биік болғандықтан, жұрт оған басқышпен шығады. Сахнада малдас құрып отырған басқарушылар да бар. Залға мейлінше мол көрініп тұр. Тегінде, халықтың көптігін еске алып, Индиядағы мәдениет орындары өз залдарын өзгеше үлкен жасайтын тәрізді. Мынау шатыр — зал жарығы да аз емес. Бұндағы жарық “күндіздің” жарығы. Залдың шатырдан құралған құранды төбелерін айқыш-ұйқыш көктеп өткен аппақ оттар көз тартады. Кей тұстарда бұл жарықтар ұзын сызық боп тартылып, айқын ақ сызық есебінде залды ұзыннан да, көлденеңінен де сәулесімен сызып тұрғандай болады.

Осы кеште сахнаға кезектеп шығып, микрофонның алдына тұрып ап, өз өлеңдерін жырлап, мақамдап айтып шыққан ақындар аса көп болды. Бұнда ақ шашты, атақты Жигар сияқты үлкен лириктер де шықты.

Ұрду ақындарына тілі түсінікті болғандықтан, Иранның елшісі әрі ақын адам бұл мүшәйраға өзінің парсы тілінде жазған өлеңін оқып берді. Көп ақындар арасында салмақты ақын-әйел де мүшәйраға қатынасты. Ол европаша ақ сұр реңді пальто киген. Басына ақ жібек орамал салған. Кең, ақ жібек шалбары бар, сұңғақ бойлы, сұрлау әйел екен. Өлеңін әндетіп оқыды. Қысылған, іркілген, қымсынған кезі болған

жоқ. Бұндай жарыстарға дағдыланған өнерлі адам тәрізді. Сахнаға тақап, басқышпен көтерілерде о да басқаларша аяқ киімін тастап, микрофонға жалаң аяқ барды.

Залдағы жиын егде тартқан жасамыс аталардан, аздаған аналардан құралған. Киім-салымдары, бет-ажарлары өнерлі қауымның сыр-сипатын байқатады. Соған орай орта жасты, келбетті оқымысты ақындар өз міндеттеріне зор мән беріп, залға мейлінше құрмет, ықылас көрсетіп, өлеңдерін бар өнерлерін сала жырлап айтысты. Бұнда кемірек болғанда, жас ақындар жағы аз көрінді. Жырлап айту, мақамдап бар үнімен баптап жеткізу, әрине, өте ескі дәстүр. Тыңдаушының көбі хат танымайтын болған замандардан келе жатқан, өмірлік анық болмыстан туған орынды өнер салты деу керек.

Зал да ақындардың тырысуларына орай, әр ақынға өте көңілді, құрмет бейілді аса жақсы аңғартып отырды. Үш мың шамалы адам сыятын ерекше мол, зор залда даурығу, шулау болған жоқ. Тек қана өлең жақсы болып, сүйсіндіре шыққан кездерде, барлық Индия көрушілерінің дағдысы бойынша, әр тұстан “вава”, “вава” деп үн берісіп қояды.

Бұл кештің барлық ерекше жарастығын, рет-тәртібін, көркем көрінісін бір ғана сәт, аз уақыт бұзған бір ақын болды. Тегінде, ақындардың жастары, киім-салымдары, өлең оқыс өнегесінде әр алуан жайлар болғаны бар да, ол заңды да еді. Бірақ аса қайран қалдырған бір ақын залдан сахнаға жеткенше аса сезікті көрініп қалды. Ол микрофонға тәлтіректеп зорға жетті. Басына киген бөркі де жолшыбай бір құлап түсіп еді. Өлеңін оқығанда көзін ежірейтіп, бақыра жырлай бастағаны сорақы көріне бастады. Әр-берден соң даусы бақырудан қырқылдауға ауысып, сүйретілген тілмен көп сөзін былдырлай сөйлеп кетті.

Индияда мас болған жанды мүлде көрмегендіктен, мынау адамның өзін нақұрыстау көріп отырсақ, анығында, кәдімгі өзімізге үйреншікті қып-қызыл мастың өзі екен. Сөйтіп, барлық Индияда бір ғана мас көріп ем, оным да ақын боп шыққаны жүрекке “тық” етіп тигендей болды.

Мүшәйра екі-үш күнге созылады екен. Келген ақынның бәрі де өз өлеңдерін орындап, өнерлерін көрсетіп, жұрт алдына түгелімен көрінекке шығады. Соған орай залдағы жиын аса бейілді, дос-жар ажарларымен, әдет-мінездерімен

бұл ақындарды анық сүйеуші де, сүйеуші қауым тәрізденді. Соның үшін де жиылыстары бірнеше күнге созылмақшы.

Делидегі тағы бір күнді біз “мүшәйраға” жиылған бір топ ақындармен жолдастық түрде кездесу мәжілісіне арнадық. Бұнда Сурков екеуміз совет әдебиеті, туысқан елдер әдебиеті жөнінен де Индия ақындарының біраз тобына түсінік әңгімелер, жолдастық тілек-талаптар айтысқан едік.

Кетер күндердің тағы бір кезеңінде Делидегі ұлы моғолдар салған және бір күмбезді көрдік. Ол – Бабырдың туған баласы және оның орнын басып, Индияға патшалық құрған Ғұмаюнның мазары. Бұл күмбез де сирек ескерткіштің бірі деп саналады. Ол тұтас қызыл тас-песчаниктен істелген. Ақ мраморды қызылға оюлап қосып, қиыстырыпты. Төбедегі дәл күмбездің өзі тұтас ақ мрамордан жасалған. Заманындағы ауызша нақылда: Тәжмахал әйел көркін көрсетсе, Ғұмаюн мазары ер көркін танытады” дейді екен.

Индияда, Делиде болған көп күндердің соңы біздің соңғы рет Джавахарлал Неру мырзаның кабинетінде болуымызбен аяқталды. Сурков ол кісіге бар көңіліміздегі шынайы мол алғысымызды айтты. Шамамыз келгенше әрқайсымыз өз өнерімізбен Индия-Совет достығына қызмет ету ниетімен қайтып бара жатқанымызды айтты. Бәріміздің атымыздан Сурковтың берген серті: “қолымыздан келгенше, Индияның ұлы халқы туралы өзіміз танып-білген шындықтардың бәрін совет халқына жеткізіп айтпақ ниетіміз бар. Сонымен Индия-Совет қымбат достығын нығайта түсуге көмекші болсақ деген асыл тілектеміз. Сондайлық жақсы бейіл, алғыс көңілмен аттанғалы отырмыз” деген еді. Осыған орай Неру мырза анық, үлкен мемлекет адамының сөзін айтты: “Бұл бейілдеріңізге мен де рақмет айтамын. Анығында, халық пен халық арасында жүруші жандардың асыл міндеті, қымбат қарызы осылай ғана болу керек. Адал бейіл адал бейілді шақырады. Шын достық шынайы достықты шақырады. Халықты халықтың білуіне ең қажет жайлар сол. Қатынастың ең үлкен жолы да сол”, – деді.

Біздің Индияда болған күндеріміздің ең соңында ала кеткен сәлемдей бір сыйымыз осы еді. Сонан соң біз қайта тартқан ұзақ сапарға аттанған едік.

ХІІІ. Қайтыс сапар

Бұл жолы Делиден Москваға шейін қайтыс сапарымыз бес күнге созылмақ. Келісіміз де осылай бес күн болған. Келерде біз екі тәулікті Стокгольмге берген едік. Қайтыста екі тәулікті атақты Римде өткізетін болдық. Ол жай, қайтыс жолының ырзалықпен қабыл етерлік сыйындай сезілді. Сонымен, біз ендігі жүрер жолымызды атасақ: Делиден Бомбейге соғып, содан 11 сағат тоқтамай ұшып, Каирге бармақпыз. Одан бес жарым сағат ұшып, Римге соғамыз. Римнен кейінгі жол Женеваға тоқтайды. Одан Батыс Германияның Дюссельдорф деген қаласына соғады. Содан кейін Копенгаген, Осло, Стокгольм болады. Осы қалада біз мініп ұшатын төрт моторлы үлкен самолет тоқтайды. Кейін біз өзге самолетке мініп, Стокгольмнен Хельсинкиге соғып, одан Ленинградқа түсіп, содан кейін Москваға жетеміз.

Осындай ұзақ жолдың бойында айтпай қойсаң, жазбай кетсең, сараңдық есепті, кешірімес кінә боларлықтай көріністер болды. Соның бәрін болмаса да, кейбірін самолет қанатының астынан көрінген қалпында болса да, немесе көздің қиығымен бір сәтке асығыс қана көрсең де айта кетуді қарыз білдім.

Рас, бұл жөндегі топшылау, бейнелеу сөздер, көрініс-сипаттар бәрі де сол елді, жерді, қала, жайды қадағалап білген, жете таныған адамның әңгімесі емес. Аз көргеннен, үстірт шолғаннан алған әсерін айтушы ғана әңгімесі болады. Осы жөнде он бір сағат ұдайы жерге қонбай ұшқан Бомбейден Каирге шейінгі сапар, жер суретін көз алдыңнан кетпестей етіп, есте қалдырыпты.

Бомбейден түн ортасында ұшып, қалғумен таңды атырған едім. Енді аңдасам, таң жаңа атып келеді екен. Төменге көз қадап, алыс жерді болжаумен ұзақ уақыт кештік. Бір шақта күн шықты. Енді аңдасақ, астыңғы жағымыз бұйра құм, анық Орта Азия эпостарында, қыссаларында көп аталатын “шөл биябан”, болмаса, нағыз аты мәлім — Кербаланың шөлінің өзі екен. Кейде өте сирек қана қара тасты шоқылар, қырқалар көрініп қалады. Құмның жатысы да тегіс емес, көбінше тау-тау құм болу керек. Орай-орай, кейде бүктетіліп, кейде теңіз толқынындай қат-қабаттап,

тағы бірде құм қырқалардың құла сұр, бозғыл жүдеу реңін танытады.

Ойың да жүдеу бір шындыққа еріксіз ауады. Тегі, дүние өзі де бұл тұста өзінің тозғанын, қартайып, реңінен жаңылғанын байқатады. Ешбір қыбыр еткен тірлік белгісі, нышаны жоқ. Жым-жырт құла түз өзінді сиқырлағандай, өзіне таң қылумен қадалтады. Анық әлгі ертегіңіздің: “Ұшқан құстың қанаты күйетін, жүгірген аңның тұяғы күйетін” құлан жортпас қу дүниесі. Ат керт етіп шөп жемес. Ер қылқ етіп су ішпес “шөл биябан”... Тағы да ертегінің от дариясы осы дейсіз. Бұдан талапты ерді бағы замандарда тек самұрық құстың қос қанаты ғана алып өтетін. Анығында, өзі ұшатын кілем, самұрық құс, ұшып жүретін перілер, ұзақ ұшатын диюлар, бәр-бәрін осындай ғана шөлдерді мекен еткен адамзаттың қиялы тудыруы ғажап емес. “Мың бір түн” толған сол жаңағы ертегілік персонаждар еді ғой.

Мынау қарғыс дүниесіне мың мәртебе лағынет айтып, ереуіл жасаған ер азамат қиялы сондай күдірет қуатындай қуатты көксегенде, Маркс айтқандай, қиялмен болса да меңіреу тылсым дүниесін жеңген жайды әңгіме еткен ғой.

Күн көтеріле түсті. Көлбеп шыққан күннің сәулесінен жер бетіне қатпарланған көлеңке түссе керек еді. Ол да жоқ. Тек бозбұйра құмның арасында қоңырқай, қарабарқын жіңішке иректер: өзек тәрізді, қолат бейнелі ойдым-ойдым байқалып калады. Кейде созалаң таңбалар көрінеді. Оқта-текте әлдеқашан солып, қатып қалған сордың, қақтың жалаң тегіс тақыры танылады. Тағы бір шақтарда бірқалыпты теп-тегіс сұр дүние, шексіз қу дала, қу медиен кетеді. Тағы да Кербаланың анық өзінің шөлі. Тарихтың шөлі, заман шөлі, жер жүзінің кәрі көңіл шері — сұмдық шөлі. Осыған адам тұтқынға түсіп қалса, не болмақ?

Тағы бір ой аударсаң, аспанда келе жатқан біз бен мынау шошытарлық жер тозағының арасы ап-азғана. Бір серпіп ұшқан бүркіттің шырқауындай ғана. Бірақ шөл үстінен ұшып өткен ғана емес, сол сонау бір шөл ғасырлар үстінен де шолып ұшқандай боламыз.

Сағаттан артық ұша түстік. Енді жер-жер дегенім шөл рең жағынан өзгеріп көрінеді. Кейде ол бұлт реңденеді. Анық бояулы сұр бұлт, көкшіл сұр бұлт реңіндей. Кей уақыт жер ажары біз басып ұшқан Арабстан теңізінің ажарындай

боп та кетеді. Тек анда-санда сол ай бетіндей суық, жансыз сұр мұнар арасында, қарайған үшкір шоқы жеке, қара биік байқалып қалады. Әлі шөл, әлі құм кешу.

Енді Каирге дейін бір сағаттан азырақ ұшамыз. Сол шақта ғана төменде жер ажары өзгере бастады. Қазір көбінше тасты тау, қатпар-қатпар қара адыр байқалады. Аралары үзіле түсіп, қайта қосылып, кейде жықпыл сайлы, қожыр тасты таулар көріне бастады.

Әлі де адам жайы біліне қоймайды. Астағы өлкеде, енді бір шақ аласа адырлар араларында кейде қан тамырдай, ақ тамырдай тараулар тармақтанады. Тегінде, әлдебір мезгілде болатын жауындар тұсында сол жауын селі ағатын суағарлар осы тарамдар болуға мүмкін.

Міне, енді біз Каирге жетуге 25 минуттік жол қалғанда ғана, ең алғаш, тақыр құла өзектердің кейбірінде азғантай (жұқа жұрындай) көкшіл бұйра өсімдік көрініп қалды. Шашыраған түп-түп ағаш, оқшау-оқшау шұбартып қалады.

Сонымен қатар тағы да аппақ құм кетеді. Әлі құм. Бірақ сонда да осы тұста ең алғаш шойын жол көрдік. Астымызда Суэц каналы жіңішке созылып, көгере берді. Оны бойлап көп кеме келеді екен. Содан өткен соң, тағы да миқы-миқы тақыр адыр кетті. Бытқыған қатпарлары адам миының бітімі тәрізді. Бұжыры, ой бытқылы, жіктері сондай жұмбақ, бірақ суық.

Біз Каирге келіп түстік те, таңертеңгі асты іштік. Осыдан соңғы сапарды Орта теңіз үстімен Римге қарай тартып ек.

Жол Грецияның шетінен Пелопоннес жарым аралының түстік жағын кертіп басып тартады. Содан Италия жарым аралына іліне жүріп, Римге барады. Міне, біз жаңа Крит аралының үстінен ұштық. Самолет ішінің өз репродукторында хабар жарияланды. Біз осы шақта 7 мың метр биікте келеді екеміз. Ал самолет ішіндегі әуе салмағы 3 мың метрлік биіктің ғана шамасында. Температура самолет ішінде 20 градус жылы болғанда, тыста 14 градус аяз екен.

Төмендегі дүниені біраз қарап аңдасам, мүлде басқаша жайқалады. Крит қалпынша тау тәрізді. Бірақ бұл берекелі тау. Өне бойын тоғай ағаш басқан. Кейде сиректеу боп шашырап көрінсе, көп жерде қалың жыныс дүм тоғай боп

кетеді. Қарауытып, анық мол көлемді боп келеді. Тасты таудың бойларын, ылдиын, сай-саласын, жұқа бетіне шейін ұзын жіптей сызылған иір-иір аппақ жолдар торлаған. Сай-салаларда адам жайлары. Өзгеше дүние, сүйсінерлік жақсы мекен тәрізді.

Біз Европаға қарай ауысып келеміз. Соған орай бар дүние, жаратылыс, әуе райы да анық, айқын өзгеріп келеді. Сондай сапар кешкен қалпымызда, екінші март күні, сағат екіден қырық минут кеткенде, біз Рим аэродромына келіп түскен едік.

Римде болатын күн саны көп емес. Сондықтан біз комағайлана асығып, екі тәулік ішінде көруге боларлық жайлардың бәрін күндіз-түн тыным алмай араладық. Келген сағатта әуелі Римнің сырттай, көшеде көрінетін атақты орындарын машинамен бір аралап алдық. Үлкен қалаларды бүгінгі шақта аз уақытта жедел аралауға машинаның көмегіндей көмек бар ма! Римдегі пар ат жеккен жеңіл арбаның, күйменің өзімен жүрсең де аралап шығуға бірнеше күн керек болатын орындарды біз жарым күнде жортып көріп өттік. Сол қатарда Санта-Мария храмы, атақты Виктор Эммануэль ескерткіші, қадірлі Гарибальди ескерткіші, баяғы бағы-бағы заманнан, “қайсар румдар” заманынан, арғыдан да қалып келе жатқан атақты Колизей қалдығын, сондай атақты, даңқты Форумның қалдықтарын көрдік.

Дүниеге аттары мәлім Римдегі Әулие Петрдің атақты соборы — “Санжиованни” храмы, Сан Пьетро Инквин-колыли (шынжырлаулы Петр) храмы сияқтыларды аралап өттік. Ватиканды көрдік. Бүгінгі кешке шейін аралауда тағы бір көрген жеріміз Варгеца паркі.

Осы күні түнде сәтімен, театр өнерін сүюші үш жолдас боп, шаршағанымызға қарамай, Римнің операсында да болдық. Онда екі актылы “Бөтен адам” атты Бизеттідің операсын тыңдадық. Опера соңынан көрсеткені пантомим-балет еді. Рим операсында болу өзі де біраз күтпеген жаңалық, ойда жоқ сыйдай болды.

Келесі күні біз алғаш жортып өткен жерлеріміздің кейбірін анықтап, асықпай әңгіме жайларын ести отыра аралауға кірістік. Осы ретте көргеніміз “Әулие Петр шынжыры” дейтін храмның ішінде Микеланджело жасаған ғажайып, көркем скульптура болды. Ол — Мұсаның мүсіні.

Осы тұста христиан дінін тұтынған бар әлемге аса қадірлі “әулиенің әулиесі” дейтін шеркеу бар. Бұл шеркеуде “әулие баспалдақ” өзгеше. Соның қасиеті бойынша шеркеу де “әулие” саналады.

Осы шеркеу XIII ғасырда салынған екен. Ал “әулие баспалдақ” Иерусалимнен (Құддүстен) IV “Крестовый поход” (Крест дін жорығы) уақытында осы басқышты Құддүстен әдейі алып келіп, Римдегі дәл осы шеркеуге бұйырған да, орнатқан деседі. Бұл басқышта Ғайсаның дарға асылған күні қаны төгілген дейді. Сол себепті басқыш та, шеркеу де әулие. Осы басқышты аяқпен басып жүру жоқ. Тауап қылушының бәрі басқышпен тек тізерлеп шығып, тізерлеп түседі. Бұған кірген жан атаулы жұпыны, жүдеу киім киіп, мүләйім боп келу керек. Сонда Ғайсаның қаны ақталуға әркімнің дұға, намазының сиыну мінәжатының шарапаты тиеді дейді.

Біз осы шеркеуге кіргенде, көп жандар көзімізше, жаңағы айтқандай, тізерлеп, еңбектеп жоғары көтеріліп жатты, біреулер тізерлеп ылди төмен түсіп жатты. Бүгін және де Колизейдің, Форумның құлаған қалдығын көруге барып ек. Форумда мрамор колонналар, биік сұлу шабылған қалпында тікейіп тұрып қалған жерлер бар. Заманындағы трибуна орны да көрінеді. Шешендер содан сөйлеген. Атақты Юлий Цезарьдің өз заманынан қалған белгі де бар. Одан сәл бері Октавиан Август тұсында салынған весталкалар (құдайы әйелдер) храмының да белгісі қалған.

Римге келген жолаушы атаулыны ең алдымен өзіне тартатын ғажайып жай — Әулие Петрдің соборы. Оның ішіндегі өзге көрік, көркемдік өнер зоры, шеберлік атаулының бәрін айтпай-ақ, бір ғана Микеланджело қолынан туған атақты құдайы — скульптура “Пьетаның” өзін айтса жетерлік. “Пьета” (орысша сострадание) — мүсіркеу деп аталатын скульптурада, дардан түсірген өлі Ғайсаны анасы Мариям-ана тізесіне көлденең салып, құшып отыр. Сүйек-сүйегі салдырап арыған, сіңірлері ет атаулыдан арылып, үзіле созылған Ғайсаның денесі кішкене боп жүдеп, солып біткен. Бұл күйді көргенде, адам қолымен тудырған скульптура өнерінің ішінде бұған тең нәрсе бар деу қиын. Анығында, өнерлі әлем жүзіне Возрождениенің ең шебер классигінің бірі — Микеланджело тудырған бұл

ескерткіште, діннен бұрын ең алдымен адам жаратқан өнер құдіреті тәңіріңіздің өзі жаратқан талай туыстан бір де олқы емес. “Анық мәңгілік шеберлік осы” десен, ауыз тола айтқандай.

Төбедегі фрескалар, алтындаған мозаика, айнала тұрған скульптурадағы әулиелердің, папалардың мүсіндері өзгеше салынған. Бірінен бірі асқан шеберлікпен істелген.

Уақыт тығыз болғандықтан ғана қарай алмасақ та, бұл собордың іші діндар жұрттың келетін орнынан көрі, музейлерге, өнер көруге келетін жұртқа лайық орындай көрінді. Бұдан кейін біз Ватиканның музейіне келдік. Ол қисап жоқ, мол қазына. Бұнда скульптура атаулы ұшан-теңіз. Әсіресе живопись — сурет одан да мол. Музейлік ескі бұйымдар, ескі Египет скульптурасы, гобелен атаулы, әсіресе фрескалар сансыз көп.

Ватикан музейінің ең асыл, атақты бөлімі — “Сикстинская капелла”. Онда Микеланджелоның, Рафаэльдің, Боттичеллидің, тағы басқа осылардай даналардың фрескалары бар. Осы орында бұрын барлық сурет өнерінің құдайындай саналатын, Рафаэль қолымен жасалған атақты “Сикстинская Мадонна” болған. Ол суретте жас жалаңаш емшек баласы Ғайсаны құшағына алып, адамзатқа қарай ғайыптан келе жатқан жас Мариям-ана көрінеді. Бұлардың айналасын аспандағы теңге-теңбіл бұлттай қаптаған көкшіл сәуле қоршаған. Сол бұлттарда мың періштелер — бала періштелер суреттелген. Бұл сурет дүниедегі ең қымбат заттың бірі болса да, өткен ғасырда Германияның бір патшасы Италияның королінен сатып алып, Дрезденге, сондағы немістің атақты “Дрезденская галерея” деген музейіне қойған.

Кешегі Ұлы Отан соғысы кезінде, біздің әскер сол “Дрезденская галереяны” қолға түсіріп алған. Мен Индиядан қайтқан соң, Москвада аз уақытқа ашылған осы “Дрезден галереясына” әдейі барып, жаңағы “Сикстинская капелладан” бір заманда көшіп кеткен Рафаэльдің ғажайып шығармасы — “Сикстинская Мадоннаны” өзіміздің Москвадан көрдім. “Сикстинская капеллада” ендігі қалған дүниенің ішіндегі ең тамашасы төрде тұрған фреска — Микеланджелоның “сиқыр” өнері тудырған “Мақшар күні” (“Страшный суд”) суреті. Ол жалпы сурет өнерінің алды деуге болады. Бұнда да

айтып жеткізе алмастай шеберлік, шабыт бар. Өлмес нәсілге өшпес мұра. “Тәңірдің өзі жаратқан” дейтін, жаратылыспен тайталаса алатын туыс, бітімдер бар.

Бірнеше бөлмелердегі Рафаэльдің фрескалары тұрған жайларды толық қарай алмадық. Борджия бөлмелеріне де көп тоқтауға уақыт болмады. Бұдан кету алдыңғы “Петр соборынан” кетуден де қиын болды. Бірақ, амал жоқ, күн санаулы, сағат одан да сараң, өлшеулі. Сондықтан өзімізге өзіміз “мынау жүріс қылмыс, одан басқа сөз жоқ” дедік те, кете бардық.

Кейін біз Гарибальди ескерткішіне тағы бардық. Бұл жолы күндіз, ашық кезде анықтап көрген едік. Гарибальдидің астына мінген аты да сұлу, көз тартар көрікті боп жасалған екен. Бірақ бұ да ірі, үлкен, қаз мойын, құлағы шаншылған қалпымен аса сәнді болса да, үстіндегі Гарибальди одан сонауырлым келісті, салмақты да зілді. Бар бойымен өзгеше қасиет иесі, сұсты, маңызды жан боп шыққан. Бұл ескерткіш биік тас постаментке аса үлкен боп орнатылған. Өзі Римнің ең биік төбесінің бірінде. Тегінде, Рим жеті төбеге салынған дейді. Соның бірі осы болса керек. Ескерткіш сондай биікте, өзі үлкен болғандықтан (биікке салынған соң үлкен болмасқа мүмкін де емес), аса маңызды болып, айналадан өктеп асып тұр. Әсіресе Рим қаласының өнерлі мәдениетінің жақсы бір қасиеті осындайда байқалады екен.

Гарибальди ескерткішіне жол екі жақтан келеді. Сол биікке шығар жолда жоғарыдан төмен құлдай көп ақ мрамор бюстер қойылған. Екі жақтағы жалпы саны елу-алпыстан кем емес. Бұның бәрі Гарибальдидің жорықтас серіктері: жүзбасы, мыңбасылар деседі.

Римде не көп, мүсін (статуя) көп. Және бәрі де шеберліктің асқан төріндей. Сондықтан да көп ғасырлар бойы Рим мәдениетті Еуропаның мектебі, академиясы болған. Әсіресе Милан, Венеция, Флоренция — бәрін қосып алғанда тұтас Италия, Еуропаның анық ұстазы болып келген. Көп елдер “Үдеу дәуірінен” (“эпоха Возрождения”) қалған мұраны осы елден оқиды. Болашақта да сол тарихтық қасиеті тез жойылу оңай болмас. Музыка, сурет, мүсін, сәулет өнерлері көп өнерпаздың көзін тартпай тұра алмайды.

Сонымен қатар осы Рим, дәл өзі барып тұрған кертартпа діннің қырсыққан мекені. Бұнда көшеде кім көп десең, ең алдымен мол ұшырайтын монахтар, католик дінінің монахтары. Қара киімді кәрі-жас монахтан, монашка әйелден аяқ алып жүре алмайсың. Жүздері қып-қызыл, ажарлары ауқатты тоқтық танытады. Сопылық киімдері су жаңа, өзінше сәнді. Монахтары шарап сататын дүкендерге шейін сумандап кіріп жүреді. Ерлері, әйелдері де мүләйім, сопы түсті емес, кәдімгі жай қызметкерлері тәрізді, дағдылы әрекет адамының сырт ажарын байқатады.

Рим қаласы – өндірісі аз қала, сондықтан жұмысшылардың үлкен коллективтері бұнда жоққа тән. Оның есебіне банктер мен сауда, саясат, соның ішінде дін саясаты, әсіресе және партиялар әрекеттері мол болады. Осында жауыз фашистік қоғамдар да қазіргі күнде ашық тіршілік етеді дейді.

Біз бір кезде приют балаларының ойнап жүргенін көрдік. Бұл жетім балаларды Ватикан асырап өсіреді. Жетім-жесір, жоқ-жітік адамдардың балаларынан оқыған адам шығармайды. Жасынан жұмысқа салып, еңбекпен жаншып, құл етіп, күң етіп өсіреді. Бала күнінен істейтіндері қара жұмыс. Кейде сол жұмыс соншалық ауыр болғандықтан, балалар кішкентайында жаншылып, езіліп, науқасты боп, сорлап өледі деседі. Рас, Ватикан тәрбиесінде әлді, капиталды адамдардың балалары да болады. Оларды оқытқанда: ақсүйек төре, ұлықтар және сопылар мен Ватикан қайраткерлері етіп өсіреді. Ватикан, тегінде, есепсіз бай орын. Ол бүкіл Италиядан да бай болуы мүмкін. Себебі оған дін жағынан бар Батыс Европа бағынады. Тіпті Америка да дін жағынан осыған табынады. Бір ойдан біздің сапарымыз Индиядан тура Италияға бір-ақ ырғып түскені аса мәнді, желілес бір жайға қолайлы шыққан екен.

Тарихтық, мәдениеттік, өнерлік жалғастарды алғанда, мол бір астарлы аралас осы екі ел арасында анық байқалатын тәрізді.

Ескі Мысырды, Грецияны қосып және ескі Римді алсақ, орта ғасырды ескерсек, Индия мәдениетіне көне замандарда бұл жағалардың әсері болмай қалған емес. Соған орай Индия өнерінің бұл жағаға үлгі-өрнегі келмей қойған емес.

Аджента фрескаларын бізге баяндаған Индия маманы бірнеше рет Боттичелли фрескаларының Аджента тақырыптарымен бірнеше үлгіде ұқсас шығатынын ескерткенді. Сондағы Будданың дүниелік ең ғажап сымбат, көркем, шебер деген суреті Италиядағы әлденеше жандардың суреттелу үлгісіне ұқсап кетеді. Микеланджело жасаған “Мақшар күнінің” суреті Будданың ең алғаш “уахи” тосып, ойға беріліп, безіну, тазару ниетінде отырған суретіне көп жағынан қатты ұқсайды.

“Мақшар күнінде” Ғайса өзінің анасы Мариям-ананы да сырт серпеді. Бар апостолынан да (шәкірттерінен) баз кешеді. Күнәдан аман адам текті зат жоқ екенін көрсетеді. Тіпті бейістің кілтін өзі ұстатқан Әулие Петр осы кілтті созып, Ғайсаның ілтифатын тілегенде де, Ғайса одан тартынып, үркіп, аулақ болғысы келеді. Ал Будда ең алғаш әулиелік сипатқа ауысар сағатында осындай әйелінен, бауырынан, бар жақынынан солай безініп тұрады. Содан кейін барып жаңа сипатқа ауысып, өз үгітін бастайды, дінінің шарттарын белгілейді. Бірақ жаңағы сын сәтте оның қасына өзәзіл келіп, азғырмақ, шошытпақ болады. Және сол аздыру ниетімен сайқал сұлу әйелдерді жұмсайды. Олар неше алуан киная, көлгір құбылыстар жасап, Будданың көңілін ақ жолдан, ақ ниеттен алаң етпекке тырысады. Дәл осы тақырып христиан дінінде қандай көп. Будда болса, сол жаңағы қас ортаның бәрінен асып өсіп, биіктеп, тазарып шығады. Осы алуандас тақырып “Возрождение”, “Үдеу дәуірінің” ұлы суретшілері жасаған суреттерде және бергі дәуірлердің ұлы ескерткіштерінде аса көп қайталайды.

Индия халқы ерекше зер салып, өз дінін ақындық күйлерге көп ауыстырған. “Махабхарата”, “Рамаяна” тәрізді анық көркем, өзгеше мол, мұхиттай мол эпостық шығармалары болса, солары әрі дін, дұғалық мінәжаттың, қысқасы, құдайылық сипаты мол ескерткіштер. Олардың берген тақырыптары, жырлаған оқиғалары мүсін өнерінде, суретте, музыкада, сәулет өнерінде, Индия театрында шексіз мол тақырыптар тудырып, бәрінен де басым орын алған.

Дін өзі тудырған, қиялдаған нанымын кейін, бергі замандардағы бар өнермен, еңбекпен тағы да қайта жаңғырта, тамашалай берген. Ұзақ замандар үзбестен

зауық еткен. Ал дәл осыған ұқсас хал Европада жоқ па? Гректің діні діндердің ішіндегі о да қиялшылы, суретшілі еді. Сол сәулет өнерінде, әсіресе мүсін өнерінде, суретте және поэзияда қаншалық мол, қандайлық ғажайып іздер қалдырды. Ғасырлардың нәсілдері айнамай, талмай, талайға дейін талшық еткен жоқ па? Рим және сондай. Кей-кей басқашалығы болса да, бұ да солай беттеді. Әсіресе “Үдеу дәуірі”, орта ғасыр солай шықты.

Ол екі ел (Греция, Рим) екі қабат, қат-қабат әсерін етіп, кейінгі бар дүниені өз сондарынан еліктіріп ертті. Ең әуелі классика мәдениеті, кейін христиан мәдениеті боп бар Европаны, жас Европаны жабыла еліктетіп, ықпалына алды. Бергі Европада сәулет өнері, мүсін, сурет, музыка, поэзия, театр — баршасы грек мифологиясы мен эпосын, Рим сән-салтанатын — Италия “Үдеу дәуірін”, қысқасы, христиандық саналық тақырыптарды жүз тілдермен мадақтады. Әлденеше жүз жылдар бойларында, көп тарихтарда қайталап, қызықтап тамашалаумен құптады.

Индия, осы жағынан алғанда, бір өзінің бұрынғы тарихы мен бүгіні жөнінде бар Европа халқының жиын тарихына ұқсап қалып отырады. Айырмасы да сол ұқсастықтан алыстағанда шалғай, одағай шығып, оқыс көрінгендей болады. Міне, Италияға Индия тараптан кеп өткенде, осындай ұқсастық пен шалғайлық жайларды еріксіз қатар ойлап, еске алумен боласың.

Біз Рим ескерткіштерін көргенде, осындай күйлер өзгеше орала берді. Бұндағы кей дәуірлер мен Индияның арғысы, көне мәдениеті нық тайталасады деуге болады. Бергі “Возрождение дәуірі” болса, рас, бұл тұста Индияның өз өнері, ескі өнері үдемейді де, ұлы моғолдар мәдениеті қатты дәуірлейді. Бірақ оның өзінің Европада, Мысырда, Арабстанда, Иран мен Орта Азияда мол төркіні бар еді. Моғол мәдениеті бір заманда Европаның шегіне барып орнаған Кордово халифатының мәдениетімен анық жалғас. Содан әрі үдемей-ақ, жақсы ғана еліктеу туғыза білген. Моғол шахтарының Индиядағы дәуірі, өнері Тәжмахалды, “Қызыл сарайды” тудырғанмен, негізінде еліктеуші, қайталаушы мәдениет. Өткен ізді қайта басқан сарын басым. Сол себепті Тәжмахал турасында Индияда нақыл бар: “Иранның жаны Индияның тәніне мекендеген” дейді.

Әрине, бұл сипат та дүниеде, тарихтарда, мәдениеттерде көп кезігеді. Өзгеше, өзінше оригинал өнер мәдениеттерден гөрі, қайталау әлдеқайда жиі ұшырайтын жай. Баршаға мәлім шындық.

Римнен ұшқан жол өзгеше көрікті де қызықты болғандықтан, сол Рим мен Женеваға шейін созылған сапарды сәл айтып өтуді қажет деп білдік.

Самолет қанатының астындағы дүние көк мөлдір теңіздің өзі. Сол теңіз ішінде жиі кездескен кішілеу аралдарды байқаумен бірталай уақыт өткен еді. Енді қарасақ, көкжиекте, көк теңіздің көкшіл жиегінде ғажайып боп, аппақ қарлы қалың асқар тау “туып” келеді екен. Оң жақта көрінген таулар Апеннин аралының таулары. Сол жақта қарлы таулы қалың арал көрінген. Содан өтіп, жарты сағаттай уақыт кешкенде, құрғақ жайға шыға бердік. Жаға дегеніміз енді Швейцарияның Альпі тауы екен. Анық ұзақ уақытқа шейін үзілмей созылған қалың қарлы аппақ асқар есті алғандай.

Мәңгі жатқан мәңгілері кейде күн астында күмістей жарқырайды. Таулар, қабат-қабат, қат-қат шыңдар, қыр арқалы құздар... “Адамзат аяғы баспаған” дейтін жайын шыңдар. Нелер қиын тас, заңғар биік қиын асқар жалтырлар бар. Қазір соның бәрін қалың сіреу қар басқан. “Отсель я вижу потоков рождение” дейтін Пушкин жолы еске оралады.

Швейцарияның мол бақты, көк майсалы, жылы, жайлы өлкелерін суарған мол сулар, өзендер, ағындар, бұлақ-бастаулар — баршасы осы өңірден өзек жарып шығады. Бір таудан бір тау биіктеп барады. Міне, осындай ғана қалың қарлы асқарға, шексіз кең көк теңіз кеп толқынын ұрып тоқтады ғой. Сол көрініс күй әсіресе естен тандырғандай. Тау, тоғай, теңіз, мол су бір араға тоғысқанда, бұл дүниенің бар астам сұлулығы, алып сұлулықтары қатарласып, тайталасқандай болады. Мысалы, Алатауды жайлаған, көріп білген жанның бәріне бір-ақ мысал айтар ем: егер Алматы қасындағы Талғар, Кіші Алматы биіктерінің тұстарына осы күнгі дала жалғаспай, көк жайқын жасыл теңіз тіреліп, толқын ұрып жатса, бір жағы ана тау — Алатау, екінші жағы — жағасы жайқын, бетінде кеме сыңсыған теңіз толқып жатса, қандай ғажап көрініс болар еді.

Біз ұзақ ұшып отырып, қалың қабат тауды кездік. Таулар қалыңдап, қиындап, тек қана жақпар тас пен мәңгіге айнала береді. Осы кезде самолет дикторы баян етті. Біз өзіміз де сұрастырып тосып отырған бір жай бар еді. Соның үстінен түсті: “Қазір біз Монблан тауынан өтеміз” деген еді. Айтқанындай, енді біразда барлық Альпі тауының ең заңғар биігі — Монбланның жанынан, анадай жақын жерден өттік. Осыдан кейін біраздан соң тау ажары өзгере берді. Аласара түскен болу керек. Қарағай, қалың қарағай көріне бастады. Тау болса да, әр жақтан шұбырған жол байқалады. Үлкен суық қарлы жоталарда түтіні бұрала шыққан жалғыз-жалғыз кішкене үйлер көрінеді. Енді біразда адам жайлары көбейе түсіп, кішкентай қыстақтар білінді. Бар тұста жол-жолдар жиіледі. Тағы біразда ылдида, сайларда, кей үңгірлерде әжептәуір қалашықтар, қыстақтар шықты.

Содан әрі тау қызықтыратын, қызғандыратын да күйге, өнерлі көрініске ауысты. Бұл тұста жол-жолдар өзгеше. Енді біразда біз Женева көлін көріп қалдық. Самолет оны ұзынынан бір бойлап, ортасына дейін шүйіп барып, кейін қайта орап, жағасын баса айнала берді. Біз Женеваға келген едік. Көлдің айналасы қызық. Бір аттам жері бос болмау керек. Женева қаласы сол көлдің қасында. Аэродромға қонған соң, кейінгі жаққа қайта қарасақ, Монблан енді барлық Альпі асқарларынан асып шығып, басымдап өктеп тұр екен. Қатарында тең биігі Юнгфрау және де зор кеудесі асқан бойда әсем көрініп тұр. Қайтыс сапардың Арабстан шөлінен осы Европаға кіре беріс теңізі мен асқар тауы естен кетпестей. Бірі күйкі, бірі көркем, қайшылықты көріністер еді. Сапар соңын осы жайларды айта кетумен аяқтамақ болдық. Осы жолдың бас кезінде, соңында да біз екі-үш күндей Стокгольм қаласында болғамыз. Сол қала жайынан да осы әңгіме аяғында аз сөз айта кетейік.

Біз Швецияның қонағы емеспіз. Сондықтан қаланы өз еркімізбен, әр тұсын таңдап араладық. Әуелгі келгеніміз Стокгольмнің ескі қаласы. Мұнда кейбір тамаша көшелер бар. Тамашалығы — бағы замандардағы қала салу тәртібін танытады. Ал “тамаша” деген көшелеріміз өзгеше тар, тек қана жаяулар жүрмесе, өзге көлікті адам әсте сыйып жүретін көшелер емес. Өздері тар болудың үстіне, қисық

та, бұраң. Сонымен қатар осы көшелерде үш қабат, төрт қабат үйлер де бар. Бұл мекендерге күн әсте түспейтін болу керек. Әсіресе төменгі этаждағы пәтерлерге күн дегеніміз — ол дүние уәдесіндей. Әр діндердің жұмақта уәде қылған рақатындай алыс, қол жетпес қиялдай болу керек. Аты бар, әсте көзге көрінбес, ғажайып сиқыр сырдай десе де болады. Сол тар көшелердің де ішінде біреуі кеңірек болғанда, біреулері өзгеше тар боп қалыптанған.

Қаланы аралай отырып, біз корольдің сарайын көрдік. Сол сарайда қарауылдың ауысуы өзінше бір ескіліктің сәнін көрсетеді екен. Сарайдың қорасына кіріп тұрып, қарауыл әскердің әрекеттерін аңдадық. Бұл әскердің жүрістері де қызық көрінді. Бізше адымдамайды. Аяқтарына ақ киген, бастары да ақ киімді. Осы қалыптары әскерден гөрі, өлімге ұсынған жандардай, не жаназашылардай қалып танытады. Бастағы Америкадан ауысқан ақ каска, бас киім емес, төңкере салған шөңкедей, ерепейсіз.

Бар топ сарбаздардың алдында салмақты күміс таяқ (жезл) ұстаған бастықтары қолындағы таяқпен артисше ойнайды. Қораздана, қырлана басқан құбылыстар жасайды. Бұл қозғалыстардың әр сәті осы қарауыл ауысудың мерзіміне сіңген, өзінше бір қырлы көрініс, сән саналса керек.

Сарай өзі төрт қабатты, сұрқай, жансыз-қыбырсыз қатып тұрған салқын қабақты, абажадай үлкен үй. Сән-салтанат сезілмейді. Тіпті король сарайы екен деп сезіне алмайсың. Қайта “осында тұратын жан бар ма, жоқ па?” деген сұрақ оңай оралады.

Сурков қалжындап: “Бұл жақтағы сарайлардың ескіргені, сәні кеткені соншалық, Норвегиядағы король әйелдің осындай сарайын ақша алып, билетпен көрсетеді де, содан шығарған пұлды сарайдың керегіне — мысалы, отын сатып алуына жұмсайды екен” деді. Біз мына сарайдың биігінен қаланың орталығын, әсіресе әкімшілік орталығын көрдік. Сол жақта келісті ғана парламент үйі. Сәл жырақта үш айыр алтын гербі бар қала әкімшілігінің мекені — ратуша тұр. Оның төбесіндегі ұзын шошақ айдары (шпили) айқындай жарқырап көз тартады. Алдағы алаңда екі мүсін ескерткіш бар. Бірі — атты мүсін, атақты Густав Вазаныкі. Екіншісі — жаяу король, белгілі XII Карлдың мүсіні.

Бұл Карл — баяғы Петр I-мен Полтавада соғысып, жеңіліп қайтатын шведтің королі. Қаланы аралай түсіп, орталығына да жеттік. Ол сауда орны. Ал сауда бұндағы тірліктің бары. Барлық көшелер түгел, тегіс толып жатқан дүниелер саудалайды. Витриналар жанталаса шақырады. Жарық рекламалар түнде ғана емес, күндіз де бадырайып жанады. “Маған қара”, “Мынаң қара”, “Бері қара”, “Бәлі, мені айт”, “Қайтіп қарамайсың?” “Неғып жанамайсың?” дескендей бедірейіп, өзіңе қарап безеріп, қадалып қалған тәрізді. Бірақ қозғалып тұрған жарықтың рекламасы жоқ. Оның есебіне күндіз де, кеш те жарық реклама қаланың бояуын құтыртып тұрады, құбылта құлпыртады.

Стокгольмде тоқтаған сағаттарымыз және де аяқтап келді. Енді міне, Москваға қарай ұшқалы келеміз. Осыдан 15 күн бұрын тағы да бір елге қайту жайы сөз болғанда, әзілдеп айтысқанымыз бар еді: “Осы жүрген онымыздың (біздің жиын санымыз он кісі болатын) тегіс кеудемізде кұпия түрде сан мәртебе бір қалыпта оралып, бір ғана қиял жүр. Оның атын атасақ, жақсы бір сәт-сағатта Москва аэродромына біз мінген самолеттің аман-есен қонған сәті” дескенбіз.

Енді көптен көксеген Москваға — өз Отанымызға жетсек деген ниет көңілді қатты толқытады. Бүгін барлық жүрген, ұшқан ұзақ сапарымызды километрмен жиып өлшеп, Москвадан шығып, Москваға қайта келіп қонатын сапар соңымен жинап санап едік. Біз самолетпен, поездбен, машиналармен жиыны 52 мың километр жол жүріппіз. Бұған менің Алматыдан ұшып барып, Алматыға қайта келген тағы бірнеше мың километр сапарымды қосқанда, 57-58 мың километр шамасындай жол болған екен. Әзілдеп айтқанда: бір жыл ішінде аспан қыраны “ақ иық” бүркіттің де ұшып тауыса алмайтын сапары тәрізді.

Осындай ғажайып ұзақ жол жүрдік. Жүрген жақсы, көп дүниені көрген жақсы. Бірақ соның бәрінен де тағы бір жақсы бар: көре біліп, жүре-жүре келіп, өз Отаныңа қайтқан сәт бәрінен де жақсы. Сол көксеген сәтімізге анық сәтті сағатта жеттік. Жайлы күнде Москваның Внуково аэродромына жайбарақат келіп қонған самолеттен сағынышқа толы көңілмен кеп түскен едік.

ИНДИЯ КҮНДЕЛІКТЕРІ

28 январь.

Күндізгі сапардан соң кешкі сағат 6-да Индия-Совет достық қоғамы мәжілісінде болдық. Клуб ішінде Индия адамдарынан басқа біздің адамдар да болды. Ғылым делегациясынан Островитин, елші Меншиков, елшілік қызметкерлері. Қоғам бастығы – Нерудің апасы. Мәжілісті жүргізген қарт басына шалма киген, үстіне сұр бешмет, сақалы қалың, мол, аппак, бұйраланған, көзінде көзілдірік (*мүйізді*). Сол ғана, сәл ғана болмаса, нағыз баяғы имам, қари, немесе үлкен ишан дерсің. Ағылшын тілінде жұртты қызықтыра жақсы сөйлейді. Мәжіліс басына біздің атымызды атап, сахнаға қол соғумен шығарып, мойындарымызға гүл алқа салып отырғызды. Әуел Неру ханым сөйлеп, мәжілісін ашты. Жас жігіт орысша құттықтау айтты. Кейін сөз көп сөйлейді. Яковлев, Крамеров, Островитин, содан кейін сақалды шал, бастық орынбасары сөйлейді.

Залда Индия азаматтары. Әйел жоққа тән, аз еді.

29 январь.

Таңертең өзіміздің елшіміз Меншиковте болдық. Маршрутты анықтадық.

Бір күн Азия мәдениет музейінде. Аурел Стайн – венгр, музейді жасаушы.

1) Роспись по шелку. Будда и свита из дунганских пещер. VIII–X вв.

2) III–IV вв. н.э. Из Мирая фрески из будд. храма.

3) Будда в окружении монахов, он с волосами (редкость).

4) Из Хотана VII–VIII вв. фреска.

5) Китайский “Туркестан” – надпись на дереве, I в. н.э., алфавит – испорч. санскрит.

6) Фрески VIII–IX–X вв. Будда с учениками. Точнее, темпера (не фрески), род краски (темпера), 7 цветов и смешение их в порошке.

- 7) Раскопки курганов VIII–IX вв. в Турфане.
- 8) Остатки деревянного зодчества, тоже Кашгария.
- 9) Турфан – темпера.
- 10) Каменные фигурки. VIII–X вв.
- 11) Будда – разные изображения из Хотана.
- 12) В раскопках – роспись по шелку, история мифологич. фигуры.

13) Набивные ткани. III в.

14) Изображен Будда в шелках – роспись по шелку.

15) Шерстяные ковры и войлок. III в.

16) Дерев. сандалии. III в.

17) Серебряные очки (с дырочками).

18) Будда – тысяча рук.

Музей национ. Архив Индии.

Фотоснимки рукописей, можно снять 800 стр. в час.

Устройство для чтения подлинника Р. Тагора, его четверостишие.

Красивы метафоры, с его переводами на англ.

Бабочка живет день, не успевает насладиться жизнью.

Тагор сөздері – оқып, эпитафия етіп жазып отыру керек.

Ганди: живи и жить дай другим.

Я призываю тебя, өлерде айтқаны – “Рама!” деген.

Архивтегі қағаздарды мәңгі сақтайтын электр аспабы.

Шанды кетіруші механика, по методу воздушной очистки.

Следующий этап обработки рукописи – уничтожение микробов. CO₂ и еще одна окись.

Хранилище громадное – стеллажи металлические – широко между стеллажами.

Хранятся и документы, с 1746 года начинаются рукописи страны. Когда нужно, выдается документ по особой системе регистрации.

Наилучшие способы хранения и обработки документов.

Держатся открыто – климат Дели это позволяет.

Некоторые документы хранятся и в картонных коробках – что лучше, еще неизвестно.

Противопожарные щиты. Самые старинные ун-ты созданы в 1853 г. В Дели, Мадрасе и Калькутте одним актом.

Переплетный отдел.

Научно-исследов. ин-т. Сотрудники.

Солар отырып кітап оқитын кабинеттер де жайлы, басқа университеттерден келетін студенттерге арналған кабинеттер осында.

Национ. музей.

1) Культура палеолита.

2) Бронзовый век из долины Инда.

3) Глиняные изделия бронзов. века. III тыс. до н.э.

4) Бронзовые статуэтки. III тыс. до н.э. Ең ескі дүние.

Золотые украшения. I в. до н.э.

5) Каменные статуэтки. III тыс. до н.э.

6) Системы веков.

7) Печати — на некоторых свастики, период с III тыс. до н.э. до III в. до н.э. Не исследованы.

8) Будда. I в. н.э.

9) Кушанская голова — индоскифы.

10) Фигуры. I в. н.э.

11) Венцы из средневеков. ун-та. IX—XII вв.

12) Шаманство.

13) Будда. V в. н.э., песчаник.

14) Таксила — город, где создан самый первый ун-т культуры, индийские наслоения, персидские и греческие. I в. н.э.

15) Головы — анатомия лиц.

16) Будда с греч. влиянием. V в.

17) Амфигати. II в. до н.э., инд. барокко, фигуры в динамике.

18) Надгробная плита южно-индийская. II в. н.э. Өте көп сурет, адамдар, оқиғалар.

19) Культура Таксилы, города, где жил Александр.

20) Надгробие буддийское. Мол суреттер.

12³⁰ минутта президентте болдық. 40 минут. Жақсы әңгіме болды. Ол тіл туралы айтты. Көп тіл. 560 княжество бар екен. Соның бар бастықтарын өсиетпен біраз әкімдігінен түсуге үгіттеді. Соған көнді. Зорлық емес, соғыс емес, ақылмен көндірудің артықтығы осы. Қазір 26 штат бар. Һинді тілінде жарым халық сөйлейді, өзге тілдерде жарым халық дейді, артық болу керек.

Біз университеттеміз, ректор бірнеше факті айтады. 32 университет бар. Цейлон, Бирма Мадрасқа қарайды.

Бомбей, Мадрас, Калькутта, 1856 жыл. Дели, 1922 ж. университет (жас). 8 факультет:

общ. право

образов. медицина

технич. искусство

с/х.

8 мың студент. Бес колледжде қыздар оқиды: домо- водств., мед., 2 искусства.

Бұл жер вице-король резиденциясы болған. 1550 акр территориясы.

Вице-король был до 47 г. попечителем ун-та (Маунбеттен лорд).

Серебрянная дата ун-та совпала с моей серебр. свадь- бой — сіздің 25-кабинетте мен әйеліме махаббатымды ашып едім дейді.

Кітапхананы көрдік. Читал. зал. Кітапхана бар. Кітап аз. Оқушылар кітапты өздері ала береді. Система открытого пользования дейді. Жас деседі. Орыс әдебиеті профессоры бастап жүр. Қисық жауырын, бүкір.

Актный зал. Профессор кеңесінің залы кішкене. Үстел қызық; ай тәрізді жарым дөңгелек екен.

Профессорларын таныстырады. Кәрі емес, өзіміздікі тәрізді.

а) 200 работают над диссертациями.

б) 1 чел. — профессор.

в) 25 доцентов. Всего 39.

На каком ф-те больше студентов. Факультет гуманитар. наук. Женщин — нет. В женском колледже преподают женщины-преподаватели.

В 16 лет — в ун-т с 11-летним образованием, обучаются с 5–6 лет.

Русская лит-ра — один курс... на III...

Әдемі алғұл алма бугонвим (*түсініксіз. — Т. Ә.*)

Үш жыл оқу дипломға аз. Факультеті аласа, бір этажды ұзын колонналы, көп есікті сұлу үйлерде.

Русское отд. фак-та гуманитар. наук Делийского ун-та. Дома (10 домов), квартиры преподав., профессоров — 5-комнатные квартиры.

28 лет живет худ. Рерих, он оказался здесь. В субботу рано кончают.

Шибает В.А.

Колледжи типа нашего Учит. ин-та. При колледже — общежитие. Женск. колледже келдік.

Мешіт Құтыбиддин минар, Құтыбминар — 73 метр.

Изречения из Корана выведены кирпичным орнаментом. Реставрирован в XIV в. самый верх.

Қуатислам деп атанған мешіт. Мешіт құлаған. Салғанда бұны тастан салған. Мұнара қызыл тастан. Темір колонна бар. Бұл тат баспайтын темір деп аталады. Аспаннан түскен метеорит темірінен істелген. Бұндай темір составы табылмаған әзір. Көрінген мешіттің ішкі, тысқы қабырғаларының бәрі аят, ою, ғажап өрнек, нақыш-оюсыз бірде-бір бағана, діңгек жоқ. Өртенген мешіттің ішкі жағы толған оюлы діңгектер, кей жерде аман қалған куполдар да бар, бірнеше жерде қабірлер бар.

Тоты құс сияқты жасыл құстар көп, шырылдап көп ұшады. Қалада да сондай. Мынау мешіт биіктерінде әсіресе еркін. Бұл жақта ұзақ та қызық, ақ қанат. (Бір іс, кеше түн, бүгін өткен түнде қаланың ортасында, сарайда жатқан бізді шакалдардың ұлығаны оятты. Жолдасымның бірі түнде терезе алдында отырған 5 шакалды көріпті).

Мешіт мұнара XII ғасырда салынған. Құтыбиддин салдырған, мұнараның тамашалығын айтып болмайды.

30 январь.

Поезда Индия діні туралы.

Брахма — творец мира.

Вишну — охранитель мира.

Шива — разрушитель Троицы.

Вишнуизм — север.

Шиваизм — юг.

Для шиваистов Шива и творец, и разрушитель, и охранитель, его символ “фаллос”. Шивы знак — на лбу три поперечных линии. Вишну знак — вертикальный трезубец, в середине красная, по бокам белые линии. Кришна и Рама разные. Воплощение Вишну — он небожитель. Кришна и Рама — его воплощения на земле. Только цвет — символ чистоты, в Китае он траур.

Ману — древний законодатель — праотец человечества. Законы Ману X—IX вв. до н.э. Будда тоже воплощение. Вишну — буддизм вошел в индуизм. Шиваизм себя считает

древнее: Храм юга усеченной формы. Веды ранее Вишну. Ведическая религия — боги неба, земли и т.д.

Поезд қызық, вагондар біз білгеннен мүлде басқа. Төрт кісілік орында төртеуімізбен бірге күтуші жолдасымыз. Жолдың екі жағы бірдей көрінеді. Вагон енсіз. Электричка немесе трамвай тәрізді. Жиі-жиі стансалар, олар түрі нашар. Ағаштар көп, егін даласы мол. Бірақ екеннің көбі сарыбас горчица. Ағаштар бақша тәрізді емес, әрбір егін даласының ортасында көлеңке үшін орнатылған тәрізді. Осы жайды Карахиден Делиге қарай ұшқанда самолеттен байқап түскен ек. Қазір сонымен жол бойын да анық, жақсы аңғарып келеміз.

Жолда кейде қыстақ қасындағы боқтыққа қонып отырған қалың топ қарақұсты көрдік. Өлген малды далаға тастайды. Соны шоқиды екен. Бұл қарақұсты қаланың санитары деседі.

Жолдың екі жағы таулар боп кететін жерден емес. Бұл таулы жерлер алыстан көкшіл мұнар ішінде көрінгенде, анық көрікті, қызықты бай өлкенің әсем бітісіндей байқалып еді. Кейін таулар жақыннан көрінгенде, бір ерекше өзгешелік байқалады. Ғажабы, бұл таулар құз, тау-тас сияқты. Кейде тас, кейде жоталар көрінеді де, шөп, көк тәрізді ұсақ тұтас өсімдігі болмағанынан ала қотыр, қожалақ биіктер боп шығады. Таулар ұзақ жол бойында кейде екі жақта кезектеп қатар жарысып отырғанмен, тұтас қырқа-жоталар емес. Әр жерде бөлек-бөлек, биік боп біткен кей биіктері үлкен, әр биіктің бітімі өзіне бөлек тасты сеңгір. Бөлек жал, серек тас, шошақ шоқы кейде ғана жал, қырқа боп келеді. Көп таулар етектерінде қыстақтар. Кей таулардың басына шейін бүр, бүрленіп шыққан жеке ағаш түптері бар.

Жол бойында мал, сиыр, ешкі, сиыр баласы. Бұнда көкшіл шоқтығы өркеш тәрізді, қодас текті.

Анда-санда жол жағасында тауыс отырады. Жайын дейді. О да ұзақ тәрізді. Айтуларынша, бұдан әрі тіпті көп кездесе керек. Көгершін есепті, ешкім тимейді дейді. Біздің жолдастар маймылды көреміз деп, көрсек екен деп қызықты (әсіресе әйелдер).

31 январь.

Жайпурдан өтіп, Удайпурға тақап келеміз. Жол бойы кешегідей. Бүгін таң атқаннан кейін жол жанында тұрған екі

шакалды көрдік. Тырна, көккұтан тәрізді екі құсты көрдік. Қомақтырақ, бір жағы көк, бір жағында қара жалмағаны (*түсініксіз. — Т. Ә.*) бар тәрізді.

Жол бойында бір ауық (ақ) мраморды көп көрдік. Ақ жартас тәрізді жақпар тастар оқтын-оқтын көрінеді. Кейде тоғай тәрізденіп ағаш қалыңдайды. Жырақта таулар көрініп қалады. Бүгін шошақ таулар қатар-қатар, бірі артынан бірі бойлап көрінеді. Көмір кеніндегі қайры (копры) тәрізді.

Бұл өлке бидай егеді. Көбінше жер бай емес. Станса бас сайын қалың жұрт. Үстерінде қызыл, жасыл, сары жабынды (дхоти) дашларымен киім атаулы сан алуан, станса болғаннан солай шығар. Әр жақтың келіндері болуға тиіс, өйткені бас киім қазақтікі сияқты барды танытады. Еркектер баста сәлде, үсте жабынды, аяқтары көбінесе жалаң аяқ. Сақалды жалаң аяқ адам, өрескел. Кейде әр топ еркек бір қалыпты кірлеу ақсұр жабынды киіп, бір түсті ақсұр сәлде салған. Жабындылары иықтан асыра тасталған тон тәрізді. Көп сұлу складка қалдырады. Өздері қап-қара қара сақал. Күнге күйіп мейіздей қатқан қалпында — бөдеуилер сияқты.

Әйелдер киімі сәрі, сәри деп аталады. Және де нелер көп түсті бояулы. Театрдағы әйелдер шешінген, мұрында гауһар, алтын зерлер бар. Жібек сәрі кейде бастарына шейін жапқан.

Станса бас сайын халық ерекше мол, ел көптігі көрініп тұр. Халық неше алуан, қалаша киген... Бұлар киінсе, әйелдер де қалаша киінген қалыпта кездесіп қалады. Жастар да бар, олар шаш қойған, жеңіл киінген. Жыртық киімді адамдар да көп.

Жолда көл көрінеді. Ар жағында тақырлау төбе. Ол көл ортасында жалғыз ағаш өсіп тұр. Ортасында сахар. тростник өсіп тұрғаны да бар. Стансаға тоқтағанда, вагон астында, панельде ұшып-қонып жүрген қызыл түсті кішкентай айдары бар қоңыр сұр құс көрінеді. Оның қарға (ұзақ) екенін, дрозд екенін де білмейміз.

Тау аралап, Удайпурға тақап келеміз. Тау аты — Аравали. Бұл тау жақсы. Тоғайлы, құйқалы, сай-сайда пішен жапқан қоралар. Тоғайлы таудың қақ басында ақ үй (замок) тәрізді.

Удайпурдамыз, екі көл: Факей, Пимпола айналаны қоршап тұрады. Келіп түскен сарайымыз жаңа сарай, бірақ бөлмелер ғажайып гостиница бөлмелері.

Бұл махарадж тамаша қонақжай салған, өзінің барельефі. Ас бөлмесінде алты тармақ күміс табақ бар. Ортасында алтындаған өз барельефі. Қабырғалардың бәрінде жолбарыстар терілері, кішілеу жолбарыстар. Бәрін де махарадж өзі атқан дейді.

Асқа отырғанымызда үстелдер өз гүлдері мол-мол топ боп тұрды. Тамаққа жақсы көлден ұсталған балықтар да берілді. Папайя деген ағашқа өсетін қауын тәрізді үлкен жеміс жедік, дәмі қауын, тыква аралығы.

Бір махараджаның өз сарайындамыз. Ғажап приемный зал, бұнда мозаика тауыстар, барельеф тәрізді бояулар көз тұнжыратады. Оның алдында, өз жанынан төмен түсіп келе жатқанда, Күн құдайдың күмістен істелген, қабырғаға ілген аса үлкен бейнесін көрдік. Күн құдайы бұл махараджаның тұқымының покровителі. Ал төбесі ашық. Бірнеше этаж мрамор балкондар, айнала жоғарыда оюлы мрамор, алтындаған шошақ кішкене куполдар — XVIII ғасыр мозаикасы.

Сарай қорасында машиналар тоқтаған жерде сиырлар жатыр.

Бұл сарай балконынан барлық қала көрінеді. Айнала таулар, биіктер, төменде бақ ішінде өңшең ақ қабырғалы тас үйлер. Бұл қала бар толып жатқан XVI—XVIII ғасыр сарайлары мен ұдайы мрамордан салынған ақ мрамор зеркальная палата (айналы палата), әкесі тұрған (әйелі тұрған).

Роспись на стенах — акварель, типично раджастанская (акварель), по 300—400 лет — изображено божество — покровитель рода.

Піл сүйегі есікте, еденде айна. Миниатюры, акварель.

Жолда қызыл, жасыл әйнектер бар. Терезе, балкондардың екінші жағынан көл тамаша көрінеді.

Оружейная палата. Алтын қылыш сабы, қындар алтын, қалқан, әркім өз қаруын істетіп алады. Әкесінікін алуға болмайды. Пистолеттер қызық, сабы мен пистолет екі айырым.

Бас қалпақ — телпек. Тулары екеу. Махарадж моголдармен өмір бойы қатты ерлікпен алысқан, туында — Күн құдайы. Претаб махараджа XIV—XV вв. (хата) моголдар әкімшілік береміз дегенде алмаған.

Ерттеулі аппақ ат тұр. Оның тұмсығына пілдер қорқытпасын деп хобот жасалған (жүгенінде). Ер – қазақ ері сияқты (тек айыр, қалың қасты), кежімі – тоқыма темір (тор көз).

Городской дворец “Сити палас”.

Осы сарай түбінде храмда болдық. Әндері барабан аралас оқылған дұға намаз, әуені тіпті жақсы, мақамдар тәрізді. ... музей редкостей.

Музей Королевы Виктории – головные уборы правителей Удайпура.

...Шах ұйыстырып ұстасқан осы махараджаның шалмасы да бар. Шалма ауысса достасу белгісі болады екен. Шалма жіберген әуелі, өз әкесі қуып жіберген де, осында кеп пана тапқан екен, сол үшін дос болған.

Мылтықтар қызық.

Черный сланецтен істелген Вишну (XII в.).

Сағат 1 ¹/₂-да өзіміз жатқан сарайға ланш (обед) ішуге, аз тынығуға қайттық. Махараджада болғанда А.А. сөз сөйледі. Ваше Величество деп атады. Біз оның шақыруымен келген қонақ екеміз. Сондықтан өзінің арнаулы қонағы есебінде бәріміз алдына бару қажет екен. Ол өзі жасы 70-ке келген, ауру адам, құлағы мүкіс. Ағылшынша сөйлемейді. Һинді тіліне аударушысы дабырлап, ағызып жылдам сөйлейді. Қабылдау церемониясы – нағыз XVI–XVII–XVIII ғасырлар қалпында, аумаған Сухарасараның дәстүрі болса керек.

Қызық бір хал. Әскер-охрана болғанмен, сарай ішінде нөкер көп-ақ. Бірақ дәл махараджаның өз қасындағылар болмаса, көп есік, балкон есіктерден қараған жүздер, бейнелер нашар, жұпыны киінген.

Махараджу зовут Бупалсинг.

Біздің көргеніміз осы (махараджа дегені – махарадж). Махараджаның бұл Раджастхан штатында жоғарғы мектебі бар. Геология, гуманитарий колледжі бар.

Ас ішіп отырмыз. Екі жолбарыс терісі басы төмен қарап ілініп (көрініп) тұр, терінің айналасы қара шүберекпен астарланған, о да тіс-тіс.

Кәсіп с/х. Штат шаруасы – ауыл шаруа. Егетіні – мапс, мал. Раджастханда халық 15 миллион 300 мың.

Махараджараларда ұсақ бөлік те көп болған еді. Бәрі

жай адам боп қалды. Екі махарадж: Удайпур мен Жайпур осы дәреже сақтап қалды.

Тілі раджастан деп аталады. Ол Һинді тіліне жақын. Раджастан — очень старое название.

Сад — “девичий сад” (сад на радость молодым девушкам).

Толып жатқан фонтандар, ортада бассейн, әр сәтті болып, жүз тарау боп аспан атады. Ортада беседка тәрізді. Оның да өн бойы фонтан, бассейннің төрт бұрышында төрт қара әсем шатыр бар, онда қара торғайлар тұмсығынан, бауырынан су атып оралып тұрады.

Бар есікте осы бір ою-өрнек арқалық болып келеді. Екінші ішкері бөлімінде (бақтың) пілдер фонтаны бар. Бұл үлкен дөңгелек бассейн. Осында ғаламат биік бір пальма тұр. Өн бойында жапырақ жоқ. Тек су бетінде ғана қабығы піл терісіндей қап-қара қатпарлы.

Сағат 4-те эксперименталь колледжге келдік. Индияда бұлар 5. Осында оқытушылар да сапасын арттыратын оқу жүреді. Ауданға қызметкерлер, оқытушылар шығарады.

Бес ай студенттер оқиды, содан кейін практикаға кетіседі.

Бұнда экзаменде кітап, сабақ кітабы да жоқ. Тәжірибемен оқиды. Жаңа тәртіп бойынша еңбекке үйретеді. Халық үшін еңбек етуге баулиды.

Раджастанский ун-т среднеобразов. Мынау колледж — сол университет басқаратын 11 орынның бірі. Халық мәдениетіне жақындау және халық мәдениетін жасау. Оқу тілі — Һинді.

Дисциплины:

- 1) с/х эконом.;
- 2) гуманист.;
- 3) хинди;
- 4) медицина (общ. вопросы);
- 5) по выбору: музей, живопись, кожанобработка;
- 6) ткачество;
- 7) общ. науки — социология.

Обучение бесплатное, учатся 5 месяцев теоретически и еще 5 месяцев за счет деревень — практически. Учителя вербуются из окончивших этот же колледж. 50 учащихся — 4—5 женщин.

Поступают с неполным средним образованием. Право преподавать в сельских школах — бакалавр общ. наук.

Летняя резиденция махараджи.

Бұл көлдің ортасында, біз бұған қайықпен ұзақ жүріп, әсем сарайларды су жағасынан көріп отырып жеттік. Су жақтарынан қарағанда, бұл сарайлар дәл Венеция. Зал ғаламат. Төбесі плафон өнерінше боялған, өңшең төрт бұрышты, европаша. Приемная ғажап, терезе түбінде көл суы.

Содан әрі интим бөлмелер кішкене, бірнеше айнала мозаика, айна, бояулар, қабырғаларда әйел суреттері бар, бойымен алтындалған. Ортада (сарай ортасында) бассейн.

“Дворец на воде”, второй — “Дворец восьми слонов”. Бұ да аралда тұрған сарай, ақ мрамор сарай. Бұнда бақ та бар.

Бұнда әкесінен қашқан заманда Шах Жиһан тұрған. Мандарин өсіп тұр. Ортада кең тас қора. Шаһ отыратын тақыт орны бар.

Храм Кришну (XVI в.). Жалаң аяқ кірдік. Маңдайымызға қызыл таңба салды. Ол — сәлемдесу, жақсылық тілеу белгісі.

Бирманың қола мүсіні бар. Тұтас қоладан құйылған. Бұл храм — ғажайып XVI ғасыр ескерткіші. Әсіресе сырты түбінен ең биік ұшпа төбесіне дейін түгел мифологиялық барельефке толы. Онда пілдер соғысы, аттылар майданы, бишілер де бар. Оюы ұнағысыз бір жері жоқ. Ұшпа биігіне жеткенше сол ұдайы мрамордан ойып келтіріп жасаған. Бұл Құтыб мұнарасынан да асқақ дер едік, тек одан кейін істелген, бұндай ғажайыпты айтып тіл жеткізу қиын.

Менің ойыма келгені: егер Удайпурға келмесек, Индияны түгел көрдік дей алмасақ керек. Бұнда сонша көп тамаша жиылған.

Жолда қызық, ойда жоқ оқиғалар болды. Біз свадьба тойына кездесіп, жүре алмай қойдық. Аппақ атқа мінген, аппақ жібек киген, басына ақ шалма салған бала жігіт отыр, алдында күймелер. Музыка жанында, артында өңшең сәнді киінген әйелдер. Бар қала тар көшеде, солар соңынан шұбырған. Бала жігіт қысылмайды, еркін. Кеше той бопты, бүгін қалыңдық үйіне обедке бара жатқан сапары екен.

1 февраль.

Ерте таңертең. Ғажайып тыныш ерте кез. Сарайдың

жоғарғы этаж биік балконынан тамаша сурет көрінеді. Тамақ астындағы көл, арыда қоңыр таулар. Дәл қарсыдағы ең биік қара шоқының шаншылған басында жоталанып салынған ақ сарай (крепость). Біз оған бару қиын дегендіктен, уақыт аздықтан кеше бара алмадық. Көл ортасында тоғайлы арал, ол тас қорғанмен қоршалған. Көл бетінде әлдеқандай үлкен аппақ құстар ұшады. Бір ғана бір жұп қара қаз тәрізді құстар шалқып ұшып жүр. Көл беті тып-тыныш, ақсұрланып, қызғылттанып сәт сайын реңі өзгеріп кетеді. Өйткені қазір күн шығады. Қоңыр тауларды болымсыз ғана білінген қызыл арай рең алып келеді. Жел белгісі жоқ. Төменде, сол жағада ғана аппақ мрамордан салынған кіші сарай особняк, қоршалған банан, папайя, мандарин, инжир жемістерінің бақшалары. Қатарда, жап-жақында қызыл жартасты төбелер де қала ішіне араласа жатыр. Көл жағалай тас қорған. Асфальт жол, бұралып-бұралып отырады. Оның өзі бір сән.

Кеше 31 күнгі кешті еске алмай болмайды. Бұл әзіргі сапарымыздағы ең мәнді кеш болды. Жазушылармен кездесеміз деп барсақ, 3 мың шамалы халық жиылған. Астарына кенеп жайып, жерде отыр. Тығыз отыр. Айнала сыймай сығылысып, қоршап тұрған ер-әйел бір-бір үлкен ашық ауланың бәрін алыпты. Бір жағында ағаштарды кесіп әкеп орнатқан, шымылдық көк жұқа жібек. Ел сыймай, сахнаға ентелей отыр. Бізді екі жаққа, биік жеке орындықтарға отырғызады. Әндері, билері болды. Нагар деген жергілікті қайраткер сөйлейді. Ол жазушы да, театршы да, шешен конгресс азаматы да. А.А. сөйледі. Кейін мені де ымдап сахнаға шақырды. Мен сөйледім. Өзіме онша ырза бола алмадым. Ұзақтау сөйледім. Бірақ ката жоқ. Мен зор қазақ халқы атынан бірталай керек нәрселер айттым.

Күн ыстық. Дүние тамаша қызыл арай. Реңк кіре берді, кіре берді. Таулардың бір жағы қызғыл сәуле құшқанда, екінші жағынан көлеңке туды. Алғашқы жұқа, аз көлеңке баяулап түсіп, кейін қоюланады. Дәулет Син (бақытты арыс-тан) кеше бізді еріткен кісінің аты.

Кешке 31 күні махарадж бір жиыннан қайтқан соң, тағы үлкен құрмет болды. Барлық бектер, прокурор, уәзір есепті, бұрын әскербасы болған адамдар — махараджаның күйеуі, немересі, бәрі болды. Біз келгенде үш оркестр қарсы алды. Тыста ақ қызыл киімді гренадер тәрізді әскери оркестр,

махараджаның өз оркестрі болу керек. Сарайға қонақ бөлмеге кіргенде, әйелдер билеп, кіші оркестр ойнап қарсы алды. Тамаққа отырғанымызда, махараджаның өз әншісі оркестр ойыншысымен ұдайы ойнап отырды. Бүгін кешегі өткен бір күнді еске алсақ, Делиден бұнда артық тамашалар көрген екеміз. Көше, қала, сарайлар, көлдер, таулар, тұрғын жайлар. Халық. Кешкі свадьба. Онда көрінген аппақ атқа мінген күйеу жігіт. Бізді театрда (аулада) қабылдаған халық ғажап. Кейде соңғы театр көрінісі, адамдары, халқы революция басындағы өзіміздің политпросвет, ұлт театры көріністерін еске түсіреді.

Қазір жүріп келеміз. Поездамыз. Кешегі жол. Туннельден өте бергенде, кеше көрген жерімізді, тағы да үш маймылды көрдік. Құйрығы ұзын, ақшылдау түгі бар, бір үлкен маймыл папайя жеп, жерде отыр. Біз тұрған сарай “Лакшим вилас” атанады.

Біз Читторгар қаласындамыз.

Крепость 690 кв. акров. Крепость со стелой построена в форме рыбы. (1850 футов над уровнем моря.) Крепость с VII века была столицей королей Мейвара, только в 1567 г. переименована в Удайпур.

Несколько раз в разные века захватывалась мусульманскими шахами, брал ее и Акбар в 1567 г.

Башня Победы – самая большая достопримечательность. “Жанн Стамба” построил в 1448 г. раджа Кумбаж в знак победы над султаном Махмудом.

30 футов в основании, винтовая лестница, самый верх покрыт сценами из индийской мифологии. Для изучения иконографии Индии эта башня очень важна. Высота башни 120 футов (семь этажей). Другая башня – Башня Славы в XII веке. Высота 80 футов, тоже 7 этажей.

Біз тау басында крепостің ішіндеміз. Бірнеше қақпадан өттік. Бірінші қақпа жанында қан көп аққан. Тау басына шейін көтерілген қабырғалар, тас қабырғалар. Соғыста атынан айрылған (ақ аты өлген) ер махараджаның соғысқан жері (су, көлдермен). Осы аты, осы өзен бойында үлкен інісі атын берген.

Тар қабырға, ұзындығы $6\frac{1}{2}$ миль, $3\frac{2}{4}$ кеңдігі, айналасы 13 миль. Көрі кемпірді әкелді. Қабағын, кірпігін де шаң басқан, әжімі аса қатқыл кемпір. Бір тісі жоқ.

1333 жылы баласы осындағы бір сұлу әйелді көруге ынтық болған. Ол айналар жасатқан, сол арқылы көрген. Ол сұлу әйел біреудің қатыны екен.

(1333 жыл). Егер ол әйелді көрсетсе, қаланы қамаудан босатам деген. Айна арқылы көрсетіскен. Көріп алған соң ол: мынау әйел бар қаладан кетпейім деген. Әйел көп киім киіп, алдынан шыққан. Паланкиннің астына тығылып шыққан әскерлер қаланы қамаудан құтқаруға себеп болған.

XI ғасыр храмы. Ескі, жарымы құлаған храм. Бұл храмға барлық жаңа үйленген жастар келіп, тізелерін бүгу қажет болған. Содан кейін ғана некесі берік болған. Храм (*чоури*) архитектурасы аса бағалы. Сирек, шебер, тағы мрамор, пілдер, адам, миф. Порталдар да шебер ойылған.

Система обороны. Әуелі пілдер, воины, содан кейін құдайлар. Осылардың суреттері салынған. Қамауда әйелдердің 16 мың әйелі осы храм жанында от жағып, өздерін өртке тастап өлген (*костер жаққан*). Подземельеге мына сарай XIII ғасырда салынған. Кейін Куумба толықтыра түскен. Сондықтан Куумбаның атын алған. Храм Солнца — құрбан шалатын бөлімі сарайдың.

Махарашылар (*әйелдері*) тұрған жайды көрсетеді.

Дворец мира деген бөлме де бар.

Легенда про няню, спасшую принца, подложила своего ребенка. Дворец называется ее именем — “Панна дай” (Панна няня). Конюшни для слонов.

Кіші пілдер кірген, сондай тұқымы болған.

Алда әдемі ақ сарай, бүтін ол известняктен салынған.

Манго деген ағаш зәулім, мол көлеңкесі аса кең. Жемісі тәтті болады дейді.

Северо-инд. тип — Шикхара. XV в. Ең биік төбесі храмның бұрандалы қақпақша төрізді.

Ең ғажап ғимаратқа келдік. Бұл храм “Храм 27 молебен”. Төбеде музыка ойнаған. Муза аз. Барельефі, сырттан көрінген көп мұнаралар (*мрамор*). Осы 27 екен мрамор құдайлар. Идол ең үлкен алтарь түкпірінде. Қара мрамор. Сырттағы скульптураның бәрі билеп, әндетіп жүрген әйелдер. Ғажап шеберлік өнермен сырты ойылып..., жоғары қарай бұрыла беретін храм мұнарасы.

Храм принадлежит секте жаистов (их миллион, исповедующих жаизм в Индии).

Жеке-жеке кельялар бар. 24 әулие қара мрамор. 27-ші, 26-ші әр есіктің әр жағында.

Храм Мирай. Бұл сол оқу храмы, оны құдай өз құшағына алған. Бұл ақын қыз болған. Икона сияқты, рамада көп сурет бар, живопись үлгісінде. Қасында моласының орны. Бұнда төбеде бес денелі құдай бейнесі бар.

“Башня Победы”-ны көрдік, жеті этаж.

Крепость жайында, соғыс жөнінде тағы бір аңыз. Соғыста аққан адам қаны сонша көп болғандықтан, буйволды ағызып әкетіпті дейді. Сол қалың қан төгілген жерге басқаша бір сорт жеміс шыққан (*қара*). Ол адам қанына шыққандықтан аса тәтті дейді.

Башняның сыртының бәрінде пілдер, күй тартатын музалар, ерлер, құдайлар бұрышы. Бұрыштарда қойылған піл (*ақ піл*) мүсіндері көп. Бірнеше тарапында орта тұста арыстан, жолбарыстар бар. Осы храмдар, сарайлар барлық қала бүгіндегі тұрғындармен тегіс тау жотасында, тау үстінде.

Халқы діндар болса да, мынау храмдарды аралағанда діндарлық білдірмейді. Күліп, әзілдесіп, еркін сөйлесіп жүреді. Бұттар алдында да дабырлап сөйлесіп, күлісе береді. Биік тау басындағы бұл мұнара шынында заманы үшін аңыз, үш ескерткіш ақсұр, айнала бұл қаладан кең ашылып, көк мұнар ішінде жарыққа, алыс атырапқа кетіп жатады. Тұман ішінде көк қырқалар, көк жайқын далалар, тоғайлы қалалар жайылып шырқап кетіп жатыр.

Бұнда тағы бір қызық, өрескел жай бар. Әр храм, сарай ішінде, түбінде кедей үйлер көп. Сондай нашар тұратын жандар көп. Кейде үлкен әдемі сарайда жалаң аяқ, аш-жалаңаш, қап-қара, кір-кір қайыршыдай балалар көрінеді. Махараджа сарайында да бір этажда, алаңда ұйықтап жатқан еркектер көрінеді.

Аңыз: көшіп жүрген оружейниктер 500 жыл бұрын жау алғанда ант беріп, көшіп кезіп кеткен, жерге отырмаймыз, орнықпаймыз деп кезген. Енді ғана азаттық алғанда келмек, әлі көшіп жүр.

Жазғы сарай. Аладдин, айна әңгімесі осында. Бұл да VIII ғасыр храмы.

Махараджа әкесі салған тау басындағы жазғы сарайға келдік (*жаңа*). Бұнда бізді қала полициясының оркестрі

қызыл киген, алда жезль ұстаған барабан соғып, ойнап өтті (*кұрмет*).

Кешкі сағат 8 шамасында таңертеңнен бізді шақырған мектепке келдік. Бұл дін жайын оқытатын мектеп. Реңі, мақсұты, мазмұны басқаша мектеп екені бар жайынан байқалды. Ең әуелі бұнда санскрит, һинді тілдерін, дін сабағын оқиды. Әдебиет те бар дейді. Басқа дәрістер де бар деседі. Бірақ дін, негізі дін. Себебі бұдан кейде монахтар шығарады. Өздерін самоусовершен. баулиды. Дінін үгіт жолына арнаймын дегендер болса, олар осында бейімделеді.

Біз келгенде жасалған қабылдау тәртібі өзгеше болды. Маңдайларымызға қызыл белгі салып, бір-екі күріш жапсырады. Аяқты жалаң аяқтадық. Қолымызға бір-бір кокос жаңғағын берді. Содан кең үйге кірдік. Онда еденге алаша жайылған. Сонда мектептің бар оқушысы отыр. Малдас құрған, бәрі біз жаққа түгел қараған. Иықтарына тегіс сары жабыныш жамылған. 10–11 жасар баладан бастап, сақалды үлкендерге шейін бар. Дәл бұрын бала күнімде көрген мұсылман медресесі сияқты. Алды қалпе, арты жас бала. Бар шәкірт әуелі бұлар ұзақ дауыстап, бір үнмен қосылып кешкі намаз оқысты.

2 февраль.

Біз Жайпурдеміз. Қонақжайда бөлек бөлмеге орналастық. Музей худ. ремесльге келдік:

- 1) бронза (конец XIX в.);
- 2) стекло, украшенное эмалью;
- 3) железо с серебром;
- 4) кальяны, XVII–XVIII вв.;
- 5) шамдалдар;
- 6) ведра из верблюжьей кожи, кувшины;
- 7) мозаика, инкрустация из слон. кости, черное дерево — аппликация из слон. кости;
- 8) инкрустация из Майсора;
- 9) лаки из Кашмира;
- 10) соврем. папье-маше;
- 11) игрушки из Жайпура, Сурата (*ғажан*), пілдер, түйелер (*адамымен*);
- 12) раджастханские шкатулки, маски, куклы;
- 13) гончарн. изделия из Бомбея;
- 14) Китай, Япония;

- 15) Россия, Китай, венгерские вазы (*керамика*), англ.;
- 16) англ. средневеков. фаянс;
- 17) монеты (*нумизматика*) разных веков, печати;
- 18) копья;
- 19) мумия (ей 2279 лет);
- 20) оружие (*сабли*);
- 21) из Бомбея для хранения пшеницы (*бронзовая ваза*);
- 22) серебро (*Жайпур, Кашмир*);
- 23) выставка из Стамбула;
- 24) китайская вишня;
- 25) индийские ткани (*Жайпур, Бомбей, Раджастан*);
- 26) миниатюры, рисунки;
- 27) изображение Кришны (250 лет);
- 28) мелодии с их воздействием (*музыка*) XVII в. Краски чудесны, золото, розовые, фишашковые, она поет — антилопы зачарованы. Играет, молитвенное настроение и четырехголовое божество ведется ей, а героическая мелодия вызывает дух воина;
- 29) йоги-отшельники;
- 30) адамдар неше алуан түрады, отырады, жатады (...смех);
- 31) минералы;
- 32) индийские ковры (250 лет);
- 33) самый старей персидский ковер (XVI в.);
- 34) декоративный щит — сюжет из “Рамаяны”;
- 35) фрески, росписи (копии);
- 36) скульптуры Кришны (XVII в.), он окружен поющими девушками.

Здание музея специально построено, прекрасное. Музей для всей страны гордостью может стать. Біз науамахалды көрдік.

Дворец Ветров. Кейін обсерваторияға келдік. Солнечные часы в 1729 г. построены, странные, необычные часы по солнцу. Определяют высоту нахождения солнца (*в центре — зенит*).

Дворец махараджей.

Акварели XVI, XIX вв. В 12 лет теперешний махараджа сел на престол в 1924.

Чандра-Махал — Лунный дворец — так называется центральная, очень оригинальная часть дворца. Из розового

песчаника. Мозаика тонкая, утонченная, больше золота; здесь и строили “Махабхарату”.

Видиадхар — автор-строитель.

Рукописи XVII—XVIII вв.

Древняя легенда о красавице с зеркалами записана здесь.

Богиня Ярости на буйволе (*Богиня Дурга*).

Акварель и жидкое золото. Рама и Кришна на стене.

Рукописи трудов по астрономии, арифметике, акварели высокого класса (*миниатюры*).

Портрет махараджи.

Рисунки музыки в событиях, мелодия — живое существо мужского пола. У него шесть жен — Рага. Все иллюстрации к музыковедческому искусству — все раганы исполнялись для каждого времени дня.

В одной миниатюре Шива — из его головы течет Ганг (священный). Праздник урожая или праздник цветов и красок.

Ткани XVIII в. изображают плоды мангового дерева. Собрание здешних рисунков — это гордость Индии, коллекция богатейшая.

Индийская мифология перевоплощения. Жайпурская школа, XIX в. Чудесная акварель (каменные краски). Весь картинный музей этот — личная принадлежность его, нынешнего махараджи. Его же оружейная палата.

Карта Индии сделана из кожи. Пороховица, набор ружей гигантски богаты. Пороховица необычайная, из рогов и перламутра. Кинжалы, сабли, ножи.

Дворец Амбер — XVIII в., старая столица Жайпура, все здания внизу разрушены с XV в. Руины — следы разрушения временем.

Бракосочетания махараджей производятся в храме внизу, а тут одни разрушенные строения — храмы, дворцы. XII—XV вв. дворцы есть, XI в. храмы.

Сол күні кешке біз министрлер қонағында болдық. Бұл жай бақша ішінде әдемі паркте, Индия суының үстінде екен, паркте болдық. Дивандар қойылған. Аласа үстелдерге шай жасалған. Қоралай отырған жұрттың үйірім-үйірім топтары болды. Бізбен баяғы Бірінші соғыста Ворошиловтан қашқан Австрия әскерінің адамы, қазір медицина докторы, Австрия

адамы болды. Ақындары әндетіп өлең оқыды. Бір қарт санскрит тілінде өлең оқыды. А.А. жақсы, жаңаша сөйледі. Ашрафи өлең айтып, тәуір ғана сөйледі.

Сағат 7 $\frac{1}{2}$ -да біз махараджаның сарайына қонаққа бардық. Секретарьдың әйелі қарсы алды. Кейін, прием залында біраз тұрғанымыздан соң, жанында махаранасы бар махарадж шықты. Бұл ұзын бойлы, сом денелі, 43 жасына қарамай шашы қап-қара сұлу жігіт шықты. Үстінде ақ кителі бар. Қара шалбар. Кешкі киім. Бір түрі осылай. Әйелін осы Индиядағы ең сұлу әйел деп еді. Көбімізге ең сұлу көрінеді. Өйткені одан сұлу әйел көп еді. Бұ да сұлу, ақшылдау. Шашын американ жаңа үлгісінше бұйраламай, ұзындау етіп өсірген. Бұлай шаш ұстауға ұдайы қолы бостық керек деседі. Көзі сұлу, ерні әдемі. Бұл ханым біздің топпен әңгімелесті. Махарадж өзі бір топ жолдастарымызбен сөйлесті. Ол бастап, кейін ханым өзі жақын прием бөлмесінде бірер саты жоғарырақ жердегі қымбат, асыл бұйымдарын көрсетті. ...Әйелдің ағылшын суретшісі салған суреті. Әдемі инкрустация. Әйел бізбен сөйлесе тұрып, менен көшпелі ел тірлігі кеткендігін уайым етпек боп сұрады.

3 февраль.

Жолда Жайпурдан Аграға машинамен кеттік. Жолда машинада ыстық тәрізді. Піл мен ағылшын әңгімесі (піл, ағылшын, бек). Құтыбминардағы темір баған V ғасырда жасалған, ол 6 тұтқа, тұтас шойыннан құйылған.

Жол бойында С.И. әңгімесі қызық. Сарайларды салу дәстүрі талмас үлгі болған. Ең әуелі Ашока III ғасырда 84 мың Будда монастырін салған дейді.

Ертеде сарайларды Индия еменнен, ағаштан салады деген.

Әулие сиырлар туралы дәл хабар. Сиыр қартайғанша сауылады, жегіледі. Жеке адам меншігі болады. Қартайғанда әулие сиыр храмға беріледі. Онда бұларды сақтайтын об-во болады. Жапасын сатып, сонымен асырайды екен.

Маймылдар қалаға қатынап жей берген соң, қала қашып ауып кеткен.

Аграға қарай жол келеді. Екі жағада әуелі бірнеше таулар кездесті. Бұнда таулар бөлек-бөлек. Бар шыңның биігі сияқты көп орын алмайды. Өздері биік боп серейіп тұрады да, шорт үзіледі. Кейде қарауыл биігі сияқты бар

жағы тіп-тік болады. Айнала дала мен үнемі үзілмей ағаш көрініп отырады. Үздіксіз егіндіктер. Көбінше бидай, горчица.

С.И. әңгімесі. Маймылға тимеу ертеден бар. “Рамаянада”. Раманың сүйген әйелі Ситаны жадабы алып қашып кетеді. Жадабы дию тәрізді қара күш, қараңғы сырлы зат. Сол жаудан Ситаны құтқаруды маймылдар бастығы Гануман, Раманың көмекшісі себеп болады. Бар маймылды жиып, Индия мен Цейлон аралы арасына тас өткел салады. Осы күнге дейін мыс тәрізді тастар бар. Соны Рама заманынан қалған дейді. Демон Равана Ситаға ғашық болып, алып қашып кеткен. Бірақ Сита аман қайтқан. Ескі әдет бойынша тазалығын анықтау үшін жанып тұрған оттан, костерден өту керек екен. Содан Сита өткенде, бұрынғысынан да сұлуланып, алтын лотос тәрізденіп көркейіп шығып, тазалығын танытқан дейді “Рамаянада”.

Жолда келеміз. Қыстақтарда кішкене маймылдар, үй жанында құймада екі-екіден, біріне-бірі мінгесіп отыра береді. Тауыс та сондай көп. Жол үстінде бір маймылды машина басып өлтіріпті.

Жегін сиырлар, өркеші бар көк сиырлар жиі кездеседі. Бүгін байқадым, құлақтары төмен салбырап, жалбырап тұрады екен.

Жолда пилигрим кездесті. Олар не Бенареске барады. Бірақ оңтүстіктен Рамишвараға барады. Апара жатқаны — Гангтан су апарады. Мүмкін теңізге түсер. Арқалағаны отын. Өз тамағын істейді.

Біз Аградамыз. Бұл 65 м. Утарпрадеш провинциясына қарайды. Бұнда аяқкиім өндірісі бар. Индияның алды. Кілем өндірісі, мрамор ісмерлігі де осында.

Бұнда гостиницаға түстік. Жеке-жеке бөлмеміз бар. Бөрінде жайлы. Аласа төсек, ішкі бөлмеде...

Тадж-Махал строили 20 тыс. рабочих 18 лет. Мрамор из Макарани, использовано 18 цветных разных камней. Высота с платформой и со шпилем 70 метров. Он вошел в число семи великих памятников мира. Построил Шах-Жихан. Строил Устад Иса. 1632—52 гг. Самый большой бриллиант “Кохи Нур” (гора света) с голубиное яйцо. Был взят англичанами, увезен. Этот бриллиант был вмонтирован в Тадж-Махал.

В Агре 500 тыс. населения, в Прадеше... 65 миллионов, самая большая провинция Индии. Здесь была английская провинция.

Ред форт построен Акбаром. Есть в Агре университет и 8–10 колледжей. Крепость построена на развалинах более древней крепости (дивани Али):

1) зал аудиенции — сидел тут шах;

2) бассейн (был);

3) жилые покои, два трона для отца и сына. Белый мрамор и черный мрамор (монолит);

4) нижний двор — бой тигров.

Бұл қорада маймыл жүгіріп шықты. Бұнда жолбарысты ұстап әкеп қоя беретін. Бұл сарай Акбар тұсында ертеректе салына бастаған.

5) Дивани Хас — зал частной аудиенции;

6) восьмиугольная башня (Шах-Жихан строил). Строил из мрамора первый;

7) гиды рассказывают: Ш.-Ж. старый смотрел на Тадж-Махал в зеркало маленькое в стене балкона;

8) Хасмахал — где жил шах;

9) башня;

10) ванна — мозаика, мрамор — теплая вода поступала сверху и шла по каналу в баню;

11) виноградник (*ангури*);

12) жилые помещения — рядом жила дочь, а тут сам (*асты, үсті бірдей мрамор*);

13) жилые покои, где жили дочери;

14) здание для жены Жахангира (*она была индианка*);

15) внутренний двор этого здания, вокруг — все помещения;

Ғажайып двор — айнала екі этаж түгел ою-өрнек. Әсіресе кірер есіктер маңдайы тамаша ойылған. Осында кітапхана болған тәрізді нишалар бар, о да оюлы.

16) во дворе ванна, внутри зала — из цельного куска камня. Вся крепость от Акбара до Ш.-Жихана вначале — красный песчаник. Ш.-Ж. строил из мрамора.

Ғажап бұ да сарай.

Енді көптен көрініп, көздің алмасын тартып тұрған ғажайып сұлу, даулы Тәжмахалға келдік.

Жаңағы сарайдан 5-6-дай шақырым жерде.

1) Караван-сарай (қақпасы да жақсы). Купол и четыре минарета видны отсюда в рамке ворот;

2) канал перед Тадж-Мах. 17 лет строили, 20 тыс. человек;

3) налево мечеть;

4) такое же здание для симметрии (справа), планировка сада сохранилась, бассейны, также кипарисы, айнала аят.

Мұмтаз бегім.

Мыхтар. Екі қабірлі қоршаған мрамор решетка. Мрамор ою. Бұрын алтын решетка болған екен. Шах Жиһан оны алғызып, мрамор кең решетка жасатқан.

Мозаика в мрамор втиснена. Бар екі қабырға осылай әспеттелген. Төменде, тереңде анық қабірлер. Өзі жоғарғы, жаңағы көргеніміз астыңғы қабірлердің сырттағы бейнесі екен. Астыңғы қабірге жазылған сөзде: “Мекені Фирдоусиде болсын, сайыпқыран Жиһан шахша жиһан...” деген бар.

Жоғарғы куполына да шықтық. Мен мұнараларға шықпаушы ем, бұл жолы шықтым. Екі кең бөлме бар екен. Ішкісі жоғарғы сыртқы куполды түзу шығару үшін істелген. Айнала Агра қаласы. Заңғар биіктен көрінеді. Куполдың өзінің биіктігі 24 метр.

Кешке қонақжайда.

Проблема беженцев в провинции. Что делается здесь? В Агре 55 тыс. перемещенных лиц. Практически устроены все эти лица.

Экономика штата способствовала размещению — негде было жить. Пр-во плановое, стр-во в провинциях. В Агре 700 домов для беженцев. Из Пакистана пришло много одиноких женщин. Их обучали профессиям. Выплачивают и денежные возмещения. Ушло 6 тысяч домов, 25—30 тысяч мусульман ушло отсюда, 40 проц. мусульман не ушло. Многие возвращаются. Сейчас 30 проц. мусульман.

В Индии 40 млн мусульман, 12—30 проц. всего населения. В 47 г. из Раджастхана многие ушли в Пакистан и многие возвращаются. Народ относится к ним хорошо.

Түнде кешкі тамақтан соң айдың жарығында Тәжмахалды көргелі машинаға мініп, қайта бардық. Ай ерегескендей бұлт арасынан арыла алмай көп күттірді. А.А. сызданып, білмейім, сатымсақ әйел тәрізді не қылғаны.

4 февраль.

Акбар салған қала Фатихпур Сикри (город Сикри). Он жыл тұрып, қайтадан Аграға көшкен. 1580 жылы салынып біткен.

1) Зал аудиенции, где принимали жалобы, петиции.

Акбар өзі решетка ішінде отырған. Акбар Ғұмаюнның баласы. Бабырдың немересі, ойран болғанда соғыстан ойран болмаған, өздігінен тозған. Қызыл песчаниктен салған. Екі-екіден салған.

2) Зал частной аудиенции. Тамаша діңгегі бар. Төрт тармақ кронштейні бар. Сол төрт тармақ діңгек төбесінде айнала ашық ойық тесік қоршауда патша тағы тұрған, төбе купол. Бұл бір ғажап жай. Мұнажімге қатты сенген, оған арнап салған купол бар, төрт бағаналы. Бұл қаланы тастағаны — су нашар болған. Мемлекетте тыныштық аз болған. Содан соң жүру-тұруды сүйген.

Қабырға кірпіш ұзындығы 6 миль. 9,6 километр. Ағаш титра қолданылған. Тек есік қана одан куполдармен жабылған.

3) Место игры в прятки — в самом деле, вероятно, хранили важные документы; потолок интересный, как будто сделан из дерева, напоминает стропила деревянные, а там камни.

4) Олений минарет для любимого слона Акбара выстроен.

5) Пятиэтажный замок (Пяндж-Махал).

6) Школа девичья — гаремная девушка училась мастерству вышивки.

7) Комнаты турецким султанам — турчанка жена. Орнамент нарезной, очень интересный и богатый; изображены были птицы, звери. Потом при Аурангзебе головы им всем стерли.

8) Библиотека с росписью по камню красками, ниши фигурные в стене — это для книг.

9) Спальня шаха наверху с росписью, с изречениями (поэтов).

10) Зал, где решались государственные дела.

11) Дом матери Жахангира Мариам. Фреска — человека, играющего на флейте; восстанавливают фрески мастера. Сюжет — канал, лебеди, всадник.

12) Дворец жены индианки Акбара — здесь. Индийский стиль глазирования — древняя традиция индийской архитектуры.

13) Больница.

14) Дом министра, четыре комнаты — бұ да тамаша. Двойной купол для сохранения прохлады и тепла. Здесь очень толстая стена.

15) Уборная.

16) Конюшня для лучших арабских скакунов. Ат қора адам жайынан артып, бұ да тас, қызыл песчаник.

17) Қарсыда пілдер қорасы. Жасыл тотылар қаптап жүр.

18) Дом двух министров, Абул Фазыла и Файзи — один поэт, другой историк.

19) Мечеть святого Селима, из-за которого перенесена столица сюда, похоронен в особом мавзолее (мрамор). Селим предсказал рождение трех сыновей Акбара. Тут много похоронено потомков Селима. Построен мавзолей при Жахангире, сыне Акбара.

20) Ақ мавзолее алды тұтас мрамор. Кружева, чудесная мозаика из перламутра, тонкая резьба, узоры, мрамор, пророк святой — здесь поклонение, висит много ниток поклонников, решетка ажур. Қабірі төсек сияқты. Балдахин жібек жауып қойған. Начало XVII в.

21) Мечеть. Похоронены потомки Селима. Мозаика из глазированной черепицы, за 10 лет был построен весь город, мастера со всех концов страны. Напоминает сборку домов.

22) Кельи, где жили ученые, монахи, бұл медресе, медресе толған хұжра.

23) Қақпасына көп тағалар қағылған.

24) Ворота — триумфальная арка. Самые высокие в Индии — Баланд и Дароваза.

Қайтқан жолда түзеліп жатқан жол жұмысын көрдік, мемлекет емес, халық еркімен өзі түзепті. 26 январьдан басталған, бір жұма бәрі осылай жол салады. Көл жасайды. Жолда жұмыс істеп жатқан жұрт жүдеу, балалар да бар.

540 общинасы қалада істейді. Қыстақта бұлар істейді. Бұнда суд та бар, вроде с/совета. Выборная организация, выборный с/совет республики, перевод слова “панча” — пятерка, сельское самоуправление, народоправление.

Түсте фермаға келдік, колледждің үлгілі шаруасы. Сельская уполномоч. әзірлейтін школ бар мұнда.

Обучаются люди двух уездов, по плану охватить за пять лет, чтобы прошли... все уполномоченные ... переучивают и новых, готовят животноводство, полеводство, здесь 43 человека. Общежитие, 25 деревень, база для работы. Школа связана с с/х колледжем. Здесь учатся, в деревнях проходят практику, двойную программу:

- 1) с/х в целом, ж-во, кооперативное;
- 2)
- 3) борьба с вредит.;
- 4) садоводство;
- 5) соц. науки;
- 6) гигиена санитарная.

Колледж, высшее уч. завед. Двойная система вузов. Университет и колледж. 60 колледжей, из них 3 в городе, остальные по всей провинции. Садоводство, полеводство, животноводство в их колледже.

Через четыре года кончают колледж... для получения диплома учиться еще 2 года.

Севооборот — есть. Здесь засушливый р-н, поэтому про-рыли два колодца и могут обеспечить севооборот. Богара — исход неуверенный. На поливные не хватило денег.

Многополье было трудным, п.ч. глав. культура — пшеница, она кормит. Строго следовать системе севооборота не могли, пшеница нужна всегда. Использованы разные удобрения, держали один уровень.

275 акров под пшеницей, 200 — конопля — волокно (дает). В севообороте просо, с ноября по апрель.

С апреля по июль под паром; в июле высевается конопля как зеленое удобрение — конец августа... Затем пшеница с октября, в апреле урожай. Такой полевой севооборот.

Хлопок — июль—ноябрь... В январе, в феврале — сахар. тростник. В январе урожай — мунг — просо (двухгодичный севооборот).

Кешке Делиге қайта келдік. Бұл күн біз жаңадан Хайдарабад хауызға келдік. Аз уақытқа. Нәрселерімізді қалдырдық. Аз отырып, Отан жаңалығын естідік. Менің сайлану жайым бірнеше жаңсақ, теріс адрес бойынша

адасып жүріпті. Кеше МИД-тен телеграмм келіп қана түзелген болыпты. Анық түзелді ме, құдай білсін. Өйткені біздің адамдар салақ екен.

Семь архит.:

- 1) Ая София;
- 2) Собор святого Марка (Венеция);
- 3) Парфенон в Афинах;
- 4) Реймский собор (Франция);
- 5) Тадж-Махал;
- 6) Василий Блаженный;
- 7) Не помнит... Альгамбра.

1526-шы жылы Индияны қаратып алып, 1530 жылы үлкен Ғұмаюн, оның баласы аса үлкен күш, өнер көрсетпеген. Тек бұның баласы Акбардан басталып үлкен істер кетеді. Бабыр өзін бұның Кабулға қоюын өсиет етеді. Акбардың баласы Жиһангер, одан Шах Жиһан, одан Аураңзеб, осыдан кейінгілер тағы әлсірей береді. Ең соңғы 1857-ші жылы патшалық намынан айрылған Баһадүр шах. Бұның тұсында Англия енді патшалықты біржола бітірді.

5 февраль.

Түнде сағат 22. 30-да Делиден поезбен шығып, Нангалыға қарай келеміз. Нангал Делидей терістік жақта. Қазір біз басқа вагонға міндік. Бұл үлкен, бәріміз тегіс купелерге жайғастық, тар коридорда орын бар, аса жақсы, жұмсақ вагон. Екі кісілік, аяқ астында кілем, есігі кең тұтас, әйнек, бер жағы шымылдық, аса ықшамды әдемі шкафы бар, киім ілінетін иықшалары ішіне бекітілген. Есігі биік шарайна. Іште қолжуғышы әдемі орналасқан. Өзі кең купе боп шығады. Туалет екі шетте. Онда оп-оңай орнатылған душ бар. Тек вагонға душ жасауды бір бейнет көрушем, одан оңай және орын алатын ештеңе жоқ тәрізді. Бір бұрышты кескенде бергі бетіне шолақ шымылдық тартқан, клеенкадан. Онысы және әдемі бояулы, жасыл түсті. Әр купеде вентилятор бар. Ол әр үйде бар екенін де еске ала кетейін. Ыстық күнде бұл жан тынысы болу керек. Бұл жақта суықпен алыспайды, ыстыққа қарсы әрекет ең алдымен істеледі. Вагон: кондиционированный воздух беріп отыратын. Үнемі бір қалыпты температура ұстайтын вагон. Түн бойы көп түс көріп үйді, әйелімді, баламды жиі көрсем де, бірнеше оянсам да, жақсы ұйықтадым.

Қазір таңертең жай оянып, жолды қарап келемін. Поезд терістікке, салқынға таман келеді. Таулар көбейіп көріне бастады. Бір ауық тамаша кесіліп ойылған қызыл жартас арасынан өттік. Шығыс жағымызда үлкен тау ілесіп, барған сайын биіктеп, тұтасып қалындап, көгере түсіп еріп келеді. Тек Гималайдың сілемі болар. Анықтап сұрау керек. Сол тау жақтан кейде тоғайы, жап-жасыл далашығы бар әдемі, жанды өлкелер көсіле көрініп қалады. Дала өлкеде, тау жақта көкшіл мұнар, жеңіл тұман бар. Ол кей жасыл далада, түн тұманында салқын түннің әлі көтеріліп болмаған, жаңа жерден сәл-сәл үзіле бастаған буындай, салқын деміндей көрінеді. Шық аралас дымқыл тұман өлкенің таңғы демі, лебі тәрізді, кейде жап-жақында тасты таулар. Бөлек таулар қуысып, жарысып кетеді де, тез шұғыл үзіледі. Жоталар, тас серектер — қызылт, шақат. Оқыс бас-талып, шұғыл үзіліп, кеңейіп, шаншылып қалатын биіктер. Көбінің жоталарында сирек шөккен салбыр ағаштар бар. Тастар аса қызық бейнелі. Кей жері мұнарадай, кей тұсы пирамида, тағы бір кез конус тәрізді тектұрлар көбінше қызыл шақат-жалаңаш.

Енді бір әдемі тегіс, көк майса шөп алаға мен қалың макко ағашы тәрізді биік, кең зәулім ағаштар қыстақтар қасынан бой көрсетіп қалды. 25-30-40 шақырым шамасында қатарымызда ұдайы үзілмей қалың тау жарысып келеді. Вагон жазуға да жайлы. Осы вагонда біз Калькуттаға дейін 9-ына дейін отырып барсақ керек. Сол аса жайлы болар еді. Мен бұл жолғы сапарды елге қайта сала кітап етіп жазбақты ниет еттім. “Ең алғаш алған әсерден, жолаушы әңгімесінен” дегендей болса да мына көрген, кешкенді бір жазылып қалса дейім.

...бұл ретте бала бар екен. Соған басыңды ғана сүйе, жүзінді суына батыр дейді. Киелі жолаушы батырғанда, жаңа бір ғажап дүниеге түсіп кетеді. Содан әрі басынан талай хал кешеді, нелер жандарға, жайларға кездесіп, шұғыл өзгеріс хал кешеді. Оқыс қатерге де, түстей сұлу тамашаға да батады. Ақыры, бір себепті шатпен қайта орала бергенде, арада талай заман кешіп болған шақта содан бетін тартып қалады екен де, жаңағы бар көргені, бар кешкен заманы түстей айығып, алыстап сырғып кетеді де, баяғы өміріне қайта қайтады адам. Енді бақса, дәрет суы да суымапты. Яғни сонша заман өтіпті. Ол, шынымен, ғажайып хал әңгіме сыры болушеді.

Дәл осы күйдің бір қызық кезі өз басымнан өткендей. Жазушылар, дос-жарандар өзімнің үйімнің столовойынан көп ақыл, әзіл айтып, аз уақытқа ұзатып салып еді. 40 неше күн өткенде қайта сол бөлмеде сол жиын, сол күлкі, сауық әзіл мәз-мерекесімен қарсы алған сағат болар. Сонда ешбір мезгіл өтпегендей болар еді. Мені сайлаймын деп жатқандай еді, сайлапты жаңа ғана. Не бір қалжың. Тілеш шампан бөтелкесін ашам деп жатып еді, әлі ашып бола алмай келіп, енді жаңа ғана ашқан екен. Біздің өз өміріміз қалыптан, ағымнан, ұлы шындықтан аумағанда берген сол тарихи халық ішінде барлығының ұлы қозғалыс ырғалыспен маңғыстап, оның бойында мен бір ғана сәтке үзіліп, қайта келіп қосылыппын, бір сәт, бір сапар ертегі сапарындай Индияны аралап қайту.

(Бұл айтылған жай болашақ кітаптың басына жазылатын прелюдия тәрізденеді.)

Осы әдемі, тамаша, рақат, ырысты таңертеңде тағы бізді Индиядағы үй, ғимарат, сарайлардың бір оңайлығы жайында болды. Оларды тастан салып, таспен жауып, еденін тас етіп қойсаң бола береді. Қайта ең зор қысым — ыстық қысымнан құтылады. Сарай салқын болады. Сонымен ол мәңгі берік салынады. Ескі сарайлардағы бірде-бір тас орындық, беседкаға шейін бұзылмаған, тозбаған ғой. Отын жай, үй жылыту деген ой бұл жақта жоқ. Бізде отынға, жылы киімге, от жағуға қанша күш, шығын, қам, бейнет кетеді. Бұл жақ ол артық қам-қарекеттің бөрінен босаған. Осында А.А. екеуіміз бірдей айтыстық. (Келер әңгімеде бұнда көрген көп жай өтірік тәрізді тууы мүмкін. Марко Поло есімде болар. Оны да кітап басында атап жазып кетермін.)

Біз Нангалаға келдік. Бізді инженерлер, мамандар қарсы алған тәрізді, реңдері сондай. Өзен Сетледж, бұл Пенджай бес өзеннің бірі. Осында Сетледжге салынған плотинаны басып өттік. Біз ертеңгі асқа отырдық. Көріп келген үйлеріміз жаңа, аласа. Тас стилінің үйлері.

Кунгар — глав. инженер.

Нанганская плотина на карте (Сетледж).

Отроги Гималаев прорваны. Три-четыре притока сходятся до плотины (главн. четыре притока). Высота дамбы 680 футов (265 м) от основания до гребня. Длина 325 футов (длина по основанию — 108 метров (все записано), ширина

реки 100 метров, тут ширина ущелья 550 по гребню, ширина 30 футов, толщина у основания 670 футов (водосборы), 1310 футов с водосбросом.

2 туннеля, каждый $\frac{1}{2}$ мили длиной, перемычки тоже две. Озеро с зеркалом ($7\frac{1}{4}$ мили, акров на высоту 1 метра) 64 квадратных мили — 16 тыс. гектаров. Ежедневно будет расходоваться 5,72 м акрофутов. Будет залито водой. И 30 тыс. населения 360 деревень придется переселить. Им раздадут участки на поливных землях ниже. Земли 5 млн 16 куб. ярд. (будет вынута).

Вспом. предприятия 2 млн куб. ярдов, всего 7 млн куб. ярдов. 150 метров высыпают до скального основания. Стоимость плотины одной только 626 млн рупий, стоимость всего 1 миллиард 538 млн 800 тыс. рупий. 10 генераторов гидротурустановок — 90 тыс. киловатт-часов каждая, средний годовой выход в киловатт-часах — определить трудно.

Работает 6 тыс. человек, очень много машин. Канал строится, еще мы проехали эту Бенгальскую плотину, ее высота 96 футов. Тут на канале будут две электростанции по два генератора в 24 тыс. киловатт-часов. Высота каскада 100 футов.

Канал Бахра. Всем будет обводнено 60 млн акров. Длина магистр. канала с ответвлениями 600 миль. Общая длина распред. каналов 2100 миль (...)

Канал готов. Плотина: готовы два отводных канала, ведутся работы на дне реки. Закончатся в 1959 г.

Канал готов, ирригация идет. 60% земл. работ закончены. Бетонирование начнется в ноябре будущего года. Накачивание воды в водохранилище с 1958 года. Энергия идет в Дели, Раджастхан (северный, 300 миль, наиболее отдал. точка).

Колебание воды в зависимости от сезона на 80 метров (порядка миллиарда). А Куйбышевская дает 2 миллиарда киловатт-часов, т.е. гораздо больше. Оборудование из Америки.

Тауға қарай жүріп кеттік. Жол ғаламат биікке бұралып оралып барып, заңғар жотадан асты. Содан ойға құлап, ақыры плотина жасалатын Сетледж өзеніне еңкейді. Жол бойында тасқа сары бояуға қарамен жазған лұрдунгтер

(аққа қарамен жазудан бұл айқынырақ). Ұдайы со жерде ақыл-насихат. Ол жазуларда: “Сақтық сақтайды”, “Сақтық жөнінде қорқақ атанам деп қорықпаңыз”, “Сақтықты өз әдегіңіз етіңіз”, “Үй ішіңіз қоса сорлайтынын ұмытпаңыз” деп келіп, дәл өзенге тақаған жарық жер тұсында: “Жақсы көргеніңізге рақмет” деп қойыпты...

Туннель диаметрі 16 метр.

Болашақ көл-водохранилище аумағын, отырған қыстақтарын көрдік. Біз сол көл табанында тұрдық. Әуел түбіне жетіп тоқтап, содан кейін барып бар жұмыс фронтын, площадкасын көрдік.

Өзен аударылып туннельге, екі обводный каналға түскен жерде плоттар мен туннель ішіне бөрене ағызып әкетіп бара жатқан жалғыз-жалғыз адамдар. Туннель ұзындығы жарым миль. Перемычка осы арада. Плотинаның жоғарғы биік басының белгісі жартасқа сары бояумен салынған белгіден білінеді. Биіктігіне қарағанда бұл дүниедегі екінші плотина саналар. Бірінші Америкада Гувер плотинасы екен. Төменде ұзын тісті катоктар плотинаның табанын таптап жүр. Жаңа пілдер, самосвалдар бұрын сарайларды салған күштердің әкесіндей. Бүгін біз көрген сарайлар мен бүгін XX ғасыр ортасының техникасы тоғысқан Индия өмірінің бір алуан екі шеті — баяғы мен бүгіні. Қол күші мен электр, технология. Әр жерде екі жағадағы биік тау, көлбеген тікше жартас бойында, әр сатыда ақ басты адамдар каскалар киген. Бұл жұмысшылар арасында Кашмирден келіп жалданғандар да бар. Адам ақылды құмырсқа. Бар сайдағы адам мен машиналар жұмыстары — сағат механизмінің ритм темпімен (?), сау сергек ритммен, сан илеудің құмырсқасындай.

Биік беттен ұдайы тастар ұшады, адам аяқ астынан түскендер. Жартас беті (қарсыдағы) толған адам, заңғар биікке жабысып жармасқан күштер. Штопр, перфоратор, динамиттер әрекет етеді. Тасты қашап, жерді асап жатқан, кеміріп жатқан диюлар, алыптар. Ең үлкен экскаватор бес тон, бізде 14 тон асайды екен.

6 февраль

Біз жаңа қала Чандогархқа келдік. Бұл тұтасынан жаңа үлгімен салынып жатқан, салынған қала. Бұның салынуында француз архитекторы Карбюзенің авторлығы, консультациясы, үлгі, нақысы көп араласқан. Жол бойында

таулар кешегідей. Сонда да (бұл өлкеде) Гималай тауы, дала, өлкелер. Таңертең тұман, бақша жақында, жақсы тау.

Чандогарх қаласы — жаңа қала. Бұл провинцияның орталығы Пакистанға кеткен Лахор еді. Содан соң осындай мүлде жаңа жерде осы орталық қала салынып жатыр. Үйлері азырақ сырт көрініс бойынша толық конструктивизм үлгісінде, көп жерде кірпіштен салынғанмен, лықшп тұрған стандарт. Геометриялық фигуралар. Кейбірі чертеж сияқты. Тағы бірде ол стендіге ұқсайды. Көк, сары бояулы стендідей биік қабырғалар. Қалада самсаған (космополитизм) терезелер көп. Бұл шаққа дейін күнмен алысқанды көрсек, енді Индия күніне жалаңаш төсін ашқандай. Бірақ үй әдейі қырын салынған, таңертең болмаса күн түспейді деседі. Енді қаланы көреміз.

Жеке жақсы, жаңа гостиница номеріне түстім.

Главный инженер әңгімесі. Лахор кенті, жаңа жерден шаһар салмақ, үй жағдайды жақсыламақ. Осы жер, Гималай қасы әдейі алынды. Бұнда штаттың бар таулары тоғысады. Жағрафиялық орталық 150 — ең алыс шеті. Ауа райы да артық. 5-6 градус, Делиден салқынырақ. 500 мың халыққа арналған қала. Ең әуелі 150 мың халық болады. Әуелі планды американдар жасап, артынан тұтас Карбюзье басшылыққа көшті.

Болашақ тұрғындарға қолайлы. Сауда орталығы қала ортасында. Әкімшілік жоғарыда, университет бір шетте. Тұрғын жайлар осыдан соң мекендерін белгіледі. Адамы көп райондар — сауда, школ, больница маңы.

Афинская хартия — архитекторлар кеңес берген жоба бойынша транспорт бөліктері: 1) басқа қала қатынасы; 2) сауда, фирмаларды жалғастыратын жолдар; 3) сауда жоқ, көлденең қатынастың ауданы транспорты. Онда қатты жүруге болады. Жаяулар жолы да жоқ бұнда. Үйлер — тек жол системалары; 4) сауда көшелерімен жүретін қатынас, автомобиль; 5) әр үйге келетін; 6) жаяулар жолы — осындай коммуникация.

Әр секторда бос алаң бар. Спорт, парк, газон, школ, мәдени-ағарту орындары болады. Социальный жағынан ыңғайлы, кеңселерге тек өз дүниесіндей қарайтын болады.

Мынау жоғарғы сот үйі. 7 қабат, ұзын, Москвадағы Мясницкийде Карбюзье осындай үй салған. Жаяулар

қауіпсіз еркін жүру үшін кең, олар ғана жүретін көшелер бар.

Өндіріс районуна, университеттен бөлек аудандар.

Қала халқы қалай демалады. Оған парктер жасалмақ, су спортына көл салынады. Заң, қаулы бойынша қала айналасындағы бес миль жер әдейі сақталады.

Үй орнын сатып аларда — көпке ортақ үйлер салуға керек налог салынады.

Ақша бұл. Жер сатудан алынады және заем, онан соң мемлекет бюджеті.

Сұрақтар (Яковлев):

Бұрынғы үйлер ылғи салқынды ойлап еді. Осы үйлер неге күнге ұмтылды? Мәскеудегі үй жаз ыстық боп шығып еді. Индияда қалай етпек?

Жауап: Карбюзье айтылған-ды. Сондықтан бар үйде веранда бар. Отопление жоқ. Кондициялы құрылыс бар.

С.: Ұлттық традицияны тастау ма, жоқ, еске алу бар ма?

Ж.: Традиция аяққа байланған тас болсын демейміз, оны ескере де отырамыз. Бұрынғы архитектура ол заман материалымен байланысты. Қазіргі материал басқашаны тілейді.

Басқарақ чертылары тағы бар. Жаз күн аз, қыс күн көп кірсін дейміз үйге.

А.А. сұрақтары:

С.: Біз жас қалалар халқымыз. Конструкторлық біздің биографиямыз. Осында Карбюзье түгел түсілген емес пе?

Ж.: Ол түгел дұрыс емес. Бұнда Индия ерекшелігі ескеріліп қолданылған. Және жалғыз Карбюзье емес, Индияның өзінің де, басқаның да архитекторлық ойы араласқан. Карбюзье қатты есептескен. Бір мысал, Марсельде ол бір үй салғанда 200 семья тұрады. Сонда біз аласа, әр семьяға жеке, бөлекше өз бөлігін ескертіп салдырдық. Көп ойлар еске алынды. Қоғамдық жайлар ескерілді.

С.: Бізде үй салу оңай. Мемлекет салады. Бұнда әркім жеке меншікті адам. Оған Карбюзье ұнамаса, қайтеміз. Өзінше өзінікін салам десе, нетесіз?

Ж.: Жеке адам еркіне бөгет жасамаймыз. Біз қаланың силуэт жағын қатты ұстаймыз. Әр үй салушы проектісін беріп бекітіп алады. Бекітпей қоюға болады.

С.: Сіздің ел дінді ел. Дін орны храм да салу керек. Оған осы жоспарды халық ұғымына, нанымына қарсы ұсына аласыздар ма?

Ж.: Біз храм салғамыз жоқ. Пландамадық. Рас, халық өтініш жасап отырғаны бар. Храмдар осы үлгіге бейім салынды.

С.: Онда үлкен, өзгеше бар үйден басқаша да басым үйлер болады ғой?

Ж.: Дін үйлері де өзгеріп салынады да. Өйткені материал бетон, басқа. Французда солай салынып жатыр ғой.

С. (Яковлев): Осындай үйге Кришнаны, Вишнуды қалай сыйдырасыз? Бізде және бұл 25 жыл таласы.

Ж.: Бетон храм бұрынғыдай болмады.

С.: Бірақ мрамор тәрізді тамаша материалдар әлі де табиғатта қалып жатыр ғой. Бұл біздің 30 жылғы дауымыз және 30 бұзылған, теріс салынған қаламыздың дауы. Жібек барда неге жібек кимейміз?

Ж.: Жібек мата жөнінде, мата (мақта) қолдан істеледі. Жүн ыстық болады. Онда гигиенаға жақсы.

С. (А.А.): Әуелгі кезде бізде коммунизм – қайыршылар коммунизмі болды.

С. (Завадский): Материал, жаңалықты ұлт дәстүрімен үйлестіре ойлауға болады емес пе?

А.А. Біздің архитекторымыз эклектичн., бірақ шүкірлік, біз конструктормен құтылды.

Инженерлік колледж. Бұдан бұрын Жоғарғы сот үйін көрдік. Мынаның лабораториялары жақсы. Студент жатақханасы жақсы. Тамақ істейтін жер өте таза. Салфеткелер бар. Жатақхана жалғыз, жалғыз кісіге өте жайлы, кеңірек. МГУ-ден үлкен. Аудиториялар қызық, әр алуан. 120 оқушы үшін.

Жәй үйлерді көрдік. Орта шенеулік үй бөлме – екі этаж. Жай семьясы 2 бөлмелі пәтерде тұрады. 3 рупий айына төлейді. Санитарлық, ағарту, дін кеңсесі, больница (уақытша) осында. Тесіктер. Кірпіш тесіктер. Решетка тәрізді. Тіпті көп қолданылған. Ол пәтер үйлерде аса көп, әр түрлі. Мынау кеңседе басқаша үлгіде әр қилы тесіктер бар. Кірер сыртқы есік үстінде тек қана көлденең салынған мол өрнексіз, әшекейсіз тегіс, не жамылшы ғана. Кей қақпаның үстіне де солай салына салған көлденең жабыныш бар. Ол

өзі тас сияқты қатты заттан істелген. Кірпіштің кейбірі сыртқа шодырайып шығарылып салынған. Разбивая солнца деген мақсұтпен солай істелген көлеңке, күн аралас болады. Архитекторлық идея сол.

Сот үйі ғаламат. Ол үй де, элеватор да, аңғар да, үлкен склад та, баржы да сияқты. Күн жағында деп аталатын “күнқағары” бар. Сол күнқағар кейде іштен көп істеледі. Жеке сот залдарын көрдік. Жауапкер тұратын орын — запятой сияқты. Куә да осы орнынан сөйлейді екен. Орындық скамьялар қара. Аяқ асты мол жұмсақ кілем. Тағы тұтас кілем. Соттың желке жағында ілінген панно қызық.

Кейбір сурет тәрізді футуристік мотивтер және бір залда адамның екі табаны қара кестемен шегіліп қойылған. Оң жақ аласа кітап шкафтарын толтырған түптелген заң кітаптары. Бүкіл бір қабырғаны алған.

Колледжде стипендия бар. Ең жақсы зейінділер алады. Ал басқа бір топ ссуда алып (өкіметтен) оқиды. Кейін оқу бітіргеннен кейін, он жылдан соң қайта төлей бастайды.

Студенттер арасында сикхилер бар екен. Олар төбесіне шашын (қыздарша) бұрынғы қытай еркектерінше жиып, түйіп қойыпты.

Қаладан шығып, бір тауға қарай 180 шақырым жүріп, паркке келдік. Тағы махараджаның паркі. Бұнда алты саты боп парк суы құлдап ағады да, саты-саты боп кетеді. Аса сәнді. Бұнда кипарис, әдемі күзелген ұя өседі. Көгал орыл-ған емес, күзелген. Осында личи деген, орысша аты бізге мәлім емес, мол бұтақты үлкен жеміс ағашы бар. Осында магнолия ағашы да өседі. Біз шайды тас канал жағасында, әдемі павильон алдында іштік. Кешкі тамақ (дiner) осында ішкізуге бізді бөгеп қалысты. Батыс жақта әдемі ирек таудан асып күн батып барады. Қарсы жақта үлкен қара таудан асып ай туды. Толған ай. Аппақ салқын сәулемен туды. Тау басы қалың ағаш. Батыс жақ әдемі тау, осы бойы, әсіресе жотасы тоғай.

Бұл парк Пенжу жанындағы қыстақ атымен аталған. Батыс жақ кеші қоюланған сайын ғажайып боп барады. Онда тоғайлы, сирек жоталы қара адырдың төсінде көкшіл жасыл оттар жанды, қоңыр-қара қошқыл дүние (хун) арасында будақтап машиналы өндіріс трубасының түтіні тарап жатыр. Түтін, тұман, мұнар арасында күн әдемі баяу кешкіріп барады. Беріде, біз отырған биік бау ылди

түбінен төмен ылдилап фонтандар сан жерде ұрып тұр. Биік бойлы қызыл тармақ гүлді ағаштар, жемісті бақ ағаштары, папайялар толқып тұр. Ай шығыс жақ қара биіктен көп жоғарыласа да, енді кеш бата бастағалы ақ сәулесін пальма ағаштары ереуілдеп, бар көк өсімдіктен ұзап аспандап тұр. Бас жақтары аса тармақталған.

8 февраль.

Біз 7 февральды Чандогарх пен Бенарес арасындағы жолға бердік. Суткеге жуық поезбен жүріп келіп, Могол-сарай деген станцияға тоқтап тұрмыз. Қазір машинаға мініп, 30 минуттай жүріп, Бенареске бармақпыз. Бүгінгі күнді сонда өткіземіз.

Кешегі күн әңгімесінен бірер жәйді еске алайын. С.П. айтуынша, Ганди өсиеттерін сөз еттік. Ол аш халыққа тәңірісі бұл күнде тек тамақ түрінде ғана келе алады деген. Халық үшін алысқан, бірақ халық қозғалысы қол қимылына, анық белдескен күреске жете бастағанда, ол бас тартып отырған. Қолмен, қара күшпен алыспайым, онда мен араңда жоқпын деп шығып отырған. Сан рет абақтыға отырады. Бірақ әр кезде аштық жариялайды. Өледі екен деп қорқып босатады.

Кейде өздігінен жантайып жатып аштыққа беріледі екен. Онысы ораза тұтқаны дейді. Ол ауыл шаруа халқын қатты ойлаған. Машиналы техникаға қарсы болған. Ол — дьяволдың, әзірейілдің құралы, сонымен құралданып алып, сені тағы езе түседі деп, ағылшын техникасына жау болады. Сонымен қатар, Руссо, Толстой сияқты, жалпы техникалы өнерге теріс қараған.

Тарихта үнділерді, Индияны алғаш алушылар Махмуғар Науиден басталады. Түрік тұқымы, кейін иран патшалары да шабуыл жасаған. Футбирден ... Бабыр келген де, ауған хандарынан тартып алған Индияны.

Халық туралы: көргеннен келген ойлар. Бұл сондай момын ретке бойсұнған халық. Қай станцияда, қай қыстақ, қалада, қай жайда болсын аса көп адам тобы жиі-жиі ұшырайды. Бірақ бірде-бір жерде төбелес, ұрыс, алды-жұлды, қатты даурық, қақтығыс көрмейсің. Мас мүлде жоқ. Жаман сөйлеушілер де болмау керек. Бірде-бір адамның біреуге түсін шайғаны, боқтағаны, доқ қылғаны білінбейді. Көбінше түйілген жүдеу үнсіз қабақ. Жаудыраған, жалп-жүлп қағылған ұяң кірпіктер.

Адам тобымен салыстырсаң: бір халық жылқы тәрізді тістесіп, тебісіп, жарысып, шыңғырып тірлік етсе, бұлар — ең момын қой тобы, қой стадосы сияқты.

Чандогархта спортшылар ортасына, жастардың қайнаған, жарысқан, жігерлі тобының өзіне келгенімізде, бір адамның даурығып “қағыл” деуі жетеді. Мыңдаған жұрт қағылып қатарланып, айнала қоралап, балаларды алдына, ортасына шығарып тұра қалады. Бір кісі “олай тұр, былай тұр” деспейді әсте. Бұ да көп халықтың көптігінен туған тәртіптілік өзі үшін. Көбінің қатар тірлік жасауына мүмкіндік беру үшін осылай өздері ретті, тәртіпті болмаса, оңбас еді. Сол бір өлшеу, мерзімменен боп жас балаға, үлкенге түгел тұсау — өлшеу, мөлшер боп қалыптанып қалған. Егер осындай халық арасында социализм орнаса, үлкен бір еңбекшіл, момын татулық, мыңдар, миллиондар реттілігі тәрізді, халыққа аса бір қажет қасиеттер оп-оңай қалыптаса қалардай. Кей халықтарға көп тәрбиемен, ... заңмен, тіпті жазамен тіркелетін тәртіп мұнда сондай өздігінен орнағаны ұнап тұр. Ұрының, ұрлықтың жоғы қандай... Кісінікін кісі алу, қағып кету, іліп кету де жоққа тән.

Өмірінде, тарихында және де Индия ешбір көрші, қоңсы халыққа шабуыл жасап көрмепті ғой. Қайта бұның дінін, момындығын пайдаланып, мойнына міне бергендер сансыз болған. Ирандар, түріктер, монғолдар, ағылшындар соның өзі ғой.

Қазірде де бұлар жан иесін өлтірмейді. Айдаһарыңды да, тіпті маймылды өлтірмейді. Пілді, сиырды өлтірмейді. Сиыр туралы Ганди тамаша сөздер айтады деседі. “Адамға сонша жақсы сүт беріп, сонша мейірлі анадай асырайды, шын әулиелік қасиет бар емес пе сиырда” дейді екен.

30 минут машинамен жүріп, Бенареске келдік. Могол-сарайдан машинаға мініп шыға берген жерде бір адамды көрдік. Шашы қап-қара боп дудырап, ұзарып көзіне түскен. Өзі қазан түбіндей қап-қара, қатқан-семген аяғы, борбайы жалаңаш, құйрығына дейін екі аяқ жабылған, семген, былғарыдай қап-қара, сидиған, арық иықта кір, жыртқы джоты. Қолында иығына қарай шошайтқан қысқа таяқша. Қабақ түйілген, түсі жүдеу, сәл білінген сақал-мұрты бар, пайғамбар дедік. Индийше, аскетше, бірінші баяғы

заман сопысынан, тақуасынан, тарих дүниесінен шыққан өсиетші пайғамбардың өзі. Бенареске келетін жолда тағы да көп лавкелер, ұсақ сауда дүкендерін тар көше бойлап аралап келдік. Бұл қаланың көбінің кәсібі өндіріс болмаған соң, жер жетпеген соң, ұсақ сауда болу керек. Сатпайтын нәрсесі жоқ. Бірақ сол сататын орнының бәрі өзгеше реңсіз, кір, көне, көріксіз. Көшелерде сиыр, ешкі, ит, қой да көп көрінеді. Түйелер, бұғылар, машина, есек, қодық, ал рикшалар ерсілі-қарсылы ағып жатады.

Один из священных городов Индии Б. 3 тыс. лет. Политическим центром не был. Но духовный центр индуизма.

С именами Будды и Шивы здесь связаны священные места.

Поворот колеса заката — наз. первая проповедь Будды.

В течение 4-х последующих веков было еще несколько сокрушительных разрушений. Акбар построил Храм Шивы, но Аурангзеб разрушил в XVII в. Золотой храм (купол) построен (23 м золота ушло).

Центр религии.

В 1918 г. основан Бенаресский университет. Малавия — основатель — назвал Храмом учености.

Круглый год паломничество (300 тысяч приходит их в год). Из всех районов Индии. Воды Ганга священные, каждый стремится окунуться.

Храм Шивы, Будды — где Золотой храм (Храм владыки мира — название).

Храм Будды тоже XVII в. Много сект здесь — людей сект, но не святых.

Варунаси — Бенарес называется так (это названия двух рек).

Город считался не стоящим на земле, а в сфере владений Шивы.

Бенарес — лишенный сока... (англичане).

Бенарес — полный сока, мы так называем теперь.

Біз “Кларк” отельге келгеміз. Парадный алды кілем еді. Бұл өлке — Шиваның өлкесі. Сондықтан әулие. Бұнда өлген адам тура ұжмаққа не тозаққа барады. Ол перевоплощениеге түспейді. Ал перевоплощение — кек жаза, бұл жерде өлгенді өртейді.

Мойындарына, білектеріне тұмар тағып алғандар бар. Ол капсью ішінде қағазға жазылған дұғалық бар.

Ақбар көп ескерткіш салғанда ... аса көп храмды ойрандаған. Тіпті Ақбар салдырған храмдарды да әскерімен жылдар бойы ойрандатқаны бар.

Өзенде қайықпен жүзіп келеміз. Жағасы жай ғана, бұнда кір жуып жатқандар да көп. Тас сатыда жатқызып салған фигура бар. Жағада бай үйлер көп.

1. Әулиелік шомылудың жері — место священного омовения. Бұндайлар Бенаресте 60.

2. Жағада жақсы үйлер көп, ол байлардың осында тұрып, осында өлу үшін салғандары. Үйлер жағадан тас қабақтарымен биіктей береді. Саты-саты әдемі үйлер.

3. Ақбар мешіті. Бұрын үнді храмы болған, Ақбар салған. Ол мешітке айналдырған. Қайықтар да қызық, әр үлгілі.

4. Тамаша ақ үй, жасыл, көк бояу балкондары, саты-саты құрылыс тамаша.

5. Қалқан, палаткалар кетті. Бұнда жрецтер тұрады. Сандал майын әзірлейді. Жрецтер бандиат аталады.

6. Жайын храмы, сыртын әр тұста алтындаған үшкір шипсілдері бар. Единство во множестве — құдай бір бола тұрып көп сипатта көрінеді деген белгісі. Бенарес храмдар шаһары деп аталады және толған храмдар... қызыл алтын.

7. Косир жанып тұр. Өлген адам жатыр. Соны қазір Ганг суына шомылдырады да, өртейді.

8. Өңшең тамаша биіктеп бойлап салынған тас үйлер мына жағаны ғажап қала жағасына айналдырады. Рас... ойран болған. Купальнялар, қоймалар да аз емес. Кремацияның арнаулы орны болады осы жағада.

9. Ылғи тас басқыштар, кең, тар. Биік болып жоғары кетіп жатады. Кейде ол тар көшеге айналып кетеді (басқыш көше).

10. Ең священная купальняға тақап келдік.

11. Бұл жерде қалқан шатыр көп. Намаз оқып отырған ақ қас, ақ мұрын, қап-қара қошқар тұмсық жалаңаш шалды көрдік. Екі қолын алдына көтеріп тосып ұстап отыр... Әдетте өлген адамның үлкен ұлы, не кенжесі от жағады. Суды сол алып шомылдырады.

12. Гангтың жағасы жарты ай тәрізденіп ойысады. Шиба діні жарты айды жақсы бағалайды екен.

13. Купальнялар өзін салушылардың атын алмаса, Шибаның көп атының бірімен аталады.

14. Кремацион. Купальнаяның тағы бірі.

15. Жағада жайылған кір де мол-ақ.

16. Осында “Рамаянаның” шығарушысы тұрған, соның үйін көрсетеді. Ең ескі, үлкен жақсы үй. Мемориал тақтасы да бар. Жаңа...

17. Ғаламат қарт отыр. Сақалы, шашы бәрі мол, жартылай жалаңаш. Сары жабындысы бар.

562 махараджа болған еді бар Индияда. Қазір тоқсан бірі ғана Индияда бар. Бенарес махараджашыл әулие қала болғандықтан, праволары басқарақ болған. Ол қалада жүргенде халық Шибаны көргендей дауыстап құрмет көрсетеді екен. 8 мың студент бар — ер-әйелі. Үш секторы бар. Әйелдер колледжін көрдік. Общежитие, госпиталь, әдемі 84 койка. Гостиницасы вице-президент үйі. Спорт площадкалары үлкен, жақсы, көгалды... Үйлері — кең, үлкен бақ ішіне кең-кең жайғасқан мол-мол, үлкен сұлу үйлер. Бір мың 400 акр жері.

Построен в форме полумесяца. Три круга:

I. 14 различных учреж. гуманит., технич. науч., механич. с/х, медицинск... востоковед. Учит. ин-т — Издат.

II. Спортплощадки... — рядом общежития.

III. Дома профессоров... Управление. Деканаты. Ректорат. Библиотека. С/х колледж.

В самом центре Ятал ун-т. Имеет большую с/х ферму: молочное хозяйство — водоснабжение.

Женский колледж — ..., политология, социология и т.д. 350 девушек. Очень многие студенты живут на территории ун-та. Вокруг есть частные дома, под наблюдением ун-та для ... студентов. 1500 оканчивают ежегодно.

Для устройства ничего не предпринимается, но все устраиваются. Гуманитарии — преподаватели. Технический колледж считается лучшим. 10% из желающих, лучшие — отбор по принципу лучших... отметок. Ун-т всеиндийский, центральный, под наблюдением центрального прав-ва. Президент является канцлером ун-та. 350 тыс. ежегодное ассигнование. Поэтому здания построены на средства

махараджи. Изучающие санскрит пользуются общежитием. Остальные платят за учение. 600 тыс. — 350 получают от госуд., остальн... плат. и пожертвования.

Стипендии: 5% студентов пользуются обществ. государств. содержанием.

В каждом общежитии свой клуб. Есть и студен. парламент. Избирается общим собранием. Избирают президента. Парламент — приучают студентов говорить. Культ-просв. работа. (Стипендии — 625 студентов).

Инженер... Балғамен темір қашап жатысады. Мастерскойлеріндеміз. Электр орнатқан. Әртүрлі двигателі, дрельдері бар. Ең үлгілі котел... Көмірмен, сұйық отынмен де жүреді.

Токарь, слесарь... Кузнечная. Модельная столярная. Машиналар Индияның өзінікі. Металл.

Студенттердің бассейні бар. Қазір храм салынып жатыр. Әлі бірнеше жыл салынады. Әзір студенттер қала храмына барып намаз оқиды... 250 фут. Бір актовой залы болады. 10 мың студент сыятын болады. Іші мрамор болады (үлгісі берілген).

Кітапхана 200 мың кітап, 50 бөлік... ағылшын тілінде, дөңгелек биік зал... Залы да бар, тибет жазулары бар. Копиялар...

Оқушылар жылына 3 рупий төлейді. Жоғарғы круг — право бөлімі. Әсем жайлар — лактан істелген пурпур.

Бір сурет 50 мың рупий. Өңшең махараджа — ақша пожертвов. бергендер. Гималай тауының басындағы храмдар (макетте). Нерудің кітап сыйлары да көп.

Университет бір қала. Кітапхана, храм ортасында жиыны қазір 35-50 үйдей. Жеке-жеке — екі этаж, үш этаждан салынған әр үй стандарт емес, орны архитектурасымен сондай оригинал, сұлу салынған. Жас мектеп, бірақ талай ескіден асып кеткен.

Фрескалар.

Бір будданың храмындамыз. Махамана деген патша әйелдің түсіне будда ақ піл болып кіреді. Жрец: ұл табасың, ол әулие болады дейді. Сидарта деген бала содан туған. Шал баланы будда болады дейді.

Әкесі егін егіп жүрген шал бейнесінде суреттелген.

Будда ойда отыр, дүнианы тану үшін. 29 жасында

ол адамның сорын көреді. Ауру, шал, өлім. Жай кісі боп ағаштың түбінде созерцаниеде отырады. Қыз ағаштың иесіне дұға оқуға келген. Будданы ағаштың рухы екен деп білген (сурет). Будда ортада, жан-жағын қамаған жаулары. Олар жауыздың рухтары. Қара ниет өзгелерді жіберіп, өзі оқшау отыр. Будда бас шәкірті апостолымен. Будда үгітін бір кардильге оқып отыр. Будданың глина бұты бар, алтындалған. Оның алдында жүздей шамдал жанып тұр (храм төрінде). Будда “егерде кім ауруға жәрдем етсе, сол маған жәрдем етеді” деген.

Будда суға таласқан кінәлілерді жөнге салады. Будда 80 жасында өлген.

Мың кісіні өлтіріп, алақандарынан алқа жасамақ болған, шешесін де өлтірмек болады. Соны Будда жолға салып, дос қып алады. Индира — бар индус божестволарының құдайы (Индира). Пенджапта раскопкада табылған Будда — 2500 жыл.

Бұл — әулие ағаш. Будданың бірінші проповедін айтқан жер — ағаштың түбі. Мынау үшін есе ақлия деп аталады. Бұны Ашоканың қызы 2 мың жыл бұрын кішкене бұтақ түрін атап орнатқан, қазір зәулім ағаш.

Ступа — біздің эрадан 250 жыл бұрын іргесі қаланған. VII ғасырда салынып болған.

Бұл биік зор, тіпті қуыс емес әулие үйін Ашока салдырған. Тибет білімгерлері қызыл киіп айналып, намаз оқып жүрді. Әйелдері де бар.

Будданың созерцанияда отыратын жері, тар, бұрын намаз оқитын храм болған.

Кірпіштен істелген святилище, Гупта заманында жасалған. 7-і біздің мезгілде. Нас қоршау...

Будда суреттері Гупта заманынан — бәрінің мұрны, көзі, немесе басы шабылған (мұсылмандар). Ең тамаша бейнесі және мұрны бұзылған. Созерцание. Жерге қол тигізіп, содан күш алып отырған Будда бар.

Төрт кезек туғаны, оқуын бастағаны, өлгені... Қызық. Шива II в. н.э.

Сағат алтыда кешке об-вода болдық. Бұл еркек, әйел тең араласқан қоғам. Дін қоғамы болғанмен, ағарту, мәдениет, оқу істерін қатты ескеретін қоғам. Менің есіме бехаистер түсті. Олар да ағарту ісін өзгеше жоғары бағалайтын. Жаңа

діндердің жаңа заманға өзгеше үйлесуі, қабысуы. Бұны олардың кейбір тобы шығыста фанатизмге жеткізе көтеруі керек. Бар нәрсені дін күйінде қабылдайтын болғандықтан, мына жәйді қолға алғанда да, дінді беріктікпен алады. Индия қоғамы әйелдердің теңдігі, азаттығы деген жайды әсіресе ескеретін тәрізді.

Жиынның қақ жарымы әйелдер. Бірақ жарты жақ әйелдер жағы, жарты жақ еркектер. Бар жиын жерде отыр, төрде кішкене сахна бар. Соның екі жағынан әнші, күйші, бишілер шығады. Баладан үлкенге шейін, бар жастың дамы бар, 7-8 жасар мектеп балаларымен қатар ақ шашты шалдар, қарт аналар араласып, олар да жердегі қалың кілем үстінде отыр.

Қыздардың биі Кришнаға арналған биі. Екі қыз алақанын, табанын қызартып бояп алған. Көздері сүрменің ішінде қалқып жүргендей. Кейін 8 кісі биледі. Би де, ән де сондай ұзақ. Бірқалыпты болудың үстіне, көбінше монотонно, тура ұйқыны келтіреді. Бізді орындықтарға ортаға отырғызды. Шай әкеліп берді, әдемі киінген әйел қызмет етті. Тек осы қоғамның мінезі болмаса да, басқа бұндай кезде тек еркектер ғана қызмет етеді. А.А. сөйледі. Оның алдында біз келгенде қоғамның секретары семізше келген ақ, үстіне кең қара камзол киген. Ол өзінше Одақты құрметтейтін қоғам өкілі боп, біздің келісімізді аса қымбат бағалап, алғыс айтып сөйледі. А.А. өз сөзінде сіздердің әулие шаһарыңызда, қадірлі қауымыңызға келу құрмет деді. Бүкіл Индияның ақыл ойы, мінезі үлгі алған, өркендеген шаһардамыз деп сөйледі.

Осыдан кейін жазушылар тобына бардық. 140 шамалы жазушы, сыншы, әдебиетшілер, философтар жиылыпты. Мәжілісті философия докторы ашты. Бурыл шашты, мұртты, ұзын бойлы, семіздеу, күрең бешпет киген адам. Иығында тек арта салған қалыңдау жабынышы бар. Дхулы емес. Жұрт жерде кілемде отыр. Төрге сыпа сияқты жалпақ кең биік орын жасапты. Онда да кілем. Алда аласалау үстел. Біз А.А. екеумізбен, бір профессор үшеуміз сонда отырдық. Профессор сөйледі. Ол һинді тілінде сөйлеп, ағылшынға аударылып, одан біздің тілге аударылды. А.А. сөйледі. Оның сөзі тұсында екі рет қол ұрылды, кейін мен сөйледім. Бұл жолы жақсы сөйлесем керек. Үш рет қол соғысты. Кітаптар берді. Алақандай қара көздер, аппақ ақсия күлген

тістер, қап-қара шаштар арасында (жастар ортасында) бурыл, ақ шашты, қасқа басты қартаң адамдар кездеседі. Көзілдірікті интеллигент, түрлі кісілер көп болды. Бұл кездесуде газеттердің тілшілері де болды. Түнде Бенарестен қайтып, Моголсарайға машинамен кеп жеттік. Аздан соң поезд жүрді. Біз сол түн бойында, таңғы сағат 10-ға дейін Калькуттаға қарай жүрдік. Таңертең Калькуттаға келдік. 9 февраль. Жолдың жарымы өтті. Әзір бірде-бір көріністер қайталанған жоқ.

9 февраль.

Калькутта. Дәл қалаға жетер алдында, таңертеңгі шақта біз Бенгалдың табиғаты қатты өзгергенін байқай бастадық. Бұнда ең әуелі егін даласы басым. Бенгалда әрбір километрге 500 адам келеді. Бенгалдан соң халқы жиі жер, өлке осы болса керек. Соның орайына жер жүзі еңбек талабына мейлінше берілген. Оқта-текте (бұрынғыдан жиірек) қыстақтар кездеседі. Шатырлар бар, ол салам тәрізді жабынышпен шатырланған, сүп-сүр. Жауын мосыны көп болатындықтан шатыр бар да, ол және тігірек, сопайып салынады. Үйлер — саман. Кей шатырлар ғана қызыл қыш черепица. Үйлер көбі енді ыстық күннен қашып, ағаш-ағаштың көлеңкесіне тығылған. Соның орайына бұнда ағаш қызық боп, өзгеше боп өзгере бастады. Қазір пальма ағашы көбейді. Кейде оның орысшасы кезіге қалады. Пальманың тегі көп: саговые, кокосовые, диликовые, оливковые пальмалар болады. Бұл орақ жасайтын мықты ағаш.

Рас, Бенаресте мен алғаш рет бамбукты көргем. О да биік боп, бас жағы майыса, жайыла, шашырай өседі. Тек үлкен топ, шоғырымен өседі екен. Индияда, әсіресе түстік жақтарында бамбук ең қымбат, ең берік ағаш. Салынып жатқан үйлерге басқыш, сыртқы құрылыс — лесса, жетек, үй тіреуге — бәрі бамбуктан. Калькутта маңында пальма жиілегеннен басқа манго ағашы да молайды. Небаресте бір ескі храмдарға (Будда храмына) бара жатқанда, екі жақта үнемі кең манго ағашының аллеяі болғанын көргемін.

Бұнда манго да қалың. Әсіресе ендігі бір ерекшелігі, банан бақшасы да көріне бастады. Тұтас банан бағы, ол да өзгеше көрінеді екен. Жалбырап, құрақтай толқып, биік мол бойларында банан жемістері үлкен-үлкен гроздь тобымен шоғыр өсіп, тармақтанып, банан жапырағының саласының жалпақ ұзын саясына тығыла жабысып өседі.

Қалаға кіре бере үлкен өндіріс, үлкен сауда мекенін сездік. Бұнда атақты Калькутта үлкен көпірі бар. Қалада (бірінші рет) жаяу рикшаны көрдік. Әдемі қара жылтыр коляскасына екі дертені көтеріп жегіліп алған рикшалар. Жалаң аяқ, қап-қара борбайлары дедектеп, ұшып жортып жүр. Шалқиып отырған сақалды, семіз қарынды, салмақты, паң жүзді адамдар. Қалада үй атаулы 4-5 қабат. Көше бірақ тар. Халық жыбыр-жыбыр сыймайды. Бірде-бір адамы аз, алаңы, қағаберісі бар көше жоқ. Сол көшеде қайнаған адам жүрісі арасында тағы да буйвол, есек, сиыр, рикша, қайыршы әйел, бала, шал, қап-қара борбай. Жарым жалаңаш. Шаштары кірленген, дудыраған, кейбір кемпір тәрізді қатып қалған, дудар шаш қайыршы қатын қолына емшек баласын (болашақ қайыршысын) ұстап, машина жүріп кеткенше, немесе көшеде тыным бермейді, жүргізбейді. Тілемсектер көптігі кісіні шошытарлық. Бұл қалада үйсіздер тіпті көп. Көшеде жыртық киасына шала оранып, бұралып жатқан адамдар көп, жиі кездеседі.

Мен бұл қалада екі-үш күндей емделіп көріп, жерді аралай алмадым. 10-шы күні күндіз магазинге шығып, оны-мұны барып алдық. Мұхаммадалы магазиннен керегімді алдым. Бар нәрсе көп, алушы жоқ. Сол күн кешке Индия драмасын көрдік. Бұл театр біздер білген театр қалпынан басқаша. Индияда мемлекет театры жоқ. Мынау театр иесі бір адам — бай. Сол ұстайды. Осындай төрт театр бар Калькуттада. Артистері оқымаған адамдар (артистке оқымаған), тегіс любительден шыққан. Бізге немере ағаны — дядяны ойнаған артист шебер. Пьеса мылқау қыз Шемали туралы. Пьеса аты да сол. Бірақ Шемали жынды, нақұрыс боп көрсетілген, сонысы жаман. Драманы бұзған. Оның орнына мылқау да, бірақ өте гуманный, сезімтал, нәзік, адал адам етіп көрсетіп, соған жігітті ғашық етіп алыстырса, тамаша қызық болар еді де, бірақ мүлде тыңнан, осы тақырыпқа тереңдеп жазылған трагедия шығар еді. Пьесаның жазушысы әйел. “Шемали” пьесасы 3 акт, көп сурет. Сахна вертушка, сахналық қалыптануы клуб дәрежесінде. Екі жыл жүріп келеді дейді. Залдағы жұрт та қызық. Онда емшектегі баласын ала келген әйелдер бар. Кейде солар шырылдап жылап та қояды (дәл біздің баяғы алғашқы театрлар мінезі).

Бүгін 11 күні кешке сағат 7-де Калькутта жазушылармен

кездесеміз. Күндіз сағат бірде аз уақытқа көшеге шығып ем. Тағы бір рикшаның жүзін көрдім. Қас, мұрты бурыл. Кеуде де, білек, аяқ, борбай ашық, қап-қара қайыс болған адам. Ақ қабағын шытынып түйіп алған қалпында, үстіне мінген жалдаушыны тез жеткізбек боп коляскасын жүгіре сүйреп көшеден өтті. Кесіп өтті көшені (*жалғасы тетрадьта*).

(*Жасыл книжканың жалғасы*)

Насостар жер асты суын тартып жатыр. Тау аты Шивалик. Бір шай ішіп, асығып келіп, 4-5 взрывты көрдік. Шаң, тас. Біз тұрған биік тас жағасы солқылдады. Осы арада Бенднуме Шалка әрекет етіп жатыр — ол биік темір құрылыс. Арғы жағаға көпір арқылы бетон бермекші. Жұмысшылар үсті, киімдері нашар. Ақ каска ғана сәл тәуір. Иықтарына қалың жаншы салып алғандар да бар.

Тау басында мекен бар екен. Соған келдік. Плотинадан төрт миль жерде зор транспортерлер тұр.

Көптен бері тау тамаша боп кетті. Беттерін, бастарын түгел қалың жыныс ағаш, тоғай басқан. Алаң жоқ. Көл болатын өлкені ең биіктен көріп тұрмыз. Осы биік бір сатыдан алыстағы Гималайдың қарлы биіктері тұтас көрінді. Онда Симла деген қала бар екен. Тау тұтас Алатаудай, бір өзге ирек жоқ.

Төбеден, плотинаның ең жоғарғы тұсынан қарағанымда, бір сәтте төменгі саты-саты жолдардың ізінің бойында ұзыннан тізіліп, созылып бос машиналар, самосвалдар тұрып қапты. Взрывты тосып, сақтық етіп тоқтап қалған болу керек. Анық еңбекші құмырсқалар.

Бар инженерлер өздерінен. Ағылшын жоқ. Тек бір неміс, екі американ консультанты бар екен.

Симла ағылшындар тынығатын, хвойный ағашы, бау-бақшасы мол, биік, салқын таза ауалы санаторий мекені екен.

Біз Индияның терістігі Гималайды көрдік. Енді теңіздегі түстігін көрсек, жерінің екі шетін бірдей көрген болар ек.

11 февраль.

Өзгеріссіз, тек өтті. Мен номерде болдым. Жолдастар Тагордың тұрған жеріне, сондағы ун-ке барамыз деп кетіп еді. Күнұзын жүріп (алыс екен), бос жүріп шаршап қайтты. Мен сырқат болғандықтан барған жоқ ем.

Тагордың баласы әкесі тұрған үйде тұрады екен. Ол ун-тің бұрын вице-канцлері болыпты. Қазірде музей иесі. Сол баласынікі болса керек. Кең бір бөлмеден басқа ешнәрсені көрсетпепті. Әдейі арнап кешігіп қайтса да, көре түспек болған топ та өкініп қайтты. Қалада жазушылармен кездесу болған жоқ, кеткен топ қайтып жете алмағандықтан, жиылған жұрт тарап кетті.

12 февраль.

Біз Мадрасқа жүргелі сағат 5-те тұрдық. Әдетте іркілістер жасап, мезгілімен жүрмей, әр жерде үйіріліп тұрып бөгей беру мінез болып алған. Кейбір адамдарымыздың шабан қозғалып, мезгілімен жиналмай, әзірленбей қоятын мінезінен әр шақта осылай. Сонда қамалып тұра береміз, вокзал, аэропорттар да солай болуы ыңғайсыз-ақ.

Қазірде біз аэродромға кеп, тағы жарты сағат тосып отырмыз. Әуелі гостиницаның вестибюлінде бірталай тосып ек.

Гостиницадан аэродромға дейін Калькуттаны аралап келдік. 4-5 этажды үй үлгідегі салынған сұлу, тас үйлер европа қаласын танытады. Тек оңтүстік болғандықтан әр үйде балкон, веранда көп.

Калькуттада шетел адамдары да тұрады екен. Әсіресе қытай сауда халқы, кірме емес. 6 миллион халқы бар қалада шамасы 200 мыңдай қытай болса керек.

Жолда, рикшалардың арбалары көшеде әр жерде тіркеліп, иесіз тұр. Өзге қалалардағы велосипедтердей, тек көп рикшаның осы арбасы да кісінікі боп, өзі біреудің жалдама биржа басы боп жүретіндер де бар тәрізді. Анау қалалардағы велосипедтер шынында колясканы кісі мүлкі ретінде ұстайды, жалдап пайдаланады, жарнамасы екен. Қаланың шетіне тақай бере үйлер нашарлады. Аласа, бір қабат үйлер және қоқсық-жыртық лашыққа ұқсас жаман баспана, шоқпыт лашықтар көбейе береді.

Жолда, шетірек жаққа шыға бере ағаш көбейе бастады. Кейде 4-5 ағаш, кейде жалғыз ағаш кездеседі. Бірақ солардың тобы да, жекелері де ғаламат, зор сая жасайды. Сонша кең айналып жайылып түскен. Көкшіл аспан фонында дөңгеленген әдемі теңіз сол бір кестедей. О да ғажайып өрнекті, мың нақышты тас оюлы (ескі храм, сарай) орнаменттеріндей. Біз “Дугласпен” ұштық. Жолда екі жерге

тоқтадық. Калькутта, Мадрас жолы көбінше теңіз үстімен, Бенгаль аралын шеттей басып өтеді.

Кейде жағалар көрініп отырады да, көбінше көзден үзіліп жоғалып кетеді. Ол шақта ертегіде самұрық құс қанатында кетіп бара жатқан ер “жер тоқымдай”, “жер теңгедей” деуші еді. Сол есіме түсіп, мен осы сапарымның өзін самұрық құс ұшқан сапарға барған кісідей көрем. Рас, менің самұрығым көп рет аэроплан, соның ішінде әсіресе Американың “Дугласы” емес. Ол теңеп, меңзеп айтқан сөз. Ойымдағым: менің самұрығым қазіргі Отанымдағы жақсы шағым, алтын заманым мені, мейірман елімді қанатына алып ұшқан самұрық бар. Ол Октябрде, социализмде еді.

Және бір кезек былтырдан бері әсіресе есіме алатыным, атынан айналса боларлық Пантелеймон. Ол кісінің құдіреті мол, қолынан тілеген ісі мейлінше келетін, оңай шешілетін, бірнеше кездерді көріп, Төлеген орынбасар боп сайланарда айтып ем. Үлкен кісінің үлгісін үйреніңіздер. Солай істеу стилін ұғынып алсаңыздаршы. Ал және бұрынғыдай кібіртіктемей, күзгі көппек мінезбен айналшық жегендей мыжымай, басқа адам, анық үлкен мемлекет адамы боп ойлай, бойлай білсеңдерші, ұқсандаршы, осы ұстаз ғой. Өйткені бұл кісі көрген үлгі мен тәрбие анық біздің үлкен достардай мектебіміз ғой деген едім. Сонда және масштабты екенін тапсаңдар, бұл кісі көңілді мақсұтқа жеткізе алады. Онымен істесу самұрық қанатына мініп ұшу емес пе деп ем. Мына сәтте ассоциация жүрумен сол жәй еске келеді.

Қаласының атын анықтап ұғына алмадым. Ол қала да емес, қыстақ болар. Теңіз жағасында тұра алатын, сорғытатын шақпақ тақталары бар бір орын. Осыған самолет қонар да кетер деп, бұлттан, биіктен асып шығып, сүңгіп шығып кеп жеттік. Дәл қонар-жетер алды қызық болды. Теңізден жағаға қарай беттей бере, қалың биік қоңыр тау көрінді. Сол тау бар Индия тауындай ұзақ қыртыс емес, үзік-үзік, әрі шымды таулар екен. Бәрінде де өсімдік қалың. Кейбірінің төбесіне дейін жол шыққан. Үйлер, храмдар да бар. Таулар бір араға түйіскен: қырқа, шоқы, сирек, доғал, заңғар, тектүр, шақпақ жерлерге жал боп келген. Самолет жылдамдығымен шолғанда осының бәрі бір араға тоғысқанда, жер үсті тамаша (сирек, қызық, осылай самолет пейзажды қалай динамикалы етеді),

биіктеген тасты, жүндес таулар, ыстық таулар... Әсіресе тамашасы, таулары тез үзіліп отырады да, онда пальма, манго, банан атаулының әлдене сорттары көрінеді. Және көгалды шақпақталған далалар. Оларға ар өлшеумен, көп ыдыстарға қойылғандай бөлек-бөлек тұрған суларымыздың тағы ұшқанда (жиыны — араға екі тоқтап, алты жарым сағатқа шығамыз) және де теңізге кеттік. Мадрасқа жеткенше енді теңіз үстінде болдық. Жаға жоғалып кетті. Астыңғы жағым көбінше өркештелген, будаланған ақ бұлт. Бірақ сол халдер арасында, тамаша бір шақ болды. Теңіз суы жасыл көк боп аста жайылғанда, соның бетіне біткендей, жеке-жеке кішкене ғана ұсақ бұлттар шашырай қапты. Ғаламат бір хал байқалады. Енді астымның өзі кәдімгі жоғары қарағанда көрінетін осынша шашыранды бұлты бар кең көк аспанның өзі болды. Аспан төңкеріліп астымызда ... секілденеді. Осы шақта кей жолдастар үйлеріне хат жазып: “Калькутта-Мадрас самолетінен, Индия теңізінен” деп адресін жазысты. Сол күн кең қаламыз Мадрасқа келдік. Көп жұрт демалды. Интеллигенция киімдері — жеңіл. Костюм киген жоққа тән. Түскен гостиницамыз қаланың шеті, теңіз жағасы. Жоғарғы үй. Балконнан — бір жағында мол теңіз, екінші жағында үйден бойы аса біткен толық бір бақты тек өздері толтырған биік, тамаша пальма. Бұл анық кокос пальмасы болу керек. Өйткені биік кеуде тұсында жер-жерден шоқпарланып, үйілісіп өсіп тұрған жылтыр көкшіл қабықты жемістері — орехтар бар. Терезе екі жаққа шығады. Тотықұс быжылдап, бақыра түсіп, сықырлап маза бермейді.

Түсте губернатор қонағында болдық. Аса көп жанды жиын. Оқымысты, әнші, киношы, дипломат, министрлер, шет елдер елшілері, дін ұстаздары. Көп, әдемі киінген әйелдер. Бізге атақты әнші әйел концертін жасап шақырыпты.

Сахна, ашық сахна. Гүлдер де мол. Артистка екі көмекші қыздармен, оркестрмен тегіс сахнаға, жерге отырып ұзақ уақыт жырлады. Бұл Индиядағы атақты, әсерге бай әнші әйел саналады. Екі танауында екі жақты бриллианты бар.

Бұнда ең қызық кездесу қарт дипломатпен сөйлесуде болды. Ол: “солдат кісі өлтіруден шаршамаған, ә!” деп бір түйді. “Әр мемлекет, әрбір үй салушы тәрізді, үйді құймамен

қоршайды” деді. Орын сақтау инстинкт кейде байқамай агрессияға айналады.

Әсерге бай байлар қорқады сендерден, содан сақтанады. Индия кедей, сондықтан қорықпайды, мақтанбайды: “кедей қатал, жестокий болады”.

Кешке тамил уапури тілінде жазатын бар достар жиналысты. Губернатор да келді. Халық көп жиылған, зал толмаса да, екі кәрі жазушы құрмет етті.

Пиллай Удайпур зерттеуші есебінде өзі іздеген жолдың жөнін көрсетіп ашып берді. Қартайған, әлсіреген кезі деп шешен сөйлеп тұр. Ол белгілі семьядан шыққан, журналистерге де жақын, өзі ақын да. Тамил әдебиетінің классикасын ұғынуға көмек етті. Тас жазуларды шешті. Ол тамил тілінде жазылған екен. Осыны ашқан екінші қарт, оның аты: Воуарана Ауанжак, сөйлеп тұрған Индияда бірінші шешен дейді.

Профессор Т.П. Меенакши Сунзаран Пиллай. Профессор тамилского языка в Мадрасском колледже.

Екінші сөйлеуші — Тамил университетінің профессоры, тіл маманы. Екінші ғалымның семьясы тамил әдебиетінің өсуіне көп еңбек етті. Маған екеуі де аға. Олардың тамил сөздігі туралы қалай істегенін айтайын. Бұрын Чандлерде ағылшын істеген еді. Күлкі мысал келтіреді. Тілді, сөзді теріс қолданғанды айтты.

Үшінші сөйлеуші — журналдың редакторы. “Қалай махай” атты журнал (білім қызық деген сөз).

Төртінші шешен ұзын бойлы, сұр костюм, көзәйнек киген. Алдыңғылар сөзін қайталайды.

Айтпақшы, осы жиын басталарда әуелі бір қыз шығып, қолын маңдайына төсеп тұрып әндете дауыстап дұға оқыды. Жиын тұрып, үнсіз тыңдап, ұйыды.

Губернатор отыр, бірақ ол тамил тілін білмейді, ұқпайды. Бенаресте оқыған деседі.

Губернатор ағылшын тілінде шалдарды құттықтап тұр. Еңбектің қадірі үлкен. Екіншісіне және де сөйлеп, сый берді.

13 февраль.

Ауылды көрдік, кеттік. Жолдағы көргеніміз: егіс даласы. Бұнда күріш жылына екі рет орылады... Оңтүстікте үш рет орады. 1-50 акрге дейін бір семьяға бөлек тиеді. Семья

20 адамға дейін. Озықты көрдік. Жаңа егілгелі суарылып жатқан, біздің келгеніміз опытно-показ. хоз-во, аты — Кулпаптандалам. Балалар мен үлкендер тегіс алдымыздан шықты. Бұл нағыз қыстақ... Қара жерге топырақ үстіне орындықтар қойған. Бір сарайды (бойрамен қапталған) сахна жасапты. Көк сәтен шымылдық. Самодеятельный ойын көрсете бастады.

1. Екі кішкене қыз билейді. Тамилдің ұлылығын көрсететін би, әндетіп билейді. (Жалаңаштар... Тек ғауратын жауып, шүберек тартқыш таңған. Арты құйрықтың жырмасын толтырған. Содан басқа лыпа жоқ.)

2. Екінші би...

3. Қыстақ бастығы бізді құттықтады. Қыстағымыз Дворец кул.-ры, жол салды. Құдық қазды. Драм. спектаклі ұлдар-қыздар үшін. Бізді үкіметіміз қостайды.

4. Кішкентай жалғыз қыз билеп әндетті. (Төбеде бұйра. Айтпақшы, қыстақтардағы сұр салам тәрізді шатырлар пальманың жапырағы екен. Жолда құдық қызық. Салма ағаштың үстінде екі қара жалаңаш әрлі-берлі жүгіре басып, суды алып, салып тұрады. Аспанда жүгіреді.)

5. Маңдайын ақ-қызыл бояумен қасқалап алған қара адамдар көбірек. Жалаңаш, шашы мол балалар көп.

Ауданның инспекторы. Осындағы әскердің инспекторы. Оның әңгімесі бойынша, жоспар бойынша салам шатырлар орнына черепица болады. Біздің ауданда 2 миллион халық бар. Ия, күрішшілер өсімін үш рет асырды, өстіп 30 акр жерге японша әдіс қолданып жатыр.

1. Жасыл удобрение іске жаратылды (силос).

2. Ағаш өсірді, манго, кімнің ағашы ойда.

3. Общ. уборка қарау.

4. Екі құдық қазу.

5. Малқора.

6. Жол салу (халық күшімен) екі миль жасады.

7. Көше салдық.

Әрбір қыстақта (олар саны 110) осындай таблица бар.

8. Кішкене кітапхана, америка кітаптары, олар өздері сыйлаған. Мемлекет қыстаққа бір приемник сыйлаған (кішкентай).

9. Үш айлық планмен үйлер түзелгені бар, шатырлар черепица болады.

10. Бір үй көрдік 10 көзді. Көзден шығып тұрады. Ас үй ортада, салқын, өз құдығымен. Террас үй үлгісін, орталық үлкен салқын бөлмеде, жерде кірпіш полда...

Бұл ең жақсы үй, осындай үйді елуге жеткізбекші. Әр қыстақта алты-жеті жігіт бар. Ерлер, әйелдер арасында жалпы шараларды жүргізуде көмектеседі. Құдық қазу — ең үлкен іс.

Масхабалиппур. Старый храм. Древний порт Индии, суш. 1500 лет. Жырды жазып қашаған. Храм төбесі піл бейнесіндей жұмыр.

Храмда колонналар, көп нишалар. Бірақ жартас топырағынан тазартқанда бір (бірнеше) храмдар жасалған, бұрын тастан жасалған храмдардың бәрі бұрын қыштан, мрамордан салынған храмдардың үлгісін нақыштаған, кей жерлерде нишалар ойылған, оған бұттар қойылуға арналған. Осы жартасты шаптырған патшаның бейнесі тұтас тастан шабылған. Бұл адам VII ғасыр ескерткіші. Дәл қолдан, қыштан, салынған әдемі сарай, храмдардың өзі.

Шөгіп жатқан бұқа тастан салынған. Бір жағы еркек, бір жағы әйел бейнесі бар бұл храмдар Шиваға арналған. Жауын мен жайдың құдайы піл мінген төске жасалған, бұрын бар суреттерде бояу болған. 630—660 жылы қашалған. Кейін 665—680 жылдарда оңдала түскен. Бұл көрген храмдар, осы орындар бұрын тегіс әлемге мәлім порт болған.

Бүгін бір қыстақтағы похоронды көрдік. Өлген еркек екен. Аузына бір нәрсе тығып, биік көтергішке салып үстін қалқалап, шатырша жасап алыпты. Зембілдің үсті жібекпен жабылған. Биік көтеріп алыпты. Ең алда қартаң, суық түсті, бастарына торбан ораған, бастары ақ түсті адамдар келеді. Солар қасында жастау біреу оқтын-оқтын (бұтқа табынып) немесе дұғаны да әндетіп айтып қояды. Алдыңғы топтың артын ала үш кісі келеді. Шөңкеде түтіндеген отты әкеледі. Сол отты ұстап келе жатқан өлген жігіттің әкесі екен. Өзі өртейді.

Табыт артынан 30-40 шамалы шала гаск еркектер келеді. Әйелдер жоқ. Жағатын жерде олар болмаса екен...

Біз келген өлке — үйез осыдан 4-5 жыл бұрын ұдай неурожайға ұшырапты, бар дүние күйіп, түк шықпай күйіпті. Енді жайы жақсы боп, едәуір күшейіп қалыпты.

Сонда кедей дейміз. Бірақ біз болған штаттағы адамдар ажарына қарағанда ондай жүдеу, аш, бұралған сияқты емес. Қарт та көңілді, қайыршымыз мүлде жоқ. Бала да, үлкен де көңілді, сергек, қызыққұмар — ісіне тірлігі тетік елдің қас-қабағын байқатады. Бізге кедей деп (көрсетуші) әдейі айтса керек. Бұл өлкеде қыстақтарды дұрыс пландаған, көшелер кеңдеу түрде.

Және бір ерекшелік, осы оңтүстіктен Бенареске дейін қонақжай бар. Адамның өзі не тамақ жайы бар, көңілінде азық тұрады. Сөйтіп, өгіз жегіп, күніне 15 миль жүріп отырып сапар шексеңіз, осыдан Бенареске дейін кең қонақжайларға түсіп, шығынсыз сапар шегуге болады. Қазір ол орындар түгел бар. Бүгінгі кезекке жақсы жарайды. Тегінде, ол дәстүр өте алыс заманнан сақталып келген. Бенареске дейін сапарына, құдай жолына жүрушілерге жол жеңілденген. Көпшіліктің дәстүрі болуына, осы және халықтың құлқына, мұрасына қандай үйлестірген.

Храмдар қасында туристер үйі болу керек. Бір жақсы онаша, теңізге жақын үйге келдік. Бұнда үш қыз бар екен. Үшеуі де американданған әйелдер. Ана тілдері ағылшын тәрзді. Біреуі шолақ труси киген. Біреуі өте шолақ шашы бұйраланған. Осы үйде қонақ үй мен ас ішетін үйдің төбесінен өскен, үстінен желпіп тұратын ұзын жібек желпуіш бар. Оны екінші бөлмедегі адам тартқылап тұрады. Бөлме кеңдігіндей бірнеше түсті жібек шүберек. Ағаш рамасы бар. Анық желпуіш — бұл да бір түрі.

14 февраль.

“Кабалиширатем” деген храмды көруден бастадық. Қаланы араладық. Мың жылға жақын болған салынғанына, жақында ондалған төбесінде алтын күмбезшелері бар. Тек бәрі скульптуралар. Гранит. Әр этажда ойылған тастан істелген ағаштар да бар. Қасында әулиелік скульптура да бар (1800 жыл болған). Әр храмда көл болады. Әр жылда фестиваль болады. Онда бұттарды көлге алып шығады. Фигуралар жайы (бәсе).

Гупудрам — башня деген сөз. Құдайларды алып жүретін күйме болады. Ол жеке мұнара үстінде. Дарбазасында жүз қоңырау бар екен.

Корольдер осындай храм салуды міндет көрген. Фигураларды салған біреу емес, бір топ суретші.

Храм салғанда оған жер де беретін болған. Өз табысы болуы үшін.

Темпл храм, ағылшындардың Св. Фомаға арнап салған костелі жағы.

Краминев екеуіміз бөлініп кеттік. Балықшыларды көрдік. Теңіз жағасындағы толып жатқан балаған, күрке, байларын тосқан әйелдер жүр.

Балықшылар... үйлері. Кедейлер трущобалары. Жолда өкімет үйлері. Сот көшесі, деловой орталық. Бродвей қара қала. Бұрынғы аты. Сауда көшесі тарыла береді.

Ондала түскен жұмысшы қаласы. Онда уборный, су жүрген. 60 бала бірінші класта оқитындай. Село жұмысшы қаласы Рагнар (болса керек), сондағы жазушы атындағы қала. Балалар кішкентай жерде бойрада отыр. Төбе шошақ, қамыс. Оқытушы жалаң аяқ. Бірақ көше кеңейе түскен. Бұдан бұрын көше бойындағы нашар лашықтарды көрдік. Масқара, шын тәрізді. Ішіне кірдік. Кейін түзеліңкірей түскен жұмысшы үйлерін көрсетті.

Ағылшындармен тайталас, бұрын Индия адамын алмаған. Қазір басшы қызметке кіре бастаған. 4-ші құрыш құятын завод салуды ағылшын министрі уәде еткен. Бір жағы парламент, университет үйі келісім, әсемдік, шалқыған мәдениет, байлық иесі. Екінші жағынан қорлық, бейшаралық, масқаралық халдегі кедейшілік, құлшылық. Балықшылар саны 5000-дай. Балықшы бір мың анық семьясы дейді. Рикшалар жөніндегі өкімет әрекетін айтады. Қазір Мадраста 2500, олар арасына велосипедпен жүру араласты. Жақында мүлде жоғалады дейді. Біз көрген кедей, нашар балаған, лашық, жер үйлер сондай жалшы қара жұмысшы, сорлы кедей қызметкерлер, малайлар балағандары болуға тиіс.

Түсте, сағат 1.20-да Мадрастың выставкасын көрдік. Асығыс, атүсті. Кейін “Единство” деген аты бар Польша пароходында, солар командасында қонақ болдық. Ән салды, өлең оқыды. Матрос жастар кеңес-поляк достығын жырлады. Кают кампанияда Ленин, Сталин, Маленков суреттері. Тостар. Осыдан соң Мадрас университетіне кетпек болдық.

Мадрас университеті.

Сағат үште Мадрас университетіне келдік. Вице-

канцлер қабылдап, әңгімелесті. Дөңгелек үлкен стол (алғаш бұндай стол көргенім осы). Дипломаттар столы (дөңгелек стол) тәрізді.

Тарихтан справка: 1857 жылы бірнеше колледж ашылған. 1923 жылға дейін Индиядағы экзамен инстанция болып келген. 1923 жылдан бастап учебн. заведение болады. Доктор болады (экзамен инстанция алу ғана емес, бұрынғыша). Отыз кафедра гуманитар: востоковедение, көркем өнер... басқалар.

Ветеринарный, технологичес. колледждер бар. Востоковедение: санскрит, арабистика, персидский. Барлық штат бойындағы ун-т бөлімдерінде 35 мың студент бар.

Сиам, Африка, Бирмадан көп оқушылар да бар. Бар университетте шамасы алпыс колледж бар. Сонда әр колледжде 80-100 ученый бар. 35 мың оқушының 7/2 мыңы әйелдер. Олар Калькуттада бар (дәлім алғанда көп факультет те бар). Кей колледждердің бастықтары әйел. Енді екі жылда университеттің жүз жылдығы болады. Индиядағы ең ескі университеттер: Мадрас, Бомбей, Калькуттаникі – бәрі де 1853 жылғы қаулы бойынша тұрады.

Ағылшын тілінің жайы үлкен де қиын проблема. Көп түйіндермен байланысты, шешу оңай емес. Әрбір кітаптар әзірленіп жүр һинді тілінде. Көбінше гуманитар ғылымдардан. Кейін технич. болмақшы. Штаттың тілі – тамил тілінде де бірде-бір лекция курсы оқылмайды. Санскриттің жалпы курсы да ағылшын тілінде. Тек специальный курсы ғана жергілікті тілде оқылады. Оқу үшін ақша төленеді. Әр ұлттар өкілдері жарты ақыны төлейді. Қоғамдық факультеттерде оқу ақысы 150, профес. факультеттерде 250-дей. Университетті бітіруге 4 жыл, магистр, доктор дәрежесі үшін 5-6-7-8 жылдар, бұл ун-т Британ бірлігіндегі (Брит. содружествонын) университеттерінің мүшесі. Олар жылына бір-бірімен бас қосады. Вице-канцлері 22-де...

Кішкене Гупснахтың үйіне индо-совет достығы қоғамының жиылысында болдық. Гупснахтың қыздары, студия жас күштері қора ішіндегі бойрамен жабылған асты тас үйшікте биледі. Қыздар өңсіз. Өз оркестрі. Студия үйі бар, осы арада. Біразымыз пальма ағаштарының түбінде отырдық. Банан жапырағы да мол жалбырап иіліп тұрды.

Қоғам адамдары нақтылы сөйледі. Орыс тілін ұқсақ, білсек екен. Тым құрыса бір адам оқытушы болса, бір жылда жүз кісі жаңа оқытушы шығар еді дейді. Кітаптар да кемірек. Аударылу керек. Аса керек. Өйткені совет кітабы Индияда аз тарағанға ұқсайды.

Осында сөйлеген адамдардан Крамнев бір ыңғайсыз пікір айтты. Біз алғашқы шақта да жауап айтуымыз оңай деген еді. “Мен де не айтарымызды, “не ойларымызды білмеппіз” деді.

Яковлев те аса тәттілеймін деп, әсірелеп алды. “Сіздің бақытсыздығыңыз — біздің бақытсыздығымыз, сіздердің көз жасыңыз — біздердің көз жасымыз” дегендер артық, әзірге бұл елге айтуы орынсыз, уақыт жеткен жоқ. Және бұл орта өзін бақытсызбын деп өсте түсінбейді. Бұл араға оны да әкелу өз ішіндегі көкейді тескен ауыртпашылығын арқалап келгендей сезілетінді байқамайды. Саясат адамы, бірақ ақтарыла, шашырай кететін біздің кейбір мінездер білініп қалды.

Бұл кеште бөрінен ақымақ болған Ашрафи. Ол баяғыда біздің аталарымыз біліп келіп, сіздерді жеңіп, өздеріне қаратып алған. Біз, өзбек, соның тұқымы деп сандырақтады. Баяғы үйінде жүргендегі нескромность, дарақылық. Көті жыртылғанша тыраштану. Алдында “Индия музыкасы — өзбектің музыкасы” дегенде, бір қатты қағып тоқтатып ем. Өздерің осыдан алғансың, төркінінді танымай, ол бізден алған демексің. Орынсыз деп бір қойғызып ем. Мынау жиында атам Бабыр солай істеген деген сөздері бестактность, қанша кейін сыпайылады дегенмен (оншалық сыпайылыққа өзінің орамы да, негіз де жоқ), түк шықпады. Мысалы, орыс халқының қауымына бір моңғол, Моңғолиядан кеп: “біздің аталарымыз сіздерді жеңіп, басып алған” деп сөйлесе, қандай дарақы, сыйымсыз болар еді. Тегінде, тарихтық ғылымдық жақтың өзінен де ол айтқаны өтірік. Өзбек деген халық бар заманда ол атқа ие емес. Әбілхайыр тұсында ғана қалыптанады. Бабыр болса Ақсақ Темірдің немересі. Қанішер басқыншылардың бірі. Момын, шағын өзбек халқына “атаны” Темірлер кезінен термей-ақ, тек жүрсе, жетпей ме. Тағы біреу өзінің ата тегін Шыңғыс хан тобынан бастаса, әлде бірі Алтын Ордадан, немесе Отеллодан шежіре шертсе, қандай сорақы. Бұ да сол жаман, сасық пақырдың, “Біз қалай” деп тыраштанған кішкене,

аз ғана елдің талайындағы дарақы өлшеусіз менмендік. Болмаса ұлы жұрт Индияға кеп, еркін халықтың қолымен салған мәдениет ескерткіштерін көріп қызығып тұрып, осының бәрі біздікі, біздің атамыз істеген десек, қандай оңай, арзан, саяси жағынан, адамдық мінез, қарым-қатынас жағынан — бәрінен де тәрбиесіздік, бассыздық. Сыйлар алдық.

15 февраль.

Араға екі рет тоқтап, таулардан асып өтіп, Кочинге (Кочин) жеттік. Тау биік екен. Тегіс ағашты қалың тоғайлы сайлары, беттері де бар. Анығы, жолбарыс жүретін жерлер болу керек. Алаң, бұлақ асса егін. Су басқан шамалы бөлігі еңбек, егіс далалары, өлкелері. Күн ыси түсті. Біз оңтүстік шығысқа қарай ұшып, екінші жаға, теңіз жағасынан кеп шықтық. Теңіз бұл кішкене қаланың ортасына, бар бойына сұғына кірген. Жарымы суда тұрған өлке. Бірақ бухта сияқты болғандықтан, сумен араласып, қаланың бөлімдері, әсіресе тоғай, бақша я алма бақшасы басқан (аралас). Түбек тәрізді созылған үйлер пристаньда көп. Теңізге соғылып (сұғынып) тұрған құрғақтар. Суларда пароходтар, қайықтар. Желкенмен жүрген үлкенді-кішілі қайықтар бар. Бізді тағы бір жақсы отельге орналастырды. Бір бөлмеде Завадский екеуміз. Бұл ғажап: үлкен, сәнді, бай жиылған. Төрдегі кіші бөлме кабинет есепті, ол үлкен, кең аркамен бөлінген. Алдыңғы бөлме әдет бойынша төсектер тұрған ұйқы бөлмесі (жатын үй). Төбеде әдемі сырланған ағаштан жасалған жабыншы. Онда және үш жерде желпуіш бар. (Айналып зырлап тұр.) Ең ақыры, ыстық күндері бөлмесінің терезелері ашық күйде, көлеңкеде, тура теңізге қараған. Терезе түбінде әрбір екінші этаждай қайықтар, кемелер жүр. Теңіз суы бұнда да мөлдір-жасыл. Теңізден самал соғып тұр. Ал теңіздің кемері таспен бөленген.

Қазір біз Индияның оңтүстігіне мейлінше тақап келдік. Енді машинамен 65 мильдей жер жүріп, осы өлкенің белгілі жазушысына бармақшымыз. Бұл өңірдің елі малайя өз тілінде сөйлейді. Бұрын Алматыға келіп кеткен Нараяжи деген бір журналист болып еді, соның әйелі осы малайялық болатын. Индияның осынша жері түстігінен Қазақстан, Алматыға бірінші басушы ол болса, бұл жаққа жырақ Алматыдан бірінші келуші қазақ атаулыда сен боларсың.

Тыста, құрғақта жел аңызак боп, ыстық қажайтын леппен емдеді. Арқада июльде болатын, шөлді әсте қандыртпайтын жылы жел.

Біз түсте, сағат үште Валатхол деген жерде шығысқа қарай жүрдік. Оның тұрған жайы Кочиннен 65 миль, жолда пальма бақтары, кейде тіпті рощадай боп биік, шошайып созылып кетеді, өздері бұрынғылардай соншалық биік екен. Бауырында жапырақтары көп иіліп оралғаннан саясы мол, көп үйлер бұл жақта ағаштардың бауырына, саясына тығылған. Анық Индия жері дүниесі, жаратылысы осы. Машинаға жылы жел Арқаның шілдесіндегі аңызайындай ыстық леппен соғады. Жолдар адам азайған кезде, жерлерде ағаш тоғайдай қалыңдап жайыла созылады. Орыс тоғайы тәрізденеді. Жолда өзенге кездестік. Көпір, паром. Әр машинаны бір-бірлеп өткізді. Паром екеу боп қатар әрекет етеді. Көп жалаңаш адамдар бамбук сырықпен итеріп айдайды. Жаяу суда жүріп сүйретеді.

Кешке біз қарт жазушы Валатхолдың үйіне келдік. 65 миль жүріп жеттік. Тағы араладық, қалалардан өттік. Біз келетінді біліп, 350 шақырым жерден елшіменен келіпті. Біз түскенде “Зекперел” отелі салқын болды (5 градус). Содан... жаяулап таудағы үлкен биігіне жеттік. Жолда да онда халық қаптап тұр екен. Валатхол саңырау, аузында бір тіс жоқ, бірақ сақал-шашы қырылған, арық, ұзын қара тақыр. Тілі үнемі жалақтап жүреді. Бізді әуелі таныстырып, кейін сусын ішуге бөлек төмендегі кішкене үйге апарды. Кейін театрына келдік. Халық мол, жерде де отыр. Көпшілік түрегеп тұр. Сахна аласа. Оны айналып балалар мен жастар отыр.

1. Тауыс боп биледі.
2. Екі қыз биледі.
3. Жыланды арбаушы биін биледі.

Биші қыздың мұрны асты жылтыраған зер. Танауын басқан шыны.

Пьеса басталады. Ол Рама мен Сита жайындағы әңгімеден алынған. Барабан жаңғыр-даңғыры ес шығарады. Сондағы шырылдаған, бажылдаған, даңғырлаған дию шығып, отпен алысады. Жеңе алмайды, қыз маскалар шығады. Тоғайдан дию баспалайды. Мыналарды көреді олар, қыздар емес. Ағайынды егіз екі бала Ситадан туған. Бұлар да диюға, малғұнға кездескен әңгімесі, бұл

маймылдың бастығы. Ситаны босатуға болысқан Раманың досы екен, малғұн емес.

Прогрестік жазушылар:

1. В организ. 100-150 человек.
2. Новелистов больше.
3. Поэзия о проблемах лит.
4. Больше половины печатаются, соврем. пьесы ставятся.

Біздің халықты бұнда сүйетін, сонша түсінетін халық көрдім. Көзге жас келгендей, бар аштар, жалаңаштар, подвижниктердің кеудесі бірлесіп соншалық жарқын аспанда, алыста күн жарқ еткендей, көзге жас алғандай тамашаладым. Бұл кезде бұл түн бар сапардан өзгеше болды. Ұйыстырған халық өкілдері біздің адамдар.

1. Рамамирам — писатель.

2. Валатхол.

3. Вудринат Эмпина. Вудмиат — драматург, поэт и актер. Бұлармен кездесу аяғы тамаша жайға ауысты. Олар бірімен-бірі кездесуге ынтық халықты білдірмей, өз тараптарынан әзірлеп қойыпты. А.А. екеуміз ғана келгенде гостиницаның асты-үсті толған, өздігінен жиылған адам екен. Бізге соншалық тілек білдірді жұрт. Әуелі есіктерден қарап, кейін тегіс еденге кеп отырысты да, қызыл ту ұстап келіпті. Даярлаған гүлдермен үнсіз кеп орындарымызға асты. А.А. сөйледі, мен сөйледім. Содан кейін жүрерімізде бізді тамақ ішкізуге әкелген жетекші жұрттың демонстрациясынан қорқып, асықтырып ала жөнелді. Жаңағы жұрт сондай ұрандар шулап, қолдарымызды он-он қолдар қысып, машинаның екі жағында тұрып ап, соншалық қошемет етті, ғажап достық тойы болды.

16 февраль.

Министрмен әңгіме: Индияда 1947 жылға қарсы 562 князьдық еді. Сол ретте Кочин мен Тривандрумда екі махараджа болған-ды. Еріктерімен орындарынан түсіп, өз жайында қалды. Оған осындай шараға көп еңбек сіңірген кісі, сондағы орынбасар Нерудің орнын баса алмады — атын ұға алмадым...

Закон тудыратын парламент (собрание). Ол 75 мың сайлаушыдан сайланды.

Бұл күні біз таңертең ерте машинаға мініп, әуелі

80 миль жүріп, Тривандрумға келгеміз. Машинада мен, Завадский мен Иваныч болды. Жол ыстық болған жоқ. Оңтүстікке тура тартсақ та, әзір шыдатпайтын ыстық сезгем жоқ. Машинада тіпті салқын, жол жақсы, шаңсыз. Сағат сегізде шығып, екіде жеттік. Тривандрум тағы да үлкен қала. Бұнда бас министр хатшысы қарсы алды. Тағы да ғажап жақсы қонақжайға орналастық. Айтпақшы, таңертең ояна бергенде, бір көңілді жаңалық болған. Кеше самолетте жоғалған менің қаламым бір күннен соң мені іздеп кеп өзі тапты. Бұл елдің қиянатсыз өз иесінен, адал момындығынан өз басыма қолма-қол қатысы бар сондай бір өзгеше мінез көрдім. Қымбат, ұсақ зат табылмай-ақ қоюға болар еді. Бұнда ондай жайсыздық болмайды екен.

Жолда осы халық туралы өзінше бір әңгімеден туған өзім айтқан ой бар еді. Соны еске ала кетейін. Түнде бізді қарсылаған ойда жоқ көп нәрсені ойлатады. Бойды сергітіп, ойды, еңсе көтеріп, үміт бітіреді. Бұл халықты адам болып, азамат болып, біздің ғасыр, біздің салтты, халықты көп ойлайтын дәстүрін ойлаушы боп отырып ойға алсаң, жаның қатты толқиды. Атымен кедей, қараңғы надан, қайыршы жас-кәрісі, үйсіз-күйсізі сондай көп. Ешбір дүниеде мұндай көп контрастық болмасын. Өзі кедей, өзі аш, өзі соншалық көп бола тұра, өзі жөнсіз қылмыс жоққа тән. Кісі өлтіру, төбелес мастық, қантөгіс бірі жоқ. Бұларды билеу оңай. Еңбекке сонша көнген, өкпесі тесілгенше жоқшылықты, қорлықты өмірлік қамыт етіп, сақал-шашы ағарғанша, жаяу жортып жүрген момын кедей, шын құл да анау. Ол жағынан қарасаң, бұл таза момын, еңбекші ел — пайғамбар, апостол, аскет подвижниктер де туғызатын ел. Екіншіден, осындай адамгершілік, моральдық тазалық традициясы бар елдің ортасына социализм орнаса, қандай пайдалы дәстүрлері жақсы керекке жаралар еді.

Жол бойынша пальма бақшалары мол кездесті. Банан, манго, ананас өскен орындар көрдік. Қазір кокос дәнін жинау кезі болу керек. Жол бойы толып жатқан арбалар тау-тау қылып жарылған көк жұмыр кокос дәнін тасып жүр. Әзіргі науқан сол тәрізді. Бірақ оңтүстік ең көп еңбек кәсіп еткенде, шай, каучук, күріш өсіреді. Шай таулы жерлердің беткейлерінде молырақ.

Оңтүстік — осы Кочин, Тривандрум провинциясы адам

тірлігі жағынан жайлы, жақсы, тоқ тәрізді. Әрине, тоқтай қалсаң бала, қайыршы қамай кететіні бар. Бірақ ең әуел — жері ыстық болғанмен, бұнда киінген адам көп. Көпшілік жүзі жүдеу, жадау емес, қайта көңілді, жарқын. Тоқтай қалсаң болды, машинамызды қамай қалады. “Рашын” десек, “коммунист” деп сөйлей бастайды. Бейбастақ сүйген бір адам, бірде-бір жас, жеңіл-желпі мінездер көрмессің. Көздері жайнап қадалып, жүздері жылына күле қарап, қатты ынталы ентелейді. Бұл түстіктен тағы бір өзгешелік — баланы оқыту күшті, жол бойы мектепке бара жатқан, келе жатқан бала мен жасөспірімдер ағылып көрініп отырды. Министр кейін айтқандай, оқу жасындағы баланың 95 %-ы қамтылған болса ғажап емес.

Бұл жақта терістік тәрізді емес, халық та жиі. Өте жиі. Кешелер байқап ек. Бүгін тіпті асқындады. Жол үстінде бірнеше сағат жүргеніңізде адам жайлары мүлде үзілмей қояды. Соншалық көп халқы бар мемлекет екені оп-оңай танылып тұр.

Түсте министрге визит жасағаннан кейін бір жақсы гостиницада чемодандарымызды қалдырып, енді тағы 50 миль жердегі оңтүстіктегі Коморин мыске тарттық. Сағат 4-те шықсақ та, жол ыстық, ауыр болған жоқ, қайта рақат болды. Салқын, таза, ал көрініс — көз тұнжырататын пальмалар ұштасады. Бақтары жолдың екі жағында ұдайы көлеңке жасап отырады. Тағы да Индияның қасиетін айтар. Бұнда тұтас тоғай, қалың жыныс жоқ. Бірақ ағаштан жүдеп тұрған жері және жоқ. Бұнда соның есебінен әр ағаш адам қолымен орнатылған. Күтіп, сүйіп сақтап, осымен аталар, нәсілдер еңбектері, мінездері, қасиеттері танылады. Күнұзын ағашы үзілген анық 50 километр жер көргеміз жоқ. Өз жерін, мекенін, өлке, отанын қаншалық күткен адамзат бар бұнда?! Осынысы және де мың мәртебе бұл халықтың адал еңбекке табанды, айнымас асқан шеберліктігі бар екенін байқа-тады.

Жол бойында бірнеше үлкен, қызықты тастары, жар-тастары бар таулар көрдік. Бәрі де өсімдігі бар таулар. Тағы біразда ағаш реті өзгерді. Я алмасыз, я жай жапырақты ағаштар көріне, жиілей берді. Ең аяғында, бір теңізге тақай бергенде, әр таман сұрықсыз, бірақ соншалық қиқы-жиқы көрі, жапырағы тарбиған, қалтиған, бүкшірейген,

жыртылған бұтақтары, тармақтары көп ағашты көрдік. Ең биік бастарында ғана, аз ғана шоқталған жапырақтары бар.

Содан арғы азғантай жүрісте теңізді көрдік. Бір жақ емес, екі жақтан көре бастадық. Құрғақшылық енді байып, сүйірленіп аяқтап келіп, теңізге сұғына бере тоқтаған екен. Біз қазір Индияның ең шеткі түстігіне келіп отырмыз. Коморин мұрыншағы Цейлон аралының орта тұсымен шендесіп келеді. Біз бір шақта Индияның ең зор терістігін — Гималайды көріп ек. Енді сапарымыздың бұл кезегінде оңтүстіктен кеп шығып отырмыз. Ниет те жақсы. Осы Каморийде күн теңізге батып, теңізден шығады. Біз күн батардан бір сағат бұрын кеп, дәл теңіздің үшкіл тұмсығынан салынған өкімет гостиницасына түстік. Үстіңгі этажда кең қонақ бөлменің асты кілем, айналасы терезелер. Олары үш жақтан теңізге бет қарап тұр. Бенгаль аралы мен Араб теңізінің сулары араласып жатқан теңіз жайқыны осындай. Бір ғана сәл сәтсіздік болды. Күн батарда батыс жақта қоңырқай бұлт болды. Күннің негізгі дәл батқан жерін көре алмадық. Таңертең теңізден күннің шыққанын көргіміз келеді.

Кеш батар алдында теңіз жағасында тұрдым. Ақырын жел бар, жайлы салқын еді. Теңіз суы күн барда жасыл-көкшіл — жақсы көңілдірек те еді. Толқын, ұлы кең байсал, ұзын толқындар жағаға, тас жағаға оқтын-оқтын ұрып жатыр. Теңіз суының дәмін татып ем, тұздық деген аз, одан да ащы. Глаубер тұзы да, астың да тұзы емес. Кеш бата жатынжайға кеп, шайға бардық. Бар жұрт болып шайды 3-4 шыныдан ішті. Анық цейлон шайы болу керек. Қант салу түгіл, әзірлеп берген сүтті құюға да қимай, көбіміз сүтсіз іштік. Содан кейін мен үстіңгі үйде, балкон тәрізді қонақ үйде осы ойларды жазуға кірістім. Астыңғы этажда қаланың жастарын әкеп күй тартқызып, ән айтқызып жатты. Күй туралы айта кету керек: кеше, Волотом аралындағы күй де, ұрандар да осынша бір қатты шаңғыр, даңғар, тарсылдақ көп болып естен тандырды. Мен өзімше жыланды арбайтын, жыңды қуатын күй болса осы түстіктің күйі болар дейім. Мынау күй кеше Рама жөніндегі мистерияға сай, барабар. Ол театр болғанда өте ескіден (2-3 мың жылдар) бермен байланысты туған театр. Бірде ойыны да, әр сөзі де сол құдайлармен жарасып, күштер арасындағы тартысты

мифология қалпында баяндайды. Музыкасында күйлілік, жайлылық жоқ. Оның орнына арбау, алысу, айдау, көшіру тәрізді оқиғалық болымсыз мазмұн болу керек. Бірақ не қылса ойы халықтың өнерінің ең алыс жағы, музыкасы, театры – көркемөнері болу керек.

Соншалық тамаша архитектура өнері бар, киносы бар қалалары, мәдениеті, ғылыми техникасы зор халық оншалық дәрежеде көркем өнер де (кино болмаса) кейін қалып тұрғанына қайран қаласың, қарның ашады. Оны жалғыз ғана ақтайтын себебі болуы мүмкін. Ағылшындар басып, қорлап, таптап келген халық өнері енді азат өріске шығып, жаңадан өнер шағында әуелі ескі тамырлармен байланысын нықтап алмақ шығар. Бірақ осы күй түсінікті болумен қатар, Индия тезінен реалистік, халықаралық жиырмасыншы ғасыр мәдениетінің қалпына сай өріске шықса лайық, қажет дер ек.

Кешкі теңіз көрінісінен бірер жай: күн бата бере теңіз бойы тезірек суи берді. Күндіз жасыл, көкшіл көрінген су енді бозғыл сарғыш тартқандай. Алыс, ұшан теңіз дейтін, қиырсыз шалқыған өрі, тұрғысы реңденіп ажарлап сұрланды. Анық қорғасын бетіндей. Жақыннан жыраққа дейін, кең әр тұстан әлсін-әлсін ақ көбікті толқын көпіршіп, бұрқ-сарқ етіп қалады. Түн тастай қараңғы. Анда-санда найзағай жарқылдайды. Теңіздің түсі өзгермей қызық болды. Қорғасын, қалайы, күміс.

17 февраль.

XIV ғасыр сарайын көріп тұрмыз. Подбанабапурам. Жарымы 700 жыл, жарымы 400 жыл бұрын салынған. Есігінде атты аңшы найзамен бала пілді шаншып барады. Ағаштан істелген екінші есікте аюды шаншып барады.

Әрі қарай ауласында тас темпл колонналар, онда әйелдер, құдайлар бейнелері тастан ойылып, барельефше бағаналарға жапсырылған.

Қоладан – білім богинясы бар. Сарай темплі. Осында сарай жандары намаз оқитын. Бұл бөлмелер XVI ғасырда салынған. Ағаштан істелген ең ескі жақтары VII ғасыр бұрын істелген.

Зал салтанатты бишілер үшін қап-қара жарқыраған мұз тәрізді. Цементке кокос майын қосып істеген колонналар біріне-бірі ұқсамайды, толған сурет, бейнелер. Тұрғын-

жайларда веранданың бағаналары гранит. Маңдайшада жалғыз тұтас ағаш өнері.

Бөлмелер шағын. Жоғарыға шықтық. Корольдің әулиелік жатын орны — XV ғасыр. Опочивальня ағаш, ойма түбек. Португалецтер тарту жасаған. Төбенің бәрі ойма ағаш. Екінші этажда төсек.

Үшінші этажда тағы сондай төсек. Қабырғаларда фрескалар. Төсектер құдай жайы саналады. Себебі бұл корольдердің өзін құдай санаған. Үшінші этаждағы төсек жанында да темір өшпей от (шар) жанып тұрады. Бұндағы төсек алтындаған. Төбесі — балдахин фрескалар тамаша мол, көбінше Брахма — жаратушы.

Кришна — көгертуші созидания.

Шива — жайратушы.

Шар 500 жыл бойы өшпеген екен.

Патша қатынының төсегі әлпеншекте асылып тұр. Төрт бұрыштағы жібі ағаштардан өрілген, қабырғаларда ілулі миниатюралар, сүйектен ойған қоңыр төсектер, ағаштан ойылған решеткелер.

Ең ескі ғимарат XIII ғасырдағы Малаяна, стилі тамаша, XIII ғасыр колоннасы бар. Ғажап ойылған, тик деген Индия емені тас боп қатып қалған, одан әрі үлкен столовая — лотос гүл қайталап, молайып кездеседі.

Каморийде тамаша, қызық қырқылған ағаш бар. Есесіне оның атын альмаро дейді. Бұнда бананның неше түрі болу керек. Осы ғаламат ағаш барлық қайшылықтың жиыны. Бұнда жыртылған, талқан етілген, ауырған, урод болған, ғазап кешкен, апаттан қалған кескіндер еске түседі. Кейде қайыршы шоқпытындай жалбыраған, кейде әжімді, бара-бара тат басқан, белгі жеген, торыған пішін бейнесі бар. Тривандрумдағы “Гастхауз” жанынан тағы бір жақсы ағаш көрдік. Ол ағаш кең жайылған гүл ағашы тәрізді. Өйткені біз көргенде гүлдеп тұр. Бар бұтағы, кең зор тармағы түгел ақ гүлмен гүлдеп тұр. Түсте біз бұл штаттың иесі, бұрын махараджа болған, қазір әлі де раджа Рачпрамук аталатын әкімде болдық. Кеше оның флигелінде қабылданғанбыз. Мынау жайнаған аласа бойлы, үлкен көзді жарасымды, биік, аса тәрбиелі, мәдениетті адам тәрізді. Ол орамды әңгімелесті. Біздің сапарымыз жақсы, жемісті дұрыс еңбек туғызса деп тілек, сенім айтты. Түсте самолетпен ұшып,

сағат төртте Бангалорға келдік. Онда жарым жұрт авиация заводын аралады. Бірге стансаға келдік.

Дәл түсте, сағат бесте қаланың мэрі, бар жақсылары біз бен футболшыларды қонақ етті. Үй ортасы кең, әсем алаң. Көгал, гүл. Соның жағалауына мол зал ішіндей столдар қойылған. Жоғарғы екі этаж бойы балкон. Онда сыймай тұрған халық. Оркестр әні... Бізден А.А. сөйледі. Жазып алыпты. Осыдан кейін кешке біз журналистерге кеттік. Олар $1\frac{1}{2}$ сағат тосқан, театр іші толы екен. Екі мыңдай. Қалада 8 род., 8 мектеп, 65 муниципе қарайды.

Кешке журналистермен кездесу үстінде концерт берілді.

1. Екі жас биледі. Қыз, жігіт, ел жайында әйелдер биледі.

2. Жылан (кобра) тым қара шұбар. Мұрында зересалпыншағымен.

3. Пілдер, арыстандар. Оқиға тоғайда (би, пантомима).

Басы ақ, паң көз көп ойнайды. Сахнадағы жалғыз биші жистонды ойнап билейді. Саусақтары, кейде көзі, тілі де ойнайды.

4. Балықшы мен қыз (сәл ғана). Тіпті салт биі деуге болады.

5. Халық биі. Индияның ең күшті іскері де осы, оркестр де бар.

Скрипкаға төрттен басқа тағы 11 ішек таққан (19 ішек), көп ішек тартылмайды.

Бұл Индия Шоудиаһ закондат. собран-нің мүшесі. Жасы 60-та. Меңдей боп көлденең үш ақ жолақпен бояған артистка бар. Ондайлар үнемі үш әйел.

Бәрі сахнада жерде отыр. Тегіс жалаң аяқ.

а) Екінші номері тамаша: бір қоңырлау мелодияны жал-ғыз ойнады, күй емес, шеберлікке сай. Ойнаушы тілін де көрсетіп, басын бұлғақтатып, көзін аларта қарап, барабаншымен қатынасып отырды. Көбінше аузы ашық отырады. Күйінде европа ырғақ сезімі бар. Скрипка кейде баяу сезімді, кейде көп ырғақты шеберленіп жырлау кезігеді. Екпін, серпінге де ауысып кетеді. Өте ақырын сыбырға да кетеді. Ішекті ішектер де басады. Астабақ барабан мен қобди барабан қызық мінезді. Қобди тілесе, аса күшті шығып, мазасыз болуға жарайды. Анау үлкен болғанмен, ақырындау.

6. Бізді сахнаға шығарып, мойындарымызға сыйлар,

гүлдер ілді. А.А. аз сөйледі. Бір минут сөйлеп еді. Нашар сөйледі. Біз 8 сағат істесек, бұнда 18 сағат істейді деп күлдірем деп бүлдірді. Ойын жайын сұрасты журналистер. Ал мен артиспін деп те тасыңқырап кетті. Бұл күндер журналшыларға пресс-конф. жасап ек. Онда да жарытқан жоқ-ты. Журналистер одан партиялар туралы сұрады. Дін басына келгенде — азат, еркін болса, шет ел миссионері барып үгіттеуге бола ма дегенге жауап бере алмады. Газеттерді өкімет ақшасына шығара ма, субсидия бере ме дегенге де өгірік айтты. “Правда” мен “Известия” ғана ақша алады деді.

18 февраль.

Түнде біз Бангалордан кішкене вагонға мініп, поезбен таң атқанша жүріп, Майсурға келдік. Бұл штат аты Майсур. Кешегі Бангалор қаласы осыған қарайды. Онда 800 мың халық тұрады. Майсур да үлкен қала. Бұнда өзінің рач прамугі бар. Бүгін оған визит жасаймыз. Майсур өндірісі үлкен, жақсы іс орталығы делінеді. Осы шақта көлденең көптен ойда жүрген бір жайларды ескере кетейін.

1. Сиырлар мен мүйіздері, өркеші, ел өзгеше.

2. Қарға туысы басқа.

3. Қонақ жататын үйлер өзгеше, біреуіне біреуі ұқсамайды. Әр бөлмеде, төбеде желпуіш, үнемі салқын.

4. Төсектерде масақ қана.

5. Ақ кір машиналар.

6. Пілдер туралы. Оларды қартайғанда қоя береді. Жайын пілдер мінезі: көрі піл мен жас піл алысады. Ұзақ алысады. Жеңілген піл жалғыз қаңғып кетеді. Ол сотқар. Адамға да қас етеді. Ондай піл шаруаның мүлкіне де залал келтіреді. Сондай пілді атуға рұқсат.

Өткелде көрген екі піл, Валатхолға бара жатқанда екі піл. Біреуі үстінен кісіні түсірерде артқы аяғын бүгіп көтеріп, үзеңгі жасады. Алдында мінгізерде аяғын тағы төсеген екен. Екі пілдің де бивнясы бар.

7. Бізге бар жерде кітаптар береді. Оларды кейін аудартып алсам, кітап жазуыма көп көмегі болмақшы.

Таңертең біз Майсурдамыз. Гостиницада отырмыз. Бұ да тамаша гостиница. Бөлменің екі номеріне ортақ бір қонақ бөлме бөлмелері. Бір кісілік, екі кісілік болса да, сонша әсем, жайлы. Әйелімен жүрген кісіге қандай

рақат. Магараджаның двореці. Ол қазір сонда тұрады. Қала араладық.

1-карт. галер. 1799 жылы Индияда бүгінгі махараджаның атасы әкімшілігі орнатқан. 25-ші махараджа бүгінгі. Үлкен әкесі, ағасы және өзі 7 жасында.

XIX ғасыр басында жазылған суреттер. 1805 жылы ағылшындармен түскен. 1750 алтын, күміс барельефі. Алтын глинаға жапқан суреті. Совр. худож-ца, әйел суретші, өте жақсы. Бүгінгі Майсур суретшілері. Венкатаппа. Гравюралар. Бангалорда тұрады. Пілге жасалған охота суреті. Пілді судан өткізе қуады. Онда от жағып, қуып қамайды. Қазірде де штатта көп жайын піл бар.

Катахарияны суретке салған. Маскелі құдайлар суреті. Мифология – сыйға келген сурет. Терістік Индия суретшілерінің бүгінгі суреттері. Темпера бар. Акварель. Лакнау мектебі. Моғал мектебі. Раджиор мектебі.

Раджиор халық өмірін, Моғал мектебі сарай өмірін көп суреттейді. (Мағол емес, Моғал). Моғал, Лакнау жер аттары (местность). Бенгал мектебі.

Шантиникатан Р. Тагор университеті, Шантиникатан мектебінің суретшілері.

Лахор мектебі – мұсылман суретші Индия өмірін алған. Индуизм тақырыбы. Темпера, акварель. Масло жоққа тән (бөрінде).

Ағаш, металл заттар сандал ағашының оюы. Майсур тоғайында сандал көп деседі. Құдайлар сандалдан тамаша істелген, жеңіл де көркем бейнелер. Өте сложный ою-нақыштар. Піл сүйегі де сондай шебер (қазіргі).

Арехтен әсем (қара).

Портреттер. Майсур сарайының мрамордан ағашқа сүйек ойған раковиналар ғажап. Піл сүйегінен пілдің шөгіп жатқан бейнесін әдемі істеген. (Қалам петер, дәл осы жерге дейін сия ауыстырмай келіп тоқтасқан, тамаша құрал). 40 бет болды.

Үстіңгі үйлердің ең алды, үлкенінде және махараджалар.

Қытай суреті перламутр. Тағы бір сурет япон резеңкеден. 1900 жыл, масло, адам, ана, бала я қыз. Рави Варма көп сурет салған. Масло мифология, Индия тақырыбы, мәнер...

Бір бөлме – Рерих. Ғаламат, өзінше таулар, қарлы биіктер. Трондар, алтын тақтар көп тұр. Үстіңгі үй – тегіс

фреска аспаптар: қоңыраулы мыс... Ескі музыка аспаптары. Аса үлкен зал. Қабырғалары өрнек. Мұнда қонақ ханымдар тұрады екен.

Екінші сондай бөлмеде фрескалар, пілдер, арыстан, жолбарыс, қабандар. Мұнда үлкен идол. Иран сиыр мүйіздерінде бояу, темір қаптау бар. Тек сурет фрескада алты піл жегілген махараджа көпесі. Майсурдың жалпы көрінісі. Майсур халқы 250 мың.

II Техника институтына келдік. 18-жылы салынған, 300-ден аса студенттер оқиды. Мед. ин-тары раджа, махараджалар, шамараджа Булия деген раджаның атында.

Оқу 3-6 жыл. Оқып болып, осы өндірістен бастайды. Өз мастерскойы болады. Болмаса осы жерде істейді. Выставкалары бар. Онда сатып та жатады.

12-18 дейін жастар кешкі мектепке түсе бастайды.

1. Мурайка ағаш сүйел (мебель).

2. Студенттерді жұмыс үстінде көреміз. Ремес. уч-де, прикладной искусств. Төбесі жабық сарай ішінде станоктар, сонда студенттер дабырлап жатыр. Ауылша тұрақтары.

Слесарь, токарь әзірлейтін істер, әр түрлі деталь жасау, упроченный қоланы, қорғасынды кесіп жатыр.

Шива (музей) копия жасаушы суретшілер, күмісті шабу. Резьба бұйымдар он бес жыл оқиды. (Ремесл.-худож. школа, орынды күтіп жатыр). Тоқуға үш жыл оқиды. Тросниктен тоқиды. Талай нәрсе істейді шеберлер.

Тегіс оқытады. Стипендия 3-12 рупийге дейін.

Ағаш үйлерінде тұрып оқиды. Общежитие жоқ. Мебель мастерскойы боп кетті. Мастері, конструктор, электрі бар арнаулы. Бірақ европаша верстак жоқ. 1/2-3 рупий күніне алады (жұмыскер). Худож. цехтары бар, скульптуралар бөлімі, лепка инструкторы бар. 20 жыл тәжірибесі бар адам оқытушы және бар. Жап-жас балалар жақсы үйреніп қалған. Инструкция бөлімі. Піл сүйегін көбіне ұстара, кескішпен жонып, қырнап жатыр, анық шеберлер осыдан шығатын болар кейін. Суретті суретші береді. Бұлар істейді, балалар, әрине, ниеті бар, кескіш, қырнаушылары бірдей.

Эмалиров. гравюрная. ...худож. живопись. “Майсур жібегін киіңдер, тек Майсур жібегін” деген жазу бар. Студенттер еңбектері — сурет портреттер. 3-курс оқушыларының ісі. Олар бес жыл оқиды (әлі жас).

Выставочн. залды айнала жүрдік. Тоқыма мебельдер жайлы, жақсы үлгілі. Бұл ин-тан маманданып шыққан адамдар кейін үлкен мастер болуға шебер, іскер, қымбат ұста, өнерлі бұйымдарды жасаушылар осылардан шыққан. Оқытатын орын бар, сонысы үлкен өзгешелік.

Сиырлар өтіп жатыр, шалқақ сұр, қалқақ мүйіз, аша мүйіз (үшкір), қағар мүйіз (жатқан мүйіз), алға қарай ойыса көлбеген, артқа қарай кесілген.

Қол өндірісте күміс, сталь, ағаш, мыс — бұларда бұрынғы тәжірибені оқу, үйрену, сақтау бар. Технолог. прогреске ілгерілеу жоқ. Баяғыша қол, сол аспап құрал. Бұнда ескі дәстүрді сақтау өзі мақтан. Айтпақшы, былтыр Майсорда охотамен 75 піл ұстап сатыпты. Піл 3-4 мың тұрады. Ол жүк көлік.

Жазушылармен кездесу. Канери тілінде 20 миллион. Тамила тілінде 27 миллион. Малаям — 15 миллион. Келенго — 30 миллион. Бұл тіл канери тіліне жақын. Малаямда 65 процент грамотный. Канериде 20,5 проц. Кришнан Шандрды біз білмейміз.

Аудару туралы сөйлестік. Олар һинді тілін онша құптамайды. Ол жас тіл.

Сандал майын қорытатын фабрика. Кесілген ағаш тамыры, бұтағы, бойы (ствол).

1. Ағашты ұнтақтау (қолмен машинаға кеміртеді), жаңқалайды (қолмен).

Дробилка. Ұнтақталған, жоғарыда еленеді. Майды айыру ыстық су араласады. Майлы ағашта 6 % май бар.

Төменге сумен араласып май ағады. Май үстінде соны қалқып алады. Кейін судан айырады. Сабынға да қосады.

Шикі май, өйткені примесі бар. Содан тазартады. Тазарту бөлімі. Лаборатория, тазарту. Май ашық сарғыш.

25 қадақты темір қалбырға құю. Ең жақсы май, осыны жедік.

200 жұмысшы 200 кило суткасына шығарады. Дүниедегі ең үлкен фабрика. Ақы айына 40...

Енді жібек фабрикасына келдік. Шелкомотальн. нитки әр түсті. 55 әйел, 150 еркек, 8 сағат жұмыс күні. Шелкоткацкая: жібекке күміс қосып тоқу, алтын қосып тоқу. Тканьдер.

Кей станоктарды Майсурда жасайды. $1/2$ рупий ақы,

качтар ақысы, обработ. цех. чай, 1400 ярд төрт сағат жатады. Бояулар химические кислотные, сари жасайтын бөлімдер (жібек креп). Толып жатқан жібек, күмістелген, алтындаған өрнектері бар. Бір ярды 4 рупий.

Пілдерге келдік.

Үлкен піл бивнясында үш-үштен жез сақыда шөп, пішен жеп тұр. Алдыңғы жағы, көз тұсы, тұмсығы тақыр. Алпыс жаста — таудай. Қорада басқа он шақты піл бар. Бәрі көп, кіші бивнялары жоқ.

15 күн бұрын ұсталған кішкене піл кеудесінен, артқы аяғынан тас бағанға, шойын бағанға керіліп байланған. 5 жаста. Алдыңғы екі аяғынан, артқы екі аяғынан байланған жас пілдер тұр. Тіпті алыста біреуі байлаулы, ол екі жасар.

Бір жас піл өкіре ақырды. Бұны балаларды мінгізіп үйретіп жүр. 3 жаста. Бұны да жас күйінде ұстаған.

Үш айлық ең кішкене пілді көрдік. Шешесіз қашып кетіп, бұл ұсталыпты. Қолды емеді, жылай береді. Сипағанда жүні қатты.

Пілді айдағанда багормен айдайды. Ол кішкене қол шоқпар тәрізді.

Бір асау пілді жығып керді...

Біз плотинаға келдік.

Осы өзенде құдай әйелдің суреті кешкі жарықпен бірге плотина қабырғасында жарқырайды. Плотина 3 километрден артық. Соның ұзын бойы қос-қос шамнан. Бір әсерлер — ағылшын үлгісіндегі паркте тамаша қып салған 3 үлкен оңаша сарай да тұр. Ең биік верандасынан кешті аңдатып отырмыз. Төменде фонтандар. Әсем ағаштар — қызыл бояулы жарықтар. Сатыр-сатыр кашал, қызыл тас, қызыл топырақ, аспан, бұлт, оның реңі кешпен бірге ғажап қызыл сиреньге ауысыпты. Ғажап түстермен, өрнектермен оттар жанды төменде.

Парк аты Бриндаван. Ол Кришнаның сотқарлық жасайтын бағының аты екен. Жарықтар да ұршық тәрізді, павильон үлгілі, дарбаза порымды. Жасыл, қызыл, көк, оранжы, сирень түстерде.

Төменде кипарис, туя, қызылды көкпен көмкерілген. Қызылды алтынмен көмкерілген бұл отель “Кришна радж Сагар”.

1912 жылы бастап, 1930 жылы бітірген плотина... Бұлт батыс жақта қара қошқылданып өзгере береді. Ауыса береді. Жел (самал) шықты. Рақат.

Ертең сенбі күн. Сомюворот – қыс пен жаз алысу мейрамы. Өйткені ол күні жұрт бірін-бірі қызыл бояумен бояйды. Бір шақта Неруді де қызылмен бояпты дейді. Төменде мыңдап иллюминация, сонша бай. Халық мейрамына қарсы жақсы салтанат бүтін біз үшін жағылған.

Алтын сары жарық астында кейде иілген фонтан суы алтын арқан тәрізді көрінеді. Кейде шошақ туя ағашының төбесінде күйлі самал, салқын, рақат. Жел әсте жайсыз емес, жұмсақ еседі.

Парк екі жаққа қайқайған. Ортасы егіс. Екі жақ жағалы, фонтаны, жарықтары жарыса құлай барып, ортада төмендей түседі.

Ұзын жырақта плотина үстімен созылған қос-қос фонарь, әлдеқалай жорытқан мифология, әулиелік хайуанның өзіндей.

Түн түсті. Айнала бақша қап-қара барқыттай болғанда, жарықтар, фонтандар мүлде ертегідей сәнденіп, сиқырланып кетеді. “Бақиран” самал салқын, рақат.

Фонтанның кейбірі биік шапшыса, шашыла көлбей құлағанда, соны кейде көк, кейде қызыл бояумен араласа өзгертіп бояп, құбылтып, өзге түсті тыныс алдырып тұрады. Бұл әсем парк, ғажайып жай.

(Айтпақшы, бұл провинцияның орталығы Бангалор, ал махараджа Майсорда тұрады. Кейін махараджа ... көп халық, көп өлкені билейтін де болған. Мысалы, Кочин, Трасвингар екі князьдық еді. Қазір бір-ақ провинция).

Жарық верандадан барғанда, қазір түнде аспан да, жер де қап-қара, төменгі парк сыйымдана, топтана түседі. Ал жер, аспан қап-қара. Су тамаша канал болғанда биіктен ойға қарай ұдайы төрт бақ квадратпен сатылап ағып, түсіп жатады. Қызыл тасқа бөленген Майсурда бұл парк мақтаныш. Әрине, Англия үлгісіндегі парк. Бұл жердегі ағаштар тағы қызық. Жуан, тармағы көп, бозғыл, биік ағаштың жапырақтары ұп-ұсақ кестедей. О да, төменнен қарасаң, ажур нақыстай.

Өзен тірі зат деп священник Суприво саналады. Сондықтан құдай бар.

Бір ой. Аз уақытта қанша көп жер көрдік. Қатынас, техника ғажабынан болмаса, бұрын келген адам осы бір көргенді көргенше жылдан артық жүрер еді. Біздің замандағы адам өзі қалай тездетіліп, нығыздалған. Соған орай бүгінгі адамның көргені мен білгені де молырақ, өнімдірек болғаны-ау. Кітап басына жазам деген ертегі-кіріспе әңгімеге, қырық күн ішіндегі көрген ертегіге осы самұрық қанатындай, мезгіл машинасын да қосу керек.

Сари 70-80 рупий тұрады екен. Сонда тіпті айына 120 рупий тапқан мастер де қырмайды, ал көпшілігінікі 40 рупий.

Өзен аты Каверн, оның құдай әйелінің аты да Каверн.

19 февраль.

Түнде Майсур плотинасындағы отельде кешкі асты ішкен соң, алты шақырымдағы Майсурға қайта келдік. Алда тау, басында әсем ерекше бір көрініс болды. Алдағы тоғай-бақ басқан қоңыр таудың дәл биік төбесінде бір үлкен үй аппақ, жарқырап тұрды. Ол жалғыз оқшауланып, төбеге шығып, биік қарап асып, бойлап тұрған махараджаның осындағы үлкен сарайы. О да ғажап. Қоңыр таудың жотасын бар ағаштан асқан электр жарықтары ұзын жота бойында көктеп өтіпті. Төменірек, сарайдан екі жаққа қарай созылған қоңыр таудың екі бетіне қарай тағы да көктей жортып жарық кетті. О да бар бақшалы, тоғайлы қоңыр бұйра құламадан биіктеп шыққан жарық шамдар арқаны.

Поезға сағат 10-да міндік те, түні бойы жүріп, таң ата Бангалорға қайта келдік. Бұрын өзіміз түскен әсем отельге қайта түсіп, екі сағат жатып тұрдық. Қазір таңертеңгі шақ. Ас ішіп ап, біз бүгін Бангалордың өзін аралаймыз. Осы штаттың орталығы, 800 мың халқы бар Бангалор да ешкімнен сорлы емес. Қай мемлекетте болса да, пайтақты болуға мейлінше, осы тұрған қаз-қалпында жарай алады. Өйткені салынған сарайлар, әсем жайлар және де біріне-бірі ұқсамайтын, XX ғасыр ортасының жеңіл, жәйлі, көзге көрікті, көңілге қонымды, қызықтыра тартатын, бір реалистермен үйлескен, жарасқан ғимарат жайлар көп. Әсіресе особняктар. Кейде бір қабат, кейде екі қабат. Әрқайсысы өзінің сол бір қабаттығы, немесе екі қабаттығымен айрықша әдейілеп, өзінше оқшаулана білген жайлар. Дүниеде, бар қалада бір қабат, екі қабат үй деген соншалық мәлім. Көз таныс үйлер болса, мына

әрбір жалғыз да, екі қабат та сол қалыптармен сәнденеді. Осы жақтың үй салтында сондай ізденгіш мәдениет, үлкен вкус, талғағыштық, сән түзегіштік бар. Бір Бангалор емес, тіпті Карахиждың дипломаттар кварталынан, Делиден бастап, барлық біз көрген (Калькуттадан, Шитбургардан басқа) қалаларда көзінді еріксіз көңілдендіре тартатын үй көріністері бар. Бұл бір өзінше қызық, ескеретін, стандарттан, коробкадан қиялы аспайтын архитекторлар ескеруге лайықты мәселелер.

Телефон заводына келдік. Бұл мемлекет өндіріс орны (отделениесі). Бұнда әйел көп. Жұмысшы 2800 адам. Бар адамы Индия халқынан. Бір қыздың айлығы 80 рупий (170 әйел). Автомат стансалар бөлімі, гл. инж. ақысы 1200, бас инженер – 250-300 рупий. Бес жыл бұрын салынған.

Жылдық, айлық план бар. Жапа-жалғыз фабрика. Штамп теседі. Екі столовой бар, бірі жәй, екіншісі – вегетариан.

Бір обед – 6 анна (қымбат).

Цех для деталей аппаратуры. Әр жұмысшы 3-4 аппаратта істейді. “Помогите нам, поможем вам”, “Грязные руки портят питание” (ұрандар) – адамдар аса таза, аппақ киінген. Әдейі әзірлеген тәрізді.

Бұнда ремесленный школ тәрізді – тәжірибе ететіндер. Машиналар Англия, немістікі. Мектептен алып оқытады. Қызметкерлері өте жас. Бес жыл болған жастардан, балалардан алып үйреткен. Бұнда оқыған қызметкерлер көп. Бұнда ортаға жуық оқумен түсу керек. Мектепте 9 жыл оқып келеді.

“Руками реле не лапать”.

Конференц зал – кеңес фильміне келдік. Үстелдер палисандр ағашынан. Директор әңгімесі. Жұмысшыны 49-жылы Англияға жіберіп оқытқан. Барлық жоғары мамандар почта-телеграф қызметкерлерінен ағылшындар бірнеше адам болды. Қалғандарды осында оқыттық.

Негізгі капитал мемлекеттікі. Азғана жәй капитал қосу бар.

Жас тәжірибешілер стипендия тәрізді көмек алады. Оқу (жылдары) мезгілдері әр түрлі. Бұнда кешкі оқу да бар. Спорт тағы бар. Кітапхана, кружоктар, профсоюз бар. Онымен келісіп істейміз. Саны қанша екенін айтпады, қанша адам союзда екенін айтпады.

65 рупий ең аз ақы (мамансыз қызметкер). Максимум — 230 маман жұмысшы (ең жоғарғы). Командирлер — көбірек алады (45 сағат жұмыс). План бар. Толмай келген.

Міндеттері: сүт береміз, кейбіріне ақысыз дәрігерлік көмек.

Бұнда істелетін аппарат Индияға жаратылады. Кейбірі осындағы инженерлер чертежімен істеледі. Қабылданған предложениелер үшін ақы төленеді. Айына екі маман қызметкер суреті қойылады. Фабрикада журнал да шығады.

Директор, инженер, ескі колледжді бітірген.

Р... (колледж) должны самоокупать.

Институт науч. исслед. Химия, физика, питание, технология, ферменты, техн., научн. связи, энергетика, электроэнергетика, гидротехника. Техника высоковольт. передачи. Аэронавигация — исследования с аэродинамикой, авиастроение. 150 штатных научн. работников, 370—380 аспирантов. Цель задачи — научн.-исслед. деятельность в указанных отраслях. Библиотека — есть научн. журналы всех стран. Автономен, научный совет определяет тематику. С Академией наук нет связи. Связь с предприятиями есть. Помощь некоторым. Пример — в авиастроении устойчивость, подвижность, маневренность — за теорет. обоснованиями обращаются сюда. Задачи двухсторонние — научн. обоснован., второе — кадры готовятся здесь. Из 150 ученых связаны с предприятиями 75—80% — они члены технич. советов, консультанты. Аспирантура из ун-тов (разных) объявляет свободн. вакансии.

Профессорлар үйлері осында. Ескерткішті жасаушыға 200 миллион стерлинг берген бай — Тата. Стальлит. өндірісті өсіруші осы.

Бюджет: орталық 2. 700 000 рупий өкімет береді, 2100 мың өкімет береді. Штат өкіметі тағы қосады. Тата капитал қалдырған, жылына 400 мыңдай кіріс береді.

Аспирант 180 рупий жылына төлейді. Үш түрлі стипендия бар, 70-120. Институт өзі төлейтін, штат төлейтін, өкімет төлейтін стипендия бар. Осы ақшадан айына 150 рупий оқу үшін төлейді. Ауқатты адамдар стипендия алмайды.

2-3 әйел оқытушы, 18-20 аспирант әйел. Общежитие екі бөлек. Институт жерінде тұрады.

Ғылым атағы әуел магистр (ассистент дәрежесі). Келесі саты — доктор философ., член совета учен. — үш жыл. Тағы үш жылдан (алты жылдан) соң действит. член совета болады (доктор наук). Жалпы индиялық атақтар болады. Ғылым дәрежесін беретін — сенат профессорлар ғана. Жалпы қарайды. Содан экспертке беріледі. Содан барып сенат басқарушы советке өткізеді. Бекітетін — Индия президенті доктор Прасада.

Бұл жапа-жалғыз институт. Бәрін айтқан ғылым хатшысы — Прату. Профессор 1200-1500 алады.

Сұр түсті жұқа әскерлік бұлды көбірек киеді. Терістіктегі қызғылт бұл орнына әр уақытта жастар, мына институтта ғылым адамдары киеді. Фармакология, биохимия оқытылады. Айтпақшы, Бангалор көшелерінде тамаша гүлденген биік ағаш көрдік. Ол синия акация екен.

Біз атақты Рамон институтындамыз. Рамон — Академия президенті. Нобель премиясының лауреаты. Өзі қарсы алып (әйелімен оны директордың директоры деп жалпылады), Бангалорды айнала көрсетті, верандадан. Бұл Бангалордың ең биік нүктесі — мың фут. Аузын алақанының сыртымен басып, қарқылдап күледі. Кейде өзі де өлең жазады екен. Екі өзеннің қосылғанын айтады. Қап-қара басында кішілеу аппақ тюрбан.

Чертеж залы. Алда қара тақта қабырға да, орындық та аудитория тәрізді. Тақтайда есептер жазылған. Ол өзінің қызметін мамандарға осында жазған екен. Бұнда меруерт, алмас, опал — бәрін бұл кісі оқиды екен. Қалжыңдады, өз бюстін көрсетті. Төрт жағында төрт тілде аты жазылған. Әр шрифт, сол туралы қалжыңдады. Қиыншылық — тіл жөнінде. Ағылшын, канари, санскрит, тамил. Тамил тілі әйелімен сөйлесуге (күледі). Тастар, кристалдар бөлмесіне әкелді. Аметисті (уыстап алды). Югославиядан келген кристалдар. Бәрі поэзия дейді (Рамен). Толып жатқан қоңыздар, көбелектер коллекциясы. Кітапхана, өзі сыйлаған коллекция. Бар мамандық бар. Жақсы бір бөлмеге әкеліп, жақсы бөлме, махараджа бөлмесінен кем емес деді. Үстел квадрат (төрт жағы бірдей). Бұдан бұрын жаңа болған институтына тартқан тамаша дөңгелек үстел болып еді. Мына үстелдің ортасы үлкен қара тас тәрізді. О смысле жизни Дюран англ. учеб. кітап (1932 жыл). Сонда Ганди, Неру, Рамон жауаптары бар.

Ганди тамилше жауап берді. Неру өзінің болған қалпынша айтты. Осыдан 23 жыл бұрын Дюран жазған. Ганди өлгенде орнын бірі басады. Ол Джавахарлал Неру деген. Неру туралы тамаша айтқан Ганди.

Өзі өмір мәні туралы айтқанын сұрады. Дін, ғұрып пен тола мәнге ие еңбекте, еңбектенушіге көмектесу. Сол мұратқа еңбекпен жету. Бұл кісі опалдың секретін тапқан. Толып жатқан тастар коллекцияларын көрсетті. Аяғында өзінің қараңғы лабораториясына кіргізіп, люменценция сырын ашты. Ультрафиолетовый лучтың длинный, короткий волналары арқылы талай тастарды жайнатып, ғажайып ертегі сырын ашты.

66 жастамын. Әлі істеп келемін. Бәрін өзі істейді. Тек азғана помощниктері бар.

Барлық дүниедегі сұлулықты ол оқиды. Екінші цвет — это физика. Зат сұлу ғана емес. 3-4 года изд. был в Англии, обратил внимание син. цвет Средиз. моря ... там причины всех последующих изысканий, все от того, что море показано прикрашенным по химич. промышленности существует...

Сіздер оқымысты болсаңыздар, ондай помещен болмас едім. Сіздер бескорыстно келіңіз. Ғалым бірдеме біле кетем деп келеді.

Біз түске премьер-министр қабылдауында болдық. Бірталай тайталас сөз болды. А.А. қаржасты.

Кейін “Об-во словестности” дегенге келдік. Қарсы алу, келе дәм-шай, концерт аз ғана. 1. Әуелі ақын өлеңін оқыды. Әндетіп микрофон алдында, канери тілінде дін тақырыбында. Дін сарынды өлең жиылыс бастайды. 2. Канар молдасы, қалпесі тәрізді киінген ақын манго ағаштың жөнінде лирикалық өлең оқыды. Санскриттен канериге аударғыш. Аты Субраманья Шастри. Виси деген атақты жазушы прозаик, новеллист жазушы да болды. 3. Ағартушы-мәдениет ісінің бастығы (бақырауық) әйел әні. Көрші әйелдің айтуынша, бұл қоғамда аударушылар бар. Ағылшын тілінен канери тіліне аударады. (Канери тіліне орыс жазушыларынан аударылғандар Горький, Маяковский, Достоевский, Тургенев). 4. Раджама — әйел ақын да әнші, сол күй шалып, ән салды.

Виси сөйлеп тұр. Бізді дос санайды. Біздің Академияға

келгеніміз жақсылық, құрмет дейді. Академияның мүшелері мыңға жуық. Біз совет елінде болып жатқанды қатты ықыласпен ұғынамыз, білуге тырысамыз. Біздің оқымыстыларымыз орыс әдебиет мәдениетін қатты білуге тырысады. Пушкин, Гогольден соң өскен әдебиетке біз өте құрметпен қараймыз.

Біз Блокты білеміз. Орыс музыкасын сүйеміз. Одақ табыстары кімге мәлім емес. Ортамызға төрт лауреаттың келгенін де құрмет көреміз. Бұнда штаттың ғана емес, бар Индияның художнигі отыр. А.А. жауап сөйледі. Бізді жақсы таныстырды.

11 февраль.

Сағат алтыда қала әкімдері, тағы да премьер бастық болып бақшада шай іштік. Түрегеп жүріп бөлек-бөлек әңгіме болды. Біреуі әдебиетші, жауапты мансап иелері менімен әңгімелесті. Аударған кітабы Л. Толстойдың “Казак” екенін айтып, мені сол ма деп ойлаған әдебиетшімен әңгіме болды.

Орыста Гогольден соңғы юморист кім дегенде, Салтыков-Ш. айтсам, мүлде білмейді, есітпепті. Екіншіден Алексей Толстой деп түрін атасты.

Содан кейін біз Индия-Совет қоғамында болдық. Бұнда ең алғаш рет сұрақ-жауап ретінде берекелі кеңес болды. Еркіндік туралы, газеттердің правосы, тәжірибесі, қаражаты, журналистің еңбекақысы туралы сұрақтар берді. Халық арасында кітаптың, білімнің, өнердің қалай тарауы жөйін шындап сұрасты. Орыс тілі зорлық етуші, еріксіз міндет ретіндегі тіл емес пе деп сұрасты. Газет партия пікірін айтады, айтуға міндетті, бір мінезі ұқсайды сондықтан. Және газет сонысымен қорқытады. Мысалы, “Литер. газетадан” жұрт қорқады. Эренбургты сынапты, содан ол қазір жаман халде қалған тәрізді. Қысқасы, жаулар баспасөзі Эренбургті өзінің қорғауына алмақ болған сынды. А.А. жақсы, тура, дұрыс жауап берді. Сөзге мен, Яковлев, А.А., Завадский, Ашрафи бәріміз араластық. Бүгін таңертең күншығыс ғажап қызарып, тамаша сұлу таң атты. Біз самолетпен Хайдарабадқа ұшқалы отырмыз.

20 февраль.

Хайдарабад бас министрінде болдық. Бойы баладан ап-аласа, қасы буырылдана бастаған, қолдары сояудай,

көзі шүңірек. Тастың астына тығылып алған, әуре еткен. Аз әңгімелесті, өте әдепті сөйлесті.

Шарминар деген мұнараларға келейік. XVI ғасыр туындысы. Мандайларында мұсылманша каллиграф жазуы қашалған. Хайдарабад купол үлгісі, сол ақ, ескі замандарға тән емес, жаңа салынған жоғары сот үйі. Бақтар мен дарбаза, бәрі де басқа ірі жайларда ылғи купол боп салынған. Сылақ әсемдейді. Бұнда 18 % мұсылман, тілі көбінше орда тілі. Бізге орда тілімен индустер де сөйлейді. Тек мұсылман ғана емес, 80% халық индустер. Хайдарабад низамы 65 жаста, бұл бұрын өте бір ақшалы адам. Көп алысқан өз князьдігі үшін. Өзі ғаламат бай, айыбы сол — қатты сараң. Өзі және ақын дейді.

Қазір ол өзі әлі де рач прамук. Бұл қалада рикшалар жоқ. Велосипед мінген рикшалар. Жәй велосипедтермен жүрген адам ешкідей көп, қаптап жүр.

Госпиталь Осман мемлекеттікі.

Машру (макамасында) қызмет аты осымен алынған, ескі сарай. Анық рыночный елде ғана. Гала колледжі көп купол. Больница осымен бәрі екі үлкен, көп купол.

Күтін жай жақсы үлгідегідей. Он миллион алады екен. Махараджалықты атқара бергені үшін. Сұлтан базар — индустар тұрады.

Жаңа қала, көше тар. Брахманың сарайы, сыры көне. Ескі сыр және қатарында ұлдары мен қыздары тұратын сарайы. Парламент мүшелері тұратын үйлер. Жаңа район.

Көл, фабрика (киім).

...Сеттльмен болған үйлер үлгісі өзгерді. Ажарлы. Ескі басқа король көшесі. Телефон станциясы. Тағы кино.

Мұз фабрикасы.

Мектеп, әскер бекзаттар үшін. Ірі феодалдар сарайлары. Үкімет қонақтарына үй. Министрлер үйлері.

Таулар. Жаңа район Манжара тауы (Бағжара).

Денсаулық министрінің өз үйі. Үлкен сарай, тасты төбелер, көп қарадық. Жеке үйлер тастар, қойтастар арасында әсем сарай. Бір жағы көл (жеке байлар үйлері).

Бұрын казарма болған, қазір галлер... Пенджаб деген (урду) ел қолында тұратын болды. Кедей, нашар, көше тар.

Низамның үлкен ұлының сарайы.

Осман больница, Осман университет — бәрі де Низамның атынан аталған. Баяғыдан махараджа — индус,

низам, мұсылман. Біз машинамен қаланы аралап шықтық. Көп араладық. Жоғары екі бет шамасындай шала жазулар машинада жүріп келе жатқанда жазылған жолдар, беттер. Есте қалу үшін түртілген белгілер.

Үкімет қонақ үйіне біз А.А. екеуіміз бір бөлмеге кеп түстік. Бұ да жақсы жай. Төсек екеу болғанда, біреуі ғаламат кең де, екіншісі жай, қалыпты көрінеді. Еркек-әйелдің бір жататын, айырылып жататын жағын ескерген. Төбеле-рінде бұнда да пашахана.

Бұл номерден үш бұрышты веранда тәрізді бөлме бүйірге шығады. Оның алды ашық, үсті жабық. Сол верандадан ғажайып әсем ағылшын үлгісіндегі парк, одан әрі көл көрінеді. Қаланың сол көлді айналған бөлімдері де бар. Байлар, министрлер, Низам ұлы — бәрі де әдейі көл жағалап салғанға ұқсайды. Олардың бақтары бар. Кей тамаша үйлер кең, күн түспейтін қойтас, шоқыр тастардың ортасына әдейілеп салынған.

Сағат 2^{1/2}-да. Күндіз. Үнді-Совет қоғамының адамдарының бірінің үйінде кездесу. Жеке адамның тұрғын үйін көргеніміз осы. Үйдің ішінде кең диван, жайлы орындықтар. Қабырғада кітап шкафы ойылған, беті шыны.

Директор — бюро информашы — осы мәжілісті жасаушы. Мырза Аббас — екінші судья. Доктор қолы (дәрігер). Ақысыз көмек етеді.

Шоули — қоғамның жаны (Шоули).

Мырза Сексена халық қамын жоқтайтын қамқор басшысы. Ханым Розы Союзға бармақшы еді, паспорт ала алмай қалды. Ханым — Хазанның әйелі. Баласы — колледждің студенті.

Үйде ортада екі кішкене орындық, аралары кішкене аласа үстелде бұйық ел, жер бейнесі тұр (бұнда кең аласа тақта). Терезе жақта — алдында қоладан істелген кішкене мүсіндер бар. Құдайлар болу керек. Шамдал екеу. Жез. Бұранда.

Полисандрдан кішкене піл. Отыратын орындықтар тоқыма (плетенка), есік пен терезелер (бір қабырғада) жалғасып тұр екі жағынан. Темір сирек решетка бар. Солардың жоғарысында кестелі қызыл мата ілінулі тұр. Одан жоғары — дін тақырыпты сурет. Үш әйел бұттар

алдында намазда тұрғандай, сыртымен берілген. Бұл кітап шкафтарының үстінде және кішкене кестелі шүберек ілулі, оның жоғарысында тізесіне жүгініп отырған, қос қолында лотос алып, пұтқа созған намаз үстіндегі әйел. Үстінде бояулы киімдер бар.

Бұл үйде радиоприемник. Төртінші қабырғада екі жерде кестелі үлкен шүберектер бар. Еденде кілем, үлкен. Еден тас. Кішкене миниатюра болса да, сурет пен сөз құдайларға байланысты. Мифология тәрізді театр жөні ескіден келеді. Секреттен басталады. Қазірде де халық ескі традицияны қостауды мақұлдайды.

4-5 үлгілі театр жасау қиялынан ашылды. Алдыңғыдай веранда, дөңгеленген. Онда өзінше тіке ағаштан жасалған. Сирек-сирек етіп салған. Анда-санда колонналар кездеседі. Ай тәрізді дөңгеленген үй.

Хайдарабат университет. Ректор заман туралы, ол натурфилософ дейді. Түстер мен көк желектер. 3 мың акр өзіне беріскен жері (үлкен).

Факультеті — гуманитар., ест., хим., биол., техн., с/х фак., ветеринар., общеж. студентов, дом профессоров. 12 тыс. студентов, 2 тыс. девушек, около 3 тыс. студентов живет на территории ун-та.

Здесь 3 тыс. пат., что это студенты старших курсов. Ун-т үйі — стилі көп мемлекеттікі. Өзінің стройматериалы бар. Месторождениелер, промыш. бағасы бар кендер. Ун-т открыт в 1918 г., профессора — есть свои и получившие образование за рубежом, в Англии, в Германии, Франции (Индию изучал в Германии).

На языке 90 проц. ағыл. Начальные курсы и гуманитарные на хинди. Для практики с/х большая ферма 200—300 акров. 200 проф., из них 50—60 докторов наук.

Вице-канцлермен әңгімелестік.

1. Биология факультеті. Насекомые — очень вредные для растен., проект назван Титлер...

Гельминтолог — Скрыбин аты атақты, соған арналған бұл ғылым синг. Ең үлкен кобра.

Оқу үшін 120 рупий төлейді. Студент, 30% студенті стипендия алады.

Кітапхана — 111 мың түр. Стеллаждар темір. Читальный зал — 300 кісі оқи алады. Азғантай орыс кітабы бар. Айбек

бар. Бертельсті біледі. Ражковский кітабы ағылшын тілінде. “Совет. лит-ра” деген журнал ағылшын тілінде, сонда менің мақалам бар.

1. Философия.

2. Лингвистика (ориент.).

Парсы, араб, урду санскрит. Қазіргі Индия тілі.

3. История: древняя Индия, спец. отд. араб, персидск., старинные манускрипты.

4. 6 мың рукопись бар. Қызық қымбат Махабхарата қолжазбасы.

Ең ескі Индия жазуы, құрышқа (сталь) жазған дейді. Бұл пальма жапырақтары, құрыш емес, жазылғанда құрыш қаламмен жазған.

Әрине, Даспер (Жаспер) Зайиярдиан. Кубатура центр корпусы: 250х250, актовый залда 600 аршын, балконымен мың кісі сыяды.

Академия мүшесі вице-канцлердің өзі ғана.

Әйелдер колледжі. Алғашқы, орта, жоғары білім алып тоқтайды. Болмаса ілгері тағы екі жыл оқып, ғылым тамамдайды.

9 мың студент Хайдарабадта. Стипендия ең жақсы оқытындарға беріледі.

Түсте бір қала бастықтарымен ұшырасу құрмет мәжілісінде болдық. Онда аударушы Вета арқылы мен қызық мәселелер туралы сөйлестім. Бұл адамдар үлкен орын иелері, министр дәрежелі кісілер. Штатта тіл төртеу: урду, келегу, марати, канеде. Кеңсе қағаздары министрлікте ағылшын тілінде, аудандарда өз тілдерінде, өзге халықпен қатынас әр тілде. Сот ағылшын заңымен. Дін, ғұрыптар шеткері қалады. Семья, мирас, басқаша жайлар бәрі ағылшын заңынша. Мектептер арасы да қызық. Ағылшын тілінен құтылу оңай емес.

12% грамотный, ағылшын тілін бір ғана процент халық біледі.

21 февраль.

Біз Аджантаға автобуспен 3 сағат жүріп келдік. Қызмет вагора (марати) тілінде. (Вагора) Ваң — жолбарыс. Бұл тауларда жолбарыс әлі бар. Судан әрең өтті. Жол ұзын, бірқалыпты тау жоталарымен жүрдік. Кейін Аджанта қыстағынан соң ғана жол тақады. Айналып өрлеп құлдай,

көп оралып, биік құз жағадан, карнезден оралып, шимай салып жетті. Содан соң жаяу шықтық. Міні, бар пещералар көрінді. Жол тас асфальт, Холтранар салған, өте жақсы жол. Жағалау жақта үй бар. Басқыштап та кетеді.

Археолог Айде уланнның әңгімесін тыңдап отырмыз. Индия мәдениетінің геройлық тарихының ескерткіші. Тарих біздің ғасырдан бұрын екінші ғасырда басталған. Ескі лебізінде жазу белгі баяндайды. II в. д.н.э. Содан біздің ғасырдың VII ғасырына дейін қаза беріскен. VII ғасырдан бастап буддизм әлсірей бастайды да, пещералар тозып кетеді. 1819 жылы бір топ солдаттар аңға барып, осыны табады. Олар пещераға кіріп, суреттерді көріп, Ост. Инд-ға білдіреді.

Компания сол хабарды Ферпосол Англ. королевский об-во гилл мәжілісіне баяндама жасайды. Майорларды жібереді. Ол көп мәліметтер жібереді. Репродукциялар, білмегесін олар өртеніп кетеді.

Екінші сурет — гриф, оның репродукциясы да өртенеді. Брама — ол кітап шығарады. Живопись индийских пещер деп аталған. Леди Хернгом жазады, басқалар да жазып шығарады. Әр шақта Оксфорд ун-тің еңбектерінде жазылады.

1914 жылы Хайдабарад археологиялық об-во босады.

Кейін 1950 жылы пещералар Индия өкіметіне күшті көп көңіл бөлінеді. Фрескалар қойыс бастайды. Италия, Чикони, Орисино 50 мастері көмектеседі. Бұнда 29 үлгі бар. Суреттері (живопись) әлі жүз жыл сақталуға жарайды.

5 үлкен будда храмдар, қалғандарында монахтар тұрған.

Ұзын кильде суреттер бар. Бізге ең жақсылары 1, 16, 17-ші номерлерде. Ескі үңгірлер 8-ші, 13-ші номерлер (17 ғана, олайы несі). Оларда архитектура, скульптура, живопись, декоративн., портрет. животн., фрески.

1. В декорат. — растения.

2. В порт. — Будда и ученики.

3. К истории жизни Будды — жатика.

Біз бірінші үңгірден бастаймыз. Вулканическая порода (трени).

Ең әуелі фриздейлер, Будда өзі, соғыстар бесінші ғасыр (біздің ғасырша). Көрі қызметкері.

1. Первая пещера — Могленике, над входом — растения

(одна сторона). Бихара или монастырь — бұл да проповедь оқылған, ортада зал айнала тұрушы монахтар. Бұрын бұл қазіргі ун-т тәрізді болған. Залда көп колонна бар. Бұндағы Будданың жүзі әр кезге қарай әр түрлі өзгеріп, жарық бергенде, Будданың отырған, өсиет айтып отырған дағдылы қалпы көрінді. Төменде екі киік. Бенарестегі бұғылардың бұндағы бейнесі. Дөңгелек правосудие. Кірпік тәрізді суреті бар. Жарығы өзгере береді. Түсі де өзгереді. Будда өзінің екі қызметкерімен суреттеледі. Ерте кезде бұл скульптура бояулы болған. Ізі қалған.

Жоғарыда ұшып келе жатқан екі періште Нимбастың айналасында, Будданың просветлениесін аңғартады.

Қабырғалардың бәрінде бояу, сурет болған екен. Қолының мәні (солай тұр деп): бір қолын қысып, бір қолымен алақанын жазып, сырт айналдырып, ана қолдың саусақтарын бүгіп тұр.

Алдыңғы бөлім — фреска. Будда ағат түйді, просветлениені түсінді. Демде оны да алакөлеңкелетпек. Көп сұлу қыздарын әкеп қойған. Қызықтырмақ, аздырмақ.

Жарықпен (пятномен) ішті ашу ол суретшілерге де мәлім болған тәрізді (Микеланджело сияқты). 240 әйел принцессасын байқасыпты осы (бар үңгірлерде).

Лица дьяволов. Разные отражения у них.

Ақ Будда жеңген, кіретін есігінің обрамлениесі мифологиялық жандар. Төбеде географиялық орнамент. Бояулар әр түсті. Қазір ең тамаша фрескедегі дүниедегі ең артық сөз. Қолына лотос ұстаған будисатба. Осы залда Телипера қорған қабырға да салынған.

Фреска — это самый лучший шедевр в мире. Это реально живой Будда, на нем одежда с принца. Корона, ожерелье, другие детали. Скульптурная стереоскопичность, применяют для этого красную охру. Эффект трех измерений достигнут художником.

Кроме пластич. красоты поражает духовная красота.

Бұл Будданың қолында лотос. Бүйірден қарадық. Будда бізге бұрылды. Екінші қарсы бүйірге шықтық — тағы бар денесімен бізге бұрылды (ғажап). Өзі дәл алдынан қарағанда, тегінде, сол жаққа бұрылып отырған еді. Жаңағы бұрылулары тамаша.

Будданың әйелі. Қызметкер әйел қатарында ғашық

пара. Жоғарыда ұшып келе жатқан фигуралар. Тағы да адам кеуделі құстар, миф. жандар.

Аджант суретшілері бұлардың шарттарын ұстанған, мысалы, таулар ұдайы қызыл бояумен салынады. Перелетный қызық берілген.

Чувство Ирида тоже ... в некоторых фресках (карлик, четыре монаха, біреуі қытай шатырын ұстап тұр). Әйел де тамаша. Бой быков на одной колонне. Еще фрески: женщина слушает монаха.

Әйелдің кішілеу төсі жалаңаш — бүгінгідей — бұл өмірде бар нәрсе қайталанатын. Ешнәрсе жаңа емес. Суретшілер қоғамдық ортаны да бейнелеген: келі, келсап. Биші қыздар — грация, барабандар бар, жеті нота шығара алған. V ғасыр.

Бұл да көп мәдениет тоғысқан — нопил (мұрты салбыраған), жалғыз көз бар. Онда қытай, индия суреттерінен көп мән бар, жаман көзден сақтау.

Осы залда бұғылар қызық, төбеде гүлдер, аңдар, вакхические сцены — арақ ішкен, бос ыдысқа әйелге арақ құйғызу талабы бар.

Осы залда тамаша әйел бейнесі. Басында төж, үстінде көп меруерт, алтын шынжыр, жүзік — бұл жерде черная принцесса аталған кішкене қара әйел суреті де бар. Алебастрмен бекіткен (фресканың қопсығанын алып тастап).

Ақтар, қара адамдар қатар, раса жігі жоқ. Тағы қызық фреска — еркек жақсы, төменіректе сұлу әйел әдемі жасалған. Тут драматизм композиции.

Осы суреттердің бәрін салған монах. Ол өзі құлшылық есепті болған. Аз талант (аз да емес) болғандықтан, суреттер де тең емес.

№ 5-ші үңгір — бітпеген үңгір бейнесін көрсетеді. Есікті күн түсетін етіп жасайды. Содан көп айнамен бар бұрыш, қабырға, төбеге жарық түсірген де, сонымен бояған. Мынау үңгірдің тасы аса жұмсақ болғандықтан, қазбай, бітірмей қалдырған.

№ 9 — в I веке н.э. Это собор — будд. храм.

№ 10 үңгірде ескі жазу бар, соған қарап II в. д.н.э. жасалған үңгір екені (осының) анықталған. Планы Римнің базиликтеріне ұқсайды. Ортада ступа — нирвана белгісі — онда Будда нирвана да болады. Бұндағы живопись тегіс II

ғасырдікі. Адам, құдай бейнелері өте шебер. Бұнда қырлары мол колонналар көп. Процессия Раджа мен оның әскері. Төбесі қобыланған, өте биік. № 13 монахтар бөлмесі, екі тас төсек, жастық.

№ 15 — жас бала, бозбала Будданың суреті (бейнесі). V в.н.э. № 16 екі скульпт. фигура, 478 жыл жаңғыз тілек, тамаша. Будданың сол молочный інісі. Ірі фреска — өлгелі жатқан принцесса, Будданың інісінің әйелі. Қызық сюжеті бар. Будданың тәжі, соны өзіне бермеген үшін өледі.

Будда аяғын жерге қойып отырған бойда. V в.н.э. Сақалы, шашы бар — семит бейнелі адам — Иисус тәрізді. Майа — Будданың анасы, сол көрген түс — Будданы туатыны туралы — сол суреттелген.

№ 17 фрескада құмырсқа ағашқа өрлеп келеді. Жатиканың туғаны көрсетілген, ол ақ піл кейпінде туған. Әйелдердің шаш тарауы — таңертең, вимвандра күйшілері.

Бірнеше сюжет, стела ступа бар. Адам жүздері, шебердің қолы байқалады.

Патшаның өмірі — көп сурет, охота, аңдар. Ортада Будда мүсіні. Бұрынғыша, вход өте жақсы оюланған.

Фреска қызық, Будда өте үлкен, әйелі, ұлы кішкене. Бірақ Будда қайыр сұрап келген. Ол просветлениеге жетіп келген шағы. Ол анасын да дінге үндейді. Тағы бір қызық фреска туалет жөнінде. Қара принцесса. Майлану, боялу, айна, әсемдену аспаптары. Осы сурет биік тау фонында.

Бұнда төбе потолок — парсы кілемі тәрізді. Қораз төбелесі. Мифич. животные. Баран с змеиным хвостом. Птицы с женск. головами и т.д.

Индри — жауын құдайы. Соның Буддаға құрбан шалғалы келе жатқаны сыртта фрескамен берілген. Есік айналысында тағы да ғашық паралар. Бір еркек әйелге ашуланғанда бетін бұрған. Әйел болса оның тізесін сипап, кешірім сұрап отыр. “Ол біздің заманнан кеткен мінез” — дейді гид.

Буддаға қызғаныш етуші ағайынның қастығы. Ақ пілді өлтіруге жібергенде, піл Будданың алдына тізе бүгеді де, көп жұрт оның дініне кіреді.

Хинаяна, манаяна — Будданың дініндегі екі школа. Манаяна адам етіп суреттелген. № 19 — бұның фасады қызық. Бұнда махаяна болғандықтан, Будда ступа да барельефпен берілген. Бұдан бұрынғылар Хинаяма еді — онда Будда тек скульптура болатын. Ступада ол жоқ-ты.

№ 26 — Будданың өлер шағы, аспан әлемі барабан қағып қарсы алады.

Бар үңгірлер бір таудың қойнын айналып, көрнезделіп жатқан тұтас қала.

№ 2 (мен соңынан көрдім бұны), бұнда: красная охра, белая, черная краска.

Бишілер — знаменит. фреска. Тегі, бұл үңгірдің қабырғалары, төбелері аса бай. Барша колоннаға шейін орнамент, сурет, тас ою фрескалар. Фрескалар ірі суретші мастерлікті танытады.

Бір суретте әйел таңданып тұр — оның белгісі не бетіне, не иегіне қолын тірейді екен.

Школа махаяны — байлық құдайы мен оның әйелі. Балаларын оқытқан.

Бір фрескада әйелдер фигуралары ғажап сұлу грация. Боттичеллиді еске түсіру және де...

Өте бағалы: Будданы туғанда анасының түсі — ақ піл. Жрецке келген. Ол ұл туады. Тірі туса, дүниені ағартатын ұл туады деген. Мияның өзі. Киімі — юбочкасы, бас киім аса қымбат. Ұлын богемада тапқан.

Үш құдай: Индра — баланы қолына алып тұр. Үш аттап, бала “алғаш адымым, бірақ мен дүниені ағартуға келдім” деген.

Үңгірді қашағанда төбеден бастаған. Бар бояу жергілікті және өзі минерал. Жартасты — динамит сияқты өзінше күш қолданған, тасты тесіп, әлдебір ағашты үгіп салады екен.

Будданың ең соңғы перевоплощениесі алдында өзін үгітпен өзірлейді, онда ол Индияда тумақшы болған, қайтады.

Ұшқыш фигура аспанда (төбеде).

Кешке үш сағат жүріп, Акрангадан қайта келіп, Эллораға өттік. Бұнда тастан түгелінен шапқан ғаламат үлкен храм бар. Кірген жерде төменгі алаңда үлкен піл. Бұл храм үңгір емес. Тек жартасты жоғарыдан ойып, төменгі табанына шейін ойып түскен де, тап ортадан бір тауды түгел қашап храмға айналдырған. VIII век н.э.

Ең алдымен храмды тіреп тұру үшін ірі айуан шабылған. Пілдер, арыстандар. Рас, жартас та мезгілден, әуе райынан (төбесі ашық болған соң) бөліне берген.

Рай Шивы — Кайляс. Су ағар арық тастың өзінен шабылған. Үлкен жартасты ойып бөліп алған да, шапқан.

Раджа к буддийским храмам отношения не имеет. Это темпл индуизма. Төмен жақтың бәрі піл. 12 пещер буддистских и 17 храмов индуистских — имеется здесь и 6 маниских темпелей. Причем буддийские самые старые.

Мынау зор жалғыз храм, барлығы 34 үңгір бар, олар сыртта. Бір жағында төменде пілдермен қатар адамдар көріне бастады. Жоғарыда үш этажды зал, онда пилиужмдер жатады, бұл залдар храмнан бөлек қоршау жартаста. Бір бүйірде сыртта: Демон Рави қастықпен Шива отырған Кайляс та-уын құлатпақ. Әйелдер отыр.

Бұрын жоғарыда көпір болған. Әйелдер үш сыпатта: 1) орнамент; 2) лучшая половина; 3) сила.

Шиваның қасындағы әйелі Пароти, вот здесь она со всеми женскими чертами.

Раджа нагонял народ, он и строил, не монахи, художники из народа строили все. Король художников приглашен, они и помогали, монахов у индуистов нет.

Екінші биігіне шықтық тас храмның. Төбеде зор фреска болғаны көрінеді. Стыльде көп айырмыс бар.

Махабхаратадан соғыс. Піл, ат суреттері бар. Храмның залы, іші. Төбеде Шива биде... бәрі ауыр төрт қырлы бағаналар — бәрінде орнамент пен скульптура. Богини Ганга и Крокодила, екіншісі — Жампа, екеуі Шиваның есігін қорғап тұр (төрдегі). Басқыштар қандай.

Пещеры вырезались вглубь. Здесь. Занавес, коридор и основная часть.

Первая, вторая, третья главная, возвышающая часть храма, последняя 96 футов. Вначале были вырыты буд. пещеры, они вырыты между V—VII вв. н.э.

А индийс. группы вырыты между VIII—XVIII вв. — все посвящены Шиве. Жаинические — посвящены последнему Жайне IX—XI века. Здание было в цветущем состоянии между II и XI веками.

Бұрып отырып үңгірге келдік:

- 1) буддийский храм — түстікте;
- 2) терістікте — жаинические;
- 3) ортада индуистские.

Тастан ойылған храм-шіркеу (Буд). Жартасты сұлаған жерінен шапқан. Занавес, срединная арка, глубина — не конструкт. части храма.

Аджентада занавес жоқ. Бұнда қора бар занавестен соң. Содан кейін храм іші — ступа, онда Будда фигурасы, арка — аса биік колонналар, биікте аркалар, алты фриздер — адам бейнелері толып жатыр. Дұғадағы Будда бар.

Будданың өзі аса зор размышление, дұға үстінде, қолы — рождение, возрождение — саусақтары принципы веры. Адам осы негіздер бойынша өмір кешу қажет.

Эллорадада строит. метод сақталады. Мынандай үш этаж монастырьді екі жерде көрмейсің дейді гид. Занавес, двор және үш этаж монастырь үйлерден биік. Зал — передн., намаз орын.

Бұл зал мол, индус суретшілерінің қиял күші танылады. Бұнда Будда кең кеуделі, тынысты боп ірі жасалған. Ал қарсыдағы жайда Будда ойда отыр. Эллора ең биік еді, тас-тан храм шабу өнерінің Индиядағы апогейі Эллорада.

№ 32 жайын үңгірлерін көруге келдік, IX–XI ғасырлар. Индияға арналған жайындар, Индраның ... үлкен храм фонына кішілеу биік орын істелген. Кавышті бейнелемек болса да, шығара алмаған. Орталық кіші храм көп орын алған, пілдер көп орын алып кеткен.

Колонналары жіңішке. Бұрыштарда кіші храмдар ойған. Онда Индра Индрина... Жоғарғы биік қабаты буд. храмдарына ұқсайды. Зал коридор.

Үстіңгі этажи — бихар буд.-нікі тәрізді. Көп орнамент. Сол жақта Индра зор. Қарсыда Индрани — үлкен петер ат. Индра Садха. Бұнда колонналар ғажап сұлу, мол, дөңгеленіп ойылған. Төрде үлкен бейне — пропорция жоғалтылған. Махавира.

22 февраль.

Киностудияда біраз қыдырып жүріп кеп, сурет көруге отырдық. Бұның алдында глав. министрде болдық. Ол Бомбейде жақсы да көп, жаман жай да көп еді. Өзі бірге жүріп, парламент залын көрсетті. Өзі отыратын жоғарғы орыннан, ложадан көп қарадық. Жоғарғы палатада прения жүріп жатыр. Сол жақта оппозициядағылар. Ең жаңа өкімет бағы. Зал дөңгелек. Балкондар бірнеше этаж. Олар да дөңгелек. Содан үзіліс кезі екен. Нижняя палатаны көрсетті. Онда

70 шамалы адам болса керек. Бұл ұзын залда жасыл, былғары дивандар мен ұзын үстелшелер.

Осыдан шығып, документаль суреттердің студиясында болдық. Ол өкімет өндірісі. Студияның павильонын көрдік. Қорасында манго ағашы жаңа жемістеп келеді екен. Пагода дейтін үлкен бозғыл ағашты гүлдеп тұрған шағында көрсетті. Гүлдері үлкен етті. Ақ сары. Бұл студияда біз 4 документаль суреттер көрдік.

1. Непалда — тауда. Экспедиция жүрісі (атты) арқылы үлкен ел, билері, малдары, музыкасы. Көрінген таулар ғажап. Гималай, қарлы биіктер молчание вечности сақталған, мелшиген асқарлар, кейде қарлы, кейде қарсыз. Әсем гүлдер, тамаша қып-қызыл бадырайған бүлдірген тәрізді жемістер. Мал қорасы. Аттар кішкене, жүрдек. Адамы буддистер. Маскі, барабан, билер көп. Алдында осындай бір Тибетке жақын ел суретін көргенімізде, аузын, ұртын бізбен тесетін. Аузына өткір қылышты сұғып жіберіп қоятын ойыншыларды көріп ек. Мынада ондай жоқ. Бірақ билер Индияның катажар билеріне өте жақын көрінеді. Бармакер экспал. құрылған.

2. Терістік Индияда тауды жарып, тасты қашап, канал, электр станция, водохрани. жасап жатқан техниканы көрдік. Біздікіне ұқсас, мынау машинаға құрылған.

3. Оңтүстікке көшіп, триандрум, трабигорларды бар балаларымен, байлық келісімімен көрсетті.

4. Ескі Бенарес ғұрпынан, Гангі әулиелік дәстүрлерінен бастады. Көп темплдерді көрсетті. Будданың алғаш заңын айтқан жері, Бенарес пен басқа көп храмдарды көрсетті. Бөрінде қытай монах жүріп отырды. Сол адамның дұға қылған жүрісіне, мінежатына бар ғылым құрылған. Үкіметті ғылым — Индия логикасымен. Кешке біз Индия-Совет жиылысында болдық. Біздің достар: қоғам бастығы доктор Балига Мулк Раджинан (жазушы), ол бенгал, ағылшын тілінде жазады. Али-Сардар болды. Мәжілісті Атери ашты. (Ол сценарист, юморист, ақын, оқытушы болған.) Ұзын бойлы, жуан, қалың қара. Жиында сол (жазып сөйледі), Балига, Мулк Раджинан, Али-Сардар сөйледі. Содан кейін А.А. жақсы, ұзақ (11 минут) сөйледі. Кейін Попов ағылшын тілінде аз (тәуір) сөйледі. Осыдан кейін Ашрафи шашыраңқы боп шықты. Ол мен жазам халық мүлкін,

Науаи айтқандай, өзіне байытып қайырып берем. Индия музыкасын байытам деген тәрізді мақтау айтты.

Сурков, Завадский екеуі де кейін маған мынасы өрескел мақтан деді. Бүгін Яковлев жаман танытып олақ сөйледі. Грузин ертегісі деп бір ертекті (достық жөнінде әке өсиетін үш балаға айтатын) бүлдіріп созып сөйледі. Жұрт бітіргеніне қол шапалақтады. Ол сіздердің гүлдеріңіз иісі аспаныңыз иісіндей деп..., А.А. “образдың логикасы сынды білем” дедім. Күлдік.

Кешке сағат 9-да біз күндізден бері қонаққа өз үйіне шақырған дос жазушы, режиссер Ходжа-Ахмад Аббастікіне бардық. Аса көп кісі болды. Бар Бомбей жазушы, ақындары. Кинорежиссерлер, артист, артисткалары. Екі ВИКХ-тің сценарийін жазушы арық, кесек мұрын, жалпақ қоңырқай бетті сұлуша қара жігіт болды. Сол суретте түскен артистка болды. Ол қазір 4 суретте қатар түсіп жүр. Бізге тамақты кино жұлдызы деген әйел алып жүрді. Еркектер жазушы, ақындар алып жүріп тамақ берді, қасымда ақ киімде, бұйра шашты (ағара бастаған) көзілдірікті ақын отырды. Ол маған ең үлкен қам — нан деді. Криишнан Чандр болды. О да мұқтам екен. Көп жазушы ақындар кино жанында әндердің сөзін жазып күн көреді.

Аббастың үйі екі қабат. Қонақ ету тәртіптері қызық. Көп тамақты тасып әкеп береді. Дивандарда, тақталарда отырдық та, сонда қолымызға бір табақ пен бір шанышқы алып, тіземізге қойып жеп отырдық. Жағалай жүріп тамақтарды салып отырысты. Кейін су іштік. Бомбейде мүлде арақ ішу жоқ. Мүлде таза қала. Күндіз “Тәжмахал” отеліндегі ресторанда өзімізге (Яковлев) екі рюмка виски әпере алмай қуыстанды. А.А. бізді менен бастап жақсы таныстырды. Түнде бізді Мулк Раджинан шығарып салды. Жолда Бомбей қаласы туралы қызық айтты. 80 жыл бұрын бұнда қала болмаған. Қазір ол аралда су. Маған бір-бір жарым миль, ұзыны 11 миль құрғаққа қосатын приливті көрсетті. Оны көпірмен басып өттік. Қала ғажап. Бір заливті айналған шамдарды королеваның алқасы дейді екен. Қала ғажайып жақсы. Бізге бұл Индияға кірер есік. Бомбей — ақша жасаушылардың қаласы. Бұнда ақша жасаудан басқа арман-мүдде жоқ дейді. Ол һинді тілін көркемдігі аз тіл деді. Урду олақ емес, ғажап бай. XVI ғасырдан. Бенгал да

сондай дейді. Һинді тілінде сұлу әдебиет туындысы жоқ. Сондықтан әдебиет тілі бұрын қатты өскен өзге тілдердің біз өз дәстүрін тастап, мынаған ауысу оңай емес. Және оңтүстік тілдері санскритпен байланысты емес. Бенгал, мараны, пенджап, телегу сияқты (дәл емес) санскритпен байланысты. Оңтүстіктер тілдеріміз тәуір деседі. Бірақ санскритпен байланысы жоқ.

23 февраль.

Таңертең Мулк Раджинан әңгімесі: Индия мәдениеті ойынға көп байланысты мәдениет. Әдебиет бүгін де өз ерекшелігін көбірек сақтап қалды. Ал көркемөнер, ғылым көбінше Еуропаға еліктеу ретінде кетті. Өзге Индия жолын табу керек еді. Оның орнына Еуропа декаденті әсер етіп кеткені де бар.

...Художники XIX века начали воспроизводить поздние школы Аджента. Загубили студентов на 20 лет наперед. Сейчас становится лучше.

Джамини Рой (Калькуттада) қаладан ауылға кетіп, әуелі суретшілер бунтын білдірді. Әуелі халықтық негізге қатты, әдейі бұрылды (суретші). Аджентаның соңғы живописі жасалды.

Кочинде XVII ғасырда жаңа искусство өрлей бастады. Англия келген соң, екі жүз жылдай искусство болмай, тумай, өспей кетті. “Орыс достар мақтауға мырза, оларға жіберген үлкен емес өнерімізді де мақтау көп болады” дейді.

Жас суретшілер бар, табыстары, өзге түрлері бар. Солар Россияға, выставкаға барса, тәуірірек болар еді.

Қазір жағдай жақсы бола түсті. Енді жеке артистер емес, түгел коллектив келсе, мысалы, бір биші емес, тұтас балет келсе. Бізден де тұтас труппалар барса. Ендігі қатынасты сондай күйге айналдырса жақсы болар еді. Бізде, әрине, үлкен сахна болу керек. (Өзір, әрине, ондай қажет сахна бізде жоқ.)

Катажары емес. Басқа бірнеше группа (труппалар) бар. Оларда ескі тақырыпты баяндағанмен, басқаша, жаңаша көрсетеді. “Катажары нәзік, терең. Оны әлі 50 жылдай оқу керек. Бірақ ол бүгінгі өмірді, бүгінгі өсу тенденциясын паш ете алмайды...” дейді.

Меншиков біразын талғап алды. Мәскеуге жіберуге болады.

Әдебиет аморф күйде. Мысалы, әзір бізде мүдде үйренуде. Мысалы, өз романын бенгал тілінен аударғанмен, басатын баспа жоқ. Ендеше, жалғыз ғана совет еліне жіберу, тіпті болмаса Ленин кітапханасында жатсын.

Біздің бүгінгі журналдарда болса да шығысты зерттейтін орындар алдырса жарар еді. Кітап выставкасын ұйыстырса жақсы болар еді. Швецияда солай. Біз енді делегация жібергенде міндетті түрде өз тіл өкілдерін: бенгал, марати, хинді, урду, гуджарати, тамил, телгу, канер, малаялум, бенджай, урия, ассами (бенгал), митчили, кашмири.

Ағылшын тілі 15 жыл керек болады. Әдебиет академиясы ағылшын тілін қажет тапты. (Ол әдебиет академиясы Делиде, жөні, жолы бөлек.)

Ганди, Неру, Кришнан — бәрінің тілі Индия қолданатын ағылшын тілі. Олар сол тілде білім алды, сол тілде сөйледі. Тегінде, әр түрлі ағылшын бар ғой (мысалы, Говард Фаст Фустелден артық тілмен жазады).

Ол (өз тілі) пенджаб тілімен жазады да, ағылшынға аударғанда пенджаб, ағылшын етіп аударады (бұның өз тілі пенджаб).

Бір жазушы айтады: жалғыз маңдай мен көзді (гердинаның) бес бетке созып жазған. Ағылшын тілі арқылы тіл, әдебиет мәдениеті келмесе, біз, феодализмнен келе жатқан халық, қалай өсер едік. Әдебиет мәдениетінде бұл жағынан алғанда белгілі тірек ілгері мәдениетті бойына сіңірген. Четорджи, Тагор.

1) Банким Четорджи; 2) Р. Тагор; 3) Сарат Четерджи; 4) Манэк Бенеджи; 5) Бебути Бенеджи; 6) Гара Шенкар Бенеджи.

Осы Бенгалда дәстүр үлкен. Роман дәстүрі. Өзге тілдерде онда бір оза өскен жоқ. Көбінше поэзия, (стих) емес, екі жолды маснауи, газел, рубаи. Двадцать лет назад эта поэзия представляла собою рост звуков. Поэта слушают хорошо, могут 10 тысяч собраться на “мушайра” — соревнование поэтов. Это, по важному событию, выступления параллельные, но соревнования мало. Важно более исполнение, нежели содержание. 88 % неграмотно — потому и пение и на слух.

Развивается новелла под влиянием зап.-евр. журнальных, 30-40% есть настоящих новелл. Лучше получают новеллы,

чем романы. Новеллис. школа; романы труднее... Жизнь реакционна, разрешить романисту труднее.

В Индии 80% фильмов дрянь, некоторые пишут только сюжеты. В Европе новелла, проза стала динамичнее, а здесь очень длинные, рыхлые сюжеты.

Романы труднее, потому что феодализм, религия, кастовость.

Есть четыре крупные касты. 10 тысяч мелких каст, 20 тыс. еще мельчайших каст, все в рамках классового об-ва. Причем классы только в городах, а не в деревне.

Совр. бурж. система связана (с кастовой системой).

Неру: ограниченность надо навязать силой.

Индуизм опирается на кастовую организацию об-ва ин. Это обряды и ритуалы (это какой-то кошмар).

Нет одной касты у мужа и жены — они не могут пить из одного стакана.

3 месяца назад одна женщина совершила подвиг — сожглась на могиле мужа.

Им приходится делать одновременно то, что делали Диккенс, Толстой, Шолохов одновременно. Сто лет англичане не давали ни одной классич. лит-ры.

Очень характ. черта англичан — сознат. отгораживали инд. интел. от западной и особенно русской лит-ры. Книг мало у ин-ции. Сейчас у них в домах нет книг.

Америк. эротические, детективные о преступлениях на языки тоже переводят.

Пишут и индийские писатели реакц. И халтурщики, хотя большинство поставляют американцы и англичане.

Книга эта стоит одну рупию или четыре анны — легко продается. Индийские тонут в этой лит-ре. А критики в стране не существует, а хорошая книга стоит 4 рупия. А совет. книги желательно продавать недорого: одна рупия или четыре... (Во всей Индии встретил за месяц только 3-х лиц и то плохо говорящих по-русски. — А.А.).

Нужно составить список из 75-100 книг и предложить перевести с разных языков.

Біз сағат 12.00-де балалар үйіне келдік. Пионерлер үйіне ұқсайды.

Бал Бхавии (детский центр). (Дом детей), ең алда Ганди. Худож. вкус (балалар). Рит. зал (сыртта есік алдында бір

жақта — ер бала арыстан күшігінің тісін санап отыр, екінші жақта қыз Сита — Шиваның садағымен ойнайды. Кейін Рама сол садақты көтергенмен, Ситаға үйленген.

Залда суреттер: ән-гуджарата, би. Күніне 250-дей 4-14 жасқа дейін балалар келеді. 3 айға 1/2 рупий. Балалармен тәрбие ретінде айналысатындар мамандар, әдейі тәрбиесі бар әйелдер. Басқарушылар ерікті, ақы алмайды.

Читальня: журналы, книги. Мебельдер — әр бояулы, әр биіктікте. Розовые: кішкене балалар үшін. Әдебиет балалардың жасына қарай. Суреттерде тарих — веды, Рамайна, Махабхарата, Будда суреттері. Калида шығармалары. Қабір. Мүс.-инд. достығы.

Поэт касты ... Норсимета. Тагор балалармен гимнді айтып отыр, гимнді өзі жазған.

Книги на языках всей Индии.

Индияның балалар ойыншығы, кейбіреулерін балалар өздері жасаған. Суреттер ұлы адамдар: Пател (премьер болған) Прасад — Кербаги...

Қол жуғыштар — балалар оюларына дәл, әр саты биік. Жексенбі күн 250 емес, 800 мыңға да барады. Площадкалар. Онда өсімдіктер — балалар өздері өсіреді. Балалардың ойын аспаптары — әлпеншектер, айналмалар, теңселмелер, басқыштар, ағаш катоктар. Бар мемлекеттегі және жалғыз үлгілі бала үйі осы ғана — түк емес.

Савач Ходж Радж — директордың аты. Приморская набережная — Бомбейдің ең сұлу жері. Қарсы жағы “королеваның алқасы”.

Касты: 1) төрт барамини, жрецы; 2) воины; 3) торговцы; 4) рабочие; 5) (неприкасаемые касты, ниже). (Браки между кастами не запрещались, — говорит Рамамиртам)?

Сағат 4-те біз қала сыртындағы киностудияға келдік.

Әуелі. павильон. Екі осындай павильон бар. 60-70 күнде бір сурет шығарылады. Сурет басталып біткенше 6 ай. Бояулы да, бояусыз да суреттер шығарамыз.

2. Екінші павильон (үлкен) едені асфальт (Мадрастағы бұдан үлкен деседі). Бір студия (осы), бір сурет шығарады (жылына). 10-12 студия бар Бомбейде. Бұл студия 4 фильм жыл сайын, план бойынша 200-ден артық фильм. Индияда жүзден артық, Бомбейде бұл жеке адамның студиясы.

3. Озвучивание ән естиміз, өз оркестрі жоқ. Жалдайды.

Артисттарды да жалдап алады. Ұдайы техникалық персонал, редактор, монтажер, сценарийді бір топ кісі істейді. Бір сурет 600-700 мың рупий тұрады. Метраж (ортасы) 13-14 мың фут (4 мың метр).

Ән тыңдадық. Өте жақсы музыка. Әйел-еркек айтады. Кейде екі-үш дауыс қосылады. Өте ірі композитор Наушаудың музыкасы. “Мать-родина Индия” деген суретте — қыстақ өзі туралы. Халық би-әніне ұқсайды.

4. Костюмерная, әйелдер асылдары.

Қаланы араладық. Көргендеріміз: қаланың құрғақ жақ шеті:

1. “Бандра”. Одан арал басы.

2. “Махин”. Бойня, мұсылмандар — бойня жұмысшылары өте жүдеу, жыртқық шоқпыт. Лашықтар жатақтай ұзақ қатар боп кеткен.

Студия директоры — сол студия иесі. 27-34 жылдар өзі массовкада істеген. Қазір режиссер боп, кейін директор, бай болған, таңбасы “орақ-балға”. Жас әйелдер көрдік — жүз мың алады дейді. Аласа сұлу артист тұрды. О да жүз мың алады бір суретте түскеніне.

3. “Марей” деген районы — қаланың завод районы. Екі этажды трамвай, автобустар көп. Рикша бұнда жоқ. 10-12 студия бар. 300-дей режиссер бар, олар студияны жалдайды да, қоя береді. Бросовый суретті шығару пайдалы, ақша береді. “Махарани” деген сурет, мысалы, көп ақша табады. Жұмысшылар үшін кино жалғыз әуес.

4. “Байкола” район аты. Билет 2 рупий — арзаны 6 анна (кинодағы билет жәйі). “Метро” — тәуір киноның бірі. Бір рупий билеті.

Заводской районмен келеміз. Текстиль және кино өндірісі — үш миллион халыққа сол жеткілікті. Ұсақ сауда, больница. Әрине, док (порт) көп адамды жалдайды. 500 жыл бұрын бұнда ұсақ қыстақтар болған. Кейін қатты өскен. Автобус, троллейбус, трамвай, муниципалитеті көп.

Шойын жолдар, электр — мемлекеттікі. Медицина колледжі — португалыцылар дәуірінен қалған екі үй, үлкен.

5. “Бенди базары” — әйел саусағы деген район, мұсылмандар тұрады. Бастарында ермолки — тақия көп. Қисық, тар көшелер. Жаман ұсақ, қықым сатқан кір мәліш лапкелері.

6. “Гранд Роуд” ауданы (ул-ца б. дороги).

7. Енді Фешенебебин районға шықтық.

8. “Малабар” тауының ауданы. Бұнда: “Башня молчания” – кісіні қоятын жер. Өлікті қарақұстар жеуге тастайды. Бұл парсы деген халықтың салты. Парсылар баяғы, өте ескі заманда Ираннан келген. Діндері – заратустра діні. Төрт стихияға табынады – от, су, әуе, күн.

Өздері аса ұжымшыл (социалистік әдеті мол), қоғамшыл деседі индустар. Бір кедейін өзгелері қостап көтеріп кетеді. Қаріп-қасер үйлері, көмектері мол. Өздері ірі саудагер. Байлардың көбі (Бомбейде) солардан. Индияның әр қаласында бар. Жиыны үстірт есеп бойынша жүз мыңдай. Ал адамды қою әдеті басқаша. Башня молчаниеге үй іші, жақындары арнаулы жабық, ақ автобуспен әкеледі. Біз тұрғанда бір өлікті әкелді (мысалы).

Әуелі ол киімшең төменде арнаулы үйге кіргізіледі. Сонда қоштасады. Жылайды, дұғаларын оқиды. Осыдан соң әйелдер төменде қалады да, тек еркектер жоғары тау басына шығады. Онда мұнара емес, құдық тәрізді дөңгелек жай бар. Оны дохман (лохман) десе керек. Соған еркектің, әйелдің, ортаға таман баланың денелерін қояды. Әуелі осы арада арнаулы қызметкер өліктерді жалаңаштайды, киімдерін алады. Ашық (құдықшаның) апаншаның ішіне жалаңаш өлікті тастайды. Содан екі сағат өтер-өтпесте, күндіз сағат төрт кезінде өліктер қойылады әдетте. Содан екі сағат өтпестен, әлгі адам өлігінен сүйектен басқа түк қалмайды. Арнаулы қарақұстар бар, қазір қаптап келеді де, талқан қып жеп бітіреді. Басқа уақыттарда олар бойня жақта жүреді. Ал адам өлігі қойылды-ақ болды, түс кезінде қаптап кетеді. Қалған сүйек апанның ортасындағы тереңдігі 20 футтай құдықшаға тасталады. Күн, әуе қызу, ол сүйек ұзақ жатпай, кеуіп қаусап қалады. Жауында құдыққа су толғанда, ұнталанған сүйек сумен бірге құмға араласып, бүйірдегі тесіктерден ұнтақталып ағып, жоғалып кетеді.

Содан әрі қаланы тағы араладық. Портқа бардық. Форт Вильямы деген ағылшын Гарнирдің форты болған үлкен сары ғимарат бар. Қабырғасы биік. Теңіздегі кемелерді көрдік. Глазгодан келген бір кеме тұр. Биік жүк көтергіш крандар. Портта толы кемелер, қайықтар (мотор), парусниктер қаптап тұр.

Күн тұмандау. Анадайда теңіз ішінде екі тау көрінді. Соның бірі — биік үңгір. Елекатын піл үңгірі. Бірақ піл қиратылған. Музейде қазір үңгірі сақталған дейді.

Соғыс кемесі жүретін оң жақты да нұсқап көрсетті. Су бұл жағада сұрғылт-құлалау. Ол саяздықтан, ар таман барса тағы да Комориннен көк-жасыл болады дейді. Қала бүйірінде, бір жағада үлкен суда аса көп желкенді кемелер көрдік. Оларда Арабиядан, Ираннан, Африкадан, Кочиннен, Цейлоннан келген кемешілер, нешелер халықтар бар дейді.

Фортқа жақын әсем зор үйлердің 3-4 кварталы бойларында айнала тұрған, қаптаған бірнеше жүз машиналар бар. Оларды бар тірлікті шешіп жатқан, ақша пұл жасап жатқан дүниелердің, ісшіл байлардың, саудагерлердің тоғысуы дейді. Бүгін кешке дейін осындай қызықтар көрдік. Кешке сағат 8 $\frac{1}{2}$ доктор Балика қонаққа шақырған. Соған бармақпыз.

Айтпақшы, Бомбейде біз түскен отель “Тәжмахал”, Мадраста “О Кеаниг”, Калькуттада “Ерстен отель”, Делиде “Хайдарабадхауз” болды.

Қаламның екінші толтырған сиясы бүгін бітті. 64 бет жазыпшын — тамаша қалам. Тағы бастармын.

Айтпақшы, бүгінгі күн жазушы әңгімесінен кейін жақын адамнан естіген әрбір ғажап жайларды ескере кетейін. Бұл қалада сатымсақ ханымдар бар. Аз ғана жүрсең, өзің де “һинді сұлуы қажет пе” деп оралатындар болады. Жақында әйел өзін салтқа бағыну жөнімен байы өлгенде өртеніп өлген. Онымен өкімет алысады. Бірақ әдеттен қалмаған. Әйелді, адамды сату да жоқ емес. Жақында осында базарда бір қарт тұрған, соның қасында 14 жасар қыз бала тұрыпты. Қарт сатуға базарға отырған. Сатымсақ әйелдердің тұратын кварталдары бар дейді. Бұл қаладағы жоқшылық та ұшан-теңіз. Бұнда үйсіз, панасыз жандар бір ағаштың түбін мекендеп, әйелі мешогын жайып, ерін тосып отырғанын көрсетті. Көп сондай жандар арасына түссең, қайыр сұраушылар қамап алады. Біреуіне бір тиын беріп көрсе, берсең болды, қамап, шулап тұрып қозғалтпай қоятын, жүдеу, жыртық қайыршы балалардан құтыла алмайсың. Біздің бір адам сондай балалар қамауына түсіп, құтыла алмай қойған соң, кездескен рикшаға мініп, зорға қашып құтылыпты.

Жоқшылық азабын бүгін күндіз бойы маңында анық көріп қалдық. Ондағы бірнеше кварталдай кердең, үлкен ағылған көшеден адым жерде бұзылған, борық созылған лашықтар қатары есіңді шығарғандай. Жыртық жабу, шоқпыт жамау, қорда-қоқыстан құрылған пана болмыстардың реңінен адам шошырлық. Көшеде бізді сұлулығымен, байлығымен, сәнімен қайран еткен Индияның бар қаласынан басқаша басым дегізген Бомбейдің осындай екінші жақ шегі, шеті де оқшау, сұмдық жат көрінеді.

24 февраль.

Біз таңертең қала сыртындағы сүт шаруасына кеттік. Бұл ағарту министрінің жақсы көретін шаруасы.

Бомбейден 14 мың сиырын алғанда, 25 миль жерге шығарып, осы шаруаны құрып, қалаға сүт беріп тұратын болған. Бұл сиырлар жеке адамдардікі. Яғни 132 кісі осы колонияны жасаған. Бұрын бұқаға да қашырта алмаған, қазір ол жерде бұқаны да ұстайды. Осы шаруаның өзіне арналған министрі бар сүт шаруасын басқарады.

2 фунт сүт үшін бір рупий екі анна төленген, қазір 14 ан ғана төлейді. Жұмысшыны өкімет пәтер беріп ұстайды. Мал дәрігерінің көмегін береді. Сол үшін өкімет өзіне айы-на 13 рупийге сүт беріп тұруды міндет етеді. 80x2400. Осындай сүтті 15 мың сиырдан жылына алады. Сиырлары буйволдар. Күніне 14 фунт сүт береді. Осыдан 260 миль аудан бар, онда крестьяндар сүтті сиырлар ұстайды. Олар кооперация жасап, Бомбейге қосымша 80 мың фунт сүт беріп тұрады (күніне). Ол жер “Анан” аталады. Онда су қосуды тыяды. Әр дәрежесіне қарай майы азайған сайын сүт арзандай береді. Егер май 6%-тен төмен болса, сол сәтте конфискеленеді (Бомбейде $3\frac{1}{2}$ миллион адам бар дейді).

800 сүт сататын лавке бар қалада. Ағаш киоскілер. 12 ан екі фунт сүт үшін, сатқанда 14 аннан сатады.

Буйволдар суды жақсы көреді. Шомылдырады, жүзгізеді. Бірақ тамақты тек стойлодан жейді. Сауын сиырлар сауылмайтын кезінде 16 миль жердегі жайылысқа жіберіледі. Бұрын бір бұзаулаған соң соятын, қазір қайта бұзаулататын болды. Қолдан қашыруды енді ғана қолдана бастаған.

280 орын лавкедегі қызметкерлер 30 рупий алады. Әр семьяның карточкасы бар. Жеке лавкеге бекітілген күніне екі рет, ертеменен екі сағат, түстен кейін екі сағат лавке

ашық боп, сүт сатылады. Онда істейтін колледж студенттері. Төрт сағат істейді де, оқуын оқиды.

Қыстақ Д-Жогейшверн. Бомбей. Мынау жолдағы жаман шаруа стойлоларға келдік. Төбесі ғана жабық, қабырғалары ашық. Жыртық кенептер ғана аз-аздап ілулі тұр.

Қазір сиырдың боғын пайдаланбайды, өртейді. Бұнда адам жағдайы да жаман. Бактерия да бар. Сүт те нашар. Мынау стойлода жеке адамдар сиырлары тұрады. Адамдар жалаңаш, жерде сиыр боғының арасында асын істеп, ішіп отыр.

Осындай жаман жағдайдан құтқарды, өкімет анау үлгілі шаруаны жасады. Сиыр жеке адамдікі, жағдайды өкімет жасаған. Бұнда сүтті де аз алады. Осындай 5-6 мың адамның сиыры жаман жағдайларда, әр жерде, қала қасында тұрады. Әр шетке орналасқан.

Сүт колониясында сиыр 500-ден. Бір қора бес жүз сиыр болғанда, кейде екі қора (мың сиырлық) иесі бір-ақ бай, ал кейде бір қораның иесі 15 кісі де болады.

Әр буйвол сиыр 650-дей. Қыстақ аты Кореге.

1941 жылы салынған жол да сонда түзеліпті, өкімет істеді. 800-900 мың фунт сүтті бар сиырдан бір суткеде алады. Бұл колония өкіметтен бір пайс алған емес. Ресторандарда құрғақ сүт (порошок) түрінде де сатуды міндетіне алып, ақшаны мол тапқызып, сол қаражатқа осы колонияны салдырды.

Көк шөпті 12 айдай алады. Колония өлкесіне келеміз. Төбе бар — аңдау төбе, гүл, көк мол, сондай тамаша гүл жайлары клумбалар, пальмалар, көк шөптер, гардандар тамаша қойылған.

Территория $5\frac{1}{2}$ кв. миль. Исползованы земли, здесь 26 молоч.-живот. ферм. В каждой ферме 500-600 коров. В каждой — свое обеспечение.

Алдымызда бір ферма. Оның айналасы 5-6 акр алаңы бар. Онда жасыл шөп өседі. Бұндағы бар өсімдікке бөк жетеді. Жақсы жағдай, бір акр жерге 100 мың навоз жыл бойына келеді. Жылына он рет пішен алады. 12 ай бойында көк шөп жейді.

Сауу үшін арнаулы дойлоға әкеледі. Сиырлар жайылмайды, прогулка жасайды. Әр жерде прудтар бар. Көбінше

күніне 3 рет шомылдырады (насоспен). 14 фунт күніне сүт береді жалпы жылға санағанда.

15 мың сиыр, 13 мың сауын сиыр. Бұнда сүттің майы бөрінен артық бағаланады. 7 % майы бар.

Орта төбенің басында тамаша павильон бар. Қызыл шатырлы (екі саты шатыр). Еден шахматтай бояулы тас. Қабырғада Бомбейдің картасы. Колония планы, шаруалар араласқан жайлары, әрі көзбен бар айнала, осы биік күркелер төбеден көрінеді. Аты, план, таблица, карталар бөрі бар.

Үш көл көрдік. Екі көл қалаға арналған водохрани., үшінші көл қалаға берілмейді. Колония керегіне жұмсалады, жер суару үшін, өсімдік үшін. Сүтке су қосылмайды. Сиырларға пенициллинге шейін беріледі. Сол үшін өкімет айына 13 рупий алады. Ол үй, ем, асырау, сақтау үшін төлейді. Азық мәселесі басқа (төбе басында бірнеше үй де бар), айнала толған фермалар көрініп тұр. Тамақ жағынан арнаулы ғылымдық норма — рацион бар. Сол жақсы бап болғандықтан, бар сиырдың иелері осы жағдайға көшкен.

Өкімет екі фунтқа 12 аннан төлеп алады. Оны май %-не қарап бағалап алады. Күніне екі рет 7-7 сиыр сауын жеріне, дойняға апарып сауылады. Әр сиыр иесінің сүті бөлек өлшеніп, майы есептеліп алынады. Екі право болады. Бірі иесіне беріледі. Бірі шаруа басқармасына жіберіледі. 6%-тен төмен болса, төленбейді.

2400 маунд сүт (әр маунд — 880 фунт) алады суткесіне. Бұл тұста (жерде) аса жақсы өсімдік өседі. “Аннан” деген жер бар, 250 миль (ол айтылды). Онда сүт кооперативі бар. Әр крестьянда 3-4-тен артық сиыры болады. Сүтін кооперативке береді. Оның сүтін герметически етеді. Бетін жауып, алыс Бомбейге әкеледі. Сөйтіп, Бомбей халқы күніне 3800 сүт алады. Аннан сүті азырақ болады. Бомбейде 800 (лавке) сүт орталығы бар (лавкелер). Олар күніне 4-ақ сағат істейді (таңертең екі, кешке екі сағат). Арнаулы үйлер екі бос бөтелке әкеп, екі толы бөтелке алады. Бірақ бөтелкелер саны ауыса беруге болады. Тек бір күн бұрын айтса болады көп алатынын.

Осы адамдар — студенттер. Екі сағаттан істейді (екі адам істейді). Студент өлшеп алады, оны және екінші көмекші жұмысшы... Рацион — 12 фунт көк, 6-8 концентрат. Сол

рацион бағасы суткесіне екі рупий тұрады. Бұдан басқа істемейді. Буйвол, тегінде, көп жейді. 8-10% пайда береді иесіне. Бұл колония — өкімет пен жеке меншіктің қосылған түрі. Сүт жиылған соң өкімет (иелері үшін) сатып береді. (12 аннан алып, 14 аннан сатылады.)

Әр күн 100 мың рупийге сүт сатылады. Колонияда өз школы, почтасы, больницысы (амбулатория) бар. 1949 жылдан салына бастаған. Бес жылда осы халге келді. Отель, сатқызатын болды. Содан таза сүт күйде балаларға, арнаулы орындарға береді. Порошок көп ақша айыруға себеп болды.

Колония планы аспаннан қарағанда 26 норма ... Ішетін су басқа, бұл көлденең алынбайды. Үшінші планда: сиырды сауатын, бұзау тұратын, азық араластырғыш орын (бес сағат бұрын әзірленеді). Сиыр бұзаулайтын орын. Манеждер — ол сиыр сауатын (күндіз, түн) орындар, жайлар. Бұқалар орны. Осында мал маңындағы адамдар жайлары. Артта қосымша жұмысшылар тұратын жайлар. Қаладағы ретсіз жерлерде адам малдың төбесінде тұрады (мысқыл).

Жеті сиыр бергенге ол тегін үйде, тегін сүт алады. 65-70 рупий алады айына. 132 иелер бар. Екі ферменің иелері 12 адам. Бес сиыр, он сиыр иелері де бар.

Бір ферме кооператив, оның сиырлары көптікі. Ондағы сиыр саны 600, адам мүшесі 15 кісі. Сиырдың 4 пұтында 15-20% артқан. Қалада сүт беруді қоя сала сояды. Бұнда сиырды олай етпейді. Немолочный сиырлардың фермесіне жібереді. Кейде үш жылға дейін сиыр сонда жүріп, бұзаулап қайта келеді.

Улучшение породы, искусств. осеменен. у коров, давших 2500 литров молока. Метизация — нет. У них есть разные породы буйволов лучшие. 9-10 ай сауылады. Еркек бұзаудың өлімі 40-50%, етке бұзауды сатпайды. Электродойки нет, доят мужчины. Автопоилки нет. Ферма №5 бір кісінікі (510 сиыр). “Идеальная мол. ферма” — осы ферманың аты. 12666 молочн. колонияда бәрі 13738 буйвол. Сиыр 121, бұқасы аралас. 409 буйвол, 8 сиыр алыс фермаға жіберілген на восстановление молочности. Ірі сиыр 11-12 жасайды, содан кейін ғана жаңа сиыр сатып алынады. Былтыр бір күнге 2134 еді, өсті. Әр сиыр 15 фунтов, бірдей на одного буйвола и 8 с чем-то на одну корову: соержан. жира 7,4%.

Стойло асфальты күніне 3 рет жуылады — шәйіндісі далаға ағады (удобрение). Буйволдың номері құйрығының астына жазылады. Бык сиырдың өркеші мол.

Бұлар 24 фунт сүт беретіні де бар — орташасы 15 фунт береді.

Корма: жмых, пшеница, солома, трава, бобовые — подсолнечный жмых, отруби (кукурузы, кормовой свеклы нет). Түнде жататын манежі — төбесі ашық, аласа қорғанды қора.

Көк сиырлар, тақыр, мүйіздері ірі. Бұқасын шығарды буйволдың, ол шауып жүреді, төрт жасар, онша зор емес.

Колонияның бар жолдары, асфальт жоқ, тауға да, ойға да түседі. Бар жол бойында бақ өсімдік гүлдер. Сүт заводына келдік. Келе аралап, асфальт, көлдер, аса мол машиналар сүт алатын, таситын қоршап тұр.

Автомобильдер бидондармен сүт әкеткелі тұр. Бар фермадан сүт осында әкелінеді. Екі проба алынады. Көп бидон қойылып, бұдан сүт әрі пастеризацияға кетеді. Арнаулы стрела сүттің көлемін көрсетіп тұрады. Бидон қайнар сумен жуады. Механически, ып-ыстық, қап-қара бидон жуылып шығады автоматтан.

3 мың литр сүт насоспен алынып, арнаулы бакта пастеризацияланады. Астан насоспен сорылып алынады. Сонан мынау залдағы салқындау пастеризациялайтын аппараттарға суысып шығады. Бактериялар өлтіріледі. Витаминдер өлмейді. Пропорциясы электрсіз, ыстық, суық сумен істеледі.

162% температура нагрёва. Контейнерлер дейді сары резервуарларды. Порошокпен істелетін сүт.

Су — сүт, порошок қосылады. Бар больница, жұмысшы, оқушылар сүтті осыдан алады. Жексенбі күн балалар сүтті тегін алады.

Толық жұмысшынікі — 1 рупий күніне, 35 рупий айына... Лаборатория күніне 800-дей проба алады — бар проба түрлері осында. Аннан сүті де осында пробаға алынады.

Үлкен конвейерде бутылкалар жуылған, тазарғаны өтіп жатыр пар-пардан. Сүт толтырып, герметически жауып өткізіп жатқан конвейер, сағатына 12 мың бутылка өтеді. Содан бутылкалар суық залға түседі, одан орта темпер. залға

үйіле жиылады. Мол ұялы темір торларға қойылады. Кісі бойындай сүттің бөтелкелерінің торлары.

25 февраль.

Бұл күні біз күндіз тынықтық та, түсте Дели университетіне барып, совет кітабының выставкасын аштық. А.А. сөйледі. Мен азғана сөйледім. Ашрафи сөйледі, тағы да ыңғайсыз, олақ сөйледі. Көрмеде менің романым да бар екен. Қол қойғызып алысты (автограф қалдырдым). Кешке жақын А.А., Завадский, мен үшеуіміз өзіміздің елшілік колониясына барып, жиылыс өткіздік. Адамы көп, ажарлы еркек-әйелі шамалас. Ажарлары анық мәдениетті, ретті. Кітапты жақсы, орысша оқитын анық тамаша өзіміздің Отанның қымбат оқушылары. 25 минуттей сөйлегенде (мәжілісіміз тақырыбы екінші съезд болатын), А.А. көп нәрсені айта, жеткізе білді. Оның сөзіне (өзі айтуынша жалпы ғана) жайлар болып қойған жоқ. Кейін мен әдейі ол жағын басып ескертіп өттім. Оның сөзінде жалпы жайлар аса анық конкрет халдер (әдебиеттің жазушылық шындықтан, болмыстан) және сындар мен жүйелік жайлар да кем болған жоқ.

Мен сөйлегенде оны қайталамауға тырыстым. Тіпті туысқан елдер мәдениеті жайында ол көп айтып, кең айтып, өзінің дағдылы аса орамды тілімен келтіріп айтып қойды. Мен сондықтан басқаша бір сын ойды айттым. Ол екі съезді салыстыра сөйлеу еді. Біздің бірінші съезд бен екінші съездің екі басқа екенін айттым. Ол басқашалықтар, тегінде, қатты ойланып ескеруді қажет ететін жағдайлар.

Бірінші съезд жүйелі жайларды 20 жыл емес, 50, оны 100 жылға жетерлік етіп шешкені рас. Бірақ соңғы 20 жылдағы конкрет табыстарға байланысты соц. р-зм жүйесіне толықтау, қосу шарт еді. Маркске Ленин қосқандай, Ленинге Сталин көп жаңалық қосқандай болса, артық педі? Ал бірінші съезде Максим Горький Жданов екеуі маркстік-лениндік эстетиканы көп тереңдетті. 20 жыл бойында әдебиет, сын, академиялық ғалым Горький пікірлеріне сүйенеді. Көп нәр алады.

Ал біз осы жағынан қарағанда, бар баяндаманы қосып, тіпті коллективный Горькийді де бере алмадық. Ілгері дамытарлық заряд берерлік үлкен ой қалдыра алмадық. Бірақ өткен 20 жылдың урожайын жидық. Бірінші съезд

еккенді екінші съезд орды. Ал өзі алға қарап аз берді. Оның есесіне екінші съезд бірінші съезд бере алмаған нәтижелерді аса жақсы көрсетті. Қасиет осында. Әсіресе соц. р-зм берген нәр-нұр атаулының жиырма жылдық әсем әсері жақсы ашылды, кең танылды. Съезд қасиеті осы болды. Ал СССР болмаса, әсіресе біздің әдебиет бұлайша өспес еді. Өзге жағдайларда 150-200 жыл жүріп өтетін жолды біздің жас әдебиеттер 25-35 жылда басып өтті. СССР болмаса осы жылдар ішінде осы ақын-жазушылар толып жатқан декадасын “изм”-дердің шырмауына, әр есікке түртінуде өткізер еді. Өнімі болмас еді, осы жайын әлі де тереңдеп ойланатын хал. Келесі пленумда мен осы жөнінен сөйлесем де болады. Тіпті Индия әдебиетіне ағылшын әдебиеті әсер ете алмағанын, 150-200 жыл қор еткенін еске ала отырып, 35 жылда озғын орыс әдебиетімен біздің қанатымыз қатты да, тез де жетілгенін айту аса дұрыс болады екен.

Сол 25 күн кешке “Хайдарабадхаузда” Жафримен бірге келген урду тілінде жазатын үш ақынмен таныстық. Олар да, Жафри де мүшәйраға келген екен. Индиядағы мүшәйраның өзгешелік жайларын сұрастырдық. Қыстақта, оқымаған халық ақындары біздің ақындарша суырып айтыс жасайды екен. Қалада оқыған ақындар айтыспайды. Тек өз шығармаларын бірі декламациямен, бірі әндетіп оқиды.

Сағат 10-да біз А.А., Жафри үшеуміз мүшәйраға бардық. Ол ғажайып жиын. Көшеде, бұрыштарда, парк алдында тұрған машиналар саны есеп жеткісіз. Жиын үйде емес, өңшең бояулы кенеп шатырларды құрастырып жасаған мейлінше мол залда. Төрдегі сахна да шатырлардан құралған. Желмен бірге толқып тұрған төбелер байқалады. Сахнаны биік етіп нық жасаған. Оған кілемдер, жастықтар, микрофондар қойылған. Сахна басқышпен шығысады, ол биік. Онда отырған адам да бар залға мейлінше мол көрініп, естіліп тұрады. Тегінде, халықтың көптігін еске алып, мынау шатыр залда жарық “күндіздің” жарығы. Бар жерге ағартып, ұзын сызық етіп тартып, сырлап тастаған ақ сырықтар.

Ақындар әр алуан. Біреу қып-қызыл мас күйде шықты. Микрофонға тәлтіректеп зорға жетті. Басына кигізген бөркі құлап түсті. Көздерін ежірейтіп бадырайтқаны,

бақырайтқаны тіпті өрескел, өзгеше сорақы болды. Мастығын білдірмеймін деген болу керек, көзін адырандата береді. Дауысы бақырған, қырылдаған, сүрініп, сүйретілген тілмен көп сөзін былдырай салып сөйлейді. Тағы бір семіз, ұзын бойлы жастау ақын пакистан тілі мен пенжан тіліндегі аралас қосып сөйлейтін ақынсымақтардың өлеңін оқып, көп жұртты көп күлдірді. Бірақ ақындық тапқырлығы емес, мысалы, қазақ тіліне украин сөздерін қосып, немесе орыс тіліне украин сөздерін қосып күлдіру тәрізді. Цирк клоундарының әзілі бар тілі тәрізді. Соған көп жұрт шынымен күліп отырған тәрізді емес, сын, тапқырлықпен күлдірмейді, қытықтап күлдіретін сияқты.

Ұлы лирик деген бір қызық пішінді ақын шықты. Ол қап-қара. Шашы ұзын, мойнына түскен. Шашы қара да, сақалы ақ. Дөңгелете, өткірлей күзелген сақалы бар. Тар сұр бешпент киген. Бұтында тар дамбалы, жалаң аяқ. О да өз қалпында келіссіз көрінді.

Тағы бір үлкен ақын саналған тақыр басты, кішкентай мұрты бар, қасқа, жалтыр қара бешпент киген ақын тәуір оқыды. Сүйсінген халық “Вава” деп қалып қостап отырады. Басын теңселе шайқап, ырғала елтіп қостайтын халық та бар. Оқыған жұрт, өнерлі қауым. Өз басында келісті киінген сұлу әйелде де көп. Мүшәйраға бұл түнде бір ақын әйел де қатынасты. Ол европаша бежин түсті жұқа пальто киген, басында ақ жібек орамалы, кең ақ жібек шалбары бар, сұңғақ бойлы, қоңыр-сұрлау әйел. Өлеңді әндетіп оқыды. Қысылған, іркілген, қымсынған кезі болған жоқ. Сахнаға басқышпен көтерілді де, аяқ киімін (басқаларша) тастап, микрофонға жалаң аяқ барды. Мүшәйра жөнінде Жаффри біраз мәлімет айтқан. Қыстақтарда мүшәйра айтыс ретінде болады екен. Біздің ақындар айтысына ұқсаса керек.

Осы мүшәйраның алдында Жаффримен әңгімеден бастаған бір-екі мәселе еске келеді. Ол европа әдебиетінің бізге әсері болған деді. Мен ағылшын тілі корольдің ғана тілі емес, Апарон Шеллидің тілі. Одан үлгі алса, нетер еді. Алмасқа бола ма тіпті десем, қарсы болды. Индияның өсу жолын баста қабылдамады дейді. Мен Россия мысалын айттым. Орыс тілі патшаның тілі еді, бірақ Пушкиннің де тілі осы. Біздің әр халықтарымыздың ақындары ақындық мәдениетті — әдебиет, мәдениетін сол орыс әдебиетінен

және ол арқылы бүкіл дүниелік әдебиет ортақ мүлкінен үйреніп өсті деп едім. Индия жолы басқа болды. Сіздердікіне ұқсамайды дейді. Мен мысалға Раб. Тагордың прозасын алдым. Оны Европадағы роман үлгісін Индияға әкелуші болған жоқ па дедім. Бұған жауап айтқан Жафри да жетіскен жоқ. Тагор прозаик емес, ақын деді. Ал оның дүние білген романдары барын айтсам, қайтадан Тагор ақын, прозаик емес дейді. Дәлел де, ой да шалғай көрінді. Осындай саяз ой, роман жазуы тумай жатқан себебі жөнінде, Мулк Раджан айтқан дәлелден де басқа болып еді. Анығында, иран тілінде сценарий, новелла жазу басым болғандық әсер етсе керек. Ал оның көбірек озғындайтыны кинода, бар проза тек киноға қызмет етеді. Бір кезде ойлар болушы еді, ендігі заманда театрды кино жеңеді, театр болмай, кино болады деген пікірлер болатын. Индия сияқты Европа мәдениетін жақтап, өзгеше қатынасқан ел мүмкін солай ауыса өссе ғажап емес. Сондай хал бар да. Ендеше, проза да, роман да сол жаңалық өзінше үлгеріп әкетіп жүруге мүмкін.

Анығында, Индияда театр жоқ. Музыка өнері өзге жағынан кейіндеп қалғаны тағы да кинода. Европа үлгісін кинода артистің ойнауы да көп, көп нивелировкаларын аңдатады.

26 февральда музейде болдық. Ол алдыңғы книжканың соңына жазылды. Сол күн кешке “Шойын жол полотносы” деген Индия киносын көрдік. Зал, қолымен тарсылдататын әдеттері басқарақ. Сурет қызық емес. Мазмұны, әсіресе стилі әдепсіз, көпшілікке жайылған үлгіде (орташа).

27 февраль күні бір қымбат альбом сый алдық. “Живопись долины Кангра” деп аталады.

Күндіз сағат 5-те төрт парсы келді. А.А. екеуіміз әңгімелестік. Төрттің бірі, жаңа аталған ұлы лирик Жигар келді. Кейін тағы он шақты жазушы қосылды. Әңгіме: парсы ақындары туралы. Хикмат — Хафиздың мазарын жасаған министр болған кезінде. Қазір ол елші. Өткен мүшәйрада кім озды? Жигар — ұлы ақын, бірақ бәрінен озған ақын емес. Бірақ анау озды деп айтылмайды.

Джоши — один из лучших поэтов. Ғазелді халық бәрінен артық көреді.

Поэты:

1) Дипак — поэт, жас лирик;

- 2) Рахбар – критик, поэт;
- 3) Саламатулла д-р – критик;
- 4) Низами Сагар – поэт, популярный (самый) в нац. освобод. движении;
- 5) Султан Хамида – романист, прозаик;
- 6) Маджрух Султан Нури – поэт (газели). Один из самых лучших на урду;
- 7) Шерма – журн. и критик;
- 8) Шерпат – поэт;
- 9) Гулям Раббани Габан – газел мастері;
- 10) Жигар-Мурад Абади. Это попул. ветеран, он наиболее популярен;
- 11) Зоп Унсари – журн. и критик.

Все сочиняют газели, а Низами враг газели. Считает это застывшей формой (қалжын). Кешегіден қорықпаңыз. Бізде 15 минут кешкі Индияның әдеті деседі күліп.

1. Низами өлеңін әндетіп оқиды. Бұрынғы бөйіт оқу осылай болса керек. Шәкірттер еске түсті. “Вава” десіп отырды, кейде ол айтқан бір жолдың бір-екі сөзін қайталап айтады. Солай да қостасады. Мазмұны: бұл газел. Сергек мазмұнды. Қараңғыға қамалған қамықпас жол табады. Мінейді.

2. Маджром (Бомбей ақыны, лирик). О да әндетіп, мақамдап бөйітше оқиды. Урду тілінде лириканы ең жақсы танытып жүрген осы дейді. Дауысы, күйі бөрінде зарға ұқсас, мұңға толы сарын бар (көзілдірігі бар, шашына ақ кіре бастаған). Мұңды, ойлы жігер қатты сүйсініп, аз сөзбен қостап отырғанда, маңдайына қолын апарып алғыс білдіреді. “Вахва” деп көп дабырласты. Салмақтап, зармен, мұңмен айтады.

Мазмұны: философия символа. Лирич. газель – он считает себя понявшим диалект. Мат. цветок моего сердца. М.б. на чем он вырос? Вырос символ...

3. Шариат – ақын, жас, қара көзілдірікті, сұлу, қара сұр. Прамирдің кіші інісі деп қалжыңдап таныстырды.

Маңына қол сермеп, кейде бір нәрсені нұсқап, алақанын жайып, айнала қарай түсіп жырлайды. Бұ да күйлі, әдемі сарынмен жырлады.

4. Ғұлам Раппани жырлады. Шашы буырыл, қара көзілдірік, ұзын бойлы. Бұл ақырын оқып, декламацияны

сөйлегенге жақын айтты. Қалжың сөзі аралас болу керек, күлдіреді де. Шашы ұзын. Жигар ақын жалғыз сөзбен мақтай түссе, маңдайына қолын қояды. Вопрос — ответ форма ритор. Вопрос и ответы.

5. Жигар өте ақырын, сыпайы біраз сөйлеп барып, әніне, оқуына ауыстырды. Қабағын түйіп, ауыр салмақпен салқын жырлап отыр. Мұрты басылған, сақалы да дөңгелене қырылған, үшкірлеу.

Жұрт оның өлеңін “аһа”, “аһа” и “Ваһва” деп те қостады. Жырлап отыр. Басында бұйра көк бөрік. Оны тастамай отырып шай ішті. Енді қара шашы желкесіне түскен.

6. Дипак — ақын өлең оқыды. Әннен гөрі де декламацияға жақындау бастады. Кейін мақамға ауысты. Жас, сұлу, кесектеу мұрынды. Қара бешпет мойнын дәл қысқан. Көзілдірігі бар. Кейін А.А. Сурков оқиды өлеңін.

Поэт тамильского языка Барат — первый пел о независимости. Прошли дни, когда всех белых мы называли сэр. Прошли дни, годы, люди от снисхождения смотрели на бедность.

Везде говорят только о независимости...

Давайте об этом раструбим всему миру. Пришло время, когда мы все едины. Пришел день, когда обман и ложь исчезли. Пришел день, когда человек низшей касты стал равен другим.

Мы будем чтить плуг и труд. Мы больше не будем поливать сорняки. Мы больше не можем работать на обманщиков. Мы узнали, что страна, в которой мы живем, наша. “Мы никогда не будем рабами”, мы будем работать только на всевышнего.

Еще стих. “Когда мы только упоминаем о стране тайн”, “Я слышу сладость меда”, “Когда до нас доходит песня на тамиле”. Страна тамил — это страна классического языка.

Это молодая страна, песня любви. Это страна, которую орошают три реки. Эта страна на берегу Ваюхай, где процветала литература. Это страна, где создана жемчужина тамил. языка... Это страна, где сосредоточены все богатства мира. Это страна, которую с одной стороны омывают голубые воды Каморы. На севере горы. Эта страна богата литературой. Это страна, подарившая лиру поэта Комбан.

Эта страна впитала аромат нескольких лит-р. Это страна, подарившая миру классика (имя незнакомое). Люди этой страны переехали на острова Цейлон и Ява. И там, на этих островах, флаги: рыбы, тигры (они колонизировали эти острова).

Третий стих. Нету страха, нету страха, нету страха! Если против нас поднимается весь мир — не побоимся! Пусть клянут нас — нет страха, нет страха. Пусть мы потеряли, нет страха, нет страха. Нам не страшны даже чарующие взоры женщин. Нам не страшен самый страшный яд. Мы не боимся даже самых страшных армий. Даже если небесный свод обрушится — нам не страшно.

Дочь моя. О моя доченька. Теперь, когда ты родилась, я бесплодна. Ты мой нектар. Ты золотая говорящая картина, ты плачущий мед для меня.

28 февральда Ғұмаюнның сарайын көрдік. Ол қызыл песчаникке мраморды оюлап қосудан жасалған. Күмбезі мрамор. Бұ да мезгілінде аса сұлу істелген екен. Тәжмахал әйел көркін көрсетсе, Ғұмаюн мазары ер көркін көрсетеді” дейді екен. Кейінірек бергі нәсілдер салған.

Сол күні бір хатшы министрдің қабылдауында болдық. Аз әңгімеден соң одан шығып, Нерудің қабылдауында болдық. Оның бір жақсы сөзі болды. “Сочувствие сочувствиені тудырады, достықты тудырады. Халықты халық солай білісу қажет. Сол ғана жол...” деді. Біздің адамдардың сіздің елге бар көңілмен дос боп кеттік деген сөзіне орай етіп айтты. Бұл отырысында жалаң бас еді, маңдайы үлкен, әсіресе көзі нұрлы, ойлы жылы. Бір ес-мінез қасиеттерін қатар қосып танытқандай адам. Сұлу, отырысы жай жабайы ғана, кабинеті биік дуал бойына палисандр сұлу ағашымен сары-қоңырлау сырланып, қапталған. Үстелдің түсі де сондай. Бірақ үстелдің форымы қызық. Осылайша ойлы оралған.

Дәл осы күн кешке сыйлар берді. Кейін соңғы рет біздің құрметімізге кешкі ас әзірленді. Хайдарабат хауыздың өзінде, үстіңгі сарай салтанат бөлмелерінде болдық. Әуелі түрегеліп тұрып әңгімелесу, артынан табақтарға астарымызды өздеріміз салып алып, үстелге отырыстық. Біз төрт кісі бір үстелде бір ағылшын әйелімен бірге болдық. Ол француз тілін оқытатын, қара түсті, үлкен көзді әйел.

Рас, 27 күні тағы бір қонақта болғамыз. Ол баһадүр атты бізді министрлік тарапынан ұдайы қарсы алдырып, күттіріп жүрген ірі орын адамы. Өзі хатшының орынбасары. Айлалы, орамды болайын деп тұрған адам.

Сол дайын көктемгі қонағына барып, 1 1/2 сағат болып шықтық. Индияда ең соңғы бір келелі әңгімені мен соның үйіне қонаққа келген қызметтес адамы Жусеин мырзамен сөйлесуде естідім. Ол Сыртқы істер министрлігінде Европа бөлімін басқарады. Інісі Пакистанда Сыртқы істер министрлігінде істейді. Осы адам ағылшын заңы, сот, әдет, шарифат жайлы, мұсылмандық қалпы туралы қызық мәлімет айтты. Есте болатын жәй. Ағылшын заңы әлі қолданылады, бірақ ол біздің дінді, моральды, семьялық жәйларды ескерген заң болатын. Сондықтан әлі қолданамыз деген тәрізді. Олай болғанда, ағылшын заңы бұндағы ғасырлық устойкостностьты құлыптаған да сақтаған боп шығады.

Өзі бізге ескерту айтып, Индия ағылшын ықпалынан шыға алмайды деп суреттегіш келеді. Сырт адамдары деп еді, аяғында өзі сөйлеп тұрған тілі, мемлекеті қолданған заң әлі ағылшындікі екенін өзі мейлінше орындап шықты.

26 февраль.

Біздер музейдеміз. Онда Шива тас қолы бар. Билеп тұр. Үш сипатта: сотворение мира, процветание, истребление зла.

I. Бес қол бар:

- 1) создат. мира (тамбурн. в рун);
- 2) пламя создания и разруш.;
- 3) запрещ. лир...
- 4) вес три фунта.

II. XII ғасыр бронзасы. Шиваның әйелі.

III. Тағы Шива — басында ай белгісі (уничтож. инструменты бар). Ай — мягкость и кроткость — осы құдайдың сипаты.

IV. Шиваның емшегі бар суреті. Әйеліне үйленген түннен соң әйелдің емшегі біткен.

V. Бір құдай әрі әйел, әрі еркек — жарым денесі ер, жарымы әйел.

VI. 24 перевоплощению сенеді индуистар. Шиваны құдай жаратқан, жан иесі өлтіре алмайды. Тек құдай жаратпаған Демон ғана өлтірмек болады. Бірақ оны Шива өзі өз сапына салып өлтіреді.

VII. Шива пілге өз баласының басын берген. Әйел бала үшін қиналған соң, өзі басын алған баласының басын бірінші кездескен хайуанға бермек болғанда, алдымен піл кездескен, соған адам басын берген – соның белгісі.

VIII. Школалар: Бахари (Могол), Мугал, Раджастхан тәрізді живопись школалары, солардың картасы. Декани (южн. школа).

Рукописи: Западные тексты и картины и текст творят об одном и том же (картина воспроизводит все...) Кришна әр кезде көк түсті болады – қолында дудка жүреді.

Суреттер: а) сурет – Кришна мен әйел – свиданиені күткен, ауырған әйел туралы, рага – рагини; б) рага – песни. Алты рага бар, әрқайсысы бес бас рагини бар; в) биші әйел – түсі Кришна әйелі Рагағаға ұқсайды; г) қызық (сюжет) сурет – үш-төрт халді баяндайды – қамыста, таудағы сарайда және жеке екі адамның тау басында табысуы – бөлініп төменде ірі (деталь) етіп көрсетілген (Пахари школасы); д) Кришна өз әйелі Раданың тырнағын (аяғының) бояп, реңдеп отыр; е) қыздардың (принцессаның) күйеу таңдауы, ұнаған күйеуге гирлянды лақтырған; ж) Рада – Кришна (қалжың).

Могол живописі – XVII ғасыр. Акбар – намазды, хажды тыйған, мешіттерді жапқан. Әйелі һинді қызы болған. Сурет адамды салған. Шам жағылған солай болады. Кейін Ауразеп бәрін ойыншылдыққа салған.

Кітаптар. XV ғасырдан Нәдір шахтың қылышы бар – сикхылар соғысты түсіріп алған. Осында Шыңғыстың тарихы бар.

Южная школа Декани Раги.

Құран парсы тіліне аударылған. Акбардың кітапхана-сында 20 мың кітап болған. Өзінің суреті, жақындары салынған. Ганди училищесінің символы – арқан, айналма дөңгелек.

Скульптура. Ескі мрамордан Білім құдай әйелі (богиня).

Тысты бука (Ашока букасы) ескі заманнан. Ашока гербі – төрт арыстан. Қазірде де сол герб боп алынды.

1 март.

Біз жолдамыз. “Викног”-пен 4 сағат ұшып, Бомбейге кеп, күнұзын гостиницада болдық. Енді түнде Бомбейден Каһираға ұшқалы отырмыз. Сапар оң болсын, елге қайтуға

беттедік. Индия жағасынан түнгі сағат 23. 55-те ұзақ сапарға беттемекпіз.

2 март.

Түнде сағат 12 $\frac{1}{2}$ -да Бомбейден ұштық. Самолет төрт моторлы, ұзақ, іші вагоннан кем емес, 60 кісі мінді, арқалық бар, бөлім де бар, әр бөлімдер арасында шымылдық. Ортада кең коридор, оған қалың кілем төселген. Орындықтар екі-екіден. Самолет 10 сағат 45 минут ұшып, Каирге жетпекші. Теңізді аз жағалай ұшып, Арабстан сахарасын басып, шығыс-түстіктен батыс-терістігіне қарай кесіп өтеді. Бұл түннің 8 сағатын ұйқымен (шала ұйқы болса да), қалғумен өткіздік. 8 $\frac{1}{2}$ -да ояnsам, таң жаңа атып келеді екен. Бұнда сағат басқа. Самолет 250 километр жылдамдықпен ұшқанда, біз 10 сағатта 2500 километр жыраққа ұшамыз. Сондықтан сағат анық көп ауысқан. Мәскеу сағатына ұқсап келеді. Самолет сондай жайлы, парохоттан да майда (өзен пароходынан). Енді төменге қарап отырамыз. Күн шықты. Теріс жағымыздан шықты. Астыңғы жақ тегіс жер. Құм. Бұйра құм, анық шөл Биябанның өзі. Өте сирек қана қара тасты шоқылар, қырқалар көрініп қалады. Ал құм тегіс емес, тау-тау құм болу керек. Орай-орай кейде бүктетіліп, кейде толқындай қат-қабаттап, кейде құм қырқалардың құла сор бозғыл жүдеу реңін танытады. Дүние бұл тұста өзінің тозғанын, азғанын, жүдеп қаусап, қартайып біткенін байқатады. Ешбір жыбыр еткен тірлік белгісі, нысаны жоқ, жым-жырт құла түз. Әлгі ертегінің “ұшқан құстың қанаты күйетін, жүгірген аңның тұяғы күйетін” құлан жортпас қу даласы. “Ат керт етіп шөп жемес, ер қылқ етіп су ішпес” шөл Биябан. Тағы да ертегінің от дариясы. Бұдан талмайтын ескі тағы замандарда тек самұрық құстың дос қанаты ғана алып өтетін. Қазіргі ғасыр қандай ғажап!! Адам қандай осы самұрықтар қанаттарын, алыптарын тапқан. Тек адам адамша жұмсауды үйреніп алып, адамдықпен пайдалануды білсе (атом бомбасы жайында), күнде айтылып жатқан сын менен қарсылық, адамгершік сөздерді осы техникаға да молынан қолдану жол ғой. Күн көтеріле түскен болу керек. Құм дүниесі жарқырай көріне түсті. Енді ол анық, кейде қызғыл, бірде бозғыл құлаға айналды. Көлеңкелі қатпарлар жоқ. Бұлт, ала бұлт, тұман, мұнар бар.

Сондықтан да көлбеп шыққан күннің сәулесінен қатпарланған көлеңке түссе керек, ол да жоқ. Тек боз бұйра құстың арасында қоңырқай, қара барқыт жіңішке иректер тәрізді аққұлат бейнелі ойдым-ойдым, кейде созалаң-созалаң таңбалар көрінеді. Оқта-текте әлдеқашан солып қатып қалған сордың, қақтың жалаң тегіс тақыры білініп қалады. Тағы бір шақтарда тек қана қызғылт сор бірқалыпты, теп-тегіс сұр дүние, шексіз қу дала, қу медиян кетеді. Кербаланың шөлі. Тарихтың шөлі, заман шөлі, жер жүзінің кәрі көңіл шері, сұмдық шөлі. Оған адам тұтқынға түсіп қалса, не болмақ. Аспанда келе жатқан біз бенен мынау көрінген жер тұрағының арасы ап-азғана. Бір серпіп ұшқан бүркіттің шырқауындай ғана. Шөл үстінен ұшып өткен ғана емес, сол сонау бір шөл ғасырлар үстінен де шолып ұшқандай боласың.

Әңгіменің, кітаптың басында айтамын деген ертегілік ғажап, ғайып кіріспе әңгіменің бір кесегіне осы Арабстан шөлінің үстіне ауысқандағы ойлар мен сезімдерді қоса кетуге болады (бір сәтке).

Бұлт, аспан — сол ғана көп таныс, көз таныстай. Қоңырқай, қара сұр, бозғыл, ақ сұр, ұзынша, кілегей, қоюланған бұлттар. Төменде солар жер мұнарымен ұласқан, көкжиекті жасырған. Бүгін мұнда осындай бұлттар мұнарлы күн бар. Дәл өз жерлерімізде (кім болса да өз отанында) қия жарда болатын, кірбең ала бұлт аспан жайларын байқатады.

Сағаттан артық ұша түстік. Енді жер, шөл рең жағынан өзгеріп көрінеді. Кейде бұлт реңденеді, анық бояулы сұр бұлт, көкшіл сұр бұлт реңіндей. Көп уақыт жер ажары астағы теңіз ажарындай боп та кетеді, тек анда-санда сол ай бетіндей суық, жансыз сұр мұнар арасында сорайған үшкір шоқы, жеке қара биік байқалмай қалады. Әлі құм кешуменен Каирге дейін бір сағаттан азырақ ұшамыз.

Төменде жер жайы анық өзгере бастады. Қазір көбінше тасты тау, қатпар-қатпар қара адыр. Рендері басқарақ, аралары үзіле түсіп, қайта қосылып отыр, асты жықпыл жарлы, құжыр тасты таулар өтті. Көлеңке сұрғылдана түседі. Аспанда әлі де алаша бір бұлт бар. Жер, өлке ажары өзгертін жөні бар. Йемен аталатын қазіргі Ливан, Сирия, Израиль тұсынан өтетін болуымыз керек. Атырабы бұл шөлден аз да болса арыла түскен, адам тіршілігі бар

өлкелер. Бізге таулар мен аралас аппақ құм ағыстары (кейде өзендей) тауларды орап, алқымдап алады. Сайларды кейде кептеп басып алады. Енді тау ірілей түсті. Бояуы әлі де сұрғылт, бозғыл, кейде қара қоңыр. Биіктер арасына мұнар, тұман тығылған. Кей биік асқарлар сол мұнар тұманның асып, бұлтқа араласып, өркештене ұласып тұрғандай. Кейде төменгі дүние мүлде ағара мұнарланып тұтасқан ақ сұр кілегей дүниеге айналып кетеді. Әлі де адам жайы, мекені білінбейді. Астағы өлкеде тақыр ақ сұр құз боп жатқан су ағарлар бар тәрізді. Бұл құмдар ендігі аласа адырлар араларында кейде қан тамырдай, ақ тамырдай тармақтанады. Тегінде, әлдебір мезгілде болатын жауындар тұсында сел су, жауын селі ағатын су ағар болуы ықтимал. Қазір ақ құм қара сұр тақыр, адырсымақпен араласа кездеседі. Енді бір шақта аппақ, ашық беттей, ай бетіндей құмның өзі басты. Арасында қырлы жұқа құм таулар көрінеді. Тақыр қызыл плоскогорье кейде шұғыл үзіліп, төменге құз-сайлар кетеді. Онда да өсімдік ұсқыны білінбейді. Өзі де, түрі де үңірейген жер табағы, көзі де — бәрі де қылтанақ жоқ құрдымның өзі.

Құла тау ұзын жазық боп созылып та кетеді.

Міні, енді ғана, Каирге 25 минуттық жол қалғанда ғана, ең алғаш тау құлама өзектердің кейбірінде ағаштай (жұқа жұрындай) көкшіл бұйра кустарник көрініп қалды. Тағы ұзаққа жоғалып кетті. Және де шашыраған топ-топ ағаш оқшау-оқшау шұбартып қалады. Тағы аппақ қыр кетті. Ұлы құм. Ең алғаш шойын жол. Суэц каналы төмендеңкіреп кетеді. Тағы миқыр-миқыр тау адыр кетті. Тырбиған қатпарлар адамның миының бітімі тәрізді. Бұжыры, ой бытқылы, жіктері сондай жұмбақ, суық. Не мал, не бір тірі жан иесі жоқ. Тағы ұзақ тақыр қатқан құм. Қарақталған, бекіп орнап қалған тылсым дүние.

Енді сол ұлы дүние арасымен түп-тура сызылған жіңішке керуен жолы көрінеді. Жалғыз жол, ұзаққа кетіп жатыр. Су ағарда шөптер жиілей, шұбарта бастады.

Қоңыр құм, тақыр адырлар арасының су ағарлары анық тамырдай тармағы көп, шолақ-шолақ боп біте береді. Енді айғыз-айғыз мал соқпақтары білінгендей. Ағаш, шөптері әр саладан шұбартып, тоғыса береді. Бірақ араларында (ағаштардың) көк те, шөп те жоқ, құм.

Біз Каһираға келіп, бір сағаттан артық тұрып, ертеңгі асты ресторанның іштік. Бізді әкеле жатқан самолет Индияның мүлкі ол. Рани (Магараниден) аталады. Енді Римге қарай ұштық. Жол Критті басып, Грецияның шетінен Пелопоннес жарым аралының түстік жағын басып отырып ұшады. Бұдан жарым аралдан өтіп, Италия жарым аралына іліне жүріп, Римге барады. Жаңа біз Крит аралының үстімен ұштық. Биіктік жеті мың метрге жуық. Ал самолет ішінде 3 мың метрлік биіктіктің дауылысын ғана берген. Температура самолет ішінде 20°, ал тыста 14 градус аяз.

Төмендегі дүниені біраз қарап аңдасам, жәй байқалады. Крит қалпынша тау, бірақ ол берекеді тау. Өнебойын тоғай, ағаш басқан. Кейде сиректеу шашырап көрінсе, көп жерде қалың жыныс, зор тоғай боп кетеді. Қарауытып анық мол көлемді, меңіреу боп келеді. Тасты таудың бойларын, ылдиын, сай-саласын жұқа бетіне шейін қарын жібітеді. Сызылған иір-иір аппақ жолдар торлаған, сай-сайлардың әсем жайлары. Өзгеше дүниеге жан сүйсінер жақсы мекен тәрізді. Әсіресе биік ұшқандықтан, ұдайы қалың ақ бұлттар төменде қалып келеді. Сол ақ өркеш бұлттардың көлеңкесі Криттің қара қошқыл тауына, тоғайына, сай-салаларына дамыл-дамыл түседі. Кей таулар мен тоғайлар қап-қара көк боп, теңіз бетіндей боп аңғарылмай да тұрады. Еңкейе бере ыстық күн түскен тасты таулар, жолды сайлар, көгалды өзен маңайлары әдемі ашылып, күлімдеп, жайнап қалғандай: біз Еуропаға қарай ауысып келеміз. Дүние, жаратылыс, әуе райы да анық, айқын өзгеріп келеді. Қазір ғана бізге (ланш) түскі тамақ берді. Бұл самолетте де басқалардай жағдай, ас жағынан күту өзгеше. Бұлай болмасқа мүмкін емес. Өйткені осы трассамен қатар ұшатын аэрокомпаниялар көп. Швеция (“Сас”), Америка (“РАА”), Индия (“Интернейшнел”), Голландия, Германия, Франция, Англия аэролиниялары бар. Бәрінде жағдай талас, бәсеке. Сондықтан жүргіншіні күту жақтары басқаша. Жаңа ланш алдында әркімнің тілеген нәрселерін әкеледі: біреулер кофе, біреулер виски, тағы біреулер қызыл арақ сұрасты. Содан кейін алдымыздағы орындықтың сыртынан үстелше тақтай суырып алып, соған подноспен әкеліп бар тамақты қойды. Онда қою сорпалы қуырған ет, күріш, морковы, картобы аралас.

Үстелде жас помидор, маис салаты. Өте жақсы, тәтті де. Бұған көп дәмдіні қосқан. Екі тоқаштың жағатын майы да бөлек ыдыста. Стаканда әдемі таза, салқын су (Индия әдеті бойынша). Соның бәрінен соң жеуге жұдырықтай қызыл сары, ең жақсы сорт апельсин қойылған. Дәл тамақ үстінде үлкен самолетімізді қатты шайқады. Бізге белбеуді байлап алуды өтініш етті. Шынында, ас үстінде ол әрекет анық керек. Секіріп қозғалсақ, ыдысты ақтарып алар едік.

2 март күні сағат екі де қырық минутта біз Рим аэродромына келіп түстік. Паспорт тіркеу, дүнияларымызды тексеру жарым сағаттай уақыт алды. Содан соң алдымыздан шыққан елшілік адамдарының бастауымен бізге әзірленген пансион аталған орташа қонақжайға келіп түстік. Біз Римде екі күн болмақпыз. Атақты, даңқты Рим қалай қарсы алары мәлім емес. Жолдастар біздің сондағы жайымызды ақылдасуға елшілікке кетті.

Кешке жақын бір машинаға мініп, Римді араладық. Санта Мария храмы, Виктор Эммануэль ескерткіші, Гарибальди ескерткіші, Колизей қорымның қалдығы. Әсіресе Петрдің атақты соборы, Ватикан “Варвара” паркі және түнде Италияның операсында болдық. Бұл екі актылы “Чужестранец” деп аталған Бизеттің операсы. Бизетти классик емес, бірақ музыкасын итальяндар ұнататын болу керек, зал толы болды. Үшінші бөлімде хореографиялық төрт бөлімшелі бір пантомиманы көрсетті. “Пизанелла” залға кірерде, біз киімді бергенде, үшеуімізден 450 лир алды. Ал залда көп жұрт пальтосын тастамай кіріп, орындарында шешінді. Кей дамалар қаракөл мانتосымен, норка киген қалпымен орындарына беттеп жүр. Театр іші қызыл мақпалмен тысталған екен. Үлкен креслолар. Театр кең болғанмен, орындықтар үлкен болу себепті, бір қатарда 25-тен артық орын жоқ. Ложалар бес қатар. Бұл Римнің үлкен операсы болғанмен, Италияның жақсы әншілері Римде емес, Миланда деседі. Италия адамының, зрителінің кескінін осы залдан мейлінше көрдік. Бірақ ертеңгі 3-ші март кешінде Вердидің “Бал маскарады” премьеры боп қойылады екен. Оған фрак, не болмаса смокинг киіп келу міндет еді. Біздің театрлық екі жолдасымыз киімдерін чемоданда қалдырғаннан (олары вокзалда болғандықтан), бара алмайтын болды.

Мынау зритель тыныш, баяу, үнсіз қозғалған еркек-әйелдер. Киімдері онша сәнді емес, орташа қара товар ғана. Жалпы Римде көшеде күз киімінде. Онша жай киіммен жарқыраған адам аз. Орташа құба төбел ғана киінеді. Театр да сондай.

Бизеттидің операсын қатты ұнатқан кісілер де болды. Менің маңымдағы екі-үш әйел екінші актта жылап тыңдасты. Ал операның мазмұны әшейін сәл ғана ескі драма. Оқиғасы да оншалық бойды жеңгендей нық байланған, берік оқиға емес. Алғашқы акты аса өнімсіз, статичный. Өзгеше ұзақ сахнада аса көп адам болғанмен, ол жансыз, қырқимылы аз. Мен алғашқы акт уақытында Н-Данченконы еске алып отырдым. Ол операға, Станиславский айт-қандай, ойын қазір кірген еді. Мынау статикалық массовкаға да сол жаннан азғана жанды, қызу қан соншалық жат көрініп еді. Екінші акт — лирикасы бар екі жас. Олар ғашық. Оларды және сол арада таспен атып өлтіру көрінісі болғандықтан, жандырақ динамика болды.

Ал балет — пантомима — жәй ғана. Онда алғашқы бір бөлімі — театрал киінген ведущийдің әңгіме сөзі, бірақ итальян тілі соншалық сұлу, көрікті тіл екенін ол сөйлеуші тамаша байқатты. Тілді білмесең де, әдемі өленді жақсы айтушы үнінен ұнатып тыңдағанындай.

Осыдан арғы сипаттарына келсек, балет-пантомима сұйық, олақ тәрізденеді.

Бұл балеттің басқы бөлімі қара сөз. Мазмұнын айтқан ведущиймен басталса, екінші әңгіме бөлімі әннен басталады. Бірақ әдемі әнді сахна сыртынан әйел даусы айтып келеді. Содан кейін барып би-пантомима кетеді. Бірақ Гардина боп билеген әйел кейде даусын шығарып, “ah” дегендей. Өлер шағына жетіп құлағанда, шошығандай шыңғырып қап үн қатады.

Бұл күн біз көрген оқиғалардың ішінде осы кеште ресторанда үшеуміздің тамақ сұрап ішкеніміз де қызық, күлкілі болды...

3 март.

1. Колизейді тағы көрдік.
2. Екінші көргеніміз атақты Мұса скульптурасы. Микеланджело: “Сан Пьетро Винколи”, “Св. Петр в цепях”).

3. Церковь св. Иоанна 181 (1742–45 г.) “Сан Жиованно”, рядом тут же церковь “Святая святых”, святая лестница (кровь Христа в терновом венце). Арх. памятник Галилея — Александр, он же математик, повторяет классич. архитектуру Италии XVI в. Такой фасад встречается часто в Италии. Здесь классич. представлено в полноте.

“Св. Метица” — золото на фасаде, мозаика времен Папы, объявившего К. Великого “Великим”.

Церковь св. Иоанна есіктері. Латын сарайының есігі алынған, едені мрамор мозаика. Өз суретшілері болған. Шеркеу өзі IV ғасырда салынған. Фасады XVIII ғасырда. Мынау ішкі есігі салынған қалпынша. Бұнда атақты Джоттоның фрескасы бар (краска).

Дворик XII в. Васали группа художников — мраморды бұрап салғандай бағаналары бар. Тамаша (қола) мрамор. Мозаика ортағасырлық фантастикалы жәндіктер, құбыжықтар бар.

Папаның Кафедр. соборы. Храмда намаз оқып жатқан, тізе бүгіліп дұға, мінәжатқа берілген неше түрлерін, бүгіп, қолдарын иконаға созған қалыпта. Кейбірі тұрып оқиды. Көпшілік алдында бөлек, жеке, ұзынша орындықты үстел. IX ғасырдың құдығы (мрамор биік). Зал ғажайып биік скульптуралы, XVII ғасыр. Бәрі бірдей тамаша, төбесі әсіресе биік.

Церковь “Святая святых” в XIII веке, тут святая лестница в XVI в.

Аурулар тізерлеп шығады. Біздің көзімізше көп әйел тізерлеп кетіп жатты. Аурудан жазылуға тырысады. Бұл әулие басқышпен келе тізерлеп көтеріледі.

Төртінші крестовой поход уақытында осы басқыш Иерусалимнен әкелінген. 30 басқыш екен. Ғайсаның қаны аққан басқыш делінеді. “Әйелдер, қыздар, жас қыз балалар бәрі де өте жақсы киінсін. Сонда Ғайса қанының ақталуына себепші болады” деген жазу итальян, француз тілінде.

5. Қорымның қалдығы. Мрамор колонналар, құлаған тас мрамор бөлімдер жатыр. Кең, биік сұлу шабылған колонналар қақайып тұрып қалған жерлер бар. Қасында таудай биік жары, трибуна орны көрінеді. Шешендер содан сөйлеген. Развалиндер Эмилий романынан, Юлий Цезарь романынан қалған, II—III века д.н.э. Юлий Цезарь, храм “Весталок” — эпохи О. Августа. Барлығы да бар.

Эпохи Паулюс Эмилиос.

Осында аталған орындардың қалдықтары аталады.

6. Сант Анджеоло — мавзолей Адриандікі. Осының төбесінен Тоска құлап өлген.

7. Енді Сан Петроға келдік. В XV в. Папа заставил его перестроить. Здесь “Сострадание” Микеланджело.

Ғажап Браманте, Рафаэль екеуі де қайта өмір сүрудің проектін жасаған деп бекінеді. Бірақ негізінде Микеланджело проекті алынған. Тек оның жобасы да түгел алынбаған. Ол гуманистік бағытта болған еді.

Доминка копиясы.

в) Скульптура св. Петра XV в. Қара түске боялған.

б) Балдахин Урбан Барбарина. XVII ғасыр. Осы өзгерттірген.

Пантеонские скульптуры уничтожил он — этот папа. “Чего не сделали варвары, то сделал Барбарина”. Мақал.

Колонналары бар... Бар жеріне де движение (қозғалыс) берілген. Бұнда ақ Липетрдің қабірі бар деп саналады. Балдахин сол үшін салынған. Кафедра св. Петра.

XII ғасыр кафедрасы ағаштан істелген. Ол кейінгі істерге жамау боп кірген. Мынау бейнесі — рококо. Бұл шеркеудегі ең ғажап ескерткіш — Микеланджело жасаған “Пьета”, оған тең нәрсе бар деу қиын.

Жалпы шеркеудің биіктігі, төбедегі фрескалар алтын-даған мозаика, айнала тұрған әулиелердің, папалардың скульптуралары өзгеше бірінен бірі асқан шеберлікпен істелген. Осы аралауымыз аз, жеткіліксіз болды. Өкіне-өкіне, қызыға-қызыға зорға айрылғандай боп жүріп кеттік. Көз ала алмай ынтық болумен кеттік.

8. Осыдан соң Ватикан музейіне келдік. Ол қисап жоқ мол қазына. Бұнда скульптура, әсіресе живопись, музейлік ескі бұйымдар, ескі Египет скульптурасы, гобелен, әсіресе фрескалар мол.

Бұның ең асыл бөлімі — Сикстинская капелла. Онда Микеланджело, Боттичелли, тағы басқалар фрескалары бар. Дәл капелланың төрдегі фрескасы Микеланджело жасаған “Страшный суд”. Содан төбедегі көп пайғамбарларды салған. Бұнда айтып болмастай шеберлік, шабыт бар. Өлмес нәсілге өшпес белгі. Тәңір жаратқан жаратылыс пен тау таласа алатын туыс-бітімдер бар.

Бірнеше бөлмелер Рафаэльдің фрескалары. Оны анықтап қарай алмадық.

Борджиа амфиладаларына да тоқтай алмадық. Бұдан кету алдыңғы Петр храмынан кетуден де қиын болды. Бірақ амал жоқ. Өзімізге өзіміз мынау жүріс қылмыс, одан басқа сөз жоқ дедік те, кете бардық. Ұжмақ сәулетін көріп тұрып, асығыстық жүріс себебінен тайқып кеткен тәрізді. Кейін біз Гарибальди ескерткішіне тағы бардық. Күндіз көрдік. Ат суреті аса сұлу болғанмен (бұ да Амангелді атындай әрі үлкен, мойыны қаз мойын, құлағы шаншылған қалпымен), аса сәнді болса да, Гарибальди одан да салмақты, ірілеу, маңызды шыққан. Бұл ескерткіш биік тас пьедесталға аса үлкен боп орнатылған. Өзі Римнің ең биік төбесінде, тегінде Рим 7 төбеге (холмға) салынған дейді. Соның бірі. Ескерткіш сондай биікте, өзі үлкен болғандықтан (биікке салынған соң үлкен болмасқа мүмкін де емес), аса маңызды болып, өктеп шығып тұр. Әсіресе Рим қаласының жақсы бір қасиеті осында да байқалады. Гарибальди ескерткішіне екі жақтан келеді жол. Сол биікке шығар жолда жоғарыдан төмен құлай ақ мрамор бюстер қойылған. Саны 50-60-тан кем емес. Бұның бәрі Гарибальдидің серіктері, жүзбасы, мыңбасылары.

Осымен жалғас еске ала кетейін. Петр соборының екі жақ сұлама қоршау бөлімдерінің үстінде де толған скульптура. Ол жүзден асады. Әр фигура апостол, әулие, папа ма, дәлін білмедім. Бірақ осал істелген бір бейне жоқ. Шетінен, өзі бір ескерткіштей және қандай ғажап шебер, мінсіз, көркем етіп ойылған, тастан ойылған мүсіндер. Өздері үлкен, бар фигуралар түрегеп тұрған бойда жасалған.

Осы жәйді Римде сәт сайын көресің. Виктор Эммануэль ескерткішінде жоғарыда топ фигуралар, періштелер, күймелі аттар. Төменде алтындаған періштелер, қоладан салған сан фигуралар ақ мрамордан салынған үлкен ансамбльдік аса көп үлгімен, бейнелермен беріліп тұр. Осының бәрінің ортасында биік көтеріліп орнатылған қара құла атты Эммануэль фигурасы. Бәрінен басым, астам, әрі қоршаулы қомақты, жапа-жалғыз қақпай, бөлекше қамау қоршау арасындағы күтіммен көрсетілген.

Римде не көп — статуя көп. Және бәрі де шеберлік түріндей. Рим мәдениеті Еуропаның мектебі, академиясы

гой. Әсіресе Милан, Венеция, Флоренция, Падуя бәрін қосып алғанда тұтас Италия — Еуропаға ұстаз болып қалған. Көп ғасырлар эпоха возрожден. Қалған мұраны осы елден оқиды. Болашақта да сол тарихтың қасиеті тез жойылу оңай болмас. Музыка, живопись, скульптура, архитектура — осы өнерлер Италияда, Римде көп өнерпаздың көзін тартпай тұра алмайды. Сонымен қатар Рим — барып тұрған көзтартпа дүниелік, діншіл қырсықтың мекені. Бұнда көшеде кім көп десең, ең алдымен мол ұшырайтын монахтар. Қара киімді кәрі, жас монахтан, монашкадан аяқ алып жүре алмайсың. Жүздері қып-қызыл, ажарлары тоқ, ауқатты. Киімдері су жаңа, өзінше сәнді. Монахтар шарап сататын жерге шейін жүреді. Ерлері, әйелдері де сопиян түсті емес. Кәдімгі жай қызметкер тәрізді деловой қалыпты, әрекет адамның түсінде.

Бұл қалада жұмысшы аз, өйткені өндіріс жоқ. Бұнда тек банкілер мен сауда, саясат, дін саясаты, тағы сондай салт-сана, партиялар әрекеттері мол болу керек. Осында жауыз фашистік қоғамдар да ашық тірлік етеді дейді. Коммунист партиясының үйін де көрдік. Муссолини тұрған Венеция сарайын көрсетті. Ол біз сыртынан қарағанда, сарайдан көрі абақтыға ұқсас, ажарсыз, ескі үлгіде салынған үй. Онда қазір Венеция өкілдері тұрса керек.

Бұл қаланың тағы бір өрескел сорақылығы — сатымсақ әйел. Түнгі он, он бірден соң көшеде жүретін әйел сол әйелдер ғана болады. Олар өзі іздеп жанасады. Римде 15 жерде қызыл фонарь бар дейді. Еркекті науқас жағынан тексеріп отыратын дәрігерлік өкіл бар. 15 минуттан кейін есік қағып, әйелден айырып алып, тез қуатын әдеттер бар деседі. Қысқасы, бұл қалада толып жатқан тоқайласқан қайшылықтар бар. Анық капиталистік кәрі қаланың қазір бүкір бітімі сол.

Біз бүгін приют балаларының ойнап жүргенін көрдік. Ол жетім балаларды Ватикан асырып өсіреді. Жетім, жоқ-жітік адамдардың балаларынан оқыған адам шығармайды. Жасынан жұмысқа салып, еңбекпен жаншып құл етіп, күң етіп өсіреді. Істейтіндері қара жұмыс. Кейде ол сонша ауыр болғаннан балалар кішкентайында жаншылып, мыжылып өледі дейді. Ватикан тәрбиесінде әлді адамдар балалары да болады. Оларды оқытқанда ақсүйек, төре, ұлықтар және

сопылар мен Ватикан қайраткерлерін өсіреді. Ватикан, тегінде, аса бай. Ол бүкіл Италиядан да бай болуы мүмкін. Себебі оған бар Батыс Европа бағынады. Тіпті Америка да дін жағынан осыған бағынады.

Бүгін кешке біз өзара достық мәжіліске бас қоспақпыз. Анау бөлмеде сол отырысты әзірлеп жүрген дауыстар естіледі. Бұны еске салған, өзі бастаған А.А. Соның өз даусы да естіліп жүр. Сөйтіп, 3 марттың кеші болды. Аманшылық болса, бүрсігүні кешке дәл осы мезгілде, бесінші мартта біз Мәскеуге барып жетсек деген ниеттеміз.

Айтпақшы, қызық деректерді Индия тарихынан жақсы айтатын бір профессор Турлаев қазірде де бірнеше мәліметті еске салды. Мен ол адамға көп алғыс айтармын, тегінде.

Майсорда пілдер қорасына барғанымызда, ол байқаған бір жайлар бар екен, қазір соны айтады. Онда үлкен піл, 80 жыл жасаған піл бар-ды. Соның салмағы 300 пұт екен. Оның қант қамысын жегені қызық еді.

Бенарестегі геософия об-восы, Шитаргорг тағы, Брахмачандра мектебі есте болу керек. Соңғы мектептегі балалар болашақ монахтар, олар үйленбейді.

Аджента 29 үңгірінің салына бастағаны біздің ғасырдан екі жүз жыл бұрын, ең соңғы үңгірі салынғаны жетінші ғасыр (біздің эраның). Қысқасы, 900 жыл бойында салынған сол 29 үңгір және Эллора храмы (Радж Кришна Сингар плотинасының ұзындығы $3\frac{1}{2}$ километр).

4 март.

Бүгін ешқайда шыққам жоқ. Тек елшілік асханасына барып, ас ішіп қайттым. Бүгін күндіз, енді екі сағаттан соң аэродромға жүреміз. Сағат 13-15-де Стокгольмге қарай “Сас” самолетімен ұшпақпыз. Бүгін Мәскеуге гостиница жөнінде телеграмм бергіздік. Ертең кешке көптен көксеген Мәскеуге, өз Отанымызға жетсек деген ниет көңілді қатты толқытады. “Жүрген, көрген жақсы, жақсы оралып елге келген жақсы” дер едім. Осыдан 15 күн бұрын, тағы да біз елге қайту жайы сөз болғанда бір айтқаным бар еді. “Осы жүрген біздің басымызда құпия түрде сан мәртебе бірқалыпта ойланған қиял жүр — ол Мәскеу аэродромына біздің самолеттің аман-есен қонған сәті” деп ем. Сол күн ертең дегенге қуанып ойға аламын. Қуаныш және сонымен қатар нервiлес жүретiн сабырсыз, тақатсыз асығу —

болашақтың сезімі. Сол менен кей кезде әлі де қалмаған тәрізді. Рас, бұрын бұндай, алдағы жақын қуанышты, әлдеқалай оқиганы, ұшырасуды тосқанда, мен ұйықтай алмай да, аунақшып та түн өткеретін кездер бар-ды. Сол күй, яғни өмірді толық кеудемен, қанды, жанды әсерлі сезіммен сүйіп келсем, әлі тобарсымағаны, суымағаны менің ырысым да, мүмкін әлі басылмаған құмарлығым кемшілігім де болар. Бірақ осыған өкінбеймін. Тургенев дұрыс айтқан: увлечение біткенде шабыт та бітеді деп, алдағы жақсылықты, қызықты қартаң тартқан, салқын жасқа түспей, жалынды жасша (іштей болса да) қарсы алуымызды, осы жағынан қарағанда, қажетім, отым, ішкі қажымаған қызығым және әсіресе сәтті еңбегімнің көз нәрі, уағы деп білемін. Сондай қызығу мен толқуға жаратылыстың шын әсері болмаса, мен сапар шығып не бар. Ал мен сол сапарға өкінбек түгіл, бақыт санаймын. Отаныма, өкіметке мың сан алғыс айтам ішімнен. Осы сапарды маған қиғанына қуанып алғыс айтамын. Соны ақтағым келеді. Осы үшін-ақ көрген мен көзегеннен алған жаңалықтарымды оқушы жақсы жұртыма білдіргім келеді. Мен бұл сапарды жазбақты өзіме міндет етіп аттанғандай болатынмын. Жолдастарға бұл жөнде әсіресе ырзамын. Үйден аттандырған жазушылар мен ғылым адамдарын айтамын. Олардың кезектеп сөйлеп шүйілгені әлі айқын күйде есімде. Көз алдымда бірінші саяхат кітабы дерлік қазақ жазушысы тарабынан жазылатын еңбекті менен тоспақ болысқан. Менің тіліммен мен көргенді жазып беру әлеумет міндеті есепті, жақсы, орынды айтылған. Шын ниетпен айтылған-ды. Соны ақтамаққа құштармын.

Бір ойдан, біздің сапарымыз Индиядан тура Италияға бір-ақ ырғып түскені аса мәнді желілес бір жайға қолайлы шыққан. Тарихтық мәдениеттің өнерлік, айластық пен жалғастықтарды алғанда, үлкен, мол бір қарайластық осы екі ел арасында анық байқалады. Ескі Мысырда, Грецияны қосып ескі Римді алсақ, орта ғасырды ескерсек, Индия мәдениетіне бұл жағалардың әсері болмай қалған емес. Соған орай Индия өнерінің бұл жағаға да үлгі өрнегі келмеген емес. Аджентаның фрескаларының Аджента тақырыптарымен, үлгісімен дәл ұқсасып шыққанын ескерткенде, сондағы суреттің дүниелік ең ғажап сымбат,

көркем, шебер деген суреті бұнда талай жүздерге ұқсап кетеді.

Микеланджелоның жасаған Сикстинская капелладағы “Страшный суд” суреті Будданың ең алғаш проповедка келтірілер алдындағы Берунд тазаруынан алыс кетпейді. Мынада Ғайса өзінің анасы Мариям ананы да сырт серпеді. Бар апостолынан баз кешеді. Күнәлы күйден аман адамзат жоқ екенін көрсетеді. Тіпті бейістің кілтін ұстатқан Петр сол кілтті созып көрсеткенде де, Ғайса үркіп аулақ болғысы келеді. Ал Будда әйелінен, бауырынан, бар жақынынан солай безінетін. Содан кейін барып созерцаниеге берілетін дәуір үлгісін бастайтын, діннің шарттарын белгілейтін оның жанында дьявол азғырмақ та, шошытпақ та болатын. Оның алдында сұлу әйелдер искушение жасамақ та болатын. Бұл тақырып христианствода қандай көп, соның бәрінен Будда да асып, биіктеп ұзап, өсіп шығып тазаратын бұл тақырыптың қайталауы да көп.

Индия өз дінін аса көп апоэтизировать еткен. “Махабхарата”, “Рамаяна” әрі көркем шығарма болса, әрі дін дұғалық, мінәжаттық сипаты мол кітап. Ол скульптурада, суретте, музыкада, архитектурада, театрда — бәрінде шексіз мол тақырыптар беріп, басым орын алған. Бұл жағына келгенде, дін тақырыбы сол мол көркемдікті тудырған да, кейін соған көп гүл бұтағын, жемісін өсіргендей айлар болған. Дін өзі тудырған, көркемдеген нанымын, қиялын, кейін берген сандардағы бар өнерімен, еңбегімен тағы да қайта жаңғырта қиялдай, тамашалай берген. Өзге замандарда да үзбестен зауық ете берген.

Ал осы хал Европада жоқ па? Гректің діні діндер ішіндегі қиялшылы, суретшілі еді. Ол архитектура, әсіресе скульптурада, суретте, поэзияда қандай көп із қалдырды. Ғасырлардың нәсілдері айнамай, қалмай, талайға талшық еткен жоқ па.

Рим және солай. Баста шалығы болса да, солай кетті. Әсіресе эпоха возрожд., орта ғасыр солай шықты. Христианствоның апогейі Италия возрожд.-сінде, ол екі ел (Греция, Рим — Италия) екі қабат қат-қабат әсеріне кейінгі бар дүниені еліктіріп ертті. Ең әуелі классика мәдениеті. Кейін христианство мұрасы мен мәдениеті боп бар Европаны, жас Европаны жабыла еліктетіп, ықпалына алды.

Европада архитектура, скульптура, сурет, музыка, поэзия грек мифологиясы мен эпосын, Рим сән-салтанатын, Италиядағы возрожд. христиандық сана тақырыптарды жүз тілдермен, әлденеше жүз жылдар тарихтарда қайталап, қызықтап, тамашалап елтіп қостап, құптады. Индия осы жайынан алғанда бір өзінің тарихы мен бүгіні жөнінде бар Европаға ұқсап қалып отырады. Айырмасы да сол ұқсастықтан алыстағанда шалғай, одағай шығып отырады.

Міне, Италияға Индиядан өткенде осындай ұқсастықпен шалғайлық жайларды еріксіз қатар ойлап, еске алумен боласың. Рим ескерткіштерін көргенде осындай күйлер өзгеше ойда болды. Мұндағы өнер бергісімен, Индияның арғысымен нық таласады деуге де болады. Бергі Италия возрожд.-сы, бұл тұста Индияның өз өнері, ескі өнері үдемесе де, моғолдар мәдениеті қатты үдейді. Оның да Европада, Мысырда, Орта Азияда, Иранда, Арабстанда төркіні бар. Моғол мәдениеті Европаның шетіне барып орнаған Кордова халифатының мәдениетімен анық жалғас. Содан әрі жақсы еліктеу жасай білген. Моғол мәдениеті жақсы Тәжмахалды тудырғанмен, негізінде еліктеуші, қайталаушы мәдениет. Әрине, бұл сипат та дүниеде, тарихтарда, мәдениеттерде оригинал, жекеше, өзгеше тарихтардан көріне алды. Қайда жиі ұшырайтын жай баршаға мәлім, шындық.

5 март.

Мен бүгінді жазсам, кешегі күн 4-ші мартта көрген әр жәйды қысқаша еске ала кетпей болмайды. Ондағы ең үлкен нәрсе — жолда көрген пейзаж. Кеше біз сағат екіден асқанда Римнен ұшып, жолда Женеваға тоқтадық. Одан Дюссельдорф, одан Копенгаген, Осло. Содан кейін түнде сағат 2 $\frac{1}{2}$ -да Стокгольмге келдік. Тағы да “Малимин” отеліне түстік, кеш жайғастық. Қазір ерте тұрдық. Бүгін сағат 12-ден соң Москваға қарай ұшпақпыз. Кеше көргеннің ішіндегі ең ғажабы Римнен Женеваға шейін ұшқан сапар болды. Римнен ұзай салысымен, аз уақытта самолеттің сол қанатының астынан көкпеңбек мөлдір сұлу теңіз көріне берді. Оң жақта таныс жер жаға байқалып отырды. Ал теңізде сәт сайын кішкене тау аралдар көріне берді. Кей арал тек қана бір биік, онда адам жоқ тәрізді. Үйткені көлемі өте кішкене. Бірақ теңізге болмай, биік бойлай айнала шыққан тас арал өзгеше көз тартады. Содан әрі үлкендеу

аралдар кетті. Онда тірлік белгісі мейлінше бар. Шимайлай тұрып таудың қырын, құламасын, бөктерін, сайын айғыз-айғыз басып өткен жоталар бар. Осындай көк мөлдірдің ішіндегі аралдарды байқап келе жатқанда, көк жібекте, көк теңіздің көкжиегінде ғажайып боп аппақ қарлы қалың асқар тау көрінеді. Оң жақта көрінген таулар — Апеннин таулары. Сол жақта қарлы таулы қалың арал көрінген. Осыдан жарты сағаттай ұшып өткен соң құрғақ жайға шыға бердік. Жаға дегеніміз енді Швейцарияның Альпісі еді. Анық ұзақ уақытқа үзілмей созылған қалың қарлы аппақ асқар есті алғандай. Мұңгилері кейде күн астында күмістей жарқырайды. Таулар қабат-қабат, қат-қат шыңдар, қыр аркалы құздар. Адам аяғы баспаған жайын шыңдар. Нелер қиын тас, заңғар, аса биік, қиын асқан жалтырлар бар. Қазір соның бәрін қалың сіреу қар басқан. “Отсель я вижу истоков рождества” дейтін Пушкин жолы еске келеді. Швейцарияның мол тоғайлы, көк майсалы, жылы жайлы өлкелерін суарған мол сулар, ағындар, өзендер, бұлақтар, бастаулар баршасы осы өңірден өзек жарып шығады. Бір таудан бір тау биіктеп барады. Осы ғана қалың қарлы асқарға шексіз кең көк теңіз кеп айқасты ғой. Сонысы әсіресе естен тандырғандай. Тау, тоғай, теңіз (мол су) бір араға тоғысқанда, дүниенің ең астам сұлулығы мол су, жас, алып сұлулықтары қатар асып, тайталасқандай болат та. Мысалы, Алатауды жайлаған, көрген, білген жанның бәріне бір-ақ мысал айтар ем: егер Алматы қасындағы Талғар, Комсомол биіктерінің Талғар, Есік, Түрген тұстарындағы тегіне осы күнгі дала жалғаспай, көк жайқын теңіз тіреліп, тол-қын ұрып жатса, бір жағы ана тау Алатау, екінші жақ жағасы жайқын, теңіз кемесі сыңсыған теңіз ұрып жатса, қандай ғажап болар еді. Сол суретті ұзақ көрдім. Бір уақ ұшып отырып қалың қабат тауды көрдік. Таулар қалыңдап, қиындап, кең және жақпар тас пен сұңгіге айнала берді. Осы кезде самолет дикторы баян етті. Мен өзім де күтіп, сұрастырып келе жатыр ем. Монблан тауынан өтеміз деді диктор. Айтқанындай, енді біразда біз Монбланның анадай жерде жақын жанынан өттік. Осыдан тау ажары өзгере берді. Аласара түскен болу керек, қарағай, қалың қараған көріне берді. Таудың енді ар жағы жол. Үлкен суық қарлы жоталарында кішкене үйлер. Азғантай қыстақтар,

адам жайлары, мекендері көбейе берді. Бар тұста жол, жолдар басымдады. Ылди да, сайлар да, кей өңірлерде әжептәуір қалашықтар, қыстақтар шықты. Содан әрі тау қызықтыратын, қызғандыратын күйге, өнерлі көрініске ауысты. Жол, жолдар өзгеше. Енді біразда біз Женева көлін көрдік. Самолет осы орыннан бір бойлап, ортасына дейін шолып барып, кейін қайта орап, жағасын баса айнала берді. Біз Женеваға келген едік. Көлдің айналасы қызық, бір аттам жері бос болмау керек. Женева қаласы сол көлдің қасында. Айнала тағы толып жатқан қалалар, қыстақтар, виллалар, замоктер, дачалар болу керек. Қызыл сұлу үйлер, мекендер де көп.

Женева аэродромына біз қонған соң, кейінгі жаққа қайта қарасақ, енді бар Альпіден асып шығып басымдап тұр, өктеп тұр екен. Қатарында Юнг Францты да көрдік.

Осыдан кейінгі қызық бір көрініс Дюссельдорфқа тақай бергенде көрінді. Астымыз бұлт, қалың бұлт еді. Бұлт жақтың өзі төңкерілген аспандай, сол бұлттардың бауырында бір жарығы мол үлкен қала, өндіріс бізге көріне қалып бара жатқан болу керек. Бір шоқ бұлттың асты сәулеленіп, өзгеше бөліне көрінді. Ар жағынан ай туып келе жатқанда өркештенген бұлттар арасы жарықпен, сарғыш жарықпен сәулеленіп, жыртыла бастайтыны бар ғой. Дәл сол тәрізді. Әсіресе айнала қалың, қоңыр қою бұлт. Ол бұлт арасында ымырт, түн туып келеді. Сол шақта анық бұлтты аспанда толық ай бір шақ жеке жүріп көрінгендей. Мынау төңкерілген қоңыр бейуақтың тұтас бұлтты, қара қошқыл аспанынан ай орнына жарық туды. Жер жарығы, электрдің шоқ топталған сәулесі бұлтты жыртып, асығыс сәулесі алтынды жарық беріп тұр.

5 март.

Қазір біз Стокгольмде. Жаңа тұрдық.

“ТҮРКІСТАН” СОЛАЙ ТУҒАН

(Директор туралы очерк)

Жолсызда жүрген вагон

Бүгін таң атқалы үшінші тәулік те толды. Үздіксіз ауыр, шабан, мимырт жүріс әлі аяқталған жоқ. Тек тасбақадай тырбанып, бірқалыпты шақыр-шұқыр, тарсыл-күрсіл салып, айдалада жалғыз әлектенген “ДТ-54” тракторын көресің. Айнала құлан елсіз, мүлде меңіреу. Трактор тына қалса, теңіз түбіндей үнсіздік әлемі басады, ол мелшиген жым-жырт.

Өткен тәуліктер ішінде бұл трактор көрмеген азап қалған жоқ. Қалың қатпар Қаратау, қала берді аяғы жоқ, басы жоқ, бүгіле, созыла жатқан ұзақ қатар Ақтау таусылар да емес. Тегістеліп, оңайлар да емес. Сондай бейнетті меңіреу кешудің тағы бір қиын өрін майталман батыр трактор жаңа ғана бар пәрменімен жеңіп шықты. Әуелі шаршы өрдің жиегіне төстабандап жабысты. Күртілдеген үніне бұрқылдаған көк түтіні үзіле-үзіле ілесіп, алыптың өзі жотаға шыққан.

Сәлден соң бұған ере артына тіркелген адам айтпас келеңсіз жүгі көріне берді. Қарауытып, қаңқиып, абажадай үлкен қалпымен қалтылдап, қалықтап о да келіп жотаның қырына ілінді. Трактордың үш күннен бері сүйрегені осы бір ақылға сыймас, келеңсіз жүк. Ол — үлкен бір қызыл үй. Тек қана дөңтелегі жоқ, кәдімгі өз орны, өз рельсінде, өрескелі жоқ үлкен қызыл вагон.

Төменде бес рельстен шана табанындай табан жасап орнатқан қызыл вагон екен. “Үш ұйықтаса ойына кірмеген” құлан елсіз жолсызда, “ақ қар, көк мұзда” Жон аталған үлкен өлкенің жиегіне жаңа ғана кеп иек артты.

Трактордың қасында жаяу жай ғана басқан аласа бойлы, шүңет көк көзді, шолақ ақ тонды, ақ пималы жүргінші жүндес қолғабын жоғары созып көтерді де, төмен сілікті. Тракторшыға “тоқта” дегені. Трактор тоқтай берді, бірақ мотор өшірілген жоқ, тек әлсіреткен күйде ол діріл қағып, бүлк-бүлк, дүңк-дүңк соғып тұр. Екеуіне де мәлім қатты бір байлау бар. Не де болса, бұлар ешуақытта моторды тоқтатып, өшірмек емес. “Не глушить мотор, только не глушить” — дескен екеуінің өлімнен қайтпастай, айнымастай байлауы болатын.

Тракторшы Новиковтің өңін жел қаққан, аяз сорған. Ұйқысыз жүдеген қалпында оның реңі қазір қара көк тартқан. Соның есебіне кішкене шошақтау көздерінің жасыл бояуы қоюланып, айқындай түскен. Жаңағы бұйрық бойынша тоқтаған тракторшы моторды әлсіретіп қоя салысымен жерге түсті.

— Ух, құрып кетсін бұл Джон! Ит Джон. Бұған жетеміз бе, жолдас директор, жоқ па? — дей берді.

Қажығанын мойындағысы келмеген жолдасы қысқа ғана үн қатты.

— Жонға жеттік, Жонға шықтық, міне! Бірақ ол әлі қуантпайды, Новиков, сені! — деп, артқы қызыл вагонға қарай жүрді.

Бұлардың ендігі әңгімесі жол азығын салған қаптың қасында созыла берді. Кепкен нанды сырты бозғыл тартқан қолбасамен қосып жеседі. Тоңазып қатқан сары майды бұлар томар-томар омырып жейді. Түн бойы ас ішпеген екеуі таңертең елең-алаңда тамақтанбай шыққан. “Жонға ілініп жетіп алып, сәскелік асты сонда ішейік” дескен. Тоқтаған жайлары да осы еді.

Аспан ылаңы әлі айықпаған. Жақын заманда айығардай түрі де жоқ. Жұмарланған қою сұр бұлт қана қаптаған. Жотадан айналаға көз жіберсе, көз тоқтарлық бірде-бір қарауытқан бұдыр жоқ. Тек қана ақ көрпесін қалың жамылған, дүңкиген қалың-қалың жоталар жатыр. Кей жақта көкжиекке шейін созылып жатқан ұшан-теңіз ақсұр дала, суық дала. Жүргіншілерге әлі соншалық жат, жұмбақ дала. Бірде-бір жерде адам жайы білінбейді. Қала, село былай

тұрсын, қалқиған жалғыз-жарым қора да жоқ. Алдыңғы күн мен кешелер сирек те болса ес болғандай мал фермалары кездесуші еді. Адамы аз жалғыз-жарым үйлері ғана бар сирек отар, қашарлар болып еді.

Екі жүргіншінің көңіліне бүгін елсіз құлазыған жапан түз жәйі әбден мәлім. Олар бұл маңнан, бүгінгі жолдан адам мекенін күтпейді де. Бірақ көз бен көңілге соншалық жат, жайын дүние аса суық тартып, орасан өгейлік аңдатады.

Екі ұртын мұздақ колбаса мен қара нанға көмейлете толтырып алған Новиков, зорға сөйлесе де, бұл жол мен Жонға қатты наразылығын айтады.

— Күншуақты Қазақстан... Жақсы-ақ екен, несін айтасың!

Жолдасы қостай түсті:

— Тым құрыса Қостанай мен Павлодар облысы болса бір сәрі. Февральдың аяғында Қазақстанның жылы жағында, Жамбыл облысында бұндай қалың қар, бұндай ұзақ қыс болар ма?! — деді. Новиковтан гөрі көбірек білетін де түсінетін қалпы бар. Өзімен-өзі ойлана сөйлескендей боп, біраз жайларды таратып айтып кетті.

— Рас, биыл “отыз жылдан бері болмаған ауыр қыс болды” деді маған облыс қызметкерлері. Бұл жолдың қиындығын көп айтысып еді. Бірақ сонда да, дәл сен екеуіміз көргендей, мұншалық қалың қар, мұндайлық меңіреу дүниені күткен емеспін. Біз қазір “Жон” деген жерге жеттік. Осы жаңағы шыққан өрден былай қарай, анау ұзаққа кетіп жатқан жота, мынау көлбеп жатқан адырлар, төбелер бәрі енді сол біздің болашақ совхоздың жер шегіне кіреді. Бірақ не керек, әлі де, Новиков, екеуіміз алда тататын ащы азап көп. Мынау жүк, мынау ақырын жүріс, ауыр жолсыздық жағдайында екеуіміз бүгін түнге шейін алдағы кішкене пунктке жете аламыз деп сенбеймін. Одан да асай түс колбасаны! Майды және молырақ аса, болмаса өзіңнің моторың да әлсіреп жүрмесін. “Не глушить мотор!” Ол тракторға ғана айтылған емес! Қажымасқа, берілмеске, тоқтамасқа сен екеуімізге де арналған ұран! — деді.

Ширақ бойы сергіп, ұсақ тістерін ақситып, өзгеше бір сілкінгендей боп қатты күліп алды. Шүңет қабағының ішінде терең орнаған үлкен көздері Новиковке қадала қарайды. Дем бере, жандана барлап, жылы сәуле төкті.

Бұның көзі өзгеше бір қажырдың, сабырлы ақылдың көреген көздері тәрізді. Көз реңі жасыл көк емес, ақшыл көк. Адамның түсіне ғана емес, ішіне де қарағыш шыншыл көзінде сирек бір саналы оттар қалушы еді.

Новиков бұның жаңағы айтқан жайларын ұғына тыңдап тұрып, өзінше бір долбар айтты.

— Осы күндерде көп совхоздар Қазақстанның ең суық жағы солтүстік облыстарға орнап жатыр ғой. Оларға бізден де қиын шығар!

Бұған оның жолдасы екіұдай жауап берді.

— Қиыны да бар, бізден жеңілірек жәйі де бар!

Ол өзі Қазақстанға жүрерден бұрын жалпы осы республиканың экономикалық, географиялық жайларынан әдейілеп оқып алған көп кітаптар мәліметін еске түсірді.

— Рас, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар, тіпті Көкшетау, Ақмола облыстарының бәрі де бұл жақтардан суық. Қары қалың, бораны да көп. Бізде мынау қар, мынау ұзақ қыс сирек болатын жәй! Бірақ сонымен қатар ол жақта таулар аз. Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар, көп жерінде Көкшетау, Ақмолада тегіс далалар мол. Онда трактор сенің тракторың көрген қорлық азапты дәл бұндай көрмейді. Біз сияқты поезд станциясынан тоқсан километр жерге орнаған және жолының бәрі тау, ой-шұңқыр, тас-қия, жар-жыра болған совхоз жоқ деуге болады. Не деген сөз? Бір ғана вагонды болашақ совхоз орталығына жеткізу үшін екеуміз трактормен бүгін үш күн сүйреп келеміз! Осы жолдың әрі жырақтық, әрі ой-шұңқыр, тау-тасты қиындықтары Солтүстік Қазақстандағы совхоздарда жоқ деуге болады. Біздің жайсыз жағымыз дегенім осы. Сондықтан әлі де баса бер, Новиков, тарта бер! — деп, өзінің термосындағы ыстық шайының ең соңғы кружкесін Новиковке төңкере құйып берді.

Сәл тынығып, тамақтанып бой жылытып, серги түскен қалпында ауыр жолдың жолаушылары тағы да мимырт жүріске басты. Аяздап қалған машина шықырлай шықырлап, сықырлай күтірлеп, қалың қарды жентектеген күйде екі жағына ыршыта шапшытып, лақтыра отырып, Жонның күдір жотасымен баяулап тарта берді. Бұлыңғыр күңгірт сәуле арасында айнала айқын көрінбейді. Сұрқай аспан мен ақсұр дала ұласып, кілегей сұйық сұрғылт бір бояуға батқан.

Жон маңы жүргіншілерге тағы бір тың әлек әкеле бастады. Бұрынғы ойда, сай-қолатта келе жатқандай емес, жотаның үсті қатты ызғырық аязды жел аңқытуға айналды.

Новиков тракторды жүргізе отыра енді жиі-жиі аузы-мұрнын укалай бермесе, үсінетін тәрізі бар. Жолдасы жел өтіне тоңа бастаған беті-мұрнын сақтау үшін сырт айналып, арқасымен шегіне жүріп, беті-қолын укалай берді.

Жон үсті жақында жауған қарын қуғылайды. Алыс жиек қана емес, жақын жерлердің өзінде де ирек-ирек күртіктер үстінде түтіндей, құйындай бұралып шалқи түсіп, жаяу боран — ақжорға жүре бастады.

Күн анық аязды, желді борасынға айнала берді. Жонның қарының да бұрынғыдан әлдеқайда қалыңдай түскенін Новиков түйілген қабақпен аңыстап келеді. Айқын жол жоқ. Бұларды бастап келе жатқан бірер машинаның ескі сұрлеуі ғана. Ол кей жерлерде боран астында басылып қалады. Кей тұстарда омырылған томар-томар қар кесектерін, үлкенді-кішілі қиыршықтарын көрсетіп қояды. Кешке де, таңғы елең-алаңда да, қазіргі жаяу боранда да жат жолдағы жатырқағыш жолаушы-тракторшыны бастап келе жатқан соқыр жол осы.

Жон енді біразда кей тұстарда жақпар тастарды, қатпарлы қатар төбелерді, сирек бұталарды жиілетті. Боран қара тастан да, қалтылдаған тікенді шеңгелдің үсті-басынан да, бауырынан да ұйтқып өтіп жатыр.

Новиковтің көзі тек қана алда, соқыр жолда болатын. Ал жолдасы соңғы сәтте сол жақтағы бір жайға қадалып, тоқтай қарап қап еді. Оның көзіне сонау селдір аласа бұтаның түбінен көтеріліп, қалқиып тұрып, қайта құлап түскен бір жан иесі елестеді. Көрінді де, құлап жоқ болып кетті. Аспанға созылған қолдар байқалған тәрізді. Өуелде жолаушы бұл көрінген тау ешкі бола ма, анау мүйізі ме деп қалып еді. Кейін жиырыла құлаған бейнені көргенде, көңілде күдік қалған жоқ. Жылдам басып трактордың қатарына омбылай жүгіріп кеп жетті де, тағы да дағдысынша колғапты қолын жоғары көтеріп, төмен бір-ақ сілкіп, “тоқта!” — деген бұйрық берді.

Новиков тоқтады да, таңдана қарады. Жолдасы сол қолымен жаңағы жақты нұсқап тұрып: “Анау жерде біреу жатыр! Меніңше, сол адам!” — деп еді.

Новиков бұның неге тоқтағанына қайран болып: “болса болсын!” — деп, қайтадан баранкеге қолын сала берді.

— Тоқта, ол адам болғанда боранда үсіп жатқан адам болу керек!

— Но, несі бар, біз не істейміз?

— Не істеу керек? Түндегі боранда адасып, ұшып өлгелі жатқан адам болса, біз көмек етпейміз бе?!

— Қандай көмек?! Не айтасыз? Көмекті менің өзіме етсін, мен де ұшып өлгелі келем, жолдас директор! Бөгелмейік! — деп, тракторды жүріске қайта басты.

Директор оны иығынан қақты да, қайта тоқтатты. Енді даусы шаншыла ширап, қатаң шығып еді.

— Мен көмек ету керек деймін, құтқару керек деймін! Ұқтың ба? Ол адам! Мүмкін өлгелі жатыр.

— Қалай көмек ет дейсіз?

— Бұр тракторды.

— Но... жолдас директор, тастаңыз ол қылжақты!

Директор өткір көзін қабақ түйе зілдене қарады.

— Бұрылып барамыз, бұрыңыз тракторды! Түсінесіз бе, адам өлгелі жатыр дегем жоқ па мен сізге?!

Новиков те тістеніп, ашулана түсті.

— Қайдан бұрам, жолдан шықсақ, қайтадан таппаймыз мынау ит ізді, адасамыз. Өлген адамды айтсаңыз, алда да, біздің өзіміздің совхоздың адамы да өлгелі жатыр. Үш күн болды азықсыз! Біз болсақ жете алмай келеміз.

Директор өзінің нық байлауына енді ашумен түйілген еді. Қарды тепсіне тұрып:

— Бәрібір біз қауіпке түскен адамды тастап кете алмаймыз. Түсінесің бе, біз совет адамымыз. Бұр деймін қазір тракторды!

Новиков те ызамен қарсылыққа басты.

— Машина үшін мен жауап беремін. Алмаймын мойныма ол жауаптылықты. Жолда тағы тас, бұрыла алмаймын! — деп, жағын тістеніп, тракторды қозғай берді.

Қазір тотыққан сарғыш жүзіне қып-қызыл ашу қаны ойнаған, кішкене ширақ денелі ақ тонды адам енді жүгіріп ұшып, трактордың алдына шығып тұра қалды. Новиков тақалса да, ол тапжылған жоқ. Тракторшы бас шайқап, қыңыр жолдасын жасыл көзімен оқтай атып, тоқтай берді.

Сол кезде саңқ еткен қатты үнмен қысқа ғана жалғыз бұйрық айтты директор:

— Мен бұйырамын, бұр!

Трактор жиыны екі жүз метрдей жерде көрінген жаңағы жалғыз селдір бұтаға соншалық жай жылжып, қиналып, шықырлап, байбайын сала, бар лағынет қарғысын айта зорға жетті. Тікен түбіне директор ұмтыла жүгіріп бұрын жетіп еді. Қалың қардың ойылған құдықша түбінде бүк түсіп жатқан кішкене дене көрінді. Адам... қазақ киімді. Басында шүберек, үстінде шапан. Әйел! Директор құдыққа үңіле келіп, бұны екі жағынан қаусыра құшып, жоғары көтеріп алды. Жүзіне қараса, тасқа түскен таңбадай құрысып, сұрланып-сұрланып түскен қалың қатпар әжімі бар, арық, жүдеу, кішкене кемпір екен. Қазақ кемпірі. Қабағын сәл ғана жиыра көтеріп, көзін болымсыз ғана ашты да: “алла!” — деді. Екі жағы қалтылдап, өне бойы дір-дір қаққан, ұшып жаурап біткен сорлы жан, адам қолы бойына тие бере, сіресіп, есінен айрылып, талып кетті.

Енді трактордан түскен Новиков те көмекке келген еді. Екі еркек шүйкедей кемпірді көтеріп алып, вагонға әкелді де, тоңазыған есігін шықырлата ашып жіберіп, төменгі аласа полкаға әкеліп жатқызды. Енді екеуі бірдей “спирт, спирт!” — десіп, тезінен кемпірдің екі қолын, кеудесін, аяғын, өн бойын спиртпен ысқылай бастады.

Салқын вагон ішінде аузына да спирт тамызды. Бойы сәл қызынып, жан кіріп жылына берген кемпір, аузына ащы спирт тамшылары сирек тістері арасынан өткенде, барлық бет-жүзін тыжырта, ышқына “уһ” деді. Жарты сағаттай бұның өн бойын уқалап, ысқылап жан шақыртқан екі еркек енді кемпірдің есі кіре бастағанын аңдады. Реңі оңған, бозғыл қоңыр тартқан ажарлы көздерін енді анық ашып, екі орыс адамына ұғына қараған кемпір алғыс белгісіне ишарат жасап, басын шұлғи берді.

Директор енді одан орысша жөн сұрап: “Сенің атын кім? Сен кім?” — деп еді, кемпір түсінбеді. Құлағы да көмескі естиді. Ол өз жанынан көкейін тескен бір ауыз сөзін айтуға ынтығады.

— Сада... Садаға... Садағаң кетейін. Садаға!.. — дей береді.

Директор мен Новиков оның атын “Садаға” қойып алды.

— Садаға, сен қай колхоз? — деп сұраған директорға:
— “Ждан!” “Жданов!” — деді.

Екі жолаушы “Жданов” деген колхоз атын естігенде, катарынан елең етісті.

— Біздің көрші колхоз!.. Біздің база қасындағы колхоз! Жолдағы Жданов атындағы колхоз! — деп, кемпірге екеуі кезегімен бас шұлғыды. Қолдарымен өз кеуделерін ұрып, алға қарай, Жданов атындағы колхозға қарай қол сілтеді.

“Біз де сол Жданов атындағы колхозға қарай барамыз!” дегендей кемпірге түсінікті белгі жасады.

Бір тірі жанды өз қолдарымен өлімнен құтқарғанына қазір тракторшы Новиков та өзгеріп, көтеріле сергіп қалған. Ол енді бұрыштағы азық қапшығы ішінен өзінің термосын алып кеп, кемпірге үлкен шыны шай ұсынды. Екі жақтан нан, май берісіп жатты.

— Садаға, іші! Сен өлмейсің, көп жасайтын кемпір Садаға! — деп, енді директор мен Новиков өздері құтқарған саналы жүзді кемпірге өзіл де айта бастады.

Осы күні Жонның ұзақ, сар жотасын аса баяу жүріспен даңғазға қып зорға шиырлаған үлкен көлік кешке шейін жүрді. Әлі де Жон деп аталғанмен, бұл өлке бір тегіс емес екен. Үш-төрт рет Новиковті аса қатты қинаған, әуре-сарсаң еткен тік шаншылған құлаберіс те болды. Ұзақ көлбеу созылған шаршы өр де кездесті. Тоңы қатып, құлай түсіп, кемерленіп жатқан шүңет сай, тар жыралар да табанынан тартқандай боп “ДТ-54” тракторына тістесе жабысты. Сіресе қысып, жібермей жатып алған жерлер көп болды. Ең соңғы, бейнетті бір жер, бұлар баратын база болмысқа екі жарым-ақ километр жердегі терең жар еді. Дәл сол араға кеш бата кеп ілінген, мейлінше қажыған жүргіншілер төрт сағаттай кесел жардың тұтқынынан шыға алмай, өлекке түсті.

Бүгін күні бойы вагон ішінде үлкен тонға оралған кішкентай кемпір бүрісіп құнысты да, жан шақырып жата берді. Жолдың ор-жыралары, өр-қиялары вагонның еденінде оны әрлі-берлі көп домалатқан еді. Кемпір әйтеуір қалың тонға шымқана оранған күйінде сол тонымен бірге “Алла, құдай!”, “Ойпырым”, “Садағаң кетейін”, “Алда, жасаған!” дей түсіп жата берді, қала берді.

Тек жетітүн мейлінше болып, айнала қоңырқай қара қошқыл дүниеге әбден ауысқан шақта ғана жүргіншілер

алдынан кішкентай терезелердің қызғылт сары оттары көріне берді. Жакын жердегі адам жайы бес-алты жерден көрінді. Енді біразда үнсіз меңіреу жотаны өзінше оятып, көп иттің үре жүгірген үндері естілді.

Директор күні бойғы омбы қардағы жаяу жүрісте өне бойы ұйып, талып, шаршаған болса да, енді сақылдап күліп жіберді.

— Иттер! Туғандар, сүйікті иттер! Үріндер, келіндер, тек үріндер! — дегенде, суық жүзді Новиков те балаша күлді.

Адамзат мекеніне өлі дүниеден зорға құтылып жеткендері үшін бұлар сондай қуанышты еді. Жүргіншілер мақсат еткен мекеніне жете берді. Бұл арада өңшең кішкене аласа қазақ қорасы болатын. Жиыны он шақты қора болғанда, бәрінде де кішкентай аласа терезелерде әлсіз жарық қызғылт сары сәуле береді. Кешкі оттар сөнбеген, ауыл әлі жатпаған екен.

Күрілдеп дүрсілдеген трактор ауылға тақай бергенде, жаңағы иттерге ілесе алдан ереуілдеп шыққан адам саны да мол екен. Осы көлікті жүргіншілерді асыға тосқан адам тобы андыздап жүгірісе, дабырлап сөйлесе, алдан шығып қоршалай берді.

Директорды тани бере жүгіре кеп құшақтай алған жас қыздар, еркектер дабырлап қуана қарсы алып жатыр.

— Алексей Иванович, родной!

— Директор, қымбаттым!

— Туған әкем! Неге мұнша кешіктіңіз?

— Біз сізді сағынып, көксеп өлер болдық қой!

— Сіз шыққалы үш күн, үш түн. Біз біліп отырмыз.

— Боранда адасып, ұшып өлді ғой деп те қорқып едік.

— Жеткеніңіз қандай жақсы! — десіп, Новиковті да, директорды да қамап қоршап алған жұрт әлі бұлардың аузын ашырмай, дабырлап шуласа, таласа сөйлеп жатты.

Директор жол қиыншылығын қатты бір қарғап, қысқа атап алды да, қарсы алған адамдардан өз жөндерін сұрай бастады.

— Сендер тегіс тірімісіндер? Аштан өлген жоқсыңдар ма? — дегенде, бірнеше жастар даусы ащы үнмен жарыса шықты.

— Ашпыз! Нан кеше бітті.

— Ыстық тамақ ішпегелі үшінші сутке.

— Нан әкелдіңіз бе? Азық келді ме? — дескенде, барлық отыз-қырық еркек, әйел аңыра анталасты.

— Келді! Нан да, ет те, май да, колбаса да, тары, күріш — бәрі де бар... Одан өзгесі де бар. Енді өлмейсіңдер! — деп, Новиков те қалжыңдады.

Директор ашық үніне салып қатты дауыстап күле түсті де:

— Өлмейсіңдер! Сендер түгіл, далада үсіп өлгелі жатқан кемпір Садаға да өлген жоқ. Міне, мұны көріңдер! Білдіңдер ме, біз боранда ұшып өлгелі жатқан колхозшы кемпірді де құтқардық. Осы колхоздың бір кемпірін де өлімнен айырып алып келдік! — деді.

Ол барып вагонның есігін ашқанда, кемпір тонға оранған күйінде жерде шоқшиып отыр екен. Енді жаңағы жиын ішінде үнсіз тұрған бес-алты қазақ әйелі, еркектер де бар екен. Солардың арасынан кемпірді шырамытып, қатты дабыстап, ұмтыла жүгірген жас әйел үні шықты.

— Апа! Апатай! Тірімісің, бармысың! — деп, кемпірді бас салып құшақтай жылап, бір жас әйел жабысты.

— Не дейді, апа-ау, бармысың? Қайран апа! — деп, түлкі бөрік киген, биік бойлы, қара сақал Сәлмен деген колхозшы ұмтылды.

Енді директор мен Новиковті қарсы алған достары тегіс аңырып, үнсіз ғана тұрып қалып еді. Өйткені бұлар көрген ендігі жайлар өзгеше қызық, оқшау хал болды. Бірі үстіне бірі ұмтылып, біреу “апа” деп, біреуі “әже” деп, бір әйелдер “Сақа”, “Сақыш апа”, “ойбай, тірі ме ең, біз саған жаназа оқып қойып ек”, “Шарламаған жеріміз, шапқыламаған таутасымыз қалды ма?”, “Сені адасып кетті деп, екі күннен бері барлық осы ауыл ат үстінде сабылумен болғамыз жоқ па?” — деседі.

Ендігі барлық жайларды жыласқан, қуанып күліскен қартаң әйел мен еркектер, жастау жігіт, келіншектер, мектеп жасындағы қыздар, ұлдар қалың шуға айналдырды.

Кемпірді қара сақал Сәлмен құшақтап көтеріп апты. Соның қолында тұрып кемпір өз қолын көтеріп, шулаған жұрттың үнін басты. Енді сәл бір жым-жырт халден оң бетін директор мен Новиковке бұрды. Екі қолының саусақтарын соларға қарай соза бергенде, кәрі көздерінің ыстық жастары да сорағытты.

— Айналайын!.. Бар алғысым мынау екі орысыма. Баламнан көрмеген, байымнан көрмеген, құдайымнан көрмеген рақым мен достықты осы екеуінен көрдім! Садағаң кетейін, мен десендер, күте көріндер. Өліп қалып ем... Қар астында қалып ем. Иманымды айтып, үзіліп болып ем... Екеуі көрден аршып алды. Қатып қалған, мұз боп қалған өлі денеме жан берді. Мен дегенің, осындағы өрен-жараның мен үшін сендер де осыларға қарыздарсың. Садағаң кетейін, садаға!.. — деп, екі кішкентай қолымен директордың қолын қысып алып, өзіне тартты, оның қолынан сүйгісі келіп еді.

Директор сақылдап күлді де, бұл қимылға қысылып ұялып:

— Е, ол жарамайды, Садаға, ол керек емес! — деп, күлген бойында қолын жұлып тартып алды. Сол қалпында кемпірді құшақтап, арқасынан қағып-қағып қойды.

Жолаушылар мен ауылдағы жандардың ең алғаш кездескен минуттары осындай еді. Сәлден кейін он шақты ғана қоралы ауыл үйдің бәрінде ойда жоқ тамаша бір мейірлі, көңілді жылылық, достық сезілді. Он үйдің бесеуі сол сәтте, сол түнде ауысып, келесі бес үйге көшті. Бұрыннан кеп, осы арада суық кенеп шатыр астында жатқан отыз-қырық адам барынша қуанды. Алғыстарын айтып, Жданов атындағы колхоздың колхозшылары әдейі босатып берген бес қораға — жылы баспанаға жапырлай кірісті.

Директор жақсы біледі, осы он қорада отырған қой фермасындағы шаруа үйлері совхоздың жаңа келген жұртына барынша жақсы пейілмен, дос ажармен қараса да, әлі де суық қыс өздерін де жүдетіп тұрғандықтан, көп көмек көрсете алмай отырған. Рас, олар ерте-кеш демей, өздерінде бар азығымен ыстық ас әзірлеп беріседі. Жиі-жиі самауыр қойып, әр топ адамды бөліп-бөліп, әр үйге шайға шақырысады. Алғаш келген аз топты аудан қызметкерлері кеп қарсы алғанда, мұндағы колхозшылар да жамырасып, жылы шыраймен тосып алған. Бірақ, сонда да үй-жайдан жәрдем ете алмай тұрысқан.

Енді Сақыш кемпір келісімен өз жайын айта бергенде, бұл ауылдың бар үй адамдары совхоздың директорын соншалық мейірленіп, қатты сүйсіне дос көріскен. Ал Сақыш болса, осы он қораның екеуінде оның балалары

тұратын. Біреуінде ертеде ұзатылған қызы, тағы екі қорада қадірлес қайындары және бір үш қорада өзінің бауыры, төркіндері болатын. Қысқасы, бұл осы колхоздың ырысты бір анасындай тегіс қадірлі кемпірі еді. Ол “Ақтоғайдағы” кәрі абысыны шақырып барған да, сол “Ақтоғайдың” бір жас әйелімен, ат-шанамен жолға шыққан еді. Жолшыбай боран басталғанда, бұлар жолдан адасқан. Кейін шана бір оқапқа соққанда, келіншек пен кемпір қатарынан жығылып, асаулау ат шанасын тепкілеп қашып кеткен-ді.

Содан кешегі күн таңертеңнен кемпір мен келіншек ақ боран ішінде адасып қаңғып, көп кезген. Ақыры кемпір әлі бітіп, келіншектен айрылған да, “осы арада өлдім” деп екі рақағат намазын оқып, сол анау бұтаның түбінде ұшып тоңып қалып қойған-ды.

Енді кемпір ғана жылы жайға жеткен жоқ. Осы күн түн жарымына шейін бес қораның он шақты жылы тамдарына қырық шамалы совхоз адамдары мөз-мейрам боп жайғасып жатты. Бұлардың да жылы жайға бойы қуанып, мейірленгені сонша, әкелген тамақты да ұзақ уақыт асып, ыстық ішіп, оған бір қуанысады. Өздері үйінен шығып, мекендерін босатып берген “Жданов” колхозшыларына кең сарайға кіргізгеннен бетер алғыстарын айтысады. Олай ететін орны да бар...

Осыдан бес күн бұрын директор бастаған алғашқы үш машина, бораннан бұрын осы адамдарды мынау суық панасыз жат жотаға әкеліп тастаған еді.

Бұл арада мынау ақ қар, ақ боранда ең алдымен адамдарын сақтау ең үлкен міндет екенін біліп, директор сол күні қайта шапқан-ды. Ол неғылса әуелі қызыл вагон, вагондар жеткізіп алмақ еді. Сонымен, бірінші қызыл вагонды бірінші “ДТ-54” тракторымен сүйреп келген болатын. Әрі азық, әрі алғашқы баспана алып жеткені осы. Оны бұнда тосқан адамдары да болашақ совхоздың ең басты, ең қажет қымбат жандары. Бұнда осы директордың қарамағына, жауаптылығына өздерінің еңбегін, болашағын, ендігі өмірін, тірлік тағдырын да тапсырған бас агроном, жай агрономдар, бас инженер, партия ұйымының секретары, комсомол қызметкерлері, механизатор, тракторшы, комбайншы, өңшең еркек-әйел қымбат жандар, асыл мамандар болатын.

Бүгінгі кеште жылы жайға бойлары сүйсінген, іштеріне ыстық, дәмді ас түскен осы топ әр қора, әр бөлмеде, ас жанында, төсек-орын үстінде отырысып айтысқандары Алексей Иванович жайы. “Қажырлы, төзімді, құрыш мығым директор Строгов” жайы ұзақ еске алынған-ды.

Жамбыл облысы, Сарысу ауданында Жон дейтін елсіз, ессіз құла дүзге орнай бастаған “Түркістан” атты (үлкен атты) болашақ совхоздың директоры — күндізгі біздің танысымыз, директор Алексей Иванович Строгов сол болатын.

Бас уайым — баспана

Келер күн тағы да айнымаған жүдеу сұр аспан қабағы ашылған жоқ. Желдеткен аязы бар айналада әлі де ақжорға жүріп жатыр. Жақсы тынығып, ерте тұрған Строгов қасына партия ұйымының секретары қазақ жігіті Тұрсынов дейтін қызғылт сары серігін ертіп алып, қазақ қораларын аралай бастады. Бұлар жүре бере көңілді бір жайға таң қа-лысты.

Бірнеше күннен бері жұмыссыз, амалсыз құста болып, айланып тұсаулы отырған әр сала істің адамдары қазір Строговтан да бұрын тұрып, жаппай іске кірісіпті. Тұрсынов та Строговтан бұрын таң қылаңдай бере тұрып, бұл жайлардың шет-жағасын көріп, кейбір жолдастарға әлдебір қора, әлдебір баспана жайларды көрсетіскен болатын. Енді өздеріне тиген бес қора жайға талай түрлі тіршілік іргесі орнап жатыр. Бір қораға почта — байланыс орнатып, соған ілес бір бөлмесіне дәрігерлік пунктін кіргізіпті. Тағы бір қораға рабкооп өзінің лавкасын жайғастырып жатыр. Бұл арада, әсіресе осы келген жұртқа өзгеше қажет болған асхана орнап жатыр.

Тұрсынов өзі белгілеп, бір кішкене үйдің екі бөлмесін совхоз дирекциясы қызмет етуге жарайтын баспанаға айналдырыпты. Бұнда директор, бас агроном, бас инженер, партия ұйымы, комсомол, кәсіподақ орындарының ырымдары ең алғашқы ұя-үйшігін құрып жатыр. Әзірге соншалық тар жерге талай тірліктің басы сығылыса, жайғаса бастауы өздеріне қызық та, бірақ сонша қымбат та көрінеді.

Тар қабықтың ішіне талай дүние амалсыз тоқайласып, бастарын түйістіріп тұр.

Осы бес қораның қатарына бұрынырақ келген палаткалар да қайта келіп қанат жайып, орналаса берді. Кейбірінің сырты боз, тағы бірі сұрғылт және біреулері көк түсті палаткалар орналасқанда, солардың тап ортасына түнде жеткен қызыл вагон да жайғасты. Қазір оның темір пешінің мұржасынан будақ-будақ түтіні шығып, ең алғашқы мәдениет елшісі өзіне бөлек жылы мекен боп, жұртты “кел мұңдалап” шақырып тұрғандай.

Құнтіған тиянадай бойы мен жаңа қызыл бояуы, ұқыпты терезелері, кіре беріс басқышы — бәрі де бұл вагон үйді өзгеше жаңа тірліктің ең алғашқы кесек ұрығы, қызық бір ұйтқысы сияқты көрсетеді.

Жаңа тірлік ұйыстыруға бар ынта-бейілдерімен кіріскен мамандар, басшы қызметкерлер, ер-әйелдер, үй қызметіндегі әйелдер болсын, бәрі де бес қораның төбесі жабық, пана лыпасы болса, соның бәрін толтыра керней пайдаланып жатыр. Сол ретте сиыр қора, шошала, тар далаң, етхана болсын, бәрі де адам жайына айналып, ауыз үй түгел кернеп толып қапты. Тіршілік қазаны жақсы, сау, қызу бір ырғаққа түсіп, әр жерде жаңа өмір, жаңа дүниенің жан тамырлары қызған қазандай шымыр-шымыр қайнайды.

Бұдан бұрынғы, Строгов келер алдындағы күндердің ең үлкен қиыншылығы отын еді. Қораларын босатқан колхозшылар үйген қиларын, сақтаған жапаларын, шеңгел, томарларын да келген қонақтарына ырзалық, дос мырзалықпен бөліп беріп жатыр.

Осы жайлардың бәрін әр жерге бас сұғып, шолақ қана тілге келіп, аңғарып шолып алған Строгов енді Тұрсыновқа бар жұрты атынан колхозшыларға алғыс айтуды тапсырды.

Тұрсынов Сәлмен бастаған қарасақал, бисақалдың, әр жастағы әйелдердің жиырма шақты кісілік тобын жинап алып, өз жанынан да қазақша бапты достық, сыйластық сөздер айтты. Строговтың көп атынан білдірген ырзалығы мен алғысын жеткізді. Осыдан кейін қалған жайды Тұрсынов пен басқа көмекші жолдастарына тапсырып, Строгов қазір тезінен қайтадан кешегі жолмен, тоқсан километр жердегі сонау Шолақтауға және асыға жөнелетін болды. Ол жерде болашақ совхоздың алғаш базасы. Темір

жолдың үзілген жері болғандықтан, сонда соңғы он күннің ішінде осы совхозға арналып келіп жатқан дүние-мүлік көп екен. Сонымен қатар Жамбылдан және Ташкенттен осы совхозды құрушы қалың топ, көп маман ер-әйел қайраткерлер ағылып келе бастаған. Олар келе орнайтын баспана қажет. Ол үшін енді Строговтың және Новиковтей мықты тракторшылардың жақын үш тәулік ішінде бар істейтіні бір-ақ шаруа. Ол — мынау алғашқы келген қызыл вагон жолымен дәл сондай он, он бес вагон және талай палаткалар жеткізу.

Шолақтауға келген “ДТ-54”, “С-80” тракторларын кешегі бірінші вагонды әкелген ретпен, сол тәжірибе бойынша, Строгов өзі енді бірі артынан бірін үздіксіз жөнелтпек. Бұл жерден қайта трактор айдамайды. Ол жерге келіп тоқтағанның бәрін кешегі Новиковше, соның тракторынша жолға салады, іске қосады. Осы жайды бас инженер, бас агроном және Тұрсынов үшеуіне байлау етіп айтты да, Строгов қазір қызыл вагон алдына кеп тоқтаған өз машинасы “Газ-69”-ға қарай бет қойды.

Бұл тоқтағанда, машинадан агроном әйел Нина Петровна секіріп түсті де, шофердің қасына кеп, оның иығына өзінің екі қолын салды да, бетін басып жылап жіберді. Шофердің де кесек жүзінде, жүдеу қабағында қатты кейіс бар. Бір еркек, бір әйел бұның екеуі де қайғылы жылаулар екен.

Строгов өзі отыратын жақтан шофердің қасына лып етіп секіріп, шапшаң отыра қалды да, жаңағы екі мұңлы жанға бар еңсесімен бұрылды. Бір қолымен шоферді құшақтап, екінші қолымен әйелді басынан, бетінен сипады. Оның ыстық, толық жүзіне салқын алақанымен майда қағып, жұбату айтты.

— Нина Петровна, алтыным, жыламаңыз! Тек жыламаңыз, мықты болыңыз. Ал Васяға айтатынымды мен қазір айтамын. Одан да кішкене қызыңызға, ана Надяға шапшаң барыңыз. Соны сақтаңыз!

Нина Петровна қалың, жасы мөлтілдеп сорғалаған ып-ыстық, қып-қызыл жүзін Васяның иығынан көтеріп ала берді. Бұл шақта шофер Вася да танауын қос-қостап тартып, үлкен қара көздерімен кесек-кесек ыстық тамшыларын ірікпестен ағызып отыр еді.

Нина Петровна бұдан үзіле бере, Строговқа жасты жүзін тура қаратты да, соңғы ғана сөздерін айтты.

— Мен мына Васяға үйде отырма дедім. Қазір Алексей Ивановичке ер де, өз руліңе отыр да, жүріп кет, тез кет дедім. Мен соны бұйырдым! Болмаса, бұл менің қасымда отырса, Алешаны ойлап тек жылай беретін, қайғыра беретін. Тура отқа түскендей жана беретін болды. Барсын! Енді Алеша жоқ, бізге ол қайтпайды. Бар, Вася, милый... Мен туралы уайымдама! Барыңдар, жүріп келіңдер! — деп, сөзінің аяғында: — Біз бұл жерге уайым төгеміз деп келгеміз жоқ. Шыдау үшін, дегенімізге жету үшін келдік! Бар, Вася, милый, ұмытпа осынымды! — деп қала берді.

“ГАЗ-69” ойнақы батыр машина, кешегі трактор келген ізбен жүйткі тартып жөнелді. Машинаның артқы орнында, бұл жердегі тракторшыдан Строгов тандап, әдейі ертіп алған комсомол тракторшы Ткаченко деген жігіт бар еді. Артқы орнында ол үнсіз жалғыз отырды.

Базадан үзіліп шыға бере, Алексей Иванович шофердің арқасынан құшқан қолын әлі де алмай, оны арқаға қағып отырып, аса бір жақын жан, жанашыр дос үнімен сөйледі.

— Вася, Василий Захарович, мен Нина Петровнаға жаңағы сөздері үшін... сені бүгін осылай жүргізгені үшін соншалық ырзамын да қайранмын! Мен ол үшін қуанып қайран қалдым. Қандай қайратты жан, жақсы жан! Ал ол сенің сондай жақсы әйелің. Ана да сол! Алеша жақсы бала еді. Кім ойлаған бұндай болады деп. Ол кеше ғана өліп, сендер бірің әке, бірің шеше, сондай жақсы балаңды мынадай бөтен шетте, суық жат далаға, суық жердің бауырына кеше ғана бергендерің аса ауыр. Мені де сондай қинайтын қаза. Бірақ Нина Петровна саған да, бәрімізге де барды айтты. Сенің мынау қазіргі шығысың, Вася, сенің өзіңнің де азаматтық қасиетің, батылдығың. Мен сені осындай шақта дәл осындай батылдыққа, қайратқа табылатын жас дейтұғым. Ал сен екеуміз көп жылдық жолдаспыз, білесің ғой. Талай қиыншылықтардан да өткен едік қой. Қайғыға мен ортақпын. Менің достығым, менің көмегім әрқашан сенің жолыңнан табылады. Енді шыда... Қайратқа бас!

Вася үндемей ғана Алексей Ивановичтің қолын қатты қысып сілікті де:

— Рақмет, Алексей Иванович, түсіндім. Болды, бәрі болды! — деп, кеудесі дірілдеп, демі де қатты бір өксікпен шығып, ащы ауыр бір күрсініп алды. Сөйтті де, үндеместен алдағы жолды бағып, машинасын алпыс километрлік шапшаңдыққа мегзеп алып, тістене түсіп тарта берді

Жаңағы Строговтың “көп жыл жолдас болған едік”, “сынасқан едік” дегені шын болатын. Осыдан бес жыл бұрын, Москва түбіндегі Чехов атындағы МТС-те Строгов директор болып тұрған шақ еді. Бір күні оның кабинетіне күтпеген шығыс адамы, жақсы киінген, биік бойлы, жалпақ қалың бетті бір жігіт кеп кірген еді. Үстінде қара көк велюр күздік пальтосы бар, басында сұр велюр шляпа, қолында жұқа сафьян, перчатка. Ол келіп кіргенде, Строгов орнынан тұрып, қабылдап отырғызып, жөн сұрардан бұрын, ең әуелі, Совет Одағына шеттен келген қонақ екен деп ойлаған. Кореядан ба, Қытайдан ба, неғылса Россияның шығыс жақтағы дос көршілерінен келген қонақ деп білген. Бірақ сөйлесе келе, жаңағы шығыс жүзді жас орысша ағып тұр. Қасына ерген нөкері, көмекшісі де жоқ. Содан әрі сөйлесе бере ол Строговты мүлде таң қылған. Соғыстан қайтқан, Совет Армиясының қатарынан шофер-механик боп қайтқан өзіміздің Совет Одағының азаматы екен. Аты Василий Захарович болғанмен, фамилиясы Матайбаев. Шығыс адамы екендігін фамилиясы айтты.

— Сіз қай ұлтсыз? — дегенде, жас жігіт өзін: “қазақпын” — деді.

Сол Матайбаев Вася жеті жасар бала шағында, 1931 жылы Семей облысында Ново-Шульба ауданында әкешесінен бірдей айрылып, детдомға түскен екен. Оның осыдан кейінгі бар өмірі армияға барғанша детдомда, совет мектебінде, әр алуан интернатта өткен. Соғыстан ол әрі механик, әрі бірінші категория шофер боп келген соң, Москваның түбінде тірлік бастаған. Сол шақта агрономдық оқуды бітіргелі жүрген жас орыс қызы Нинаға үйленген.

Строгов басқарған МТС-ке Матайбаев өзі жақсы шофер, әйелі жақсы агроном боп, екі бірдей қымбат маман боп кіріскен. Содан бері бес жыл ішінде бұлардан Алеша деген ұл туған. Қазір үш жасқа келген Надя деген қыз да туған-ды. Бірін-бірі сонша жақсы көріскен екі жас аса бір сау, таза мәдениетті және үлгілі өмір құрды. Олардың

өздеріне меншікті Москва түбінде, Чехов МТС-інің жерінде, кішкене көл қасында, қарағайлы тоғай арасында төрт бөлмелі жақсы дачасы да бар еді. Бұлар білімге де ынтық, тәжірибесі де таза, өздері аса тату мінезді бір семья болып алған. Сол себепті Строгов үй ішімен Матайбаевтармен жақын туыстай, ежелгі достай қатты табысып, араласып кеткен болатын.

Өткен қыстың басында Москва облыстық партия комитетінің басшы адамының бірі Строговты шақырып алып, Москва партия ұйымының атынан тыңға аттану тапсырмасын білдірген. Бұл тапсырма қандайлық жауапты, қадірлі, бірақ сонымен қатар қаншалық қажыр, қайратты, төзім, бейнетті керек қылатын сын сапар, зор тапсырма екенін басшы жолдас Строговқа аз сөзбен қатты түйдірген.

Ойда жоқта үстіне құлағандай үлкен өндіріс басталғалы тұрғанын көпке шейін үндемей, жауап қатпай, шапшаң ойлап шыққан Строгов, сол кабинеттен шықпай-ақ қысқа ғана сөзбен ырзалығын, баруға бекінгенін айтқан.

Рас, үйіне келіп, әйеліне білдіргенде, көздің жасы да болды. Алғаш бұрқырап шыққан наразылық та айтылды. Строговтың мінезін қабылдамау, сынау, кінәлау да болмай қалған жоқ. Бірақ Строгов тез жиналып, сапарға аттануға да беттеді. Сол күнде өзге адам емес, МТС-тің бар қызметкерлері арасынан тек Вася Матайбаевқа ғана ол сөз қатқан.

— Мен Қазақстанға барамын. Сенің туған жеріңе, туған еліңе барамын. Суық жақ, тұрмысқа аса қолайсыз дейді. Алғашқы айлар әсіресе неше түрлі жабайылық жағдайға да шыдауды керек етер. Бірақ мен барамын. Шынымды айтайын, партия тапсырды: “ол жақ та сенің Отаның! Жақсы болсаң, сүйікті мекенің де бола алады!” деп тапсырды. Мен бұл жаққа қайтамын деп бармаймын, бөлкі, шын-ақ ендігі бақытымды сол жақтан іздермін. Маған тек сенімді, қайратты жолдас қана серік бола алады. Ешкімді үгіттемек, ертпек емеспін. Әйелімді, үйімді де осында қалдырамын. Олар сол мен тұрған жерге өздері қызығып, қуанып баратын болғанша, мен тіпті шақырмаймын да. Бірақ түбінде солар барады деп сеніп кетемін. Білім бар, еңбек етуге қол төзімді, жарамды! Қалғанның бәрін мезгіл көрсетеді. Ересің бе? Жалғыз сені ғана шақырмаққа бекініп ем!..

Сонда Вася Матайбаев салған жерден өз басы қызынып, сүйсіне көнген болатын. Ол да Москва түбіндегі өздерінің қазіргі рақат ұясынан қиын қияға кететінін жақсы түсініп отырып-ақ, Строговқа еруге құлшына түскен. Жалғыз-ақ оның салған жерден ауызға алғаны, шарт қып сөйлегені Нина Петровна болатын.

— Әрине, мен сіздей айтпаймын. Нина Петровнаны наразы күйінде қалдырып кете алмаймын. Оған менің батылым бармайды. Біз екеуміз өмірде ешнәрсені біреуіміздің қарсылығымызға қарамай істеуге баспаймыз деп, ант-серт беріскеміз. Сондықтан, әрине, Алексей Иванович, ол қарсы болса, мен бармаймын. Бірақ ойлаймын, ол өзі агроном, жақсы агроном, өзіңіз білесіз. Баратын жағы менің туған жағым, оның білім көмегін тілеп отырған Отанымыз. Және тіпті менің балаларымның да жартылай Отаны ғой. Нина Петровна барады деп ойлаймын. Мен сізбен бірге ала кетем деп ойлаймын!

Мінезді, ойлы дос, жас ана, өнерлі агроном кешкі шай басында Васяның аузынан жаңағы айтқан жайларды үнсіз тыңдап шықты. Сөйтті де, біраз ойланып, кіріп-шығып жүріп кеп, Васяны мойнынан құшақтағанда, қасына жабыса отырып кеп:

— Вася, қымбаттым, мен бекіндім, мен көндім. Әйда, ереміз Алексей Ивановичке. Барамыз сенің туған өлкеңе, күншуақты Қазақстанға! — деген болатын.

Сондағы Нина Петровна жаңа Васяны жылап жөнелтіп салған қайғылы ана. Сондағы Василий Захарович Матайбаев, міне, қазір үнсіз күйде қалың қабағын түйе түсіп, “ГАЗ-69” машинасын күнұзын алпыс километрлік шапшаңдықпен жазбай айдап Жоннан өткен, “Ақтоғай” шегінен асқан, түс ауа берген кезде межелі “Шолақтау” станциясына тақап келген өнерлі шофер болатын.

Осы бетте Шолақтаудағы базасына жету-ақ мұң екен, асыға, қауырт істейтін істер басталды. Мезгіл де тығыз-таяң болатын. Февраль аяқталып келеді. Ал бұл жақтағы жылдағы мерзім бойынша марттың басынан жер айдауға кірісу керек. Сонымен, бір жақтан осы Шолақтауға соңғы күндерде жаңа совхозға арналған аспап, машина, зат-бұйым және әсіресе Жамбыл мен Ташкенттен екі жақтап тыңдағы іске кірісуге беттеген көп адамдар лек-легімен ағылып келіп жатқан.

Әйтеуір Строговтың бір ғана жұбаныш етер тірегі сол болды — келген адамдардың арасында әзір тұрған шофер, тракторшы, комбайншы, әр алуан механизаторлар табыла-табыла кетті. Бұлар жүргізіп әкететін әр түрлі жүк машиналар, самосвалдар, тракторлар тағы да жап-жаңа қалпымен үрдіс келіп, “Түркістан” совхозына жөнелтуге әзір еді. Осы қатарда базадағы адамдар мен жаңа баратын жандарға әсіресе азықтан, тұрмыс-жайда қатты тығыз қам жасау қажет болатын. Сол себепті Строгов базаға қарай ертеңді-кеш, сәт сайын, күн сайын төрт тәулік бойында тыным алмастан машина, мүлік, сан алуан жүк заттарын жөнелтумен болды.

Адам атаулысына азықтан басқа отын қамын да, жарық жайын да, жататын төсек-орын, жатын жай, көрпе-жастық, простыняға шейін бас-басына санап, арнап, тиянадай етіп түгел қамдап жөнелтуді ұдайы өзі бақылады. Бұл жөнде қасына ере келген Матайбаев, шофер Ткаченко екеуі де үздіксіз көмегінде болып еді.

Осы төрт күн ішінде өзі мен Матайбаев екеуі Жонға қарай созылған, салқар-салқар көштей болған автомашиналарды, тракторларды ұзатып салып, базаға екі рет келіп қайтысты. Соңғы төртінші күнде қайтадан базаға тағы бір айналып келе жатқан жолда Строговтың көзі Вася Матайбаевтың қырын отырған өңіне тоқтап еді. Ол бұл күндерде өзгеше қарайып апты. Онсыз да кесек мұрны зорайып, сораы түсіпті. Жақтары солып, соншалық шұғыл жүдеп өзгеріп кеткен екен. Бұл халде жігіттің ұйқысыз, тынымсыз, ашпа-жалап, күйсіз, тынымсыз өткен күндері де белгі берген болу керек. Бірақ сонымен қатар жаңадан ғана өз қолынан суық қара жерде, жапан түз, жат жақта, жалғыз ғана томпиған мола боп қалған Алешадай бес жасар ұлының қайғысы да қатты зардабын батырған тәрізді.

Ол уайым орны бітпес жарадай. Ең алғаш бұл татқан ащы удай. Оның аты — әсте ұмытылмас аталық уайым! Сол жара сырттан жасырынып, қазір бұның ішіне, жалғыз өзінің ғана өзегіне түсіпті. Өзге дүниеден ұрланған құпия сыры өз ішіне аса тереңдеп батып алған. Неғұрлым солай болған сайын, іші-бауырға жайылған удай болып, ауырлап, қиындап алған. Бірақ сол қалпында осы жас сырттай, құрыш темірдей шынығып апты. Сууы жеткен асылдай катайып, шымырап алған.

Аз ұйықтайтын Строгов бүгін “Ақтоғай” колхозына тақай бергенде, Матайбаевтың жаңа анық байқалған қатты өзгеріс, ерекше жүдеулігін аңдады.

— Вася, сен бірнеше күннен бері жөнді ұйықтаған жоқсың. Кел, осы “Ақтоғайда” тоқтап, бір үш сағат ұйықтап алайық, не дейсің? — деп еді.

Мезгіл кешке тақап келе жатқан. Вася бұл ұсыныстың әдейі осы Васяның халін аяғаннан айтылған ұсыныс екенін сезді де, директордың айтқанына мойындағысы келмеді.

— Жок, Алексей Иванович, оныңыз не, керек емес! Мен!.. Мен бе? Ұйқы түк емес. Одан да жұрт жатқанша базаға жетеміз! — деді. Тағы да сілкінгендей бойына қайрат жиып алды да, түнге қарай ширай түсіп, тарта берді.

Кешкі ауа тағы да қатты ызғырықтап, аяз қатайып келеді. Әнеугі Жонда Сақыш кемпірді тауып алған жотаға бұлар кеп ілінгенде, дәл сондағы көріністей боп тағы бір қызыл вагонды және бір алып батыр “ДТ-54” тартып барады екен. Ақырын басып жылжыса да, жазбай, талмай ілгері басып барады. Шолақтаудан шыққалы жүрдек машиналы бұлар жолдағы алдыңғы күндерде өздері жөнелткен көп тракторларды, кейбір жүк машиналарын әлсін-әлсін басып озып келе жатқан. Өз әдеті бойынша әсіресе вагондарды әкеле жатқан тракторлардың тұстарына жеткенде, Строгов машинадан түсіп, әрбір тракторшымен амандасып, сөйлесіп, жай-күйін жете сұрап, тракторлардың бабын, майын, моторын анықтап, тексере біліп алады. Әсіресе ұзақ сағаттар, күндер бойы шоферлердің, тракторшылардың азық-жайларын, киім-бұйымын, тоңған-тоңбағанын үнемі сұрастырады. Әр адамның аты-жөнін іс үстінде жақсы біліп келе жатқан. Ал адам атына зейіні сондай алғыр екен. Әзір өзінің тракторшылары, болашақ шоферлері кімдер екенін, қандай жандар екенін де аңыстайды. Іс үстінде жақсы танысумен барлап, аңдап келеді.

Бұлар Жонның жотасына жаңа бір ілінген кезінде базаға қарай бара жатқан қызыл вагондардың орта тұстағы біреуін қуып жетті. Строговтың мөлшері бойынша осы бара жатқан бесінші вагон болу керек. Оны тартқан тракторды жүргізуші әнеугіні базадан өзі алып келген, жас тракторшы Ткаченко болуға тиіс.

“ГАЗ-69” омбы қарды осып отырып гүрілдетіп кеп

кызыл вагоннан өтіп, трактордың қатарына жеткенде, Строгов машинадан секіріп түсті. Қараса, Ткаченко дегені анық екен. Ол зорға дегенде езу тартып, таныс директорына амандасты да, сәл тоқтай берді. Беті, иегі ісінгендей, көгере қызарып барбиып алған Ткаченко Строгов көзіне соншалық қатты тоңған адам тәрізденді. Киіміне де жаңа көз салып еді. Мынау аязды желдің өтінде күнұзақ жүріп келе жатқан жастың адам сияқты киімі де жоқ екен. Строгов оның бойына қарап шошып кетті. Жаны ашып, сескенуі сондай күшті еді. Ткаченконың үстіне кигені жалғыз ғана фуфайка. Строговтың даусы қатты, шапшаң шықты.

— Ткаченко, сен мүлде мұздағансың ғой. Киімің қандай жұқа, неге айтпадың? — дей сала, өзінің тонының сыртынан мойны, жағын орай салған кең қалың шарфысын өз мойнынан лезде жұлып алып, Ткаченконың иығына жаба берді.

Ткаченко осы кезде Строгов пен Васяны қайран қалдырып, сақылдап қуанғандай күлді де, кесек, ажарлы үнімен:

— Ничево, товарищ директор, все в порядке! — деді. Сондай ширақ жүзбен қайратты ажар көрсетті. Қажитын түрі жоқ, мойымас отты жастың қызуы көрінді.

Вася сүйсінгеннен күліп жіберді:

— Бұл әр уақытта осылай. Алдыңғы күні кетерінде мен “Киімің жұқа” дегенімде және де осы сөзді айтқан, “Ничево, товарищ шофер, все в порядке!” деп.

Ол Ткаченконың мінезінен, қайсарлығынан өзі де қайрат алғандай қуана күлді. Адам үшін... Қайратты, қажымас жас қуаты үшін, жігері үшін қуанып, сүйсіну бар еді. Бұл жайларды Строгов та жақсы аңғарды.

Мынау қасында тұрған екі жас, екі комсомол бір сәтке бұның өзінің мықты талмас қанаттарындай аңғарылып қалды. Екеуі де өзінің вахтасында сақ тұрған, сергек тұрған қажымас та, қырағы да сақшылар тәрізді. Бұндай адамдармен істесуге болады. “Тек осындайларым көбірек болса екен” деп қалған еді. Күле түсті де, көп сөйлемей, Ткаченко үнсіз ғана бас шұлғып, жымия тұрып қоштасып, Строгов машинаға қайта мінді.

Сол күні таңға жақын базаға қызыл вагонын сүйреген күйде Ткаченко да жеткен. Келесі күн сәл күншуақ шақ,

түс ауған кезде адамды, дүниені сәл қуантқандай болды. Аз сәтке жарқырай қалған еді. Көруші көзі енді аңдаса, Жонда ең алғашқы өзгеше бір алуан кішкене көше пайда болған тәрізді. Жиыны он шақты қызыл вагон қатарласа, қарсыласа тұрып қапты. Бәрі де жіңішке аласа темір мұржаларын түтіндетіп тұр. Іштерінде ұядай-ұядай жылы мекен-жайлар туып жатқаны аңғарылады.

Сол вагондарға жалғас біреуі көкшіл, біреулері сарғыш, сұрқыл, біреулері аппақ шатырлар жалғаса тігіліп қалыпты. Бұл шатырдың бөрінің де сырты брезент, астары қалың шұға және үшінші қабат боп ақ мата ұсталған. Осындай үш қабат жамылшысы бар палаткалардың жылуы мен жайлылығы суық күнде соншалық көңілдегідей болмағанмен, бұның да аты қиын күннің қолдан келген баспанасы болатын. Сол бар палатканың ішіне жағалай, тиянадай, таза койкалар тұрып қалған. Бөріде жатын орын, төсек-жәй, бұйым-жабдығы жап-жаңа да тап-таза.

Осылайша елсіз, жөнсіз қу дала Жон жотада бұрын әлсіз орнаған он шақты жұпыны қоралардың жандарына жаңаша тіршілік ұйтқысы орнай бастады. Әзір о да әлсіз. Уақытша жеңіл орнап жатқан болашағы үлкен, мол тіршілік алғашқы уыз қабыршағы есепті. Строгов бастаған тың өмірдің ең алғашқы шақтары, таң сәрісі есепті тұңғыш сәттері осылай болатын.

Ту далада тұңғыш борозда

Март айының алғашқы күндері жетсе де, Жон әлі қыстан арылған жоқ. Күн болар-болмас қана жылынғандықтан, қар өте баяу, сылбыр ғана еріп жатыр. Бұл кезде базада болашақ совхозға жұмысқа жиналған жұрт саны жүзге тартып еді. Совхозға керек адам саны үш жүз шамалы болғанда, соның үштен бірі жетті де, қалған екі жүз шамалы адамды Строгов асыға күтетін. Ол селектор арқылы Шолақтауға да “келген бар ма?” деп, ертеңді-кеш көп сұрау салады. Атаған адамдарды жеткізбей жатқан болашақ Совхозтрест басшылығына да маза бермей, дігір салады. Қысылған бір кезінде облыстық басшылыққа да наразы болды. Күйген, асыққан сөздерін айтып, қысталаң жайларын білдірді.

Егісті, совхоздық жоспарлы істі сан салада асыға бастау шарт. Облыс және совхоз министрлігі уәдені орындамай, дегенін бере алмай тұр. Онсыз да аса ауыр, жайсыз көктемде басталатын қалың еңбек, қауырт істердің кедергісі өздері болып барады. Обкоммен сөйлескен бір кезінде Строговтың аузынан шапшаң, күйгелек сөздер шықты. Ол Москвадағы ең үлкен бір адамның атын да атады. Сол кісі өз аузымен тапсырма беріп, өз бұйрығымен тыңға жіберген қайраткерлердің біреуі осы Строгов еді. Сонда қажет көмекті өзі бермек боп серт еткен-ді. Күйіне сөйлесіп отырып, Строгов шыдай алмай жаңағы үлкен кісіні ауызға алған.

— Сіздер көмекті керекті шақта бермейтін болсаңыздар, мен ана кісінің өзіне тура арнап мұң шағатын болармын! — дегенге шейін барған еді.

Қысылғаннан, күйгеннен айтқан. Сол айтқанына кейін өзі “жеңілдік, ұшқарылық болды-ау” деп өкінген де болатын. Ал іс жөнінде облыстық партия басшылығына қатты қынжылып айтқан сөзінің әсері болмай қалған жоқ. Облыс бойынша беретін адамдарын табыс етіп болған облыс басшылары осы “Түркістан” совхозына керек болған адам күштері қайдан келетінін, қашан жететінін барынша жіті іздестіріп, деректер алды. Кеше түнде облыстық Совхозтрест Строговке хабар етті. Бұның совхозына бет-теген қосымша адамдар Кавказдан, Ереваннан — жалпы Армениядан жіберілген екен. Жақында сол топтың келуін тосып, Строгов қолында бар жүз шақты адамымен әр сала шаруасын бастай беру шарт дескен.

Осы хабар бүгін таңертең құлақтарына тиді ме, болмаса бірталай күннен бері жетер Жонға келіп алып, тек қарлы далаға қимылсыз қарап отырудан қажыды ма?! Таңертеңгі астан кейін бір топ тракторшы Строгов отырған қызыл вагонға кеп кірді. Бұлардың алдында келе жатқандар — Новиков, Ткаченко болатын. Соларға ілесе амандаса дабырлай кірген, әскер қатарында танкист болып, Ташкент жағынан келген комсомол мүшелері: Целигородцев, Кокарев, Попов бар. Олар сөздерін баптап, созып бастамай-ақ, салған жерден келген мақсаттарын айтты. Екеу-үшеуі дабырлап қатар да сөйледі. Алғаш бастаған Новиков пен Ткаченко болатын.

— Жолдас директор, Алексей Иванович, жолдас Строгов,

келіңіз бастайық! Егісті! Болды! Қашанғы қуыс аспанға қараймыз да отырамыз. Рұқсат етіңіз! Тракторшыларымыз даяр, жырта бастаймыз! — десті.

Строгов бұл кезде екінші бөлмеде отырған бас агроном Трегубовты үнсіз ғана белгі етіп қасына шақырып ап еді. Сол бөлмеде отырған Вася Матайбаев пен Нина екеуін де бірге шақырды. Тракторшылар аз емес. Бір жақсысы, әзірге жиылған жұрттың ішінде трактордың санына жететін тракторшылар мол еді. Бұлардан өткен күндерде төрт бригаданың алғашқы топтары құралған. Енді зерігу ғана емес, бойларына қайрат-қажыр жиган, алдағы еңбекке қызыға, қызына кіріскісі кеп тұрған анық жастардың ажары аңғарылды.

Строгов Трегубов пен Нинаға тракторшылардың талабын теріс көрмеген ажармен, ақыл сала сөйлесті.

— Қалай көресіздер, мотор, маман күштеріміз міне келіп, сіз бен біздің есігімізді дүсірлетіп тұр. Бастаймыз ба, жоқ па?

— Әлі қар қалың ғой, — деп, бас агроном байлау айта алмай күдіктене берді.

Нина да құптай қоймады.

— Бұл жердің жылдағы мерзімді сырын білу керек, жергілікті адамдармен ақылдасқан жөн.

Бұл сөзді Трегубов аса мақұл көрді.

— Қар қалай кетеді, лайсаң батпақ ұзақ жата ма? Біз Жонды да, жалпы Қазақстанның бұл жағын да әлі аз білеміз. Ақылдасқан теріс емес! — деген.

Строгов тракторшыларды аз бөгеді де, Васяға: “ендеше, осы ауылдың үлкендерін шақырып кел!” — деді. Ана тілін Вася ұмытқан жоқ еді. Рас, ол тілі қазақша, әсіресе кексе адамға келеңсіздеу болғанмен, Вася орысша ойлаған ойларын қазақша жақсы жеткізе алатын. Ол көңілденіп:

— Жақсы. Мен сіздерге қазір аксакальский совет жиып әкеп берем!

Оның “аксакальский” деген сөзін түсінбей қалғандар көп еді. Нина Петровна “шалдардың советі” деп жұртты күлдіре түсіндіріп берді. Арада біраз уақыт өткенде Вася бір топ колхозшыны ертіп келді. Енді вагон тарлық ететін болған соң, қазақ колхозшыларды, тракторшыларды ертіп, директор далаға шықты.

Келген колхозшылардың аттары Строговқа өлең сияқты естілді. Олар: ағайынды Әлмен, Бәрмен, Сәлмен болатын. Бұлардың Сәлмені — Сақыш кемпірдің баласы. Бурыл сақалды Әлмен, Бәрмен — Сақыштың қайындары. Ал екі шал Досан, Есен — Сақыштың төркіні, бауырлары. Қазір де қунақ, сөзшең, ширақ кемпір Сақыштың өзі де қасына келген қара кемпір Әселді ерте кепті. Строгов осы қарттар тобын жағалай қол алысып, күле сөйлеп, жақсы қабыл алды. Анық “аксакальский совет” деп, жаңағы Васяның қалжың сөзін өзіне үйреншікті сөз етті. “Аксакальский совет”, оның председателі Садаға!” — деп, Сақыш кемпірдің қолын көп, ұзақ сілікті. Сақыш та бас изеп, бұған үлкен дос мейірмен қарай түсіп, “садаға, садаға” — деді.

Директор мен бұл кемпір екеуі анадағы боран күннен бастап бірін-бірі күле түсіп “Садаға” деп айтысатын.

Жердің, көктемнің жөнін сұрасқанда, Досан қарт, Әлмен, Сәлмен үшеуі ойлана, біріне-бірі ақыл қоса сөйлесті. Артынан олардың байлауын екі кемпір де, Есен мен Бәрмен де қостады. Вася орысшаға аударғанда олардың ақылы бір жерден шыққан. Ең әуелі, бұлардың айтуынша, осы араның жері, топырағы қар кетісімен аса тез құрғайды екен. Сондықтан бұлар, өздері білуінше, жылда неғұрлым жерді ерте айдаса, сол жақсы десуші еді. Тіпті қармен аралас іле-шала жыртып тастаса, содан әбзелі болмас еді. Осыны өздері жылда айтса да, маңындағы колхоздар шабан-шардақ болып, әр жылда кеш қимылдап, кеш салады екен. Және бір айтқан жайлары: бұл арада жерге су онша терең сіңбейді. Нанбасандар, осы бір метрдей жерді қазып көріндерші. Тереңге батқан суды көрмейсің. Ал жер бетіне жақын дым бұл араның күні көктем шыға, қатты қыза жөнелгенде тез құрғап кетеді десті.

Строгов мынау сөздерде үлкен тәжірибе және ақылды байқағыштық бар екенін қатты еске алып қалды. Тағы да әзілдеп, “Садаға” деп кемпір Сақышты иыққа қақты да:

— Садаға, сен қалай дейсің, егінді бүгін егуге бата бересің бе? — деді.

Вася әуелі “благоволить қыласың ба?” деп алды да, бата деген сөз аузына түспей, қос қолымен бетін сипап, “дұға бересің бе?” — деді.

Сақыш түсінді де, күліп:

— Ал, ек бүгін! Жақсылап ек, диқан баба жәрдемшің болсын, бісмылда алдауақпар! — деп, жұртты ду күлдірді.

Жергілікті колхозшылардың сөзін өзінше жеке ойымен мықтап ескеріп ішке түйген Строгов, қазір сол естігенін анықтамақ болды да, Ткаченконы бір тракторға мінгізіп, әзір плутгі тіркеп, аңдау үшін әр алуан тереңдікпен жерді айырта бастады. Бар тракторшылар мен агрономдар қасына ерген күйде, Строгов трактордың, плуттің ізімен жүріп отырып, қолдағы метрмен жерді өлшеді. Кейін тракторды тоқтатып, бір-екі жерді тереңдете қазғызып көріп еді, жаңағы қарттардың айтқаны рас боп шықты.

Топырақтың дымдануы 35-40 сантиметрден ары емес. Ал 60-70 сантиметрге барған тереңдікте топырақ мүлде құп-құрғақ, әсте сыз өтпегендей. Бұл байқау Строговқа де, екі агрономға да анық бір байлауға келерлік тәжірибе көрсетті. Осы сағатта әр жерде қадау-қадау барысып, жаңағыдай шұңқырлар қазып, жердің дымын өлшеп, сызып аңдап шығысты да, бағанадан тракторшыларға бермеген жауабын Строгов енді келіп нық байлап, бір-ақ айтты.

— Россияның кей қырларындағы крестьяндар айтатын бір мақал бар еді. “Сей в грязь, будешь князь” — деген. Мен “аксакальский советтің” теріс айтпағанын аңдап тұрмын. Жолдас тракторшылар, сіздер дұрыс қозғалған екенсіздер бүгін. Рақмет оларыңа! Ал ендеше, қазір-ақ бірінші боразданы Малец бригадасы атынан, Целигородцев, сіз бастаңыз. “ДТ-54” тракторы сіздікі ғой.

— Менікі. Ол әзір тұр! — деп, Целигородцев рапорт бергендей сақ етіп ажарлы жауап айтты.

Бұрын төрт бригаданың ішінде Малец бригадасы осы базаның жақын маңайын алған болатын. Базадағы бүгінгі жиыны жүзге тартқан жұртшылық енді біраз минуттың ішінде көңілдене дабырлап, сергек қозғалып, бір араға топтала берді. “Жданов” фермасының кәрі-жасы, бала-шағасына шейін және жүгірісе жиналып, ентелей келісті. Осы топтың алдында “Түркістан” атты иесіз Жонға келіп ірге тебе бастаған совхоздың тыңды айырған бірінші бораздасы тартыла жөнелді. “Уралаған” көңілді топтың алдында қары аралас қара жерді қарс айыра жөнелген бұрынғы жақсы танкист, бүгінгі сенімді тракторшы комсомолец Цели-городцевтің “ДТ-51” тракторы.

Келесі күні қатардағы бірінші бригадада бірінші боразданы Воробик тартып жөнелді. Үшінші, төртінші бригадалар да бұдан бірнеше күн бұрын үлескен өлкелеріне барып орнап алған. Дәл осы күні бір сағатта бастамаса да, біреуі елең-алаң ертеде, біреуі сәскеде, тағы бірі түске тақау кіріссе де, бар бригада алғашқы бораздаларын сыдырта тартып бастаған-ды.

Строгов қасына Трегубовты, Нина Петровнаны ертіп алып, күні бойы “ГАЗ-69” машинасымен жортты. Васяның тынымсыз жүрісіне түсіп, алғашқы егіс күнін өз көздерімен атқаруда, бастауда болатын. Сонымен, алғашқы екі-үш күн ішінде барлық пәлен мың гектар болатын көктемдік егіс, Жонның совхозға тиген бар шегіне жайыла тарап, айқын іздермен сызыла, созыла бастады. Жонның жотасы мен қобысын, үлкен-үлкен беткейі мен белесін, жазығы мен қойын-қолтығын бөлек-бөлек квадраттарға өлшеп кесіп, бөліп тастасып еді. Күлше қоңыр топырақтың кей жерде қар аралас қатпарын аудара, саралай тіліп, күйлі машиналар тынымсыз ырғақты күйге басты.

Осымен үш күн ұдайынан көсілген еңбек күндері алғашқы жемісті өнімді цифрларға сайды. Бұл күндерде біреуіне біреуі тіркес келе жатқан көп тракторшылардың алдына ұзап түскен, бірінші боразданы тартқан Целигородцев. Ол үш күн ұдайымен күндік норманы үш жүз проценттен асырып ада қылды.

Төрт бригадада норманы екі жүз проценттен түсірмей істеп келгендер бар. Бірде-бір тракторшы норманы жүз елу проценттен кем бастаған жоқ. Бұл күнде аттары Строговтың, агрономдардың аузынан жиі естілетін тракторшылар: Новиков, Ткаченко, Воробик, Пешкин, Леонтьев сияқтылар.

Целигородцевтің үшінші күн кеш бата жұмыс тоқтатып қайтар шағында Строговтар қасына келіп еді. Бригадир Малец те осы араға келді. Оның қасында жаңа құрылған комсомол ұйымының секретары механик Геннадий Безродный ұзын бойымен кең адымдап, ширақ жүріп келе жатқан.

Целигородцевке тақай бере, машинасынан түсіп келіп, Строгов жақын күндердегі бір жайды есіне алды.

— Мен басында күдіктеніп ем. Егіске ерте шығар деп ем. Сендердің істегі өнімдерің бар күдікті жокқа сайды.

Жонның қысын Целигородцевтің тракторы мықтап қуды. Күннің жылына бастағанын, бүгін қардың көп ерігенін байқадыңдар ма? — дегенде, Целигородцев қатқыл жуан даусымен қысқа ғана сөз қайырды.

— Земля подсказывает. Тракторшылар соны сезген болар.

Нина Петровна өзінің агрономдық тәжірибесіне мынау еңбек адамының мағыналы бір шындықты айтып қосқанына сүйсіне күлді.

Безродный үмітшіл, сенімді жүзімен жаңағы сөзді қатты күліп қостады да, қысқа бір жақсы байлауын айтты.

— Кім батыл болса, сол жеңеді. Ол біздің дәстүріміз. Инженер, агрономдар ол батылдықты бастамай тұр еді. Олардан тракторшының қолы батыр болды! — деп, агрономдарға әзілмен соқтыға сөйлеген.

Трегубов агроном әуелде тартынған өздері емес, инженер Богданов екенін ескертті. Бұған Строгов өзі ара түсіп еді.

— Богданов жас инженер! Мүмкін бұрынғы ескі традицияларды аз білер. Бірақ сол күні ол барлық күрделі плуттер түгел іске қосылады деп сене алмады. Сондықтан ғана тартынған. Жас болсын бірақ, бұрынғы традицияны білмесе де оқа емес. Богданов пен біз, сіздер боп, бәріміз өз традициямызды, жаңа традициямызды жасаймыз! — деді. Ширақ үнмен көтеріле, жұдырығын түйе, қолын сілкіп сөйледі.

Осы күні кешке кішкене көше болмыс алаңында, жатын үйлер бойларында лек-легімен жүрген еңбек ерлері мол көрінді. Олар тракторшылар, механиктер, шоферлар, әлі саны аз болса да, біріндеп келе бастаған құрылысшылар, су, электр мамандары болатын.

Осы кеште алғашқы күндер тәжірибесін ақылдаса аңдап алу үшін Строгов пен агрономдар, бас инженер Богданов, партия ұйымының секретары Тұрсынов асхананың алдында, ашық аспан астында, аяққа басып тұрған күйде алғашқы бір шолақ жиын жасады.

Строгов еңбек күндерінің әуелгі жақсы дерегін тракторшылар мен мамандарға, бригада бастықтарына тез айтып білдірді де, енді бұдан былайғы күндерде үдей түсетін бір шаруа шарасын атады. Тракторлар күндіз ғана емес, қар кетіп болғанды тоспай-ақ, соңғы күндердегі күндізгі тәжірибені еске алып, түнде де істейтін болу керек. Соған

әр тракторға, жеткенінше қолда бар тракторшыларды қос-қостан бөліп беру керек. Бригадирлерге осы арада, осы кеште сол іс нақтылы шешілуі тапсырылады. Бірақ дәл осымен жалғас әлі адам саны қатты жеткіліксіз боп жатқаны, әсіресе тракторшылар жетпей, аз боп жатқаны көп аталды. Қысқа-қысқа сөзбен Малец те, агрономдар да, инженер Богданов та адам жетпей жатқанын үлкен олқылық есебінде, сәл наразылықпен де атап өтісті.

Бірақ бұлар білуші еді, кейінгі көп топтың келмеуіне, бөгелуіне бұндағы жұрттың бірде-бірі жазықты емес. Әсіресе директор Строгов бұл жөнде жауапты емес. Сондықтан бұлар өз наразылығын сыртқа арнай айтысқан. Бірақ осы минуттарда бір бұл жай емес, енді Строговты қысатын басқа халді бүгін өзін сүйсіндірген жақсы тракторшылар да айтып жіберді.

“Ең әуелі асхана мезгілімен тамақтандыра алмайды. Жатын орын суық. Күндіз ыстық ас іше алмайды. Түнде ұйқы шала. Бар астың өзі де мезгілімен ауызға тимейді. Мынау кішкентай лашықта ас деп кезек күтіп тұрса, жұмысқа бару емес, тек қана шіретте күнелту керек. Әлі талай күн осы араға арнай бастаса да, дәрігерлік орын көмекке жарамай тұр. Керек десе, ішетін су да, қара судың өзі де лай және сол да үнемі бола бермейді”.

Біреулер темекі жоқтығын да үлкен наразылықпен айтып қалды. Бұл наразылықтардың бәрінің орны бар. Әлі рабкооп дүкенін құра алмай ұйлығып жатыр. Орналасып алмай, құр қаптардың ішінен қол-қолға сатуға да орай жоқ. Асхана күн жылына ма деген үмітпен Сәлмен қорасына орнады.

Тамдары ғана емес, бұрынғы шошаласы, сиыр қорасына шейін тақтай жайып кеңігенсіп еді. Бірақ жүзден аса адамды шын-ақ мезгілімен тамақтандыра алмай тұр. Әрбір еңбекке жегілген жақсы азаматтар аузынан жаңағы естілген наразылықтар Строговты қатты ширықтырып, қинап тұр. Ол ешкіммен де дауласқан жоқ. Өзі де ақталмады. Асхананың, жатын орынның, рабкооптың кемшіліктерін жаңағы тракторшылардан да бетер сынап, өз жанынан қосып, айта түсті де, енді барынша сол күйді түзеу үшін істеліп жатқан әрекеттерді айтып берді. Жұрттан өтінгені, бірнеше күнге сенім, төзімнен түгел айрылмауды ғана сұрайды.

Өзі қазір-ақ бөгелместен Шолақтауға жөнелмекші. Бұндағы әр алуан қиыншылық пен жоқшылықты түзеуге жөнелмекші. Дегеніндей, Нина мен Васяның қасында отырып, шала-шарпы тамақтанып алған Строгов және қасына Васяны ертіп жеті түнде Шолақтауға тартты. Жамбасына мұз батқандай, “астынан су шыққандай” дейтін тынымсыз күндер мен түндер үздіксіз қарбалас қам-қарекет үстінде өтті. Шолақтауға жеткен соң Вася түн бойы ұйықтамаған себепті, Строгов оны тынығуға қалдырып, өзі жалғыз кеткен.

Түнде машинада мызғыған еді. Бүгін таңертең кеңселерде қызмет басталар шақта Строгов жұмысқа кірісті. Тың тұяқ, тіпті күйлі тәрізді. Оқыған бұрынғы мамандығы механизация, электрофикация факультеті болғандықтан, Строгов, тегінде, бұл жүрген механизмдердің көптен көбін үйреншікті атай білетін. Чехов МТС-інде бес жыл бойы басшылық қызметте болғанмен, ол кейін шыққан машиналарды да үнемі өзі жүргізіп талдап, ізерлеп оқып, танып, біліп ала жүретін. Сонысы қазір көп кезде бұның бүгінгі еңбегінде ұдайы керегіне қатты жарап жүр. Өздері түсіп жүретін кішілеу пәтердің жалғыз төсегіне Васяны жатқызып, ол “ГАЗ-69”-ға өзі келіп отырып, өздігімен жүргізіп кеткен.

Строгов бүгінгі аспанға қарай бере, көңілденіп жөнелді. Күн ашық, жылы. Аса бір жайлы, ерте көктем шағын танытып тұр екен. Ішінен “тек Жонда да осындай ашық күн болса екен. Тракторшылар тым құрыса жылы ашық аспан астында сәл сүйеніш, қуат алғандай болар еді” деп қалды.

Шынында, бүгін Жонда да күнұзын тамаша бір маужыраған күншуақты ұзақ шақ болды. Барлық Жонның бойына шанжау-шанжау тарап түсіп, өз квадраттарын көмкере кертіп жүрген тракторшылар бүгін бұл жат жақтың тамаша бір жайларын молынан көрісіп жүр.

Түпсіз кең, мөлдір көк аспанда шырқау бір биікте салқар-салқар топтарымен ақ қанаттары күнге шағылыса соншалық мол аққулар өтіп жатты. Сұңқыл-сыңғыр әдемі бір үндері кейде тына қалып, тыңдаған жанға ақ қанаттардың сытырлаған үндерімен ілесе жетеді. Егіс даласында жүрген Нина Петровнаға мынау аққулардың қатарлары ғажайып боп сезілді. Әсіресе олардың сұңқыл үндері жоғарғы октавамен

анық, әсем естіледі. “Аққу әні деген осы ма екен? Өмірде алғаш көрген, аспанда жүзген топ аққуларым осы еді, қандай ғажайып?” деп өзімен-өзі сөйлескендей. Аққулар бір сәтте, бұның қызыққан көңіліне жер мен аспан арасының өзінше ортақ елшісі тәрізденді. Бүгін таң сәскеден бәрі сымпылдап асыға ұшқан, үшкіл қатарлы ұшқыр үйректер де жоғары-төмен самғап кетіп жатты.

Тракторшылардың көбі білмеуші еді, Жонның терістікке қараған еңіс деңгейінде үлкен шалқар тұщы көл болатын. Оның айналасы, аралдары қазіргі көктем күндерінде сыңсыған үйрек, қаз, аққу, аққутан тәрізді үлкен құстарға сыймайтұғын. Кейде аққулардың ізімен, асықпай баяулап тағы бір топтар маңады. Олар үйіріліп ойнағандай құбыла құйқылжиды. Бұл көп оралып, аса қатты қиқулап, құраулап ұшқан тырналар. Бұндай топтар бұлтша ауып, жәйлап кетіп жатыр.

Тағы бір тракторшылардың үстінен салмақты, сұлу қатармен, байыпты үн салып, қоңыр қаз тобы кетті. Ауа жөңкіле созылып, жаңағы көл жаққа қарай өтіседі.

Машиналарында жүрген шоферлар, тракторшылар, әр алуан мамандар, агрономдар бүгінгі мейірлі күншуақ шаққа көп сүйсінеді. Аспан әлеміне жан бере кестелеп, әр алуан әсем сәнімен өтіп жатқан жыл құстарын тың айырушылар қуана тамашалайды. Ткаченко, Воробик, Новиковтер жыл құстарын жаз нышанын әкеле жатқан жақсы келгіндердей қарсы алды.

Тағы біразда қардан мүлде арылған бозғыл көделі күнес қыраң да, кей беткейде қыр құстары да көріне бастады. Ғажап қызық мінезі бар көкшіл сарғыш дәу дуадақтар кезікті. Шұрылдап ұшатын қара бауыр бұлдырық та келді. Әсіресе қызық құстар: безгелдек пен ұзын сирақ, бадырақ көз тарғақтар. Осы құстардың көп тракторшыларға бұрын мүлде мәлім болмаған мінез-дағдылары ерекше көрінеді. Ең әуелі бұл құстардың бәрі де машинадан қорықпайды, қашпайды. Трактордың сартылдағаны, түтіндеп, тасырлатып жүргені оларға бейне бір әсіре қызық, тамашадай. Адам техникасын Жонның бұл құстары аса бір аңырған, тамашалаған халде қарсы алғандай. Олар кетпей отырып алысады. Жерден жем де алмайды. Бар ынтасымен машиналы қозғалысқа қызыққан жәндіктей көрінеді.

Тарғақ, безгелдек сияқтылар өздері де тың айырушыларға аса бір қызық, жұмбақ құс тәрізденді. Олар жерде отырғанда, жорғалап жүргенде, жер қылаң, бозғыл, қоңырқай болып бір көрініс береді. Ал ұша жөнелсе болды, тарғақтар қара ала боп, жарқылдап ұшады. Қоңыр сұр безгелдек атаулы ұша жөнелгенде, әлдеқандай сиқырдай, ертегілік құбылысқа ауысады. Бейне бір цирктегі фокусшінің айналы құбылысындай жаңағы қоп-қоңыр құс көз алдыңнан дырылдап ұшып, аспандай бергенде, өңшең аппақ құсқа айналып кетеді.

Әрі суық, әрі жансыз жат көрінген Жон атаулы жотаның бүгін тағы да бір қызық түрде жанданғаны байқалды. Осы Жоннан терістікке қарай ұзап барғанда, көлденең кезігетін мол құм бар. Сол құм көп жай жануарлардың қысқы-жазғы мекені. Әсіресе ол құмдарда соңғы жылдарда мүлде мыңғырып өсіп кеткен бөкен қалың болатын. Жонның өзінің де кейбір қия шаттарында және жақындағы Қаратау, Ақтау сілемдерінде арқар, таутеке бар-ды. Бұлар Жонның байырғы аңдары.

Ал осы өткен қыста Жамбыл облысына қалың түскен ақ көрпе қыс аяғын ұзартты. Қалың қар құмға да түсті. Суық одан да ерен қатты болды. Сонымен, барлық Сарысу, Талас аталған ауданның елі бұрын өздері көрмеген ауғын бөкен топтарын көретін. Әсіресе февраль ортасынан бері қарай малда жүрген, жолға шыққан жүргінші, малшылар мен Жон жотаға шыққан аңшылар: “биыл бөкен ауып келді” деп көп әңгіме етісетін. Кейбіреулер тобымен жүрген мол санын көреді. Тағы біреулер кем қойғанда 10-15-тен жүрген шашыранды топтарын таниды. Бүгінгі ашық күнде, айнала дүние айқын көрінген шақта, тракторшылар жаңа қызық көре бастады.

Бір бригада емес, төрт бригаданың бар тракторшылары байқаса, бұрынғы елсіз жым-жырт боз дала бүгін қызық бір қозғалыс-қимылдарға ауысыпты. Қыбырлап, жайылып ешкілер кетіп бара жатады. Жақыннан үрке қашып, трактордың даңғырынан орғып секіріп, безіп жөнелген асау тағылар ойнақ сап кетеді.

Кейбір шақта әлденеше рет трактордың алдарын көлденең кесіп, ағыза жортып, ақтаңлақ арқар тобы жосып өтеді. Бастарындағы дағарадай иір мүйіздері соншалық

жарастықты. Бөлек сәнді бас киім, бекзадалық сән киімін сақтай безген тәрізденеді.

Ақтаңлақ топтарымен жүйткіп жосылған бөкендердің бауырларында жаңа ғана туған ши аяқ лақтары да қалыспайды. Ұшқан құстай ағындайды.

Аспаны мен даласы, жер-көгі осындай неше алуан әрі күшті, әрі сұлу жан иесіне толы Жон бүгін тыңды меңгеруге келген жаңа жұртқа әлдеқайда жақын, жылы көрінді. Жылы шақ, әсем күншуақ ұдайы үш күнге созылды. Сол үш күнде тыңды айырған тракторлардың еңбек өнімдері алғаш күндерден және де үдеп, аса түсті.

Өз машинасының соңынан ерген әлденеше жүк машиналарын азық-түлік пен бұйым аспаптарға сықап алған Строгов, суткеге жетпей қайта оралды. Соңғы қарды қатты кетірген жылы күндерді ол мол пайдаланды. Арада төрт-бес күн өткенде енді бір бригаданың өзіндік “дала қостары” орнады. Азық-ас айналасындағы, база басындағы таршылық сейіле түсті. Әр қостың жатын жайларын, ас қазанын да өзді-өзі аймағына апарып шапшаң орнаттырған еді.

Істің дамуы, тіршіліктің орныға бастағаны бір жаңалыққа тың жаңалық қоса берді. Жаңа совхоздың жан-жақты жанды тіршілігі Строговтың бастап нұсқап, қозғау салуы ар-қылы өз арнасына түсе бастады.

“Түркістан” атты қабырға газетінің Безродный басшылығымен шығып қалғанын жұрт көрді. Кейбір трактор бригадасы орнаған қостарда “жауынгерлік листоктар” ең алғашқы қадамын бастады. Көпшілік қайратты қызмет атқарған орындарда, әр тұста, көрсеткіш тақталар ұйымдастырылды. Тұрсынов пен Безродный, Строговтың өзіндей, тынымсыз, дамылсыз әрекетке ертелі-кеш демей ауысқан. Енді Жонның ұзақ бойына, сан километрге созылып түскен қостар атаулының бәрінде демалыста дауыстап газет оқылатын болды. Кішкене базаның бір қорасына жаңа келіп, қатарын түзеп орнай бастаған кітапхана аса бір қомағайлықпен оқитын оқушыларын таба бастады.

Қар кетіп бола бере электрші Селестин, Китаевтар аз ғана базаға тұңғыш жарығын беріп, суық жайларды жылы жарықпен қуанта жайната бастады. Инженер Гольдин маңайдағы өзенсымақ, болымсыз бұлақ-бастау атаулыны

есепке алды... Қар суынан туып, жар-жыраны толтыра сарқырап ағып жатқан “күркілдек”, “сарқырамаларды” үнемі өлшеп, көктем күнінің су режимін тынымсыз зерттеумен жүрді. Строговты дәл осы тұста қатты қызықтыратын азын-аулақ жер шегі бар. Ол – үш судың арасы. Осы база орнаған аз ғана ауқым болатын.

Құрғақ қырат, биік жонға келе бере, Строговтың қатты ойлағаны су, су ғана. Сонда осы өңірдегі тәуір су аталатын үш бұлақ-бастау дәл осы база тұрған жерге жан-жақтан жамырай ағып, тақау келуші еді. Олар Жамансары, Үшбас, Ақбұлақ деп аталатын кішкене өзен, Ұзынбұлақ, көзді бастаулар еді.

Қазір су маманы инженер Гольдин осы суларды тегіс өлшеп, ізерлеп танып болып қалған. Қай тұстан бұлақты бөгеп көл жасайды. Совхоз орталығына қай арадан арық тартады. Ауыз су, суарғыш су, кейін жайлы пәтер, жақсы үйлерге кіретін су тартқыштар суы қайдан алынады. Сол жөнінде оның Строговқа ақылдаса мәлім ете бастаған жайлары Строговтың көңілін қатты жұбатқандай.

Жамансары деген ұзынша бұлақтың аяғын Гольдин бұл өңірде өмір-бақи егіліп көрмеген: картоп, овощ, бау-бақша дақылдарын суаруға арнайды. Биылғы жылдың өзі үшін он гектардай бөлекше жер меншіктеп алыпты.

Қарды кетіріп, көктемді жылытқан бес-алты күн алғаш түйілген қабақты, жүдеу жүздерді де мейірлендірген. Кейбір көңілді жылытып, жұбата бастаған. Еңбек те, тірлік те тың өлкеде күйлі трактордың жүрісіндей өз ырғағына түсіп, жылжып аға бастады.

Егістің көктемдік жоспары үшін күндіз-түн істейтін егіншілер бұл міндетті орталап кеп еді. Дәл осы шақта Шолақтаудан кішкене базаға қарай тартылған жота жолдарды бұрқыратып, шаңдатып көп жүк машиналары ағылды. Саны 200-ге тартатын адам ақтарыла келе берді.

Строговтың көптен күткен топтары. Бірақ көп қиындық олардың қатарында, қосарында ілесе келмек. Себебі, олар мұнда соншалық тығыз керек болумен қатар, бұндағы тұрмыс: азық бабы, баспана, мекен-жайы әлі де әзір емес. Әлі де таршылық та қысталаң. Бұндағы таршылықты, тек соңғы күндердің жылылығын пайдаланып, қос-қостарға бөле таратып, сәл сейілтіп келе жатыр еді. Енді қалың топ

үзіле-созыла келмей, барлық ауыр селімен, бар салмағымен ақтарыла құлады.

Бұл келгендер Кавказдай жылы жақтан жиналған жандар. Осылар келе бере, бір Строгов емес, оның серіктері — агроном Трегубов, бас инженер Богданов, партия ұйымының секретары Тұрсынов, комсомол ұйымының секретары Безродный және рабкооп бастығы, әсіресе алғашқы ауыр салмақ оның иығына түсетін Меңдияров ұзақ сағаттар тынымнан, тыныштықтан айрылды.

Қат-қабат

Көптен күтілсе де, шұғыл ошарыла, қауырт келген топ, өзімен бірге күн райының жайсыздығын да ала келгендей болды. Кеш бата күн ызғырықтап, суық жел шықты. Күндізгі ашық, жылы күн беймаза суық кешке ауыса берді. Бұл жай орналаса алмай жатқан көпшіліктің күйін әсіресе кетіре түсті. Ашығу, тоңу, қажып талу — бәрі араласа келген соң, көпшіліктің арасынан наразылық сөздер, қатаң үндер, тіпті суық салқын, тұрпайы мінездер таныла бастады. Бұрынғы жүз кісіге көп шірет жасап, сақал-мұрты өскен, жүдеу жүзді адамдарға толып кетті.

Шаң-шұң, ұрыс-қағыс сөздер естіліп жатыр. Строгов қазір қасына рабочком Березинді және Васяны ертіп алған еді. Келген адамдармен бір жерде агроном Трегубов, бір топта инженер Богданов жайғастыру қамына кірісіп жүр. Соңғы күндерде сақтықпен қатарлап тіккізген палаткалар бар еді. Соларға апарып, ең алдымен жатын-тұрғын жайларын көрсету бірінші кезек іс болды.

Бұл ретте палаткалар екі жүз кісіге лық толған еді. Содан кейінгі бір кезек ас-азық жөнінде болғандықтан, жаңағы сәл жайласқан топтар онсыз да тар, аласа ас үйлерді кернеп алған. Келген топтың тракторшысын, механизаторын, комбайншыларын, шоферлерін және құрылысшыларын, өз тізімдері бойынша, бөлек-бөлек жіктеп алысты. Мамандық ыңғайларына қарай бригадаларға, тиісті топтарға бөліп жатты. Төрт бригадаға бөлініп тарайтын жаңа тракторшылар, шоферлер, механизаторлар қазір ең алдымен өзді-өз бригадаларын, бригадирлерін бөліп алысты.

Бұндайда салғаннан салмақты мінезбен өз жайын түсініп, тез ұғына кеткен адамдар аз болған жоқ.

Тракторшы Погосян, Геворкян, шофер Казарян, комбайншы механизатор Старовойтов, Агаян сияқты талай адамдар салғаннан-ақ екшеліп, бұнда қарсы алған жұртқа жылы жүзбен бой тарта береді... Еңбек жөнінен, жатын-жай жағынан да атап берген қалыпта даусыз қабыл алысты.

Бірақ Строговта тыным жоқ. Ол палаткадан палаткаға, асханаға, рабкоопқа жүре түсіп, тығыз істер тапсырып, рет түзеп жүрген шақта, келген адамдардың арасынан бір шоғыр адам бұның артынан қалмай, ұдайы наразылық сөздер тастап, үнемі шұбырып оралып жүр. Қараңғыда жүздері де айқын көрінбейді. Қара көз адамдардың сақал-мұрттары өскен қалпында, ашулы сөздері мен аппақ тістері жарқ-жарқ ашылады. Жан-жақтан қатар жарыса саңғырлап, қатты айтқан сөздері өте шапшаң. Аласа бойлы, ұсақтау денелі Строговқа олар бүгінгі кештің қара суық желіндей, қаптай соғады. Наразылық сөздер, ауыр айыптар да тасталып жатыр.

— Мынадай суық, мынау қыста бәрімізді тек шүберектің астына малша қамамақсыз?!

— Сіз тыңды жыртуға көмек күткен директор емессіз. “Келгені ауыра берсін, мұздап қата берсін” деген адамсыз!..

— Осындай қиыншылықта, мұншалық адамға жаны ашымас бюрократ қана сіздей болады!

Ашулы бес-алты кісінің сырт жағында осындай шолақ-шолақ наразылық сөздер айтылып жатыр.

— Қызыл вагондарға өздері кіріп алған!

— Жылы қоралардың бәрін өзінің сүйіктілеріне берген бұлар.

— Мына палаткаларда қандай аязды жел аңырап тұр, кіріп көрші.

— Күні бойы ашығып келдік, тоңып келдік, тым құрыса ыстық су да әзірлемегенсіз?!

— Бұл келген адам ба, жоқ мал ма?

— Біз жылы жақтан келдік. Киімдеріміз жұқа. Палаткада бір түнде тегіс ауырып шығамыз!..

— Бәріміздің жауаптылығымыз ертең сенің мойныңа түседі! — дегендей ұрысқақ, ызалы шытынаған сөздер Строговтың аузын да аштырмайды. Бағанадан бір сағат

бойында, қас қарайғанша Строгов, Березин, Васяның соңынан жауар бұлттай үнсіз түйіліп жүрген қалың бір шоғыр бар. Жаңағыдай тұтас қамап, қаптаған әділетсіз, ызалы сөздер осы топтан шықты.

Строгов ең әуелі бұлардың кімдер екенін білмек болды. Кейбір қатты сөзді айғайлап айтқан бір-екі ұзын бойлы, ашаң жүзді адамдардан:

— Сіз кімсіз? Сіздің фамилияңыз кім? — деп жөн сұрап еді. Жаңағылар айтпады. Оларды жақыннан қоршалай тұрған, бас киім киісі өте сүйкімсіз көрінген бір тығыз топ, жөн айтпай, қаптай шулап қоя берді.

— Фамилиямыз неге керек?

— Кейін кінәлап, жазаламақ боласыз ба?

— Біз бәріміз тең адамбыз. Айтылмайды фамилиямыз!

— Бәріміз де путевкамен келген, тында еңбек етуге келген совет адамымыз! Сол біздің атымыз!

— Жайғастырыңыз бізді!

— Анау жылы қоралар тұр, сонда жайғастырыңыз! — десіп, тағы да қамап алды.

Өршелене сөйлеген бір-екі адамның аты-жөнін ақырындап білмек боп, Вася мен Березин өздеріне тақау тұрған кісілерден сұрап еді. Олар да айтпады.

Осы кезде дәл осы бір араға түйіліп үйіріліп қалған топтың дәл сыртынан, бар жұрттың дабырын баса, салқын, салмақты үнмен сөз қатқан көлденең бір адамның даусы шықты.

— Жолдастар, тоқтаңдар! Жылы жай ма? Қазір соның жөнін біз шешіп көрейік. Кәне, былай тұра тұрыңыздар! Жол беріңіз! — деді де, биік, кесек бойлы, батыл жүзді, қазақ пішінді бір жігіт ортаға кеп кірді. Строгов, Березин, Матайбаев сияқты бұндағы таныстарымен қолды қатты қысып амандаса берді.

— Жолдас Сандыбаев, қашан келдіңіз? Жолдас Сандыбаев, міне, мезгілімен келдіңіз! — деп, Строгов жаңа келген адамға айнала жұртты мегзеп, алақанын дөңгеленте созып, көрсете берді.

Сандыбаев орысша жақсы сөйлейді екен. Мынау тұрған бар жиынға анық естіртіп, нық байлаудай сөз қатты. Бар өрекупді басқандай жайлар айтты.

— Мен бағанадан естіп тұрмын. Әңгіме жылы мекен жөні ғой? Бұл жолдастар алыстан келді, күнұзын тоңып келді. Қазір суық түн болып келе жатқаны және рас. Жайларын қатты ұғынамыз. Бұлар Шолақтаудан шықты дегенді ести сала, Сарысудан, Байқадамдағы райкомнан әдейі келдім. Мәлім етейін, жолдастар, бұл арада сіздерден жасырып, аяп тұрған жайлар жоқ екенін, ақылдарың бар, жақсы түсінесіңдер! Бірақ жаңа мен ең соңғы шараны істеп келдім. Мынау жерде бұрын бес қорасын совхозға беріп, бес қораға ауысып, таршылықта қысылып отырған қазақ колхозшылары — “Жданов” колхозының мүшелері бар еді. Мен жаңа солармен тегіс сөйлесіп келдім... Бүгін түн ғана шыдап, сабыр етулеріңді өтінеміз. Таңертең сол колхозшылардың он семьясы түгелімен өздерінің жазғы киіз үйіне шықпақшы да, бар қораларын, тамдарын сендерге босатып бермекші! Алыстан келген киімі жұқа, науқастау адамдар болса, қазір тізімге ал да, таң атып, күн шығысымен там, қораларға жайғастырыңдар, Строгов, Березин! — деген еді.

Осы сөздің соңына ілестіре қалтасынан электр фонарын алды да, жаңа Строговқа жөнін айтпай тұрған адамдардың жүздерін жағалай жарық етіп өзі де таныды, жолдастарына да танытты.

— Рақмет бұл көмегіңе, жолдас секретарь, дұрыс айтасыз, — деді де, Строгов алдындағы топқа қайта бұрылды.

— Ал көне, жаңа “ауырамыз, нашармыз, киімдеріміз жоқ” деген сіздер, сіздер едіңіздер ғой! — деп, жаңа өшіге қамалаған адамдардың бәрін қолымен нұсқап тұрып: — Жүріңіздер, сіздердің тізіміңізді жасайық! Өздеріңізбен бірге жасайық! — деді. Топты енді өзі шақырып, Сандыбаев, Березин үшеуі жарығы бар вагонға қарай тартты.

Бірақ бұл бұрыла бергенде, жаңа ол нұсқап көрсеткен жеті-сегіз суық жүзді адамдар әдейі іркіле берді. Топқа араласып, кейіндеп тарап-тарап, бой тасалап кетісті. Өздері оқшауланып бөліне бере, Строгов Сандыбаевтың білегін қатты қысты.

— Мезгілімен келгенің қандай жақсы болды. Колхозшылар оңай көнді ме? Өздеріне қиын емес пе? Балалары да бар. Кемпір-шалдары да аз емес. Мыналар болса шетінен ірі, сау, мықты еркектер ғой! — деп еді.

Сандыбаев оны тыныштандыра сөйледі:

— Қазақ колхозшылары сені жақсы көріп, жақын тұтып апты. Олар қонақшыл халық. Бірақ мынау келгендерге бермейді, саған береді! Өздері ертең киіз үйлеріне суық та болса шығады. Оларды қалай көндіргенімді мен саған кейін айтам. Ал осының орайына “Ждановқа” сен туған әкеңнен бетер қарыздарсың! Соны дәл осы кеште әдейі есіңе саламын, Строгов!

Строгов көңілдене күліп, көне берді.

— Оны сен маған айтпай-ақ қой! Мен әнеутүні айтып ем ғой саған. Атаусыз, шартсыз-ақ мен “Ждановқа” шефтік етем. Есінде болсын, ол менің еркектік сертім. Ал совхоз тек аяққа басып алсын, сонан соң “Жданов” колхозы емес, осы арадағы “Үшбас”, “Жданов”, “Ақбұлақ” колхозының бәрі де менен сондай, ойларында жоқ көмек алғанын көресің. Осыны істемесем, мен Строгов болмайын. Ал мынау лағынет суық түнде сондайлық жылы достық жәрдем еткен “аксакальский советке” мен өзімді баласындай қарыздармын деп білемін. Осыны сен біліп қой, Сандыбаев! — деді.

Екеуі, бірі райкомның бірінші секретары, біреуі жаңа совхоздың директоры боп, айтып жатқан жаңағы сөздерінде ниет, бағыттары бір болғанмен, өзді-өз жұртшылығының қамы үшін де үздіксіз ойлайтындарын түспалмен айтысып қалды. Және сол жайларын аңғарыса бере, қарқылдап күлісіп алды.

Сандыбаев “Шолақтаудан екі жүз кісі Жонға бір-ақ аттанды” деген хабарды өзінің кеңсесінде отырып, Жамбылдың обкомынан соққан телефон хабарынан біліп еді. Ауданның Шолақтауда тұратын өкілі арқылы тіпті анықтап, келер сағатына шейін білген. Солардың жетуімен жалғас туа-тын ең алғашқы қиыншылықты ол алдын ала жақсы аңдаған. Строговқа ол: “қысылған шақтарыңда райисполком бастығы Алпысбаев екеуіміз үнемі қасыңнан табыламыз” деп, қалжың аралас серт беретін. Жолаушылар тобы келерден бір сағат бұрын ол, Сәлмен, Бәрмен сияқты, анау бес қорадағы колхозшылардың ортасына келген. Солардың кемпір-шалын, жас-көрісін жиып отырып, мейлінше мол сөйлесіп, нақтылап келісіп шыққан-ды.

Райком секретары тыңға орнаған совхоздың қасындағы

қазақ колхозшыларымен осы кездесуде жай ғана емес, мәнді-жөнді қажет сөз сөйлескен. Келелі кеңес құрған-ды.

Сандыбаев бұл әңгімені Бәрмен қарттың үйінде жасаған. Жалғыз бұл жер емес, аудан орталығында, әр жиылыста, көп колхоздарда, осы қыс ішінде өзі айтып жүретін бір жайды бұнда колхозшыға ұғымды етіп баптап айтты.

— Сендерге мың да бір рақмет. Ақ қар, көк мұзда қысылып келген, толып жатқан жаңа жұртқа өз мекен-жайларыңды бердің. Өздерің қысыла, қымтырыла отыруға шыдадыңдар. Неге солай істедіңдер? Аудан сіздерден соны неге өтінді? Онымыз, осы совхоздың өзгеден бұрын дәл осы кешеге шейін тек көшпелі болып, тек қана мал баққан елге ерекше пайдасы тиеді, үлгісі ауысады дескеміз. Өздерің айтшы, осы совхоз күн санап өз тірлігін, еңбегін бастағалы бұрын бұл өңірде болмаған өнеге, үлгі барын байқамайсыңдар ма? Кәне, сондайды аңдадыңдар ма? — деп сұрап, бір тоқтап еді.

Үй иесі Бәрмен сөзге шапшаң араласып, секретарьдың сөзін қостай жөнелді:

— Бәрекелді, көріп отырмыз! Ең әуелі елдің ендігі берекелі тірлігі машиналы аспаптың күдіретінде екенін көріп тұрмыз! — дегенде, Сәлмен де күнде өзі тамаша етіп жүрген бір жайын айтты.

— Шіркін, мынау өнерлі қолмен жерге еңбек еткенде осылай етсін! Біз айырсақ, жердің шымы мен топырағы қойтас-қойтас боп тамырланып қала беретін. Мыналар топырақты күлдей етіп, ұнтақтай майдалайды екен ғой. Қарашы, жыртқан жерлері ұндай, ұлпадай боп жатыр ғой!

Досан, Есен, Әлмен, Бәрмен де қатарынан таңдай қағып, бастарын шұлғып, аса сүйсінген ажар танытты.

Сандыбаев бұлардың әрқайсысының жүзін барлап, қадала қарап отырып, шын сүйсінген күйлерін таныды. Қатар сөйлеген жұрт бірінен-бірі үдетіп, совхоз еңбегін мадақтап жатыр.

- Ұлтарактай ала қалдырмайтынын қайтерсің?
- Егістің қызығы майдалау екен ғой!
- Жерді қандай терең айырады!..
- Бұларға қарасаң, біздің жыртқанымыз жыртқан емес?!
- Біз тек жердің бетін ғана тырналап жүріппіз!

— Ой, тағы бір қасиетін көрдің бе? Осы мандағы су атаулының бір шелегін шетке жібермей, тағы есепке алып, керекке жаратқалы жатыр ғой!

— Екпейтін дәні болмаса керек. Неғыса Жонның қызығын бұлар өзі де көргелі жатыр, елге де игілігін берер-ақ.

— Тек қана жыл жақсы боп, дегені оңғарылсын. Жон ғана емес, бұл атырапта бұрын жан көрмеген жақсылық әкеле ме деп тұрмын! — деген соңғы сөзді Сәлмен түйгенде, Бәрмен Сандыбаевқа бас изеп қадала отырып, байлау сөзін айтты.

— Міне, Мардан жолдас! Бұлардан жақсылықты осылай күтіп отырған еліңіз біз!

Колхозшыларды осылайша біраз сөйлетіп алған соң, Сандыбаев және бір көптің есінде қалар сөзді айтты.

— Бұл орнап жатқан жұрт тек егіншілік қана емес, біздің аудан колхозшыларына әлі талай өнеге көрсетеді. Тек тани біл де, үйрене біл. Бұлар әлі үйді қалай салғанды, баланы қалай баққанды, ауруды қалай емдеуді көрсетеді. Дәл осы үйіндегі жарығың, отын-суың, жатын-жайың — бәріне де өнерлі жұрттың үлгісін әкеп қосады, — дегенде, колхозшылар өздері ішінара білісіп жүрген бір жайларын айта бас-тады.

— Строгов айтып жүр, — деп, Сәлмен директордың өзіне оңаша бір айтқан уәдесін сөйледі.

— Мынау алған үйлерің үшін кең сарайдай үйлер салып береміз! — дейді.

Бәрмен мен Әлмен қостай жөнелді:

— Балаларың оқитын мектепті келістіреміз! Клуб, кино, аурухана, монша атаулыны да жақсылап салуға көмектесеміз, — дейді.

Осы кезде Сақыш та Строговтың бір сөздерін еске алады.

— Отырған үй-іштерің, бұйымдарың, жатын-жайларың әзір бәрі де ескі, жақсы емес. Колхоз бұндай болмау керек, колхозшы жақсы тұру керек, — деп, өзіме кездескен сайын: “жақында болады, бәрі басқа болады” дейді. Мені ылғи сөзбен семіртіп жүреді, жолың болғыр, — деп, күліп қойды.

Осылайша өрбіген әңгіме аяғында Сандыбаев бүгін әдейі келген шаруасын бұл жұрттың кеңесіне салған. Совхозға бүгін тағы толып жатқан адамның қауырт кеп

қалғаны, олардың сендей соғылып, айдалада жатқаны үлкен қысымшылық боп отырғанын айтты. Сонымен, биыл сәл ертерек болса да, жылда осы үйлердің киіз үйге шығып, жақын судың бойына қонып отыратын әдетін ескертті. Сөйтіп, мынау қалған бес қораны да ертеңнен бастап босатып, дос көмекті, Строговқа дос көмегін жасауды кеңеске салып еді. Бұл жайдағы сөз біраз созылғанмен, ақыры колхозшылар тегіс көнді де, байлау жасасты.

— Жыл шықты ғой, күн жылынған деген осы да! Бұрын да осы кезде киіз үйге шыға беретінбіз.

Бес қораға он үй боп қысылып-қымтырылып отырғанша, байлау осы болсын.

— Әр үй аузы-мұрнынан шығып, бала-шағасымен, ыдыс-аяғымен, жатын-жайларымен қысылып-қымтырылып отырғанша, келіндер, киіз үйге шығып алайық! — дескен-ді.

Осы байлау көптің аузымен, көп атынан жасалған байлау болған соң, Сандыбаев елдің ықыласына ырзалық айтты. Және Строговтың атынан бұл жұртқа берік уәде сияқты жақсы бір жорамал білдірді. Онысы, совхоз күзге шейін осылай көшірген колхозшыларға “Жданов” орталығынан үлгілі орын-жай жасап беретінін ауызға алды. Осы істің орындалуын райком өзі үнемі ескермек. Мына қарттарға сол сөзін анық түсіндірді. Бұл колхозшылар көрсеткен меймандостық, тілектестік жәрдемді барлық ауданға үлгі етіп жеткізетінін Сандыбаев тағы да айтқан.

Колхозшылармен осындай байлауды жасап алған соң ғана жаңағы қысталаң шақта, Строговқа райком секретары мезгілді көмегін жеткізген. Осының орайына енді Строгов, Березин, Тұрсынов сияқты кісілерді оңаша алып отырып, бүгінгі келгендер туралы жауапты бір байлаулар жасасқан.

Бұл кеңес бойынша олар ертең жарық шақта бірнеше жиналыстар өткізбек. Комсомолдар, кәсіподақ мүшелерінің жиналыстары болмақшы. Келген жұртты анық аңыстап, алғаш күннен танып алмақшы.

Облыстың басқа аудандарына да келіп жатқан қалың топтардың арасында, көп жақсылардың ішінде әлдеқалай жаман жандар бірге сұғынып кетіп жүргені бұларға мейлінше мәлім.

Луговой ауданының жаңа совхозында бір-екі бұзық сотталып та кетті. Жыртқыштық, бұзарлық әрекеттері

жұртшылық алдына мойындарына қойылды. Шыққан жайлары бұлдыр алаяқтар, бұзақы бұзықтар да осындай қалың жұрт арасына сүңгіп кірмек болады. Сол жайды қысқа ғана тұспалдап атаған Строгов, Сандыбаев екеуі бір ойларын анықтай түсті.

“Жаңа әр алуан сөз тастап, аты-жөндерін әдейі айтпай, жалтарып кеткен адамдардың, тегі, аңқау көпті алғашқы қиыншылық сәтінде адастырып кетуі қиын емес. Бәрі де путевкамен келгені рас. Бірақ сол путевкалар кейбір қалалық ұйымдарда көп талғаусыз, асығып беріліп кеткені де бар”.

Сондықтан да, үлкен, игі істің бойына ілесіп жүре түсетін ошағандар болады, болып та жүр. Оқшау жатқан шет ауданға бұл совхоз тек астық өндіру үшін ғана келгенін әрбір жауапты адам өте жауапты түрде аңғару шарт. Бұл совхоз коллективі барлық ісімен, бар коллективтік мінезімен, жеке адамдарының үлгісі, отаншылдығы, бас қасиеттерімен де анық социалистік шаруаның, социалистік мәдениеттің, советтік мінез-қасиеттердің де үлгісі болсын. Сол үшін де бүгінгідей шын қиыншылықты пайдаланып, жат сөз, жаман мінез байқатушыларды әсте елеусіз қалдырмау керек. Дер кезінде, сағатында анықтап, әйгілеп танып та, танысып та отыру шарт екенін айтысқан.

Бұл кеңестің соңынан қараңғы жердегі жатын орнына жалғыз келіп, суық төсегіне киімшең жантайған Строговтың ойында көп жайдың қам-қарекеті бар еді. Солар бірі үстіне бірі қат-қабаттап, көпке шейін тыным алдырмады. Әзіргі шақтың бәрі, дәл бүгінгі осы Жондағы күн мен түн тәрізді. Тамаша боп маужыраған көңіл ашар, жарқын күннің кеші қара суық. Түні қатал. Аңқыған аязды жел. Айнала наразылық және бой көрсетеді. Көңіл жұбатар алдағы үлкен үміт бұлттан шыққан айдай, кейде ол қуанып, дем беріп, қанат бітіріп қалғандай болады. Қысқасы, өз жайы дәл осы шақтарда отқа бір түсіп, суға бір шомып, сол ыстық пен суық арасында амалсыз, алма-кезек күйіп, тоңу қалпында екенін ойлады. Бірақ дағдылы кең мінезі, ашық ойы қайтадан өз арнасына келіп, өз халіне өзі езу тартып күле түсті де: “шыдай түс, ширай түс!” — деді.

Көзі ұйқыға бара жатқан соңғы бір секундтар шағында, жаңағы қараңғы кеште өзін қамап алып, әділетсіз қатал

кінәлар ақтарған үш-төрт суық жандардың жылтылдаған көздерін, жарқырап ақсқан тістерін көз алдына келтіре-келтіре барып ұйқыға кетті. Ауыр ұйқыға батты.

Етекке оралған ошаған

Таң атысымен, деген жерінен шығып, бес қораны босатқан колхозшылар он шақты киіз үйлерін тігіп алды.

Строгов сол сәтте бес қораның бар қуысын түгелімен ақтатып, жыртық есік-терезе, тесік жабыншы болса, соның бәрін бітеп, бүтіндеп шапшаң әзірлетті. Енді қыс аяғы таусыла бастаған шақта, пеші жоқ болса да, мал қора, далан, шошала тәрізді қуыс атаулының бәріне тақтай жайғызды. Нар жасатып, асығыс әрекетпен көп адам жайларын әзірлетіп алды. Сонымен, осы күні кешке “шатырда тұрмаймыз, палатка суық” деп, кешеден наразылық айтып жүргендердің көбін жаңа жайларға әкелді. Төсек-орындарын бас-басына таза күйде арнап беріп, ойда жоқтан, өзі күтпеген халде жап-жақсы орналастырды.

Осы қоралардың бір үлкен мал қорасын жақсылап ақтап, төбесін клеенкамен ұқыпты етіп қаптатып жіберіп, ұзын тақтайлардан стол, орындықтар жасатып, жаңа келгендердің ас үйін де бөліп жайлап алды. Бір отырғанда 50-60 кісі сыярлық ас үй, баспана бұдан да шықты. Осылайша ас үйі, жатын жайы тегіс ретке келіп алған соң, кеше ойлаған жиылыстың бір молын Березин басқарып, рабочком жиылысы ашылды.

Өткен түн мен бүгінгі күнұзын Тұрсынов партия мүшелерін жиып, кең сөйлесіп алған. Безродный комсомол мүшелерімен көп жайдан мол әңгімелесіп, қажет бір мәжіліс өткізген. Қалай да күні бойы Строгов, Тұрсынов, Безродный, Березиндер келген адамдардың бәрін де әр сала мамандық істеріне жіктеп, топтап бөліп-бөліп алған-ды.

Агроном Трегубов, Нина Петровна Матайбаева көп адаммен өз беттерімен танысып, анықтап білген деректерін, әр адамға аталған тапсырмаларын Строговқа мәлімдеп отырды.

Бүгін ерте келген төрт бригада бастықтары өздеріне тиетін шоферді, тракторшыны, механизатор, комбайншыларды бөлісіп, танысып, өз топтарына орайлап алды. Шоферлердің

біразымен Вася Матайбаев та кезек-кезек сөйлесті. Қайдан келгенін, кім болғандарын жақсы біліп, біразының аттарын да жадында сақтап қалды.

Тракторшы Новиков, Целигородцев, Воробик, Ткаченколар да өз мамандық ретіндегі серіктерімен көп сөйлесіп, білісіп қалған-ды. Бұл шақ, тегінде, көктемдік егіс жоспарын совхоздың орталап, орындап қалған кезі еді. Енді қалған 50 проценттік көктемгі егіс жоспарын алдыңғы істелген кезден жітірек, азырақ уақыт ішінде, тіпті аз күн ішінде аяқтау керек.

Кешкі жиылыста осы жөнде Березин мен Строгов өздері алдын ала сөйледі. Бұрынғылар мен жаңа келгендердің тұтас міндетін айтып шыққан соң, жаңа келген адамдар арасынан бірнеше кісі жазыла сөйледі.

Тракторшылардан Петросян, Мазарян, Дафтян, механизатор Старовойтов енді өздеріне қадірлі міндет алғандарын, бұл жақта бар ықыласпен, бар қажыр-қуатпен саналы еңбек ететіндерін айтып өтті.

Петросян мен Старовойтов өз сөздерінде осы совхозға бір жолғы егіске ғана емес, мүлде осы Жонды, Қазақстанды ұзақ тұрғын мекені етпекке келгендерін айтты. Петросян бар жиынды өзгеше жылы көңілмен тұтас сүйсіндірген бір сырын да ашты. Ол өзін Советтік Қазақстанға күншуақты Армениядан әдейілеп жіберілген өкілі деп түсінеді. Соны айта келе, жиынға өте мейірлене қараған ажарлы, сұлу қара көзін жиі қағып қалып, аса қымбат жайды айтты.

— Мен туысқан Армения республикасынан, туған Ереван қаласынан туысқан Қазақстан сахарасына айрықша белгі әкелдім. Күншуақты Ереван ана топырағы ғасырлар бойында өсіріп келген жақсы сорт үзімнің бір топ лозасын туған Қазақстанның бұрын жеміс өсірмеген Жон деген даласына туғандық белгісі есебінде әкеліп, өз қолыммен орнатпақпын. Сол лозадан үзім өсірмекпін! Бұрын капуста өсіріп көрмеген Жоннан Ереван үзіміне жаңа, жақсы рақат мекен жасамақпын! — дегенде, барлық жиын соншалық үлкен қызулы достық ынтымақпен дулатып соғып қол шапалақтады.

Келген көпшілік пен бұрынғы тұңғыш азшылық совет азаматтары дағдылы мерзімді жолмен таныса табысты. Мәжіліс жамырасып қосылған жақындардың жиынындай

боп басталып еді. Бірақ сол жиында бір үш адам жайсыз сөздерге басты.

Вася шетірек тұрып, кеше түнде түстерін нобайлап қалған адамдар осылар сияқты. Кешегі іңір қараңғылығында Строговты қысып қинап, қатты қатал үндер қатқан топтың ішінде осы үшеуі анық тәрізді. Бүгін солар бірі артынан бірі сөйледі. Жайнаң көз, ұзын тіс Шарафьянов пен қоңыр қасты, қызыл шырай, сарғыш көзді, сирек тісті Ағабеков және анық сотқар көзді, шолақ мұрынды, балуан денелі, зор басты Мотов. Бұлардың үшеуі де түндегі бетпен: “Бұл совхоз келетін адамдарға мүлде көңіл бөлмеген. Тұқым мен машина, аспаптан басқа түкті ойламаған. Біз оңтүстіктің — жылы жақтың адамымыз. Бұнда түндерде Сибирьдің аязы. Ал бізді апарып, әлдеқайда сиыр қораға, құс қуыстарына, шошқа тұрмайтын түкпірлерге тықты. Оны “қамқорлығым, мезгілімен еткен әрекетім” дейді. Колхозшыларда бізге деген жан ашу болмаса, олар еркімен сол жаман паналарын бермесе, не болар едік? Әлі біз тамаққа да қанағаттанғанымыз жоқ. Үш күннен бері ашпыз! Енді бәрімізді бөліп-бөліп, тағы да қарлы, суық далаға, палаткаларға айдамақ. Біз директордан жауап талап етеміз! Барлық келген екі жүз кісі атынан айтамыз! Қайда әкелдіңіз бізді? Біз адам ба, мал ма?.. Совет адамдары үшін жауап беріңіз. Біз барлық келген жұрттың тапсыруы бойынша сөйлеп тұрмыз. Өзіміз ғана емес, көптің атынан сөйлеп тұрмыз!” — деп, үшеуі “е” дескендей қайта-қайта баса сөйледі.

Шарафьянов алғаш пәле сөзді өзі бастап айтып өтіп, енді Ағабеков, Мотов қостаған соң, орнынан атқып тұрып, биік бойымен біресе шалқиып, біресе құлашын жая, сіңірлі саусақтарын Строговтарға қарай лақтыра, нұсқай сөйлеп, кезек күтпей лапыра берді. Мотов сөзінің аяғында ол тағы да көпке анық кесір жұқтыра айғайлады:

— Өткен түн бойы екі жүз кісі жалаң қабат суық шатыр астында бүрісіп отырдық. Таң атқанда талай жұрт жөтеліп, суық тиіп ауырып та шықты. Осы үшін жауап бересіз, жолдас директор. Қазір жауап тілейміз көп атынан! — деп тепсіне түскен.

Бұның бүлік айғайы өзгені емес, ең алдымен өздерімен келген Ереванның қалың көпшілігін қатты ыза қылды. Сол көптің ішінен үш-төрт адамын еріксіз сөйлетті. Олар бірі

артынан бірі шықты. Ең алдымен бұлар жаңағы үшеуін “көпшілік білмейді” дегенді айтты. Және “оларға көп атынан осындай сөзді сөйле деп ешкім тапсырған емес. Көптің атын бұлай пайдалануға оларға право берілген жоқ. Біз білеміз, бұл жерге тыңға келдік. Тың деген сөз — барды баян етеді, әзір тұрған нәрсе жоқ, барды қолмен өзіміз тұрғызамыз” — десті.

“Шарафьяновтар бұл жақтан курорт, санаторий, сән сарайлар іздеп келсе, адасып келген. Бұлардың, тегі, баратын адресі әсте Қазақстан, Жамбыл облысы, осы Жон болмау керек!” — деген сөзді қатты мысқыл ажарымен Геворкиан айтқанда, зал тағы да ду күліп, бар жиын қол соқты. Жаңағы арзан айғайшыларды кінәлап, сынап өткендей болды.

Бірақ, осымен қатар аңғарылған тағы бір жай бар. Шарафьянов жалғыз емес көрінеді. Залдың әр жерінде, Строговтың байқауынша, әдейі тарап отырған он шақты кісі бар сияқты. Олар әр алуан айғай үн қатып, жаңағы үшеуін ақтап, қостап қойысады. Қалың ду ішінде Строгов сол қарсы сөйлегендерді ұға түскісі келіп еді. Үлкен, сергек ойлы көздерін үзік-үзік сөз тастап тұрған айғайшыларға кезек-кезек тастап өтті. Олар: “Шарафьянов дұрыс айтады”, “бәріміз үшін сөйледі”, “сиыр қораға қуанып жалған айтасыңдар ма?” — деп, Геворкианға бет бұрып, кекесін сөздер айтып жатыр. Бірақ бұлар долы, сотқар көрінгенмен, саны аз ғана. Көпшілік алдыңғы Петросян, кейінгі Погасяндар бетінен бұлжымай, ойдағыдай шықты.

Строгов бұл жайында Тұрсынов пен Березиндер сөйлеген соң, жиылыстың жабылуын мәслихат етті. Өзі әдейі сөйлеген жоқ. Көптің талабын әлі келгенше аз күн ішінде, барынша орындамақ ниеті барын айтты. Сол жолда ешнәрсесін аямай, қам-қарекет ететінін қысқа ғана, нақ-тылы ғана білдірді де, әдейі сол аз сөзбен тоқтады. Іс адамының, қам-қарекет, үздіксіз қимыл үстіндегі еңбек адамының көпке тез байқалатын ажары мен дағдысын та-нытты.

Осыдан кейін жаңа келген топ та жұмысқа басты. Енді бір-екі күн өткенде мамандығы жоқ екені анықталған Шарафьянов, айғайшы Ағабеков, Мотов, Дювов, Пыжов деген тәрізді кісілер қалың топтан бар жайлары бөтендеу

боп көрінді. Олар шофер да емес, тракторшы да емес, механизатор да емес, ешбір білім, мамандық алған да адамдар емес боп шықты. Шын мамандықтарын жасырса да ғажап емес. Енді осылар “біз де келдік” деген боп, “біз де әдейі тың айырысуға келдік” дескен сөздерді сағат сайын айта жүрді. Сөйтіп, орайын тауып осы базаның басындағы жұмыста қалды.

Біреулері құрылыс жұмысына, тағы бірі электр монтерлігіне және бірі киномеханиктің қасына, енді бірі бухгалтерия маңына орналасты. Жақын жерден үнемі бақылай, аңди жүру үшін бұлардың бригадаларға бармай, орталықта қалғанын Строгов бір есептен теріс те көрген жоқ. Бірақ олардың әрқайсысымен кейде өзі сөйлеседі. Бірде сырттай жөндерін сұрастырады. Тағы бірде ойдағыларын айтқызады. Неғылса өзге топтан бөлек көріп, осыларды қатты ескере бағып жүрді.

Шарафьянов болса өз тобымен енді тез ғана өзгерген, ақылы кірген кісілердің қалпын көрсетіп жүрді. Орналасқан жұмыстарында үш-төрт күннен соң олар тегіс ширап, қужындап, аса үлкен бейіл бере лыпыл қақты. Бірақ осы күйде төрт-бес күн өте сала, Шарафьяновтың тұртуімен Мотов, Пыжов екеуі және Ағабеков қосылып үшеу болып, Строговтан подъемный сұрай бастады. Сөздері сондай орынды, қонымды-ақ. Ол жақта біреулерінің көрі шешесі қалыпты. Енді біреуінің жас балалы әйелі қалыпты. Олар онда жалаңаш, ас-азық қоры жоқ. Бұлардың өздерінің де үстінде лыпасы, аяқта шарығы жоқ дегендей. Шынында, өздерінің көптен бөлек жерден шыққан белгісі есепті жыртық-жамау киімдерін Строговқа көлденеңдетіп көрсете берісті.

Тағы бір сәтте бұлардың өтінішіне Шарафьяновтың өтініші де сондай қосылды. Кейде олар Строговқа жұмыс кезінде мезгілсіз жайларда, тіпті далада да мазасыздықпен орала берді. Бұларды басқарып істетіп жүрген дұрыс адамдардан Строгов әрқайсысының еңбек жөнін сұрайтын. Сұраған сайын бәрінің жұмыс жайға, еңбек әрекетке соншалық ынталы, пысық, ширақ екенін есітеді.

Строгов ең әуелі осылардың бәрін де өзінің бір еркіне көндірді. Онысы көшеде, кез келген жерде орала беріп, өз бастарының жұмысымен Строговты алаң ете бергендеріне тыйым салды.

— Мен тындамаймын! Кеңседен тыс жерде өздерін жұмыстарыңды тастап, мені ісімнен бөгеп, бұлай орала беруді мүлде тоқтатыңдар! Айтпақ жайларыңды мен отырған ана кішкене орын бар, қызыл вагон іші, соған келіп отырып сөйлесіңдер. Болмаса сендер үш жүз адамсыңдар, ойлаңдар, сол үш жүзің мені жұмыс уақытыңда бір-бір минуттан бөгесендер де, менің еңбек күнімнің бес сағаты соған кету керек. Жұмыс участогі үлкен, білесіңдер! Осы соңғы сөз болсын! Енді маған далада оралмандар, — деп, Шарафьяновты бастық етіп, бес кісілік топтарына нық, салқын бір ажар танытқан.

Осыдан кейін тағы үш күн өтті. Жаңағы адамдар түзелген ажар байқатып, Строговтың мазасын да алмады. Ол сұрастырса, жұмыстың да қара қыртысын айналдырып, жұлқына істеп жүрген боп шығады. Осы тәрізді өзгерістерін, мінез өзгерістерін көрсеткен осы жүдеу топқа Строгов бір күн амалсыз жалынды. Олар тағы кепті. Шарафьянов көзіне жас алып, жыламсырап жалына сұраған соң, директор сенді де, дегендерін берді. Ол топ осыдан соң да үнсіз, мінсіз, қатардағы қайрат адамдары болып ап, адал, түзу еңбекке басты.

Осы шақта апрельдің бесі де жеткен еді. Көктемгі егіс жоспары пәлен мың гектарға барды. Жон деген үлкен өңірдің қалың сауырын бұл күнде ұшан-теңіз қоңыр барқыт жабыншы жапқандай. Игі еңбектің ізімен толды.

Атаған саннан әлдеқайда артық боп орындалған егіс жоспары өлі Жонның жотасына жаңа, басқаша тірлік дәнін көмді.

Тұңғыш жоспарды осылайша мезгілімен және мөлшерден асыра аяқтауы жаңадан орнап жатқан совхоздың өктеп жеткен жеңісі боп танылды. Елсізге, қиян алысқа, тау сыртына ақ қар, көк мұз аралас барып орнаған жұрт, тек алғаш ірге тебу ғана емес, дегеніне жетіп, мойындарына жүктелген Отан міндетін ада қып, үдеп шықты. Облыс басшылығы мен аудан жұртшылығы бұл жайды шынымен қуаныш етті. Сол көпшілік орындардың тілектес көңілін білдіріп, Сарысудың аудандық комсомол комитеті достық әрекет жасады. Көктемдік егіс жоспары біткен күні аудан орталығы Байқадамнан аттандырған комсомолдар тобы базаға келіп құттықтап, қуанысқан сөздер мен сый белгі де әкеліп тартты.

Келген жолдастар база басындағы қызмет адамдарын жиып алып, жарқын жүзбен жақсы талаптар да, тілектер де айтысты. Бұларға жауап берген сөзінде Безродный совхоз жұртшылығы атынан анық жас жалынын, жаңа қауым үмітін өршіл, әсем сөздермен айтып шықты. “Шөлді – көлге, даланы – дөнге толтырамыз, базаны гүлге ораймыз. Ауырды – жеңілге, шалшықты – айдынға айналдырамыз”, – деген сөздері сенімді топтың ұраны есепті еді.

Ауданнан келген жастар атынан сөйлеген жас оқытушы комсомолка Жанаева осы сөзді айтқызатындай өзгеше бір талап та қойған.

– Біздің аудан сияқты шеткері жатқан, бұрын көшпелі болған аудан совхоздан көп жаңалық пен жақсылық күтеді. Сіздер тек қана астықты аймақ емес, советтік социалистік мәдениетті аймақ жасауға мол жаңалық қосатын топсыздар. Көп совхоздан бөлекше, ерекше осындай, тарихтық қадірлі міндеттерің де бар қауымсыздар! – деген.

Бұл екі жастың осылайша алма-кезек айтысқан тілек, талаптарын Строгов аса бір сүйсінген ажармен тыңдаған. Аудан жастарының сыйын да бұндағы жиын үлкен алғыс ажарымен қабыл алды. Қол соғып тұрған көпшілікке көрсете түсіп, Жанаева өз сыйларының алды етіп “Родина” атты радиоқабылдағышын көтеріп шықты. Бұған ерген жеті-сегіз ер-әйел жолдастары да қолдарына бір-бір сый бұйымдарын әкеп ұсынды. Онда патефон, сағат, шахмат, домино тәрізді көпшілікке керек бұйым, сыйлар бар еді. Осыларын өткізе сала, Жанаева бар совхоз жұртшылығына аудан халқы атынан жіберілген ең үлкен, ең қадірлі сыйды жақсы серпіп, жалт еткізіп желпіне көтерді. Ол – Қазақстан республикасының Қызыл туы болатын. Осы туды жастар атынан қабылдап алып тұрған Безродный тың бір серт айтты. “Енді 20-ыншы майға дейін, бір жарым ай ішінде алдағы үлкен міндет – пар айдау жоспарын жоғары сапада орындап шығамыз!” – деді. Барлық совхоз жұртшылығы атынан кең үнмен, үлкен сеніммен сол уәдені паш қылды да, серт етті.

Енді күн жылынып, көпшілік тіршілігі арнаға түскендей боп, өз ырғағын тапты. Сау механизм қалпында күн санап дами берді. Атаған мезгілде сол жоспар, мол жоспар да орындалды. Нелер ұзақ далалар ойдағыдай жыртылды да,

мындаған тракторлар совхоз жеңісінің, табысының кең іргесін нық орнатты.

Енді егіс үстіндегі еңбекпен қатар, құрылыс ісі де күн санап көп үйлер іргесін қалап келеді. Және бір сала — қызық келешегі бар еңбекті инженер мелиораторлар бастаған. Бірнеше ай бұрын алыс қана қиялдай көрінген бір жоспар, іс болуға тақап келеді. Тегі, совхоз қаласының ең үлкен арманы да, ауыртпалығы да судың жайы екені Строговқа былтыр, осы араға қыс басында келген шағынан өте мәлім болатын. Сол күннен бастап ол болашақ база, қала жанында су қоймасы ретінде көл жасап алуды шарт еткен. Сонымен қазір Жамансары дейтін кішкене бастаудан, қала қасында көл жасау ісі қолға алынды. Бірақ көлдің көлемін, табанын қай жерден қалай етіп алу әңгімесі Гольдин мен Строгов арасындағы көп кеңеске айналған.

Қазір Гольдин белгілеген жерде Строгов өз көңілін нық бекіту үшін Вася Матайбаевты өз машинасымен Сәлмендерге жіберді.

— Менің бес-алты досым, “ақсақал советін” жиып әкел, Вася! Ақыл-көмектері, дос кеңестері қатты керек болды, соны айт! — деген.

Сол шалдар келіп, көлге өлшенген жерлерді жағалай көріп шығып, Гольдин мен Строговқа өздерінің кеңесін қорытқан байлауын айтты. Олардың ойлары бойынша, инженердің көлге белгіленген жері қолайсыз. Жамансарының бастауын бұлар жақсы біледі. Ол жолшыбай қосылып отыратын үлкенді-кішілі көз-көз, көп бұлақтан құралады. Осы жердің топырағынан ба, тасынан ба, кей бұлақтар, сол көзбұлақтар кей жылдарда бітеліп қалады. Жамансарыға, ортақ арнаға су бермей қалатын кездер болады. Ондайда Жамансары осы совхоз орталығы тұрған жерге де үзіле-үзіле зорға жетіп жығылатын.

Ал көлді Гольдин сондай екі бұлақ үстінен салмақ бопты. Көлдің табанының астына бұлақтың көзі түскен соң, ол үнемі бітелмей тұрса жақсы, ал кей жылдардай өздігінен бітіп қалатын болса, көзей алмайсың. Көліңе түсетін судан тапшы боласың! Одан да ақсақалдар ақылын алатын болса, көлдің табанын әлі де екі километрдей төмен түсірсін. Бұлақтар бітеліп қалған шақта көзеп отыру оңай. Олардың кеудесі ашық тұрсын. Ал көлің қалаңа жақындай түседі.

Өздерінің туған жерін жақсы пайдаланбаса да, бар жағдайы жағынан жақсы білетін қарттар Строговқа бұл жолғы кеңесімен де қатты қажет ақыл қосты. Ол ақсақал кеңесінің байлауын нық жақтады да, жас инженер жолдасына “аксакальский советтің” айтқанын істе деп қатты бұйырған.

Сол кеңеспен істеле бастаған көл де аяқтауға тақап келеді. Көл біте салысымен, болашақ қаланың бар көшелеріне арық жүргізу, ал арықтар жағасына тек қана жеміс ағаштарынан бақшалар, көк қатарлар орнату жоспары да жасалып жатты.

Строгов бұл жайға өзінің тағы бір алысқа өрлеп, үдей түскен қиялын қосады. Суды айтса, болашақ жеміс бақтарын, көк өсімдік қатарын атай бастаса, “алыс бір қиялым сол – өзіміздің жердің ұзақ айналасына, көлденеңі 50 метрлік қоршау тоған орнатсам. Совхоз жөніндегі ең бір ыстық қиялым сол” дейтұғын.

Бұнысы да жас совхоздың қиын кешегісі мен жылы күндегі бүгінінен туған қиял. Әсіресе тамаша келешекті андаған жігерлі ойдың көрікті өрісі. Өзгеше бір күлім қағып, бұлың беріп, қуанта тартып тұрған болашағы.

Осындай әр тарапты мол тірлікті, әр тараптан келіп туыса табысқан еңбек елі күн санап алға бастыра бастады. Еңбек, тілек жанды тірлік игілігінің бәрін қосып ізденген жақсы топтың тұтас тірлігі күн санап дамып келе жатты. Бірақ сонымен қатар осы табыстардың бәріне бір сәт іштерімен шындап жылынбаған, ден қоймаған кейбір кесір жандар да әр кезек, әртүрлі сұмқай мінездер көрсетіп қап жүрді.

Олардың ортасынан бұл күнде оқшауланып шыққан Шарафьянов. Ол өзі сөзшең-ақ. Ілінісетін, кесір шығаратын кездерді жақсы біледі. Тәсілқой да айлакер. Подъемныйын алып, онысы бойға сіңіп болған соң, енді Ағабеков, Мотов, Пыжов, Дивов сияқты адамдарын өзіне мүлде еліктегіш етіп алған. Әрқайсысы өздері жүрген ортада қайдағы бір қиын, қысталаң шақта, ауыздары көпіріп көріне қалады.

Әлі совхозда арылмаған қиыншылық, жеңілмей жатқан ауыртпалық сондайлық көп. Қазір де таршылық пен тапшылық мол-ақ. Адам басы жеңіл палаткаларды амалсыз паналап, жайғасқан тәрізді болса да, әлі де мәдениет орындарына, көпшілік мекемелері мен әр бөлек кеңсеге,

ұйымға жай жеткіліксіз. Шолақтау сияқты азық-түлік, пұл-зат, аспап-мүлік беретін ең жақын орталық болса 90 километр жерде, қиян ұзақ алыста жатыр. Сондықтан да күн санап, бірде азық жетпей, бірде жағармай, зат-бұйым болмай қалады. Аса ділгір қажет аспап-сайман тапшылықтары да күн санап, кейде сәт санап кезектеп қысып, қинап отырады. Сондықтан да Строговтың өзі, жақын көмекшілері әлі біртұтас күн қыспақсыз, қиналусыз, толық тыным алып көрген емес.

Ал Шарафьяновтар болса, бойы үйренген сайын, айлакер, тәсілқойлықпен Строговқа өшігіп алған кісідей әр алуан кесір-кеселдер жасап қойысады. Әрдайым совхоз коллективінің белсендісі көрінбек боп, шағын жиындарда сөйлеуік, сигнал бергіш кісі болады.

Бұлардан үзілді-кесілді арылып алайық десе, өздеріне көп пұл-қаражат беріліп қалған. Және жүре түзеледі, жөнге келеді деген үміттен Строговтың совет адамына сенгіш көңілі арылмай да жүрді. Енді тағы бір кезектерде Шарафьяновтың араласпайтын сөзі, кіріспейтін жері болмауға айналды. Ол рабкоопқа да сын айтады. Рабкомға да белсенді сөйлейді. Мәдениет кешіне ырза болмай, іріткі жасайды. Кейде дирекцияның жауапты адамдарының басшылық ісіне де сұғанақ тұмсығын сұға кіріп, іздегені әрдайым әлек пен бүлік бола беруге айналды. Сирек те болса кей шақта ол ішіп те алады. Ондайда сотқар, содыр, бір кісіге әлі жететін төбелескіш те. Осы мінездерін әркімге әйгілі, сүйкімсіз адам есебінде таныта жүрсе де, ол өз жайын анық, қаталға, сынға ұшырататын кезеңдерге соқпай жүр. Тек бір күні ғана рабкооптың лавкесінен қант-шай ала келген бір колхозшыны сыртынан кеп желкесінен алып, сүйрей жөнелген еді.

Лавкеде тұрған Мерқадіровты айғаймен әшкерелеген кісі боп айыптап, балағаттап та сөйледі. Бұл сөзінде қазақ сатушы қазақ алушыға ғана жасырын сататын дүниелік бар, дейді. Бізге көрсетпейді, совхоздың өз жұмысшыларына жоқ деген нәрсені колхозшыға неге сатады? Қазақ Мерқадіров қазаққа ғана неге сатады? — дегендей ұлт арасының да суық сөзін айғайлап айтып, әлек бастады. Ол желкесінен тартқан колхозшы Сәлменнің жиені Жақып дейтін мықты жігіт болатын. Өзін сүйрелеп, тілге келмей масқаралаған

Шарафьяновты ол топшысымен бір-ақ қағып ұшырып жіберді. Анау боқтық жұмсап, қайта ұмтылайын дегенде, Жақып ызалы, оқты көзін сүзе қарап, “келіп көр!” деп, қолындағы дырау қамшысының өрімін қыса білеп тұрып алды.

Шарафьянов айғай мен пәле сөзді айтып, көп бажылдаса да, төбелеске бата алмай, тайқи берді.

Строгов біліп, бағып, тізіп жүрген Шарафьяновтар мінезінің соңғы бірі осы еді. Бұл жөннен оны рабочком әдейі соңғы жасаған сотқарлығы үшін көп алдында талқыға салатын болды. Сол жиылыс ертеңге белгіленген сыбысын алдын ала біліп алған Шарафьянов кешке Строговтың үстіне сұраусыз кіріп, бес жолдасын ерте келді. Қолында жеті кісі қол қойған арыз бар. Сөзі — бүліктен таймас кесірдің сөзі. “Сендер, бұл жердегі басшылық — дирекция тыңға келген, өзі тіленіп келген жұртты ренжітіп отырсыңдар. Мынау жеті кісілік қалың тобымыз наразымыз. Сендер өзара сынды айтушының аузын басып, өшіруге дағдыланғансыңдар. Сондықтан айыптысыңдар және, директор Строгов, өз басың көпшілікті алдадың! Келген шақтан осы күнге шейін екі жарым ай өткенше саналы совет адамдарының отаншыл талабын жоққа сайдыңдар! Ылғи алдаумен келесің. Сол алдау мен қорқыту сенің, директор Строговтың жалғыз қолданатын құралың мен әдісің. Осы себепті біз кетеміз, жол қаражатымызды бер. Біз Ереванға қайтамыз! — деп, суық түспен сөйлеген әлек сөзін аяқтады.

Строгов сол арада Березинді және орынбасарларын шақырып алды да, жаңағы Шарафьянов ұсынған арызды ғана оқып беріп:

— Міне, жай осындай. Ертеңге арналған жиынды екі сағаттан соң екінші палаткаға бүгін шақырайық. Мынау жолдастардың талабына, топталып берген арызына жауап берейік. Ол міндетіміз. Түсінікті ғой! — деді де, бұндайдағы қайратты тапқыр мінезі бойынша, қысқа ғана сөйлеп, өзге сөзді тыйып, доғарып қойды.

— Сіздерді тыңдап болдық. Сөзді екі сағаттан соң сөйлесеміз, жауапты сонда естисіз! — деді де, Шарафьяновтарға өткір көзін қадалта, тік қарады. Сызды, салқын қараған бойымен ұзатып салды.

Жиында сөз ұзаққа барған жоқ-ты. Строгов өз сөзінің

кезегінде бір-ақ нәрсені айтты. Қысқа ғана, тұжырымды үкімдей басып айтты.

— Сендер Ереваннан келдік, Ереванға қайтамыз! — дедіндер ғой. Ал мен айтайын, осы арызға қол қойған Шарафьянов, Ағабеков, Дивов, Мотов, Пыжов, сіздер Ереванға қайтпайсыздар. Рас, тың жерден кетесіздер, бірақ сіздердің баратын жерлеріңіз Ереван емес. Біз білеміз, біліп болдық, сіздер Ереваннан келген жоқсыздар! Сіздер ешбір тұрақты мекен-жайдан шыққан кісілер емессіздер. Бәріңіз де бар жерде жүретін, бірақ бір жерге де орнықпайтын, біздің қауымнан түгелімен арылып бітпеген, соңғы бір сүйкімсіз “қалдық” аталған жандарсыз. Бірақ қайда барсаңдар да, мынау тізім сіздердің соңдарыңыздан ере жүретін тізім! Ереванның жақсы жұртшылығын, қасиетті совет халқын біз сендерге былғатпаймыз. Ол қаланың қауымы атына жала жаптырмас үшін мен мына тізімді сақтаймын. Сендердің шындарыңды шынымен әйгілеп отыру үшін сақтаймын. Және естеріңде болсын, осындай күндерде мынау тыныш, адал совет жұртының азаматтық асыл еңбегінің үстінде жасаған әр әлектерің үшін, бұл күнге дейін істеген еңбектен сан есе артық еңбек етуге сендер мәжбүр боласыңдар! Бүгін мынадай арыз жазып, жасаған айыптарыңды айлар бойына түзеймін деп ойламаңдар. Дәл осындай бір ғана оңбағандық, іріткілік сұм мінездің өзі үшін кем қойса бір жыл, әйтпесе жылдар бойы тек кешірімнің ғана, айыптың ғана еңбегін істейтін боласың шеттеріңнен!

Осы сөздер Строговтың өзінің ғана арлы, намысты, ызалы жүрегі атқан жиреніш сөз емес, адал еңбекке енді шынымен қызығып, қуана берілген үш жүз кісілік қалың жиын, қасиетті қауымның сөзі мен сезімі еді. Бар жиын бірнеше адамның аузымен, көптің шынайы қосылған ызалы, әділ ашу демімен де бүліктерді таңбалап, әйгілеп шықты!

Строгов сол арқылы ашудың сөзін үлкен бір шешендікпен сөйлеген. Тәжірибелі, іскер адам болу үстіне, бұл білімді, өнерлі, ойлы адам қалпында кейде осындай жиындарда қалың топтан қара үзіп, шоқтығы асып шығып кете алатын. Ол тілге, ойлы сынға шеберлігін осындайда өз коллективіне таныта жүретін.

Жұрт бұның саналы да ызалы сөзін құптап, өзін қостап

шықты. Бірақ жиылыс соңында өзінің қараңғы, тар ғана жатын жайына келгенде, Строговтың көңілінде әлі айтылып болмаған және бір ызалы наразылық бар еді. Жиында оны айтуға болмайды. Бірақ сол Шарафьянов, Ағабеков, Мотов сияқты алаяқ сұм адамдарды осы жаққа жіберген адамдарды кінәлады. Осыларды топқа қосып жіберген кейбір ұйымдардың өкілдерін Строгов бүгінгі сәтте жалғыз жеке ойында қатты айыптап отыр. Сол адамдардың бірде-бірін жүз көрсе, дәл кездесе, Строгов нелер қатал сын айтып, ар сотына тартар еді. Тыңға... осындай өзгеше даңқ алған тыңға, ел, Отан жорығына кім болса соны жіберуге қайтіп батылы барған?! Әлде салғырт, үстірт жауапсыз оймен “тіленіп жүр, бара берсін” десті ме? Немесе “неміз кетеді, ол жерде түзеп алар, құтылайық” деп, әркімді жете тексермей, кім екенін білмей-ақ жібере салу болды ма?

Бір мұнда, “Түркістан” совхозында ғана емес, Строгов былтырғы, биылғы көңілсіз тәжірибелерді жақсы біледі. Әр облыста, әр совхозда бірен-саран сұмдар болып отырған, бүгін де болып отыр. Сотталғандары, аласталып қуылғандары да бар. Сырлары мен шындары ашылуға тақағанда бірен-саран қашып кетіп жүргендері де белгілі. Солардың көбі бұрынғы ұры, хулиган, жалқау тәрізді әлдекімдер.

Оларды тыңға қарай жібере салғандар Строгов көзінде Отан алдындағы жауапсыздығы үшін айыпты адамдар болып көрінеді. Осындай шыншыл ойы әділ ызамен улана түскен Строгов, бүгін түн ортасына шейін көп аунақшып ұйықтай алмай, тыным таба алмай жатты.

Сол жиын соңынан үш-төрт күн өткенде, Ағабеков, Мотов, Дивов үшеуі совхоздан қашып та кетті. Бұлар подъемный ақшаларын ақтамай, үкімет сыбағасын жеп қашқан қылмысты жандар еді. Солар кетісімен Шарафьянов шұғыл өзгерді. Ол жаңағы кеткендер мінезін қатты сынап, ұдайы ұрсып, балағаттаумен болды. “Теріс айтқан едік, кетеміз дегенді тек директорға оңай әсер етеміз деп айтқан ек. Болмаса шынымен кетеміз деу менің өз ойымда болған емес-ті. Мен әнеугі жиын соңынан ұялғам да, тоқтағам! Мыналар иттер екен! Білмедім, олар жөнінде адасыппын. Жауларды, жауыздарды совет адамы екен деп адасып, танымай қаппын!” — деген сөздерді, тыңдаушы жиын

таппаса да, базадағы бірнеше жүз адамның жарымынан көбіне сусылдап, тыным таппай шешен қып, ащы өкініш етіп айтып жүр.

Ал өз басы осыдан соң көпке дейін бұрынғы бүлік мінез, бәле сөздерін тоқтатып, тапсырған жұмыстарға лыпыл қағып жүретін көнбіс те елгезек адам боп алды.

Салқын белде сары алтын

Жонға келіп орнағанына бес-алты ай болған, адал еңбек сауған совхоз жұртшылығы жаз ортасынан аса берді. Бұл шақта игі еңбек өзінің мол жемісін бере бастап еді. Самал тау, салқын бел Жон деген өлке ұшан-теңіз алқапты басқан сары алтындай астық даласына айналды. Бұрын адам еңбегі қыртысына қол тигізбеген өлі өлке қан қазына өңірі боп жаңара, жаңғыра берді.

Қазір ендігі шақта Строговтың өз көңілінше соншалық баяу басса да, совхоз қаласының құрылысы да көрнекке шығып, дамып келеді. Кішкене қала туып, өсіп жатыр. Бірнеше үлкен үйлерін Строгов өзі өтініш етіп тастан да салғызған. Алты пәтерлі үйлердің тас іргесін, сыртын көл табанын қазғанда сындырып шығарған тастардан әдейі сал-ғызды.

Болашақ қаланың көшелері бірнеше қатар болып қаланған төрт пәтерлі, жалғыз қабат стандарт ағаш үйлерден тізіле бастады. Рас, бұл үйлердің алдағы үміттей қызықтырып тұрған болашағы жақын, жақсы көрінсе де, әлі анық біткен бірде-бір үй жоқ. Тұратын үй былай тұрсын, әлі кеңсеге, мәдениет орындарына, көпшілік мекемелеріне де арналып салынып жатқан жайлар аяқталған жоқ. Бұл совхоздың құрылысын өз міндетіне, шефтік ретінде сертесіп алған Түркістан әскерлік округі еді. Оның әскер тәртібімен, өз палаткаларымен, машина, күш-көлік аспаптарымен, мамандарымен келген топтары жаз шыға іске кіріскен-ді. Басталып, істеліп жатқан үйлері, мекен-жайлары көп-ақ. Бірақ Строговтың ішін қыз-қыз қайнататыны олардың темпісінің шабандығы.

Өз қолына берілген совхоз міндеттерін егіс ретінде, бас-қа құрылыс жөнінде өзінің ырқына көндіріп, әрі жіті, әрі ширақ, шапшаң істеуге тырысқан Строгов, мынау

құрылыс жөніне келгенде шарасыз. Сол амалсыздық іштей көп толқытып, қинап жүр. Жігерлі, шапшаң, іскер адам қаншалық тынымсыз тыпырласа да, құдіреті жетпейді.

Барлық совхоз болмысының осы бір үлкен саласындағы шабандық, Строговтың ендігі дерті десе болғандай. Қазір соның үстіне тағы бір үлкен алаң, беймазалық қосылды.

Астық орылып жатыр, бірақ жабық қырымдары жоқ. Ал тазаланып әзір тұрған астығы тау болып үйіліп келеді. Міне, бүгінгі күн бір қырманның өзінде тап 12 мың центнер бидайы қызыл тау боп үйіліп, жабусыз, қоршаусыз тұр. Облыстық совхозтреске бұның бәрі мәлім. “Союзтранс” машиналарын жіберуге әлдеқашан серт етсе де, міндетін орындамайды, кешігіп отыр. Жауын жауса, не болмақ. Тек биылғы жаз ортасынан бергі құрғақшылық қана көңілге демеу болады. Бірақ сондай күйде, шарасыздық күйде отыру, соған көну де Строговтың жаратылысына, барлық іскер дағдысына қарсы, ерсі жайлар.

Осы күй мұны қатты қинаған себепті, ол облыстағы жаңағы екі үлкен жауапты орынмен қатты айғайласып, ұрысып та қалды. Көп күннен бері айықпай жүрген және бір ауыр уайым тағы бар. Совхоздың қолына тиген бар комбайны мінсіз, ақаусыз бар санымен түгел қызмет етіп жүр. Астық науқаны алдында, Строгов өзіндегі маман атаулысын түгел жаз бойы жұмылдырып, комбайндары мен тракторларын барынша түп-түгел жақсы әзірлеп алған. Бұл жөнде өзінің де білімі механизация, электрофикация факультетін бітірген сенімді мамандық болатын. Әсіресе бүгінгі орны мен міндетіне бұл табылып қойылған басшы. Алғыр, білгір командир болатын.

Бұның күрделі комбайндары мен өзі жүретін комбайндары және сабан үйгіш тіркеуі, қысқасы, бар агрегаттары егіске өте бапты боп, сай күйде түгел араласқан. Бірақ сонда да күйлі комбайндардың толық ісі әзір ұдайы арылмаған бөгеттерге тіреліп жүр.

Әрбір үлкен егін даласының саржайқын беткейінде, не мол жазығында, не қырат жотасында әлсін-әлсін боздап тұрған комбайндар үні естілгенде, Строговтың шекесіне шық еткендей тиеді. Не жоқ, комбайнның бункері дөнге толады да, сол дәнді алатын самосвалды шақырып тұрып

алады. Ал самосвал болса жеткіліксіз, аз ғана. Оны облыстан сан сұрап, тағы да жетерлік қып ала алмай жатыр. Бұл жөнде болып жатқан хал, Строгов шындап қиналып ойлаған шақта қылмысқа барабар көрінеді.

Не деген сөз? Комбайндар күйлі тұр, күні-түні істеуге егіні де бар, әзір тұр. Ал өнімсіз, қыбырсыз тоқтауға сәт сайын ұшырауда. Барды, оңайды, асылды аламын десе, қол жетпей тұрған дәрменсіздік қинайды.

Осы соңғы халдің барлық ащы күйін Строгов бүгін Сарысу ауданының секретары Сандыбаевқа түгел санап айтып отыр.

— Облысқа барарда маған соғып, жайымды біліп кет те, обком мен облисполкомға әдейілеп айта бар! — деп, Строгов Сандыбаевқа өтініш айтқан.

Сандыбаев кешкі жұмыс аяқтай берген кезде совхозға келген де, еркінірек сөйлесіп алу үшін Строговты жақындағы “Жданов” колхозына ертіп әкеткен. “Ждановқа” келгенде, Строгов Сәлмен үйінің сыртына тоқтаған машинасынан секіре түсіп, киіз үйдің сыртынан еркін дауыстап, үйреншікті өзілмен дабыс берді.

— Қайда! Меники Садаға қайда?

Үйден Сақыш қатты күліп, қарсы жүре бастап:

— Е-е, келе бер, Садаға! — деді.

— Садаға, қалай, қол-аяқ сау ма?

— Айналайын Садаға, қол-аяқ сау, өзіңнің де дені-қарның сау ма? — десіп екеуінің амандасуы Васяны, Сәлменді және әсіресе Сандыбаев пен оның шофері Әбішті қатты күлдірді.

Жаңағыдай жақсы шыраймен шұрқырасып амандаса бастағандары болмаса, Строгов қазақшаны осыдан ары білмейді. Сақыш болса орысшаны мүлде білген емес. Сонымен екеуінің жақсы бейілдері амалсыз тілсіз тоқырап қалатын. Қазір секретарь мен директор Сәлменнің, Садаға кемпірдің үйінде. Дәмді шайды ұзақ іше отырып, екеуі сов-хоз әңгімесін қастарындағы Вася мен Әбіш шоферден жасырмай-ақ айтысып алған. Орысша тілді шала білетін Сәлмен мен Садаға-Сақыш бұлардың әңгімесіне мүлде бөгет болған жоқ.

Жасырын айтатын да жайлар емес. Жаңағы қиыншылықтарды Строгов Васяға әбден иландырғаны сонша, Вася

өзі де әрбір комбайн боздаған сайын қабағын шытып, Строговтан бетер қынжылып, қинала түсетін.

Енді біразда совхоздың бүгінгі қиыншылығын әңгімелеуді аяқтасқан еді. Строгов осыдан әрі қазақ колхоздарына және де өзінің сыншыл достық талаптарын қадалта, қатты қып айтып отырды. Ол Васяны тілмаш қып Сәлменмен қызық әңгімелеседі.

“Колхоздарында орнатқан бірде-бір жеміс бақшасы жоқ. Үйлерің нашар салынған. Қора жайларың да бұрынғы көшпелі қазақтан озған жоқ. Қызыл отау дегенің ток басындағы жыртқық үй. Жауын да жауады, жел де соғады, алтындай асыл қазына, жақсы кітаптарды оқушыдан бұрын солар тоздырып жырттып жатыр. Клубтар жоқ, мектеп те бұзау қамайтын үйшіктен артық емес, бүйтіп тұруға болмайды. Ертең қастарыңда совхоздың үйлері тегіс салынып, қаласы тұрғанда миллионер колхозсындар, өз тұрмыстарың үшін ұялатын боласындар!” — деген. Бұл сөзді Сәлмен мен оның шешесіне “солай, Садаға!” деп қойып, “айтқаным рас емес пе, Садаға? — деп Сақышқа мақұлдатып, сақылдап күліп, өзіл етіп айтады.

Оның атаған, әділ айтқан сындары мен мінездері бір ғана “Жданов” колхозы емес, Сарысу ауданындағы талай колхоздарға түгел жетіп жатқан әділ талап, қажет сын еді.

Сандыбаев бұл тәрізді қамқор азамат талабына мойындағаннан басқа дау айтқан жоқ, айтпақ та емес, “Жданов” колхозы ғана емес, көршілес “Үшбас”, “Ақтоғай” колхоздарына да Строговтың дос-жар атағы мол жайылған. Бұл күндерде, ол өздері қыста Жоннан көшірген он, он бір семьяға бұрын бұл өңірдің колхозшылары салып көрмеген жақсы-жақсы үйлер салғызған-ды. Сәлмен мен Сақыштың, Бәрмен, Әлменнің, тағы басқалардың да көңілдері дән ырза. Олар күн санап колхоз ортасындағы еңсесі биік, өзі жарық, өзі кең екі бөлмелі, үш бөлмелі үйлеріне кіргелі отырған.

Строгов бұл колхозшылармен көп айлар бойында жиі араласа жүріп, қазақ тіршілігін жақсы біліп алған. Осы үйлерге келе қалса, мынау ыстық шақта Вася екеуі ғана Сақыштың бір самауыр шайын түгел ішіп кете беріседі. Ол қымызды қазақша ішеді. Түстік, кештік асты да қатты сүйсініп, мақтай отырып жейтін.

Осы кештегі әңгімеде Строгов және де Сандыбаев

пен Сәлменге қаратып, бұл өлке халқының, шөлге жақын отырса да, су қадірін аз білетінін сынға салды. Кішкентай ғана өзенше “Үштастың” совхоз қасынан ағатын болымсыз бойын совхоздың әйелдер бригадасы бақшаға айналдырған еді. Қазір, міне, 12 гектар сол бақшада мынау Матайбаевтың әйелі Нина Петровна бастап көрсетіп берген агрономдық үлгі бойынша жас әйелдер бригадасы тамаша бау-бақша өсіріп алыпты.

Алдағы қысқа совхоздың барлық жандары картоп, капуста, қияр, помидор, сәбіз сияқты өсімдіктерге мейлінше қамтамасыз етілген. “Қазір діңкиіп өскен қауын мен қарбыздар қандай көз тартады, көңіл ашады. Бұндай істі “Жданов” колхозы қолға алмаған!” — дей отырып, Строгов бұрын өзі істеген Чехов атындағы МТС-ті де сынап сөйледі:

— Енді ғана ойыма келеді, өзім де өкінем! Соншалық мол су, көл, өзен, бұлақ атаулының ортасында отырып, керек десе бір шелек суды не бақшаға, не жеміс бағына жақсылап пайдалану бірде-бір жанның ойына келген емес.

Жон жайына, совхоз келешегіне қайта ауысқанда, ол биыл алған егіске толық ырза еместігін айтты:

— Рас, биыл жауыны аз, шөлге бейім ауыр жаз болды. Бірақ сонда да еккен егін шықпай қалған бірде-бір гектар жер болған жоқ. Себебі, бұл жақтың күні ұдайы салқын болғандықтан, күндіз қандай ыстық, шөл болса да, сол түн салқыны егінді ұдайы демеп отырады екен. Бұдан соң келесі жылдарда мен гектар басыма биылдан екі есе артық астық алып отыруды партия мен үкіметке алдын ала серт етем! Оған осы биылдың өзінде жасаған Трегубов, Матайбаева үшеуміздің бір тәжірибеміз әбден көзімізді жеткізді! — дей отырып, ол соңғы бір қызық сырын ашты.

— Мен мына Сәлменнің бір сөзінен көп тәжірибе түйіп едім. Ол Васяға: “керегі не, біз ойдағыдай жыртпаймыз. Бұл арада жер қыртысы тез кеуіп кетеді. Егіске адал еңбек сіңірем деген кісі неғұрлым терең жыртса, сол жетіседі” деген екен. Біз сол сөзден агротехникалық түйін түйдік. Сонымен, алпыс гектар жерді әдейі байқау ретінде терең жыртқызып ек. Сол гектарлар қазір өзге барлық жерлерімізден екі есе артық өнім беріп отыр. Алдағы жылдардың міндеті не болатынын біздің совхоз биыл барлап алды деп отырмын! — деді. Осыны мәлімдей кеп, жақсы бір қиялға сайды.

— Жон деген өлке мені отқа бір, суға бір салып кинап жүрсе де, мен бұны сонша жақсы көріп алдым. Ендігәрі бұдан ешқайда кетпес тұрғыны етуге айналдым. Мен мұның тастарында ортқып жүрген арқарларын да сүйемін. Совхоздың жақын заманда жарқырап гүлденетін болашағын да аңсаймын. Және сол совхоз тапқан, жеткен жақсылықтың бәріне, бар үлгісіне, дәстүріне осы “Жданов”, “Үшбас”, “Ақтоғай” колхоздарын да жеткізуді арман етемін. Сол үшін бір жылдан соң, мен Садағамен Вася арқылы емес, өздігімнен сөйлесетін боп, оның тіліне де үйренермін! — деді.

Строговтың бүгін бар қиыншылығын сәл сәтке сілкіп тастап, осылайша дүр сілкінгендей қалпына Сандыбаев сүйсіне қарады.

Шабан шаруалы ауданына, қалың колхоз жұртшылығына Строгов өз совхозымен әдейі бір келген игіліктей. Бірақ солай сүйсіне тұра, ол Строговқа әзіл айтты.

— Сен осында алғаш келгенде жуан, балғын, қалың сияқты едің. Қазір жұқарып, қатайып, кішірейіп кетіпсің. Осындай тынымсыз ойдан жұқардың-ау? Бойдағы артық жүктен арылып, тек алға қарай қанат қағуға әзірленіп, өзінді өзін ширатып алған тәріздісің. Жақсы да болса жаңағыдай мазасыз ойды ойлай жүре артық салмақты тастап үлгердің-ау, солай ма? — деп еді.

Строгов сақылдап күліп жіберіп, Сандыбаевтың ойлы әзіліне сүйсінді де, оның көзіне өзінің шыншыл, анық көреген көзімен қадала қарады. Сандыбаевтың әзілін Строгов құп көргендей белгі етіп, өзінің жұқарып жүдеген жүзін сипап, кеуде, қарын тұсын да қолымен нұсқады.

Тынымсыз күндер, жұмалар, айлар Строговтың қайратын жанып, ой мен бой қуатын өткірлеп, шынықтыра түссе де, ет дене көп қажыған, жүдеген еді. Жағы солып, үлкен көздері шүңірейіп, терең қабақ астына бата түскен. Ол сол халін шаққан жоқ. Бірақ бұрын да әсте семіз емес денесінің ауыр салмақтар себебінен арыған, жадағанын айтты.

— Білесің бе, мен беймаза, сол жаңағы өзін айтқан себептермен қазір он алты килограмм салмағымды кемітім! — деген еді.

Сандыбаевтың көңіліне бұл жайлар бүгінгі әңгіме соңында аса бір жақсы ой салды. “Түркістан” совхозының

бұл өлкеге әкелген партиялық, советтік, социалистік бүгінгі, жарқын келешегі дегенді жинап айтса, соның бір қымбат жиын тұлғасы осы Строговтың өз бойынан да көрінгендей.

Партияның әдейілеп жіберген өкілі — бұл директор, үлкен сенімді анық ақтай алатын үлгілі азаматтың өзі.

Бұлар ас ішіп болғанда, жарық айлы түн өте жайлы, салқын самалымен “Жданов” колхозының ұйқылы өлкесін желпіп тұр еді. Жайлы ұйқының кезегін жым-жырт бағып тұрғандай. Бірақ алдарында асығыс міндеттері тыным бермес екі азамат, самаладай жарық түнде аз толастап ап және де асықтыра шақырған еңбекке қарай тарта берді.

Ұйқы, тыныштық орнына Строгов пен Сандыбаев тысқа шығып, екі машина аралығында қатты ғана қол қысысып, дос бейілмен қоштасты. Машиналарына міністі де, екеуі екі жаққа қарай, түн тыныштығын бұзып, үрген иттер мен будақтаған шаңдарын соңдарынан ілестіріп, шұбатып, алдағы күнге қарай тарта берді...

ПЛАН

Очерктің бөлімдері мен қысқа мазмұн-материалы

1-БӨЛІМШЕ

Қыс, желдеткен ақ боран. Қар орасан қалың, жаңа түскен қарға ұқсайды. Айнала құлан елсіз, бірде-бір із, жол-сорап, тіпті жүгірген аң із-шиыры да жоқ. Таулы, ойлы-қырлы, қиын жолмен аса ауыр қозғалған трактор “ДТ-54” келеді. Артында ақылға сыймастай келеңсіз күйде, бес рельсіне қойылған үйдей үлкен қызыл вагон.

Трактор сол вагонды сүйреп келеді. Осы тракторда болашақ “Түркістан” совхозының директоры Струков. Өзге адамнан екі тракторшы. Тракторшы – Новиков. Бұлар пәлен күннен бері Жонға жете алмай келеді. Онда жұрт аш. Нан, отын енді біткен болу керек. Жүргіншілер көзіне жолдан екі шақырымдай жерде бір ерекше жан иесі көрініп қалды да, қалың қарға қайта батты.

Струков жолдастарын тоқтатып, “Жаңағы адам” дейді. Тракторшылармен ойға салысады. Боранда адасып ұшып қалған адам болу керек. Струков: бұрылу керек, жәрдем ету қажет дейді.

Новиков қарсы. Жолдан бұрылса, қайта жол сұрлеуін таба алмай қаласың. “Бармаймын” дейді. Струков: “Анау адам, мүмкін өлім халінде шығар, тастамаймыз”, – дейді. Новиков: “Алда да көп адам өлгелі жатыр, бұрылмаймын”, – дейді. Екеуі де үш-үштен кайырысады. Струков трактордың алдына қарғып шығып (тапаншасын суырады): “Бұйырамын, бұрыл!” – дейді.

Бұлар көп бейнетпен жолдан бұрылып, жаңағы жерге жетеді. Ұшып өлгелі жатқан қазақ кемпірін тауып алады. Енді Новиков, Струков екеуі көтеріп әкеліп, вагонға

кіргізеді. Спиртпен ысқылайды. Өлімші болған жанды зорға тірілтіп алады. Әлі де жол ұзақ, төрт сағат бойында өздері баратын жерден екі-ақ шақырым жерде өлердей қиналады. Ақыры кішкене ауылға жетеді.

Жданов атындағы колхоздың қыстағы, қазақ қыстаулары. Осы арада кемпірдің аулы — балалары, келіндері қуанып қарсы алады. Барлық ауыл қуанысып қарсылайды. Бар қазақ ауылдары кемпірдің табылғанына қуанады. Хабар тез тарайды. Ел жиылады. Оны тірілтіп әкелген Струковқа, Новиковке бар бейілдерін береді. Кемпір бораннан бұрын, көрші “Ақтоғай” колхозындағы бір жас әйелмен шыққан екен. “Ақтоғайдан” бері шыққанда боран соғып, адасып өлермен боп, жас әйелге ере алмапты. Ол бір бөлек кетіпті, мынау әлденеше рет “өлдім” десе де, қар астында қалып, қайта жылынып, есі кіріпті. Бір ауық трактордың үнін естіп, соңғы күшін жиып, түрегеліп, қайта жығылған екен.

Енді бар ауыл совхоз адамдарына өзгеше бейіл береді. Жаңағы келген бірінші вагон бұл жерге жиылған тракторшы, дәрігер пункті, почта маманы, асхана қызметкері, механизатор еркек-әйелдер көп адам боп қалған. Бірақ баспана жоқ. Струков бір вагонға бір тобын кіргізіп, енді біразын қайда қоярын білмейді. Ас пісірер жер тағы жоқ. Сонда кемпірдің тілегімен бала, келін, туыстары осы Жондағы Жданов атындағы колхоздың он қыстауының бесеуін босатып береді. Оның алдында колхозшылар қасаң болған.

Жұрт алғыс айтып, жайғаса бастайды. Бірақ тағы бір жайсыз хал... Кемпірдің баласы қара сақал Сәлмен айғай салып ашуланып шығады. Бұның босатып берген қазанына шошқаның етін асып жатыр екен. Струков түсініп, соншалық жалынып, кешірім өтініп, қатты бір мінезділік көрсетеді. Бұл бөгесін, конфликті де жеңілейеді, өйткені кемпір оқып жүрген немере қызымен келіп, Сәлменге тыйым салады.

Бұл жерде жұрт тіршілік бастай береді. Почта байланыс, медпункт, магазин, асханалардың ырымы: сиыр қорада, етханада, шошалалада, ауыз үй, төр үй сияқты кішкене жер үйлерде алғашқы өмір белгісін көрсетеді. Екі-үш жерге үлкенді-кішілі боз, сұрғылт, көк палаткалар орнай бастайды. Бірақ қар, боран әлі де қақап тұр.

2-БӨЛІМШЕ

Струков қайтадан қозғалысқа кіріседі. Шоферлерге “Не тушить глушитель, только не тушить!” – дейді. Қайта тартады. Тағы қызыл вагондар әкелмек. Тағы толып жатқан мүлік тасымақ. Тоқсан шақырымда ойлы-қырлы, тау-тасты жолсыз сапар. Шолақтауға қайта жөнеледі. Енді қасына ерген шофер Ткаченко, “мен барамын” деп тіленген қазақ шофер Матайбаев. Василий Захарович “ГАЗ-69” машинасында Струковты алып жүреді. Әлі де қалың қар, ақ боран, елсіз, жолсыз қиын сапар. Адам көбейген. Отын жоқ. Бірақ халықта ашу, не кінә, реніш-кейіс білінбейді. Комсомол қыздар, жастар жүргелі жатқан Струковқа келіп: “Наш отец Григорий Алексеевич не оставит, потерпим”, – дейді. Шоферлерді құрмет қып аттандырады.

Жолда Матайбаев қайғылы. Кеше сегіз жасар баласы осында қайтыс болған. Әйелі агроном – Нина Петровна жылап тұрып, Васяны “Бар, серік бол. Үйде отырсаң, қайғыдан қиналасың” – деп жөнелткен.

Струков былай шыға шофердің қайғысы туралы бірге қамығатынын айтады. Бұл екеуі көптен жолдас. Москва түбінде Чехов атындағы МТС-те Струков екі жарым жыл директор боп тұрғанда, Вася сол жерде жолдас болған. Оның әйелімен екеуі МТС-ке қызық жағдайда қызметке кірген. Өздері жақсы тұратын, Москва түбінде дачалары бар еді. Струковты жақсы көргеннен, М.К. Струковты целинаға жіберетін болғанда, Вася мен Нина өздері тіленіп ерген, Вася Семей облысы Ново-Шульба ауданында 1932 жылғы аштықта детдомға түсіп, әке-шешесіз жетім күйден адам боп шыққан қазақ жасы еді.

Қазақстанға, тыңға онымен әйелі, тіпті сегіз жасар баласы Алешаға дейін, зор совет адамдарының санасы бойынша, тіленіп келген. Сол Алешаға кешегі ақ қар үстіндегі ауыр күн, үскірік боран дерт боп тиіп, бала қос өкпесінен круппоз соқпа болып, қайтыс болды. Кішкене қарындасы, үш жасар Надя әсіресе жылап тыным бермейді екен. Жол ауыр... бөгет мол... Струков күн жүрді, түн жүрді. Вася қап-қара боп жүдеген, солып-сөніп кеткен жүзі бар. Бірақ Струков “тынығайық, тоқтайық” десе де, Вася тоқтамайды. “Оқа емес, шыдау керек, шыдам керек”, – дей береді.

Сол сияқты бұлардың артында тағы қызыл вагонды тартып келе жатқан комсомол Ткаченко ғаламат қайрат, төзім танытады. Үсті жалаңаш екен. Төсі ашық. Струков оның төсіне өзінің шарфысын ораймын десе де, Ткаченко алмайды. “Ешнәрсе етпейді, тарта беріңіз”, – деп төзе береді. Бұлар тағы да үш сөтке жүріп, әбден жүдеген, талған күйде ақ боран ішінде Жонға жетеді. Ткаченко жалғыз фуфайкеде, “Ничего, товарищ Струков, все в порядке”, – деген сөзді ғана айтады да, Струковтың “Двигаться, не тушить глушитель!” – деген сөзін қайталай береді. Осылайша алғашқы жалғыз қызыл вагон жанына екінші қызыл вагон кеп орнады. Содан он күн ішінде он вагон кеп орнады.

Енді қараса, Жонда алғашқы кішкене көше пайда болған. Екі жақта палаткалардан, вагондардан құралған көше. Әр палатканың сырты брезент, астары қалың шұға, одан кейін ақ мата ұсталған, үш қабат жамылшасы бар. Палаткалар ішіне таза койкалар тұрып қалған.

3-БӨЛІМШЕ

Тракторшылар Новиков, Ткаченко, ағайынды Флиглер және бұрынғы әскер қатарында танкист болған Целигородцев, Кокарев, Попов келіп, Струковқа салмақ салады. “Егісті бастаймыз”, – дейді. Струков пен агроном ерте ғой деп қорғанады. Жданов колхозының қарттарын шақырып ақылдасады. Сәлмен, кемпір, Әсел де бар... Ол жер тез құрғайды деседі... Струков ойланады... Онда тереңдеп батпаған ғой су... байқамақ: тракторшылармен қазақтар бір... Ақсақал кеңесін ашу... Вася аударушы... 5 мартта ең алғашқы боразданы Малец бригадасындағы Целигородцев “ДТ-54” тракторымен тартып жөнеледі. Барлық 300-ге жуық жан зор салтанатты оқиға есепті қабылдайды бұл істі. “Уралап”, қуаныш сағаты соғады. “Шөлді – көлге, даланы – гүлге, ауырды – жеңілге, шалшықты – айдыңға айналдырамыз” дейді. “Тек астықты аймақ емес, мәдениетті аймаққа айналдырамыз өлкемізді”, – деседі.

“Ерте егу керек екен”, – деген байлау жасайды. Струков агроном Трегубовпен, Нинамен ақылдасады. Себебі топырақтың дымдануы 35-40 сантиметрден ары емес. Ал

70 сантиметрде жер мүлде құрғақ. Ендеше, бұнда ерте егу керек дегенді айтып кеп, Струков орыс крестьянының бір мақалын айтады. “Сей в грязь, будешь князь”.

Осы кезде сан тракторлар күндіз-түн Жонның жотасы мен қобысын, беткейі мен белесін, жазығы мен қойын-қолтығын бөлек-бөлек квадраттарға өлшеп, кесіп бөліп тас-тап, қара топырақтың сауырын таспадай тіліп жатыр. Сол күндерде электрші Селестин, Китаевтар кішкене жайды жарықпен қуанта бастады. Инженер Гольдин Ақбұлақ суын өлшеп жүр. Осындағы, Жамансары, Үшбас, Ақбұлақ сияқты, болымсыз бұлақ-бастау, кішкентай өзенсымақтарды көп керекке жаратпақ. Бұлар суды бөгеп, көл жасамақ. Ол көлден совхоз орталығына арық тартпақ. Ауызсу да, суарғыш су да, кейін пәтерлерге кіретін мөлдір мол сулар да содан алынбақ. Ол жақын шақта көл жасаудың қамында. Тағы біраз суларды бөгеп, картоп, овощ, бау-бақша дақылдарын суаратын қор жасалып жатыр. Көлшікке кейін балық жіберіп, құс та өсірмек, құрылыс ісі ол да қатарынан қызу қолға алынған. Қазір материал, құрал-жабдықтар, машиналар қар кетіп, жер дегди бере молынан ағылды. Биыл бұл ретте тұрғын үйлер, кеңсе, аурухана, монша, мектеп, мәдениет үйі, почта, балалар бақшасы, ясли салынбақ.

Кеште көшелерде лек-легімен жүрген социалистік құрылыс қайраткерлері. Олар — тракторшылар, механиктер, шоферлер, құрылысшылар. Бірінші трактор бригадасынан өз бригадасында бірінші боразда салған Воробик. Қазір озат тракторшы Воробик, Безродный, Новиков сияқтылар, Пекшин, Леонтьев, Корняк, Кокарев, Измеровтер да сондай 150-200 процент норма орындап келеді.

Целигородцев алғашқы екі күнде күндік норманы 300 проценттен асырды. “Земля подсказывает”, — деп, Струков Малец, Целигородцевқа олардың егіске асықтырғанын мақтайды. Комсомол ұйымының хатшысы Геннадий Безродный: “Кім батыл болса, сол жеңеді”, — дейді. 5 апрельге жоспарлы егіс планы түгел әзір болды.

Енді 20 майға дейін пар айдауды жоғары сапада аяқтау үшін міндет алысады. Осы кезде Сарысудың аудан комсомолы совхоздың комсомол ұйымына құттықтау мен достық сый әкеледі. “Родина” радиоқабылдағышын, патефон, сағат, шахмат, домино және ҚССР-дың Қызыл туын сыйлайды.

Көп палаткаларда кей кештерде әдемі үгіт мәжілістер жүріп жатады. Сарысу ауданының хатшысы Қалдыбаев, райисполком бастығы Алпысбаев совхозбен мидай араласқан. Бар жақсылығын, кемшілігін де біледі. Совхоздағы партия ұйымының хатшысы Тұрсынов және агроном Трегубов, инженер Богданов, рабочком Мерқадіров үнемі үгіт-түсінік кеңестерін өткізеді. Бұнда “Түркістан” атты қабырға газеті және әрбір трактор бригадасында “Жауынгерлік листоктар” шығады. Әр жерде көрсеткіш тақталар ұйымдастырылған. Демалыста дауыстап газет оқылады. Енді бір үлкен қуаныш, совхоз орталығында тамаша жақсы кітапхана орнады. Мақтанып айтқанда, өздері, оның көпшілігі брошюра болса да, “10 мың дана” кітабымыз бар дейді. Әрине, бір палатаға, терезелі үлкен палата болғанмен де, оншалық кітап сыймас еді. Бірақ қатарда Шекспир, Гете, Байрон, Бальзак, Шиллер, Гейне тұрса, не дейсің? Марксизм-ленинизм классиктері, орыс әдебиет классиктері, совет жазушылары — бәрі де бұл кітапханадан мол орын алған.

Тракторшылар ішінен Калугин, Ткаченко, Матайбаев, Воробик, Миненко, Подорожный сияқты талай көрнекті адамдар бос демалыс сағаттарын қызықты кітаптар оқуға бөледі.

4-БӨЛІМШЕ

Коллективтің зор еңбегі жаздың ортасынан асқан шақта мол жемісін беріп жатыр. Самал тау, салқын бел — Жон деген өлке сары алтындай жайқалған алтын астық даласы, өлкесі, қан-қазына өңіріне айналды. Жаңа қала өсіп келеді. Бірнеше үлкен үйлерін тастан да салып жатыр. Неше қатар болып, стандартты жеңіл, төрт пәтерлі ағаш, жалғыз қабат үйлер орнап қалған. Рас, әлі де кеңсеге, мәдениет орындарына, көпшілік мекендеріне жай жеткіліксіз. Әлі де таршылық пен тапшылық мол. Әсіресе Шолақтаудай азық-түлік, аспап-мүлік беретін ең жақын орталық — тоқсан шақырым жерде, қиян-ұзақ алыста. Сондықтан бірде азықтан, бірде бұйымнан, бірде жағар май ділгір, қажет аспап-сайманнан тапшылықтар бола береді. Су қоймасы ретінде, Струков қаланың қасында “Жамансары” деген кішкене бастаудан көл жасатып жатыр. Сол көлдің табанын,

көлемін белгілейтін байлауға, әсіресе бір ойпат қойнауға келгенде талас туды. Инженер-мелиоратор көлді жоғары, сай басынан алмақ болды. Бұл күнде Струков айналадағы қазақ колхозшыларымен бар жайдан Вася арқылы тамаша ұзақ сөйлесетін болған. Ол жергілікті іс жөнінде жаңа бір шаралар жайында қысыла бастаса, ең алдымен Жданов атындағы колхоздың бес-алты колхозшысын шақырып алады. Өз міндетін әлдеқашан айтқан. Кейін адам, техника күштерін атаусыз шеф есебінде нық түрде де көмек етпек. Әзірше су, көл жөнін ойланады. Струков соны өзінше, қасындағы “аксакальский совет” деп атандырып алған, сол ақсақал советіне жаңағы көлдің орны туралы кеңес салғанда, колхозшылар инженерге қарсы келген. Бұлақтың көзін бастырып көл жасау зиян болады, кейін су астынан аршып ала алмайсың, күн сайын ең әуелі бұлақты бөлек сақта. Бағып-қағып көзеп отыр, сонда судың көзі үздіксіз өнімі бар су болады деген. Струков осы “ақсақал кеңесі” бойынша инженерді тыңдамай, көлді қазір төменнен салғызып отыр. Ақсақалдармен кеңесіп совхоз қаласына арық жүргізбек. Ендігі Струков қиялы көшелерге тек қана жеміс ағаштарын орнатпақ. Одан да озған қиялым бар дейді ол: “өзіміздің жердің айналасына 50 метрлік қоршау тоғай орнатсам” дейді. Бұның бәрі – совхоздың кешегісі, бүгінгі жаңа тамаша көрік пен келешегі, өзгеше күлім қағып, бұлың беріп қуанта тартып тұрған болашағы.

Бірақ енді осы жақсы совхоз бойында толып жатқан олқылық пен мін де бар. Әсіресе адам тобының ішінде “қырық кісі бір жақ, қыңыр кісі бір жақ” дегендей, немесе тоқсан тоғыз бір тарап болғанда, әлдебір, бір шөкім азғана селдір топтан шыққан сұрықсыз сұм мінездер де болады.

“Түркістан” совхозына Жамбылдан, Ташкенттен келген қайраткерлер, маман жұмысшылар көп еді. Көктемнің орта тұсында қалың бір топ Ереваннан келген. Солардың ішінде бүгін де аса жақсы абыройлы ат алған Погосян, Грачек, Геворкян, Ашот сияқты комбайншылар, Казарян тәрізді өте ынталы, үлгілі шоферлер бар. Осы топ ішінде Ереваннан үзімнің бір топ лозасын алып келіп, Қазақстан сахарасына орнатамын деп, барынша жас атаулының бәріне үлгілі еңбек етіп жүрген қарт Старовойтов бар. Ол “Түркістан” совхозын тұрақты мекен етпекші. Үй салып, Отанын

осы арадан тауып тұрмақшы болған 47 семьяның ішінде бүгінде өз жанынан үй салып жатқан үлгілі еңбекшінің бірі сол Старовойтов. Оның туысқан армян елінің көп ғасырлық, үлгілі бақшасынан әдейі арнап алып келген үзім лозасы қазір Қазақстанның “Жон” аталған кешегі жайын топырағына тамыр жайып, гүл атты.

Осындай әр тарапты туысып, табысып, еңбек, тілек, тірлік қосып жатқан топтың ішінде Ашрафьян сияқты сұмдар да жоқ емес. Оның араласпайтын жері жоқ. Раб-коопқа да, рабочкомға да, мәдениет кешіне де, дирекцияның басшылық ісіне де — бәріне де сұғанақ тұмсығын сұға жүріп, іздегені әлек пен бүлік. Өзі ішкіш, өзі сотқар, содыр төбелескіш, шағымқор да жалақор. Оның бірталай адамдарға еткен жаман әсері де жоқ емес. Бұлар сияқты алаяқтар совхоздың кейбір қиыншылығын, кемшілігін пайдаланып, талай жанды, жеңіл ойлы, жетекке ергіш адамдарды аздыратыны да бар. Сондайлар “Аспара” совхозынан, “Қаратау” совхозынан әркімдерді аздырып, алғаш келген жақтарына қайтуға шейін, қашуға шейін түртіп адастырып жібергені бар.

Струковтың алдына да сондай сыбағаны Ашрафьяндар тартқан еді. 10 кісінің атынан тізім әкеліп: “мынау қалың тобымыз наразымыз, сендер айыптысың. Алдадың, кінәні саған артамыз, кетеміз”, — деп жота көрсеткен. Струков солардың алдында топты жиып алып, тамаша отты басшы азамат мінезін көрсеткен. “Мен мына тізімді сақтаймын, Ереванның жақсы жұртшылығының алдында сендердің қаражүзді екендеріңді әйгілеу үшін сақтаймын. Осы күнде мынау тыныш, адал совет жұртының, асыл азамат еңбегінің үстінде салған мынау бүліктерің үшін, бұдан сан есе артық еңбек етуге сендер мәжбүр боласың. Айламен түзеймін деп ойламаңдар бұл айыптарыңды. Дәл осындай бір ғана иттіктің өзі үшін кем қойса бір жыл, әйтпесе жылдар бойы кешірімнің еңбегін істейтін боласың шеттеріңнен”, — деген еді. Бірақ сол онның жетеуі қашып та кетеді. Осындай жайлар Струковты бір күн суға салса, бір күн отқа салғандай да болады. Сондықтан да кішкене бойлы, ширақ денелі, үлкен өткір көк көзді Струков көктемнен бері 15 килограмм салмағынан айрылған. Далада астық. 12 мың центнер жабусыз тұр. Комбайндар боздап тұр, самосвалдар жоқ...

Қалаға таситын машиналар жоқ. Совхозтрест қарамайды. Бейнет көп — рақмет жоқ әлі.

ЭПИЛОГ ОРНЫНА

“Үшбас” колхозының председателінің кең киіз үйінде, бір топ үлгілі қазақ колхозшыларының ортасында шайды терлей түсіп, көсіле іше отырып Струков, бұл жақтан әдемі Отан тапқанын, айнала қазақ жұртынан дос қауым тапқанын, өзінің “Жданов”, “Үшбас”, “Ақтоғай” колхозшыларына аса көп қарыздар екенін біртүрлі жақсы айтады. Бір жылдан соң ол қазақша сөйлемекші. Жонның бар даласын, бар су саласын саусақпен санап біліп алған.

Қазақ колхоздарының ағаш екпейтінін, үйді күтпейтінін қатты сынайды. Аудан хатшысын қоса сынайды... Облыс қазағы солай ағашқа салақ... Сын — жолдастық қатты сын... Кемпірдің сіңлісі... Осында қатты сыйласу. Тәттілік...

Суды әсте бағаламайтын Москва түбіндегі өзі бастық болған Чехов МТС-ін Струков кінәлайды. Су қадірін білмегенін айып етеді. “Шөлде жүрген дуадақ су қадірін не білсін, көлде жүрген қоңыр қаз шөл қадірін не білсін”, — дейтұғын ескі аңыздың елесіндей ойлар келеді. Мынау өлкесінің қадір-қасиетін өзі біліп қана қоймай, Отанына, алыс-жақын халқына танытпақ, социализм қорына қоспақ. Ол тіпті бұл өлкенің жүгірген аңына дейін сүйеді. Қездескен арқар жайын, қатал қыстан ауа келіп, Жонды паналаған бөкен жайын да осы өңірдің ескі тұрғынындай әңгімелейді. Струков “Түркістан” совхозының бұл өлкеге әкелген партиялық, советтік коммунистік кешегісі, бүгіні, жарқын келешегі соншалық қызу қызықтырғыш әсем көрінгендіктен, не айлар, не жыл өткенде самал тау, салқын Жонға неғылса қайта оралмақ боп қатты уәдемен айрылысты.

(М.О. Әуезов архиві, 60-бума, 101–115-бб.).

ЖОЛЖАЗБА

6 июль 1955.

“Оңтүстік Қазақстан”, №132 (екі облыс жайынан). “Сталин” колхозы, Мерке районы, 45 мың биязы жүн қойы бар, тек жүннен өткен жылы 3 млн сом табыс енгізген. Шопан Түсіпбеков 493 саулықтан әр 100 саулыққа 130 қозы, әр қойдан 4,5 кг жүн береді.

Жылжымалы клуб бір сағатта әзір болады, 100-150 кісі сыяды. “Жүгері бар жерде сүт бар”. Жуалы ауданы, “Каганович” колхозы үлгілі. Мал азықтық дақылдар бұнда көп егілді — 200 гектар. Тамыр жемістер 60 га, күнбағыс, көкшөп конвейері үшін 400 га екпе шөп, әсіресе 2 мың га жүгері егілген. Әр сиырға 5 тонна сүрленген шөп әзірлеу үшін күреседі. Сорт сынау участогі жыл сайын жүгеріден асыра өнім алып келеді. “Гибрид Краснодарский-4” әр гектарына 92 центнер берді. Облыс үшін осы асыл сорт. Сорт “стерлинг” — 74,3. Агротехника: Жақсы жер күзде сапалы жыртылған, минералдық тыңайтқыштар берілген, көктемде екі рет тырмаланған (ылғалды жабу үшін екі рет культивация), аммиак, суперфосфат. Әрбір ұяға 4-5 тұқым енгізілді, шаршы-ұялы әдіспен егілді, 4-5 рет суарады. Дән үшін егілген гектардан 100 центнер, сүрлеу үшін егілгеннен 600-700 центнер алуға міндеттенді.

Облыстағы дақылдар: қант қызылшасы, кенаф, конопля, темекі, күнжіт, түрлі овощ дақылдары. Облыс мақтаны, қызылшаны... “Красная звезда” (Жамбыл ауданы), “Жалпақсаз” (Луговой ауданы) жылына 400 центнерден алады. Атақты Оңғарбаева, Құтымова, Тұлпарова, Литвинцова 500-600-ден алады. Өткен жылы елуден аса звено 493 центнерден алды. Соңғы екі-үш жыл ішінде Сарысу ауданы 159 жүк автомашина алды. “Калинин” колхозында 18 жүк, бір “Победа” машинасы бар. Сарысу ауданында өткен жылы 103 қамыс қора салынған. 1 июньге дейін тағы 82 қора салды.

“Сталиндік жол” (1955, 30 июнь), “Колхоз селосының мәдениеті” (Талас ауданы, “Ворошилов” колхозы туралы).

1955. 24. VII.

Колхоз “Красная звезда”, пред. колхоза Апатаев Галимжан. Окончил зооветтехникум “Каплианбек” в 1939 г. Үш жыл зоотехник болған, депутат Верховного Совета КазССР. 450 семей... зернов. 2 мың га, қызылша 30 га, овощ 100, алма 25 га, жібек 60 коробка, тұт ағашы 80 га. Мал: 13 мың қой, 850 жылқы, 750 сиыр, 250 шошқа, 2 мың тауық. Қойдан 80 проц. жібек жүн, сиыр Аулиеатынск. порода. Стойловое содержание — на 100 коров круглогодично. Зимой стоят все.

Жүгері жақсы — адам да, ат та көрінбейді. Бірен-саран шалдар болмаса, бәрі сауатты. 30-40 мамандық бар. Комбайнер, шофер. Доход 54 г. — 3,5 миллион. Биыл егін (бидай аздау) болмаса, 5 мыңға жеткізбек едік. 47 жылдан бері Одақ көлемінде алда, қазір екінші жыл с/х көрмеде қатысушы. Мұнда севооборот күшті, ойдағыдай, бізбен бәсеке тек Талдықорғандағы “Сталин” колхозы, онда Алдабергенов. 54-жылы 440-тан болды, биылғы алған міндет 500 центнер. Мектеп жетіжылдық (қазақ) және екі бастауыш, малышлардың балалары да осында оқиды. 7 жылдықтан механизаторлар шығып жатыр. Оқып қайтып келеді. 40 тракторисіміз бар, бәрі осы жердікі, комбайнерлеріміз 4 адам, шоферлеріміз өзіміздікі. Мұғалімдер... Колхоздан совхозға, өндіріске кеткендер де қайта кеп жатыр.

Оңғарбаева звеносымен (8 адам) былтыр 59 центнер қант алған (350 пұт), биыл одан да көп алады. Электр, радио, өз электростансасы бар. Елу үй салынып жатыр, колхозшылар өздері үшін стандарт үй салады, проект бойынша. Бөлме 4-3, есік-терезе үлкен, пол, шифер сұрап жүр бәрі де. Малдағы жұртқа жақсы үй салдық, малға кірпіш қора салдық. Отгон Шу аяғына, 750 шақырымға барады. 12 учаске алысы, жақыны 40. Егіндікте ең жақыны 60 километрде егіледі. Госфонды жерін алыс, жақын болса да алып жатырмыз, көлік жетеді, 11 машина, 20 трактор бар. Бір “Победа”. Арба, жақын жер болмаса, керексіз болды. Шөп жию механизацияланған. Жай жерден өзімізше 500-600 аламыз. Біз көп суарамыз, сезонда 12-13 рет. Қызылша қатты өседі де, трактор жүре алмайды. Долгоносик болған еді, самолетпен екі күнде жоқ қылды. Бригада айына екі рет жиылады Клубта 30 минут лекция. Колхозда 17 ұлт — қазақ, қарашай, азербайжан, неміс. Қазір тату. Келгеннің бәрі қазақша сөйлейді. 75%-і қазақ. Немістің үй-тұрмысынан

үйренеді. 120 человек на животноводстве. 26 қора қой, екі адамнан (500 қойдан), үш адамнан. Тарту болу керек, кісі жеткізе алмаймыз. Қазір қойға барам деуші көп, условие өзгерді. Ең алдымен мал қора, адам қора, сонан соң алатыны көп: жүнге де, етке де, қозыға да алады. Бір қойшы бір жылда әйелімен 3 мың еңбеккүн, 5 сом ақшадай, бидай, картоп, қант 30%, 250 кг ет, яки 5 қой алады, жылқы бақса — құлын, бұзау... еңбекке таласады, бухгалтер есептемеген, істегенім неге жазылмайды деп таласады.

“Октябрь” (колхоз). Күлімжан Құтымова былтыр 538 центнер, биыл одан артық аламыз дейді. “...52-жылы 19-съезге бардым. кадр. гнездоға көшпедік, тегі, нашар олар. 9 кісі жанбыз, аяқ-бұяғы екі бөлме. 4 мың 700 сом, 6 центнер қант алдым, бидай бір тонна. Хатты шала танимын, көп “не қылмадым”, “неше мәрте айттым”. Там салдыртайын деп сұрап ем, бермеді. “Сәл немене ғып”, “Төр жүз тоқсан”. Үй іші: төсек, абдыра, көрпе, электр, радио, жерде киіз.

Ақбозов — секретарь Джамбулского райкома. Агроном, депутат Верхов. Сов. СССР, шаруаға олақ, салақ. Колхоз “Сталина”, Тушинцев пред. колхоза (по области 140 колхозов, районов — 11). Компактная область, по жд. перевозкам лучшая. Три железнодорожных узла — Чу, Луговая, Джамбул. 29 совхозов по области, 140 колхозов, из них 20 лучших...

Парни из армии не возвращаются. Учащиеся колледж. тоже уходят...

25.VII.

Т. Артыгалиев. Қой — бірінші орындамыз. Жүн — жарым жылдық планнан 123 процент орындадық. Қырықтық қалды, шал-кемпір. 1100 мың қой тегіс электр. Қазақ шал-кемпірі. 200 қамыс қора Сарысуда. Республика ішінде облыс орны: 2 миллион колхозда, 1,5 миллион совхозда, Қазақстанда бәрі 15-18 миллион қой, соның екі жарым миллионы осы облыста. Мойынқұм малдың жері — құнарлы, жұт сирек. 60 жылға төрт миллион қой болу керек облыста. Бар қырғыз қойы Жамбылдың жарымы ғана болады. 80 проц. жібек жүн.

Байбатшаев Шабдан — райсовет бастығы. Жер аттары: Батыс жақ Көкесененің көк жоны, Тәңірберген даласы, ылдида: Үшкөкшенің құмы. Ел — Ойық (Ойық, Тілік

Бәйдібектен тарайды). Ар жағы құм — Жотақұм. Қыр, тау, су алыс, 15-20 метрден шығады. Үшкөкше — сол Мойын-құмның бір бөлігі. Ойыққа жалғас Ошақты деген ел. Тілік Ойықпен бір.

Саудакент — Сарысудың жер аты. Байқадам — коммунист, кулактар өлтірген Аққай көтерілісі кезінде. Егіншілік кейінірек шыққан. Бөрібай тоғамы (Ойық), Жиёмбет тоғамы (Дулат). 16 тыс. душ в районе. 13 колхоз, 3 МТС, 3 совхоз. Қаратау химкомбинат. Орта мектеп 6, орысша 2, 4 қазақша. Таластан 100 студент бар. Сарысуда 47—53 жылға дейін председатель болған, сонда Алматыға барып, бәрін ауданға қызметке әкелген. “Герой Таласской долины” (П. Кузнецов, 1949 ж.), К. Мыңбаев кітабында аты бар.

Ортақұмның ішінде Ақкесене, Көккесене деген құмдар бар. “Содан арық шығардық”. “Алтын қобы” деп ат қойдық. Канал қаздық 15 километр. Жүгері ектік 250 га, тары ектік. Әлі 10 мың ғана баураймыз, канал алғанымыздың нәтижесі. Арта біз өткен мол жер — “Көделі” деп аталған.

Сарысуда, “Коммунар” колхозында Сатай — герой (екі қоздатады). Алпамыс — шал, герой. “Үшбас” колхозы — Құлыбек түйені жыл сайын боталатқан... “Ленин” колхозы — Оспан Қабанбаев шөлді жақсы біледі. Соқыр шал ақын, коммунист “Сталин” колхозында, жасы 60-та (Байқадамның қасында), Сейдуалиев Ишанқұл. Совхоз жайы, аудан, партия, совет, рабочком, оқу, денсаулық — бар жағымен бағынышты, байланысты...

Бұрын Жалайыр болған. Там (мола) Ақкесене, Көккесене, Тектұрмас, Атбайлар, арна (канал), Тектұрмас, Орда (қалмақ), Ақкесене — күмбез, завод трубасы тәрізді қарауыл ышқа. Сүттен илеген. Тектұрмас, Атбайлар — қорған, қазақ қойған аттар. Сапақ датқа — Ошақты ішінде Тасжүрек. Ошақты Сапақ Үшаралда кен ашқан. 1905 жылы өлген. 85 жасында. 100 жылдан артық егін еккен, бидай, тары. Ағаш соқа... Үй ағаш ертеде көп өскен. Жолбарыс ату әдісі: үйдің жалаңаш сүйегін көтеріп барып атады. “Жолбарыс түнде тоқсан тоғай кезеді”.

28. VII. 55.

Қалдыбаев Шаймардан сөздері. “Түркістан”. Егіс даласы 54-жылы өте кедей... Малға сәйкес емес, мәдениеті және жоқ. Аудан аудан болмайды екен егінсіз. Жон участогінен 32 мың га тың таптық, МТС сұрадық баурауға. Бірақ бұны

(МТС-ті) құрудан совхоз жасау оңай болды. Кейін облыс та, республика да МТС-ті қабылдады. Бірақ Союздың үкіметі әлі де бекіткен жоқ, құрылған да жоқ.

16 мың га (32-ден) әзір де колхозға қалып отыр. Қазір колхоздарға бөлініп, бір биыл 3,5 га тың алып отырмыз. Ал совхоз берілген жерден 3120 га тың көтерді. Өнім алып отыр. Қалғанын пар қып көтерді. Күзде 3 мың күздік бидай, қысқасы, 56-жылы 13300 га-дан совхоз түгел өнім алмақшы.

Совхоз биылғы 3100 га-ның өсіміне биылғы мемлекеттен алған 450 тонна тұқым қарызынан құтылады. Сөйтіп, келесі 56-жылы өз тұқымын қамтамасыз етеді. Тек қана пайда береді. Совхоз басты кадр жағынан қамтамасыз (механизмдер кадры), жұмыскері толық. Жаңалығы — аудан, колхоз үшін. Әсіресе жерді мерзімінде айдау, агротехниканы мезгілінде айдау, учаскелерге бөліп айдау, техниканы пайдалануда. Егін даласын табысты учаскелерге бөлуде үлкен үлгілі жаңалықтар бар.

Табиғаттың байлығын шаруашылыққа пайдалану үлгісі. ...Совхоз көптеген капуста, помидор, пияз, картошка — колхоздарға тағы үлгі берді. Сол бұлақтарды жақсы пайдалану үшін су қоймаларын жасап жатыр. Совхоз орталығы тегіс ағаштанбақ жаңағы себептен. Соц-к селоны өсіруге үлкен ықпал. Аудан, колхоз, МТС-ке ықпалын қазір-ақ тигізетін. Бізде мүмкіндік жоқ еді үлгі етуге. Бұған енді еліктейтін колхоз бастықтары аз емес. Міндет алу бар — тарандықтар үндеуінше — клуб, үй, школ, қызығу, желігу бар. Алайда құрылу дәуірінде совхозда көп қиыншылық, қайшылық та бар. Совхоз ең әуелі орталығын Қаратауда құрды. Негізгі орталығы Жонға (Андреевка) жеткізуде көктемде көп қиналды, мойны қашық еді. Бірақ 2 мың га міндетін 3100 га-ға жеткізді. Жұмыскер маман әуелде техникаға жеткіліксіз болды. Адамды жергіліктіден алуға тура келді. Кейбір мамандар келіп кіріскенде, техника жетпей қалды, қайшылықтар туды. Келген целинниктер арасынан наразылық туды. Дирекция, партия, профсоюз комсомолға кінә айта бастады. Ақша (подъемныйын) мезгілінде төлей де алмады. Совхоздар министрлігінің кемшілігі еді. Нақтылы штат та бекімеген кез болды. Осы күнге шейін тұрмыс, керектер (үй, столовой, магазин) әлі кемшілік көп. Құрылыс өте баяу келеді. Машина жоқ. 120 шақырымнан тасылады. Тау, тас, материалдар (құрылыс

заты) мезгілімен толық боп жетпейді. Пайдалануға беру баяу... продукт, мәдениетті қамтамасыз ету олқы. Жұмыскер наразылығы дұрыс. Райком, дирекция кемшілігі көп. Сауда “көшпелі” жағдайда. Осындай қиыншылықтарға коллектив түсінеді. Бірақ бәрі бар емес, дарашылдар жоқ емес. Жұмысқа шықпаушылық, төбелес, мастық, қоғам тәртібін бұзу көп кездеседі. Әзір клуб жоқ, монша жоқ, наразылықтар туды.

Келгіндер екі топ — алға басушылар, екінші — өзін өзіне салып тәрбиелеу. Хулиганды түзеу, әдіс өзінен адам табу. 99 проц. коллектив жақсы, он шақты үй кредит алып, үй салып жатыр — фундамент осылар. Күзден ағаш егеміз, плотина арқылы су береміз. Электрастанса болды, соц. городок шығады. Биылғы урожай жақсы (бәрі богара). Партия, үкімет талабын совхоз орындап отыр түгелімен... Техника көп... Колхозға жәрдем етіп жатыр. Комбайн (7 колхозда) көрші колхоздарға соц. помощь жасап жатыр. Өте тату, қарым-қатынастар, тығыз байланыс бар. Нечестный элемент — материал совхозға сатылсын, колхозға берілмесін дейді. Поглощать ете алмау, сатылмау — кредит көбейді. Келешек жақсы материал алуға бөгет. Совет саудасына түсінбеулер, өздерінде ақша жоқ, колхоз, малшы, зат қажет, алса — соны наразылық қып көтереді. Қалаған жерін әпердік, колхоздар қиналған жоқ. Екі соц. шаруа біріне-бірі беріп, түсініп жатыр.

Райкомда (сағат 10). Ауданда биыл 52 бала орта мектеп бітірген. Осыларды кезекпен жіберген, орта мамандық алсын дейді. Биыл да, былтыр да оқыған, вуз бітірген кісілеріміз жоқ.

Алмағамбетов Абушах — врач-хирург. Алматыда мед-институт бітірген. Сарыарқада он колхоз (Жаңарықтан басқасы түгел).

Жер: Ку, Мұңлы (екі тау), Бестау, Сарыөзен, Кенжебай, Самай, Қарабидайық, Шабынды — Көктас өзені, Арқарлы, Шалқия руда, Қызылжар станциясы.

Екі қызыл отау, Серікбаев отауы, 1 мың кітап бар. Үшінші рет үгіт бригадасы барады, сауда үздіксіз, октябрьде тегіс бері көшеді, балалар машинамен ерте келеді. Қыркү сонда. Передвижной движок АЖС, сол қырықтық жүргізеді. С/х выставкада екі жыл Байқадам МТС-і стенді бар.

Құдықтар арасы қашық, Шуда көпір керек, Сарыарқаны

осы үшін меңгере алмай отыр. Скотопрогонная трасса, 6 трасса. “Ленин” колхозы 40 мың қойы бар — Қабанбаев. Құдық — бар мәселе сонда. Бетпақтан өту құдықта, құдық 5 литрден су береді. Сарыарқада жайылым бөлінген, целина малы сонда апармай қоймайды. Осы арадан ең алыс учаске 800, Созақпен айналса 930 километр. Сарыарқаға дейін. Сарысуға автоклубты машинасымен береміз деп Министерство культуры уәде берген.

Сармашев Жазықбай (культотдел бастығы) культбригаданы бастап барады, үш рет барған. “Қызыл отау” № 2, 4 — Серікбаев (2), Сәкенов коммунист. “Қазақ әдебиеті” қызыл отауға барған жоқ.

Көлік — ат. Онда: медпункт, радио, штаб, движок, зооветпунктер көшпелі.

Қыс — бәрі Шуда там үйге кіреді. Фермаға қыстаулар жақын, ферма бастықтары тартылады. Монша жоқ. Бетпақтың шөбіні көктемде шабады. Баялыш, тобылғы, қысқа мыртық, қара жусан, қандым, жыңғыл (ағаш). Шөл өзі 300-400 км.

Соңғы 6-7 ортадан төмен (техникумда оқып жүр). Қалғандары орта, незакончен. выш. Бәрі заочно оқиды.

Струков Григорий Алексеевич, 1914 г., — работал на заводах... Факультет механизации и электрификации Воронежского СХИ. Потом послали директором МТС — работал 2,5 года, затем в обкоме Москвы. Гришин послал сюда, Казахстан — справочные карты...

27 ноября приехал сюда с дочкой; гл. бухгалтера, гл. инспектора выбрал.

В декабре Сарысу — сразу остановился на этом месте. Приехали строитель и гл. агроном. Много раз (семь) искали центральную усадьбу. Она принадлежит колхозу Жданова.

Ескерту: Жолжазбаның бұдан арғы мәтінінің көптеген тұстарын түсіну қиын болғандықтан, қысқартып беріп отырмыз. — Т. Ә.).

30. VII.

Қалдыбаев Шаймардан. “Түркістан” совхозы қиыншылық, қайшылықтарынан. Қазір самосвалдар жоқ (аз). Комбайндар тоқтауы көп. Осыдан кеш орып, жай орып отыр. Комбайнға жағдай жоқ. 16 ком., 5-ақ самосвал. Осы кезде 3120 га-ның 2,5 мыңын бітірген болар еді. 100 процент істете алмай, 50 процент қана пайдаланамыз.

Қазір тек 1400 ғана орылып отыр. 10 мың центнер бидай тұр... әкетпейді. Струков бүгін 12 мың бере алам дейді. Ссуда, хлебосдачадан 12 мың бере алар еді. Келген машина жоқ (управление және Мин-во связей). Склад бітпеген, закрытый, тек біреу-ақ. Салынып болмаған. Жауын жауса, қатер. Совхозтранста бар, білмейді жағдайды, шабан облыс (управление совхозов).

Колхозда. Тың көтеруде 18 мың га план бойынша 56-жылы өнім алмақ ек. Біз 5 мыңнан биыл алып отырмыз. 18 мыңнан (56-ның) 15 мыңын көтеріп, 5 мыңынан өнім де алып отырмыз. Бірақ бір ғана МТС-ке ауыр. Бұл ауданды тыңның ауданы десек, қателеспейміз. Совхозбен қоса 32 мың... 54-жылмен салыстырғанда ол 6 мың 200 га болса, биыл егістігіміз 14 мыңдай. Колхозда, совхозда 3100, үш есеге жуық асырдық. 56-жылы совхоз 13 мың, колхоздар 10-31 га болды. 54-ж.-мен салыстырғанда 5 есе көбейді. Совхоз болмаса, МТС машиналары: 75 трактор, 30 комбайн, көпшілігі самоходный.

Уборканың мезгілін ұзатып жібереміз. Бір комбайнға 100 га-дан артық болмау керек (ремонт восстанов.). 28 комбайн (фактически) істегенде, бізде бір комбайнға 300-ге жуық га келіп отыр. Территориямыз разбросанность бар, жер ыңғайы да оңай емес, бір МТС-ке оңай емсе. МТС директоры Петренко — Герой Соц. Труда.

Мал жайы. Мал азығы ретінде біз көп жер игеруіміз керек. 90 мыңға шөп шабу (даланың өзінен), 13 мың тонна силос жасау. Ал МТС-те траншея жасауға землеройный механизм жоқ. Силос турау, землеройный техникалары жоқ. Бір ғана МТС, қайтсе басшылығы жетпейді. Екінші қайтсе де керек. Облыс қаулы жасаған, бірақ Одақтық үкімет бөгеп жатыр.

Мәдениет. Аудан 10-15 жыл артта, төмен. Халық талабы зор. Ауданда бір ғана орта мектеп (екінші керек), үш сменмен оқиды, сапа нашар. Больница, ауданда клуб жоқ, концерт, театр келсе, жиылыс болса — жанжал, Манарбек келгенде терезені қопарып әкету болды. Су мәселесі. Ынталы плотинасы, Бүркітті плотинасы. Ынталының екінші шіреті қажет. Жуалыға көп көңіл бөледі. 40 мың га егіс жер бар. Екі МТС бар. Үшінші сұрап жүр. Аудан басшылығына құрал, көмек керек.

Ғылыми түсініктемелер



“Қазақстан жазушыларының III съезін ашардағы сөзі”

1954 жылдың тамыз айында Алматыда Қазақстан жазушыларының III съезі болды, бұл сол кездің елеулі оқиғаларының бірінен саналды, қудаланғандай болып Мәскеуде жүрген М. Әуезов дәл осы тұста елге оралды. Мұхтар Омарханұлының құрметі болу керек, одақтас республикалардың бірде-бірінің осындай шараларына қатыспаған М.А. Шолохов келіп сөз сөйледі, қазақ халқының ұлылығын айтты. Абайдың қайтыс болуының 50 жылдығы да осы кезде аталды. Съезд жұмысына Л. Леонов, Мырза Тұрсын-зада, Н. Грибачев, Камил Яшен сияқты одақтас республикалардың көптеген белгілі өкілдері қатысты. Съезді М. Әуезов кіріспе сөзбен ашады. Жазушының бұл сөзі бұрын-соңды еш жерде жарық көрмеген. “Әуезов үйі” ҒМО-ның қолжазба қорындағы машинкаға басылған нұсқаға (240-бума, 59–65-бб.) автор көк сиямен түзетулер енгізіп, 3-беттің екінші жағына қосымша қосқан. М. Әуезовтің съездегі негізгі баяндамасы “Реалистік драма жолында” деген атпен осы басылымның 32-томында жарық көрді.

М. Ахетов

“Мәңгілік кепілі”

М. Әуезовтің бұл мақаласы “Қазақ әдебиеті” газетінің 1955 жылғы 22 сәуірдегі санында жарық көрді. Кейін “Уақыт және әдебиет” (Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1962. 247–250-бб.) жинағына, он екі томдық шығармалар жинағының 1-томына (Алматы: Жазушы, 1969. 133–137-бб.) енді. “Әуезов үйі” ҒМО-ның қолжазба қорында машинкаға басылған нұсқасы (216-бума) сақталған. Мақаланың “Всегда с нами” деген орысша нұсқасы “Советская литература” газетінің 1955 жылғы 22 сәуірдегі санында жарық көрді. Қолжазбасы сақталмаған. Мақала В.И. Лениннің 85 жасқа толуына орай газеттердің тапсырысы бойынша жазылған тәрізді. Екі нұсқаның мағыналық тұрғыдан айырмашылығы жоқ.

М. Ахетов

“Сәт сапарға дос ниет”

Ұлы Отан соғысы жылдары шығуын тоқтатқан “Қазақ әдебиеті” газеті 1955 жылы қайта жарық көріп, қазақ жазушыларының арнаулы газеті болып танылды. М. Әуезовтің бұл мақаласы “Қазақ әдебиетінің” қайта жарыққа шығуына орай жазылған. Мақалада автор әдеби газетсіз түрлі әдеби жанрда жазылған шығармалардың тіршілігі солғын тартатынын атап өткен. Осы ретте жазушы газеттің алғашқы адымынан ұстанар биік бағыттарын мегзей отырып, әдебиеттің өсу жолындағы кем-кетігін толықтырып, жетілдіруді міндеттейді. Очерк, әңгіме, фельетон үлгісін дамытып, газет бетінен келісті орын беріп отыруды, қазақ балалар әдебиетін дамыту, әдебиет тарихы мен әдебиет теориясы мәселелеріне көңіл бөлуді атап көрсетеді.

Мақала 1955 жылы “Қазақ әдебиеті” газетінің 14 қаңтардағы санында жарияланды. Кейіннен жазушының жиырма томдық шығармалар жинағының 19-томына енді (341–344-бб). Елу томдық шығармалар жинағының осы томына газеттегі нұсқасы басқа басылымдарымен салыстырылып беріліп отыр.

А. Болсынбаева

“Бейбітшілік туы”

“Бейбітшілік туы” деп аталатын бұл мақала тұңғыш рет “Қазақ әдебиетінің” 1955 жылғы 25 наурыз күнгі № 12 санында жарияланған. Газеттің бірінші бетіндегі бас мақала ретінде жарық көрген бұл материалдың тілі — үндеу, ұран стилінде болып келеді.

М. Әуезовтің аталмыш мақаласы Советтік бейбітшілік комитетінің 1955 жылғы соңғы пленумында қабылданған қарарға байланысты жазылды. Мұнда қарардың мақсаттары мен міндеттері жан-жақты айтылады. Мақалада “есуастық”, “жексұрындар”, “малғұндар”, “қылмыскерлер”, “дұшпандар”, “жаулар”, “арамзалар”, т.с.с. қарапайым сөздердің көбірек қолданылуы сол уақыттағы саяси текетірестің маңызын көрсетеді. Сол кезде Америка мен Советтер Одағы болып екіге бөлінген саяси лагерьлер өздеріне мүдделес топтарды жинап, әр жерде түрлі бағытта басқосулар өткізіп жатты, ұйымдар құрды. Сондай ұйымдардың бірі “Бейбітшілікті жақтаушылардың бүкіл дүниежүзілік конгресінің тұрақты комитеті” (1949 жылы сәуірде құрылған) деп аталады. Комитет құрамына 52 елден 140 өкіл сайланған. Бұл ұйымның жер-жерде құрамдас комитеттері ашылып, 76 елмен тұрақты байланыс жасаған. 1949 жылы сәуірде Парижде Бейбітшілікті жақтаушылардың дүниежүзілік 1-конгресі болып өтті, 1950 жылы наурызда Стокгольмде атом қаруына тыйым салу туралы тарихи қаулы қабылданды, сол жылдың қараша айында Варшавада 2-конгресі шақырылды. Нәтижесінде Тұрақты комитеттің орнына Бүкіл дүниежүзілік бейбітшілік советі құрылды. Әр жылдарда комитеттің арнаулы сессиясы өтіп тұрған.

Мақалада атом соғысына қарсы Үндеуге қол қою айтылды. Советтік Қазақстан атынан, мәдениет және қоғам қайраткері ретінде, М. Әуезов осы Үндеуді қолдайтындығын білдірді. Және бұл комитеттің мүшесі ретінде жазушы Индияда болып қайтқан.

Бейбітшілікті басты тақырып етіп, атом қаруына жаппай қарсылықты уағыздаған адамзаттық арман, мақсат-мүдде сонау

жылдары жазушы қаламынан мұң-шер болып төгілгенімен, бұдан соң еш жерде жарияланбаған. Әр жылдарда жарық көрген көп томдықтарына (12 томдық, 20 томдық) енбеген. Библиографиялық көрсеткіште де жоқ және қолжазбасы сақталмаған.

Жазушы шығармаларының елу томдық толық жинағында “Қазақ әдебиетіндегі” жарияланымы (1955. 25 наурыз. № 12.) ешбір өзгеріссіз тұңғыш рет беріліп отыр.

Е. Қаныкейұлы

“Новая весна Казахстана”

Мақала “Правда” газетінің 1955 жылғы 30 сәуірдегі санында жарық көрді. Бұдан кейін еш жерде жарияланбаған, қолжазбасы да сақталмаған. М. Әуезовтің елу томдық шығармалар жинағының осы томына мақаланың газеттегі нұсқасы беріліп отыр.

Қазақстанда тың игеруге орай теміржол құрылысы, мал шаруашылығы, мәдениет пен өнеркәсіптің даму қарқыны ұлғая түскені белгілі. Мақалада республика көлемінде көптеген совхоздар бой көтеріп, ауыл шаруашылығының өркендегені, шалғай ауылдық жерлерде жол қатынастарының пайда болғаны, шаруашылық саласындағы өзгерістердің мәдениет пен рухани өмірге еткен ықпалы сөз болады. Сондай-ақ Украина, Орталық Ресей, Солтүстік Кавказдан келген жастардың тың игеруге қосқан үлестері жайында айтылады. Жазушы Қазақстан тың игеруге байланысты Совет Одағының шығыстағы ең үлкен аймағына айналғандығын атап өткен.

А. Болсынбаева

“Қош келдіңіз!”

50 жылдары Үнді-Совет достығы нығая түсіп, екі ел арасында өзара қарым-қатынас өте мол болды. Әуелі, 1955 жылы Совет Одағы мәдениет қайраткерлері делегациясының құрамында, Үнді-Совет достығы қоғамының қазақстандық бөлімінің жетекшісі ретінде, М. Әуезов Индияға барады. Дәл осы жылдың көктемінде Индия премьер-министрі Джавахарлал Неру қызы Индира Гандимен біздің елімізге келді. Қонақты сол кездегі Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі Д.А. Қонаев қарсы алып, дәстүрлі дипломатиялық кездесулерден кейін Алатау қойнауындағы демалыс үйінде қонақасы берді.

Осы сапарға орайластырып, М. Әуезов “Қош келдіңіз!” деген атпен “Қазақ әдебиеті” газетінің 1955 жылғы 17 маусымдағы № 24 санында шағын құттықтау мақала берген. Мақала газеттің бірінші бетінде басылған. Бұдан кейін еш жерде жарияланбаған және қолжазбасы сақталмаған.

Жазушы шығармаларының елу томдық толық жинағына “Қазақ әдебиетіндегі” жарияланымы ешбір өзгертулерсіз алғаш рет жіберілді.

Е. Қаныкейұлы

“Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері”

Бұл мақала тұңғыш рет “Қазақ әдебиетінде” жарық көрген (1955. 7 қазан. № 40). Содан кейін “Көркем аударманың кейбір мәселелері” атты жинақта (Алматы: Қазкөркемәдеббас., 1957. 3–12-бб.), “Уақыт және әдебиет” (Алматы: Қазкөркемәдеббас., 1962. 385–393-бб.) кітабында, жазушы шығармаларының он екі томдығының 12-томында (Алматы: Жазушы, 1969. 12-т. 124–133-бб.), жиырма томдықтың 14-томында (Алматы: Жазушы, 1983. 14-т. 297–306-бб.) жарияланды.

Осы аталған төрт басылымға өзара текстологиялық салыстырулар жүргізілді. Айтарлықтай өзгешеліктер кездеспеді. Мақаланың қолжазба нұсқасы сақталмаған.

Жазушы шығармаларының академиялық толық жинағына түпнұсқа ретінде “Қазақ әдебиеті” газетіндегі жарияланымы (1955. 7 қазан) жіберілді.

Е. Қаныкейұлы

“Индия очерктері”

Мұхтар Әуезовтің шетелге сапары алғаш елуінші жылдардың ортасында Индиядан басталды. Осы елге жеткенге дейін қаламгер Еуропа мен Азияның Норвегия, Дания, Германия, Швейцария, Италия, Египет сияқты елдерінің бірсыпыра қалаларында болып, қайтарында осы келгендегі бағытпен жүргенімен, бұларға Стокгольм, Хельсинки қалалары қосылды. Осылардың ішінде Римде көбірек аялдап, оның тарихи, мәдени орындарымен кең, мол танысты.

Бір жарым айға созылған сапарда ақын Алексей Сурков бастаған бір топ әдебиет пен өнер, ғылым қайраткерлеріне көрген-білгендері, көне замандардан бері ұлттық дәстүр-салтын шынайы сақтап келе жатқан елдің тұрмыс-тірлігі, болмыс ерекшеліктері өлшеусіз әсер етті. Жазушының сондағы көргені, сезіп түйгендері баспасөз беттерінде “Дос бейілі” (Қазақ әдебиеті. 1956. 26 тамыз), “Діндар қала Бенаресте” (Қазақ әдебиеті. 1956. 7 қыркүйек), “Соңғы жаңалықтар” (Қазақ әдебиеті. 1956. 2 қазан), “Қайтыс сапар” (Қазақ әдебиеті. 1956. 10 қазан) деген атпен жарияланды. Осыдан кейін сол әсерлері жиналып, жинақталып, 1958 жылы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан “Индия очерктері” деген атпен жеке кітап болып басылып шықты.

Сол кездегі советтік өмір салтында шет жұрттармен барыс-келіс онша әдетке айнала қоймаған. Осы алғашқы сапарында көрген көненің ғажайып ескерткіштері бағзы заманның небір қойын-қойнауларына батырып жібергендей күйге түсірді. Осындағы түйгендерін ол ауызекі айтумен (диктовка) қағазға түсірді. Содан ба, бұл очеркі қолжазбасының толық нұсқасы сақталмаған. Қазіргі мұрағатындағы машинкада басылғанының бір данасында автордың өзі енгізген өзгерістер, қосқан қосымшалары, белгі-сызулары бар. Соның алғашқы бетінің жоғарғы жағына “Индия жөндегі кітаптан үзінді” дегенді қолмен жазған да, соңындағы “үзінді” сөзін сызып тастаған, кейіннен азды-көпті толықтырулар енгізген.

Кітап етіп шығарар алдында “Аз ғана алғы сөз ретінде” деген кіріспені және осы елге жеткенге дейін бірнеше елдердің қалаларынан алған әсерлері қамтылған “Ұшқыр қанат астында” тарауын қосқан. Бұдан кейін өзінің 16-бетке бірінші, екінші, 18-бетке үшінші, төртінші қосымшалар қосатынын көрсеткен, бұлардан басқа да бірсыпыра түзетулер жүргізген. “Жаңа Индия жаңалықтарынан”, “Дін діңгегі Бенаресте” деген тарауларының 18–21 тамызда жазылғандығы көрсетілген. Кейбір тарау аттарына соңғы жазылымында төмендегідей өзгерістер енгізген: “Удайпур, Жайпур, Агра ғаламаттары” — “Уэлаяттар ғаламаттары: Удайпур, Жайпур, Агра”; “Жаңа Индия жаңалықтары” — “Бенарес, Калькутта сапары”; “Дін діңгегі Бенаресте” — “Ұлы қалалар мен ұлы қайшылықтар”; “Ыстық жақтағы ыстық сезімдер” — “Ыстық түстікте”...

Мұрағатында сақталған нұсқасындағы “Удайпурға қарай бізді алып жөнелген поездың өзі де біз үйренген поездар қалпынан бөлекше, бұл тар жолды поезд. Вагондары әсіресе оқшау көрінді, ені тар, шағын қызыл вагон коридорсыз, өн бойы төрт орындық, бірінен-бірі бөлек, қатынасы жоқ кішкене жайларға бөлінеді. Жатын орны тақтай емес, сәл жұмсартып, лидоринмен қапталған” деген жолдардан бастап “Жас атаулы, еркек жағын алса көбінше бір қалыпты қара мөлдір шаш қойысқан, жалаң бас, жеңіл киініскен. Жолдар бойындағы халықтың қалың топтарының көпшілігі жыртық киімді, жүдеу жүзді” (61-бума, 14–18-б.) деген абзацқа дейінгі 5 беттік мәтін кейінгі басылымдарына енбей қалған. Бұлар он екі томдық, жиырма томдық шығармалар жинағынан да кездеспеді. Осы тұстары академиялық толық басылымында қайта қалпына келтірілді.

Ал қысқарғандарының қатарына төмендегідей шағын-шағын үзінділері жатады: “Кешегі 26 январь республиканың мейрам күні болғандықтан, біздің бүгінгі күнгі таңертеңге қалдырған айрықша қажет бір жүрісіміз енді бізді атақты Гандидің басына барып құрметтеуді талап етті” (61-бума, 10-б.); “Индия халқын, жалпы түсінік бойынша, діндар халық деп санайды. Бірақ бізге еріп жүрген Индия адамдары, азаматтары осы храмдар ішінде еркін сөйлесіп, күліп, әзілдесіп жүреді. Кейбір пұт, құдайлар алдында да дабырлап сөйлесіп, қымсынған белгі білдірмейді” (32-б.); “Сіздер осы, мынау бейуақтағы намаздарыңызда, өз дұғаларыңызда не тілейсіздер? Біз иланамыз, білеміз, әлбетте, сіздер жер үстіне тыныштық,

амандық болса екен деп тілейсіздер. Сіздер бейбітшілікті тілеу намазында біздерге түсінікті халдесіздер. Бізді де сіздер солай түсіну керек. Бізді де сондай ерлер үстіне, адам затына бейбітшілік тілеуші — деп сөйлейді”; “Мен досым Сурковты анық суырыпсалма ақынсың деп, сүйсіне мақтау айтып шықтым” (36-б.); “Кезегі жетсе, ақынның айыңызға да кешпес кінәсі болары көрінді” (50-б.); “Солардың салдырған, әсіресе жағаға салғызған үйлері саты-саты әдемі үйлер болып, биіктеп жоғары тарап, сәнді жаға жасап, анталай тұрысыпты” (67-б.); “Біздің жолдастарымыз Калькутта жанындағы ұлы жазушы Тагордың тұрған жеріне, сондағы атақты университетке сапар шегіп еді. Мен сол күні сырқат болып, ол университетке бара алмадым” (78-б.).

Жалпы, жоғарыда айтылған жарияланымдарының қай-қайсысы да 1958 жылғы басылымын негіз етті. Деректерге қарағанда, ол очеркті машинкаға тікелей ауызекі айтып бастырған, сондықтан болар, бұған дейінгі көптеген шығармаларының қолжазбалары сияқты емес, мұның қолжазбалары (автографы) сақталмаған. Автордың дүние жүзінде адам қолымен тұрғызылған кереметтердің кереметі қатарына осы елдегі Тәж-махалды жатқызып, сәулет саласындағы ғажайыптар қатарына Мәскеудегі Василий Блаженный соборын қосуы бұл жөніндегі таным-көзқарастардың әр түрлі екендігін көрсетеді. Сапар әсерлерін кітап етіп шығарғанда бірсыпыра сөздер мен есімдерге, атаулар мен ұғымдарға өзінің түсініктемелерін берген.

Т. Әкім

“Индия күнделіктері”

М. Әуезовтің Индия сапарының қолжазбалары өз мұрағатындағы 392-бумада сақтаулы тұр, бұл үш дәптерден (блокнот) тұрады: біріншісі — 1–50, екіншісі — 51–122, үшіншісі — 123–172-беттер. Бұлар қазақ, орыс тілдерінде қатар жазылған, қазақ тіліндегісі негізінен араб әрпінде. Бұлардың біркелкі болмауын көлік, жол үстінде асығыс түрде қағазға түскендігінен деп қараған жөн. Томға дайындау барысында бұлар айтарлықтай қиындықтар туғызды, храмдар, музейлер, галереялар мен өндіріс орындары, завод-фабрикаларда болған кездегі жазбалары осылардың қатарына жатады. Қаламгер қаңтардың аяғы мен наурыздың басы аралығында көрген, көз алдынан өткергендерінің барлығын қойын дәптеріне түсірген, сонда есімдер, атаулар, тағы басқа көптеген сөздер қысқартылып жазылған, орыс тіліндегісін де осылай еткен. Сонда осы түпнұсқа мен кейін кітап болып шыққандағы нұсқасының арасында көп нәрселердің қамтылмай қалғандығы аңғарылады.

Т. Әкім

“Түркістан” солай туған”

1956 жылы “Оңтүстік Қазақстан” облыстық газетінің 6 мамыр күнгі санында Жамбыл мен Шымкент облыстарының ауыл шаруашылығы, мәдениеті мен тұрмысына байланысты жарияланған деректер Мұхтар Әуезовтің ықыласын айрықша аударды. Осы әсердің екпінімен көп кешікпей Жамбыл облысына жүріп кетеді де, іле-шала, сол сапарының нәтижесі ретінде, өз кезінде оқушы назарын айрықша аударған “Түркістан” солай туған” очеркін жазады. Өйткені ол кезде “Абай жолын” аяқтап, жаңа шығармалар жазсам деген ойдың, соның қай қырынан келудің соңында жүрген кезі еді.

Әрине, жазамын десе, Абайдан кейінгі кез-кездердің небір күрделі, шытырманды, әрі өзінің жанына жақын, түсінікті сәт-шақтары ұлан-асыр еді. Бірақ сол тұстың талабына лайық шындықтарды толғау керектігін түсініп, басқа жаққа мойын бұрып кете алмады.

Бұл өңірмен таныстық алғаш рет отызыншы жылдардың басында басталды. Сол кездегі секілді бұл жолы да көз алдынан өткергендерін, сезіп-түйгендерін қойын дәптеріне түсіріп отырды (537-бума, 1–52-бб.). Мұнда келісімен-ақ таныстықты алдымен қаладан, одан кейін Жамбыл, Талас аудандарының шаруашылықтарын аралап көруден бастады. Бұлардың қатарына, мысалы, Көккесененің көк жонында, Тәңірберген даласында болып, ылдидағы Мойынқұмның бір бөлігі саналатын Үшкөкшенің Жотақұм, Ортақұм, Ақкесене, Көккесене, Тектұрмас, Атбайлар деген құмдарынан қазылған “Алтын қобы” арығымен, Қу, Мұңлы (екі тау), Бастау, Сарыөзек, Кенжебай, Қарабидайық (шабындық), Көктас, Арқарлы, Шалқия (руда) атты жерлермен танысуы, осы өңірдегі өткен-кеткеннің аңыз-хикаяттары мен айнала төңіректің көрініс-келбеттерін қойын дәптеріне түсіруі жатады. Осыдан кейін жол бағыты облыстың терістігіндегі аудан Сарысуға ауысады. Онда тың көтеруге орай “Түркістан” атты жаңа кеңшар ашылған. Ежелгі әдеті бойынша, өлкемен, оның

өткен тарихымен, мәдени, рухани өмірімен, ондағы еңбек адамдарының тыныс-тіршілігімен танысқанды жөн санады. Сонымен бірге жер, су, ел, өсімдік атауларына, олардың арғы, түпкі шығу себептеріне де айрықша көңіл аударды. Осылармен қатар жергілікті сөздердің тек-төркіні мен айтылу ерекшеліктерін де назардан тыс қалдырмады.

Қаратау атырабының Жон деп аталатын жерінде ұйымдасқан — “Түркістан” кеңшары төңірегінің тамырына қан жүгірткендей болған. Аудан басшысы “Аудан аудан болмайды екен егінсіз. Мәдениеттен он, он бес жылдай арттамыз” деген. Сонда негізгі деректерді осы басшыдан (Қалдыбаев) алғанымен, басты кейіпкеріне Мәскеу түбіндегі Чехов МТС-нен келген Григорий Алексеевич Струковты таңдаған. Себебі сол тұстағы көп олқылық, кемшіліктерді орыс адамының көзімен көргізіп, солардың аузымен айтқызса, ұлтшыл атанудан аулақ болатынын, күдік те туғызбайтынын есте тұтты. Кейін бұл ұстанымын “Өскен өркен” романын жазу тұсында да түпқазық етті. Осындай ұстаным, осындай сезіп-сезінулер сондағы жазғандарының жиынтығын “Жолсызда жүрген вагон”, “Бас уайым — баспана”, “Ту далада тұңғыш боразда”, “Қат-қабат”, “Етекке оралған ошаған”, “Салқын белде сары алтын” деген тарауларға бөлуге себеп болды. Ең бастысы, осы жазғандары бүгінгі заман, замандас туралы үлкен шығарма жазу туралы ойын тұрақтандырып, соған бекіндіріп, жақындата түсті. Әдеттегісінше жазар дүниесіне жинаған деректері мен түйген ойлары бұл жолы да асып-төгілгендей еді. Сөйтсе де, көлемі шағын болғанмен, мазмұн-салмағы үлкен дүние тудырды, бүкіл ел тыныс-тіршілігінің көркем көрінісін жасады.

Бұл очерк жазылысымен-ақ, 1955 жылы “Әдебиет және искусство” журналының 12-санының 3—45-беттерінде жарияланды. Одан кейін таңдамалы шығармаларының 5-томында (Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1956), “Түркістан” солай туған” кітабында (Алматы: Қазмемкөркемәдеббас., 1956. 41-б.), он екі томдық шығармалар жинағының 3-томында (Алматы: Жазушы, 1967. 7—67-бб.), жиырма томдықтың 7-томында (Алматы: Жазушы, 1980. 7—67-бб.) жарық көрді. Очерктің “Ту далада тұңғыш боразда” атты үзіндісі облыстық “Көкшетау правдасы” газетінде (1957. 28 қыркүйек) жарияланды. З.С. Кедрина орыс тіліне аударып, “Новый мир” журналында (1957. 10—45-бб.) бастырды. Осыдан соң “Зарницы над нами” (Писатели Казахстана о целине. М., 1957. 38—78-бб.),

“Крутизна” атты кітаптарда (М.: Советский писатель, 1965. 238–278-бб.), орыс тілінде шыққан шығармалар жинағының 4-томында (М.: Советский писатель, 1975. 547–587-бб.) басылды.

Очерктің жарық көрген нұсқасы мен қолжазбасының арасында айтарлықтай алшақтық байқалмайды, дегенмен он екі томдық жинағын дайындау барысында бұған дейінгі жарық көргендері мұрағатындағы түпнұсқасымен салыстырылып, бірсыпыра мәтіндері қалпына келтірілген болатын. Осыдан кейінгі жарияланымдарының барлығы да сол түзетілген күйінде басылып келеді. Ал осы еңбегін жазбастан бұрын автор оның көлемді жоспарын жасаған. Жоспардағы кеңшар құру жұмысына сырттан келгендерге шошқа етін асқан кезде Сәлменнің шамданып, жанжал шығаруы мен кітапханаға байланысты оқиғалар баспаға ұсынылған нұсқадан қалып қойған. Бұл оқиғалар алдын ала жасаған жоспарларында бар.

Т. Әкім

“План”

Бұл — “Түркістан солай туған” очеркінің алдын ала жасалған жоба-жоспары (60-бума, 101—115-бб.). Жазушы Жамбыл облысының екі-үш ауданын, соның ішінде алғаш тың көтерген Сарысудың шаруашылықтарын аралап, жаңадан құрылған кеңшар — “Түркістанның” еңбек адамдарымен сұхбаттасып, ой-пікір алысты. Осында біліп-түйгендерін очерк түрінде жазуды ойластырғанда, алдымен оның қалай және қандай бағытта жүзеге асатынын жобалап, осы жоспарын қағазға түсірді; очерк бірінші, екінші, үшінші, төртінші бөлімдерге бөлінетін болды. Жазуды шындап қолға алғанда, ол бірнеше тақырыптағы бөлімшелерге айналып, алғаш жоспарында жазылған ойлары кейін басқа бағыт, шешім-түйіндеулерге ұласып кетті. Оған мына бір жазбалары куә. Жазушы алдында: “Струков “Түркістан” совхозының бұл өлкеге әкелген партиялық, советтік, коммунистік кешегісі, бүгіні, жарқын келешегі қызу қызықтырғыш әсем көрінгендіктен, не айлар, не жыл өткенде самал тау, салқын Жонға неғылса да қайта оралмақ боп қатты уәдемен айрылысты” (60-бума, 115-б.) десе, соңынан оның сол өңір адамдары алдында қарыздар екендігін сезінетінін, бір жылдан соң өзі қазақша сөйлеуге ниет етіп, олардың алдында уәде бергенін айтады. Әдеттегі жиып-терген деректері, жөн-жобасын жасағандағы жазбалары кейінгі жазылып біткендерінің көлемінен асып түсіп жатады. Жазушы елді аралау барысында дүниеге келген еңбегін бар-жоғы екі-үш айдың көлемінде аяқтап шықты.

Т. Әкім

Жолжазба

“Түркістан солай туған” очеркіне негіз болған жолжазба күнделіктері 1955 жылдың шілдесінде жазылды. Шығарма үшін деректер жинау мақсатымен Жамбылға келгенде, сол кездегі облыстық газеттің редакторы Ғайса Сармурзин қарсы алады. Облыстың жай-жағдайын жақсы білетін ол қаламгерге қай жерді көруді, қай ауылдарға баруды мәслихат етеді, кеңес береді. Қаламен танысқаннан кейін облыстың бір-екі ауданында болады, көптеген адамдармен танысады, әңгіме-сұхбат құрады. Сонда алғашқы күннен бастап көрген-білгендері мен әңгімелесуден туған ойларының негізгі, өзекті дегендерін, табиғат көріністерін қойын дәптеріне түсіріп отырады (538-бума, 1–52-бб.). Шығарма мен жолжазбаларын салыстырып қарағанда, олардың арасында қандай өзгеліктер, айырмашылықтар, ұқсастықтар, байланыстар барлығы айқын көрінеді. Жолжазбадан шығарма мен өмір шындығының қандай дәрежеде екендігін, осы жөндегі суреткер ұстанымын, өмір шындығын қалай қабылдап, қалай көрсете алғандығын аңғаруға болады. Уақыт лебі мен тыныс-тіршіліктегі заман сарынын дөп басу, жеріне жеткізе көрсету осы жазбаларда ашыла түседі. Кейбір адам аттарының өзгергендігі де байқалады. Бірсыпыра оқиғалардың, деректердің шығармаға жол таппай қалуының да өзіндік себеп, жөні бар. Ал шығармашылық сапармен мұнда алғаш рет 1933 жылы келгені белгілі. Ол кездегі жолжазбалар мен осы кейінгі сапарындағы жолжазбаларының бітімдік ерекшелігінде онша айырмашылық байқалмайды; ел, жер көріністеріне назар аударуы, деректер жинауы, бөріне де ауқымды көзқараспен қарауы тұрғысынан келгенде екеуін бір-бірінен бөліп алуға келмейді.

Т. Әкім

МАЗМҰНЫ

I. МАҚАЛАЛАР	3
Қазақстан жазушыларының III съезін ашардағы сөзі.....	5
Мәңгілік кепілі	8
Всегда с нами.....	13
Сәт сапарға дос ниет.....	17
Бейбітшілік туы	22
Новая весна Казахстана.....	27
Қош келдіңіз!	34
Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері.....	36
II. ОЧЕРКТЕР МЕН ЖОЛЖАЗБАЛАР.....	47
Индия очерктері	49
Индия күнделіктері	188
“Түркістан” солай туған.....	314
План (Очерктің бөлімдері мен қысқаша мазмұн-материалы)	378
Жолжазба.....	387
III. ҒЫЛЫМИ ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР	395

ӘУЕЗОВ МҰХТАР ОМАРХАНҰЛЫ

Шығармаларының елу томдық толық жинағы

34-том

Академиялық ғылыми басылым

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
ғылыми кеңесінде бекітіліп, баспаға ұсынылған*

Баспа жобасының жетекшілері:
С. Назарбаева, Б. Қанапиянов

Редакторлары: *Б. Хабдина, Б. Мусахан, А. Шаихова*
Көркемдеуші редакторы *С. Оспанова*
Техникалық редакторы *Н. Ромахова*
Компьютерде беттеген *И. Селиванова*

Басуға 10.07.2014 ж. қол қойылды.
Пішімі 84х108 $\frac{1}{32}$. Офсеттік қағаз.
Қаріп түрі “Таймс”.
Шартты баспа табағы 21,8.
Таралымы 4000 дана.
Тапсырыс № 1322.



ЖШС РПБК «Дәуір», 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

“Жібек жолы” баспа үйі
050000, Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 50.
Тел.: 272-65-01, 261-11-09.

ISBN 978-601-294-176-0



9 7 8 6 0 1 2 9 4 1 7 6 0